84Каз7
М88

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

ЖАТ ҚОЛЫНДА

27976
И
2285



БІРІНШІ БӨЛІМ



1

Игілік Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді. Үш ақжал күрең жеккен пәуескемен келе жатса да көңілі әлі көтерілер емес. Қараөткел базары да көңілін көтере алған жоқ. Бірер күн ақылды Ушаковтың осынша оңай құлағанына ренжіді. Аяп кетті. Әлі қуынып жүр. Одан кейін өзі де қорланып келеді. Өзін өзі асқан баймын деп ойлаушы еді. Енді есептеп қараса мұның бар байлығы Ушаковтың сарапқа түскен жарнасына әрең жетеді екен. Бес мың жылқы жиырма бес сомнан жүз жиырма бес мың болады да тұрады. Оның аржағында жалғыз тайың қалмайды. Ушаковтың бір Қарағандыдағы жарнасы жүз жиырма бес мыңға сатылды ғой! Ушаков тағы да он-он бес жерде жарнасы бар адам! Игілік бес мың жылқыны байлық санап отыра беріпті. Мұнысы бір-ақ жұттық байлық емес пе!

Тегінде Нілді мен Ақбұйрат арасындағы кіреші түгел қолға түсіріп алған дұрыс болар. Бес жүз жылқыны сатып, өгіз бен түйеге айналдыру керек. Бір түйе — біржарым жылқы, бір жылқы — біржарым өгіз болады. Пәуескенің ішінен қалмайтын есеп-шотқа қағып көріп еді, сол шамалағаны дұрыс екен...

Ақжал күрендер күйлі, сау желіп келеді. Қараөткелдің күзгі базарынан бірге қайтқан базаршылардың жайына қарап Игілік аттарын онша айдатпады. Нұра өзеніне бес-алты шақырым қалғанда жеңіл тарантасқа үш ат жеккен бала жігіт Кенжеғара мен адвокаты Сергей Степанов қуып жетті. Бұл екеуі фон-Штейннің кім екенін анықтауға Қызылжарда қалған. Игіліктің пәуескесіне қатарласа келіп Кенжеғара сәлем берді, адвокаты қалпағын алып амандасты. Игілік аттарын тоқтаттырып, екеуін де қасына шақырды. Бұдан әрі қарай үшеуі де пәуескемен кетті.

Кенжеғара өз шешесі Наргөз «Қоцыр Құлжа» деп атай- Игілікке тартқан сом денелі, еңселі, кең иықты, көр- жігіт болып келеді. Семинарияны бітіргелі бір-ақ

жігіт болса да Игілік оны өз маңайынан ұзатпай ұстап жүр. Ол оңешінен туған балаларынан мұны артық көреді. Алымды да шалымды, ұтқыр жігіт болатын. Не тапсырсаң да орындалды деп есептей бер. Кенжеғара оқымаса Игіліктің өзі болар еді. Оқығаннан кейін екі-үш Игілікке татитын сияқты. Заман қалай құбылса да Кенжеғараны алдай да алмас, адастыра да алмас.

— Ал, әлгі фон-Штейн дегенің кім болып шықты? Анықтай алдың ба?—деп сұрады Игілік.

— Сергей Павлович екеуміз бір жеті соңына түсіп жүріп әрең анықтадық, деді Кенжеғара.

— Иә?

Штейндер ағалы-інілі екеу болып шықты. Павел фон-Штейн Москвада Волконский деген атақты князьдің үйінде тұратын, тұқым-тұқиянымен ақсүйек, дворянин атағын алған адам екен. Екіншісі Людвиг фон-Штейн адвокат Екатеринборда тұрады. Екеуі бір кісінің баласы. Адвокат фон-Штейн Рязановпен қолдас адам екен.

— Е-е, Ушаковтың жарнасын солар әкеткен болды ғой?

— Жоқ. Фон-Штейнді көлденең адам ретінде салып, Ушаковтың жарнасын өзінің пайда-серігі Рязанов қолға түсіріп алыпты.

— Қызық екен... Түптердің түбінде Қарағанды сол фон-Штейндердің қолдарына түсіп кетпес пе? Қайда тұрса да мейлі маған солардың тегі жат адам тәрізді көрінеді.

— Тегі жат екенін таныған екенсіз — неміс көрінеді. Бірақ бұлардың кен өндірісінде жұмыстары жоқ. Алып-сатар деген сияқты, ірі байлардың арасындағы ауыс-түйісті қыстырып жүретін жалдаптар.

Жолаушылар Нұра өзенінің өткеліне таяна бергенде өзеннен өтіп бергі қабаққа шыға берген жегулі аттың доғасы мен басы көрінді. Дәл осы кезде арт жақтан бірдеме өкіріп қалды. Қазақ даласында дүние жаралғалы естілмеген өкіріс. Шошынып айғайласқан адам дауыстары келді. Пәуескенің сол жағынан ат жегілмеген қара бірдеме гүрілдеп сырғып өте берді де Игіліктің божағы аттарын оң жағына қарай бұрып үлгірді. Аттар үркіп-үрейленіп алып қаша жөнеліп, ұзап барып әрен тоқтады. Сергей Степанов пәуескеден ұшып түсіп, ауыздарын арандай ашқан аттардың тізгіндеріне жармасты.

Игілік пәуескеден түсе беріп жаңағы гүрілдеп өткен қара пәленің сырғыған бойы өткелге түсіп жүзіп жөнелгенін аңдап қалды. Үстінде үш-төрт адамның бастары қылтиғандай екен. Жаңа ғана өткелден өте берген жегулі аттың өзенді бойлап атыла шауып жөнелгенін де көрді. Ұзын ка-

ра торы ат біздің жылқының тұқымы сияқты екен. Арбасындағы кішкентай адам Қожекең болмаса игі еді деп ойлады. Арт жақтан алас ұрып шапқылап келе жатқан қос атты тарантас Игілікке аз-ақ соғылмай өтті. Арт жақтағы одан кейінгі тарантастардың бәрі де тым-тырағай, олай да бұлай шапқыласып жүр. Арбадан ұшып түскен жалаңбас адамдар есінен айрылғандай, жан-жаққа қашып бара жатыр. Жалғыз Кенжеғара есінен айырылмапты. Қожекеңді таныған-дай, өзенге қарай жүгіріп барады. Бұл кезде жеңіл тарантасқа жегілген қара торы ат шапқан бойы бар екпінімен шырша-шілік өскен өзен жағасына бұрылды да көрінбей кетті. Игілік те солай қарай жедел аяндап кетті.

Игілік шілік-шыршаның орта тұсында тұрып қалған Кенжеғараның қасына келсе, кіндіктен үзіліп, оң жағына ауа құлаған тарантастың артқы жағын көрді. Қара торы ат тарантастың алдын жұлып әкеткен бойы кете барыпты. Құлаған тарантаста ешкім жоқ...

— Бұл не пәле болды?— деді Игілік, өзінен өзі сұрағандай.

— Тарантастың кіндігі шығып кетіп, артқы жағы аударылып қалған ғой... Ат әне, өзенге беріп кетіп, аржаққа қайта өтіп барады.

Шілік-шыршаның арасында қалған адам денесі көрінбеді. Қолдары божысына оралып сүйретіліп бара жатпаса игі еді. Сорлы шал неменеден тарығып, қайда барып, не тіленіп қайтты екен? Сөз айтысуға болмай қалды. Екеуі де өзеннің арғы жағасына жақындап қалған доғалы аттан көздерін айырмай жағаға келіп тоқтады.

Тарантастың алдыңғы екі дөңгелегін ғана сүйреткен ат қырға шыға бере тағы да шаба жөнелді. Бірдемеге соқтығып арандамаса тоқталар емес. Қыр жылқысы жынданып кеткендей.

Әлгі гүрілдеп өткен қара пәле де өзеннің ортасына жетіп тұрып қалыпты. Адамдары тұра келіп, өзеннің екі жағына бірдей айғайлап қол бұлғайды.

Ағысы бар өзеннің бетіне жеңіл қалқыған адам денесі жүзіп шыға келді. Бұл, әрине Күреңгөз қожаның денесі. Шоқ-шоқ өскен қамысқа соғылып кейде көлденеңдеп, кейде бас жағы, кейде аяқ жағы алға қарап ақырын жылжып барады.

Кенжеғара шала шешініп өзенге күмп берді де, өлікті алып шықты да жиіркенгендей жағаға сұлата салды. Игілік Қожекеңнің басын құбылаға қаратып жатқызып, үстіне өзінің түйе жүн шекпенін жапты. Мұнысы Қожекене құрмет көрсеткеніміз дұрыс болар деп Кенжеғараға арналған нұс-

қауы болатын. Енді не істеу керек? Степанов жүгіріп жетпегенде Игілік пен Қенжеғара біріне-бірі қарап тұра беретіндей еді.

Степанов орыс баласының әдетінше болған жайды тез түсіндіре бастады:

— Анау фон-Штейн екен машинамен келген. Қасында үш-төрт адамдары бар. Біреуі Сикорский,— деді.

— Машинамен?—деді Игілік, өзінің шөп машиналары есіне түсіп.— Жеккен аттары қайда?

Оның жауабын Қенжеғара берді:

— Шет елдерде жанар май күшімен жүретін машина шыққан екен. Мұнаймен жүретін көрінеді. Мен сізге айтып үлгере алмап едім. Омбы мен Қызылжар арасына бес-ақ сағат жүреді деседі. Қызылжарда бір-ақ көріп қалдым. Не бар білерім осы-ақ.

— Ат жекпей жүретін болса неге тоқтап тұр?

— Машина батпаққа кіріп кетіпті. Олар маған машинамызды шығарысып беріңдер дейді. Мен оларға —әуелі ана өлген адамның жайын сөйлесейік. Оны өлтірген сендер емессіңдер ме дедім. Бұл өлген кім екен өзі?— деді Степанов.— Мен әлі білгенім жоқ.

Бұл екі арада манадан бері үркіп-тырағайлап жүрген базаршылардың бәрі де осы өлік басына жиналып қалып еді. Өліктің кім екенін бәрі де білсе керек, Қенжеғараға жабырласып көңіл айта бастады.

— Бұл кісі Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді үшеуінің указной имамы. Бұл арада келісім жасаудың орны жоқ. Келісімді Ордабай екеуің қосылып жасасарсыңдар. Машинасы ма, арбасы ма, немене, әуелі соны шығарысып беріңдер,— деді Игілік.

Адвокат Қенжеғараның қолын қысып көңіл білдірді де, үш ат жеккен тарантасқа мініп, батпақтап қалған машинаға қарай кетті. Қожекенді көптесіп көтеріп әкеліп Игіліктің пәуескесіне көлденең салды. Пәуеске қозғалды, базаршылар тағы да Игілік пәуескесінің соңынан еріп, Күреңгөз қожаның аулына бұрылды.

Қенжеғараның шешесі Наргөз пауескеге еріп келе жатқан көп тарантастарды көріп қуанып кетті. Қартайса да базардан қайтқанда жолшыбай алдымен осында соғып, кішкентай қызы Гүлбәденмен біраз қалжыңдасып аттанатын әдетін Игілік әлі тастамай келеді. Игіліктің бұл үйге қалдырып кететін базарлығы да бір арба, әлі одан кеміген емес. Екеуі де есті адамдар екен, бұл кезде араларында сүйіспеншіліктің қызуы түгіл иісі де жоқ. Өткен күндердің қадірлестігі ғана әлсіремеген. Наргөзден туған ұлы Қенже-

тара мен қызы Гүлбәденді Игілік шешемен бірге тәрбиелесіп келеді. Ұлы да, қызы да ешнәрсеге еліктемейтін, салмақты да ақылды болатын беталыстары бар. Қызы Гүлбәден шешесіне тартқан сұлу, әкесіне тартқан ұстамды. Елдің мырзалары оған бос қалжың айтып соқтыға алмайтын болар. Жас қыздың өнінде сыпайылық, әдептілік шеңберінен шығармайтын бір рең пайда болып келеді.

Жолаушылардың алдында келе жатқан Игіліктің пәуескесін танығаң соң Наргөз үйіне қайта кіріп, жаңа жаулығын салынып, арқасына жеңіл күрең желең жамылып шығып еді. Жаңа ғана әдеттегі сыпайы желіспен келе жатқан аттар ауылға жақындай бере аяндап қалыпты. Қәдуілгі өлік әкеле жатқан аяң. Наргөз жылап жіберді. Игілік өлген екен деп қалды.

Пәуеске кірер есік алдына өте жақын келіп тоқтағанда оның артындағы тарантастан Игілік те жылдам түсіп Наргөзге қарай жақындай беріп еді, қызы Гүлбәден жүгіріп келіп мойнына асыла кетті.

— Ата, маған үкі әкелмесең үйге кірмейсің!— деді.

Игілік — әкелдім!— деді де қызын құшақтап алған бойы Наргөзге амандаса тұрып, бірге келген адамдардың бірі болмаса бірі Қожекеңнің қандай халде өлгенін айтып қала ма деп, асығыстау айтқанмен жұрт аузына сөз сала сөйлеп кетті. Қожекеңнің қалай өлгенін Игілік қалай естіртер екен дегендей Кенжеғара да шешесінің қасына келіп тұрды. Өгей әке болса да оның божыға сүйретіліп, суға тұншығып өлгені Кенжеғараға бір ұят өлім сияқтана бастап еді. Ол ой Игілікке де келсе керек, өсекші ауыздарға ондай сөз ілікпейтін етіп сөйледі:

— Жарықтық намаз үстінде қайтыс болды. Жол үстінде кездесіп қалып, бесін намазын бірге оқып отыр едік...— деді.

— Ауырып жүрсің, ешқайда шықпа, кім шақырса да барма деп едім... болмай кетіп еді...— деді Наргөз. Әлгінде Игілік өлген екен деп жылап жібергендегі көз жасы кебе де қойған жоқ еді, онысы енді қожекеңе арналғандай болып танылды. Наргөз де қожекеңнің абыройын сақтап, «неке қиярға кетіп еді» дегенді қоскан жоқ.

Басқалар Игіліктің сынайын аңдып тұр екен, сол ыңғайға жапырыла кетіп, жамырап көңіл айтысты.

— Жарықтық намаз үстінде жан тәсілім етті. Шаһит!.. Орны жұмақта!—деді шала молдалау біреуі.

— Е, жарықтық әулие адам еді ғой, орны жұмақта болмай қайда болады дейсің!

— Намаз үстінде жан тәсілім еткені соның белгісі де!..

Ертең жаназа үстінде осы сөздер өсіп-өрбіп кетеріне шек келтіруге де, шек қоюға да болмайтындай пысықталып-жатталып барып тоқтады.

Игіліктің түйе жүн шекпеніне оралған өлікті екі-үш жігіт көтеріп үйге қарай алып кетті. Өлік Игіліктің шекпенінің жамылып, Игіліктің пәуескесінен түскені де үлкен аңыз ғой. Аңыз болғанда қандай! Қожекеңе абырой, Игілікке адамгершілік атағын қоса түсетін аңыз! Наргөз ұзақ жылдар бойы ойдан кетпей қойған ауыр жүктің осылай аяқталғанына көңілі тынып, қонақтарды үйге шақырды.

Қонақтар қожекеңнің ана дүниеге ала кетер қосымшаларын, бір түйір шындығы жоқ өтірік мақтауларын әлі де аяқтай алмаған бойы кешкі шайға отыра бергенде адвокат Степанов келіп кірді. Сөйлеуге лұқсат сұрағандай Игілікке қарады.

— Иә, машинаны шығарып бере алдыңдар ма?— деп сұрады Игілік.

— Жоқ, шығара алмадық. Оны шығаруға оншақты өгіз, не түйе керек болатын сияқты. Ондай көлік кездеспеді. Түн болып кетті...

— Онда қалай, жолаушылар түн бойы суда отыра ма?

— Қиын болып тұрғаны да сол... Түн суытып барады.

— Өздері кім, қайдан келген, қайда баратын адамдар екен?

— Біреуі француз, біреуі неміс — фон-Штейн. Үшіншісі өзіміздің Сикорский. Тағы бір орыс тілмаштары бар.

Фон-Штейн дегені кеудесінің бір бұрышына шық ете түссе де Игілік оны аңдатпай сөйлеп кетті:

— Қазақ деген мейманлостығы жоқ, тағы жұрт екен... Машинамызды шығарысып та бермеді... Күзгі қара суықта өзеннің ортасында суға малшынып отырып шықтық деп кетсе қайтеміз?

— Сіздің кім екеніңізді білгеннен кейін жәрдем сұрауға осында келіп тұр...

Наргөз қысыла бастағандай қатар отырған Игілікке бір қарап қалды. Игілік ойланған жоқ.

— Біздің үйге алып бар. Кенжеғара сен де барасың ба, қайтесің... Мен де кешікпей жетермін. Ертең қайтып келеміз ғой,— деді.— Өгіз десе өгізін, түйе десе түйесін тауып машиналарын жеткізіп берерсің. Мейманлар бір тарантасқа симас, пәуескені мініп жүре бер.

Степанов пен Кенжеғара бірге шығып кетті.

Пәуескеге Кенжеғарамен бірге үш адам мініп еді. Біреуі тілмаш екен, пәуеске қозғала бастағанда-ақ қасындағыларын таныстыра бастады:

— Мына кісі француз президентінің баласы Клод Эрнст Карно мырза. Инженер.

Кенжеғара өз аты-жөнін атап Карномен қол алысты:— Мен не бары кәрі семинарист. Кенжеғара Берікқарин,— деді.

— Мына кісі өздеріңізге белгілі Рязанов мырзаның өкілі адвокат Людвиг Федорович фон-Штейн.

Кенжеғара онымен де қол алысты.

— Мен Николай Павлович Касаткин. Инженер... Бұл сапарға тілмаш ретінде келе жатырмын.

Инженер Карно Кенжеғараға бұрылып әлденелерді ұзағырақ сөйлеп кетіп еді, онысы көңіл айту екен. Тілмаш оның сөзін аударып жатқанда фон-Штейн де басын изеді. Кенжеғара оларға алғысын айтып болып:

— Ие, сапар шеті Қарағанды — Ақбұйрат болар?— деп сұрады.

— Бұлар саяхатшылар... Клод Эрнст Карно мырза Америка, Африка, Арабияны көп аралаған адам екен. Енді орыс Азиясымен танысқалы саяхатқа шығыпты.

— Біздің жерде күз өте салқын болады. Ұзамай қар түсіп қалады. Оны білмеген болар?

— Білді, айттық. Бірақ, бұл жолы суыт жүріп маршрут нобайын шамалап қайтпақшы.

— Он сапарларыңыз болсын!

— Шүкіран!— деп қалды инженер Карно.

— Бұл кісі арапша біледі екен ғой.

— Енше алла!— деді Карно.— Өзіңіз ше?

— Біз арап әліппесімен оқимыз. Бірақ араптың тіліне түсінбей оқимыз.

— Құранды да түсінбей оқисыздар ма?

— Ең алдымен құранды түсінбейміз.

— Намазды қай тілде оқисыздар.

— Аузымызбен арап тілінде, ойымызбен қазақ тілінде.

Карно қарқылдап күліп, Кенжеғараның тізесін алақанымен қағып-қағып қалып, тілмашына бірдемелер айтты. Тілмашы — мұнысы керемет даналық сөз дейді деп аударды — халық даналығы шығар дейді. Орысша мудрость деген сөзді екі рет қайталады.

— Дегенмен, сіз, аздап болса да арапша білетін адамсыз. Арапша сөйлесіп көрейікші,— деп Карно Кенжеғараны қысталай бастады.

— Беллаһи білмеймін,— деді Кенжеғара күле сөйлеп.

— Міне, біліп отырсыз ғой!

— Жеке бір сөйлемдерін қызық көріп ұсғап қалғаным болмаса, сөйлесуге жоқпын.

— Мәселен?

— Мәселен?..

— Сол қызық көріп ұстап қалғандарыңыздан...

Кенжеғара аз ғана ойланды да қалжыңдаған дауыспен:

— Әд дүния жифатұн, уа талабұһа көлбөн...— деді.

Инженер Карно бар денесімен селкілдеп, шегі түйілгеншс күлді.

— Тағы да, тағы да!— деп қояды, күлкісін тия алмай отырып.— Тағы да!..— деп Кенжеғараны енді тізесімен нұқып қала бастады.

Бірінші кездесіп отырған француз адамының бірден үйірсектік көрсетіп жақындаса кеткені Кенжеғараға қатты ұнаса да, өзім білмеске оралып қалармын деп сақтанды да:

— Кешіріңіз, не барым осы,— деп бұл да күлді.

— Сіздер түсінесіздер ме?— деді Карно жолдастарына.— Түсінемісіздер, Кензебура мырзаның не айтқанына?

— Кензебура емес, Кенжеғара...

— Ие, Кенжехара мырзаның не айтқанына?-- Жолдастары бастарын шайқады.

— «Бұл дүние боқ, оны іздеген ит!»— деген арап нақылын айтты...

— Дерьмо дегенді қай мағынада айтады екен?

— Көне араптар нені болса да өз атымен атайды.

Ұшқалақ француз мына қазақтың итке теңегені біз екенін түсінбей ме екен деп ойлады фон-Штейн. Өзі сонау Арабия, Африканы кезіп болып, енді Ресей даласына сол боқты іздемей, не іздеп келіп жүр? Бірақ, жәбірленуге де болмайды. Француздың аты француз!..

Бұлар осылай біресе сынаса сөйлесіп, біресе қалжыңдаса отырып Игіліктің үйіне жетіп қалды. Биік қақпа ашыла берді. Пәуеске бір биік үйдің баспалдағына таяй келіп тоқтады. Барлық қораға қараған оншақты терезеден жарқыраған шамдар... Қең баспалдақпен көтеріліп кіретін ағаш үй, бәрі де еріксіз қошемет-құрмет көрсетуді тілеп тұр.

Қонақтарды Игіліктің әйелі Айғанша қарсы алды. Биік жаулық салғанымен қазір едәуір жасқа келіп толыққан кезі еді. Игілік хабарлап үлгірді ме екен, әлде бұл үй қашанда осылай қонақ қабылдауға әзір отыра ма екен? Үй іші таза, шамдары түгел жылмалық, шытырман шілтерлі шамдар. Айна. Киім ілетін жерлері бәрі қалаша.

— Қайырлы кеш, мадам...

— Сәлеметсіз бе...

— Шүкір... Хош келіпсіздер!

Қонақтар киімдерін іліп, айнаға қарап таранып-сылапып болған соң Айғанша есігі ашық тұрған қонақ бөлмесіне шақыратын ишарат етті.—Жоғарылатыңыздар.

Қонақтар мұндай үй көрмеп пе, ешнәрсеге таңданған жоқ. Қалаларда көз үйренген әдеттерінше бархыт жапқан дөңгелек столды айнала ұнаған жерлеріне еркін отыра кетті.

— Кешіріңіздер, мен машинаның жайын қарастырайын,— деп Кенжеғара шешінбеген бойы шыға бергенде, инженер Карно:— Осы қараңғы түнде ме?— деп қалды.

— Біз қараңғыға үйренген елміз,—деді Кенжеғара.

Мұнысы екі оқты сөз емес пе екен деп Карно ойланып болғанша Кенжеғара шығып кетті.

— Он минутта оралып келем.

Инженер Карно Сикорскийге қарады. Күле қараған көзінде бір сұрау тұрғандай екен. Көзілдірігіне тиген Нұранның батпағын орамалымен сүртіп жатып:

— Клод Эрнст Карно мырза менен бірдеме сұрағысы келе ме?— деді тілмашқа бұрылып.

— Қате түсінбесем, бұл жұртта әдеп, иба, инабат, ұят жоқ деп естіген сияқты едім...— деді Карно.

— Бес миллион халықтың бір үйінде бірдеме болу керек қой,— деді Сикорский.

Жұмыскерлерімен күнде ұрыссып-балағаттасып жүретін адам ойын өлшемей айтқанын аңғарған жоқ. Бұған дейінгі айтқандарын өтірікке шығарғысы келмей, өрескел басып қалды. Карно мен фон-Штейн елеусіз ғана жымиысты да үндескен жоқ. Бұлар үшін бұл жымиысу көп нәрсені аңғартатын еді.

Қазағуарымсып, тағы да сол мәртебе биігінен сөйлеп Сикорский Игіліктің адвокатына:

— Өлген шал жаңағы жігіттің әкесі ғой. Бұлар бірдеме даулап жүрмес пе? Осы арада келісіп кеткім келеді,— деді.

— Өлген шал деп отырғаныңыз сіздің барлық өндірістеріңіздің указной имамы,— деді Степанов, әр сөзіне салмақ сала сөйлеп.— Ең алдымен имам атына құрмет көрсете сөйлеуіңізді өтінер едім. Бұл қалтаңнан үш тиын шығарып, екі тиын қайырып бердің мәселесі емес. Ертең болыс кеңсесіне барармыз. Акты жасармыз. Имамның баласымен келісім жасағым келеді дегеніңіз Кенжеғара мырзаға қорлаудай тиеді. Сіз жалпы қазақ елін қорлай сөйлеп отырсыз!

— Қорлаудай? Соншама ол...

— Соншаманы қойыңыз. Бұл жұмыс маған тапсырылды. Мен адвокатпын. Заң не десе, соған жүгінетін боламыз...

— Бұл да Ушаковтан қалған бір қырсық!— деді Сикорский.

— Онда менің жұмысым жоқ.

Фон-Штейн осы тұста ғана әңгімеге араласты.

— Сикорский мырза, мен де адвокатпын. Адвокат Степанов мырза дұрыс айтады.Заң бұл жерде тау-кен өндірісінің уставы болады. Устав бойынша жұмыста жүріп қаза тапқан жұмыскерге мың сом төленетінін білесіз ғой? .

Сикорский шошынып ұшып түсе жаздады.

— Мың сом?

— Жасалатын акты бар, кеңсе шығыны бар, гербілі марка бар .. Мың отыз сомға барып қалар...

— Жоқ, мен оған көне алмаймын! Кесіп айтамын, көне алмаймын!

— Тыңдай беріңіз, Сикорский мырза. Бұл өлген адам қара жұмыскер емес, имам! Өндірістегі дін уәкілдері бас инженер дәрежесінде қаралады. Бұған кетсек сіздің қалтаңыздан шығатын шығын он мыңға барып қалады...

— Жоқ, мен соттасамын!..

— Онда, сот бір күнде қарамайды. Бес-алты айдан кейін мені Екатеринбордан, Карно мырзаны Парижден, инженер Қасаткинді Томнан, шоферді Омбыдан шақырады. Сіз ақтала алмай қалсаңыз, біздің бәріміздің шығынымызды сіз көтересіз... Жиырма мыңнан артық болмас...

— Сіз мені жындылар үйіне апарып тыққыңыз келе ме?

— Жындылар үйіне жындана қалса әркім өзі барып түседі...

Карно бұлардың не жайында қыза сөйлеп кеткендерін сұрап алып:— Біз кінәлі емеспіз десек онымыз әрі киянат, әрі ұят болар еді, мырзалар.— деді.— Бірінші келе жатқан бетімде осындай қайғылы оқиғаға кездесіп қалғаныма қатты өкінемін. Шоферым машинаны өкіртуге балаша қызыға бергенін байқаған соң тежеп ұстауым керек еді, оны істемедім. Естеріңізде ме, Қожанасырдың қызықтарын айтысып келе жаттық қой?.. Қалай келіссеңіздер де салмақтың қақ жартысы менің мойнымда болсын. Жарай ма?

— Ол не дегеніңіз, Карно мырза! Рязанов компаниясы бай. Өзіміз-ақ көтереміз,— деді фон-Штейн.

— Жоқ, мен де ар-ұятымды аздап болса да тазартып алғым келеді,— деп инженер Карно бұған келіспейтін ыңғай көрсетті.

Кенжеғара қайтып келді. Оның кигені сырт киімін тастап, жеңілденіп келіпті. Сыпайы ғана қала киімі — қара костюм, ботинка, қисық жағалы сусынша жібек көйлек...

— Кәне, бәріміз де ашықтық қой, тамаққа жүріңіздер... Машина өздеріңіз ұйықтап оянғанда осы үйдің ауласында тұрар,— деді Кенжеғара.

Таңертең машина есік алдында тұр еді. Қонақтарын аттандырып салуға Кенжеғара солармен бірге шықты. Инженер Карно қасында тілмашы, Кенжеғараны оңашалап алып шығып: —Қадірлі Кенжехара мырза, сіздің қайғы-ңызға да ортақпыз, қадірлі имам әкеңіздің өліміне де ортақпыз. Сізбен арамызда ешбір көңілсіздік дағы қалмаса екен деп едім. Мүмкін болса, күнәмізді немен, қалай жуа аламыз? Соны ашығырақ аңғарта алмайсыз ба? Мен сіздің халқыңызбен таныс емеспін ғой,— деді.

— Жоқ, қадірлі қонағым, қазақ әдетінше мұндай жағдайлар көлденең адамдардың тергеуіне беріледі. Әделет табылмаса ғана жәбірленген адам өзі кіріседі. Оның үстіне мен бүгін әкемді жерлеу жайын ойлауым керек қой... Менің атымнан сіздермен сөйлесетін адам адвокат Степанов..— деді Кенжеғара.

— Дегенмен де?..

— Маған сіздерден артық куә табыла ма, сіздерден артық заң адамы табыла ма? Мен тіпті адвокатымды да жібермей, өздеріңізге тапсырып қала барар едім... Бірақ, мұндай өлім болыстық кеңсеге мәлімденбей қалмаса керек... Сіз қиналмаңыз. Болыс та көп ұстамас. Қайырлы сапар болсын!

— Тоқтадым. Сау болыңыз.

Қонақтар қара қоңызға ұқсаған машина дегендерін дәл сол қара қоңызша тырқ-тырқ еткізіп жүріп кетті. Кенжеғара аулына қайтты.

Кенжеғара келгенде Игілік пен Наргөз, Гүлбәден үшеуі таңертеңгі шайларын ішіп отыр еді. Кешегі қонақтар жоқ, түнде кетіп қалса керек. Қысылып-қымтырылып Игілікпен бірге қонғанша, тезірек елге жетіп Күреңгөз қожаның намаз үстінде қайтыс болғанын елге таратып Игілікке қызмет еткендері дұрыс қой. Қашан да, қайда да сүйемелсіз атқа міне алмастың күні сол емес пе?

— Қонақтарды аттандырдың ба?

— Аттанды. Болыс кеңсесіне кетті.

— Ордабай көп ұстамас. Қожекеңді ертең жерлеуге ұйғардық. Дұрыс па?

— Дұрыс болар.

— Ал, келген қонақтарың кім өзі?

027976
Северо-Казахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
им. ПЕТРОВА

Біреуі өзіңіз Қызылжарда көрген фон-Штейн. Екіншісі француз президентінің баласы, инженер Карно деген адам.

Президент дегені кім болушы еді?

Біреді патша билейді. Ағылшындарды, немістерді король билейді. Француздарды халық сайлаған президент билейді.

— Ол да жалғыз билей ме?

— Жоқ. Оны билейтін халық сайлаған үлкен мәжілісі болады.

— Патша, не болмаса король сияқты ол да өмір бойы отыра ма?

— Жоқ. Төрт-бес жылға сайланады. Келесі жолы басқа біреуі сайлануы мүмкін.

— Болыс сияқты екен ғой?—деп айта жаздады да, оныcы өзіне де тым олқы, тым жабайылық көрініп, Игілік тоқталып қалды. Сұрамады. Оның орнына басқаны сұрады.

— Патшаның орнында отырған адамның баласы жай адамша жолаушылап жүр, ә?—деді де,—дегенмен жай жолаушылап жүрмеген болар,— деп өзіне өзі жауап беріп тоқтады.

— Қазақтан басқа елдерде жай жүру деген әлдеқашан тоқталған ғой,— деді Кенжеғара.

Аяғын асығыстау басып адвокат Степанов келді. Екі тарақ қалың қағазға ұзақ бірдемелерді жазып, Ордабайдың қолы қойылған, болыстың мөрі басылған қағазды Кенжеғараға ұсынды. Кенжеғара Ордабайдың қойған қолын көріп, мырс етіп күліп жіберді.

— Ордабай Игілік Ұғлиұф деп қол қойыпты,— деді Игілікке қарап.

— Ұғлиұф дегені неменесі?

— Орысшылағаны... ұф дегенді коссам орысша білген болып көрінем деп ойлайды. Бір-екі рет олай жазуға болмайды деп айтып едім, намыстанып қалды. Содан кейін мен де айтпайтын болдым,— деді Кенжеғара.

Маған өзің де айтып қой дейді екесін ғой деп ойлады да Игілік әңгіменің бетін бұрып әкетті.

— Қағазында не жазыпты?

— Мұнысы акты. Кешегі оқиғаны болған күйінде жазып келіп, кінәні жолаушыларға аударыпты.

— Жолаушыларға?

— Ие, соларға. Олардың өздері де куә ретінде анықтап қолдарын қойыпты: Клод Эрнст Карно, Людвиг фон-Штейн

ның басқалары. Маған да қол қоюға орын қалдырылыпты.

— Басқа ешнәрсе жазбап па?

Степанов бір адым жақындап келіп:

— Басқа ешнәрсе дегенде, имамның өліміне нені лайық көреді, соны Кенжеғара мырза өзі жазсын. Біз бір ауыз сөз айтпай қосыламыз,— деді фон-Штейн.

— Ақша дегені ме?— деді Игілік.

— Ие.

Шешесімен, Игілікпен бір қарасып қалды да Кенжеғара ақтыда өзіне қалдырған жерге орысша «отказался» деп жазды да қолын қойды.— Менің төлеу сұраудан бас тартамын дегенімді болыс куәландырсын,— деді адвокатқа. Шешесі баласына риза көнілдің мейірімін төге қарап қалды.

2

Ушаков әлі көше алмай жатқан. Ауыр жүктерін Қараөткелге жөнелтті де өзі есеп-қисап қағаздарын реттеуге қалып қойды. Бұл арадан кеткен соң бәле болып жабысар қағаздарды ретке салып тізімдеп енді ғана аяқтап келеді. Кіріс-шығысы бар, алынды-берілдісі бар. Солардың он тиынын үйлеспей тұрса, соңынан қалмайтын Сикорский бар. Оның істік мұрны аман болса, тіпте нискелейтін жері бухгалтерия. Мың сомдар судай ағып кетіп жатқанды білу үшін мұрын емес, бас керек. Бастың ішінде миы да болу керек.

Сикорский Ушаковтың орнына уақытша жіберілген адам. Қарағандымен байланысты үш үлкен өндірісті басқара алатын адам, әрине, ол емес. Сондықтан ол шамасы келгенше Ушаковке қайдағы бәлені жауып күйелей беретіні даусыз еді. Оған Ушаковтың мектеп аштырам, мұнша салғызам дегендері қапы шығып тұрған қара қылмыс көрінеді. Жегені қанша екен, соны аша алса, пағыз қызық сонда болар еді-ау!.. Әрбір «уақытшаның» уақытшадан құтылып орнығып қалу жолындағы әрекет-арманы осы ғой.

Бурыл тартқан шаштары дудырап, аяғында етік, жұмыс киімінде отырған Ушаковқа жолығуға өткен түнде Игіліктің үйінде болған қонақтар түгел келіп еді. Үй іші ыбырсып жатыр екен. Ушаков қысылған жоқ, еркін амандасып қол алысты.

— Хош келіпсіздер. Ал, сіздерді қайда отыргызар екемін? Тура тамаққа шақырды деп қалмасаңыздар ас ішетін бөлмеге шақырар едім...

— Жоқ, жоқ... Біз бір бай үйге қонып шықтық. Болыстың үйінде қонақ болғанымызға екі-ақ сағат өтті,— деді фон-Штейн. - Көшіріңіз, Қызылжарда жүз таныс болғандықтан, басқалардан бұрын сізбен кездесуді міндет көрдім...

— Спасибо, фон-Штейн мырза. Бірақ, мені жәбір көріп, жаңа тартып жатқан адам екен деп қалмаңыз. Көріп тұрсыз, мен жұмыс үстіндемін.

— Сізбен кездесуге әсіресе құмартқан мына кісі — Клод Эрнст Карно мырза, инженер. Жаңа таныстырдым ғой— француз президентінің баласы.

— Өте жақсы. Көшіре көрсін. Алдын-ала хабарланбағандықтан, тым жабайы жағдайда қарсы алуға тура келіп тұр.

Фон-Штейн Ушаковтың не айтқанын Карноға жеткізе тұрып, Сикорскийге ұнатпаған көзбен бір қарап қалды.

— Ушаков мырза кіммен кездесуге болса да жағдай талғамайды. Көшіріңіз.— деді Сикорский фон-Штейнге жымия қарап. Фон-Штейн онысын елеген жоқ.

Осылай әрі әдепті, әрі ілгешекті де түйіншекті аз сөздерден кейін Ушаков қонақтарын ас ішетін залына алып келді.

— Міне, мұнда да ешнәрсе өз орнында тұрған жоқ. Менің барлық салақтығым көздеріңізге тосылып тұр...

— Е, сіз көшіп жатқан адамсыз ғой. Оқасы не!..

Қонақтар үлкен столдың екі жағына жарыла отырып болған соң Ушаков жол болсын айтты.

— Қайырлы сапар болсын!

Оған Эрнст Карно жауап берді:

— Мен де өзіңіздей тау-кен инженерімін. Қазір демалыста жүр едім. Ресей шығысын аралауды арман етуші едім, сәті түсіп фон-Штейн мырзамен кездесіп қалғаным... Кездестім де жабыстым. Сол қазақ даласы деген жеріңізге ала кетіңізші дедім. Міне, енді сізбен кездесіп отырмын. Саяхатшыға керектің өзі осындай кездесулер, жат жерді көріп-білулер емес пе?

— Кешігіп шыққан екенсіз саяхатқа... Бұл жерде ұзамай қар түсіп суытып кетеді.

— Амалым не, реті осылай келіп қалды. Әйтеуір сахараның ыстығына, Гренландияның суығына үйренгенім бар еді. Бұл сапарға да тайсалмай шығып кеттім. Менің нағыз саяхатым алдағы жылдарда болмақ. Бұл жолы маршрут бағдарын шамалап ала алсам соған риза боламын...

— Біздің өндірістерді аралағыңыз келмей ме?

— Келгенде қандай! Шынымды айтсам мені еріксіз шақырып әкелген сіздің Париж көрмесіне жіберген елу үш пұттық таза мысыңыз десем онымды көлгірсу дей көрмеңіз. Елу үш пұт кесек мыс мұхит тасбақасындай болып менің ойымда да жатып алды. Мен көрмеге келген сайын соның айналасынан ұзай алмай қойдым. Сықыры бар ма, шұлғымы бар ма, білмеймін, мен әйтеуір соның қасынан кете алмайтын едім.

— Оның орны әлі үңірейіп тұр. Айнала сызып, қоршап қойдық.

— Көруге болады ғой?

— Неге болмасын. Болады.

— Мен сол жерге бас иіп кеткім келеді.

— Еркіңіз білсін. Пожалуйста.

— Сол кесек мыстың өзін көруге де болады,— деді фон-Штейн,— Париж көрмесінен қайтқаннан кейін Петербургта патша сарайының алдына келіп жатыпты.

— Онда мен әдейілеп Петербургқа да бара қайтамын.

— Рязанов мырза премиясын да алды.

Бір кесек мыстың әңгімесі осымен тоқталса да болатын еді, Карно онымен тоқтай алмады.

— Біздің үйде сол кесек мысқа аяғын салып тұрып түскен сіздің императорыңыз жоғары мәртебелі III-Александр патшаның суреті де бар,—деді.

Ол фотографияны осында отырған орыстардың бірі де білмейді екен. Әңгіме өрістемей қалды.

Ушаков орнынан тұрып шкафтан графин толы ақ арақ пен бес-алты рюмка алып келді де:

— Мен нағыз инженердің денсаулығына ішіп жібергім келіп кетті. Ысталған балық пен қара уылдырық табылар. Айда те, қолдарыңызды жуып келіңіздер...

Фон-Штейн қолын жуып жатып Сикорскийге — Сіз жұмысыңызға бара беріңіз деп әдепті түрде айдап жіберді де, стол айналасына өзгелері отырды.

Инженер Карноға орыстың арағы да ұнады, Ушаковтың өзі де ұнады. Аздаған дөрекілеу, епсіздеу ме, қалай. Әлде онысында әдейілік бар ма екен? Осындай алып денелі, іскер адам епті боламын десе қандай жараспай тұрар еді. Жатсырамай, Сикорскийге ұқсап маймаңдамай, жылмаңдамай, аз сөзіне көп мағына бере сөйлейді. Бір ретте — қазақ даласына көңіліңіз ауған екен ғой деп қалды. Мен шынымды айтып қала жаздадым. Бекер айтпаған екемін. Бұл менің неге жүргенімді бәрібір түсініп отыр. Келер жолы кездесе қалсаң қой жымиып амандасады. Онда мен фон-Штейн бөгесін болды дегеннен басқа не айта алар

екенмін... Шынында Ушаковтан біраз жайларды тұспалдап болса да сөйлесер едім, фон Штейн естіп отырғанда қалай сөйлесерсің. Түптердің түбінде орыстың да, қазақтың да тілдерін білу керек болар...

Сол үлкен кесектен кейін тағы да кесек мыс табылды ма?— деп сұрады инженер Карно.

— Табылды. Бес пұттан аспайтындары пешке кетіп жатады. Бір екі үлкенірегі осында. Көрсетуге болады.

— Марк Твен қалжыңкой жазушы ғой. Ол көрмеде менің көз айырмай қарағанымдам адамдар болды деп жазыпты. Менің көз айыра алмағаным сіздің кесек мыс болғанын айттым ғой. Сол кесектің ішілерін көрсетіңізші.

Ушаков қонақтарын әлгі ыбырсып жатқан жұмыс бөлмесіне қайта алып келді. Қоқып жатқан бір бұрыштан кенеп жамылтқыны жұлып алып:

— Міне!— деді.— Екеуі ағалы-інілі. Екеуінің салмағы қырық пұтқа жақын.

Француз инженер французша танданып, французша жеңіл қуанып кетті.

— Міне, менің көруге құмарым!

— Бұл өндірістен кейін қай жерге орналассам да алдымен музей жасағым келеді. Сол үшін сақтап жүрмін,— деді Ушаков.

— Мұныңыз өте пайдалы терең ой екен. Мен де бір-екі кесек тас жіберермін.

— Спасибо.

— Әлгінде айтқан үлкен кесектің орнын маған кім көрсетер екен?

— Мен мұнда қазір бөгде адаммын. Көруге лұқсат етуге де, шахтаны аралатуға да ешбір хақым жоқ. Бастық Сикорский. Сол кісі көрсетеді де.

— Жақсы. Бір сұрау беруге бола ма сізге?

— Неге болмасын. Болады.

— Лұқсат болса, жүз пұт кеннен қанша түсім алып келдіңіз?

— Жиырмадан төмендеген емес.

Мұндай сұраулар көбейе келе әлде қайда алып кете ме деп хауіптенген фон-Штейн бұл әңгімені доғарғысы келіп:

— Ондай мәліметтердің бәрі менде бар,— деді.— Бүгін біз шахтаға түсеміз, содан кейін Нілдіге жетуіміз керек... Реңжімесеңіз Ушаков мырзамен қоштасайық.

— Амал қайсы, солай-ақ болсын,—деді инженер Карно.

Фон-Штейн Ушаковпен қолдасып тұрып:

— Одақтас болған адамыңыз Рязанов мырза — жар-

[illegible] акшасын осімімен қайтарар едім, алты айға мұрсатын бермес пе екен деп өтініп қалды. Бұған не айтарын [illegible] деді.

Жарнаны қайырып берем дегені ғой деп түсінесің [illegible] деді Ушаков.

Фон-Штейн мырс етіп күліп жіберді де:

Карно мырза Жезқазғандатып Атбасар арқылы Қызылдарға қайтады. Мен Нілдіден қайтып ораламын,— деді. Мен де сізбен кенірек сөйлескім келеді.

Жақсы. Оралыңыз. Сөйлесерміз.

Ушаков Карномен қол алысып тұрып, қазақ даласының болашағы туралы бір ағылшын былай деп жазған деді:

Тзе передайс оф тзе проспекте...

О-о!.. Нельсон Фелль!..

Ие, Нельсон Фелль...

Қонақтары қоштасып шығып кетті. Ушаков жұмысына қайта отыра алмады. Әлдене алыстан елес беріп, туған елінің байлығы талан-таражға түсетін лебі келетін сияқтанады. «Талау-талау!» деп айғайлағысы келді.

Кімге айғайлайды? Рязановқа ма? Мыналарды шақырып отырған соның өзі емес пе екен? Қазақтарға ма? Қазақта не күш бар? Патшаға ма? Алтайдағы алтын-күміс кендерін ағылшындарға сатып отырған патшаның өзі емес пе? Енді кімге, енді кімге айғайларсың? Гамлетке ме? Гамлетке айғайламасаң басқа ешкім жоқ. Рязанов ұзамай күлайды. Мына келген жер дүниенің тазғыр мойын қара күстары мен құзғындары өлімтік исін сезініп айналып жүр. Қазақ жерінде әлі де ортақтас болармын деген оншақты мен байлықтары бәр еді. Қош болыңдар! Бәрің де кетесіңдер жат қолында! Кетесіңдер жат қолында!

— Жоқ, Пушкинге айғайлайыншы. Әрі ұлы, әрі сорлы ақын айтқан ғой:

«Саранча летала, летала,
И села.
Села, все съела,
И опять улетала...»

Саранша ұшқан да ұшқан,
Ұшып-ұшып келген де конған...
Бәрін де жалмап болған,
Тағы да ұшып кеткен...

Мыналар да сол сараншалар емес пе? Әзір ұшып келе жатыр, бір күні қонады. Бар байлығыңды қапыл-құпыл жалмап болмай қайта ұшып кетпейді. Сен оның қонғанын көр де, қашан ұшып кетерін күт те отыра бер!..

Ушаков жаңа ғана қонақтарына мақтаныш етіп көрсеткен екі кесек мысты кезек-кезек теуіп қалды.

— Сендерді су түбіне тастап жібермесем Ушаков болмай кетейін!

Қай елдің болса да ақылдысы, ойлысы, іскері, өнерлісі кім болса, намыскері де солар болады. Ақыл, ой, ар-намыс қай заманда болса да бір-ақ таптың, бір-ақ топтың еншісі емес, қайсысы үстем болса, соның қолында. Ел дегеннің әр дәуірде әртүрлі атаққа ұшырап жүретіні де осыған байланысты. Ушаков Ресей байлықтарының бірте-бірте жат қолдарына көшіп бара жатқанына өз атынан емес, Ресей деген елінің атынан намыстанып еді.

Бұланбай мен Михайло Неволя келді.

— Никон Абрамович, сіздің бес түйе жүгіңіз Қарағандыны басып өткелі үш күн... Тағы да жөнелтетін жүгіңіз болса мен де соған ілесе кетейін деп едім,— деді Неволя, қысқа ғана амандасқаннан кейін.

— Қайда бармақшы едің қыс келіп қалғанда?

— Оралға... қартайдым. Қатерина да қартайды. Өкпем сырылдаққа толып болды. Пеш астына кіріп алып шырылдайтын қара шегірткеге қосыла шырылдайды. Ұйқы бермейді. Туған жердің топырағына жетіп құлайын деп едім.

— Қарағандының алыбы деп жүрген шалым, сен не айтып тұрсың өзің? Ойыңа о дүние түсіп, шеркеуді сағынып кеттің бе?

— Түкірдім о дүниеңе! Сикорскийге бағынған бұл дүниеңе де түкірдім!

— Күреңгөз қожаға құран оқытып, жерлерміз деп едім... Көнбей жүр.—деді Бұланбай қалжыңдай сөйлеп.— Қарағандының топырағы жеңіл... жаңбыры аз... су өтпейді. Құрғақта жата бер, анда-санда ақ судан бір жұтып қойып... Рақат емес пе!..

— Қожа байғұс қайтыс болыпты,— деді Ушаков.— Нұраға құлап өліпті деп естідім. Бүгін барып үй ішіне көңіл айтып қайтқалы отырмын... Сен, өзің ше, Бұланбай, мына шалға атқосшы болып келдің бе?

— Жоқ, Никон Абрам... мен әлі күнге дейін сіздің кетіп қаларыңызға сене алмай жүр едім. Мына бес түйе жүк көшіп кеткелі жатқан Ушаков мырзанікі дегенді естіген соң сенбесіме болмай қалды. Мен сізден біздің ендігі күнімізді не болады, соны тағы бір сұрап қалайын деп келдім.

Ушаков әуелі нығарлап тұрып орысша боқтап жіберді де,— екеуіңді көрген соң жылағым кеп кетті. Айда те, ас бөлмесіне барайық,— деді.

Онда дастарқан жиналмаған күйінде қала барған еді.

Ушаков әлгінде арақты кішкене рюмкелерге құйып еді, енді оларын ысыра салып, қырлы стакандарға құя бастады.

— Келіңдер, мен сендердің денсаулықтарына, сендер менің денсаулығыма! Ал, іштік!

Бұланбай басын шайқап отырған орындығымен бірге шегініп қалды.

— Жоқ, ішесің, Бұланбай, ішесің. Сен менің үлкен досымсың. Мен де сенің бір ауыз сөзіңді аяксыз қалдырдым ба екен? Жоқ шығар?

— Жоқ.

— Жоқ болса, іш! Қазақтың «Үйрен де жирен!» дегені осы ант соққан арақ болады. Өзің бір іш те жастарға мұның несі жаман екенін айта алатын бол! Басың айналады екен, жүрегің әлсірейді екен, күшің кетеді екен, мас болады екенсің, мас болсаң төбелесуге әзір тұрады екенсің, де! Әрбір жамандықтың дәмін өзің татпай тұрып түсіне де алмайсың, оны жамандай да алмайсың. Ал, ішейік...

Бұдан кейін Бұланбай қайталатқан жоқ. Қағып салды. Көзін жұмып, алақанымен аузын басып қалыпты. Тұншығып кетердей екен.

— Міне қасық. Қара уылдырықтан асап-асап жібер... Ничего?..

— Нешауа!

Аздап қызынқырап алып, Ушаков Бұланбайдың әлгіндегі сұрауына оралды:

— Бұланбай, сен ақылды адамсың...Менің не айтарымды өзің де шамалап жүрген шығарсың. Сикорский жайында ешнәрсе айтпаймын. Көріп жүрген Сикорскийлерің бұл күнге дейін қандай болса, сонысынан өзгермейді. Қалады сол қара қоңыз күйінде. Оның басы боқтықта қалады. Кәне, тағы бір...

Тағы бірден кейін Ушаков әңгімесінің үлкен тарауына көшті:

— Рязанов ұзамай құлайды,— деп бастады әңгімесін.— Құлайды. Сикорский оны тұралатпай тынбайды. Менің жарнамды көлденең адамға алдырып жүрген соның өзі екен. Маған жарнасының ақшасын әсімімен төлейін, алты ай мұрсатана берсін деп кісі салыпты. Мен оған ышқырдан көрсеттім. Алты күн төзе алмаймын деп жауап қайтардым. Оны істемесең заң бойынша жарнамды өзіме қайтарсын дедім. Бүгін сол көлденең адамы келіп кетті. Бір келісімге келетін болармыз... Ертең тағы келеді. Рязанов өзінің пайда серіктерінен жылу жинайды әлі!.. Олар да оған мен көрсеткенді көрсетеді. Кәне, сол үшін тағы бір... Бұл жолы Ушаков жалғыз өзі қағып жіберді.

— Осының аржағында не тұр деп ойлайсыңдар? Тақыр мұздан басқа ешнәрсе жоқ. Рязанов мырза тайғақтап-тайғақтап барады да құлайды. Құламай тұрып Қарағандыны Ақбұйрат, Нілдісіне қосып сатқалы отыр. Жат елге сатқалы отыр! Сатып алатындардың бірі жаңа ғана осы үйге соғып кетті. Жат қолына түскеннен кейін күндерің не болары айта алмаймын.

Жұмыскерлер мұқалып, жасыңқырап қалды. Олар Ушаков кетіп қалғаннан кейінгі күндері не боларын сұрағалы келіп еді, оның аржағында талай-талай бәлелер тақап тұр екен ғой. Орысша сөйлесуді әрең үйреніп, әрең көндігіп келе жатқан қазақ жұмыскерлерін шет елден келген қожайын мал орнына жұмсайтын болады да...

— Көшіп кетуді менің ойыма құдай салып жүр екен ғой!— деді Неволя.

— Біз қайда көшеміз?— деді Бұланбай. Ешкімнен жауап күтпейтін пішінде, өзінен-өзі сұрағандай бей-жай қалпында айта салды.

— Басқа ешнәрсе айта алмаймын. Сендерге Ушаковпен таласу да, дауласу да қиын болмайтын. Алдағы күндерің ауырламаса жеңілденбес. Бірақ, сендер де адамсыңдар ғой! Маған біз де адамбыз дейтіндерің қайда? Оларың өтірік емес. Енді осыны қос қабаттап көрсетер күндерің алыс емес. Ал, кеттік. Мен Игілікке барып көңіл айтып, қоштасып қайтамын. Екеуіңді желдетіп отырып Қарағандыға дейін ала кетейін. Жолшыбай тағы да кеңессеміз ғой,— деп Ушаков орнынан тұрды.

Ертеңіне қайтып оралған фон-Штейн келген бетінде Сикорскийді қолға ала бастады: ол кеше кесек мыстың орнын көрсете алмаған еді. Босқа әуреленді. Жұмыскерлер білер деп бір шахтаға алып түсіп еді, онда ылғи жас кеншілер болып шықты. Көрмеген де білмеген, естіген де емес. Екінші шахтада тағы да солай. Тек бір бұрышта шықылдап, жөтеліп жатқан қартаң жұмыскер — ол шахта жабылғалы қашан,— деді.

Сонымен, Карно мырза іздегеніне кездесе алмай кетті. Мүмкін, оған өкінбеген де шығар. Жаппай көксау болғандай, жабыла шықылдап жөтелген кен жұмысшыларын көрді. Бір жолға бұл да аз емес қой. Ант ұрған кеншілердің жаппай жөтелгендері әдейілік емес пе екен? Е, мейлі маған оның не керегі бар?..

Ақбұйратта осыны көрген Карно Нілдіде не көрді? Осыдан басқа ешнәрсе көре алған жоқ. Ластық, өнімсіздік, болымсыздық... Фон-Штейннің күйініп қайтқаны осыдан еді.

— Сіз кеше Карно мырзаға жолшыбай не айтып келдіңіз? — деп бастады фон-Штейн.— Есіңізде ме? Ол күлген сайын өршелене оттадыңыз. Ол сіздің өзіңізге күлді ме, сөзіңізге күлді ме? Өзіңізге күлді. Карно мырза Қожанасыр әңгімесін не себептен бастап кетті деп ойлайсыз? Ол сізді ұсталдап бастады. Мен де сіздің бары-жоғыңызды байқап алайын деген арамы ой келіп, сөзіңізді бөлмедім.

— Мен арамы ойдың адамы емеспін!— деп қалды Сикорский.

— Мұныңыз да білгендік болып шыққан жоқ. Сіз бүкіл орыс халқын ойсырата жамандап келдіңіз. Бар жұмысын шынды істеп жатқан халықты солай жамандай ма екен? Игілікті үйінде — бес миллион халықтың бір үйінде бірдей болу керек қой дедіңіз. Осыны тапқырлық көріп айтты ма? Машина батпақтап қалғанда оны шығарып алу сіздің міндет емес пе еді? Сіз не істей алдыңыз? Үш салт аттылы адам бізге жақындап келді де сіздің даусынызды естіген соң бұрылып жүре берді. Кенжеғара мырза не істеді? Он минутта қайтып келемін деп шығып кетті де қайтып келіп — машиналарың осы үйдің алдында тұрады деді. Тұрмады ма? Тұрды. Неше жыл бойында Қарағандының бастығы болып келген Ушаковтың орнында отырсыз. Сіздің өзіңіз қайда?

— Мен де Игілікке машинамызды шығарып бер деуге ұялғаным жоқ па? Маған да шығарып беретін еді...

— Жоқ, ол адамыңыз сізді үйіне де кіргізбес еді.

— Кіргізбей көрсін!

— Сіз түгіл бізді де кіргізбей жіберген жоқ па? Кенжеғара мырза елінің мейман-достығын көрсетті. Өркөкіректеп барсаң үйіне де кіргізбес еді. Есіңізде болсын, өлік үстіне баса-көктеп бармас болар.

— Чепуха!— деді Сикорский. Бұлар қорыққанын сыйлайтын ел!

— Ақымақтанба!—деді фон-Штейн.— Ақымақтанба!

Сикорский атып тұрды. Манадан «сіз» деп отырған фон-Штейннің сен дей бастағаны қопарылып келе жатқан зілді шағардың қорқынышындай екен. Көздері қалай жаман еді. Түнжырап төніп, түнеріп барады. Бірақ фон-Штейн әдепсіз әрі аттаған жоқ. Қайтадан «сізге» көшті.

— Сіз әлгі кесек мыстың орнын да көрсете алмадыңыз Карно мырзаға. Оның орнына көксау шахтерлерді, Нұх пайғамбардың заманынан бұрын туған құрал-саймандарды көрсеттіңіз. Осыларыңызды мен қалай түсінуім керек?

— Ушаковтан қалған мұра деп түсінуіңіз керек. Ушаковтан!

— Ушаковтан... Ағылшындардың тау-кен кәсібіне арналған бір журналында «соңғы жылдарда ең өнімді түсім Рязанов компаниясының Ақбұйрат, Нілді деген кендерінде болып келеді» деп жазылыпты. Ол Ушаковтың іскерлігі емес пе? Қарағандыда болған забастовка ол әне сіздің іскерлігіңіз...

Ақбұйрат мыс заводының бас инженері Бернер мен Қарағанды бастығы инженер Некрасов келді. Фон-Штейн оларды өзі шақыртқан болатын. Сикорский қуанып кетті. Фон-Штейн түнеруін маған түнерді, жауары болса осыларға жауар деп қуанды. Бірақ, ол қуанышы ұзаққа барған жоқ. Инженерлерді көрген фон-Штейннің көздері жылынып сала берді. Инженерлерге тұра келіп қол алысып амандасты. Хал-жайларын жіті сұрасып, жақындасқысы келетін ықтай көрсете бастады.

— Екеуіңіз туралы да ада-гүде хабарсыз емеспін...— деді фон-Штейн жылы шырай көрсете сөйлеп.— Қарағанды мен Ақбұйраттың барлық салмағын көтеретін екеуіңіздің иықтарыңыз ғой. Мен Рязанов мырзаның тапсырыстарымен келген уәкілі Людвиг Федорович фон-Штейн, адвокат. Тау-кен жұмыстарындағы дау-жанжалдарының ортасында жүремін.

— Мен — Карл Карлович Бернер. Инженер. Ақбұйрат мыс заводының бас инженері де мен, кен зерттеушісі де мен. Кейде ортаға, кейде шетке жегіле беретіннің өзімін.

— Петр Данилович Некрасов, көмірші. Қарағанды.

— Отырыңыз. Қош келіпсіздер.

Күннің суытып кеткенін, ұзамай қар жауарын айтыса отырып, фон-Штейн өндірістердің қысқа қалай әзірленіп жатқандарын сұрастыра бастады.

— Суыққа қарсы қоярымыз ең алдымен көмір ғой. Сен баста!— деді Бернер Некрасовқа.

Некрасов көңілінде бір наразылығы бар адамдай салқын бастады:

— Екі қысқа жетерлік көмір тысқа шығарылып еді. Соның өзі басқарушымен арамызға жылылық туғызар деп үміттенсек салқындық туғыза бастады. Еңбек өнімі молайған сайын көміршілердің тұрмысы түзеле бастар деп ойлап едік, жұмыскер жалақысы он тиынға кеміп кетті. Наразылық бар. Салына бастаған жаңа бақтар белдеулеп келіп, тоқталып қалды. Монша да солай. Қазақ жұмыскерлеріне демалыс күнін бермейміз. Бұл үлкен жәбір, үлкен қиянат емес пе? Мен бір жылауық адам болып көрінермін. Әзірше осымен тоқтала тұрайын. Көміршілердің осы жай-

...рын ескерсеңіздер еңбек өнімі өсе түсуіне сөз жоқ,— деп ...лады Некрасов.

Менің айтармын дегенімді Некрасов мырза түгел айтып берді. Мен айтар сөз қалған жоқ. Қарағандының жайкүйі қандай болса, біздің Ақбұйратта да сондай. Нілді де сондай.

– Не, солай екен,— деді фон-Штейн.

– Менің Сикорский мырзадан сұрайтын бір-ақ сұрауым бар,— деді Бернер.

– Сұраңыз.

– Сұрасам, Нілдіден келетін мыс кені неге азайып барады? Бұрын үш күнде жүз арба кен келіп түсуші еді. Соңғы үш жетіде күніне он арбадан аспай жүр. Осының себебі неде?

– Бір ай Игілік кіресі тоқтап қалды ғой,— деді Сикорский.

– Ол неге тоқтайды?

– Қысқа әзірленемін деп Игілік өзі тоқтатыпты.

– Ол бұрын кіресін тоқтатпай-ақ әзірленуші еді ғой?

– Ең берісі алты айға өзгермейтін шарт жасағысы келеді.

– Теріс пе онысы? Нілдімен екі арада ол кісінің бес жерде бес бекеті бар. Жаз бойы қанша даланы шапқызып бекеттеріне шөп үйіп алады. Келісім құбыла бермей тағаланды болсын дегені орынды сөз.

– Шарт жасау менің жұмысым,— деді Сикорский шамырқанып.

– Енді екі айда кенсіз қалып жүрмесек болды,— деп тоқтады Бернер.

Фон-Штейн Сикорскийге қарады.

– Осылардың таусылмайтын қыңқылдарынан-ақ өлесі болдым,— деді Сикорский.— Қашан тынады осыларың?

– Не қыңқыл айғайға айналған күні, не болмаса...

Фон-Штейнге Некрасовтың сөзін аяқтамай тоқталғанында зіл жатқандай көрінді. Қателескен жоқ. Ауыр зіл бар еді. Сикорский Қарағанды мен Ақбұйрат өртеніп кетсе де бар бәлені Ушаковқа аударып шабаланудан басқа қолынан не келер адам емес. Рязановтың табанын жалап күн көріп жүрген өсекші, суайт. Сондықтан өзі аттанып кеткенше бір шаралар қолдануға бел байлап, фон-Штейн:

– Жұмыскер жалақысы неше тиын кеміді?— деп сұрады Сикорскийден.

– Он тиын кеміді, он тиын,— деді Бернер.— Барлық өндірістерімізде де солай.

— Сол он тиынды қайта қоссақ, тыныштар ма еді, жұмыскерлер?

— Әрине. Бірақ, мынша, жатақ үй — барақ наразылығы қала береді.

— Қысты күні жаңа барақ салына қоймас... Жалақысы бұрынғысынан кемімейтін болсын. Сикорский мырза, келісеміз гой осыған?

— Келісе алмаймын. Менің бірден-бір өткізген пайдалы еңбегімді жоққа шығарғалы отырсыз ба?

— Олай болса он тиынның үстіне тағы бір бес тиын қосылатын болсын!

— Рязанов мырзадан бұйрық алмай тұрып, жарты тиын коса алмаймын.

— Косасың! Мен Рязанов мырзаның атынан бұйырамын!

— Енді менде қандай абырой, қандай бедел қалды?

— Сіз беделден алдақашан айрылып болған адамсыз. Қазір отыра қалып жұмыскерлердің бұрын алып келген жалақыларына октябрь айының бірінен бастап он бес тиыннан қосылады деп бұйрық жазыңыз да мына басқарушыларға бір-бір данасын қазір, менің алдымда тапсырыңыз! Қазақ жұмыскерлеріне өздері қалаған күні демалыс берілетін болсын. Бұйрығына мұны да қоса жаз! Бар!

Сикорский безгегі ұстаған адамдай дір қалтырап тұрса да есінен танбаған екен:

— Өзіңіз де қол қоясыз ба, Людвиг Федорович мырза?— деді.

— Қоямын!

Сикорский шығып кеткеннен кейін фон-Штейн жұмсақ та жылы дауыспен екі инженерге аз ғана күлімдей қарап:

— Ал, енді мырзалар, сіздерге менің де өтінішім бар: осы қысты жанжалсыз өткізе алсаңыздар алдағы уақытта бірлесіп, түсінісе, бірге істесулерімізге бірінші қадам жасалды деп аттанар едім. Мұным Рязанов мырзаның өтініші емес, менің өз өтінішім,— деді алдағы бір болжалды аңғарта сөйлеп...

— Сізбен істес болудан мен қашпас едім,— деді Бернер, фон-Штейн нені аңғартқанына түсінген пішінде.

— Мен де,— деді Некрасов.

— Уәде гой?

— Уәде.

— Ал енді бір сұрауға жауап беріңіздерші. Баяғы Париж көрмесінде болатын үлкен кесек мыстың орны шын-ақ сақталған ба бір жерде? Болмаса, әшейін аңыз ба?

— Сақталған. Қоршалған күйінде тұр.

— Кеше Сикорский соны бізге көрсете алмады. Француз президентінің баласы инженер Эрнст Карно мырзаның көрсеті келіп еді. Ұят болды, көлденең кісі мен ұялдым.

— Естідім... Сикорский сіздерді басқа шахталарға апаратыпты,— деді Бернер.— Бізден сұрап алуға арланған болар... Апарған жерлерінің бірі жаңа шахта, енді біреуі шахты емес, кен қорасы. Ар жағынан келе жатқан штректер бар. Сикорский әлі бір шахтаға түсіп көрген адам емес. Адасып кетпей, сіздерді аман-есен алып шыққанына құлайға шүкірлік етіңіз... Бернер бар наразылығын біржола айтқысы келіп, ақтарылып барып әрең тоқтады.

— Таңданарлық екен... Ал, апау көксау шалдарың кім?

— Олар жұмыстан босағалы жеті-сегіз жыл болған ескі шахтерлер. Кеуделері толы селикоз... Тіршіліктері ауыр. Аяғана көңілдері тетіктене бастаса жеңіл жұмыс сұрап келеді. Екі-үш күннен бері кен қорасын азырақ, кеңейте түсуге салып едім. Басы артық жұмыскер де жоқ қой бізде.

Үш өндіріске жеке-жеке жазылған бұйрықтарын алып, Сикорский қайтып келді. Фон-Штейн оқып шықты да қол қойды:

— Рязанов мырзаға шағынып әуре болма!— деді қол қойып жатып. Сикорский монтаны пішінде басын иді.

— Ал, қош болысайық. Келер жолы көріскенше сау болайық...

Фон-Штейн инженерлермен бірге шықты да Ушаковтың үйіне қарай жалғыз кетті.

Фон-Штейн Ушаковқа келіп кеше шет жағасын аңғартып кеткен әңгімесін енді толығырақ байымдады:

— Рязанов мырзаның осы кезде бір қысылып тұрған кезі екен. Әр жердегі өндірістерінде кіріс-шығыс арасында қайшылықтар молая бастаған ба, немене...

Ушаков оның сөзін аяқтатпай ерсілеу киіп кетті:

— Рязанов ол қайшылықтардан өмір бойы құтыла алар ма екен!.. Ол орыс кеншілерінің өткен заманы. Оның барлық өндірістерінде де жұмыскер емес, тәуелді крестьяндар... Рязанов көп ұзамай аукционға өзі түседі,— деді кекете сөйлеп.

— Онда менің жұмысым жоқ, Ушаков мырза. Мен сізден кейін өсімімен өтеуге Рязанов мырзаға алты ай кепшілік бере аласыз ба, соны ғана білгім келеді.

— Жоқ, бере алмаймын. Алты айдан кейін Рязанов банкрот болдым деуге де бар... Ол кен өндірістерін сата бастамаса, құлайды ұзамай....— Шет елге сата бастамаса дегісі келді де іркіліп қалды.

— Кесіміңіз бұлжымас болса...

— Темірдей берік!

— Жарнаңыздың ақшасын қай қаладағы банкеге түсірген қолайлы?

— Өзіңіз біліңіз... Мен ұзамай Қараөткелде де болам, Қызылжарға да барам...

— Қызылжар қолайлырақ болар?

— Әрине, Қызылжар қолайлы...

Екеуі тұра келіп қол алысып қоштасты. Фон-Штейн сол күні қайтып кетті.

3

Кеше Сейіт қайтыс болды. Жиырмаға жеткенше Игілік үйінде бұлау болып өсіп еді, жер астындағы ауыр жұмыска ұзақ шыдай алмады. Жастау қайтты. Жабай мен Назыкештің бұлақ басынан бірге қайтып келе жатқанын көрген күні құлап еді, содан оңалған жоқ. Артында Назыкеш қалды, жалғыз қызы қалды.

Жабай ол күні кәрі әкесі Талтаяқты Майқұдық бұлағына шомылдырып алуға әрең көндіріп еді. Дәрет алып, намаз оқып көрмеген шалдың бойында өмір бойғы кірі бардай екен. Елу жыл баққан қой мен түйенің иісі мен кірі шалбар-шалбар кәрі денеге қат-қабаттай беріпті. Құм мен сарбалшық араласқан лай суға қара сабын да көпірмей, аудан жаңа ғана алынған балықтай жылмыңдай берді.

— Сен мені жерлеуге әзірлеп жатырмысың? Мен өлсем құран оқытпай-ақ қой... Бәрібір түсініп жатқан мен жоқ,— деп шал әлі кекірт сөйлейді.

Күн ыстық, шілденің бас кезі. Су жылы болса да шал байғұс дірілдей бастады. Қақталып-ысталып қалған қоңырқошқыл денеге бөртіп-бүршіктеп «құс еті» қабындап кетті. Құнысып-құнжиып, бүктетіліп отырған шал о жер, бұ жерін жұғызбайды да. Шашын қырып тастағаннан кейін, күнге күйген қара-қошқыл түсті адамның басына бозғылкөк тақия кигізгендей, шалдың тақыр басы ғана бозалаңдайды.

— Болар енді, болар. Жаурап барам.

— Қазір, әке, қазір...

Жабай Жұманның үлкен ұлы Кошқарбайдың қолында қала барған әкесін алып кетуге жылына екі рет барып жүрсе де құлдыққа біржола мойындап кеткен сорлы шал көнбей қала беретін.

— Мынадай ақ үйің бар ма? Түйең бар ма бағатын?— деп қырсыға сөйлеп бұрылып кететін.

Өткен март айында бір барғанда қырсық шал баласын [illegible] қайтарғандай болды:

Қырыққа келгенше қатын ала алмай жүріп...— деген Жұманның ауылы түгел күлген.

Өкенді жібермей жүрген біз жоқ, шырағым,— деген Қошқарбай.

Ешше Жабай қасына Көпейді алып барып еді, шал сөзге келген жоқ. Қисық таяғын қолына алды да арбаға өзі мінді. Ешкіммен қоштаскан жоқ, ауылға бұрылып қарамады.

Кетейік, кетейік,— деді.

Бұл ауылдан есіркеу-мүсіркеу естімеген, өмірі құрғырдың сондайынан қатып-кеуіп қалған сорлы Көпейдің жылы сөзін көрген соң ерді де жүре берді.

Бұл жолы Қошқарбай ауылы күле алған жоқ. Қайта сорлы шалдың артына қарамай жүре бергенінде бір кінәлы сезінгендей, азырақ ұялатындай қипақтасып қалды. Бұл кезде өз алдына бір қайсар қауым болып алған Қарашолпы жұмыскерлерінен қаймығатындарын да жасыра алмады. Тап осы Жабай тап Игіліктің өз үйіне именбей барып Назыкештің шешесі Құншені де алып кетпеді ме?

Құл болып езіліп кеткен шалдың қоштаспай кете беруінде суынып қалған күлдің астынан бір шөкім қызыл шоқ шыға келгендей еді. Әкесінен бір түйір адам мінезі табылғанына Жабай әрі таңданды, әрі қуанып кетті. Тағы да күлмесін қалармыз деп ойлаған Қошқарбай ұялғаны ма, қысыла бастағаны ма, арбаға жақындап келіп:

- Жабай шырағым, әкеңнің біздің үйде азды-көпті алашағы да бар еді. Сөйлеспедік қой...— деді, соған өкінгендей.

- Алашағы болса айдатып жібермейсіз бе!— деп қарсылдап күлді де — Жабай енді ешкімге алашағын жіберер ойнас!— деп айбар көрсетіп тоқтады.

- Жабай, құдай ақы, шын айтам... Қазір уақытың болса, сөйлесіп келуге кісі жіберейін.

— Жетер... Мына Көпей апайдың алашағы да аз болмас сіздерден?

— Мен де еншім барын ескерте кетейін деп келдім. Менің де тең сөйлесер күнім туған адаммын,— деді Көпей, Жабайдың ыңғайына қарай әдейі ығыстыра сөйледі.

— Оны да сөйлесе келсін...

- Болсын...— Арба қозғалып кетті.

Қошқарбай таңырқасып қала барған ауыл адамдарына:

- Енді бұлармен қалжақтасуға болмайды. Көмірмен күн көріп отырған жұрт Сармантаймын, Қарекемін демей-

ді. Бұлар болса... сен қамшыңмен сөйлессең, бұлар темір сүйменіңмен, қайласымен сөйлеседі,— деді де қисық-қыңыр ішіліріне қарап қала барды.

Қазір Жабай әкесін жуындырып болып жаңа ішкінім, жеңді-жеңсіз камзол, қара-қоңыр елтірі бөрік кигізіп, енді аяғына шұлғауын орап жатыр еді, бір қолымен үш жасар қызын жетелеп, бір қолында буып алған кір-қоны. Назыкеш те бұлаққа келді. Шал Назыкешке жылы амандасты. Кеше түнде де жақсы амандасып еді.

Жабай дамбал балағын тізесінен жоғары түріп алған. Әлі киінбеген, жалаңаш еді. Денесі сом, білек бұлшық еттері ойнақшып тұр. Балтыр еттері де біресе шиырылып, біресе жазылып кетеді. Назыкеш оның денесі сом, әлуетті екенін сезінетін. Ұстаның бұлшық еттері осындай болмай қандай болу керек? Ол күніне он екі сағат темірді жаныштап тұрады ғой! Темірді!

Назыкеш қызын жетелеп төзірек бұрылып кетті. Бұлақты бойлап жоғарырақ барып жар астына түсіп кеткен соң көрінген жоқ.

Жалаңаш дене — тілсіз жау қол бұлғағандай, ұзамай Назыкеш қайта көрінді.

— Жабай, сабыным суға ағып кетті, сабының бар ма?— деді алысырактан айғайлап.

— Бар,— деді Жабай. Содан соң сабынды алды да, Назыкешке қарай кетті.

Назыкеш күтіп тұр. Енді Жабайдың денесіне көзім түспесін деп, балдырлап тәтті сөйлеген қызымен әуреленіп кетті. Жабайды білемін ғой деп ойлады Назыкеш, қызымен әуреленіп жатса да ойы Жабайда болып. Жабайда бір өзгермейтін кісілік бар. Жайдарылық па, ерлік пе, ақ көңілділік пе, осының бәрі бір бойына сыйып тұр. Ол мен білетін замандастарының бәрінен бөлек тұрады. Мүгедек болып қалған кезінде де ешкімге көзін сүзген жоқ. Қазір ол жастар жағын түгел еңсеріп әкетіп барады. Біз бір-бірімізге бұйырмаған жандармыз. Неше жылдан бергі достығымыз, сыйластығымыз соның өтеуі емес пе! Жоқ, мен Жабайға әйел көзімен қараған емеспін, қарамаспын да. Ол да маған ер кек көзімен бір қараған емес қой.

Көз деген адам мүшелерінің ішіндегі бірінші сыбыршы сы емес пе! Ол ойлауынан бұрын жарқ етіп калады, кейін ойына бағынбай да кетеді. Жабай жақындап келгенде Назыкештің көзі оны тағы бір шолып өтті.

— Біз шал жылынғанша осы арада бола тұрамыз. Кіріңді төзірек жуа алсаң бірге қайтармыз,— деді Жабай. Назыкешке сабын ұсынып тұрып.

— Жоқ, мен үлгере алмаспын. Кір жиналып қалған ғой,— деді де Назыкеш сабынды алып бұрылып кетті. Назыкеш те тізесіне дейін түрінген жалаң аяқ еді, Жабай оның қызарған балтырларын да, етік қажап қолдыраткан өкшесін де көріп қалды.

Жабай әкесін түгел киіндіріп, арқасын күнге тоса отырғызып, өзі де шомылып шыққанша үлгере алмаспын деген Назыкеш те жар астынан шыға келді. Бір қолында буып алған кірі, бір қолында жетелеген қызы. Шал бөлініп кеткенде, Жабай, Назыкеш екеуі барақтарына бірге қайтты. Назыкеш қос етек қызыл шұбар ситса көйлекті белдемшесінің бауымен қынама белден қынай байлап алыпты. Денесі ақ сұңғақ. Манадан күн көзінде болғандықтан ашық жүзі қоңырқыңқы көрінеді.

— Мынауың қалай ауыр еді! Қалай көтеріп келесің?— деді Жабай Назыкештің кір бумасын ала беріп.

— Алақандарым ойылып қалып, суын жөндеп сыға алмадым.

Азғана жүрген соң Назыкештің үш жасар қызы шаршадым деп қынқылдай бастады. Жабай жүрелеп отыра қалды да балаға арқасын тосты — мін!

Осылай қатар келе жатып, Назыкеш үйінің күнгей бетінде екі қолын жерге тіреп, еңкейіп отырған Сейітті көрді. Назыкеш жүгіре жөнелді.

Сейіт Назыкеш пен Жабайды алыстан көріп отырған. Ірі-майлы адамдай жарасып келе жатыр екен. Қызғанып кетті. Өлім сезінген адамның ойы жұқаратыны да, ұшқыр болатыны да белгілі. Сейіт Назыкешті үш рет қызғанып, үш рет ақтап үлгірді. Жабай деген ер жігіт пен Назыкеш сияқты адал жарды кіналағандай ой келгеніне құдайдан үш рет кешірім сұрады: кешіре гөр, кешіре гөр, кешіре гөр...

— Сейіт-ау, не болды, не болды?— деп Назыкеш Сейіттің сыртынан құшақтай еңкейді. Жылап та жіберді. Күре тамырлары білеуленіп, бет сүйектері одырайып, екі ұрты соғып, көздері ұясынан шығып кетердей екен.

— Не болды, Сейіт?

— Қан...

Сейіт жүдеу, ауыз омыртқасына ілігіп әрең жүріп, күнделгі әдеті бойынша, бүгін де жұмысқа кеткен. Бұланбай оны көмір шабудан босатып күрекке ауыстырып еді. Бірер сағаттан кейін аузы-мұрнынан қан кетіп, Сейіт құлап түсті. Екі жұмыскер көтеріп әкеліп, үйінің қасына отырғызды да, қолына беторамалын әкеліп берді. Беторамалы да қазір қызыл-ала қан екен.

Осыдан үш ай өткеннен кейін Сейіт қайтыс болды.

Сейітті жерлейтін күні көп жұмыскерлер үйлерінде еді. Бұланбайдың үйіне таңертеңгі шай үстінде Кенжеғара келді.

— Ассалаумағалейкөм!..

— Әлік сәлем... Апыр-ау, Кенжеғарамысың?— деп Бұланбай Көпейге қарай ысырыла берді де:— Төрге шық,— деді. Нартай орнынан тұра келіп, Кенжеғараның төрге қарай өтер жолын босатты.

— Ассалаумағалейкөм, Бұланбай ағa!— деп Кенжеғара Бұланбайдың өзіне арнайы тағы бір сәлем беріп, екі қолын бірдей ұсынды. Бұланбай да қос-қолдап амандасты.

— Көпей апа, деніңіз сау ма?— деп Кенжеғара Көпейге де екі қолын ұсынды.

Көпей қол алысып жатып, Кенжеғараның маңдайынан сүйді.

— Шешеңнің дені сау ма? Өзің үлкен жігіт болыпсың ғой!— деп көзіне жас алды.

— Қожекең қайтыс болды деп естідік. Иманы жолдас болсын...

— Тентек, аманбысың?— деп Кенжеғара Нартаймен де қол алысып амандасты.

Нартайдың мойнына аттай мініп алған Бұланбайдың Көпейден туған алты жасар ұлы Бекет те қолын ұсынды. Кенжеғара баланың қолын алып, арқаға қаға тұрып:

— Қап, мына батырға лайық түгім болмағанын қарашы деп қалталарын ақтарып, бір бәкі тауып алды.

— Мә, батыр.— Бала бас салды бәкіні.

Кенжеғараның бұлай келісі Бұланбайдың үй ішіне үлкен жұмбақтай көрініп еді. Қарағандыны басып олай-бұлай өте жүріп, Кенжеғара ешкімнің үйіне бас сұққан емес-ті. «Игілік қу жіберіп отыр-ау»,— деп ойлады Бұланбай. Солай ойлай тұрса да жас жігіттің жатсырамай жатық мінез көрсете кіргеніне көңілі риза еді.

— Көпей апасы, барыңды сал қазанға!— деді Бұланбай.

— Жоқ, асықпаңыз, Көпей апа... Мен Сейіт марқұмды жерлесіп қайтуға келдім. Кешке дейін сіздің үйде болатұрғым келеді,— деді Кенжеғара.

— Онда шай іш қарағым... Біздікі кірпіші мен қағаз шайы араласқан сүтсіз шай болады.

Көпей көп ұстала бермейтін бір шыны аяқты самауырдың ыстық суымен шайып жіберіп, тап-таза орамалмен сүртті де Кенжеғараға шай ұсынды.

— Апам сіздей шай бере алатын кісі қайда деп ылғи

ойғып отырушы еді. Шайыңыз еттен артық екен!— деді Кенжеғара.— Ол кісі сізді аузынан тастамайды.

Наргөз бен өзінің тағдырында бір ұқсастық бары есіне түсіп, Көпей тағы да көзіне жас алды. Кенжеғара шыны ыстын қайта ұсынды. Бұл жолы Көпей шай түгіл жүрегінің қаны болса да Кенжеғарадан аямастай еді.

Бір-екі шыны аяқ шайдан кейін Кенжеғара Бұланбайға қарап:

— Бұланбай аға, Сейіттің үйіне сізге еріп барғым келеді. Қайда тұратындарын да білмеймін ғой,— деді.

— Е, барайық.

Бұланбай мен Кенжеғара кеткен соң Көпей Нартайға қозін аудара қарап:

— Нартай-жан, сен Кенжеғараға қоңырая қарауды қойшы, айналайын,— деді, еркелете сөйлеп.— Бұл жолдас болсаң жолдастыққа, дос болсаң достыққа тұратын сенімді жігіт болып келе жатыр екен.

— Айналайын, алтын апам! Сенің тіліңді аламын ғой, аламын. Бірақ өзім де азырақ байқап көрейін де.

— Е, көр.

Бұланбай мен Кенжеғара келгенде Назыкешке қосылып Күнзила, тағы бір-екі әйел жоқтау айтысып отыр екен.

Арманда кеткенім-ай,
Ақ көңілім-ай,
Жан серігім-ай...—

деген Назыкеш даусы басымырақ шығады.

Назыкеш басына ақ жамылып отыр. Қазақ әйелінің қара жамылғаны осы: ақ жамылады. Тар үйде (мұның өзі де көшерде Михайло Неволя беріп кеткен үй) бір талай еркектер де бар. Оң жақ қабырғаға шымылдық құрылыпты. Бұл да қаралының белгісі. Шымылдық ішінде, әрине, өлік жатыр.

Бұланбай жылай кіріп еді, әлі жылап тоқтай алмай отыр. Аздан кейін Кенжеғара Назыкешке көңіл айтып сөйлеп кетті. Әуелі жоқтау айтқан әйел даустарын саябырлату үшін сөзін Бұланбайға арнап бастады:

— Бұланбай аға! Сейіт ағамыз бен Назыкеш апамыз құрымтай қуған боз торғайдай шырылдап келіп сіздің қанатыңыздың астына тығылғанда жауынан сіз айырып алып қалған екенсіз. Содан бері бұл екеуінің сізден басқа әкелері болмапты. Ол кезде жас едік. Кейін бәрін де естідік. Алыстан болса да сіздердің жайларыңызға құлақ түре жүретін жайым да бар. Жаным ашып дегенді мен қоспаймын, сіздер сұрамаңыздар... Тек тас бауыр емеспін дегенді қоса

кеткім келеді. Әуелі сізге, Бұланбай аға, Сейіт ағамыз бен Назикеш апамызға әке болған сізге, қадірлі аға, көңіл айтқым келеді, қайыры болсын...

Үй толы отырған-тұрған адамдардың көз жастары ағылтегіл сорғалап кетті. Содан кейін Кенжеғара Назыкешке көңіл айтты:

— Назыкеш апа!— деді Кенжеғара,— Сейіт ағамыз менің шешемнің апасынан туған, маған қарын бөле болатын. Оның үстіне, мен сіздің тағдырыңызды да жатқа білемін. Сіз — аяулы адамсыз, алтын апамызсыз. Неге жатқа білесің деп сұрамаңыз. Қазақтың оқығаны, көзі ашығы болғансын, төрелік құмартып жүрген адам емеспін мен. Елімнің жоқ-жітігіне, қазақ әйелінің кім күшті болса соның ойыншығы болып кете беретін үнсіздігіне жаным ашитын адаммын. Сіз сол қорлауға көнбей ерлік көрсеттіңіз. Қазақтың қыз баласына жөн сілтедіңіз. Аз ба, көп пе, сүйген адамыңызбен ауыр өмірде өкінбей, жарасып тұрғандарыңызды жұрт біледі. Ең таза жүрегімнен, ең арнап айтар сөздерім бар сияқты еді, аузыма түспей отыр... Көп жылай берме, алтын апа. Өлі Сейіттің аруағына да ерлігіңді көрсет...

Сөзін аяқтай келе Кенжеғараның өзі де босап кеткен екен, орамалын алып көзін сүртті.

Өмірде барлық ойын-күлкі көңіліңді көтере бермейді. Күле отырып жылағың келетін кездер де болады. Кейде адамның ең ауыр қайғы-мұңы осындай күлуден де өршіп кетеді. Біреу сол арзан ойын-күлкіге риза көңілмен рақаттанып күледі. Сен оның жалған мен арзанға рақаттанып отырғанына күлесің. Осы кезде жылағың келеді.

Жылаудың да толып жатқан сыры бар. Кейде өтірік, кейде шын болатыны өз алдына, кейде көз жасы жүрегіңе шер-шемен болып қатып қалған қайғы-мұңды жуып әкеткендей женілденіп те кетесің. Бүгін Сейіттің үйінде аққан көз жастарының бәрі де осындай жасытпайтын, жадырататын көз жасы еді.

Кенжеғарамен бірге үйіне қайтып келе жатып:

— Айналайын-ай, сөзіңе риза болдым ғой. Ақ көңіл екенсің,— деді Бұланбай.

— Менің барым осы, Бұланбай аға,— деп Кенжеғара азғана кідірді де:

— Бұланбай аға, Сейіт ағамыз бен Назыкеш апамыздың еншілері кімде кетпеген... Соның бір сілекейін ала келіп едім. Қалай, кімге тапсырарымды біле алмай тұрмын,— деді.

— Сенің мойныңда бұлардың еншісі болмаса керек еді ғой?

— Ол жағын сұрастырмай-ақ қойсаңыз екен, Бұланбай ата. Әкеліп тұрған — мен, ақылдасып тұрғаным — сіз.

— Тоқталдым, шырағым. Сейіттің үйі жетісіп тұрған жоқ, жетімсіреп қалды. Мал болса әкел де пышаққа тап. Өзгенді өзің білесің.

— Бір-екі сойыстық... қымыз... шай-қант қой... Осы Итжонның арғы етегінде, жақында... әкеле жатқан адамдар бар. Нартай менің атыма мініп барып ертіп әкелмес пе екен?

— Әкеледі ғой... Нартай бері келші!

— Сен мына атқа міне салып, осы жонның арғы бетінде бір-екі арбалы адамдар келе жатыр екен, ертіп әкеле қойшы.

Нартай баланы әкесіне беріп атқа мініп алған соң алты жасар Бекет атқа мен де мінемін деп ұмтыла бастады. Нартай інісін алдына мінгізіп алды.

— Но!..— деді бала.

Түске тармаса өлікті үйден шығаруға әзірлеп жатқанда үй маңайында қаптап отырған жұмыскерлерге Акула келіп Ол манада бір келіп, асықтырып кеткен. Оның қазалы үйге көңіл білдіргені — алғаш келгенде айғайламағаны екен, бұл жолы күндегі әдетіне басып:

— Айда, шахтаға түсіңдер. Өлікті көмуге бір-екі адам жетеді. Өзгелерің шахтыға түсіңдер! Тұрыңдар!— деді.

Бұланбай мен Кенжеғара да осы арада еді. Бұланбай ескі дәстүрін құрметтеудің орнына қорлап тұрғандыққа шыдамстанып, бір-екі ауыз орысшалап қалып еді, Кенжеғара оған— Бұлеке, не айтқыңыз келгенін маған айтсаңыз, мен жеткізер едім,— деді.

— Не айтушы едім мен бұл итке! Қорламасын өлікті! Өлген адам мәңгі кездеспеске кетіп барады. Мына жұрт бір күн қоштасып қалғылары келеді. Бір күн құрмет көрсетіп қалғылары келеді. Мал емес, адам. Жолдасымыз! Жақсы адам, жақсы жолдасымыз!— деп әрең тоқтады.

Кенжеғара ойланып қараса, Бұланбайдың сөзіне енді бір ауыз сөз қосудың керегі жоқ екен. Сондықтан ол осы сөзді орыс тіліне жатық аударып шықты да тоқтады. Жұмыскерлер Кенжеғараға гуілдесіп алғыс айта бастады.

— Күнде бір кісі өледі. Соның бәріне бір күннен кете берсе, жыл бойында неше күн өлетінін білемісіңдер? Жоқ, мен сендермен мылжыңдасуға келгенім жоқ. Тұрыңдар, жөнеліңдер шахтаға!

— Бүгін біз шахтаға түсе алмаймыз!— деді Бұланбай.

— Түсе алмайсыңдар ғой?— Акула сақылдап мазақтай

[illegible] Сикорскийдің өзі келсе ғой, қойдай үркіп жөнеле[illegible]

Бұлар қой емес!— деді Кенжеғара да қызына бас[illegible]

Енді кім екен?

— Адам.

— Адам болғандарына болайын да!.. Ну и люди!— деді Акула бұрылып жөнеле беріп.

— Сіз не деп барасыз?!— Кенжеғара орнынан тұра берді, Акула жауап қайырмай кетіп қалды.

Қазақ елінде ұялмай өлік тонаушылардың аты — молда болады. Әкең өле ме, шешең өле ме, балаң өле ме, молдаға бәрібір, тонап алмай көріне түсірмейді. «Өленді жерде өгіз семіреді, өлікті жерде молда семіреді». Молда ғана емес, молдалар көбейіп кетсе қайтерміз? Онда өлім де көбейгені, тонаушылар да көбейгені... Акула жаңа ғана айтты емес пе? Күнде бір кісі өледі демеді ме? Өлгеннің орны немен толады? Туғанмен толады да. Туған балалардың үштен екісі өліп жатса ше? Бұған да жауап таба алмайсың. Молдалар жаңа туған баланы да ат қойған болып бір тонап алмай дүние есігін эшпайды.

Күренгөз кожа қайтыс болғалы Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді маңайында молдалар қабындап кетті. Бұрын да аз болмайтын, қазір тіпті көп. Сол тонаушылар да Сейіт бейшараны түгел тонап бола алмай, жерлеуін бөгеп жатыр. Көпей біресе үйге кіріп, біресе Бұланбайға келіп, саусақтарымен неше молда келгенін, неше молдаға жұмыскерлерден жиналған тиын-тебеннің жетпей қалғанын көрсетіп кетеді. Бұланбай қолын қалтасына бір салады да арт жағына қарай созады. Көпей оның арт жағына созылған қолынан тағы біраз тиын-сынын алып кетеді. Оны түсініп отырған Кенжеғара сол пәлелерден бір-ақ құтылатын ақшаны суырып бергісі келді де өзін өзі ұстап қалды. «Ол арамтамақтарға бергенше жесір қалған әйелге беріп кеткенім дұрыс қой!»

Өлікті үйден енді шығарғалы жатқанда, парлап жеккен екі қара-көкпен құйындатып келе жатқан Сикорский көрінді. Акула оған «забастовка» деп барған. Ол келген бетінде Акуланың сөзін қайталады. Жалғыз қосқаны — міне, қар қылаулап тұр. Қыс келіп қалды. Бір күнді бос өткізе алмаймын. Қазір түсіндер шахтаға!.. Қазір!..

Кенжеғара арбаға жақындап келіп, Бұланбайдың мағынағы айтқанын қайталады. Сикорский көнер емес. Үйден өлікті алып шығып келеді екен.

— Сикорский мырза, аттарыңызды шегіндіріп, өлікке

жол беріңізші,— деді Кенжеғара. Даусында бір қатқыл бар еді, Сикорский амалсыз аттарын шегіндірді.

Бұдан екі жеті ғана бұрын Карно, фон-Штейндермен бірге Кенжеғараның үйінде қонақ болған Сикорский оны-мен салғыласа алмады. «Осы ку жігіт солармен онай тіл табысып кетті ғой. Карно сол үйден жүріп кеткен соң жол бойы мақтап, мен оған үлкен сыйлық жіберемін деп келе жатты. Фон-Штейн қайтар жолында мұның үйіне тағы да бір қонып, Игілікпен де кездесіп аттаныпты. Әкесінің өлі-мінше төлеу алудан да бас тартып қалды. Бұл ойландыратын жігіт... Некрасов бармаңыз деп еді, сонікі дұрыс екен де...»

Жұмыскерлер, үш-төрт адам көтеріп шыққан өліктің соңынан жөнеле берді. Сикорскийге:

— Мен сізге бүгін кіріп шығармын,— деді де Кенжеғара да солардың соңынан кетіп қалды. Бұланбай оған қарайлап қалған екен, екеуі бірге кетіп барады.

— Көрдіңдер ме, мыналардың мені қалай ақымақ қылғанын? Жоқ, мұның есесі қайтатын болар!— деді де Сикорский көшіріне контор жақты нұсқады. Аттары құйындатып, сыпайы жортып бара жатыр.

Сейітті жерлесіп қайтып келе жатып, Кенжеғара Бұланбайға:

— Мен Сикорскийге жолығып қайтайын. Кешігіп қалсам дастарқан мені күтпей-ақ қойсын. Бастай беріңіз. Мен Назыкеш апайға соқпай кетпеймін,— деді.

— Жарайды. Біз де бүгін сол үйде боламыз.

Сикорский Қарағандының басқарушысы көмір инженері Некрасовтың кабинетінде отыр еді.— А, жұмыскер табы-нның ұлы адвокаты!— деп қарсы алды Кенжеғараны.

— Оныма мен арланбаймын, Сикорский мырза. Өрем жетсе, жалғыз жұмысшылар емес, барлық елімнің адвокаты болғым келеді. Орыс халқында аз ба сондай адамдар? Шығыз адвокаттар да бар, ғалымдар да бар, ақын-жазушылар да бар... Ауру көбейсе, дәрігер де көбею керек емес пе?

Сикорский мұндай өрісті әңгімеге жоқ адам. Өз мұңдарын айта бастады:

— Кешіріңіз, Кенжеғара Бериккарин мырза!.. Бәріміздікі де сол Ресей империясының қамы ғой. Мен мана неге шапқылап жүрді дейсіз, бәрі сол үшін...

— Ол келісіңіз жұмыскерлеріңізге ұнаған жоқ. Мен сол жайды айта кетейін деп келдім. Бүгін өздері де өлім үстінде ренжіп отырған адамдарды ренжітпесеңіз де болатын еді ғой. Бүгін бір күн өлетін болса, оны демалыс күні өтемес пе еді?

Демалыс күні? Қай жағы демалыс күні?

Жетісінде бір күн демалыс беріледі деп сіз өзіңіз бұйрық бермедіңіз бе?

— Мен беріппін бе?

— Сіз. Қайтар жолында біздің үйге тағы бір түнеп аттанған фон-Штейн мырзаның өзі айтты. Ол кісінің айтқанына қарағанда ол бұйрықты Қарағанды басқарушысы да алған болу керек,— деп, бас изескені болмаса, сөзге қатынаспай бей-жай тұрған Некрасовқа қарады.

— Алғамыз,— деді Некрасов.

Кенжеғарамен таныстығы жоқ Некрасов бей-жай көрінгенімен, орысша әрі жатық, әрі дәлелді сөйлеп кеткен жас жігітке көңіл аудара отырған екен. Енді ол да сөзге араласқысы келетін ынғай көрсете айтты.— Алғамыз, бүгін жеті күн...

— Ол бұйрық әлі бекіген жоқ қой! Рязанов мырзаның бекітуі керек емес пе!

— Менің ойымша фон-Штейн мырзаның қол қойған бұйрығын Рязановқа бекіттіріп аламын десеңіз, ол кісі қатты жәбірленуі мүмкін. Фон-Штейннің жәбірленуі кімге болса да арзанға түспейді-ау деймін...— деді Некрасов.

— Адвокат екеу... мен жалғыз... жеңілдім,— деді Сикорский.

— Бұл арада жеңдім-жеңілдім деуге орын жоқ, Сикорский мырза. Өзіңіз берген бұйрығыңызды өзіңіз бұзбауға бар. Енді мен соңғы өтінішімді айтайын. Ол енді өзі келіп айта алмаска кеткен жанның жетім-жесір қалған үйішінің арызы. Жұмыста жүріп қайтыс болған адамның үйішіне заң бойынша берілетін төлеу бар екен ғой. Сонысын кешіктірмей берсеңіздер екен.... Жас баласы бар жалғыз әйел, өзі жұмыска да түсе алмайтын жайы бар көрінеді.

— Беріледі,— деді Некрасов.— Жарым-жартылап, өлген жұмыскердің ай сайын алып келген жалақысының мөлшерінде бөліп-бөліп беретін боламыз.

— Мұныңыз әділет деп білемін. Менің басқа айтарым жоқ. Рақмет!— деп, қоштасты да Кенжеғара шығып кетті.

Өз әкесінің өліміне төлеу алудан бас тартқан жігіттің мына мінезі Сикорскийге оқыс мінез көрінді. «Гимназистердің ішінен қара темекіге зар болып жүріп періштедей таза боламын дейтіндерінің заманы өтіп кеткелі қашан. Далада малымен бірге малша жайылып жүрген киргиз баласы — киргизин сын, күні өткенге еліктеп жүрсе мен оған таңданбаймын! Тек ана бір «басы бұзық» ділмарларына еліктеуден құдайы сақтасын. Бірақ, бұ да ділма-ар..

Осыңның өзі де әлде қайда басы ауып бара жатқан адам болмасын! Тек, маған осы жағынмен келіп соқтыққайсың! Ол енді Сикорскийдің алдырмайтын жағы. Обалы өзіне болар...

Кенжеғара қайта келгенде Сейіттің үйінің есік алдында адам көп еді. Бәрі де бөтенсімей сөйлесіп, бір ауыз сөзбен болса да жақын тарта сөйлесіп, үйге кіріп дәм ауыз тиюге шақырды. Қымыз ішіп отыр еді, аяқтарын жерге қойып сөйлесті.

Төр басында Сүгірәлі, Алшағыр сияқты аға жұмыскерлер отыр. Бұланбай Назыкешке жақынырақ отырыпты. Бұланбай тағы да ысырыла түсіп, Сүгірәлімен арадан Кенжеғараға орын көрсетті.— Жоғары кел, Кенжеғара шырағым.— Жұмыскерлердің алдында қымыз, дастарқанда жылы бауырсақ, сиреғірек жатқан қант. Назыкеш әлі егіліп отыр.

Назыкеш жоқтау айта білмейтін еді. Естімеген, білмеген процессі. Сондықтан ол әлі көп жылайды. Қайғы-зарын көз жасымен ғана жуады. Жоқтау білген әйел қайғы-зарын қайталап-қайталап айта берген сайын кеудесі зардан жеңілдене береді. Зар дегеніміз де бір зәр ғой. Зәр дегеніміз у болады. Сол зәр шайыла бермек. Жоқтау әндетіп айтылады. Зар мен зәрдің, әсіресе зәр уының әлсірей беруіне ән де себепкер. Реквием — көркем өнер! «Өленмен жер астына түсер денең» деген де сол болады.

Кенжеғара елдің дәстүрі бойынша тағы да көңіл айтты:

— Назыкеш апа, аз ба, көп пе, бір дәуір өмір сүрген екеуіңіз сүйікті жолдасыңызбен. Екінің бірінде бола бермейтін бақыт қой ол. Бірге туысқаннан да жақын, нағыз жан әлпет дос-жар жұмыскер қауымы бар екен. Бұл да сізге бақыт қой. Көп жылай берменіз... Жалғыз қалып бара жатқан жоқ екеуіңіз...

— Төрелермен жолыға алдың ба?— деп сұрады Бұланбай.

— Жолықтым... Сіздерге бұдан былай жетісіне бір күн демалыс беріледі. Бүгінгі күнді алдағы демалыстарыңызда өтеп жіберерсіздер.

— Демалыс берілетін болды ма, әйтеуір? Е, көп жаса шырағым.— деді Сүгірәлі.

— Жоқ, жоқ, ата. Мен алып берген екен деп қалмаңыз. Оларі береміз дегенін бергісі келмей отыр екен. Мен соған ғана араластым. Некрасов деген бастықтарыңыз адал адам көрінеді. Ол кісіні ренжітпегендеріңіз дұрыс болар еді.

— Танығаң екеуің ғой!

— Сол шығар, бізге демалыс бергізіп жүрген.

— Ол да көп жасасын!

— Ертең ол осы үйге кіріп те шығар. Мән-жайды айтарсыздар...

Өлікке көрсетілер құрмет кеші аяқталғаннан кейін Бұланбай Кенжегараны шақырып үйіне алып келді. Көпей лақ сойып асыпты.

— Же, айналайын, же... Таңертеңгі қара шаймен күн бойы аш жүрдің ғой. Өлік шыққан үйде тамағыннан ас өте ме... Сенің келгенің мына жүртты бір көтеріп тастады. Таң қалмаған бір жан жоқ. Бәрі де барып алдына тосып, конақ еткісі келеді. Жей түсші, айналайын.

— Е, тағы да келермін, Көпей апа... Сіздің үйге арнап келетін жолым да бар екен.

— Келіп жүр, шырағым. Сен бізге керек адам екенсің,— деді Бұланбай.— Көпей Кенжеғараға бірдеме айтпақ еді. Бұланбай үлкен сөзді бастап кеткен соң тоқталып қалды.

— Біз, бір кісі емес бәріміз, күнде ұпайымыз кетіп жатқан көміршілерміз,— деп бастады Бұланбай.— Басқа барар жеріміз жоқ. Қартайып та келеміз. Бәріміздің де кеудеміз сырылдайды, біріміздікі шықылдайды. Орыс жұмыскерлері түгел кетіп, жалғызсырап қалған жайымыз да бар. Осында «аята!» деген орысша жалғыз ауыз сөз білсем де, кеуделеп бірдеме айтатын да жалғыз мен ғана. Шала оқып қалған мына Нартайлар әлі жас. Бізге ұсап дауласа беруге именеді. Әлі оқимыз ба деп те үміттенеді. Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді, бәрі де бөтен елге сатылады деп естідім. Ол кезде күніміз бұдан да ауыр болады білем. Осы күні қалай етерімізді, қайта кетерімізді білмей, аңырып отырған кезіміз. Жақын арада ғана Игіліктін үйіне келіп кеткен Ушаковтан Қарағанды жат қолына кетеді дегенді Кенжеғара да естіген. Карно мен фон-Штейннің жүрістерін жорамалдағанда өзі де солай болар-ау деп шүбәланып жүр еді.

— Жаманат өтірік болмайды деген бар ғой. Әзірше төңіректеп жүр. Түбінде сол шет ел әкетеді. Амалымыз қайсы, көреміз де бірге. Бұланбайдың күткені Кенжеғараның «бірге көреміз де» деген сөзі болғандай, одан әрі үндеген жоқ. Әлгінде оқтала түсіп айта алмағанына Көпей шай үстінде оралды:

— Қарағым, Кенжеғара, сен менің кіндік балам екеніңді білемісің?— деді.

— Білемін. Апам бүгін де құлағыма құйып жіберді.

— Білсең, мен — сенің кіндік шешеңмін. Сен — менің кіндік баламсың. Бала көтермеген кезім еді, әуелі мен еміздім деп айта алмаймын. Жерден көтеріп алып, жуын-

ырып жатқанда, дыбысың шықпаған соң, құйрығына ша-
лақтап жібергенмін... Бүгін ол да есіме түсіп отыр.

— Ол менің есімде жоқ, апа,— деп Кенжеғара жымиды
ы,— мана келген бетімде шеше деп амандасуға бата ал-
мадым. Әлі де орайын таба алмай отыр едім. Бұдан бы-
ай мен сіздің атыңызды атамай, апа, апам, дермін. Бүле-
ге, екі шешелі болып қалғанымды көрдіңіз бе?

— Е, баласы шешелеріне, шешелері баласына мейірімді
болсын! Көпей бір тойдың реті саған келіп қалды, аянба!—
еді Бұланбай.

— Әзірмін, Бүлекесі, әзірмін.

Кенжеғара өзін нұсқап — мына кісі сіздің ағаңыз бола-
ы!— деді Нартайға.- Енді төпеп болып қарашы, не көр-
ер екенсің!— деп желкесінен нұқып қалды.

— Қойдым, аға, қойдым. Бүгін желкем қышынып жүр
еді. Ағасының жұдырығын сағынып жүр екен ғой!..— Нар-
ай ақжарқын, адал күлді.

— Сол керек саған.

— Көпей апа, а, жаңылып барады екемін ғой, кіндік
шешем, апам сізді қонаққа шақыра кел! Келе алмаймын де-
ешіне қойма деп еді. Қашан жарайды дегеніңізше осы үй-
ен кетпеймін,— деді Кенжеғара еркелей сөйлеп.

— Наргөз шақырса бармаймын деп несіне бәлденейін.
Келемін, айналайын. Мына Сейіттің жетісі өтсін, содан ке-
ін болар.

— Онда мен сол кезде Бүлекең екеуіңізді өзім келіп
ып кетермін.

— Жарайды. Бүлекең бара ала ма, жоқ па, өзі біледі.

— Ай, мен босай алмаспын,— деді Бұланбай.— Мен
ектем жігіттер жоқ жерден жаяу бастықтармен ілегісіп
алады.

— Оған енді амал жоқ шығар.

— Наргөзге сәлем айт, құлыным: енді менің шешем
еу болды деп бар. Қызғанып жүрмесін. Сейіттің жаназа-
ына сені жібергені білімділігі болмай не болсын! Жібер-
ен азық-түлігі, екі ту бие сойыстық жібергені Қарағанды-
ың есінен кете қоймас. Қарағанды саған түгел ақ батасын
беріп қалды. Бері келші, бетіңнен сүйейін.— Көпейдің кеу-
есінен Кенжеғараның мұрнына аумаған өз шешесінің иісі
келді.

Кенжеғара үйіне кеуде толы қуанышпен қайтты. Жабай,
Шөргай, Әлішер үшеуі шақырым жерге шығарып салды.
Бұлар да достық көңілдерін білдіріп жақындасып қалғыла-
ры келген екен. Кенжеғара атынан түсіп қоштасқан жерге
дейін жаяу келді.

— Бұл кісі бізге ағай болады,— деді Нартай жолдастарына.— Үйленейін деп жүр едім. Енді бұл кісі маржаланғанша мен қалай маржаланам? Кейде ағаларының осындай қырсығы тиетіні де болады екен...

— Сен оған қарама, өз обалы өзіне!— дейді Әлішер.— Кейде ағаларының іші күйіп өкініп жүргенін көру де қызық емес пе?

— Жоқ, Нартай, аға табылғанына өкінбей-ақ қой. Бердім жолымды. Маржалана бер. Шешемізге қол-қабысы тиер, қайнағасына сәлем етіп тұратын болар... Маған сонысы да жетеді.

— Нартай сәлем етіп тұратын қатынды алмайтын шығар!— дейді Нартай.

— Нартай, біз үйленбесек болмас,— дейді Әлішер.— Өйтпесек кейбір ағайларға ұсап ата болғанша үйленбей қалармыз...

— Әй, оттап, былшылдап, мазақтап келе жатқандарың көрі бойдақ мен ғой!? Екеуіңді екі жерге домалатайын бәрің осы!— деп Жабай кіжінген болды.

— Аға көбейген сайын күніміз не болып барады?— деп Әлішер күледі.

— Жоқ, жоқ, Жабай аға, сіз бойдақтыққа біржола үйренішкен адамсыз ғой!— деп Нартай да қарқылдайды. Жабай —«Ой, иттер-ой!» деді де қойды. Ашуланған да, жәбірленген де жоқ.

Кенжеғара күн бойы байқағандарын барлап қарасақ, жұмыскерлер деген бір жаңа жұрт екен. Жастары қандай жақсы өсіп келеді. Білектері темірдей, әзіл-қалжыңдары жарасымды да жеңіл, жайдары мінезді жігіттер. Кенжеғара осыған қуанышты қайтты. Ол ылғи жалғызсырап жүретін, тойда жүріп те жалғызсырайтын жігіт еді. Жігіттермен қоштасып, Қарағандыдан ұзаған сайын әдеттегі жалғызсырауына көшті. Жалғызсырау деген ауыр күйзеліс қой емі табылмаса, арылмайтын дерт.

Аты-жөні жоқ бір күйзеліс оған семинарияның соңғы кластарында жұқты. Жаз елге келгенде шешесінен басқа жан таба алмай жатсырап жүретінді шығарды. Таспиығын тартып қожа отырады. Ол оған тіпті жат адам. Игілік ауылының жастары біріне-бірі көздерін қысып, бұған күле қарайды. Ол ауыл бұған түгел жат. Оқи алмай шығарылып қалған бай балалары ауылда төре сияқты пан жүреді. Кенжеғара бір бұралқы. Шақыра қалса Игіліктің үйіне амалсыз барады, асығып қайтады.

Семинарияны бітіргеннен кейін, мен осы кім боламын деген ой орала бсріп еді, сол ойы әлі тебіндеген жоқ. Семи

нарияны бітірді, кім болды? Игіліктің «анда барып кел, мында барып кел» болды. Семинариядан әрі оқуға жіберметін де сол кісі. Ол менің әкем. Онымен шешемнің арасы ешқашан бірінде бола беретін жай емес. Мен екеуін де кінәлай алмаймын. Шешемнің еріксіз тиген ері өлген соң тағы еріксіз қожаға қосқан да — сол кісі. Онысында өз есебі ескерілмеген құмәнсіз. Менің шешем көрікті де ақылды адам. Ісі, сөзі жар сүюге лайықты жан. Сондай жар сүйіп көрмеген соң, Игіліктің тұзағына оңай түскен. Мен шешемді кейде іштеніп түссе де кінәлай алмас едім. Ол өмірде үлкен қателіктер жасағаны, қайтпас еншісі кеткен сорлы.

Мен әкеңмін дейтін қожаға да ішім жылынған емес. Ол күні шын әкем Игілікке де суынып барады. Мені оның қолдылығы шырғалап жібермей жүр. Қаламен біржола қоштастым. Далада үйірін таба алмай жүрген жалғызбын...

Мен Гамлет те емеспін. Менің орнымда Гамлет те Гамлет бола алмас еді. «Ия өмір, ия өлім!» дей алмас еді. Мен өлімде, өз жерімде басы артық, керегі жоқ жандаймын. Ешбір қауымға жанаса алмай келемін. Ауылнайға хатшы болсам, ең қадірлі адамдардың бірі болар едім. Кейде күлкім келеді, кейде жылағым келеді.

Қазақ даласында мен білетін екі-ақ өнерге бар: Шоқан мен Абай. Олар елді билей отырып оқуға, өнерге тартқысы келген сияқты. Аяғы немен тынды? Шоқанды бір қара күш жұлқатты. Абай таяқ жеп құтылды. Бұл жолмен де біреулерді бұғаулап, біреулерді бұғауынан босатуға болар еді. Бірақ, Шоқан, Абай сияқты дана адамдарына көрсеткені осылау болса, бұл дала мені қаңбақтай көрсін бе!

Мен мына жұмыскерлер қауымында да сиыса алмайтын шығармын. Десятник болып па, қара жұмыскер болып па? Онда не бітірер едім? Бүгін мені осыларға бір пайда тигізе алсам-ау деген ой билеп келеді. Оның жолын да, жөнін осығын да білмеймін. Бүкіл еліме де пайдалы адам болғым келеді. Ол бір мен шыға алмайтын асқардай көрінеді...

Дегенмен, бүгін бір тескіндік көргендей қуанып қайттым. Біріне бірі жау емес, біріне бірі күрегімен де, білегімен де қолқабыс тигізіп отырған ашық жүзді, ақкөңіл қарапайым қауым көрдім. Жастары қандай, жақсы өсіп келеді. Даланың үйіндісі мен шіріндісі емес, өз беттерімен ұжымдық бірлестігін тапқан жұрт сияқты. Бұларға да көп нәрсе үйрене қойған жоқ әлі. Үйреткім келеді, үйретермін бәлкім.

Астындағы аты үйреншікті қақпасына келіп тұра қалды.

Наргөз басына қара жамылған жоқ еді. Бұл үйде адам өлгенінің ешбір белгісі де жоқ. Қожекеңнің бар кінәсін, тө-

сек орнын, жайнамаз, тасбықтарына дейін қарып-қасыр шала молда, шалдуар пірадарларға таратып жіберген.

Қожекең тірі кезінде шешесі баласынан ұялатындай, ба ласы шешесіне өкпелі адамдай қысқа-қысқа сөйлесетін. Шеше көзінде бей-жайлық, бала қабағында бір түйілі жүруші еді. Кенжеғара ес білгелі шешесінің қожекеңе тур қаран сөйлескенін көрген емес. Қожекең бірдеме сұра қалса, оған бетін бұрмастан жауап қайтарады да өз жұмы сымен бола береді. Кенжеғара да әкесі деп саналатын адамның бетіне он жылдан бері бір қараған емес. Оны бет-пернесі қандай екенін ұмытып та қалды. Тек мыжыра йып шөккен шалдың сырт бейнесін біледі. Бұл да бір тағдырдың қисынсызды қиыстырып қойған ойыншығы ғой Шеше мен бала арасындағы бір дәнекер сол әке деп атала тын адамға екеуінің де тура қарамай қойғандарында ғана Жатсырасып кеткелі он жылдай болған үш адам тағдыр қосағынан құтыла алмай, бірге тұрып келді. Әдетте, тірші лік бірлестігі тағдыр үндестігінде болса, бұларды бірге қо сақтап қойған араз тағдыр.

Өз үйінде өзі жат адам екенін қожекең де білетін. Не ркеленген әйелдің енді тырп ете алмасын да білді. Кейде бұ маған асыратып қойған Игіліктің қатыны ғой деп те ойлай тын. Жай осылай болған соң, кім шақырса да, неге шақыр са да кете беретін еді, ақыры қаза тапты. Шеше мен бала ның қабағы ашылды.

Кенжеғара үйіне кіре бере шешесіне ризалығын айтып көңілі көтеріліп келгенін білдіре сөйледі. Жаңа туысқандар тапқандай қуанышты екен.

— Ақ жарқын, ақ көңіл, ашық жүзді еркектер Қараған дыға жиналған екен,— деді.

— Қарағым-ау, Бұланбай мен Сүгірәлі біреуі Игілікке біреуі Жұманға бас имей кеткен ер жігіттер емес пе Байлардың жалшылығынан қашқан еті тірі жігіттер со лардың маңайына жиналып жүр дейтін.

— Солай екен, апа! Мені бүгін Сейітті жерлесуге жібер генің қандай жақсы болды. Өтірік-өсегі жоқ, бауырмал жұрт көріп қайттым.

— Сен біле бермейсің ғой, Сейіттің шешесі менің бі туған апам болатын. Енді өзімізге өзіміз келгендей болға соң, сен де алыс-жақынынды біле жүрсін дегенім ғой.

— Көпей апай қандай аяулы адам еді! Туған шеше сең болмасаң, сол кісіге бала болып кетер ме едім, әлд қайтер едім.

— Көпейден сені қызғанбайын, құлыным. Ер жігітті ел

дегі шешелердің бәрі де балам деп жүрсе, ол теріс болмайды.

— Мен сені кімге айырбастайды дейсің, апа! Сендей шешесі бар бала құдайына риза болатын шығар.

Кенжеғара әлі отырған жоқ еді, шешесі тұра келіп баласын құшақтап сүйе бастады. Баласы да шеше құшағына кіре берді. Көз жастары бұлақтай ағылып кеткен шеше баласын кеудесіне басып егіле жылап кетті. Құдайға қолын гөр дей ме, баласына кешіре гөр дей ме, оны тек өзінің еріндері ғана біледі. Бала мен шеше арасындағы бір сөзде айтылмай қалмас, айтылса дақ қалдырмай қоймас бір түйіншек сол көз жасымен жуылды да кетті. Өшірілді бір жола.

— Енді бір отырайықшы,— деп Наргөз өзінің әдеттегі орнына барып отырды.

Кенжеғара қасына келіп, шешесінің тізесіне басын салып жантая кетті. Он жасынан бері шешесіне еркелеп, басын оның тізесіне салғаны осы болар. Ұйқым келді деп жатып қалған Гүлбәден де көрпесін иығына жамылған бойы ағасының кеудесіне асыла қисая беріп, ағасын сағынып қалғанын арқасымен білдірді де тыныштанып ұйықтап кетті.

— Көпейді шақырдың ба? Келетін болды ма?

— Келеді. Сейіттің жетісінен кейін өзім барып алып келемін.

— Сенің қарның ашқан шығар-ау, құлыным? Таң атқалы не жедім дейсің.

— Жоқ, апа, кіндік шешем лақ сойып әбден сыйлап жіберді.

— Ойбо-ой, Көпей-ай!..

— Алтын адам екен. Бұланбай да бір туа салған еркек екен де!

— Айттым ғой әлгінде. Ер десең ер, сері десең сері еді ғой.

Наргөз баласына төсек салып жүргенде тап осы кезде, тап осы жерде тасбиығын сыртылдатып намаз оқып отыратын қожекең көз алдына елестеп кетті. Аз-ақ айғайламай қалды. Кенежеғараға бұрылып:

— Осы үйден қашан құтылар екенбіз? Осы үйде тұрғым келмейді,— деді.

— Қар қалай кетсе, солай үй салғызармын деген ой ойыма де келіп жүр. Көктеректегі орыстар үйді керемет салады екен.

— Басқа жерден салғыз. Тіпті осы маңайда тұрғым келмейді.

Шешесінің бұл маңайдан неге безетінін Кенжеғараға түсіндірді, әрине. Қайдағы жалған сопы сандырақбайлар қожекешінің маңайына жиналаберіпті. Кенжеғара өзі де сол арамтамақтардан құтылуға асық еді.

— Қай жерді қаласаң, сол жерге салғызамын,— деді шешесіне.

Наргөз Гүлбәденді көтеріп алып, екеуі жататын бөлмеге кете беріп қайта оралды:

— Ұмытып бара жатыр екемін, Игілік сені шақыртып кісі жіберген екен. Ертең барып қайтасың ба, қайтесің...— деді бейжайлау ғана.

4

Бұл кезде өзінің Байжекең болып болғанына біржола сеніп те болған Байжекең қайда барса да, қандай бай үйге тоқтаса да өз атын өзі байламайтын болған. Сол әдетімен аяң жорғасы бар күреңтөбел атты ырғалаңдатып келіп Игіліктің кең ауласына кіре бергенде-ақ қарсы ұмтылған опырық Омарға шылбырын серпе тастады да үйге беттеді. Омардың сәлем бергеніне ерні де қыбыр еткен жоқ. Баягы Жабай жараланған түннен бері Омарды жек көруші еді, сол зұлымдықты әлі күнге кешире алмай келе жатыр.

— Осы күні Омбы, Қызылжар жағына он күнде бір барып қайтпасам үйге сия алмаймын,— дейтін Байжекең бұл жолы Қараөткелден ғана оралған екен. Игілікпен шалабұла амандасқаннан кейін Қараөткел хабарларына көшті.

— Ойпырым-ай, Қараөткелде бір қатын көрдім!— деді Байжекең.

— Қараөткелде бір-ақ қатын қалып па?

— Қатын болғанда қандай! Ойпырым-айдың өзі! Көзінай көпірдің, көзін айтам-ау мөлдіреп тұрған! Балқаштың көлі ме дерсің. Кірпіктері қандай! Ұшы азырақ қайқайып, сарғайып келген күзгі құрақтай қоп-қою. Саусақтары сүйріктей... Сұлу қатынның да ақылдысы бола береді екен ғой, маған «отес Байджан» деп сөйлесті.

— Нә, не сөйлестіңдер?

— Мені құшақтардай болып арқаға қағып: Ақбұйрат пен Нілдінің арасында бос жатқан даланы маған сат деп жабыспасы бар ма!.. Саған өтірік, маған шын, аз-ақ, ойбай ала бер, бәрін де ал деп қалмадым.

— Сонда айтқаның не болды?

— Тәнірі деген мен не айтушы едім... Игіліктен сұрасаң жай-ақ бере салады дедім.

— Ол кім екен өзі?

— Рязан тұқымының бірдемесі. Аты бірдеме Александр, бірдеме матушка, бірде сударина, бірдеме баярина... Менің ұстап қалғаным Александр Александровна... Тегінде дұрысы осы болар.

— Осы жаққа келетін сыңайы бар ма өзінің?

— Жоқ, келмейді. Келемін деп шыққан екен. Жолды ауырсынып Қараөткелден кейін қайтпақшы. «Назат! Осы жаққа кеткен жолдастарым бар еді, соларды күтемін»,— деді. Шіркін, жер берсең, жер беруге тұратын қатын сол екен!

— Осының бәрін орысша сөйлестің бе, Байжеке?

— Е, орысша сөйлеспегенде орыстың қатыны сенің қазақшаңды қайдан білсін!

Байжекең тағы бір сала шалқымаға түсіп кете бергенде қазақша сәлем беріп Ушаков келіп кірді. Үйдегілер онымен тұра келіп амандасты. Игілік бір қолын ұсынды, Байжекең — екі қолын.

— Апыр-ау, Никон Ибраһим! Астапыр-алдау, аспаннан түстің бе? Тіпті атыңды ұмытып бара жатыр едік қой!— Байжекең айтар-айтпастың бәрін бір-ақ қопара салды. Оның адал көңілін білетін Ушаков не айтты екен деп ойлаған да жоқ.

Сақал-шашы бұрылданып келе жатса да әлі айбарын бермеген, қайта гүжделе түскен, қимыл-қозғалыстарында кінәрат жоқ, іскер адам, бір сүрініп, бір тұрып жүрсе де Ушаков мойымаған да, қажымаған. Әлі сол баяғы іскерлік қалпымен, екпінімен келіпті. Амандықтан кейін өзінің ығыл-таяндығын ескерте сөйлеп кетті.

— Үйде болмай қаласыз ба деп хауіптеніп те келіп едім. Мен аз күнде көшетін, бұл арадан біржола кететін адаммын. Әуелі қоштасқалы келдім. Екінші, Қарағанды өндірістері жат қолына кеткелі тұрғанын білген боларсыз?

— Білдім дей алмаймын, сезіктенуім жоқ емес. Пон-Штейн деген бір жылман осы үйге қонып аттанды.

— Білемін!— деді Ушаков.— Суық мұздай көкшіл көзін Игіліктің көзіне қанша қадаса да, түбін көрсетпейтін тұңғиық қоңыр көз не сыры барын аңдатпады. Осылар фон-Штейнмен жақындасып қалмады ма екен, не сөйлесе алды екен? Бұл жұмбақ шешілмей қала баратын сияқты.

— Ресей заңы бойынша тау-кен қорықтары шет елдің адамдарына сатылмайды дейтін едіңіз ғой?— деп сұрады Игілік.

— Заң!.. Бар ондай заң! Ресейде заң аз болып жүрген жоқ. Ақша аз болып жүр! Ақша!

— Патша шығарған заң бұзылмайды дейтіні қайда?

Үлгімен патшаның өзі бұзып отыр. Алтайдағы алтын кұмыс кендерін ағылшындарға сатып жіберіпті.

Естімеген сөзіміз екен.

Ондайды сіз бен біз он жылдан кейін естиміз. Жасырын сатыпты. Бұл отан алдындағы қылмыс. Ондай қылмыстар терең көміледі. Сүйегі шіріп танылмайтын болғанда ашылады.

— Апыр-ау, патша да сауда қылады екен-ау!..— Байжекең өз алдына, өз ойына танданып қалды.

Кенеттен бір қаралы хабар келгенде жұрттың дағдарысып қалатыны сияқты, үшеуі де едәуір уақыт үн шығарған жоқ. Қарағанды өртеніп кетіпті, құрыпты деген хабар келсе ғана осылай дағдаратын болар. Анадан-мынадан хабардармын деп ойлайтын Игілік өзіне өзі наразы болып қалды. Жұрт аузында қалыптасқан сөздерге қарағанда Ресей мен ағылшын жұрты бәсекелес, біріне бірі ит айтақтап отыратын елдер болса керек еді. Енді бұл достасқаны ма? Бірін-бірі ығыстыра бастағаны ма? Оның ұзын ойы — жана қожа, жат қожа Қарағанды байлығынан менің қолымды қағып жібермес пе екен деген түйткілге де жалғасып барып тоқтады.

Ушаков енді қыза сөйлеп кетті. Күйінген, күйіне намыстанған адамның ашынған сөздерін айтты:

— Пайда үшін, түсім үшін емес, Россияның намысы айдап келіп отырмын. Ағылшындар Қарағанды арқылы қазақ жеріне нығын бір тығып алса, күн айналмай барлық байлығына ие болып шыға келеді. Дүние жүзіндегі бірінші отаршыл ел қол созып отыр. Иран, Афган, Индия, Мысыр елдерін басып алып, қанын сорып жатқан обыр келе жатыр. Сіздер осыны түсінсеңіздер екен.

— Түсінгенмен біздің қолдан не келеді?

— Мен осыдан Қызылжар барамын. Банкіге түсірген болса жарнаманың ақшасын аламын да, тура Петерборға тартам. Ақшаны түсірмеген болса Рязановтың үйіне барып сандығынан суырып алам. Патшаның өзіне арыз берем. Шет елдің шошқаларын қорана кіргізбе деймін.

— Біз не істей алар едік?

— Сіз осы маңайдағы үш-төрт болыстың атынан жер суымызды шет елдердің байларына сатуға қарсымыз деген арыз беретін болыңыздар! Не бары осы-ақ.

— Қазір соған таяп тұрмыз ба?— деді Игілік.

— Таяп тұрмыз, Игілік мырза. Мына бір газет-журналдарды сізге әдейі әкелдім. Мұнда «Қазақ жеріне қараған бір терезе» деген мақала бар. Рязанов компаниясының құлағалы тұрғанын айта келіп, өзіңіз кездескен фон-Штейн

арқылы Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерін сатқысы келетіндерін айтыпты. Мына бір журналда Вильям Дарси деген қуаяқ ағылшын оған қарсы: «Терезе деген немене, қазақ жеріне кіретін алтын қақпаның аты Қарағанды болады» деп жазыпты. Оның үстіне, «Біздің ауыр өндірісшілер ұйықтап қалмас» дегені тағы бар. Екеуін де ұялмай-қызармай орыс газеті мен орыс журналы көшіріп басып отыр. Қалай ыза болмассың!

— Газет-журнал дегендерің патшаның жарлығы емес қой?— деп сұрады Игілік. Білмесін анықтап алуға ұялған жоқ.

— Жоқ, патшаның жарлығы емес,— деді Ушаков ішінен жымиып.— Бірақ, бүгін болмаса ертең берілетін жарлықтардың жаршысы! Шабарманы! Бар жайды жұрттың көрінен бұрын естіп отыратын «ұзын құлақ». Ылғи өтірік те айта бермейді.

Ескі досының ойы-қырын жақсы білетін Игілік Ушаков мені тағы бір сайысқа шақырғалы келген болар деп мана сезіктене бастаған еді. Ол сыр ашылғаннан кейін шегіне берді.

— Қартайыппын, Никон Абрамович. Осы күні дүниеде не болып, не қойып жатыр, біріне құлақ аспайтын болып барамын. Не жаңарып, не ескіріп жатыр, онда менің жұмысым болмай барады,— деді.— Менен мына Байжекен көпті естіп, біліп жүреді.

— Сіз бе қартайған, әлде мен бе?

— Екеуміз де. Мен, әрине, сізден көп үлкенмін.

— Мен сізге қартаймағандықтың бір мысалын көрсетейін, көресіз бе?

— Ә, көрелік.

Ушаков бір қалың қағазға басылған журналды ашып:

— Мынау әйел ағылшын королевасы Виктория,— деді.— Бұл сізден үш-ақ жас үлкен, менен — он жас.

— Ие?

— Биыл королева болғанына алпыс жыл толғанын тойлағалы жатыр.

— Алпыс жыл тақта отырғаны ма?

— Ие, алпыс жыл! Мынау қыз кезі. Он сегіз жасында алғаш отырғандағы суреті. Мынау қазіргі кездегі суреті. Қартайдым деп отыр ма, осы кісі? Жоқ.

— Менімен құрдас екен ғой!— деп Байжекең журналға ерекше үңіле түсті.

Байжекеңнің ойынша патша қатынмен құрдас болуында әлі бір иғі жора бар сияқтанып еді. Игілік сөз аяғын тосып қалды.

- Осы кемпір қартайдым деп отыр ма?— деп Ушаков тағы қайталады.

Игілікке одан әрі тұспалдаудың керегі жоқ еді. Жетпіс сегіздегі әйел кәрілік сезінбесе, жетпіс бестегі еркекке не жорық демек қой. Бар айтпағы осы болса, ескі досының сырын бұл өзі әлі аңғара алмаған екен. Ынғай танылғаннан кейін қажай бергеннен не шығады? Тоқталса керек еді.

— Рақмет, Никон Абрамович, көңілімді бір көтеріп тастадыңыз... Патша қатын қартаймаса қартаймаған шығар, мен қартайыппын... Илансаңыз, мен Қараөткелде он күн жатып, базарға бір бармай кеттім...

— Қызық екен...

— Тіпті барсам қайтер, бармасам қайтер деген екі оқтылық та ойыма кіріп шыққан жоқ.

Ушаков та тоқталып қалды. Күзгі арландай қара бурыл, қас-қабақтары қайшыласып қалған ескі досы енді аяғын бір аттар емес. Қәрі скиф...

Манадан королеваның әр кездегі суреттерінен көзін ала алмай отырған Байжекең екі достың әңгімелері үзіліп кеткенін сезіп:

— Ай, Никон Абрам-ай!— деді, үзілген әңгімені жалғастырғысы келіп.— Әй, Никон Абрам-ай!.. Көп жасағырдың өзісің ғой, сен! Бізге не көрсетпедің сен! Енді мінә патша қатынды да көрсеттің ауылға әкеліп... Бір елді осы қатын билеп отыр, ә?

— Билегенде қандай!

— Жетпіс сегізге келіпті дейсің. Мынауың әлі балағынан бала сорғалап тұрған кәпір ғой!

Ушаков Байжекеңнің басқа бір суретті айтып отырғанын түсіне қалып:

— Байжеке, сіздің қызығып отырғаныңыз королеваның өзі емес, келіні болмасын,— деп қарап жіберді де,— бәсе солай екен. Бұл оның келіні — Мария Александровна. Біздің екінші Александр дейтін патшамыздың қызы,— деді Байжекеңнің сұқ саусағы сол суретті басып тұр екен.

— О, бар болғыр, Бектор деген қатын патшаң мынама еді, тәңірі... Пай-пай-ой, қаскыр қатын болған-ау, шамасы! Түйені түгімен жұтып жіберіп, тымырайып отырғанда түріне қарашы өзіңің!— Байжекең сөз аяғын қазақша нұқып қала жаздап барып әрең тоқтады.

— Құрдас болып шықтың ғой, іркілме!— деді Игілік.

— Білгілеріңіз келсе, осы жуан кемпір Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді түгіл, қазақ жерінің байлығын тұтас жұтып жібергелі отыр!

Игілік мападан бері өз наразылығымен отыр еді. Қазақ жері қазынанікі деген заң барын білетін. Ішке орнаған бір тас кірнесі осы болатын. Енді сол жер жат елге сатылатын болса, елінді бірге сатқаны емес пе? Жерінен айрылған ел қандай ел болмақ? Әлде өз зығырданы аз болғандай, ақ патшамыз қазақ даласына қосалқы қожа қоймақ па? Мына кісі қазақ елінің осындай қайғы-зарына ортақтасып отырған жоқ, бос жатқан байлықтан айрылып қалғанына күйініп отыр. Жерің мен елің бірге сатылайын деп тұрғанда оған қайтуымыз керек? Ушаковта өз құлқынымен бірге елдің намысы да, өзінің ерлігі де бар ғой! Біз қайтуымыз керек?

— Никон Абрамович,— деді Игілік, қартайсам да тағы бір жарап көрейін жолдас болуға. Өзіңе керегі не? Қашан керек? Айтқан күніңе, жеткіз деген жеріңе жеткіздіріп берермін!— деді.

— Сөз аяғы осылай ораларына мен сеніп келгемін,— деп Ушаков Игіліктің қолын қысты.

— Осы енді сіздің біржола көшкеніңіз болмақ па?

— Ие, біржола! Үйімнен басқа дүниемді таратып болдым. Үйімді Сикорскийдің сатып алғысы келіп еді, сағап сатқанша өртеп кетсем болмай ма!— дедім.— Сіздің балаларға үй керек емес пе?

— Неге керек болмасын.

— Онда сіз алыңыз. Жарты бағасына берем.

— Жоқ, түгелін алыңыз.

Үй саудасы ұзаққа созылған жоқ. Алақандар жылдам-ақ сұғынысып қалды.

— Енді бір оңаша айтар сөзім бар еді сізге...— деді Ушаков.— Азырақ есік алдына шығып қайтсақ қайтер?

— Ә, болсын.

Екеуі үй маңынан ұзап кетті. Содан кейін ғана Ушаков сөзін бастады:

— Игілік-би, мен біржола оралмасқа кетіп барамын. Қарағанды маңында енді ешкіммен істес бола алмаспын. Кешірерсіз, сіздің өзіңіз үшін бір байқағандарымды айтып кетер едім. Тек достың сөзі деп тыңдаңыз.

— Айтыңыз, Никон Абрамович.

— Айтсам, сіздің болыс баланыз Ордабай қолы былғанып болған адам. Менен де бірдемелерді ұзіп-жұлып ала беруші еді. Сіздің абыройыңызды сақтап, айта алмай жүре беретінмін. Анау күні имам өлгенде оның баласына төлеу алғызбаған мен деп Сикорскийден пара алыпты. Кесек сумма! Сіздің Жұмабегіңіз де подлец! Неге Қарағандыға жаңа жұмыскерлер әкеліп тықпалай береді десем, бас ке-

әйтсе Ордабай екеуі, кейін Сикорский үшеуі қолдас болып істейді екен. Бухгалтерияда әзір менің тұсымда алынған адамдар отыр ғой, солар маған қуаландырып берді. Мұнда екі жердегі екі — төрт, өтірік қаншалайды. Отыз жылдың ішінде Ордабай мен Жұмабек біздің өндіріске төрт мыңнан артық жұмыскер тапсырған болып, адам басына үш сомнан ақша ала берген екен. Мұның қаншасы өтірік, қаншасы шын екенін тексере алмай кетіп барамын. Анықтағыңыз келсе, барлығының тізімі мына кітапта. Бір данасын сіз алып қалыңыз,— деп Игілікке үлкен бір қара кітап ұсынады.— Адвокатыңыз айырып бере алады.

Игілік қатты тітіркеніп кетті. Іші сеніп тұр, бірақ сенгісі келмей:

— Анық па осыңыз, анық па?— деп үш рет қайталады.

— Мен сізге өтірік айтып көргенім жоқ. Ешкімге де өтірік айтқан емеспін. Екінші, мен кеткелі алты жүз жаңа жұмыскер алған болып, бір мың сегіз жүз сомды жаңағы үшеуі алты жүз сомнан бөлісіп алыпты! Сол алты жүз адамның тізімі міне, мынау...

Игілік баю жолында арам деген немене, адал деген немене, оны өмірінде бір рет есіне алып көрмеген адам еді. Ондайды ойлаған адам бай да бола алмас еді. Баю дегенің өзінде шек қойылған, адал-арамды ойлай жүр деген дәстүрде болған емес, болмақшы да емес. Сонау Кенесарының заңы кезінде ерсілі-қарсылы сарпылдаңға ұшыраған елдердің иесіз қалған жылқыларын айдап кетіп, өз таңбасын басып жібергенде Игіліктің ойына адал-арам деген келген жоқ-ты. Оның бержағында да ондай болмашыға ойын бөлініп қиналған емес.

Ордабайдың парахор болып алғанына сол Игілік қатты тітіркенді. Әуелі арам ит-ай деп күйінді. Одан соң оның пара алатыны бақалшының саудагерлігіндей ұсақтық екеніне намыстанды. Ордабай алғаш болыс болған кезінде біреу ат жіберіпті, біреу бүркіт жіберіпті, біреу ішік жіберіпті, алмадым, қайтарып жібердім деп әкесіне айта жүретін. Көптен бері ондайын айтпай кетіп еді, арам ит белшесінен батып жүр екен ғой! Өтірік пен пара уақыты жеткенде ашылмай қалмайды. Сол кезде оның бір ұшы әкесіне соғып жатарын ойламаған-ау!.. Әкесі білмеген екен дегенге кім сенер? Әкенің абыройын былай тұрсын, өзіне не пайда, не зиян екенін де білмейді екен-ау!..

Ушаковпен қоштасқаннан кейін, Игілік ертерек қайтыс болған үлкен әйелінен туған балаларын шақыртып кісі жіберді.

— Ертең таңертең осында болсын! Ордабай хатшысы

сөз мөрін ала келсін!— деді. Қенжегараны да, адвокатын да шақыртты. Одан екі-ақ күн кейінге ру басыларын, биді, құрметті ақсақалдарды күзгі «Қоныс майларға» шақыртты.

Ертеңіне балаларының мана келгенін, күтіп отырғандарын білсе де Игілік оларды шайға да шақыртқан жоқ, ұйғанша қымыз да бере қойған жоқ. Елу мен қырықтың арасындағы балалары ұзақ күтіп қалды. Адвокаты келіп Игілік отыратын бөлмеге мана кіріп кетті. Қенжеғара көрінбеді. Шақырылмады ма екен?..

Түске тармаса балалары отырған бөлмеге қасында адвокаты, Игілік өзі келді. Балалары атып тұрып әкесіне сәл ұсынып еді, алмады:

— Ауырып жүрмін...

Төрге шығып отырған соң балаларынан амандық-саулық сұрады. Бәрі де аман екен. Біреуі немерелі болыпты. Біреуі келінді болмақ... Енді біреуі мал жайын ойлап, жылқының қыстап шығар жерлерін аралап келіпті. Бұларының бәрін де біліп отырған Игілік ұзын сонарға кететін үй-ішілік сөздерді тез доғарып, өзі сөйлеп кетті.

— Әкелерін картайды. Енді барлық мал-жанды жалғыз бағып отыруға шамам келмей барады. Баяғыдан бері бағып келгенім де жетер. Еншілеріңді берем. Әрқайсысы өз алдына қожа болып, малдарыңды өздерің бағып алыңдар!

— Әке-ау, біз...— деп Ордабай бірдеме айтқысы келіп еді, әкесі оны кілт тоқтатып тастады.— Немене, қалай адам боламыз дегің келе ме?

Әке түсі суық екен. Жүзінде бір наразылық таңбасы бар. Балаларының батылдығы жетіп, әке жүзіне қадала қарай алса, таңбаның біреу емес, көп екенін көрер еді. Ұзғарлы әке ықтата сөйлеп, балаларына бет бақтырар емес.

— Әр қайсына мың жылқыдан енші берем. Өзара таласпай-тармаспай бөлісіп алыңдар. Дау-талас айтып, қай бұрын келгендеріп алған еншілеріңнің төрттен бірінен айрыласыңдар. Нұра бойы маған қалсын. Сендер жерді әріректен алыңдар.

Содан соң адвокатына бұрылып:

— Болыстың хатшысы екеуіңіз осыны қағаздап беріңіңші,— деп өтінді де, Игілік өз бөлмесіне кетті.

Жаңа ғана әкелеріне бас иіп, бой ұсынып қалған балалары жылқыны табындап бөлісуге көнсе де, табынды бөлуге келгенде шеке тамырлары қызарыса бастады. Жүйрік шығатын, жорға шығатын айғыр үйірлері бар екен. Сырт-

тан бақылап жүретін мал-жанды балалар солардың бәрін таласатын ыңғайларын жасыра алар емес.

Сіздер бұл таластарыңызды жылқыны бөліскенде өзара оңашада сөйлесіңіздер. Актыға жазылатыны әрқайсыңа бір мыңнан енші беріледі. Осы ғана. Мына жерге қол қойыңыздар!— деді адвокат.

Актыдегені алдақашан әзірленіп қойған ба, немене оны ешким батып сұрай алған жоқ. Ордабай қашанғы әдетінше Ұғли-уф деп қолын қойды да, төрт қағазға мөрін басты. Өзге екеуінің хат танымайтындығын хатшы қол қойғын куәландырды.

Адвокат Степанов Игілікке барып қайтты да «Енші алыс» актысының үш данасын үш мырзаға бір-бірден тарқырып тұрып:

— Ордабай Игілікович, сіз хатшыңыз бен екеуіңіз қалыңыз тұрыңыз... Өзгелеріңіз қайта берініздер,— деді.

Ордабай әкесінің тағы не айтарын ұзақ күтіп қалды. Отыра да алмай, жата да алмай, түсіне де алмай сандалды. Далаға да хатшысы мен екеуі кезектесіп шығуға тура келді. Бұл үй бір аяқ қымыз, не бір шыны шай беретін түрі жоқ. Сарылтып барып, Игілік оны бір жігітіне шақыртып алды. Мұнысында, әрине, әдейілік бар. Адвокаты мен екеуі отыр екен.

— Мына қағазға қол қой да мөріңді бас!— деді әкесі Ордабайға.

Ордабай ұғлиұвын қойды, мөрін басты.

— Отыр!

— Неменеге қол қойғаныңды білдің бе?

— Жоқ, әке.

— Бұл сенің орнымнан түсемін деген арызың. Ертең ояздың қолында болады.

— ?...— Ордабай әкесіне қарады.

— Он бес жыл «Ит жеккенге» айдалатын пара алысын, иттен туған ит! Енді мен оязға пара беріп, сені аман алып қалуым керек... Шық үйден! Көрінбе көзіме! Сарматай-Мұраттың ең шетіне барып қопыс ал!

Ордабай салбырап шығып кетті.

Игілік кешеден бері булығып өлердей болып жүр еді. Қазір бар ашуын, бар запыранын Ордабайдың басына үйіп-төкті де, кеудесі босап, байырғы қалпына ауыса бастады.

— Сергей Паблыш, — деді адвокатына.— Сен енді жүріп кетерсің. Қараөткел осы арадан жүз де елу жеті шақырым саналады. Қазір жүріп кетсең, ертең түс ауа жетіп

қларсың. Жол бойында ауыстырып отыратын аттар бар болар. Бір түнгі ұйқыңды қи маған.

— Мен тарантаста да ұйықтай берем.

— Қостерек бекетінің аржағы қар болар.

— Шанада ұйықтау деген мен үшін нағыз рақат.

— Ал, жолың болсын! Оязға менен көп-көп сәлем айт... Қуызша да шақыра келерсің. Асықтырып көр.

— Жұмысым ертең бітсе, кешке қарай қайта берем.

Адвокат жүріп кетті. Осылардай жігіт бізде қашан болар екен деп ойланды да Игілік қала берді.

Ұзамай катты зіркілдеген қоңырау даусы естілді. Бүгін ешкімді де көргісі келмей отыр еді, қоңырауға амалы қайсы, орыстар бөлмесін әзірлендерші деді Айғаншаға. Қоңырау жақындай бере бәсеңдей келіп тоқтады. Кім де болса осы үйге құрмет көрсетіп үйренген біреу болар.

— Сикорский мен Жұмабек төре,— деді Айғанша терезеден қарап.

— Келсін. Сен қарсы ал, мен кешігіңкіреп шығармын...

Айғанша қонақтарды ашық жүзбен қарсы алып, орысша жиналған бөлменің есігін ашты. Бір кезде бұл төрелер бөлмесі деп аталатын еді, осы күні жалпы орыстар бөлмесі деп аталады. Сикорский де, Жұмабек те, неге екені белгісіз, жылмыңдай келіпті. Айғанша бір-бір аяқ қымыз құйып бергенше екеуі Игіліктен бастап осы үйдің иттерінің денсаулығына дейін сұрап үлгірді.

Игілік әуелі екеуін Ордабайдан жаман ит етіп жібергісі келді де, дүние шіркін дүние ғой, сыла амандасса да күрең қабақ көрсеткен жоқ. Сонда да әшейіндегідей көп созбай, келген жұмыстарын сұрады.

— Кіре жайы,— деді Жұмабек.— Ақбұйраттың арқа үйері сіздің үйдің кіресі ғой. Соның жайын сөйлесіп, бір келісімге келейік деп келді мына кісі.

— Біздің үй биыл кіре сала алмас,— деді Игілік.— Қыс келіп қалды. Өзім анда-мында жүріп үйге жақында оралдым. Балалар түк әзірлемепті. Өгіз қайда, түйе қайда, арба-шана қайда, әлі білген емеспін...

— Би-еке-ау, бәрі орнында, бәрі әзір тұр. Мен көріп жүрмін ғой. Көліктеріңіз семіз. Бекеттеріңізге шөп үюлі. Ыбырай алақанына түкіріп отыр.

— Менсіз Ыбырай не істей алады? Мен кіре тартқызуын қойып, көліктерді сатқызам ба деген де ойым бар...

Игілік — Игілік екендігіне оп-оңай көшті. Сол екі арада құрып ала қойған ауыпа қарай жетелей бастады. Болады да жоқ, болмайды да жоқ. Мұның кіресі болмаса, басқа мойын-қос болғандардікі қыс ортасы ауа бергенде-ақ

тоқтай бастайды. Әсіресе Нілдіден Ақбұйратқа мыс кенін тасуға сол кезде сенімді кіре керек.

Қабарсың!— деп қармақшы отырса, қаппаймын деп шортан ойнақтап жүргендей екі жағы да өзін қармақшы қарсыласын шортан көреді. Шортан әрине, қабады бір кезде. Кім қармақшы, кім шортан болып шыққаны көрінеді сонда.

Екі жақ қанша арбасса да, Игілік бүгін Сикорскийдің құр ауыз қайтаруға бел байлаған еді. Алдырмаса талдырып көру керек те... Алдырмаса талдыруға кетті.

— Біздің үйдің биылғы қысы қалай өтерін өзім де білмеймін. Кіре тарту дегенді ойлауға мұрсамыз болмады.

— Би-еке-ай, мұныңыз қиын болды-ау... Тым болмаса биылғы қысқа шарт жасасармыз деп үміттеніп келіп едік. Бұрынғыдай емес, биыл кіренің ақшасы да көбейіп еді.

— Ақша деген ақ сайтанның соңында бар өміріміз өтті ғой. Сол да жетер,— дей салды Игілік.

— Апыр-ау, енді қайттік?

— Алдағы бірер жетіде толып жатқан жұмыстарым бар. Содан кейін болмаса қазір кіре жайын сөйлесуге де уақыт жоқ.

Игілік осымен сөз біткен ынғайын көрсетіп орнынан тұра берді. Қонақтары да үйелеп қалғандай орындарынан әрең тұрып, аяқтарын сүйрете басып, шығып кетті.

— Бұл кісі шарт жасасуды созып кеттіндер деп қырсығып қалған ғой,— деді Сикорский далаға шыққан соң.

— Онысы да бар шығар... Бірақ, осы кісінің енді кіре тартқызуды қоямын дегені шыны ма деймін. Көліктерімді сататын шығармын деп те қалды ғой.

— Онысы біздің ойымызға теріс ынғай келіп тұрған жоқ!

— Рязанов мырзаның ендігі арманы барлық кіре жұмысын өз қолына алу емес пе?

— Ие, сол. Қараөткелде отырып қалған келіні Нілді мен Ақбұйрат арасындағы жерді сатып алып, сол екі арадағы кірені өз қолдарына алыңдар деп отырған жоқ па?

— Мен бірдеме білсем, мына кісіңіз біздің ынғайға қалай көшкенін өзі де білмей қалайын деп отыр...

— Сен, тағы да лұқсат сұрап шықшы... Байды осы жағынан бір айналдырып көрейік.

Лұқсат болғаннан кейін Сикорский мен Жұмабек қайта келгенде әлгі бөлмеде шам жағылып, шай әзірленіп жатыр екен.

— Шайға келіңіздер,— деді Игілік.

— Сізбен сөйлесетін тағы бір сөзімізді ұмытып кеткен екенбіз. Соған қайта оралдық. Кешіре көріңіз,— деді Сикорский, өлгінде отырған орнына отыра беріп.

— Шай үстінде қазақтың бейілі кеңіп кетеді... Отырыңыздар, сөйлесейік.

— Игілік-бай, ескі досыңыз Рязанов мырза Нілді мен Ақбұйрат арасындағы кіре жұмысын өз қолдарыңа алыңдар. Игілік мырзамен келісе алсаңыздар ол кісі жәрдем етер,— сол екі арадағы жерін бізге сатар,— деп бұйырған еді. Бұған қалай қарайсыз?— деді Сикорский.

— Табылған ақыл!— деді Игілік.— Ол екі арадағы кіре тартуды өз қолдарыңызға алсаңыздар ешкімге кіріптар болмайсыздар! Тарықпайсыздар. Артық тасылды, кем тасылды демей, кенді керегінше тасып ала бересіздер... Қәрі қасқырдың ешкімнің ойына келмес ақылды тапқанын қарашы!

— Қапты!— деп ойлады Сикорский.

— Қабайын деп отырсың!— деп Игілік те ойлады.

— Қайсың қапсаң оның қап!— деді Жұмабек ішінен.

— Енді, Игілік мырза, сол жерді бізге бере аласыз ба?

— Ол жерде бекеттерім ғана бар. Төртеу. Жердің несі басқа болыстың адамдары. Мен тек қолқабыстан әрі бара алмаймын...

— Соныңыз бізге жетіп жатыр.

— Жетіп жатса соныма риза болыңыз.

— Енді, Игілік мырза, кіре тартатын көлік жағы...— деп тоқтады Сикорский...

— Е, қу нашандік, менің аузымнан шыққан бір сөзді ұстап қалған екенсің ғой!.. Игілік кеңкілдей күлді.— Шыным, соған жақын отырмын. Қартайдым. Енді кіре тартуды тоқтатып, көліктерімді сатсам деген ой күнде бір қытықтап қояды.

— Оныңыз дұрыс болар,— деді Жұмабек ойланбастан.

— Игілік мырза, көліктеріңізді сатар болсаңыз бізге сатыңыз. Біз сізге осы жөнінде жабысқалы отырмыз. Сіздің көліктеріңізді тұтас көтере сатып алсақ Нілді кенін тасу жұмысын біржола шешкен болар едік.

— Ә, қаптың ба!— деп ойлады Игілік. Содан соң азғана ойланған болып:

— Менің кірешілерімді қайтер едіңіздер?— деді.

— Бастығы Ыбырай етіп бізге өткізер едіңіз. Бізге де кіреші адамдар керек қой.

— Жәбірленіп жүрмес пе екен маған?

— Жоқ, жоқ... Сіз төлеген жалақыны біз де береміз.

— Менің ол екі арада төрт жерде бекеттерім бар...

– Бекеттер бізге де керек. Оларыңызды да аламыз. Кіреде менің алпыс пар өгізім, қырық түйем жүреді. Түгелімен аламыз.

Жазғы арба, қысқы шана, шабылған шөп...

Бәрін, бәрін түгел сатыңыз. Бізге соның бәрі керек...

Сатам ба, сатпаймын ба деген ой тағы әурелеп отырғанын көрдің бе! Сіздер мені екі жақтап қыспаққа алып келіңіздер ме, немене...

– Жоқ, Игілік мырза, бізді әбден қызықтырып болдыңыз. Енді айнысыңыз мен не боларымды білмеймін,— деді Сикорский.

— Көне, шотқа қағып көріңізші,— деп Игілік қашан да қасында болатын есеп-шотты Сикорскийге қарай ысырып қойды. Сикорский шап берді.

— Жүз жиырма өгіз жиырма сомнан.. дұрыс қой?

— Дұрыс.— Есеп-шот тырс-тырс етіп қалды.

— Қырық түйе отыз сомнан... Дұрыс қой?

— Дұрыс... Есеп-шот тағы да тырс-тырс етіп дөңгелектері жоғары қарай көтеріле берді.

— Дұрыс қой?

— Дұрыс.

— Дұрыс қой?

— Дұрыс.

Осылай бірі сұрап, бірі мақұлдаған сайын, есеп-шоттың дөңгелектері көтеріле келе жоғарырақ қатарға бесеуі барып орналасты. Одан төменгі үш қатарға тағы біразы ілініп қалып еді, Игілік оларды қолымен сыпырып жіберді.

— Қазір қалтамда осының екеуі-ақ бар, ала тұрыңыз. Үшеуін ертең бухгалтерім жеткізіп берер.

Екі жағы да өзін өзі қармақшыға санап, қарсыласын қармақ жұтқан шортанға санап қош айтысты.

Игіліктің бойы сергіп қалды. Қандай ауыр күн еді. Игілік өзінің Игілік қалпын тауып, ауырлық біткеннің бірін ысырып тастап, бірін жеңіп, тағы біреуін үлкен ұтыспен аяқтамады ма? Ушаковпен де алшақтаспай қоштасты. Тағы бір орала қалса баяғы дос қалпындай ұялмай кездесетін болар. Жанына батқан Ордабайдың жайы еді, оны сындырып аяқтады. Қалай құтылам деп жүргені кіре болса оны да ұтыспен тындырды. Етек алып кеткен байлықты жалғыз меңгеру қиындап бара жатыр еді, балаларына бөліп-бөліп берген соң өзі де жеңілдеңіп қалды.

Әсіресе Игіліктің көңілін көтеріп тастаған Сикорскийді ұтып шыққаны болды. Олай да бұлай сүйрелеп, жетелеп әкеліп қармақты жұтқызып жіберді ғой. Саудаға үлкен өнер керек. Қәрі Игілік әлі қарайып қалған жоқ екен.

Айтпақшы, Кенжеғара қайда жүр? Бүгін неге келмей қалды? Суынып бара ма, қалай өзі?..

5

Игіліктің өзі отыратын үлкен бөлмесі лық толы қонақтар еді. Енді бір жуан келсе үйдің қабырғалары сөгіліп кетер хаупі бар. Бір болыстың барлық ру басылары, ақсақал, қарасақал билері, ауылнайлары түгел жиналыпты. Төр жақты қонақтарына беріп, Игілік өзі есікке жақын шетірек отыр. Қонақтардың алдарында қымыз, ара-тұра кезектесіп кекіріп, етке тойғандарын білдіріп қояды.

Басқа жұрт кеше бастар сөзді бұлар ертенге қалдырып еді. Бұлар келе сала қақсай жөнелетін қайыршы-тіленші емес қой! Мұндай сөздің өзі тым ұзаққа созыла да бермейді. Бірақ, Игіліктің үйінде үлкен бір сөз барының салмағы бір шеті Қытайға, бір шеті Қырымға жеткенше асықпау керек. Жұрт күте тұрсын, күдіктене тұрсын.

Ертең дегендері бүгін ғой, сөз бүгін де әлі басталған жоқ. Түскі етті жеп, шайды ішіп болып, енді қымыз келгенде ғана басталғалы отыр екен, басталып кетті.

Сөзді кім бастарын келісіп қойған болу керек, төрде отырған ақсақалды кәрі би бастады:

— Игілік би, жасың кіші болса да осы елде сенен үлкеніміз жоқ-ау деймін. Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра деген дұрыс сөз екен. Қорықсақ та, қуансақ та саған шауып келеміз. Игілік бидің ауылы тыныш екен десе, бәріміз де тыныш ұйықтаймыз.

«Осы шал бірдемені былықтырып алмаса игі еді» деп, Игілік шалдың аузына басқа бір сөз салып жібергісі келді:

— Би-еке, мені тым көтеріп барасыз. Мен сияқты ел ойлайтын адамдар, өзіңізге еріп жүрген; ел қадірлейтін жастар да аз емес,— деді.

Өзі де шашалып кеткендей тоқтай қалған кәрі би бетін оңай түзеп алды:

— Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар дегендей, неге болмасын, бар,— деді. Бұлар да саған қарап, сенің ізіңді баса жүріп марқайып келеді. Осы келгендердің ішінде сенен бөлек жайлар біреуі жоқ. Кеше мені бидің үйіне барып қайтайық деп атқа мінгізген де осылар. Игілік биге қолқа салар бір жұмыс бар, жүріңіз деді, мен еріп жүре бердім.

— Е, сіз келіп қолқаласаңыз, менің бермесім болмайды, би-еке. Қалағанынызды жетектеп жүре беріңіз, ала беріңіз,— деді Игілік.

— Өзім де құр қол қайтпаспыз деп келіп едім. Алла

рады болсын. Сенен осыдан басқа сөз естірмін деп ойлаған жоқпын да. Қалауымыз осы Алтай-Қареке деген бүкіл еліңнің қалауы. Үлкенді-кішілі түгел келіп отырған себебіміз де осы. Солай емес пе, балалар?

— Солай, солай, би-еке!

— Айта беріңіз, би-еке!

— Айта берсем, күн демей, түн демей өзгеріп жатқан аумалы-төкпелі заманға ұшырадық. Қарағанды. Ақбұйрат дегендерің жаналқымнан алып барады. Елде мал бағатын жігіт қалдырар емес.

— Қалған жоқ десек те болады,— деп бір қара сақал үн қосты.

— Жұмабек төреңіз келеді де сыпырады, келеді де сыпырады. Өзі әбден байып алды.— Мұны да бір қарасақал қосты.— Еліңіз зәру-зарарatқа айналды. Бетінен қаны тамған жас жігіттерді алып кетеді де, кеудесі шықылдаған шолақ-шойнақ етіп қайтарып жібереді. Олар қой бағуға да жарамайды. Енді міне, алдын ала бас сауғаламасаң болмайтын күн келе жатыр дегенге зәремiз жоқ: Қарағанды мен Ақбұйрат бөтен бір елге сатылып жатыр деп естідік. Рас па осы?— деп Игілікке қарады.

— Рас,— деді Игілік.

— Енді бізді борансыз ба, ағылшын ба, әйтеуір бір жат ел билейді дегенді естіп, басымызға қара жамылғандай болып отырмыз. Бұл да дұрыс па?

— Бұл дұрыс та емес, бұрыс та емес,— деді Игілік.— Ел билеу тізгіні оларға берілмейді, әрине. Бірақ, жер-суынан айрылған елде не билік қалады? Ондайға ұшыраған елде биліктің өзі пеменеме керек? Ондай билік адыра қалсын! Баяғыда, өздеріңіз білесіздер, Қарағанды мен Ақбұйратты орыс байларына зауыт салуға бергіздім. Ақ патшаның әміріне кім қарсы тұра алады? Амалсыз бергіздім...

— Сіз өз қолыңыздан өлшеп бердіңіз ғой!.. Жердің қазақ деген иесі барын көрсеттіңіз ғой... Оған елдің бүйрегі ауырған жоқ. Сіз болмасаңыз, басқамыз қанша жерден айрылатынымызды бір құдайдың өзі білетін еді!— деп тағы бір қара сақал сөз қыстырып қалды.

— Осы күнге дейін жүктерін де тасып кіре салғызып келдім. Енді биыл Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді — үшеуі деген жат қолға кететін болған соң кіре тартқызуды біржола тоқтаттым. Менің қолымнан келген қарсылығым осы-ақ...

— Осының өзі қандай!— деп көрі би қымызды басына көтере салып, аяғын қайта ұсынды.— Осындай күн келе жатқанда еліне пайдасы тиетін көш басшы іздеп, тағы да

ғаған келіп отырмыз. Кешеден бері ел болып келіп салмақ салып жатқан себебіміз осы.

— Айта беріңіз...

— Елі мен жерін жау тонағалы жатқанда көш басшы бола алатын кім бар деп он ойланып, жүз толғанғанда тапқанымыз да, тоқтағанымыз да, Игілік би, сенің кіші балаң Кенжеғара!..

— Би-еке-ау, ол әлі жас еді ғой...

— Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер, өспес елдің баласы жиырма бесте жаспын дер, демеп пе еді бұрынғылар? Нағыз қайраты қайнап, бойына симай жүрер кезі осы. Өзі оқыған. Орысшаға орысты жаңылдырады деп есітеміз. Анау күні сол бөтен елден келген адамдармен арап тілінде сөйлесіп, ығыстырып отырыпты. Босат тізгінін! Луыздырын шайнай бермесін, тісі мұқалып қалады...

— Апыр-ай, бала соққан кездіктің басы жарық дегендей... қалай болар екен? Сіздердің қалауыңызды бермеуге де болмайды...— Игілік ірікілген болып еді, кәрі би «Әумин! Көтер қолдарынды!»— деді, Игілік те қолын көтерді.

Кенжеғара үйге осы тұста кіріп еді. Жазылмаған конституция, ұмытылмаған «Жеті жарғы» бойынша кәрі биден бастап, оның оң жағындағыларға қол беріп, одан кейін сол жағындағыларына сәлем беріп шықты да Игіліктен төменірек келіп отырды.

Жаңа ғана Кенжеғараны білетіндей мақтап отырған кәрі би, Кенжеғараның өзін көргенде «бұл қай бала?»— деп қалды.

— Кенжеғара деген балаңыз осы, би-еке... Өзіңіз жақсы білетін Наргөздің баласы.

— Білем!., білем... Бетіңнен жарылғасын, балам!..

Іс бітті. Қымыз ішілді. Жас жігіт пен кәрі би не сөйлеседі? Тағы да алақандарын жайып бата берді. Игіліктің үйіне бір қонып, екі рет тойғандары, үш рет шай, төрт рет қымыз ішкендері қандай мақтаныш! Қонақтар аттанып кетті.

Бұл үйдің қонақтары аттанып кеткеннен кейінгі әдеттері бойынша шай әр кезде таза тұратын орыс бөлмесіне жасалған екен. Онда жалғыз адвокат Степанов тұратын. Игілік Кенжеғараны ертіп сол бөлмеге келді.

— Мен бұрын бұдан былай осы бөлмеге көшіп алсам ұят болмас па екен?— деп сұрады Игілік.— Жерде отырғанда тұла-бойым сынып қалғандай ауырлап әрең тұрамын.

— Отыруға орындық жақсы. Аяқтарынды астына басып алудың несі жақсы болсын. Астына басып алған соң аяқ

жағына қан әлсіреп барады. Тізеге сары су байланады. Батыс елдері орыныққа көшкелі қашан!— деді Кенжеғара.

— Ертеңдер осында оязы келіп қалар. Сол келіп кеткен соң осында көшермін деп отырмын.

— Әбден дұрыс болады.

— Сен өзің қонақтардың неге келгенін білдің бе?

— Жоқ.

— Ендеше біліп қой: сен болыс боласың.

— Болыс?

— Ие, болыс. Жұрт мені көптен айналдырып жүретін. Ордабай иттің қолы былғанып қалыпты. Пара алады екен. Сикорскиймен, Жұмабекпен жемтіктес болып шықты. Оязы келіп оны түсіреді де, сені сайлап бекітіп кететін болар...

— Бұл менің күтпеген жайым еді.

— Оқасы жоқ. Ертең жат елдің адамдары келіп Қарағанды мен Ақбұйрат, Нілдіні басып алған кезде іс басында Ордабай мен Жұмабек сияқты қорқау қасқырлар қалса елді ел қылмайды, құл қылады. Енді ойланба, әзірлен.

— Айтуын айттыңыз ғой... Бұл өзі қайтуы жоқ әңгіме ме?

— Әзірлен дедім ғой.

— Жарайды, әзірленейін.

Игілік тағы біраз үнсіз қалды да:

— Шешең сол үйде отыра бергісі келе ме екен?— деді

— Жоқ. Елдің ортасына қарай көшкісі келеді. Жаз шыққан соң көшетін болармыз.

— Жазды күтпесең де болар еді. Саған деп Ушаковты Ақбұйраттағы үйін сатып алып қалдым. Ағаш үй.

— Білемін.

— Қоныс аударар жеріңді белгіле де сол үйді қазір бұздырып, көшіріп ал. Ыбырай кіреші үш күнде көшіріп береді. Ағаш үйді қысты күні де сала береді. Талдыға келіп қоныстанған орыстардың қазір қолдары босады. Бір айда тұрғызып береді. Қырнау-сырлауы болмаса өзгесі жазға қалдырудың керегі жоқ. Үш-төрт пеші бар үй, қысты күні кіріп алуға да болады.

— Мына жұмысты тағы тапсырып отырсыз... Қол тиер ме екен...

— Ол жұмысқа барған соң қолың ұзара түседі. Адвокат Степановты да қосып аларсың.

Әкесінің «қолың ұзара түседі» дегеніне қосылмайтын мінез көрсеткісі келді де, Кенжеғара тоқтап қалды. Ондайды істемейтін болсам, айтып керегі не деп ойлады.

— Мен бір жүрегім қысылатын ауруға ұшырап жүр-

мш,— деді Игілік.— Қартайған да болармын. Кіре тартуды бірден тоқтаттым. Балалардың еншілерін де бөліп бергем бір мыңнан. Сен келе алмадың, сенің еншің де бөлулі тұр. Бір мың.

— Маған ба?— Кенжеғараның даусы ышқынынқырап шықты.— Мен оны қалай бағамын?

— Ең мол енші беретінім сенсің, Кенжеғара... Шешең екеуің.— Игілік даусы азғана дірілдей шықты. Бұл Кенжеғараның бұрын естіп көрмеген үні еді. Аяп кетті. Сонда да қарсылық білдірді.

— Жұрт білер жайды жасыру да, әшкерелей беру де обырой емес қой, аға... Маған мінер ат, сауар сауыннан басқаның керегі не? Әйтеуір енші беріп жатсаңыз, әуелі ана Бұланбай, Жабай, Сейіттердің еншілерін беріңіз. Сейіт қайтыс болып, бала-шағасы жетім-жесір қалыпты. Үлкен бір әделет жасағаныңыз осы болар еді.

— Сейіт қайтыс болып па? Естіген жоқ едім. Қап!..

Тағы да біраз үндемей отырып, Игілік сол дірілі бар даусымен қайта сөйлеп кетті:

— Бұланбайлар өр кеуде жігіттер ғой. Менің қолымнан алмай жүрер. Ретін тауып сен бере алсаң алар еді.

— Алғызайын.

— Онда мен өз еншіне қосып, олардың еншілерін де жібересемін.

— Жіберіңіз.

— Қанша жіберейін?

— Мен әуелі өздерінің ойларын білгенім дұрыс болар.

— Солай етсең, солай ет. Содан соң бар-ау, қожекеңнің малы қайыр-садақадан жиналған мал. Соның өзін қарып-қасарларға таратып берсең қайтер еді?

— Апам өзі де тарата бастады.

— Е, шешең ақылды ғой... Мен, Кенжеғара, қорланып алған байлықты таратып беріп тауыса алмаспын деймін. Бұланбайлар бірді сұраса екіні бергейсің. Өзің қанша алғың келсе, жылқыға бар да таңдап-таңдап алып айдап жүре бер. Ояз келгенде осында боларсың. Шешеңе сәлем айт.

Бұл кезге дейін біліп-біліспей сырттап жүрісіп келген әке мен баланың арасы ете-енелесіп кете қоюы қиын еді. Бұрынғыша әдеппен қоштасып Кенжеғара кете бергенде Игілік оны қайта тоқтатып:

— Мынау Гүлбәденнің еншісі еді,— деп Кенжеғараға ортасынан айқыштап байланған бір бума қалың қағаз берді. Ақша ғой, әрине.

— Айтқандайын Ордабай мен Жұмабектің барлық

қылмыстары мына кітапта жазыла берген сияқты. Степанов екеуің анығын ашып көріңдерші,— деп Ушаков қалдырған екі кітапты Игілік Кенжеғараға берді.

Бұл кісі бұрын бұлай барлық жұмысты бірін біріне қосақтап ұмар-жұмар өткізбейтін еді-ау,— деп ойлады Кенжеғара үйіне қайтып келе жатып.— Әр істің илеуін қандырып, тұспалдай салса өзінен өзі жүріп кете беретін еді ғой? Әлде неге асығысы бардай екен. Ояз келеді. Бір болыс түседі, бір болыс сайланады. Балаларының еншілерін бөліп беріп жатыр. Маған Ушаковтың үйін сатып алып қойыпты. Кіре тартқызуды тоқтатыпты. Менің ескі қыстаудан көшуімді де ойлап қойыпты.. Осылардың қай-қайсысын болса да бұрын бабына келтіріп барып шешетін еді ғой? Тегі науқасын ауыр сезінетін болар.

Бүгін бұрынғыдай тұспалдамай ашық-айқын сөйлесті менімен. Маған онысы ұнаған жоқ. Алыстан соғар салқыны, алыстан сезілер жылылығы бар адам еді. Аға деп бүгін ғана, бір ғана атаған адамды өлімге қимағаны ма, аяғаны ма, оны Кенжеғараның өзі де айыра алмай келеді. Бұл кісілердің заманы өткен, арманы да өкініші де жоқ шығар деген бір ой қабаттасып келе жатыр екен, Кенжеғара соған ойысып кетті.

Ие, «Болыс болдық мінекей!» деген сияқты, Кенжеғара алдын болжай бастады. Игіліктің үлкен балалары бұға түгел жау. Ордабай парақор, ұры болып шықты. Оны Игілік енді қайтып басын көтере алмасқа жіберген болар. Басқа балалары өңкей езбе, Ордабайдың қол қоятын сияқты әшейін ұғли-ұфтар... Әкенің атағымен санатқа қосылып жүрген пасық жандар. Игілік жолы маған жол емес, мен ол сүрлеумен жүре алмаймын. Олай бола қалсам ағындағаным болар еді. Ол жолмен жүрермін деп ойлаған да емеспін. Менің ел қамы дейтінім — біреуді бұғауда босатып, біреуді бұғаулау ғана болмас. Мен анайы болса да алғыр, зейінді елдің ой-санасын оятып көруім керек. Елдің нағыз қамы осы екенін ұғындыра алмасам ел басқару жоламауым керек. Жоқ, нар тәуекел!..

Ояз бастығының келіп-кетуі елді біраз дүрліктіргенімен сол дүрлігуден басқа із қалдырмай өтіп кетті. Игілікте басқа бір адамға «іздрасти» де деген жоқ. Губернатор — жарты патша, ояз бастығы — жарты губернатор, атармашабармандарын соңынан шұбырта келіп Игіліктің үйінде екі күн болды. Ордабай сұранған екен, түсірді. Кенжеғараны жұрты сайлаған екен, бекітіп берді. Ат мінді ме, торқалы тон киді ме, оны ешкім білген жоқ. Бір адамның болыс кеңсесінің істерін тәртіпке салып беруге қалдырды да жұ

рін кетті. Игілік үйінің ауласында бір қора қоңырау даусы шығады.

Оязды шығарып салған соң Кенжеғара Қарағандыға көштетіп келіп Бұланбайдың үйіне түсіп еді. Үйде жалғыз Көпей ғана бар екен. Бұланбай да, Нартай да түнгі кезекке кетіпті.

— Ал, кіндік шеше, сіз әзір шығарсыз?

— Әзірмін, қарағым.

— Қасыңызға бірер адам ерте жүрсеңіз апам тіпті қуанып қалар еді.

— Бізде қолы бос адам бола бермейді ғой. Бір бала барады.

— Е, жүрсін. Назыкеш апайды да шақырар едім.

— Оның ыңғайсыз болар. Сейттің қырқы өткен жоқ қой.

— Онда, мен Назыкеш апайға тағы бір барып шығайын.

Назыкеш үйінде еді, әлі де жылаулы екен. Кенжеғара бұл жолы да жесір қалған әйелдің көңілін көтеретін сөздер айтты.

— Сіз маған бөтен емес, нағашы жеңгем боласыз. Оны сіз де білесіз, мен де білемін. Біле жүріп жақындаса алмағанымызға мен айыпты. Бұдан былай қашан да көз қырын сала жүрермін,— деп тоқтады.

— Уақыт солай болды ғой, бауырым... Көміршілер сайын түгел риза, қарағым. Апаңа көп-көп сәлем айт. Сейіт айтыс болғалы көріп жатқан жақсылықтарымның бәрі де сол кісінің қолынан өтіп жатқанын білемін.

— Әзір ешқайда шыға алмайтын кезіңіз екен. Олай болмағанда кіндік шешем екеуіңізді бірге шақырмақшы едім.

— Рақмет, қарағым.

Кенжеғара Бұланбайдың үйіне қайтып келгенде ауыз үйде бір бала киініп тұр екен. Аяғында резенке етік, басында жапырайған елтірі бөрік, өте жұпыны киінген бала шешеңкіреп қырындай беріп жүзін көлеңкеге қарай аударып әкетті. Кенжеғара оған көңіл аударған жоқ. Пар атпен ағызып келіп, өз үйіне жеткенде бір-ақ білді. Тағдырлары ұқсасынсыз тоғысқан екі шеше жыласып көрісіп болып бірінбірі шешіндіріп жатқанда, әлі селтиіп есік жақта тұрып қалған балаға Көпей:

— Анар-жан, шешіне ғой, ұялма!— деп қалды.

Анарды өзінің қарындасы Гүлбәдең жетелеп алып кетіп еді, ұзамай екеуінің сықылықтасып күлгендері естілді.

Әйелдер еркін сөйлесе бастауы үшін ол маңайда еркек

тұқымы деген болмау керек. Кенжеғара далаға шығып кетті де, педәуір жүріп қайтты. Атшысына ертең салт кететіндеріп айтты.

— Жылқыдан салт мінетін екі ат алып кел. Таңжарық шалға сәлем айт: жақсы аттар жіберсін. Жорғаның керегі жоқ.

Кенжеғара үйіне қайта кіре бергенде қайнаған самауырды ауыз үйден төр үйге қарай көтеріп әкетіп бара жатқан Анарды көрді. Самауыр едәуір үлкен. Қыз талдырмаш қана болса да, көп еңкеймей денесін тік ұстап кетіп барады. Өз қарындасы Гүлбәден Анарды қос бұрымын божылап алыпты. Басында Анардың жапырайған бөркі, аяғында — резеңке етігі.

— Аға, сен де арбаға мін!— деп, Гүлбәден сақылдай күлді.

— Қоя бер, құлатасың!

Гүлбәден қос бұрымды қоя берді де — маған да осындай етік әпер!— деді ағасына.

— Әперем. Өй, ақылы жоқ...

Самауырды көтеріп келе жатқан Анарды көріп шешелер де абыржып қалды.

— Қайнады ма екен, көріп кел дегеніміз қайда?

— Қайнаған екен...— Анар қысылған жоқ. Қазақ үйінде самауыр қоятын жер белгілі болады. Сол шамаға әкеліп қойды.

— Құштісін қарай көр өзінің?

— Бұл бала үйінде барлық жұмысын жалғыз өзі істейді. Биыл он үшке шықты. Шешесі көмірде,— деді Көпей.

Кенжеғара қызға енді ғана көңіл аудара қарады. Неге олай қарағанын өзі сезген жоқ. Қыз мақтағанға ұялып қызарып кетіп еді. Аяғында қой жүнінен тоқылған шұлық, тозығы жеткен ситса көйлек. Ескірген жеңсіз камзол. Етігі мен бөркі анау... Әлі қыз қылықтарына әуестенбеген бала. Кедей қызының сыпайылығы, именшектігі анқып тұр. Көздері уытсыз емес. Бет бітімінде көзбен емес, көңілмен ғана сезетін жарасым бар екен.

Дастархан жайылып, шай құйыла бастағанда Кенжеғара екі шешесінің арасына келіп отыра берді де:

— Сіздер ғой, менің кім болғанымды әлі естіген жоқсыздар...— деді.

— Жоқ-е, құлыным.

— Естімесеңіздер өзім айтайын: бүгіннен бастап мен болыс деген кісіңіз боламын...

— Ойының емес пе, құлыным.

— Болыс деген кісі бос сөз айтпасқа тиісті.

Екі шеше Кенжеғараны кезек-кезек сүйіп, азырақ жылласып алды. Бұл екі шешенің екеуі де қайғы-мұңнан көп жылаған адамдар. Қуаныштан жылап отырғандары осы. Сондықтан, қуаныш жасын тоқтатқылары келмейтіндей ұзақ жылап барып әрең тоқтады.

— Сен енді бір шалқар той жасайтын болдың, Наргөз!— дейді Көпей.

Бұл екі әйел өмірінде бір той жасап көрген емес-ті. Той жасар күнге қолдары жетсе оған қалай қуанбасын! Қуанса қалай жыламасын!..

— Кенжеғара екеумізге ортақ бала ғой, Көпей, тойды бірге жасаймыз,— дейді Наргөз, Кенжеғараны Көпейден қызғанбайтынын сездіріп.

— Болыс деген орыс па?— деп Гүлбәден қылқылдап отыр.

— Жоқ, мен!— дейді Кенжеғара.

Шайдан кейін Гүлбәден жүгіріп жүріп бір дорба асық алып келді. Бестен алтыға қараған жас баланың іші пысатын еді. Өзі теңдес жас қыз балалар бұл үйге көп араласпайтын да. Қожаның маңайына жиналған молдасымақтардың әсіресе қыз балалары бұйығы өседі. Олардың еркін жүгіріп, еркін ойнап-күлулеріне де салынып қойған тиым бар. Гүлбәден шешесі мен ағасына еркелей еркін өсіп келе жатқан бала.

— «Хан атпақ» ойнаймыз! Отыр, Анар... Аға сен де ойнайсың. Отыр! Ұпай он асықтан.

Асықтың алшы, тәйке, бүге, шіге деген төрт тұрығы бар. Бұл ойында бір алақан асықты шашып жібергенде «хан» қалай түссе солай, тұрықтас түскен асықпен ата бастайды, ханды қатесіз аткан сайын бір ұпайын қайтарып отырады.

Асықты Кенжеғара жайып еді. «Хан» бүк түсті. Бүк түскен жай асықтар да көп екен. Гүлбәден ханды ата бастады. Үш-ақ ұпайын қайтарды. Төртінші атқанда оғы жай асыққа тиіп кетті. Енді асықты Гүлбәден жайғанда ату кезегі Анарға тиіп еді, ол епті екен. Саусақтары салалы, көбесіне көмір күйесі тұрып қалған тырнақтарының ұзын-шалау қалпы әлі бұзылмапты. Ол біраз ұпайын қайтарып, қалған асықты жайып жібергенде «хан» алшы түсіп еді. Гүлбәден барлық асықтың үстіне құлай кетіп, баурына басып алды да — «менікі, бәрі менікі!»— деп бақыра бастады. Баламен кім талассын, Кенжеғара мен Анар маңдайларын тоса берді.— Мә, шерте бер!

«Хан атпақ» деген қоғамдық мәні бар ойын. Хандық дегеннің өзі де азып-тозып, хан дегендерден халық әбден

бөлініп болған кезінде туған ойын сияқты. Ойынға қатысушылар қанша болса да «ханды» атпай қалмайды. Ханды ата алмағандардың ұпайы толмайды да өзі жаза тартады. Хан шақырайып алшы түссе «хан таламақай» болады. Қазақ халқында хан өлгеннен кейін онын бар байлығын талап алатын әдеті де болған. Мына «таламақай» содан қалған көрбілте сорап, содан қалған бір сілем.

Ертеніне Кенжеғара, қасында жалғыз атқосшы, Қарағандының басқарушысы инженер Некрасовтың конторына келіп еді. Жас жігіт, жаңа болыс, түнде ойына келгенді күндіз орындап тастайтын екпіні де бар, арманы да сол. Бұған дейін бір-ақ көріскен Некрасов оны жақсы қарсы алды:

— Қарағандыны жатсыратпауға тиісті жергілікті әкімет барын білсек те, көзіміз көрген емес еді. Барлық адал көңілімнен құттықтаймын!— деді.

— Менің ең алдымен сізге жолығуға келгенім де сізден осыны күткендіктен болар,— деді Кенжеғара.

— Отырыңыз.

— Неге екенін білмеймін, әйтеуір мен сізден осы адалдықты күтіп келдім. Сізді қазақ даласының досы деп келдім. Көміршілеріңіз сізді маған осылай таныстырды.

— Рахмет!.. Шамам келер жерге дейін арашаға түсетінім бар. Кейде шамам келмей де қалады. Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерін басқарып отырған бүкіл дүниеге теріс қарап туған адам. Өзіңіз бір көрдіңіз ғой, өзін өзі арандатып, өзіне өзі зиян келтірмей отыратын күні жоқ.

— Менің келген жұмысым басқарушылар шеңберінен гөрі кеңірек сөйлесуді керек ете ме деймін.

— Айта беріңіз...

— Қарағанды өніріндегі өндірістердің бәрі де бүгін болмаса ертең жат қолында кетуге тұрғаны даусыз ғой. Сонда сіздердің бұл күнге дейінгі жөн-жосықтарыңыз өзгермей қала берсе, сол шет елден келетіндер қазақ жұмысшыларын меніреу-мылқау мал екен деп ойламас па? Еркектері осындай болса, елі де сондай шығар деп кимелеп кетпес пе екен? Келе жатқандар дүниелік көлемдегі нағыз қанды ауыз отаршылдар. Кедей қазақ амалы жоқ, оларға да жалданады. Жаңа қоныстанып жатқан орыс крестьяндары да жалданады. Бұлар да тәуелділік езіп тастаған момын жұрт. Осылардың бәріне де жанашырлық керек. Жат қолына адамды мал ретінде өткізе салсаңыздар мұны мен елімізге көрсеткен қорлық көремін.

— Бұл ойларыңызға мен түгел ортақпын,— деді Некрасов.

— Менің айтып отырғаным тегінде екі тармақты мәселе,— деді Кенжеғара.— Бірі — жалпы ел жайы, екіншісі — қаралап алғанда жұмыскерлер жайы. Біздің бір болыс елімізде бір мың үш жүзге жақын үй бар. Жұмыс адамы үй басына екіден келе бермейді. Соңғы жиырма жылдың ішінде Қарағанды мен Ақбұйратқа төрт мың екі жүз алпыс жұмыскер алыныпты. Сонда елдің өзінде қанша еркек қалғаны?

— Бұл жағынан менің хабарым болған емес,— деді Некрасов.

— Сіздің екі өндірісте қазір бір мың жүз жиырма бір жұмыскер бар екен. Өзгесі қайда?.. Өлгені өлген, жастай өлген. Өлмегені ақсақ-тоқсақ, шолақ-шойнақ, көксау болып еліне қайтқан. Оларға кім қызын берсін! Ара-тұра үйленгендері жоқ емес. Бірақ, солардан туған балалар әлде қайдан әкеліп тастап кеткен жетімектер сияқты. Елдегі ең тақыр кедейлер де сол сіздерден қайтқандар... Көбі өгізге мініп қой бағып жүр. Басқа жұмысқа жарамайды. Елде еркексіз қалған әйелдер де көп. Оның үстіне, осының бәрін есептегенде де төрт мың екі жүз алпыс жұмыскердің мыңнан артығы қайдан келіп, қайда кеткені табылар емес...

— Сіз мені қатты толғандырдыңыз...— деді Некрасов.

— Мен жаңа сайланған болыспын. Осы менің басқаратын елім не жайда екен деп ойлап қарасам, қақ жартысы Қарағанды мен Ақбұйратта екен. Сондықтан сіздердің жұмыстарыңызға еріксіз араласқалы отырмын. Алдымен сізге жолығуға келгенім — сізден адал тілектестік күтемін.

— Мені одақтасым деп санай беріңіз,— деді Некрасов.— Мүмкін, бұл айтқандарыңыз кеңірек ойласуды керек етер. Мен соның қайсысына болса да, қандайына болса да әзірмін. Тағы да қайталап айтайын, одақтасыңызбын. Енді екінші мәселеңізді айта беріңіз.

— Екіншім — таза жұмыскерлердің тіршілігі жайында. Оны ертең мәжіліске саламын. Сіз, Сикорский, Бернер үшеуіңіз де қатынасыңыздар.

— Жақсы.

Кенжеғара қоштасып кете беруге ыңғайланғанда, кіріп келе жатқан Бұланбай, Сүгірәлі, Алшағыр үшеуін көрді.

— Азғана тоқтай тұрыңызшы,— деді Некрасов.— Мына атақты көміршілермен бір әңгімеміз бар еді. Ішінде болуыңызды өтінемін.

Келген қартаң жұмыскерлер конторға да ығыспай кіріп еді, стол қасында да сол еркін қалыптарында келіп отырды. Некрасовпен қолдасып амандасқаннан кейін үшеуі де Кенжеғараға бұрылды.

— Кенжеғара айналайын, шешелерің аман ба? Біздің кемпір шалын сағынып қалған жоқ па?— деп амандасты Бұланбай.

— Сені сағынып қайтсін. Қайта бір-екі күн арқасы босағанға қуанып жатқан болар...— деп Алшағыр қалжыңдады да,— біздің бала шешесін сағынып қалған жоқ па?— деді. Кенжеғара Анардың кімнің қызы екенін ойына бір түйіп қойды да — шешелерім мәз-майрам. Ауыз жаппай әңгімелеседі десем өтірік айтқан болмаспын. Сармантай-Қарекеде білмейтін бір адамдары болсайшы... Ара-тұра сіздерді де ауыздарына алып қояды. Алдарында қымыз бен шай... Оңай айрылыса алар ма екен...

— Ө, ұмытып кетпесе болды.

— Сіздің балаңыз да біздің үйге бөтенсіремей жұғысып кетті. Самауыр қояды, шай құяды. Құйған шайы қандай!

— Апар-жандай бала қайда?— деді Бұланбай.

— Сіздерге айтатын бір қуанышты сөзім болып шақырдым,— деп бастады Некрасов.— Сикорскиймен алты ай жанжалдасып жүріп, Акула мен Зубовтан кеше ғана құтылдым. Қарағандының маңайынан қуып жібердім.

Бұланбай тұра келіп Некрасовтың қолын қысты.— Молодес. Спасиба! Сен әлі бізді Сикорскийдің өзінен де құтқарасың! Голоуа думайт, рука делайт!

— Поскай тебе баба даст оден раз дуа малшік!— деп екі саусағын көрсетіп Алшағыр да алғысын айтты.— Қатының егіз ұл тапсын дегені де.

— Кенжеғара шырағым, сен дұрыстап айтып берші: мен алпысқа жеткенше десетник болып келгенім айбын үшін еді ғой. Анау екі шошқа кетсе, енді мені де босатсыншы,— деді Бұланбай.

— Азырақ сабыр етіңіз, Бұлеке. Осы кісінің тағы да айтары бар сияқты.

Некрасов күттірген жоқ:

— Екеуіңіздің балаларыңыз тау-кен мектебінде үш-төрт жыл оқып келді. Қазір тәжірибелі шахтер. Екеуін екі шахтаға десятник етіп қойғым келеді. Бұған қалай қарайсыздар?

— Айналайын, Кенжеғара-ай, неше жылдан бері арқамыздан түспей қойған ашамайымызды алып тастағандай болдың ғой!— деді Бұланбай.

— Мен емес... Менің тіпті қатысым болған жоқ. Мына кісінің өзі солай ұйғарып отыр екен. Мен сіздердің жалпы жайларыңызды сөйлесуге келіп едім.

— Соның бізге аз болып па! Енді шырағым, біздің ал-

ғысымызды ауыз толтыра жеткіз бұл кісіге. Бұл бізге қашаннан дос адам.

Кенжеғара Бұланбайдың не айтқанын түсінгеннен кейін Некрасов тағы да сөзін жалғады:

— Жұмыскерлердің жалақылары айына он тиын кеміп еді ғой. Бұдан былай сол он тиындарың он бес тиын болып қайта қосылды!— деді.

Жұмыскерлер мұны да Кенжеғараның еңбегі деп санаса да Некрасовтың қолын қайта-қайта қысып алғыстарын айтты.

— Десятниктерге жырма тыннан қосылады!— деп Некрасов жұмыскерлерді біржола тандандырып тастады. Бұл жолы Кенжеғара орнынан тұрып Некрасовтың қолын қысып бар білгенінше қуанышты алғыс айтты.

— Балаларыңызға айтып қойыңыздар, бұдан былай десятниктің қолына таяқ берілмейді,— деді Некрасов, күлімдей сөйлеп.

Қарт жұмыскерлер алғыстарын айтып кеткеннен кейін Кенжеғара Некрасовқа:

— Бұл карттарға өздері қалаған жеңілірек жұмыс беретін боларсыз?— деді.

— Қалаған жұмыстарын бере аламын. Үй салғылары келсе ағаш, кірпіш, әйнек-терезе де беруге болады. Көмірді өз қолдарымен ала берсін.

— Жә, ертеңге дейін.

Кенжеғара болыс кеңсесіне жүріп кетті.

6

Кенжеғара болыс кеңсесіне келді де жан-жаққа шабармандарын аттандырды. Ауылнайлар мен Жұмабекті, өндіріс басшыларын шақыртты. Ояз бастығының қалдырып кеткен Бурцев деген адамынан кеңсе істерінің жайын сұрады.

— Болыс кеңсесі дерлік ешнәрсе жоқ. Ояздан келген сұраулардың кейбіреулеріне екі жылдан бері жауап берілмепті. Ауылнайлардан үш жыл ішінде бір тарақ қағаз түспепті. Осы болысқа қарайтын Қарағанды, Ақбұйрат өндірістерінің бұл болыста бары-жоғы белгісіз,— деді Бурцев.

— Ояздан келген қағаздардың ішіндегі маңыздылары не екен?

— Ушаков мырзаның сұрапуы бойынша сіздің өндірістерге тау-кен мектебін ашуға бола ма деп сұраған екенбіз.

Одан бері екі жыл өтсе де жауап әлі қайтарылмапты.

— Тағы да?

— Алдыңғы жылы жұтқа ұшыраған шаруаларға қандай жәрдем беріліп жатыр деп сұраған едік, оған да жауап берілмеген.

— Тағы да?

— Еліңізде қандай аурулар көбірек тараған деп сұраған едік.

— Ол да жауапсыз қалып па?

— Жауапсыз. Мен қазақ болыстарының бөлімінде қызмет істеймін. Осы сұрауларымыздың бәрі де менің қолымнан өтіп еді.

— Тоқтайық. Жетер. Он күннің ішінде бәріне де жауап беремін.

— Өз қолыңызбен жазған сұрауларыңызға сіз өз қолыңызбен жауап жазатын боласыз...

— Бұлардың көбінің күні өтіп кетті. Ондайларға жауап бермей-ақ қойыңыз.

— Ол күндер өтсе,осы күндерде пісіп тұрған мәселелер де аз емес шығар! Ояз бастығынан сұрау мен жауап ерсіліқарсылы жазылған қағаз болып қалмауын ғана өтінемін. Сізден өтінерім осы ғана.

Болыс кеңсесі қазақша «Қоржын үй» деп аталатын ағаш үй еді. Кіре берістегі орта бөлмеде келетін адамдар арқаларын үйдің қабырғасына тіреп жүрелеп отырып мызғып кетіп, кезек күтеді. Қоржынның бір басында жерде болыстың өзі отырады екен, енді бір басында канцеляры — кеңсесі. Кенжеғара ояздың қызметкері Бурцевты ертіп кеңсе бөлмесіне келді. Бір қисық ауыз шкаф, бір кәрі хатшы, үш-төрт ақсақ орындық, бір жазу столы — бәрі лотозған, бәрі де қартайған, бәрі де жүдеу. Адвокат Степанов та осында отыр екен.

Кәрі хатшы келгендерге басын изеді де шыға берді. Сөйленіп кетіп барады. Есікке жақындап барды да қайта бұрылды:

— Бурцев мырза, сіздің бөлмедегі орындықтарды осында әкелуге лұқсат етіңізші,— деді.

Бурцев оған табан аузында лұқсат етсе де кәрі хатшы айтарын айтып болмай кете алмады. Ордабай Игіліковичжерде отыратын. Кетерде кілем, төсек-орындарын алып кетті. Орта бөлмеде тұратын орындықтарды сонда шығарып, Бурцев мырзаны сонда отырғызып едік.— Орындықтарды сөзін аяқтаған соң алып келді.

— Мен сіздің жаңа болысыңызбын,— деді Кенжеғара

ғшыға.— Ояздан келген сұрауларға екі жылдан бері уап қайрылмапты. Осы рас па?

— Рас, әрине... Өздері де енді ойына келгендерін жаза... Сонда бір ерігіп отыратын писак бар ғой деймін (Бурцев қызарып кетті). Қарағандыда мектеп ашса қалай бо... р деп жазыпты бір жолы. Күлкің келеді. Ол біздің жұ... ыс па? Ашса мейлі, аша берсін... Тағы бірде жұттан шаршылыққа ұшыраған адамдарға қандай жәрдем беріп ...тырсындар деп сұрапты. Біздің қолымызда не бар? Ау... адамдарың бар ма деп те сұрапты. Аурусыз ел бола ма ...ен?!.

— Жарайды! Болды,— деді Кенжеғара.

Степанов бірнеше қағаз папкаларды иемденіп алыпты. Кендір жіппен белінен байлап, қолтығына қыстырып жүр.

— Мұныңыз не?— деп сұрады Кенжеғара.

—«Өлі жандар» тізімі,— деді Степанов.— Ұлы жазушы Гоголь өлі жандардың санын айтса да тізімін бермей кеткен ғой... Сол тізім осы кеңседен шықты. Атақты адвокат Плеваконың арман етер ісі!

— Сіз де сол кісінің шәкіртімін дейсіз ғой. Құттықтайм...ын!— деді Кенжеғара.

— Сіз мұнда босқа-ақ отырған екенсіз,— деді Бурцев қәрі хатшыға қарап.— Арыз беріп, босанып кеткеніңіз дұрыс болар.

— Берсем, берем! Мен өмір бойы киргиз сұлтандарының тұтқыны болып отыра беруге құмар дейсіз бе? Кетемін.

Қәрі хатшыдан басқалары бір-бір орындықты көтеріп маңағы Бурцев отырған бөлмеге қайта келді.

— Босатып жіберіңіз,— деді Бурцев Кенжеғараға бұрылып.

— Қәрі адам... Қыс ішінде босатқаным қалай болар екен?

— Ол жағын уайымдаманыз. Бұрын ол полиция қызметкері болған адам. Қазір екі баласы Ақмолада полицияда... Бай тұратын адамдар.

— Болсын.

— Кенсенізде енді мен айнала бергендей іс жоқ екен, болыс мырза. Степанов екеуміз көртышқанның індерінен басқа жерді түгел тінтіп шықтық. Мен бүгін жүріп кетсем бе деп едім.

— Жоқ, ертеңге дейін бола тұрыңыз осында. Ертенге шақырған болыстық екі мәжілісіміз бар. Сонымызға қатыспасқаныңыз жақсы болар еді.

— Жақсы, болайын.

Босатыңыз екен деген арызын алып кәрі хатшы қайта оқып қағазын ұсынды. Кенжеғара босансын деп қол қойды. Кәрі хатшы ешкіммен қоштаспай шығып кетті. Оған отырғандардың бәрі де жау көрініп еді.

- Сергей Павлович, мен хатшы тауып алғанша бірақ уақыт маған жәрдем ете тұрсаңыз қайтер?— деді Кенжеғара адвокатқа.

— Қазір қолым бос. Әбден болады. Игілік бір де қарсы бола қоймас.

— Ертең Бурцев мырзаны сол үйден аттандырып қайтарсыз. Сонда сөйлесе келерсіз...

Болыс кеңсесін ауылнайлар мен Жұмабек-төре өз еріктерімен-ақ торып жүр екен, кеңсеге тез жиналып қалды. Кенжеғара, қасында Бурцев пен адвокат Степанов бар, орындыққа отыра бере іске кірісті. Бернер мен Некрасов та келді. Кенжеғара:

— Бастаңыз,— деді адвокатқа.

Адвокат кешеден бері қолтығына қысып алған папкасын ашып жиырма тарақтай қағазға жазылған алты жүз адамның тізімін оқи бастады. Өңкей ер адамның өз аттары мен әкесінің аттары. Жүз шамалы адамның аты-жөні аталғаннан кейін Кенжеғара ауылнайларға қарап:

— Осы аты-жөні аталған адамдар қайсыңдікі, қай ауылнайдікі?— деп сұрады.

— Бізде мұндай адамдар болған емес.

— Бізде де.

— Бізде де.

Он екі ауылнайдың бір де бірі ондай адамдарды білмейтін болып шықты. Қазақ ауылнайлары әрі кетсе жүз жиырма, жүз отыз үйден сайланады. Бір ауылнайлыққа жер іргелес, көші-қоны бір, рулас ауылдар кіреді. Солай болған соң ауылнайлар сол рулас ауылдардың бала-шағасын дейін, бұзау-торпағына дейін біледі.

— Оқи беріңіз.

Адвокат тағы да жүз шамалы адамның аты-жөнін атады.

— Бұлардың ішінен білетіндерің бар ма?

— Жоқ, жоқ...

— Қызық екен... Өз адамдарыңызды өздерің танымайсыздар ма?

— Біздің ауылнайда мұндай бір адам болған емес.

— Бірінің аты танылса, әкесінің аты бөтен.

— Жұмабек-төре, сіз білетін боларсыз?

— Бәрі де осы елдің жігіттері ғой... Ет жеп, қымыз ішіп, қыз аулайтын ауылнайлар өз ауылының жігіттерін таны-

май қалса, оған кім кінәлі?— Жұмабек бір бәленің төніп келе жатқанын сезініп, мұрты дірілдей бастады. Сонда ол әңгіменің бетін ұзын сұре шытырманға қарай аударғысы келіп,— тексертсең бәрі табылады,—деп тоқтады.

Кенжеғара шыдамсызданып адвокаттың қолындағы тізімді өзі алды да:

— Бұл тізімді жасаған мына кісі,— деп тізім ұстаған қолымен Жұмабекті нұсқады.— Әрі кетсе Ордабай екеуі жасаған тізім. Ордабай, Жұмабек, Сикорский үшеуі қол қойған. Мынау сіздің қолыңыз емес пе?

— Болыс қол қой десе қолын қоймайтын кісі болмайды, шырағым,— деп Жұмабек Ордабайға кінә аударуға болатынын сезінгендей соны тұспалдады.

Ауылнайлар әлі де ешнәрсеге түсіне алмай отыр еді, Кенжеғара ызаланып, істің турасына көшті.

— Ордабай, Жұмабек, Сикорский үшеуі Қарағанды мен Ақбұйратқа алты жүз жаңа жұмыскер алынды деген өтірік тізім жасап, бір мың сегіз жүз сомды бөліп алыпты. Бұл тізім бойынша Қарағанды мен Ақбұйратқа бір адам жаңа жұмыскер әлі қосылмаған. Мен сіздердің алдарыңызға осы мәселені салып отырмын. Тізімді жасаған, ақшаны алған кісілердің біреуі, міне, алдарында отыр.

Ауылнайлар аңырып қалды. Ептілік деген бұлардың өздеріне де жат нәрсе емес. Бұлардың алатыны күмістеткен насыбай шақша, жез ораған қамшы, түлкі тымақ, әрі кетсе ер-тоқымнан аса алмайтын. Ал, мынау үшеуінікі тым қорқаулық болған екен. Түйенің жілігін жұту үшін қорқау бөрі де артына қарап алады екен деуші еді, мына үшеуі оны да ұмытқан!..

Дегенмен Жұмабекке жанамалап болса да жан тартатындар да бар екен. Екі ауылнай насыбай атысқан болып көз қағысып қалды да, соның біреуі қол тұзақ құрғандай ғана айла жасап, Кенжеғараға сұрау берді:

— Бұл кісі зауыттарға жұмыскер жинап бергенде адам басына үш сомнан алып тұрады дейтін еді ғой?

— Алып тұратын.

— Соның есебінен қалған ауыс-түйіс емес пе екен дегешім ғой баяғы...

— Менің сұрастырып отырғаным мына тізімдегі алты жүз адам демедім бе?

— Е, оны біле алмадық.

— Сен де оттай береді екенсің!— деді тағы бір ауылнай сұрау берген ауылнайға еңсеріле қарап.— Мына тізімдегі алты жүз жұмыскер табылмай отырған жоқ па?!

— Жұмабек-төре, соңғы рет сұраймын, мына тізіміңіз жайында не айтасыз?

Айттым ғой, болыс қол қой десе кім қол қоймайды?

— Қосарыңыз жоқ қой?

— Жоқ.

— Сіз тағы бірдеңе қосқаныңызбен ешнәрсе өзгермес еді,— деді Кенжеғара.— Өзгермес еді. Сіз Қарағанды мен Ақбұйратқа отыз жылдың ішінде төрт мыңнан астам жұмыскер жинап беріпсіз. Оныңыздың қаншасы шын, қаншасы өтірік екенін заң айырмаса, басқа ешкім айыра алмайды. Жалғыз даусыз нәрсе сіздің жұмыскер басына үш сомнан ақша алып келгендігіңіз. Оны кіммен бөлісіп келдіңіз, оны да заң орындары айырар. Мына тізім бойынша мың сегіз жүз сомды үш адам бөлісіп алғандарыңыз дәлелдеуді керек етпейді. Ісіңіз сотқа беріледі, бұл бір. Екінші, бүгіннен бастап сіз өндіріс орындарына жұмыскер тауып беретін қызметтен боссыз. Сотқа тартылатын айыпты адам ретінде ешқайда кетпей, үйіңізде боласыз. Бара беріңіз! Жұмабек салбырап шығып кетті.

Жұмабек кеткен соң, Кенжеғара сөзін аяқтады:

— Бұдан былай Қарағанды мен Ақбұйратқа жұмыскер керек болса болыстан сұрайтын болады. Болыс ауылнайларына тапсырады. Тиісті ақшасын да ауылнайлар алатын болады. Жетім-жесір қалған үйдің жалғыз еркегіне тимеңіздер. Осы елде жоқ-жітік деген көбейіп кетті. Жаңағы Жұмабек төреңіз қайдағы бір өзі де сорлап отырған үйлердің жалғыз еркектерін сыпырып әкете бергендіктен көбейіп отыр. Халқымыздың өсімі неден кеміп барады? Еркек қалдырмай сыпырып әкете берсең, бала қайдан болсын, халқың қалай өссін! Қарағандыға жұмыс сұрап келген әйелдердің бірі: «бай жоқ, бараншук қайдан болсын»— депті. Оны өздерің қалжың ретінде айтып жүресіңдер. Бұл қалжың емес, жігіттер! Қарағанды мен Ақбұйратқа жұмыскер тауып беру патшалықтың алым-салығы емес. Әркім қай жұмысқа болса да өз еркімен жалдануға тиісті. Жұмабекке ұсап қырына алғанды айдап әкете беруге тиым салынады.

Осы айтқандарын Кенжеғара Бурцев пен Степановка орысша айтып беріп, ауылнайлармен бірге олар да мақұлдады.

Кенжеғара тағы да бір сөйлерын айта бергенде Сикорский келіп кірді. Сикорский ызаланып та, қорланып та келген екен. Тегі Жұмабекпен кездескен болу керек. Сөзді содан бастап кетті. Тығыл-таяқ түсе қалған арқаның ал-

ашқы аязы мұрнынан қысып қалғандай, егер осында Чаков отырса ол оған «мұрныңды сүрт!» дейтін халде екен. Онысынан именетін емес, келді де де киіп кетті:

— Молодой киргизский волостной управитель, Рязанов компанияның оған бағынышты емес екенін біле ме екен? Мен соны сұрағалы келдім!— деді.

— Мүмкін, білетін болар,— деді Кенжеғара.

— Оны білсе, қызметкер алу, қызметкерді босату компанияның өз жұмысы екенін де біліп қойсын!

— Оны да біледі.

— Оны да білсеңіз, Жұмабек-төре біздің қызметкер. Ол кісіде жұмысыңыз болмасын. Менің басқа жұмысым жоқ сізде, кеттім.

— Мүмкін, мына бір тізімге көз сала кетерсіз... Аяқ жағында сіздің қолыңыз қойылып, мөріңіз басылған екен...— Кенжеғара манағы алты жүз адамның тізімін ұсынды.

Сикорский қойылған қолын, басылған мөрін көрген соң мұрнын өзі сүртті. Көзілдірігі де терлеп кетті.

— Енді отырарсыз,— деді Кенжеғара.— Отырыңыз! Қол мен мөр сіздікі ғой?

— Біздің жұмыскерлердің тізімінде сіздің не жұмысыңыз барын мен түсіне алмай тұрмын,— дегенде Сикорский ол даусын өзі тани алмай қалды.

— Сіз маған осы алты жүз адамның қайдан келгенін, қайда кеткенін түсіндіріңіз. Осынша адамның қайда кеткенін біз таба алмай отырмыз. Адвокат Степанов бұл баяғы Чичиков сатып алатын «өлі адамдардың» тізімі болу керек дейді. Сіз қалай ойлайсыз?

Ордабай ақымақ екен-ау деп ойлады Сикорский. Осындай тізімді орнынан түскенде өртемес болар ма!? Әлде, ылғи наразы болып жүретін кәрі хатшы шошқалық істеді ме екен? Бұл соның опасыздығы шығар-ау!.. Қасқа басына ара құсына дейін шық түсе қалғандай бөртіп тер мөлдіреп кеткен екен, бөркімен басын сүртті. Мұрнын да сипай кетті.

— Мен бұл адамдардың біреуін де танымаймын,— деді ақтығында.— Білсе Жұмабек-төре мен Ордабай Игілікович білетін шығар...

— Жұмабек төреңізді осы өлі жандар үшін босатып жібердік. Оның ісі сотқа беріледі. Кіммен жемтіктес болғанын әділ сот айыратын болар. Бізге айқын нәрсе — алты жүз жұмыскер алған болып бір мың сегіз жүз сом ақшаны үш адам бөліп алғаны. Ол ақшаны Сикорский мырза, сіз болепсіз. Бухгалтериядағы берген қуәлігі бар. Екінші, Бернер, Некрасов мырзалар, сіздерге айтамын: бұдан бы-

лай жұмысқер керек болса, мына отырған ауылнайлар тауып береді. Сіздерге қоятын жалғыз шартымыз бар: үй ішімен барлық жұмыскерлерге оңаша баспана беретін жалақысы дегеннің жайларын жақын арада келісіп алатын болайық. Ұрып-соғу дегенді тоқтатасыздар! Жұмыскер жалақысы дегеннің жайларын жақын арада келісіп алатын болайық. Бұдан отыз жыл бұрын белгілеген жалақыларыңыз өте төмен. Қазақ даласында жұмыс орындары көбейіп келеді. Барлық жас жігіттерімізді сол кен қазу орындарына беріп келеміз. Енді олардың тіршілігін ойлайтын да уақыт жетті десем ренжіменіздер. Ұзамай осы жалақы жайын кеңесетін болайық. Қарсы емессіздер ғой?

Некрасов пен Бернер мақұлдап бастарын изеді. Сикорский Рязановпен байланысуға керекті бір ай уақыт сұрады.

Кенжеғара үйіне кештетіп қайтып еді. Шешелері де, балалар да әлі жатпай күтіп отыр екен.

— Бұлекең кіндік шешемді сағынып қалыпты,— деп Кенжеғара үйге қалжыңдай кірді.— Сағынып қалыпты. Мен енді екі-үш күнге шыдай тұрыңыз деп әрең көндірдім.

— Екі-үш күнің көп қой, қарағым. Менсіз Нартай екеуі шай қойып іше алмайды.

— Нартайға шай қоюды үйретіп кеттім.

— Сен немене, от алуға келіп пе ең? Жатасың кіндік баланың үйінде!— деп Наргөз жабыса кетті.— Жатасың. Бұлекеңді де шақыртып аламыз.

— Е, ол қайдан болсын! Қолы босамайды оның.

— Анарды алып қаламын!— деп Гүлбәден дау шығара бастады.

— Сенің өзіңді Анарға ертіп жіберсем барасың ба?— деді Кенжеғара.

— Барамын! Алақай, алақай, барамын. Ертең кетейік жарай ма, Анар?— Бірқырын бұрылып бірдеме тігіп отырған Анардың арқасына жабысып, мойнынан құшақтай алыпты. Анар да қыз баланың көзімен Кенжеғараны сынай өтіп: жарайды,— деді Гүлбәденге.

— Гүлбәден барса, мен де қалмайтын болдым ғой,— деп баласына шешесі қуана қарады.

— Барасың,— деді Кенжеғара,— Қазан-ошағыңды алып бар.

— Алақайласам ұят болар ма екен?

— Дей бер... Екі күннен кейін мен бір жеті үйде болмаймын. Сол кезде Көпей апамның қасында болып көңіл көтеріп, бой жазып қайтарсың.

— Бір жеті бойы үйде болмасаң, тоймыз ұзап кетпей ме?

— Жоқ, ұзамайды, апа. Тойды кіндік шешемнің үйінде жасайтын бір қуанышымыз тағы бар.

— Е, тойға той ұлассын онда!

— Менің бір Нартай дейтін тентек інім болушы еді. Білетін бе едіңдер!

— Айналайын-ау, не айтқалы келесің? Жүрегім жарылып кетпесе қайтсын!— деді Көпей.

— Сол кісі әкесінен де үлкен десятник болды. Нартай екеуміздің тойымызды бірге жасайсыңдар... Ал, енді жылай беріңдер!

Екі шеше құшақтасып алып бұл жолы да егіліп жылап алды. Ара-тұра Кенжеғараны да құшақтап жылайды.

— Енді екеуің Анарды құшақтап тағы бір жылап алыңдар. Анардың ағасы Әлішер де Нартайдай үлкен десятник болды. Сол үш тойды да бірге жасандар!

Бұл жолы екі шеше Кенжеғара айтқандай Анарды құшақтап жылады. Анар да қосылып кетті. Жыламаған жалғыз Гүлбәден ғана. Ол:

— Аға, бері келші, «хан атпақ» ойнайық!— деп жалынып жүр.

Ертеңіне он екі ауылнайларын ертіп Кенжеғара бір жеті ел аралауға жүріп кетіп еді. Бір кезде Қарағанды мен Ақбұйрат елдің жоқ-жітіктерінің күн көрісіне үлкен тыныс болды ғой деп ойлаған екен. Енді қараса жоқ-жітік делінетін жұрт бұрынғысынан да көбейіп кеткен. Бұрын тек алыстан сезінетін ел күйзелістері жақындап келіп көзіңмен көргенде тенеуге келмейтін болып шықты. Бес үй кездессе екеуінде еркек адам жоқ, біреуінде бір көксау шал бар, екеуінде ғана ескі ауылдың ұсқыны сақталған. Еркек балалар сирек кездеседі, қыз балалар көбірек те өте жүдеу, он беске жетпей қартаятын шығар. Дамыл жоқ қасынып ғұрады. Жөтеліп қояды. Көбінің көздері былшықтанып, қызарып кеткен. Қандай сұлу боларлық қыз балалар жасынан мұндық, ойын-күлкі көрмеген мүләйім.

— Осы балалардың бәрі де жетім қалған ба?— деп сұрайды Кенжеғара жолдастарынан.

Жолдастарының жауабы біреу-ақ:

— Бәрі де Жұмабектің жетімдері. Әкелерін Жұмабек айдап әкететін болған соң балалар жетім қалмағанда қайтеді!

Бірінші кездескен қуаныш та, бірінші кездескен мұнаның ең үлкен әсер етеді. Кенжеғараның ел аралауға шыққан алғашқы күні ауыр әсер қалдырып келе жатыр. Ол Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді сияқты кен өндірістерінен үлкен бір үміт ететін. Жазғы аңызғағымен, қысқы үскірігі-

мен он жылда бір соқпай, бір тонамай кетпейтін жұттарда жан сақтап қалар бір сенімді пана көретін еді. Жұмыскер күні қырық тиын болса айына он екі сом, жылына жүз қырық төрт сом алады екен. Бұл бері салғанда бес аттың құны. Қазақ байларының жалшы-малшылары жылына бір ат таба алған емес. Осындай айна-қатесі болмауға тиісті есебінің өмірде дұрыс шықпайтыны неліктен? Қарағанды жұмысшыларының осынша мол табыстары елде қалған үй иштеріне қарасуға неге жетпейді? Сол үй иштері Қарағанды мен Ақбұйратты неге қарғап отыр?

Бүгін сол сұрауларына Кенжегара азын-аулақ жауап та алып келе жатыр. Бала кездессе — әкең қайда?— деп сұрайды. Жастау әйел кездессе — ерің үйде ме?— деп сұрайды.— Қарағандыда,— дейді олар. Дауыстары — айдалып кетті, түрмеде отыр дегендей үмітсіз шығады. Байы тірі болса да әйелі жесір қалғандай, әкесі тірі болса да бала жетім қалғандай.

— Апыр-ай, бір сорлыға ара түсе алмаған екенсіндер!— деді Кенжегара ауылнайларына қарап.

— Ойбай, болыс-еке-ау, Жұмабек-төре бет бақтырмайтын адам болып кетті ғой! Бізді адамға санады ма!— дейді ауылнайлар.

— Өздерің де Жұмабектің жемтіктесі болған шығарсыңдар-ау! Сендер де талай сорлыны зарлатқан боларсыңдар!— деп ойлайды Кенжегара. Бірақ, ешкімді қырына алып қоймай келеді.

Жолшыбай кездескен ауылдардың үш үйіне кіріп, халжайларын біліп шықты. Үшеуі де еркексіз, жұтап отырған кемпір-шал екен. Ері тірі болса да он-онбес жыл жесір отырған жүдеу-бас әйелдер, тыриған арық, ши борбай балалар. Қыс түсіп кетсе де жағылмаған пештер, төсеніш жоқ жер үйлер. Кенжегара ауылнайларына қарайды, ауылнайлары жерге қарайды.

Тағы бір сондай үйге кіргенде екі ауылнайы бірдей қызарып кетті. Әлде қандай қоқырдың астынан басын көтеріп алған москал әйел тепсініп тұра келді.

— Байымды әкетіп көксау қылып өлтірдіңдер. Жалғыз баламды былтыр айдап әкеттіңдер. Жаз бойы тезегіңді теріп, сиырыңды сауғанда берген жалғыз ешкіңді түндік шығының деп сатқызып бір теңге беріп ең. Сонынды тағы алуға келсең, мә, Қарыпбай әкеңнің басына қой!— деп бір сомдық күміс теңгені лақтырып жіберіп, бір ауылнайдың кеудесіне тигізді.

— Ешкі деген немене?— деді Кенжегара.

— Екі жылдық түндік шығыны бар еді мойнында...

кісін үш сомға сатқызып, екі сомын сол недойімкесіне кіздік те, бір сомды өзіне бердік.

— Осы сорлы да үй иесі деп санала ма?

— Кінегеде бар...

— Бір жаз жалшылықта жүргенде алғаны бір ешкі ме?

— Қосымша киім-кешегі де болады ғой...

— Бұл кісі қыстан қалай шығады енді?

— Мұндайлар көп қой, мырза...

— Жоқ, сен олай етпе, ауылнай мырза! Қазір сауылған бір сиыр бер. Қысқа жететін шөп үйіп бер.

Кенжеғара жерде жатқан күміс теңгелікті әйелдің өзіне ып берді.

— Шай-майыңа керек болар. Ал, жеңеше... ертең бір ыр сиыр әкеліп береді ауылнай. Отын да келер.— Сорәйел неше жылдан бері жақсылыққа танданып көрмеболса керек, көздері ұясынан шығып кетердей тандандыүндей алмай қалды. Сенді ме екен, сенбеді ме екен?..

Кешке жақын өрістен малдары қайтып келе жатқан ауға кездесті. Екі бала бір қара-ала таншаға кезек мініп, ек құлап ойнап жүр. Кенжеғара қуанып кетті. Екеуі де ті балалар екен.

— Салаумаликем!— деді Кенжеғара, таншасын қоя беп иненіп тұрған балаларға.

— Әкем әне тұр... Ерттеулі аттың қасында,— деп үлкенірек бала өз үйін нұсқады.

Баяғы көмір шанасын еңбектеп жүріп сүйрейтін Қолбақ ырма жігіттің ас басшысы бола жүріп, жиырма жылдың ішінде едәуір ақша жинап алып еді. Бұланбай, Алшағыр, үтіралі сияқты күшті адамдар өз алдына үй салып, бақты тастап кеткен соң, Қолбақ көмірден босанып елге йтты. Үйленді. Қазір екі баласы бар. Екі бұзаулы сиыр, і құлынды бие, он бес қой, бір аты бар. Қолбаңның бұдан ар арманы болған емес. Екі баланың әкесі сол Қолақ еді.

— Болыс қарағым-ай, Сейіт қайтқанда бір көріп едім... ынылмасам, танып тұрмын. Атыңнан түсіп қонақ бол!— і Қолбақ сәлем алып амандасқаннан кейін.— Мен жиырма жыл жер астында ташкемен Қарағандының көмірін ыған Қолбақ деген ағаң боламын.

Жанағы жәбірленген әйелге сауын сиыр беруге міндеттеген ауылнай болысты өз үйіне қондырғалы келе жатқан. ақ үйіне барғысы келмеген Кенжеғара атынан түсе берді. Ауылнайлары да аттарынан түсті.

— Мен бүгін де Бұланбайдың үйінен келдім. Бәрін де ріп, қуанып қайттым. Құдай бар болса бетіңнен жарыл-

қасың,— деді Қолбаң.— Қарағандыға жұмасына бір бо рып қайтпасам ауылға сия алмаймын. Менің туған-туыс қандарым сонда қалғандай болады да тұрады.

— Қазір өз ауылыңызда емессіз бе?

— Ауыл дейтін ауыл қалған жоқ, шырағым. Қараған лыда жиырма жыл ташкеге жегіліп көмір тасыдым, жиыр ма жыл бойы ауылды сағынып жүрдім. Қайтып келсем ауылнай бар да, ауыл жоқ екен.

— Ол қалай болғаны, отағасы?

— Ауылда құлағың үйренген ойын-күлкі, көзің үйре ген қыз-бозбаласы болмайтын ба еді? Осы күні оның бір де жоқ. Қәне, үйге кірейік.

Қолбаңның үй-іші әп-әдемі екен. Төрге сонша адамн көрпе төселіп қалыпты. Аласалау жер үй болғанымен пеш орысша кірпіштен салынған. Қолбаңның өзінен көп жас сыпайы ғана киінген әйелі бар екен, сыпайы ғана аманда ты да шығып кетті.

— Сіз жас кезіңізде ойын-сауыққа көп араласқансы ау, сірә?— деді Кенжеғара.

— Жоқ, өзім күлкі болып жүретінмін... Мен жасымн ауыр денелі болдым. Жас жігіттер мені көтеріп ықтә тастаймыз деп әуре болатын. Тізесінен асыра алмай тасте жібереді. Замандастарым «сенің етің қорғасыннан жара ған шығар» деп күлісіп мәз болады. Оған менің нем кет жатыр? Мен де күлем... Мені Бұланбайдан басқа бір ада ныңынан тастай алған емес. Шіркін, Бұланбайлар алы қой! Осы күні елде бір жігіт жоқ.

— Ауылдың тағы нелері жетпей жатыр?

— Жігіттері жетпеген соң қыздарын басқа елдің ж гіттері әкетіп жүр. Он беске жетсе болды, бір салпы ауы салпан құлақ келеді де, қой орнына алады да кетеді. Ойы да жоқ, той да жоқ. Мына қатынды мен де су тегін алды Алты қатынның ішінен таңдап жүріп алдым. Қолбаң қаты таңдағасын, аржағын сұрамай-ақ қой, шырағым. Қасы дағы ауылнайларың екі күнде бір қатын алады. Үш күн бір қатын тастайды!..

Адамның момыны Қолбаң Бұланбай, Алшағырларме жиырма жылдай бірге қостас бола жүріп недәуір ашылы қалған екен. Қарағандыда Акула оны еркектердің ішінде қатыны дейтін. Қарағандыға дейін рулас отыратын елді ішіндегі «жаманы» да осы Қолбаң болатын. Енді ол е ішіндегі көнбістікті ұмытып, қисық-бұрыс сұрлеуі бар зұ лымдыққа көріне қарсы шыға алатын ынғайын таныт сөйлейтін болыпты. Жұмыскер қауымынан қыр елдерін соққан жаңа бір лебіздей көріп, Кенжеғара соған қата

уанды. Елдің бұран-бұралқы мінездеріне бой ұрмайтын, ұрасына тартатын жаңа адам көріп қуанды. Кенжеғара... сол ойына қарай, сол түні, тап сол үйде бір оқиға да ... сесіп қалды.

Шырт ұйқыда жатқан қонақтарды есіктен сөйлей кірген ... даусы оятты.

— Ойбай, Қолбаң, біздің үйге екі ұры келіп отыр. Же... геген жылқылары бар. Жылдам ас істе деп жанымды ...ғамнан шығарып жатыр! Шай қойдым да, шошаладан ... келейін деген болып шықтым да жүгірдім осылай қа... ай,— деді.

Кенжеғара поштабайы мен екі ауылнайын жұмсады.

— Ұры болса осында алып келіңдер. Жай жүргінші ...са әурелемессіңдер.

— Жылы киініңдер, боран соғып тұр,— деді әйел.

— Боран соғып тұрса ұры болғаны!— деп Қолбаң өз ...сімін айтты.— Мана осы елде тағы не бар деп сұрап ...ің ғой, болыс шырағым. Елде ұрлық көбейді. Аш ауылдар ...ы. Қысқа қарай соғым ұрламағанда қайтсін? Аштан өл... ы ме?

Ауылнайлар мен поштабай екі адамды айдап әкелді.

— Ақы адал еңбегімізді алып келеміз.

— Екеуміз бес жыл жалшылықта жүргенде бергені екі ...ыша!— деп екеуі де зарлай кірді.

Сұрастыра келгенде жігіттердің сөздері расқа айнала ...рді. Тыран деген байдың біреуі үш жыл, біреуі екі жыл ...лқышысы болған екен. Байдың бергені екеуіне екі тан... а!..

— Таншаларың қайда, алып па едіңдер?

— Жоқ, алғанымыз жоқ. Жылқыдан екі құлынды бие... ш жетелеп алдық та жүре бердік.

— Тыранның ауылы қанша жерде?

— Білмейміз... Бұл ауылға адасып келіп кездесіп қал... ық. Боран қатты боратып кетті.

— Оң шақырымдай болар,— деді поштабай.

— Тыран қайсың қарайтын еді?— деп сұрады Кенже... ара ауылнайларынан.

— Маған...

— Саған қараса, поштабай екеуің өзін осында алып ке... іңдер.

Ауылнай мен поштабай жүріп кетті. Ауыз үйден, қо... ында қамшы, Қолбаң келіп кіре беріске жақын, пешті... ң сына отырып еді, көйлекшең қалғанда денесі тіпті мол, «тай жүзіген» деп аталатын сабадай екен.

— Қатын, арқан әкел! Мына екі қарақшыны менің екі

аяғыма байлап бер!— деді әйеліне.— Енді бұлардан ме
жауап аламын!

Әйелі ауыз үйден: «қойшы әрі»,— деді де, көрінбе
жоқ.

— Сендер-әй, өзі аштан өлейін деп отырған кемпірл
неге қорқытып жүрсіндер?

— Құдайға иланса ңыз екі күннен бері ашпыз. Тыран
ның жылқысын екі күн торып, бүгін түнде әрең сәті түсті.

— Өздерің кімсіндер, қай елсіндер?..

— Бөтен емес, Қаракесекпіз.

— Қатын-ай, шай қой, тамақ бер мыналарға! Ым-м.
Айдаладағы Қаракесек Қуандықтың кер-азу байына қа
дан келіп жалданып жүрсіндер?

— Қарағанды ашылғалы Қуандықтың байлары жалшы
ны біздің елден жалдап жүрген жоқ па?

— Сендер ғой, қыз-қатынды да Қуандықтан таскә
қыласындар?

— Ондайымыз жоқ емес. Осы отырған екеуіміз де Қу
андыққа күйеуміз.

— Естіп отырмысың, болыс шырағым? Біздің елде жі
гіт қалмай барады. Қаракесек болмаса қыздарымыз үйінд
картаяр еді! Жүріндер, шай ішейік.

Қолбан екі жігітті ауыз үйге алып кетті. Кенжеғара р
ойларымен жастығына қисайды. Ауыр ойлар. Бұл ел
жігіт қалмапты. Бұл елдің байлары жалшыны басқа елде
ден іздейтін болыпты. Бұл елдің қыздары басқа елерд
жігіттері болмаса үйінде қартаюға қалған. Қазақ бір қар
майды бір құмалақ шірітеді дейді. Орыстарда бір бөш
балды бір тамшы қарамай бұзады дейді. Сонда сол бір құ
малақ, сол бір тамшы қарамай жалғыз Жұмабек-төре бо
ғаны да! Жұмабекке Ордабай мен ауылнайларды, ақсақа
қарасақал ру басыларын, билерді қосқанда бар бәлен
аты аталып болар ма екен? Надандықты қайтесің, көнбі
тікті қайтесің? Елдің иығына мініп алған жалғыз осыл
ма? Бәріміздің бас иетін үлкен құдай бар! Ол құдай көр
де емес. Екі ауыз сөзді дұрыс жаза алмайтын, үш ауы
сөзді дұрыс айта алмайтын надан урядниктің кеудесін
таққан жез белгісінде, аяғына соғылып жүретін қыл
шында.

Таңертеңгі шай үстінде поштабай мен ауылнай Тыр
байды алып келді. Зор денелі, суық жүзді адам екен
Үсті-басын қағынып тұрып үйде отырғандардан сәлем с
руді күтті. Ауылнайлар сәлем беруге Кенжеғарадан ы
сып бата алмаса да, самауырға қарай жылжып төрд
орын көрсеткен ишаратын жасады. Жаюлы жатқан даст

ошпың шетін қайырып, алдарынан кесіп өтетін жол ашты. Шай аяқталған соң, Кенжеғара Тыраннан жауап алуға кірісті.

— Мына жігіттерді танисыз ба?— деді түнде қолға түскен екі жігітті нұсқап.

— Танимын. Біздің үйге дәмдес болған жігіттер.

— Осы екеуі сізде алынбаған еңбек ақымыз бар деп келіп отыр.

— Болса болар... Балалармен есеп айырысып жүргендерін көріп едім. Қалай аяқталғанын сұрағаным жоқ. Алынбай қалғандары болса жүрсін менімен...

— Бұлар сол алынбағандарын өз қолымен алып, сіздің екі құлынды биеңізді әкетіп бара жатыр екен.

— Менің бе?

— Сіздің.

— Менің малым түгел. Осы үйдің алдында тұрған екі биe ме?

— Сол болар.

— Ол менікі емес... Қайдан ұрлағандарын өздерінен сұраңыз... Айтар.

— Анық сіздікі емес қой?

— Мен өз малымды өзім танитын кісімін.

Кенжеғара едәуір қысылып қалды. Ұрыларға болысқан болып шықпаса қайтсін?

— Біздің түндегі айтқанымыз айтқан. Ақы адал еңбегімізге үшін осы кісінің екі құлынды биесін алдық та кеттік.

— Менікі емес деп отырған жоқ па?

— Онысы өтірік. Екеуі де өзіміз баққан, ең-таңбасына дейін білетін биелеріміз.

— Ойбой, байғұстар-ай!— деді Тыран кеңкілдей күліп.— Біздің жылқыға жақын Қошқарбайдың бір қос жылқысы жатушы еді, содан әкеткен екенсіңдер ғой!..

— Жоқ, сіздің жылқыдан алдық. Екі күн торып жүріп, ерең сәті түсті. Жылқышың Әбікен кешкі тамағын ішуге қосына кеткенде алдық та жөнелдік.

— Е, менікі болса сұрауы жоқ, әкете беріңдер. Кейін иесі табылып қалса өз обалдарың өздеріңе!.. Боласнай қазір алдап берсе де қарсылығым жоқ.

Кенжеғараның қысылысы күшейе түсті. Шындық әрине, жігіттер жағында. Олай болғанда бай адам өз малынан басқа неге безеді? Малымды ұрлап әкетіп барады деп дауласпақ болар ма! Бұл залымның ойында не бар? Мені де бірдеңемеге ілектіргісі келмей ме екен? Ойлана келе залым молданың амал-айласын тапқандай болды.

— Малдың жайын қоя тұрайық. Иесі бір табылар. Мы-

па екі жігіт сіздің үйде бес жыл жылқы бағыпты. Сіз екеуіне екі танша беріпсіз. Бұлар бес жылқы даулайды. Біз ауылнайлармен кеңесіп, келісіп отырмыз: әділет те, заң да осыны қолдайды. Есіңізде болсын, Қарағандының жұмысы кері жылына бес жылқының құнын алады.

— Байып кеткендері сол екен ғой!— деді Тыран мырқылдай күліп.

— Онда сіздің жұмысыңыз болмасын. Мына жігіттерді еңбек ақыларын төлейсіз бе, жоқ па?

— Төлемесем?

— Сотталасыз. Ақмоладан арнаулы сот шақырамыз. Шығыны сіздің мойныңызда болады. Оның өзі де он жылқыдан кемге түсе қояр ма екен!..

— Бес сиыр берсем қалай болар?

— Бес жылқы! Кесім өзгермейді. Қазір екі ауылнайды ертіп барып, бүгін беріп жібересіз! Ауылнайлар акты жасап, қолыңызды қойғызып әкеледі.

Енді Тыран бай қысылып қалды. Жас болысты шатастырып, анау екі жігітті ұры қылып шығарам ба десем, әрі Игіліктің баласы, әрі оқыған ит, өзім құрған қақпанымөзімді түсіргелі келе жатқанын көрдің бе! Енді мына сөз құлынды биеден айрылып қалмасам жарар еді...

— Болыс шырағым,— деді Тыран,— ел аралап шыққа бірінші сапарың екен... Көңдім жарлығыңа. Бесеу болса бесеу болсын, жылқы болса жылқы болсын. Осы үйдің қасында төртеуі тұр ғой... Тағы бір ат беріп жіберейін.

— Жоқ, ақсақал... Ол төрт жылқы менікі емес дедің ғой? Амал жоқ енді, сол екі құлынды биенің иесін іздейтін боламыз... Табылатын болар...

— Шырағым, бет алысынды байқап отырмын. Айтқаныңнан қайта қоймайтын жігіт боларсың. Сонда да кеңірім сұраймын: ол екі бие, екі құлын менікі. Кесіміңе кіргізетін бол.

— Олай болса екі құлынды бір ірі жылқыға санайық. Енді екі ат беріңіз екі жігітке. Дұрыс па, ауылнайлар?

— Дұрыс, дұрыс!

— Дұрыс болса, екеуің мына кісіге ере барып екі ат алып келіңдер. Мен осы үйде күте тұрамын.

Кенжеғара әлденені ойлап Тыранның жүзіне қадала қарап қалған екен, Тыран шошынып, қозғалақтап кетті.

— Сіз ғой бізді ақымақ қылғыңыз келді!— деді Кенжеғара.— Сіздің «мал менікі емес» дегеніңізге сеніп қалсақ, мына екі сорлы ұры деп танылып, сотқа тартылып жүрер еді. Сіз он бес-жиырма күннен кейін осы екі құлынды биеп

...не кімдерді «ие» қылып шығарып, солар арқылы малы... қайтарып алар едіңіз. Дұрыс па?

Ғыран жауап қайтармай отырып қалды. Ауылнайлар ...сынан:

– Дұрыс қой осыныңыз,— дескен дауыстар шықты.

Кенжеғара тағы өзі сөйлеп кетті:

– Елді көріп келе жатырмыз. Не көп, аш-арық көп. ...ресе, жас балалардың жайы жаныңа батады. Мені әрі ...се он күн ішінде жетім балаларға жатақхана ашу керек ...дар деймін. Одан-бұдан жинастырып, қазынадан да ...ық-түлік сұрап алармыз. Әйтеуір асырармыз...

– Ойбой, мұныңыз енді айта қалғандай жұмыс болады.

– Елдің қайырымды-мейірімді адамдары да қарап ...мас...— десті ауылнайлар.

— Сол жетім балалар үйіне ең алдымен мына кісіден ...рік айтқаны үшін айып ретінде екі бұзаулы сиыр алып ...ген дұрыс болар,— деп отырмын деп тоқтады Кенже... ...ра.

Ауылнайлар қолма-қол жауап қайтара алмай қалып ...й,— бұл іс басынан аяғына дейін сот қолынан өтеді. Біз... ...п кеткен артық-кем қате болса, сот оны түзейді,— деді.

Сол күннен кейін Кенжеғара он екі ауылнай елін үш күн ...лады. Ел бейнесі бұған дейін көргендерінен өзгерген ...ақ. Байлары баяғы қалпында — жер де солардікі, ел де ...дікі. Ауылнайлар солардың шабармандары, қорғау... ...ары. Алым-салықты бай мен кедей түндік басына бір... ...й төлейді. Бай ауылдардың жігіттері де көп, әйелдері де ...ақы. Ойын-сауық та соларда. Кедей ауылдарда мұның ...рі де жоқ, жартысы да жоқ...

Бұдан әрі елді құр аралай беруден гөрі ел үшін тығыз ...рдемелер істеу керектігін ойлап, осы бір көңілсіз сапа... ...нда айтқандарын орындатты да, Кенжеғара болыс кеңсе... ...не қайтты. Ауылнайларын үш күннен кейін сонда келуге ...лықырды.

7

Нартай мен Әлішер, Кенжеғара үшеуінің тойлары ше... ...лері үшін өмірінде бір көрген қызықтары, бірінші көрген ...ұпыштарындай болып өтті. Көпей де, Наргөз де екі бай... ...ың тұтқыны болған кедей қыздары, сол байлыққа ауызда... ...ы тұшып көрмеген жандар. Жастық шақтары ұйқылы-ояу ...ең-зең уайым-қайғымен өтті. Тұтқыннан босанған жан... ...ың қуаныш шегін тұтқын болған адам ғана түгел сезіне... ...ш болар. Екеуі де жасарып кеткен, жайраңдап жүр. Әсі-

ресе тұтқыннан жаңада ғана босанған Наргөздің өлең айт
қысы келеді. Оның жан-жүрегі енді ғана босаныпты. Көп
таныс адамдардың бәріне де ұяла қарап келген Наргөзд
қуанышына қуанып жүр. Бір кезде Жұманның әйелі болға
Көпсей Бұланбайға қосылғалы өзінің тұтқын болған кез
біржола ұмытқандай ылғи көңілді жүретін. Наргөзд
азат болғаны бұл ғана.

Кенжеғара екі шешесі мен Алшағырдың әйелі Күнзил
ға Қарағанды барақтарының арасында кездесіп еді. Үш
әйел қолдарында буы бұрқыраған алты шелек ет, үлкк
бір бараққа жақындап қалған екен. Күн әрі суық, әрі б
ран, кешкіріп қалған кезі еді.

— Аман қайттың ба, айналайын!.. Біз тойды баста
жібердік. Бұлекеңнің үйінде отыра тұр,— деді өз шешес

— Көміршілердің күндізгі кезекке, кешкі кезекке кет
тіндері бар, тойды бір күнде өткізе алмадық,— деп Көпс
жайды түсіндіре сөйледі.

Бұланбайдың ауыз үйі де лық толы піскен ет екен. Бұ
ланбай мен Алшағыр екеуі білектерін сыбанып алып ет б
ліп, тағы да бір бараққа жібергелі жатқан. Қолдарынд
шелектері Жабай бастаған үш жігіт жөнелгелі тұр. Шелек
толы еттің үстіне екіге бөлінген жылқы, сиыр, қой бастары
орналастырып жатқан кез.

Кенжеғара сәлем бере кірді де:

— Тойларыңыз тойға ұлассын!— деді.

— Аман қайттың ба, шырағым? Сенің екі шешең кә
Бұланбай мен кәрі Алшағырды кешеден бері қасапшы қы
лып алды. Көремісің, кім болғанымызды?-- деді Бұланба

-- Той екеуіңіздікі... Киіз кімдікі болса, білек соны
деген бар емес пе?

-- Ойбай-ау, бізге тойды билетіп отырған кім бар?
деді Алшағыр да қалжыңдай сөйлеп.— Билік өздерінде, ен
кемпір салып жүр сайранды. Әлгі біздің жөлөкпе қатынд
да қосып алды. Барактарға барып, той-думанды өткізі
жүрген де солар... Біз міне, қалдық отырып.

— Онда мен де қосылдым сіздерге.

— Жоқ, төр үйге барып дем ала тұр.

— Біз де бітіріп келеміз.

Төр үйде Кенжеғара өзінің Варшава керуетін, бет ора
малын, жастықтарын таныды. Төрге төселген күрең кіле
де өз үйінен келіпті. Өзге не барына қарағаң жоқ. Өз ше
шесінің ұқыптылығына қуанды да, Бұланбай сияқты еркеш
тің өмір бойы жұтаң жоқшылықта қала барғанына іші ауы
рып кетті. Не деген кисынсыз, не деген тоңмойын, рақым
сыз өмір!..

Анар мен Гүлбәден әрине «Хан атпақ» ойнап отыр.

— Кел, отыр! Бес күннен бергі ұпайымды бер!— деп қарындасы тұра келді. Ағасы қарындасын құшақтай көтеріп алып еді, ол ағасының мандайынан шертіп, «бес күннен бері алынбаған» ұпайын ала бастады. Бір, екі, үш... Жас баланың мұнысы ағасын сағынғандықтың, жақсы көретіндігінің барып тұрған шынайы белгісі болады да!

— Мен енді ауылға қайтпаймын. Апам да қайтпайды. Сен де осында келесің. Төсегіңді әкеліп қойдық, көресің бе?

— Неге қайтпайсың?

— Мені бәрі жақсы көреді. Анар да, Көпей әжем де, апам да, Нартай да жақсы көреді.

— Бекет те жақсы көре ме?

— Ол тентек. Сен қоян бол, мен қасқыр болам дейді маған. А, мен одан қорықпаймын.

Қарындасы бар айтарын айтып та болды. Табан аудармай ұмытып та кетті. Кенжеғара қарындасын жерге түсіре беріп, қыз әдебімен тұра келген Анарға қарады. Анада көргенінен өсіп кеткендей екен. Сыпайы ғана әп-әдемі киініпріп қойыпты. Бойшаң да сымбатты болатын түрі бар. Кенжеғара неге екені белгісіз шашынан сипап қалып еді, қыз денесінің дір етіп қалғанын сезінді. Жігіт қызығып кеткендей еді, жас қыз ығысып кетті. Осындайды аңдып жүретін ақ сайтан «қап!» деп санын соғып қалды.

— Аттарды қайда қоямыз?— деп поштабайы келді.

Кенжеғара ойланып қалды. Қарағандыда ат қояр жер де жоқ, шөп те жоқ. Қарағанды амалсыздан тұрып жатқан жаяу адамдардың мекені.

— Не біздің үйге, не болыс кеңсесіне барасың да. Біздің үйде атшыдан басқа жан жоқ шығар,— деді Кенжеғара.

— Онда мен Кеңсараға кеттім. Болыс жоқ та мен өзім де болыспын ол ауылға! Қашан келейін?

— Келмей-ақ қой, сонда боларсың. Ертең Степанов осында келсін.

— Аға, отыр... «Хан атпақ» ойнаймыз!

Барақтарда той өткізіп қайтқан шешелер мен жігіттер Бұланбайдың үйіне түнделетіп кеш оралды. Бәрі де көңілді келіпті. Той өткізіп келді ғой! Қазақ деген елде бұдан жұмыны, бұдан жүдеу той болып көрген емес. Әр барақта бөлек-бөлек отырып, шелекпен келген етке жабыла кеткен той бола ма екен? Тойдың қызығы қайда? Шапқан аты, бәйгесі қайда? Күрескен балуаны қайда? Ойын-сауығы қайда? Барын киініп, жайнап шығатын қыз-бозбаласы қайда? Ойын бірі де, бірі түгіл жартысы да болған жоқ. Бірақ, са-

на-сезімді ықтап, біржола басып алған ауыр өмір салмағы жұмыскерлерді күн көрістің құлдығына айналдыра жаздаған еді. «Той!» деген жалғыз ауыз сөз адам өмірінің ойнап-күлер, қалжындасар кездері барлығын еске салып, бір сәтке барлық құнарсыз да мұнарсыз тіршіліктерін ұмыттырып жіберіп еді. «Балалардың тойы» барлық көміршілердің есінде қалатын ең үлкен той болды.

Кенжеғара шешелеріне мақтау-мадақтау айтты:

— Екеуің де жасарып кеткендей екенсіңдер. Тіпті шаршамапсыңдар ғой!— деді.

— Қанат біткендейміз,— деді Көпей.— Қанат біткендейміз, қарағым. Екеуміз де бір кезде өз үйірінен қан жылатып айырған сорлы емес пе едік? Сол үйірімізді қайта тауып, төбеміз көкке аз-ақ тимей жүрміз.

— Сенің қуанышында жұрттың қуанғанын көргенім осы. Не деген бауырмал жандар! Гүлбәден тіпті үйге қайтпаймын деп жүр,— деді Кенжеғараның өз шешесі.

— Маған да айтты онысын.

— Гүлбәден түгіл сол көр-лахатқа өзім де қайтқым келмейді.

Шешесінің өз үйінен неге безінетіні Кенжеғараға өте түсінікті. Жалғызсырап өскен қарындасы да, шешесі де өзімен теңдес ел сағынады, қауым сағынады, бала балаларды іздейді, шеше шешелерді іздейді. Қарапайым жұрт жұмыскерлер бұлардың өз теңдесі, бір ұядан шыққан адамдар. Енді олардан айрылғылары келмей бастапты.

Шешесінің өз үйінен безінер себебі тіпті теренде жатыр. Осы күні ол үйге кім келсе де көңіл айта кіреді. Балғын жас шағынан Күреңгөз қожаның тұтқыны болып келген Наргөз енді соның жесір қалған әйелі болып «қайыры болсынды!» қабылдау керек. Мұнайған қалыпта отырып да тиісті шығар. Кенжеғара болыс болғалы мұндай көңіл айтулар жиіленіп те кеткен болар. Күні кешегі өсекшің бүгін жағымпазың бола кететін заман емес пе? Шешенің мұндай ауыр халін баласы айтқызбай түсінуі керек те.

Кенжеғара шешесіне қалжындай жауап берді:

— Қарағандыда қалу үшін Нартайға арыз беремін... Солай да солай, осында көмірді топырағынан айырып отыратын әйелдер, балалар да бар екен. Мені де сол жұмыска алыңыз дейсің...

— Оныңа да көндім.

— Пәтер үй табылар ма екен?

— Табылады. Екі кемпір осы үйге сиыса алар емеспіз. Назыкештің үйіне көшіп аламын.

— Апа-ау, бәрін де ойлап үйлестіріп қойыпсың ғой!

— Өзің ғой қазан-ошағынды ала бар деген!

Кенжеғара шешесінің бұл ыңғайына да түсіне қалды. Жас баласы бар жалғыз қалған жесір әйел Назыкеш көмірге түсе алмайды. Амалсыз түсем десе, оның баласын кім бағады? Шешесі соған әрі серік, әрі қорек болғысы келеді. Шеше жүрегіндегі мейірім ақын жүрегіндегі жыр сияқты. Ондай мейірім де, ондай жыр да ағытылып-төгілмей кетпей жаныңа тыныштық бермеуі керек. Оның екеуі де адам жаратылысындағы бір сиқырлы сыры. Ағылған сайын, төгілген сайын толыға береді, өндене береді.

— Сенің төсегіңді де осында әкеліп қойдық,— деді шешесі. Оның аржағында да айтары бар еді, айтпады, іркіліп қалды.

— Тұрсын.— Кенжеғара сонау үйге енді өзі де бармайтынын шешесіне осы бір ауыз сөзбен білдірді.

Ауыз үйдегі жұмыстарын бітіріп, Бұланбай мен Алшағыр да келді. Кенжеғара шеше көңілін біржола тыңдырғысы келіп жаңағы әңгімені еркектердің құлағына сала кетуді мақұл көрді.

— Бұлеке-ау, апам қонаққа барам деп кетіп еді, енді ешті үйіне қайтармайтын болғанымыз қалай?— деді қалжыңдай сөйлеп.

— Бұл екі кемпір әбден құтырып алды, шырағым... Бұланбай полнай атказға шықты,— деді Бұлекен.

— Мен де қосақтала кеттім,— деп Алшағыр да қалжыңға араласты.

— Мен де сіздерге ілесіп кетпес пе екем?

— Түптердің түбінде ол да болмай қалмас. Кемпірлер енді қала саламыз десіп жүр.

— Қала?

— Ие, қала!.. Кеше осында кіреші Ыбырай келіп еді, қатындарды сол елірме құтыртып кетті.

— Қалайша?

— Өзің Ушаковтың үйін сатып алған екенсің ғой. Соны орыстарға бұздырып болып, ағаштарын қайда тасытайын деп өзіңді ізденіп келіпті. Сол елірме енді қыстау емес, қала салу керек!..— деп еді, қатындар соның сөзіне еріп елірді де кетті.

Кіреші Ыбырайдың кеше келгені де, әйелдерді біраз желіктіргені де рас еді.

— Былтыр ғана жаяу-жалпы көшіп келген орыстар қандай әдемі үй салып, бір жылдың ішінде қандай қала болып кетті! Құдықтары қорасында. Олар қар суын ішпейді. Үйлерінің нары бар. Пештері қандай кірпіштен салған! Терезелері қандай есіктей! Әр үйде бір монша. Қандала, бұр-

ге, бит дегенді олар білмейді. Бұдан артық қатындарға қандай рахат керек!— деп мақтаған.

Ыбырайдың қала дегені шаһар емес, әрине, дерезе. Бірақ, бүкіл қазақ елі деревняны қала деп кеткен. Ыбырайдың мақтағаны да сол.

Қала деген ой да Ыбырайдікі емес, Некрасовтың кабинетінде туып еді. Кенжеғара Ушаковтың үйін бұздырып қайта салдыру үшін Некрасовтан құрылыс маманын сұрағалы барып еді. Некрасов сөзге келген жоқ, Ремизов деген қартаң маманын берді.

— Үйіңізді Қарағандыға жақын жерге салдырсаңыз бізге де теріс болмас еді. Ушаковтың үйі жақсы үй. Оның айналасына қазақы қыстаулар үймелеп кеткені де дұрыс болмас. Мүмкін, деревня ретімен салдырарсыз. Сикорский барлық құрылысымызды тоқтатып тастады да, қандай да мамандарымыз бос отыр,— деген.

— Қыстау салармын деген ойым жоқ. Бірақ, деревня деген ойыма келмеп еді,— деді Кенжеғара.

Кенжеғара бұл жаңа ойды Бұланбай мен Алшағырға да айтқан еді. Олар қала салатын жер іздемек болған.

Әйелдер таң атқанша созылған тойдың аяқ-табағын жинап болып, енді таңертеңгі шайды әзірлеп жатқанда кіріп келгеші Ыбырай мен Қолбақ, Байжекең үшеуі келді.

Бұл үшеуі өткен түні үш барақта той өткізіп, дырдуманың басында болған еді. Енді «Той тарқарды» Бұланбайдың үйінде өткізуге келіп отыр.

Байжекең мен кіреші Ыбырай бірінен бірі бұрын сөйлеп, ұзағырақ сөйлеп, Ыбырай Игілік әулетіне жарамсақтана жүреді.

Байжекең үйге кіре бере:

— Жарадың Наргөз, Көпей екеуің Қарағандының өзінен кетпес шалқар той жасадыңдар ғой!— деді.

— Тойдың нағыз шалқарын болашақ қаланың мешіті дей, не болмаса ояздың өзінің үйіндей, Ыбырай қызын кәсе одан бөлек қылып салынайын деп тұрған боласпай балының үйі біткенде көрерсің!— Ыбырай Байжекеңмен асығыдым-ау, дегендей әрең тоқтады.

— Жоқ, Ыбырай, бірінші тойдың аты бірінші болып қалады жұрттың есінде,— деді Байжекең.— Балалардың тойынан артық той бар дегенді қайдан естіп жүрсің?!

Ыбырайға қалайда Кенжеғараның көңілін аударып әкету керек болып қалды. Әйтпесе кәрі Байжан Омбы, Қызылжарда көрген бірдемелерін қозғап, сөз бермей кетуі мүмкін.

— Боласпай шырағым,— деді Ыбырай,— мен осы үйді

бүгінші рет келіп отырмын.— Кәрі Ыбырай қазына жұмы-
ы деген жаның аямайтын адам. Үйінді бұздырып бол-
ым. Ағаштарын нөмірлетіп, пештің кірпіштеріне дейін дәс-
үрлеп бөлек жинатып қойдым.

— Ремизов деген бір үйші барса керек еді ғой, барма-
ы ма?

— Баруын барды ғой... Бірақ, ол өз көзіндей қайдан
ісын! Мен байғұс күйіп-пісіп жүрген.

— Рақмет, Ыбеке.

— Енді сол үйдің ағашын қайда тасытарымды біле ал-
май, сасып жүрмін...

— Бұлекең мен Әлекең қала салатын жерді көріп келсе
ерек еді ғой.

— Көрдік.

— Е, бұлардың көріп келгендері жер емес. Ондай жерге
қала салуға болмайды. Сарыбұлақтың суы қысты күні бал-
ай болса, жазды күні сиырдың сідігі татып кетеді. Қала
алатын жерді мына мен білемін!

— Қала салғызасың ба, шырағым?— деп Байжекең
ңеңе ете түсті.— Міне, бұл табылған ақыл! Қоянның құма-
ғындай әр жерде шашылып отыруды қоятын кез болды
ой! Симай жатқан малың болмаса, сыспайтын неміз бар
ңдің? Бір үй қала салса, Байжекең соның қасына көшіп
рады.

— Мына екі шешем қала салайық деп болмай жүр,
Байжеке.

— Қап, қатындардың бұрын айтып қойғандарын қара
ым! Мен өзім де осыны біреуге айтайын деп жүр едім.

— Қала салынатын болса, мен де көшіп келер едім,—
еп Қолбаң өз ойын естіртіп қалды.

Қайдан ғана кездесе кеткен көлденең адамдар сөзін бө-
ін жібергеніне кіреші Ыбырай намыстанып қалған екен.
ндігі айтарын өзгелерді түгел ысыра сөйлеп кетті:

— Қазақта ақыл жоқ,— деді әуелі,— ақыл жоқ. Әуелі
ңар жерін белгілеп алар болар еді. Одан соң үйін салып
ар болар еді. Содан соң көшер болар еді... Қала салу де-
ің ол саған баран шихайт, бараншук плакайт емес!

— «Қап!»

Кіреші Ыбырайдың орысша білгенсіп, мақтана сөйлеге-
і Байжекеңді менсінбеу, қорлаудай көрініп кетті. Кімді
ысынады? Ол білген орысшаны Байжекең білмей ме екен!..

— Ти Ыбырайка, аято слово так понимайт надо: баран
ихайт резат надо, баранщок плакайт — кормит!— деді
Байжекең.— Осылай емес пе?!

Екі есерлеу адам қыза келе қызарысып кетер деп хауіптенді де, Кенжеғара тоқтау сала жауап қайырды:

— Екеуіңіздікі де дұрыс... Түскі тамақтан кейін бәріміз бірге жүріп қала салатын жерімізді белгілеп қайтсақ қайтер?— деді.

Тамақтан кейін Кенжеғара, Бұланбай, Алшағыр үшеуі шанада, Ыбырай мен Байжекең, Қолбан үшеуі салт, жер көруге шығып кетті. Кіреші Ыбырай — әуелі мен айтқан жерді көрейік деп алға түсіп шоқыта жөнелді. Байжекен шанамен қабырғаласып келеді. Жүре келе Ыбырайдың қай жерге апара жатқаны айқындала берді. Бұланбай мен Алшағыр ұнатып қайтқан Сарыбұлақтың үлкен шалқар көлге келіп құятын сағасына әкеле жатпаса қайтсін!

— Кенжеғара шырағым, анау әбігер біз ұнатқан жерге әкеле жатыр,— деді Бұланбай.— Енді аржағында біз шанышып кеткен жалғыз тал бар. Құдай біледі, соның қасына барып тоқтайды.

— Қаланың орнын мен көрсеттім дейтін болады-ау кейін. Қызық сонда болады,— деді Алшағыр.

— Байжекең екеуі ілінісіп қалар, сіздер ештеме демей ақ қойыңыздар.

— Міне, қала салатын жер!— деді кіреші Ыбырай, шанадағылар қасына жеткен сон.— Мына талды бар-ау, құдай өзі осы араға қала салыңдар деп шығарып тұр. Болашай қарағым, үйіңді тап осы талдың түбіне сал. Талды кестірме, өсе берсін. Орыстар үйлерінің қасына ағашты қолдан өсіріп те шығарады.

Әзір қата қоймаған бұлақ сықылықтап-сыбырлап ағып жатыр. Шалқар көлдің орта тұсы да әлі қатпаған екен. Жайдары толқынданып ырсылдап қояды.

— Қалай, Байжеке, осы жер ұнай ма сізге?— деді Кенжеғара.

— Ыбырайдың да бір айтқаны дұрысқа шыққан екен. Ұнайды. Қала салатындарыңды бұрынырақ естісем, өзім де осы жерді көрсеткен болар едім,— деп Байжекең өкініші қосақтай жауап қайтарды.

— Осы жерге тоқтадық, Ыбырай аға. Ағаштарыңды осы жерге тасыта беріңіз.

Кенжеғара сол күні кешке ең жақын адамдарымен бірге тойын аяқтады да таңертең инженер Ремизовты шақырып алды.

— Ал, Флор Андреевич, үй салатын жерді біз белгіледік. Енді сіз барып көріңіз. Ұнатсаңыз ағаштарын тасытып, үй ді сала бастарсыз.

— Үйдің салынуы киын болмас. Майлау-сырлауын жа

қалдырған дұрыс болар еді. Ең берісі — майдың аяғына
йін.

— Оған дейін сізді қысталамаспыз, Флор Андреевич. Сіздің де білетін боларсыз, қазақ қар кетсе болды, киіз үйге шығып алады да, қар қайта жауғанша қысқы үйіне кірмейді. Мен де сол қазақпын.

— Онда бәрі де ойлаған жеріңізден шығатын болады.

— Одан соң, Флор Андреевич, сол жерге деревня тәртібімен тағы да он шақты үй салып беріңіз.

— Бәрі де ағаш үй ме?

— Жоқ, саз балшық пен сабаннан салынатын үйлер... Орыс поселкелерінде, құдайға шүкір, сабан көп. Бұған не дейсіз?

— Қандай үйлер?

— Орысша бес қабырға, қазақша қоржын үйлер.

— Жалақы жағы? Төлейтін кімдер?

— Жалақыны құдайға қарап өзіңіз кесіңіз. Төлейтін мен. Ұзақ саудаласпаспыз.

— Жақсы, болыс мырза. Оншақты күн ойланайын. Кеңептеп көрейін.

— Келістік қой!

— Келістік. Бірақ, ескерте кетейін, саз балшық пен сабаннан салынған үй ылғал тартады.

— Тереңірек қазып не кірпіштен, не тастан іргелік жасаңыз.

— Идені қандай болмақ?

— Ең кемі үш елі тақтай болсын.

— Арзан да бола қоймас.

— Бола берсін. Ол үйлерге осында отырған жұмыскерлер көшеді. Бұлар бай адамдар...

— Жақсы. Сіздің үй майдың аяғында. Бұл адамдардың үйлері күзге қарай бітеді. Осы ғой келіскеніміз?

— Осы.

Ремизов кеткен соң Кенжеғараны жұмыскерлер қолға алды:

— Шырағым-ау, бай адамдар дегенің біз бе?

— Сіздер. Қала салайық дедіңіздер ме? Дедіңіздер. Қала салу деген әуелі үй салудан басталмай ма?

— Үй болғанда өз қолымыздан бірдемені қалқайтып тұрғамыз ба дегеніміз ғой.

— Өз қолыңызбен қалқайтқаныңыз қала болмайды. Екі күнге дейін құлап қалатын қыстау болады.

Жұмыскерлер қаладан үміт үзіп аңырып қалып еді, Кенжеғара таңқаларлық тағы бір сөз айтты:

— Сіздер ондай қымбатқа түсетін үй салдыруға ақша

қайда тең қысылып отырсыздар ғой. Оған қысылмаңыздар. Байлардан алынбаған жалақыларың бар, бәрін де алып беремін. Көшей шешеңнің Жұман балаларынан алатын ешкісі бар. Талтаяқ шал елу жыл түйе баққанда елу қарақүрең алған емес. Байжекең қасына бір ауылнай мен почта байды ертіп алады да, сол аласыларынды алып қайтады.

— Бақыртып отырып алып келем!— деді Байжекең.— Бір табын жылқы айдап әкелем!

— Игілік бидің берешектері қазір менің қолымда,— деді Кенжегара.— Үйлеріңіз де салынады, қолдарыңызға он шақты ірі қарадан мал да тиеді.

Дала жол-жорасының азып-тозғаны сонша, Кенжегара содан безініп барады. Одан өз басына тиіп жатқан соққы болған емес. Бірақ, барған сайын құнарсызданып, кедейленіп, жаңалыққа жанаса алмай келе жатқан өмірге наразылығы есейіп келеді. Оқығаны бар, ойланғаны бар жас жігіт әділет іздейді. Әлденелерді бұзып-жарып қайта құрғысы келеді. Оның жолын да, әдісін де білмейді. Оның бұзғысы келетіні — даланың жол-жосығы. Оның орнатқысы келетіні — адамның адамша, елдің елше тұруы. Бұл оның ой-арманы ғана, шешімі емес. Күткені қуанышы емес, күні-түні тыныш ұйықтатпайтын азабы. Қала салу сол ойларының ең түйінді баспалдағындай көрініп, Кенжегара осыған бар жігерімен кірісіп кетті. Оның аржағында қанша қат-қабат армандар туарын жас жігіт әзір саралаған емес.

8

Ауылнайлар ет жеп қымыз ішуден басқада қызмет барын әрең-әрең мойындап келеді. Жаңа болыс бәрін ертіп жүріп ел аралады. Толып жатқан жұмыс барын көзге түртіп көрсетті. Әсіресе ұрлық пен зорлыққа қаны қас екен. Оны ауылнайлар Игіліктің жолын ұстар, қалың қараша үйде жұмысы болмас деп дәмеленіп еді. Тегінде осы жігітімің нағашы атасы өрімші Қозыбайға тартып жүрмесін...

— Онда мұның көрсетпейтін тықыры қалмас!

— Қозыбай бір ат, бір сиырым симай жайлауға көшеме бе деп, өмір бойы жайлау көрмей кеткен адам еді дейді ғой. Берікқара жотасының етегінде жалғыз үй отырады екен.

— Ол өзі жеті жыл Берікқара мыс кенінде болған жұмыскер екен. Берікқара сарқылып жабылған соң қозғалмай отырып қалған жатақ.

— Қолы өнерлі, қартайғанша өріммен, ер-тұрман жасаумен күн көріпті.

— Бұл жігіттің шешесі қандай, шашасына шаң жұқтырмайтын адам. Әттең, қожаға қор болып жүр еді. Көзі енді ашылған болар.

— Шіркін, ол кісінің қымызы қандай! Осы қымызды қожаға да береді-ау деп, мен іштей қызғанып қоятын едім.

— Сендей екі ауылнайға тұратын адам болды ғой.

— Мендей екі ауылнайға тұрса, сендей бес ауылнайға тұратын адам.

Осылай Қенжеғараның түп-тамырын тексере сөйлесіп отырып, ауылнайлар оның іші кімге бұрып тұрарын да жорамалдасып алды.

Әрбір өмірге көзқарасы орныққан адам сияқты, Қенжеғараның беталысы да тұрақты еді. Оның үстіне жастықтың қалғып тазалығы мен қызуы да бар. Ойы да бар, орындағыш да созбаққа салмай келеді. Елінің әлденеден кешеуіліп қалғанын, болымсызға айналақтап қалғанын есінен шығара алмайды. Қынжылады.

Қенжеғара ауылнайлар жиналысына да сол екпінімен келді. Екі адам кандидат деп аталатын орынбасары болуы керек еді, соларды да ала келіпті. Отырғандарға сәлем бере берді де, іске кірісіп кетті.

— Билерді жұрт неге сайлайды?— деп Қенжеғара ауылнайларына қарады. Мұндай сұрауды ешкім күтпеген еді. Ауылнайлар үндей алмай қалды.

— Ел ішінде дау бар, жанжал бар, өктемдік бар, қиянат бар, жәбірлеуші бар, жәбірленуші бар, арызшы бар, шыпкер бар. Зорлық бар, қорлық бар... Сондай істердің оқты-қарасын анықтап-айырып, әділ кесім шығаруға сайлайды. Билер болып өткен істерді қарайды. Ал, болыс пен ауылнайларды не үшін сайлайды? Сол қиянаттардың болмауын бақылап отыру үшін сайлайды. Елдің мұң-мұқтажы бар, күн көрістің қысылшаңы бар. Сол кезде қол-қабыс, көрдем беру үшін сайлайды. Солай емес пе?

— Солай ғой.

— Әрине, солай,— десті ауылнайлар.

— Солай болса, анау күні ел аралағанда не көрдік? Күз үйдің біреуі бай, қырқы қазаны тоқ орта шаруа, қалғаны кедей, аш-арық: үйлері опырылып жатыр, қора дегендері тас-талқан. Осыларға қандай жәрдем бере аламыз?

Бұл даланың естіп көрмеген сөзі еді. Ауылнайлардың жүзі күлкілері келді. Аш-арықтарға жәрдем беру керек деген сөз бола ма екен? Қашан, қай уақытта кім істеді екен бұны? Ел аралап, ойын-сауық құрып қайтайық деген сөз мұның аузына неге түспейді? Аш-арық керек болса, көрдік ғой ана жолы. Осының өзі бара-бара кім болғалы келеді?..

Кенжеғара сөйлеген сайын ауылнайлардың жымия берген езулері жиналып, жүздеріне қобалжу кіре бастады.

— Он күннің ішінде үйінде еркегі жоқ бейшаралардың қора-қопсыларын бүтіндеп, қысқа жететін отын-шөп үйіп беретін болыңдар... Екінші, сол бейшаралардың біреуде кетіп бара жатқан ақысы болса, қолма-қол алып бергендерің дұрыс болар еді. Үшінші, Қарағанды мен Нілді, Ақбұйратқа орналасып тұрақтап қалған жұмыскерлер сендердің шаңырақ есептеріңнен шығарылып қалсын. Ол жерлерде өз алдына оңаша ауылнайлықтар сайланады. Бүгін орталарыңа салып отырғаным — еліміздің осы жайлары. Ойларыңды ашық айтуларыңды сұраймын.

Губернатор жарты патша, ояз жарты губернатор, боласнай ояздың төрттен бір шірегі делінетін. Боласнай приставпен жүрсе жарты ояз болатын. Мынауың жалғыз жүріп-ақ ояз болғысы келе ме, қайтеді өзі? Иә, бұл ояздың өзі келіп сайлап, өзі келіп бекітіп кеткен болыс. Бұл оқығаң ит. Екі Игілік былай тұрсын, үш Игіліктей болары дау жоқ. Бұдан сақтана сөйлеген жөн...

Ауылнайлардың ойларында осындай наразылық туа бастаса да ешқайсысы оны аңдатпауға тырысты. Төре алдында, болыс алдында барлық қазақ атқамінерлері өздерін осылай ұстайды. Осылардың мінездеріне қарап орыс төрелері барлық қазақты қорқақ, өтірікші, уәдесіз, сенімсіз деп кететіндерінде бұлардың жұмысы жоқ. Олай ұстамау үшін әрі салсаң Қазыбек, бері салсаң Құнанбай болу керек. Ол екеуі ауылнайлардың арасынан қайдан табылғасын! Бәрі де жанапайлап, жарамсақтана, ықтай сөйледі.

— Осы күнге дейін шаңырақ салығы мен недоимкеден басқа жұмысымыз болған жоқ қой.

— Елдің мұң-мұхтажын кім ойлапты.

— Сіздің осы айтып отырғаныңыз бізге үлкен ақыл. Орындаймыз!

Ауылнайлар осындай жатқанды сөздерден аумай қойды. Дәл осы күндерде Кенжеғараға ауылнайлардың іші емес ісі керек еді.

— Орындауларына он күн жетеді ғой?

— Жетеді, жетеді.

— Жетсе болды. Он күннен кейін бәріміз жиналып, елді тағы бір аралап қайтармыз... Қалай орындалғаны сонда көрінетін болар...

Ауылнайлар кеткен соң Кенжеғара екі орынбасарымен оңаша қалды. Бұлар сайланғаннан бері болыс кеңсесінің есігін ашпаған адамдар болып шықты. Ордабай болыс

рін, бір-екі рет дау-шарға араласқандары бар, өзге жұмыстардан қолдары таза...

— Сіздердің қайсыңыз бірінші орынбасар едіңіз?—деп сұрады Кенжеғара.

— Біз бірінші, екінші дегенді естіген емеспіз... Бірімізге біріміз сен кандидат болсаң мен де кандидатпын деп сөйлеспеміз...

— Тасқа түскенде менің екі тасым артық болды да, қағазға менің атым бұрын жазылды...

— Сенің тасыңның менің тасымнан артық шыққанын көрген емеспін! Екеуміздің аты-жөніміз қатар жазылды деген дұрыс болатын шығар...

— Бірінші менмін деп отырғаным жоқ қой! Тек қағаздың бірінші жолында менің атым, екінші жолында сенің атың жазылғанын айтамын...

— Сонда сенің Жамантай деген атыңды менің Амантай деген атымнан артық көріп бұрын жазды дегің келе ме?

— Ей, қойшы, жоққа байланыспай.

— Жоқ, мен қоя алмаймын. Сенің әр жерде быксытып жүретінің бар. Сен әр жерде бірінші кандидат мен дейтін көрінесің.

Екеуі сайлау сайын тасқа түсіп, бірінен бірі ұзап озып кете алмай жүрген бай балалары екенін Кенжеғара да білетін. Жұрт ол екеуін «қоржын қаумас қос боздақ» дейтін. Бірақ, Кенжеғара орынбасарларын осынша топас шығар деп ойламайтын еді.

— Тоқтаңыздар, тоқтаңыздар,— деді Кенжеғара.— Мен екеуіңізді де бірдей көріп ұстасам болады емес пе?

— Болады,— деді Жамантай.

— Сенің болады дегенің болмайды дегенге бергісіз екен!— деп Амантай Жамантайға тағы байланысты.

— Сеніңше болады дегенді енді қалай айту керек?

— Болады, болыс-еке, ризамын деу керек!

Кенжеғара екі орынбасарының бірін оязға жіберіп алуды ойланып келіп еді. Қыс ауыр, аш-арық көп. Ояздан екі жылда қайтаратын өсімсіз қарыз ретінде азық-түлік, астық-бидай, тары сұрап жазған арызы қалтасында отырған. Осындай қиын жұмысқа мынау екі бақ таластың қайсысын жіберуге болады? Кенжеғара бұл екі күндестің бірөуін де жібермеуге ұйғарды.

— Жаңа ғана ауылнайларға не тапсырылғанын естідіңіздер ғой?

— Естідік,— деді Жамантай.

Амантай Жамантайдан алты қыр асыра жауап берді:

— Естігенде кандай! Мен өзім құрандай жаттап алдым! Құдайақы осының шын!..

— Естісеңіздер, екеуіңіз елдің екі шетінен кіріп, жаңағы тапсырмаларды ауылнайларға он күн ішінде орындатып қайтыңыздар. Ауылнайлар ақ ниеттерімен-ақ орындар. Дегенмен сіздердің бақылауларыңыз да керек болар.

Орынбасарлары шығар есіктің алдында да біріне-бірі жол бере қоймай, азғана кідіріс жасап барып, кетті-ау, әйтеуір.

— Иван Иваныч пен Иван Никифрович десем бе екен, әлде Бобчинский мен Добчинский дегенім дұрыс болар ма?— деп ойлады Кенжеғара. Екеуі бәсекелесіп жүріп, тап осы жолы пайдалы болып шығулары да мүмкін-ау... Көреміз кезінде!

Анау күнгі ел аралап қайтқаннан кейін Кенжеғараның бірінші қолға алғаны — жетім балалар үйі еді. Қысқы үй оңай табылды. Қырық үйлі болыс орталығында бос қалған оншақты үй бар екен. Небары бір жетінің ішінде солардың ішінен төрт үйді таңдап алып, тазалатып, майлатып, қазандық орнаттырып болған. Жиырма шақты қыз балаларға арнаған үйді Кенжеғара өз шешесімен ақылдасып, не керегін өз жанынан жасап берді.

Тұрғын жердің ауылнайының орынбасары Жәнібек деген момын жігіт:

— Бұл енді өзіңіз тұратын үйден кем болып шыққан жоқ!— деп қояды.

Ол өзі өз ақылы өзіне жететін жақсы жігіт болып шықты. Әлденеге намыстанады, әлденеге таза ренжиді. Әйелімен екеуі осы жетім балалар үйіне жандарын сала кірісіп кетті.

Жетім балалар үйі деген қазақ топырағында бірінші рет туғалы отырған жақсылық еді. Оған Бернер де, Некрасов іркілмей араласып жүр. Біреуі қыс келіп қалғанына қарамастан кірпіш пен ағаштан монша салысып жатыр, біреуі жатақ үйлерге тақтай төсетіп жатыр. Жәнібек Кенжеғарадан бір жапырақ қағаз алып кетеді де, керегін алып келеді. Тыраннан келетін екі бұзаулы сиырға қора жасатып, шөп үйгізіп қойды. Бүгін Ақбұйраттағы Мансұрдың дүкенінен несиеге ұн, кант, шай... қыздарға екі-екіден көйлек, аяқтарына бірдеме, үстеріне бірдеме, бастарына бірдеме әкелуге кетті. Аяқ басқанының бәрі адал, сирек кездесетін жігіт.

Әзірше хатшылық жұмысында отырған адвокат Степанов келіп кірді:

— Сіздің болыс сайланғаныңызды бекітіп жіберген ой-

жарлығы да келді. Құттықтаймын! Тағы да бірнеше бұйрықтар, сұраулар бар. Келер сәрсенбі күніне Қараөткел ауылына қарайтын барлық болыстардың мәжілісі шақырылыпты. Баратын боларсыз?

— Қап, мұндағы біраз жұмыстарымыздың басталса да аяқталмаған кезінде шақырғандарын қарашы!

— Қайтеміз, қалғандарымыз аяқтай берерміз.

— Ие, солай етуге тура келер. Алдымен жетім балалар үйлері аяқсыз қалмасын, Сергей Павлович.

— Ол аяқталады. Өзім келмей ашпандар демейсің бой?

— Демеймін, олда-білде демеймін. Біткенін біткен күйінде аша бер. Бірақ, тезірек монша бітсін, монша, монша!..

— Жарайды. Мен сол шаруаларымызды тағы бір аралап келейін.

— Барыңыз. Кешке кездесерміз.

Ояздан келген пакеттерді Кенжеғара өзі ашып оқып шықты. Ояз бастығы барлық қағаздарын жанашырлық көрсете жазыпты. «Егін салдыру керек, мектеп ашу керек, кешек ектіру керек...» Мұнысы шын жанашырлық па екен, әлде басқару-билеу дегеннің парыз-қарызын осылай қағаз бүзіндегі жанашырлықпен атқара тастап отыра ма екен? Әлде даланың хал-жайына таныстағы бар инспекторының қазғанына оқымай-ақ қол қоя сала ма екен? Отар елдерде басқарушылар мен бағынушыларының арасында мұндай кіспеушіліктер ең алдымен ойға келеді. Кенжеғара да ойлерміз кезінде дей салды ішінен. Өзінің болыс сайланғандығын бекіткен қағазды ең соңынан оқыды. Болыс сайланғанын ол көп қызықтаған да жоқ еді. Ояздың бекітіп жіберетініне де шүбә жоқ-ты. Дегенмен оқыды да таң қалды: аты-жөні Кенжеғара Берікқарин деп жазылыпты. Семинарияда оқып жүргенде шешесінің қыз күніндегі қыстауы «Берікқара» деген жерді фамилия етіп алып еді. Оны туған шешесі Наргөз ғана білетін. Игілік те біледі екен-ау...

Асығыс Байжекең келді.

— Жұман балаларын шауып әкелуге кетіп барамын. Қане, маған ертін ауылнай, поштауайларыңды бер!— деді.

— Қап, ауылнайларды тығыз жұмыспен таратып жіберіп едім, енді қайттім?

— Үш күнге поштабайыңды берсең де болады. Маған сол да жетеді. Әшейін қасыма кісі ертіп жүргім келгені болмаса, құдайға шүкір, Жұманның балаларын тырп еткізбеуге Байжекеңнің шамасы келеді.

— Байжеке, қызып кетіп, заңға сиымайтын іс істеп жүрмеңіз.

— Қарағым, орыстың заң-законына Алтай-Қарпықта

Байжекеннен жүйрік бір адам болған емес! Мен бәрін де заңға сыйғызып, қағаздатып, ауылнайдың мөрін бастырып әкелем!

— Жақсы, Байжеке, поштабайды да алыңыз. Баратын жеріңіздің ауылнайын да ертіп аларсыз. Сол Бұланбай, Алшағыр, Жабайларға жазға қарай киіз үй де керек болар-ау... оны да ескерерсіз...

— Ым-м-м!.. Айналайын-ай, аржағын айтпай-ақ қой! Байжекең өзі үйлестіреді. Болды, қарағым!..

Ояз жиналысына Кенжеғара Игілік үйіне соға жүрді. Ескі дәстүрлер бойынша сайланған болыс ояз бастығына сыйлық апару керек пе, жоқ па? Ең алдымен осыны білгісі келді. Екінші өзінің болыс сайланған тойына шақырылмаған әкеден кешірім сұрау керек болатын шығар,— деп еді.

Ондай болмашыға қамшы салғызып көрмеген Игілік Кенжеғараның қандай қысылысы боларын өзі де шамалап қойған болса керек, сөзді өзі бастап кетті.

— Оязға сыйлық апарушы болма!— деді Игілік.— Әуелі ол қара басының қасиетін танитын болсын. Жақсыңды да, жаманыңды да, барыңды да, жоғыңды да жасырмай сөйлес. Жасырмай да асырмай айт.

Әр сөзіңнің артында тырнағын дайын тұрсын. Екінші бізді тойына шақыра алмадым деп қысылма! Егер сен шақырып, біз бара алмаған болсақ, екі жағымыздың да ойымызда болмашы бір дақ қала барар еді ғой. Екеуінің қайсысы дұрыс? Әрине, шақырмағаның дұрыс. Тек бұдан былай біздің үй ойыңа түсе қалса, бұл үйде де бір шешең барын ұмытпасаң болады.

Бұдан кейін Игілік Кенжеғараның ел аралағандағы жүрісіне, жұмыскерлермен етене болып бара жатқанына қуанатынын айтты.

— Бетіңнен жарылғасын, шырағым, елді алғаш аралап қайтқан жолыңда бет алысыңды көрсете біліпсің. Енді ешкім сағап көтекіленіп жылмандай алмайтын болады. Тіранды тақымдап жібергеніне де ел-жұртың қатты риза болыпты. Ол бір өзінен басқа пендеге бір жапырақ жақсылық тілемейтін, дүние өртеніп жатса да өзі аман қалса өкі бейтін арам қанды, дүниеқоңыз адам. Соны қалай тақымдағаның ел аузында жыр болып кетіпті. Байжекең келе кетіп еді, қуанышы қойнына сыймай жүр. Қызынып алыпты. Бұланбай мен Сейіттің еншісін бақыртып отырып бермін деп маған да қыр көрсетіп кетті.

— Қолыңды қақпаймын,— дедім.

— Жетім балалардың жай-күйлері жетіспей жатыр, деді Кенжеғара.

— Нең жетпей жатыр?

— Киіз, төсек-орын... азық-түлік...

— Қайтарында соға кетемісің, орнында қалған кісің бар ма?

— Степанов қалды.

— Е, ол бір соқпай кетпес.

— Соғады.

— Өзің ақшасыз кетіп бара жатқан жоқпысың?

— Соған жақын болармын.

— Шешелерің көбейді. Болыс сайланғалы бірінші рет қалаға кетіп барасың. Базарлық дәмететіндерің аз болмас.— Игілік қалың бума қағаз ақшаны Кенжеғараға ұсына беріп, сенің жолыңа керек болар деп ұстап отыр едім,— деді.

Кенжеғара жүріп кетті.

Қараөткелде ояз бастығы Никулин Кенжеғараны жақсы қарсы алды. Бір оязда орысша білетін жалғыз болыс оған неге қадірлі болмасын. Кенжеғарамен қол алысып тұрып:

— Рад, рад вас видеть, Кенжеғара Берікқаринович,— деп еді. Онысы шыны болып шықты.

Тілмашсыз сөйлесе алмайтын, солай сөйлескенде де жарамсақтан басқа айтары жоқ қазақ болыстары оны беделіндіріп болғанға ұқсайды. Әсіресе тілмашы бірдеме айтып жатқанда өзі әшейін мағынасыз ыржиып отыратын семіз адамдар қайдан ұнасын. Орысша жеңіл де еркін сөйлесетін Кенжеғараға шынымен қуанды.

— Сіз қандай тығыз жұмыспен келсеңіз де бірінші сөз ояз бастығынікі болатынына бойыңыз үйрене берсін,— деді Никулин қалжыңдай сөйлеп.

— Рахым етіңіз, Николай Лазаревич.

— Ояз бастығы деген жұмыс жоқтықтан ерігіп отырған адам... Бір ғалым—«Күні мен түнінде айырмасы жоқ дерлік қараңғы бір тұқпірде отырып қалған адамға ерсі мінездер қосыла береді»— депті. Онымызға кешірім етіп менің бір-екі сұрауыма достық ретінде жауап бересіз бе?

— Сұраңыз, Николай Лазаревич.

— Сіз қалай ойлайсыз, қазақ халқы толық мағынасында Россияның заңдары бойынша тіршілік ете ме, болмаса өздерінің ескірген жосық-жораларымен отыра ма? Әлде дін ресімдері басым ба?

Кенжеғара іркілмей жауап қайтарды.

— Үшеуі де бар, үшеуі де қатар жүреді. Басымдық көзімен қарасаңыз, үшеуінің орны кезек ауысып отырады. Келісіп, кезектесіп қойған емес, әр істің ретіне қарай бірі

[illegible] далада да қалып отырады. Кейде екі [illegible] жетеуін де болады. Үшеуі бірдей қолдаса а[illegible]

Онай түсінуге бола қоймайды екен...

— Ие, ондай сыры жоқ емес. Қазақ халқы Россия ерікті-еріксіз түрде түгел бағынып болды. Енді Россияда бөлініп өмір сүреміз деп басы бар бір адам ойламайды. Бұл тарихи шындық. Көшпелі елдің базарсыз күні жоқ. Россияның заңдарынан гөрі базарлары басымырақ бағынды. Ал, енді елдің ішкі тіршілігін баяғы Шыңғыс хан нәсілдері — сұлтандар, ру басы байлар билейді. Жер-су солардың қолында. Кейде сіздердің Россия заңымен шешіп бердік деген істеріңіздің қалай бұзылып, қандай теріс ығай халге ұшырағанын сіздер білмей де қаласыздар, біліп қалсаңыздар сене де алмайсыздар.

— Қазақтың хан, сұлтандары кәдуілгі Шыңғыс ханның нәсілдері ме еді?

— Ие, сіздердің қазақтың хандары дейтіндеріңіз түп-тугел Шыңғыс ханның нәсілдері. Қазақ уәдесіз, қазақ сенімсіз, өтірікші деп жазатын кейбір адамдар, сол хандар мен сұлтандардың жаласын қара қазаққа жауып жүр. Өзіңіз ойланызшы орыс өкіметі қай уақытта қара қазақпен сөйлесіп, қандай келісім жасап, қашан алданғаны бар?

— Хан, сұлтандар әлі көп пе?

— Хандық жоқ, жойылды. Бірақ қазақтың көп руларының басында әлі күнге бір-бір сұлтан отыр. Бұл он тоғызыншы ғасырдың аяғы ру басылары мен сұлтандардың жігі біріккен кез деуге де болады.

— Болыстарымыз бен ауылнайларымыздың ықпалдары қандай?

— Олардың көпшілігі де сол ру басыларының ықпалында.

— Бұл тым ұзақ әңгіме екен. Келер бір кешке дейін доғара тұрайық. Ал, өз шаруаларыңызды айта отырыңыз.

— Сізден келген ұсыныстар бойынша биыл жиырма мың десятина егін салмақпыз. Тұқым жоқтың қасы. Ең бірінші елу шақты бала орналасатын «панасыздар үйін» ашпақшымыз. Үйлері әзірленді. Киім-кешек, төсек-орын, азық-түлік жеткіліксіз... Жартысынан көбі қыз балалар. Көз аурулары көп, қотыр көп... соларға арнап монша салдырдық... Қара шешек, көк шешек, қызылша дейтін аурулар жиі-жиі соғып тұрады. Ең болмағанда болыстық орталығымызға дәрігерлік емхана сұрағалы келдім.

— Тегінде сіз екеуміз оңай келісерміз деймін. Барымызды берерміз, жоғымызға кешірім сұрармыз. Ертең жоқ ар-

ы күні мәжілісіміз ашылады. Облыстан да төрт-бес адам
леді. Әзірше сізге қатынасы бар басқа бір әңгімеге кө-
шейік.

— Ие?

— Француз президентінің баласы инженер Эрнс Карно
мырза мен Рязановтың уәкілі Людвиг фон-Штейн мырза сіз-
ді барынша мақтап, Қарағанды мен Ақбұйрат өндірістерін-
де сенімді одақтасымыз табылды деп келіп еді. Олардан он
бес күн кейін Сикорский мырза сізге наразылығы барын
айтты. Шет елдің адамдары сонша мақтағанда өзіміздің
адамымыздың неге сонша жамандағанына таң қалдым.
Бұл бір құйрығы бар әңгіме емес пе деп өзіңізден сұрамақ-
шы едім,— деді Никулин.

— Екеуі де аздап асырып айтқан екен,— деді Кенжеға-
ли.— Бірінші рет кездескен шет елдің адамдарына қазақ
халқының қонақ жайлық әдетін көрсеттім. Жатсырамауға,
сорғаламауға тырыстым, сөйлесуден қашқалақтағаным
жоқ. Инженер Карно жұғымды адам екен, аздап қалжың-
дасқанымыз да болды. Не бары осы ғана. «Одақтасымызды
мақтық» дегендері артығырақ тұр. Ал, Сикорскийдің әңгі-
месі ауырлау...

— Ауыр болғанда?

— Подрядчик Жұмабек-төре деген адам, менен бұрын-
ғы болыс Ордабай Игіліков, Сикорский үшеуі жаңадан ал-
ты жүз жұмыскер алған болып, жұмыскер басы үш сомнан
мың сегіз жүз сомды бөліп алыпты. Былайша айтқанда әр-
қайсысы әшейін ойнап-күліп отырып жиырма төрт аттан
айдап жүре беріпті. Мен сол істі сотқа тапсырдым. Сикор-
скийдің мені мақтай алмаған себебі осы болар.

— Сол Сикорскийіңіз қашып кеткенге ұқсайды. Екате-
ринбордан екі рет іздеу келді. Осындағы банкедегі ақшала-
рын да алып кеткені анықталды.

— Мен оның қашып кеткеніне таңданбаймын. Қашпаса
сотталатын еді.

Ояз бастығы алдында тұрған жез қоңырауын қағып
жатып:

— Мен оны егеу құйрықтан да жек көретін едім,—
деді.

Қаздандай басып жас жігіт хатшысы келді.

— Құлағым сізде, Ваше благородие!

— Бурцевті шақырып жіберші. Берікқарин мырзаның
сыйлығын ала келсін.

Хатшы кеткен соң ояз бастығы Кенжеғараға еңсеріле
бұрылып, жымия сөйлеп:

— Біздің оязда шет елден сыйлық алған бірінші адам

сіз боласыз. Қарно мырза сізге бір жәшік сыйлық жіберіпті. Құттықтаймын!— деді.

— Сыйлық алысатын жақындыққа жетпесек керек еді Мен оған ешнәрсе сыйлай алмап едім.

— Оқасы жоқ, Александр Дюма, Мари Франсуа Вольтер, Дени Дидро үшеуі бізден аз сыйлық алған жоқ-ты. Жәшік толы алтын болса да ол сыйлықтардың өтеуіне тұра қоймас.

Үлкен деуге кішірек соғып, кіші деуге үлкенірек соғып тұрған, сұр кенеппен тысталған бір жәшікті қос қолдап құшақтаған Бурцев келді.

— Мынау сізге Қарно мырзанын жіберген сыйлығы екен.

— Рақмет, қымбатты досым. Бөлменізге алып барып ашып беріңіз. Осының ішінде не болса да екеумізге ортақ. Мен қазір келемін.

— Жоқ, жоқ!— деді Бурцев.— Орыс дәстүрінде сыйлықтан келгенді басқа адамға сыйламайды.

— Категорический!— деді ояз бастығы кенсе тіліне жаңа кіріп келе жатқан терминді қолданып.— Ашпастан апарып шанасына салып бер! Категорический!

Ояздық болыстар мәжілісіне облыстан да бір топ адамдар келген екен. Ояз бастығы мәжілісті ашты да бірінші сөзді облыстық оқу бөлімінің өкілі Пономарев деген кісіге берді. Момын ғана педагог адам Омбыға қарайтын Қызылжар оязымен Орынборға қарайтын Қостанай оязындағы қазақ халқы арасында оқу жұмыстарының барысын салыстырып, Қызылжар оязын қатты сынап шықты. «Кесіп айтқанда Қостанайдың бестен біріндей жоқ»— деп қорытты. Содан кейін Қостанай қазақтарынын не істегендеріне көшті:

— Қостанайда орыс-қазақ қыздары үшін прогимназия ашылатыны жарияланған бірінші күні бір мың төрт жүз жетпіс сегіз сом ақша түсті. Ақша сыйлағандар түгелге жақын қазақтар.

Орынбор гимназиясындағы қазақ балаларына арналған он екі стипендияның алтауы жанадан ашылған реальный мектепке ауыстырылды. Қазақ балалары үшін Қостанай мен Торғайда жоғарыда айтылған прогимназиядан басқа орыс-қазақ қыздары орысша-қазақша аралас оқитын екі мектеп бар. Қостанай уезінің бір құрметті адамы Ысмайыл Жаманшалов мектеп ашып бір мың алты жүз отыз сом ақша шығарды. Қостанай халқы оқу орындарына жәрдем ретінде жеті мың сегіз жүз қырық екі сом берді.

— Жетер, жетер!— деп қазақ болыстары шу ете түсті.— Қызылжар оязының жайын айтыңыз...

— Қызылжар мен Қараөткел ояздарын атамасам да болады,— деп баяндамашы аз кідірді де,— сіздердің жайларыңыз мынадай деп тізе бастап еді, шын-ақ намыстанарлық екен. Орналасқалы үш-ақ жыл болған, іш жақтан орып-ашып келген орыс деревнялары түгел мектеп салып алған да қазақ болыстарында ауыл қыдырып оқытатын молдалардан басқа ешнәрсе жоқ. Қазақ болыстары тағы да «жетер!»— деп айғайласты.

Орыс болыстары, әсіресе, қазақ орыс станицасының басшылары бірінен соң бірі сөйлеп, олардың школдарында болып жатқан кемшілік барын айтты.

Қазақ болыстарына бұлардың сөздері болған үстіне болып берсін дегендей астамшылық бары көрінеді. Елге берілетін бірдеме болса алдымен осылар алғысы келеді деп ойлайды. Өздері үн шығармай сіресіп отыр.

Кешке қарай Кенжеғара сөйледі:

— Біздің болыста да мектеп, школ дегеннің ешқандайы жоқ. Тап осы минутқа дейін нақтылы ешнәрсе жоқ еді ойымда. Қазір намыстанғандай болып ойланып қарасам біздің болыста екі мектеп ашуға уәде беруге болады екен. Біз панасыз балалар үйін аштық деп кеше Николай Лаврентьевичке баяндап едім. Жатақ үйлері бар, мектеп жоқ, орнине. Мектеп жайына арнаулы мәжілістен кейін мектеп те салынар деп сенемін. Екінші бір жерде, Қарағандыға жақын сегіз бөлмелі бір үй салынып жатыр еді. Қасында бір қырық-елу балалық үй салуға жәрдем берілсе, мен сол үйді кеншілердің балаларына арнаған мектепке берер едім. Сонда келер жылы біздің болыста екі жерде орысша-қазақша оқытатын болыстық екі мектеп ашылғалы тұр. Әрине, орысша-қазақша оқытатын мұғалімдер елден табылмайды.

Басқа қазақ болыстары мектеп жайында ауыздарын ашқан жоқ. Ояз бастығы оларды да қыздырып көріп еді, ешкім қызбады. Елге барып ақылдасып, содан кейін хабарласармызбен тоқырасып қалды.

— Онда амал қайсы. Биылғы жылдың қалдығы мен алдағы жылдың қазақ болыстарына деген қанша байлықты жалғыз Кенжеғара мырза Берікқарин алады да кетеді,— деді ояз бастығы.

Ояздың мұнысында да қызықтыру бар еді. Қазақ болыстары қызықпады. Олар Кенжеғара туралы ойланысып қарады. Басқаларының әр мағынада айтқан хауіптерін Жанабай болыс былай қорытты.

— Осының өзі өзгемізді адам қатарынан шығарып тастамасын!— деді.

Мәжіліс біткеннен кейін Никулин ояздың барлық басшыларын жинап алып, Кенжеғараның мәселелерін арнаулы түрде қарап жіберді.

— Қәне, Алтай-Қареке болысына беретін неміз бар?

Оқу бөлімінің бастығы:

— Түменнен келген екі бастауыш мектептің үйлері Қызылжарда жатыр,— деді.

— Оны өзіңіз тасып ала аласыз ғой?

— Ақбұйрат пен Қызылжар арасында жүк көлігі қысы-жазы ағылып жатады. Ол қиынға түспейді бізге.

— Жақсы... Ал, басқа не бере аламыз?

— Қырық-елу балалық мектеп саймандары, оқу құралдары, қағаз, қарындаш табылар. Басқа ешнәрсеміз жоқ.

— Тағы бірдеме қоса түспейсің бе?

— Патшамыз бен әйелінің майлы бояумен жасаған суреттері бар.

— Рахмет... Панасыз балалар үйіне не қараса аламыз?

— Оны енді Омбыдан сұрамасақ... Бұрын-сонды ауызға алынбаған мәселе ғой.

— Жақсы. Сұраңыз. Жә, денсаулық бөлімінің бастығы, сіз не бере аласыз?

— Бізде қазақ еліне барып тұра қоятын докторлар жоқ болып шықты. Уақытша он-он бес күнге барып көз ауруларын, қотыр-қышымаларын емдеп, шешек егіп қайтуға үш адам жібере алар едік. Егер сондай шараларға керекті үй жағдайлары болса...— деп тоқтады денсаулық бөлімінің бастығы.

— Рахмет. Жағдай жасайық. Он-он бес емес, он бес жиырма күнге жіберіңіз. Жылына бір рет қана емес, біздің өтінішімізге қарай ылғи жіберіп тұрсаңыздар екен,— деді Кенжеғара.

Ояз бастығы әлдекімдерін мысқылдай күлді:

— Бір болыстың сұрағанын тауып бере алмай отырмыз. Он болыс сұраса не бетімізді айтар едік? Ескеретін көп нәрселер бар екен. Алдағы жылға кейбір мәселелерді екі есе, үш есе артық ескеру керек болар,— деп тоқтады да:— Өкімет тарапынан қанша тұқым берілетіні жиырма күн шамасында шешілер. Ол менің мойнымда қала тұрады,— деді.

— Панасыз балалар үйінің жайы туралы не айтасыз? Ол бір жанымыз қысылғандықтан ойлап тапқанымыз еді,— деді Кенжеғара.

— Бұл туралы әзірліктерің жоқ екен деп өкпелеме,

ымбаттым Берікқарин. Ол панасыздарды мектеп балала-
ының санына қосып бірдеме қарасармыз. Бұл мәселе
е менің мойнымда қала тұрсын. Тегінде, бір емес, екі
мектеп ашуға әзірлігің барлығы бізді саған еріксіз жәр-
емші етіп беріп отыр. Осынымызға риза бола тұр. Бурцев
сенің адвокатың болып алыпты. Ешнәрсеңді ұмыттырмас.
«Хош бол!»— деп қолын ұсынды. Ояз бастығының «сен»
деп сөйлесуге көшкенін жақсы нышан көрсе де Кенжеғара
ол —«хош болыңыз»— деді.

Кенжеғара өзінің қашаннан бері түсіп жүретін Файзол-
а деген саудагер ноғай досының үйіне түскен еді. Үйіне
ып қайтар базарлық жайын да соған тапсырған. Әрі мә-
ділістен қолы босамайтын болды, әрі бұл күнге дейін қа-
ындасына үкі, сабын, айна, тарақ болмаса, басқа бір пен-
ге базарлық алып көрген емес-ті.

Файзолла әйелімен екеуі бұған керектің бәрін алып,
ран байлап, үлкен екі тең жасапты. Бір үлкенірек, екі
шірек жәшіктері тағы бар. Біреуі Қарнодан өзіне келген
ойлық, әрине.

— Бұнысы юлдағы әниігізге, бұнысы әлбетте, қызлары-
ыға...

— Файзолла ағай-ау, осынша жүк бір кісілік шанаға
алай сыяды?

— Узігіз әйттігіз, мин язып алдым. Халима ханум екі-
ің сатып алдық та китірдік соң...

— Саспаңыз, Кенжеке, жүк екінші шанада болады. Бі-
ншісі бекетке жеткізіп салатын біреуді жалдадым. Аржағы
ақсай ғой,— деді Кенжеғараның көшірі Шаяхмет.

9

Өмірінде бірінші рет осынша жүкпен қайтқан Кенжеғара
екеттерде ат жанартқанымен еш жерге қонбай, Игіліктің
үйіне келіп бір-ақ тоқтады. Қазақ өміріне жаңалық деген
ен жанаса бермейтін кез ғой, ел аман, жұрт тыныш,
жаңалықты Кенжеғарадан күтіп отыр екен. Атақты «ұзын
құлақ» та Кенжеғарадан оза алмапты.

Степанов осында екен. Игілік екеуі ортаға алып Кенже-
ғараның не бітіріп қайтқанын түгел ақтартты. Игілік әу-
ен ояз бастығының алдындағы өз беделінің әсері де тиген
болар деп соған сая тыңдап еді. Кенжеғара барлық орын-
дап қайтқандарын айта келе ол шеңберге сыймайтынын
сезінді. Ие, Кенжеғара алғыр, ұтымды жігіт болған екен.
Әйтпесе, Кенжеғараның таза-тақыр жерге мектеп ашты-
мақшы болып келгеніне танданып қалды. Бұл тым кесек
ниездің көрсетеді емес пе?

— Шырағым-ау, тым болмаса салдырып жатқан бір мектебің жоқ, екі мектеп аштырам деуге қалай дәтің шыдады?— деп сұрады.

— Сіз ренжімесеңіз, бір мектеп салынып жатыр...

— Қайда, қашаннан бері?

— Сіз берген Ушаковтың үйін мектепке айналдырғым келеді. Сегіз бөлмелі үйді ұстау апам үшін азап болатын сияқты. Ол үйді мектепке беріп, Қызылжардан келетін екі мектеп үйі бар, соның біреуін айырбастап алғым келеді.

— Ол неше бөлмелі үйі екен?

— Бес бөлмелі.

— Е, жетеді ғой. Ушаков та сонда үйдің екеуін алдырып, бір үй етіп алған.

— Келетін екі мектеп үйлерінің біреуін болыстың орталығына, панасыз балаларға арнап салғызғым келеді. Сонда алдағы оқу жылы басталар кезге екі мектеп дайын тұрады.

— Е, бәрекелді. Ол мектеп үйлері қашан келеді, кім әкеледі?

— Бернерге жалынамын. Қызылжарға мыс таситын көліктерің қайтарда сол мектеп үйлерін ала келсін дегім келеді.

— Ие, мектеп жайларың бітіп тұрған іс екен. Екі мектептің екеуі де орысша-қазақша оқытатын болады дедің бе?

— Ие, екі тілде.

Алтын оқасы жарқылдаған қара көк тысты жібек бархытпен тыстаған жеңіл ішікті иығына жамылып, өзі де риза көңілмен жарқылдай сөйлеп Айғанша келді.

— Би ағасы-ау, қырық жыл бірге тұрғанда маған осындай бір базарлық әкеліп көріп пе ең?— деді Игілікке, ішіктің ішкі бетін жарқ еткізіп бір ашып қалып.— Ақ қылана-ры бар қара бұлғын ішік екен.

— Мынауың бір асыл дүние екен. Кім әкелді?— деді Игілік іші сезе тұрса да.

— Кенжеғарам әкелді. Кенжеғарадан басқа сен екеуміздің кіміміз бар?— деп Кенжеғараны бас салып құшақтап сүйе бастады.— Құлыным-ай, іші-бауырым елжіреп кетті ғой. Нағып, нағып жатсырап жүргенбіз!

Бала көрмеген әйел Кенжеғараның мұны да шешем деп сыйлық әкелгеніне біржола босап, егіліп жылап кетті.

— Айналайыным-ай, оқыған тік-аяқ бала болар деп жұғыса алмай келіп ем, кешіре гөр, күнім, кешіре гөр...

Ие, бұл әйелді де түсінуге болады. Игіліктің әйелі болып байлықта тұрды демесең, бұл да бақытты болған әйел

емес. Игіліктің жеке-дара жан сүйері де болған жоқ. Бала-ы да болмады. Енді міне, қартайып келгенде іші-бауыры ежіреп «құлыным», «қозым» деп жылады. Сүйер баласы жоқтығы аналық табиғатына қайдан жеңіл болсын! Жоқ, бақытсыз ана, мен саған да бала бола алармын.

Осы ойларымен Қарағандыға жетіп, Бұланбайдың үйіне бұрылғанда күн буалдырланып, жаяу борасын ескектей бастады. Алдарында бұлдыр қарандап екі бала кетіп бара жатыр еді — Анар мен Гүлбәден екен. Көшір аттарды тоқтатып:

— Шанаға мініңдер!— деді.

Екі бала екі жағынан келіп шанаға міне бергенде Кенжеғара екеуін де сыртқы қасқыр ішігімен қаусыра құшақтап алды. Қыздар да ішіктің ең жылы жеріне, ең жұмсақ жеріне қарай тығыла түсіп барады.

— Бүгін мен мың пұт көмір тазаладым,— деді қарындасы.

— Аз ғой...

— Онда екі мың болсын, жарай ма?

— Жарайды.

— Сен өзің қайда кетіп қалдың?

— Ел аралап келдім.

— Сенде менің жүз ұпайым бар. Бермей кеткенсің. Үйге барғасын аламын.

— Жарайды, ал.

Анарда үн жоқ. Бар-жоғы білінбейді. Ыстық та емес, суық та емес. Дегенмен, қыз денесінің балғындығы, қысынқырасаң серпінділігі бары сезіледі. Бір құшақта келе жатып екі қыз бала еңкейісіп сыбырласып қояды. Бастайтын өз қарындасы. Сыбырласқаннан кейін Гүлбәден айғайлап күледі — а-ха-ха! Анардың екі иығының қозғалғаны ғана сезіледі, үні естілмейді.

Бұланбайдың үйіне жетіп, аттар тоқтай бергенде екі қыз шанадан түсе қалып Кенжеғараны қармен атқылай бастады. Анар қарды жентектеп алып анда-санда бір-ақ атады. Өз қарындасы — «ұпайымды бермей кетесің бе!»— деп сөйлеп жүріп үсті-үстіне атады. Кенжеғара олардың ойындарын бұзғысы келмей, жасқанған болып жалына бастап еді. Анар жұдырықтай бір қарды Кенжеғараның қойнына тығып жіберді. Қадуілгідей ішіктің жағасы мен сыртқы өнірін қайырып жіберіп камзол мен көйлектің арасына сұғып қалды да, өз үйіне қарай қаша жөнелді. Гүлбәденде тоқтау жоқ, атқылап жүр.

Денесіне мұздай суық тиген қарды Кенжеғара үйге кір-

ген соң шешініп жатқанда қолына алып, шешесіне — мынаны қарашы,— деді.

— Гүлбәден шығар, мұны істеп жүргең.

— Жоқ, апа, мен емес, Анар!— деді Гүлбәден.

— Ә?! «Қарай гөр құрғырды!»— Шешесі баласына, баласы шешесіне бір сәт түсінісіп қарасып қалды да, үндесіпкен жоқ.

Шаяхмет екі тең жүкті кезек-кезек көтеріп әкеліп біреуін Наргөздің алдына, біреуін Көпейдің алдына құлатты. Келер жолы екі жәшік көтеріп келді де біреуін Гүлбәденге берді.—«Анар екеуіңе!» Біреуін Кенжеғараның төсегінің үстіне қоя салды.

Гүлбәден жәшікті Бұланбайдың алдына қойып: Ата, апамдардан бұрын, жылдам шешіп берші!— деді. Одан соң Кенжеғараның көшіріне жалына қарап: Шаяхмет-аға, Анарды жылдам шақырып келші,— деді.

Екі шеше екі теңді тез-тез шеше бастады. Жіңішке кендір арқанның түйіліп қалған жерлеріне пышақ жұмсамай тіс салып шешіп жатыр. Бір кезде қос-қабаттап ораған кенепті ашып, базарлыққа да қолдары тиді-ау, әйтеуір! Қолға мамықтай тиетін аң терісінен тігілген киім бары сезіледі. Әйел саусақтары жібек, барқыт, шибарқыт, кесек-кесек ауыр тауарларды қателеспей танып жатыр.

— Наргөз, мынау сенікі болар!— деп Көпей бір пұшпақ ішікті Наргөзге ұсына беріп еді,— онда мынау сенікі болды ғой деп Наргөз де тап сондай бір ішікті Көпейге ұсынды. Екеуі де мәз-майрам болып күлісіп алды. Осы қуанышты күлкі еді ғой олардың арманы. Тек осы болатын.

Анар да, онын шешесі Күнзила да, Назыкеш те келді. Қартаң жұмыскерлер де келіп жатыр. Бұланбайдың кішкене-кішкене екі бөлмелі үйі кеңіп кеткендей, келген жұрт сыйып жатыр, сыйып жатыр. Бұл міне, сыймас жерге сыйыса алар жаңа қауым еді.

Гүлбәден мен Анар базарлықтарын әрең бөлісіп алды. Бәрін шатастырып жатқан жалғыз Гүлбәден, әрине. Бірден көзіне іліккен мен қолына іліккеннің бәрін де әуелі «менікі», дейді. Бойына өлшейді, аяғына өлшейді, басына өлшейді.—«Жоқ, сенікі екен» деп Анарға береді. Ара-тұра ағасына да жанжал салып қояды. «Анарға анадайын, маған мынадайын әкеліпсің»,— деп жанжалдасады. Еркелік істейді. Аққөңіл, бейілі кең бала. Жәшікпен бөлек келген базарлықты әуелі бөлгенде төрттен үшін «менікі» деп өз алдына жинап алып еді, аяқтап келгенде өзіне төрттен бірін ғана қалдырды, төрттен үшін Анарға берді.

— Бәрін саған әкеліпті,— деп Гүлбәден Анарға қарап

қуланып күледі. Оның күлгені шешелердің көздеріне де шалынып қалды. Олар да езу тартты.

Жәшік ішінен балаларға лайық киімдер, ойыншықтар, қызылды-жасылды доптар, қарындаш-қағаздар да шығып жатыр. Доптарды Бекет құшақтап алды. Тегі Франциядан шыққан көйлектер Назыкештің қызына арнап тіккендей екен. Ол баланы Көпей — шешесінен аумайды деп еркелетіп, кішкене Назыкеш дейтін. Ол да Гүлбәденмен әлденеге таласып, бір күліп, бір жылап отыр еді, екі-үш көйлек алды да шешесінің алдына келіп тыншықты.

Өз базарлығын қызықтап болған соң:— Мына жәшігінде не бар! Аш!— деп Гүлбәден төсек үстінде жатқан жәшікке жармасты.— Аш, аш!

Бұл француз инженері Эрнст Карноның жіберген сыйлығы болатын. Кенжеғара оны әлі ашып көрген жоқ еді. Отырғандарға осы жайларын айтты. Енді ол жәшікке бала түгіл үлкендер де ентелей қарасып қалды.

Жәшік ашылған соң Гүлбәденнің қатты қызыққаны кілті аузында тұрған «темір ағашынан» жасалған қара сандықша болды. Қап-қара бола тұрып айнадай жарқырайды екен. Қақпағында, қабырғаларында аздаған өрнек әшекейлері де бар. Бұған қызықпаса Гүлбәденнің қыз бала болғаны қайсы! Бас салды: «Менікі, менікі!»

— Әуелі ашып көрейік, қалқам...

Сандықшаны ашып қалғанда нағыз айна сандықшаның қақпағына іш жағынан жапсырылған үлпілдеген қызғылт жібекпен көмкерілген шарайна жарқ етті. Айнадан бірінші болып өз жүзін көрген Гүлбәден, әрине.

— Ойбай, бет-аузыма қара, қап-қара күйе!— деді Гүлбәден.

Сандықшаның ішінде ересек еркекке арналған көп нәрселер бар екен. Күміспен көмкерілген сүйек жақтаулы айна, әртүрлі тарақтар, ұстара, хош иіс одеколон. Бір «ақ көбелек», бір «қара көбелек» галстук. Оншақты қол орамал, алтын жапқан екі күміс сауыт — бірі папиросқа, бірі — мұрынға ататын қалампырлаған насыбайға толып тұр. Әртүрлі үлкенді-кішілі қайшылар, бәкілер, іскектер... Дала қазағының көрмек түгіл естіп білмеген нәрселері...

Сандықша ашылмай тұрғанда «менікі!» деп бас салу онай еді Гүлбәденге. Сандықша ашылғаннан кейін өңкей жарқыраған жат нәрселердің қайсысын «менікі!» дерін білмей сасып қалды. Мұрны қызарып тершіп кетті:

— Аға, өзің бөліп берші!— деді. Бүгін осы үйге келген нәрсенің бәрі де жұртқа таратып беруге әкелінгендей: «өзің бөліп бер!»— дейді.

[illegible] Сен оған сандықшаны алдың ғой?
Алдым.
Мынау айнаны қайтеміз?
— Айнаны Анарға әкелген жоқсың ба?

Күнәсіз сәби бұл сөзінде үлкендер үшін әртүрлі жорамал барын сезінген жоқ. Шешелер көздері қиғаштасып-қиысып келіп жанаса беріп кейін шегіністі. Анар да қызарып кетті.

— Мә, Анар, айнаң,— Анар қолын әрең созды.

— Мынаны кімге береміз?— деді Кенжеғара насыбай сауытын қолына алып. Әңгімені Анардан алыстату үшін насыбай сауытын әдейі алды.

— Ішіндегі немене?

— Насыбай.

— Насыбай болса, үлкен атама!

— Жарайды, апарып бере ғой.

Гүлбәден төрде отырған қарт жұмыскер Сүгірәлыға насыбай толы күміс сауытты апарып беріп жатып:

— Насыбайын жеп болғасын, сандығын маған бер,— деді.

— Берем, берем, айналайын.

Алтын сауытты насыбайға үлкендер де балаларша қызығып кетті білем, күлдей ұсақ насыбайды бәрі де бір-бір иіскеп қойды.

— Мына сауытты кімге береміз?

— Ішіндегісі немене, шылым ба?

— Ие, шылым.

— Онда Жабай ағама берейік.

— Жарайды, апарып бере ғой.

— Мынаны кімге береміз?— деп Кенжеғара бір сүйектеткен әдемі бәкіні көрсетіп еді, Гүлбәден ойланбастан:— Бекетке!— деді. Бекет те жасы шамалас қыз баламен үйреніскен екен. Ұсынып тұрған бәкіні Гүлбәденнің қолынан жұлып алып, езуін ырбитып, мұрнын тыржитты.

— Қолыңды кесіп алма!— деді оған Гүлбәден.

— Мынаны кімге?

— Бұл не, бәкі ме?

— Жоқ, сақал алатын ұстара.

— Онда мұны Бұлан атама.

— Бере ғой.

Наргөз бен Көпей шешелер де Гүлбәденге ұсап Күнзилаға, Назыкешке не лайық, еркектерде не лайық. Олар да бөліс үстінде ұзақ отырып қалды. Олар да Гүлбәденге ұсап Кенжеғараның әкелген базарлықтарын түгел үлестіргелі отырғандай. Екі шешенің бұл да бір жаңа көріп отырған

[illegible]ығы еді. Кенжеғара Қараөткелдің барлық магазиндерін [illegible]ріп әкелгендей не бары екі тең базарлық екі шешенің үстірулеріне де жетіп жатыр, жетіп жатыр.

Үйді аппақ суық буға толтыра, үсті-басы аппақ қар кіріп Ыбырай келді.

— Қырық көлікпен өтіп бара жатыр едім, келгенінді [illegible]ып бұрылдым... Кенжеғара, шырағым, ат-көлік аман келіп [illegible]ді ме?..— деді Ыбырай,—«тымағымды шеш»,— деген ишаратпен басын біреуге, «женімпен тарт!» деген ишаратпен женін біреуге ұсынып тұрып.

— Келдім, Ыбеке, келдім... Жоғарылатыңыз!

Ыбекең сырмақ төселген есікке жақын жерге отыра [illegible]ріп, тағы біреуіне аяғын тосты —«етігімді тартып жібер!»... Жастар жағы жымия жүріп еркелеу, өрмінезділеу шалды шешіндіріп алды, әйтеуір.

— Кенжеғара шырағым, бүгін осы үйде кездесермін-ау деп зауыттан кеше шығып кеттім... Сүгірәлі аман ба? Жұмысың көп қой, шырағым, қолға түсе бермей кеттің... Бұланбай, аманбысың? Кім біледі, кәрі Ыбырайға тағы да пәлесіратының бола ма, қайтеді деп ойлағаным ғой... Көпей,— денің сау ма? Оным ақыл болған екен. Наргөз, балам аман келіп көзайым болып жатырмысың? Қайырлы болсын... Қырық түйе жүкпен Қызылжар тартып барам... Келіңдер, түгел аман-есен болдыңдар ма?..

Амандық-саулық жағын осылай бір қопара атқарып тастап, Ыбырай ағаң қазынаның адамы ретінде, яғни мемлекет қызметкері ретінде айтарына кірісті.

— Кенжеғара шырағым, Ақбұйрат зауыты жақсы жүріп жатыр. Шахталарына жаңадан жас десятниктер қойдырғанын, несін айтасың, дұрыс болды. Өзің болыс болғалы жұмыскердің жалақысы молайып, жұрт көңілденіп кетті. Күнделікті қазылған тасты үлгере алмай жатырмыз. Тасылған тасты зауыт пісіріп үлгере алмай жатыр...

— Бірақ, біздің Қарағандыға Ақбұйрат әлі ере алмай келеді,— деді Бұланбай.— Мақтаншақтарың да көп, боқташақтарың да көп!

— Сенікі көмір болса, біздікі темір ғой, Бұланбай-ау!.. Көмір деген отын, отын деген түтін емес пе? Біздікі мыс, «мыспен таласпа, ...ді қыс!»— депті баяғылар.

Бұланбай да қолма-қол жауап қайырды:

— Көмірсіз күнің — қараған,
Көмірсіз болған кезінде —
Еріте алмай көк тасты
Мұрныңнан аққан қара қан!—

депті ғой бір ақын,— деді.

— Квит!— деді Ыбырай.— Әкел қолыңды, квит!

Ыбырай енді өз мойнына алған үй салдыру жайын айта бастап еді, оны да біреу қарға орап әкелгендей үсті-басы, сақал-мұрты түгел аппақ Байжекең келіп кірді.

— Ассалаумағалайкөм...

Енді бір адам келе қалса есіктен кірген соң бір аттай алмастай болып екі бөлмелі үй сіресіп толып еді. Онсызда сырғи-сырғи есік жаққа барып қалған жас әйелдер мен жастау еркектер үйді босатып шығып кетті. Алшағырдың әйелі Күнзила өз қызы Анармен бірге Гүлбәденді де ала кетіп барады. Жаңағы лық толы үйде енді әйел-еркектің ересектері ғана қалды. Жастар жағынан қалған жалғыз Назыкеш.

Енді сөзді жасы үлкен Байжекең әкетеді-ау деп хауіптенген Ыбырай бәлдену-сәлденуін тастап, еріксіз тыңдататын әңгімесін тез бастап кетіп еді:

— Үйіңнің еңсесі көтеріліп келеді, Қенжеғара шырағым...— дей бергенде-ақ Байжекең оқыс киіп кетті.

— Ыбырай, сен, біз де адамбыз ғой, азырақ сабыр етсеңші. Тым болса, сен өзің ондайды қойып па ең, әуелі амандық айтысатын бір жол-жорамыз бар емес пе еді!— деді Байжекең. Бұл енді қылышы қайраулы, найзасы сайтаулы адамның қатты соқтығысқа дайын жүргендігінің лебі еді.

Тап осы жерде ағат кеткенін Ыбырай өзі де түсініп:

— Құлдық, Байжеке, құлдық... Жығылдым аяғына! Асығыс едім. Жүріп бара жатып жол-жөнекей бұрылып едім...— деп абыржып барып тоқтады.

Төрде отырғандар (Ыбырай да соның ішінде) түгел құйрығымен жылжып, төмен ысырылып отырар орын беріп жатқанын көрген соң Байжекең де азырақ жадырап үйдегілерге қазақтың әдеттегі ұзақ амандасуынан гөрі де ұзағырақ болғанымен жылы амандасты. Бірақ Ыбырайға іші жыли коймай — ал, сөйлей бер енді!— деді.

— Байжеке, шет жағасын өзің де естідің, Наргөз жеңешеміздің үйі салынып, еңсесі көтеріліп келе жатқанын айта бастап едім...

— Енсе емес, белуардан дегенің дұрыс болар,— деп Байжекең шыға берістен тағы бір шалып қалды.

— Ол сен көрген күні болар.

— Өзің қай күні көріп едің?

— Кеше таңертең.

— Мен бүгін кешке көрдім. Менің белуарымнан көп биік емес.

— Сенің белуарыңнан аспаса тас іргеліктің үстіне әлі бір бөрене салынбаған болды ғой?!

— Неше бөрене салынғанын санағаным жоқ, әйтеуір ең тұрған қалпын өзіңнің еңсеңдей көрсең, онда сенің еңсеңнің өзі менің белуарымнан аспайтын болғаны ғой! Енсе деп адамның белдігінен жоғары кеуде жағын айтатынын, білмесең де естіген боларсың...

Әрі мақтаншақ, әрі бақастау екі шалды бұдан әрі соқтығысқа жібергісі келмей Кенжеғара:

— Уәделі күнге дейін салынып болса апам өкпелемейді,— деді.

— Бітеді, Кенжеғара, шырағым, бітеді.

— Бітсе бітер, бітпесе қар жылт етісімен кіріп алатын алты киіз үй әкеліп отыр Байжекең. Шаңырағын көтеріп, ығын шаншудан басқа тұк жұмысы жоқ! Сен, өзің Бұланбай, Алшағыр, Жабайларға киіз үй де керек болар демеп пе едің?

— Дегемін, Байжеке...

— Десең, былай шыға бере Байжекеңнің есіне мына отырған Сүгірәлі де түсті, анау отырған Назыкеш те түсті. Тағы бір ұмытқаның табылар әлі деп Байжекең алты киіз үй алып келіп отыр.

— Жұман тұқымын қалай тонасаң да обал емес қой!— деді Көпей. Әлденелер есіне түсіп көз алдына келе қалғандай жүзі қуаң тартып, бет ажары бұзылып кетті.

— Саған деген үйді киіз-кілем төсенішіне дейін, желбау-басқұрына дейін, он бес құлаш ораулы шиіне дейін өз көзіммен түгендеп, түгі-түсіне дейін таңдап алдым, Көпей?— деді Байжекең. Көзі түсіп кетіп еді Назыкеш солғын отыр екен.— Назыкеш, қарағым, сенің отауың да сондай. Өз көзіммен көріп, өзім түгендеп әкелдім.

— Байжеке-ау, Жұман ауылын шауып әкеткен жоқсыз ба?

— Жоқ, Кенжеғара, шырағым. Оншақты адамның жалақысын төлегенге қайдан шабылсын мыңғырып жатқан қарам байлық...

— Ал, жалақыны қалай есептеп шығардыңыз, Байжеке?

— Қазақта одан оңай есеп болған емес, Кенжеғара шырағым.

— Иә, қалай есептеледі?

— Жұманның балаларын түгел жинатып алдым да, Көпей сендердің үйлеріңді үй қылып, ауылдарыңды ауыл қылып он бес жыл тұрды ма?— дедім.

— Обалы не керек, тұрды ғой...— десті.

— Жылына бір құлынды биелік еңбегі болды ма, жоқ па?— дедім.

— Неге болмасын, неге болмасын!— десті Жұманның балалары.

— Оған таласа алмасаңдар, қазір айдап әкеліп алдыма салыңдар он бес құлынды биені дедім. Тырп ете алған жоқ. Ауылнайым қасымда, поштабайым қасымда, бастым ғой бәлекейге!..

Отырғандар әрі айызы қанып, әрі таңданып жарыла күледі. Байжекең одан әрі құлпырта түседі.

— Әй, сендерде құдай бар ма, жоқ па? Талтаяқ шал неше жыл жүрді жалшыларың болып деп едім, көздері бақырайып шанырағынан шығып кете жаздады.

— Ойпырым-ай, Байжеке-ай, оны сұрамай-ақ кесіңді кесе берші,— деп аяғыма жығыла бастады.

— Талтаяқ пайғамбар заманынан бері сендердің құлдарың болып келді. Жылына екі қойдан санасаңдар да ең кемі жүз қой болады. Бес қой — бір жылқы, әкел жиырма құлынды биені! Едіранамат, құдай жоқ сендерде! «Ит жеккенге» бір барып қайтпай естерің кірмейді сендердің!— дедім.

— Назыкештің шешесі бар, өзі бар, Жабай бар, мына отырған Сүгірәлі бар, бәрінің еңбектерін осылай есептеп шығарды да Байжекең бір қос жылқыны айдап жүре берді!..

— Осыныңыз заңға сия берер ме екен, Байжеке!

— Сиғанда қандай! «Бұрын біздің есікте жалшы болған адамдарды, өздері болмаса олардың ұрпақтарын өзіміз шақыртып алып, елдің құрметті ақсақалы Байжан Тоқтамыс ұлының алдында барлық берешегімізді өз еркімізбен төледік» деп Жұман балаларының қолы қойылып, ауылнайдың мөрі басылған қағаз мінекей! Оқыңыз да кансаралыңызға сақтап қойыңыз...

Кенжеғара алыстан жорамалдап заңға жақындатып, долаң жазылған акты долбарын оқып болып:

— Байжеке, мына бір «өзіміз шақыртып алып, еркімізбен төледік» деген сөздерді жақсы киргізген екенсіз,— деді азғана жымия сөйлеп.

— Кенжеғара шырағым-ау, заңның сөздері осылай жазылмаса болмайды ғой! Мына қағазды енді гүбірнатрдың өзіне апарып көрсетсең де тандайын қағатын болады.

Жұмыскерлер киіз үйді қайтеді, жылқыны қайтеді,— оны әлі ойлаған да жоқ. Ауыл өмірімен көптен бері ажырасып кеткен адамдар сол ойға бұрыла да алар емес. Жыл-

мыны қалай бағамыз, бизнені қалай сауамыз, киіз үйді қалай тігеміз деген ойлар әлі келген жоқ. Ауыл өмірінен көз жазып тосаңсып қалған қауым тек Байжекеңнің бай ауылда көткен кектерін қайтарып, жалақыларын тартып әкелгеніне әбден риза болған көңілдің қошеметін көрсетіп отыр.

Байжекең осында отырғандардың көзіне өзімен салыстырғанда асқар таудай көріне бастағанына іші күйіп кеткен Ыбырай оны бір шалып қалуды мақұл көрді.

— Жылқыларың қағаз жүзіндегі жылқылар ма, болмаса Жұман балаларының қостарында жүр ме?— деді.

— Қағаз жүзінде неге болады? Байжекеңнің Апақ дейтін баласы барын білуші ме едің? Иелері бөлісіп алғанша сол жігіт баға тұратын болды.

— Киіз үйлерің ше?

— Ертең кешке Байжекеңнің үйіне келіп жетеді.

Ыбырай ұта алмай, жасып қалды да:

— Аяқталған бір ісің екен, қайырлы болсын,— дей салды.

Кенжеғара енді Ыбырайдың көңілін көтеру үшін:

— Байжеке, осында отырған жұрт сізге әбден риза екенін өзіңіз көріп отырсыз. Үлкен бір адамгершілік борышты атқарып келдіңіз... Осы жұрт, басы мына Бұлан — ағаң болып, салдырып жатқан үйлерімізге не төлейміз, немізді береміз деп күйзеліп жүр еді. Енді міне, сіздің алып келген жылқыларыңыз осы үйде отырған адамдарға түгел қысқы үй салдырып беруге жететін болды. Үй салдыруға қанша жылқы керек болса түгел Ыбырай ағайдың қолына көшеді,— деді.

Ыбырай еңсесін көтеріп, қомданып алды да:

— Байжекең ылғи құлынды бие айдап әкелген бе, қалай?.. Орыстарға егін салатын жұмыс аты керек қой... орыстар бие саумайды, егін салады,— деп Байжекеңнің бітіріп келген ісіне мін таға, мысын шығара сөйледі.

— Байжекең оны ескерген. Неше ат керек өзіңе? Ысырап қылмай, өз малыңдай көріп жұмсай білсең бәріне де жетеді. Қарағанды көміршілері, бәріңе аға болып, береке болып отырған мына Бұланбай жұмыстан босады. Енді үстіне ақ үй тігіп алатын болған соң белдеуінде бір жер тарпып тұратын жібек жал, қамыс құлақ қара-көк керек шығар деп Бұланбайға мыңнан таңдап бір жел-жүйрік әкелдім.

Отырған адамдар әрі қаркылдасып күліп, әрі мақтай-мадақтап болған соң Байжекең әңгімесін тағы созып әкетті:

Мынау отырған Алшағыр көмірге түскеннен аяшы болатын. Бүкіл табысын әкелдім...

Орнынан Байжекен Ыбырайдың алды-артын атпен орап, ауыл аяырмай тастады. Тыңдаушылар Байжекеннің желкабаздығына әрі күле, әрі риза бола отырып, нағыз адал алғыстарын іштерінен Кенжегарага айтады. Жетім бала деуге де, әкелі бала деуге де қиын, жалғыз өскен, бүкіл еліне жатсырап өскен деуге сиятын жігіт еді. Енді абайласа осы жігіт еліне, елі дегенде елінің жоқ-жітігіне жаны ашитын, керек болса жүрегін қолқасымен суырып бере алатын адам болған екен.

«Жатыны жақсы ғой»,— деп Бұланбай Наргөзге қарайды. Берікқараның бауырында жалғыз үй отыратын жатақтың қызы Наргөзден туған бала қанына тартпай кімге тартсын! Бұл қанымен де, жанымен де біздің бала!

Кенжегара Ыбырайды көтермелейтін тағы бір әңгімесіне оралды:

— Ыбырай-аға, сіздің маған деп салдырып жатқан үйіңіз мектеп болатын болды. Сексен бала сиятын екі үлкен бөлмесі болсын!— деп азғана кідіре беріп еді, Ыбырай киіп кетті:

— Е, өзіңе үй керек емес пе?

— Өзімізге одан гөрі кішірек үй салынады. Сегіз бөлмелі үйді ұстау апама тым ауыр болар деп, мектеп ашуға бір-екі үй сұрап алып едім, соның біреуіне айырбастайтын болдым.

— Ым-м-м... енді бір он жылда Қарағандыңды Қызылжар, Қараөткелге теңейтін болдың ғой,— деді Байжекең.

— Ол қайдан болсын. Әйтеуір қолдан келгенше тырбана берейік те. Мектептің қасынан қырық-елу балаға жатақ үй салдырармыз...

Байжекең басын шұлғып тағы — ым-м-м...— деп қалды.

— Апа, сегіз бөлмелі үйді бес бөлмелі үйге айырбастап жібердім. Ұрыспаймысың? Бізге сол жетер ме екен?— деді Кенжегара шешесіне қалжыңдай сөйлеп.

— Немерелі болғанымызша жете тұрар...— деп Наргөз де қалжыңдай жауап берді.

Наргөздің ойында байлық арманы, үй арманы болмайтын. Ол өзіне теңдес адамдармен айрылыспауды арман ететін. Баласы қысқы үйді болыстың орталығына алып кетпей осы жұртпен бірге қала салдырғалы жүргеніне шексіз қуанышты еді. Баласымен екеуі оңаша отырғанда ойнап болса да —«Маған «ит күрке» жасап берсең де осылардан айырмасаң болады»— дейтін. Қазір баласына «немере» дегені арқылы үйлену жайын ескертіп қалды.

Дүние жүзінде, барлық адам баласында еркектің бәрі бірдей еркек емес, қыздың бәрі бірдей қыз емес. Ал енді ана дегеннің бәрі ана! Наргөз де сол нағыз аналардың бірі еді. Кенжеғара ересек жігіт болып кетті. Енді оны балаша сүюге болмайды. Енді анаға немере керек! «Жаратқан тәңірім-ай, баламның көзін Анардан басқаға аудара көрме!..» Анарды ол киіндіріп те көрді, шешіндіріп те, жуындырып та көрді, қойнына алып құшақтап жатып та көрді. «Іздесең табылмайтын қыз бала осы ғой! Осы! Осыдан көз жаздыра көрме, тәңірім!»

— Ал, ол үйің қашан келеді, кім әкеледі?— деді Ыбырай.

— Бернерге барып жалынармын деп ойлап келдім.

— Ешкімге де жалынба! Ыбырай-ағаң өзі-ақ алып келеді. Қағаздарын бері әкел, қазір бер қолыма! Ыбырай ағаң қырық көлікпен Қызылжар тартып барады. Екі үйіңді осы жолы тік көтеріп алып келеді.

— Қағаздары жоқ шығар деп сонша жабысып отырмысың?— деп Байжекең бір қағытып қалды да, онысы орынды болмағанын өзі де түсініп, қолын бей-жай сермей салды.

— Ол енді сіздің жұмысыңыз емес, Байжеке! Қазынаның жұмысы қағазсыз болмайды. Мен сізге айтайын, кейде тіпті түк жұмыс болмаса да қағаз жарықтық жазылып жатады, дүннені кезіп жүріп жатады. Қағаз деген қазыналық жұмыс деген сөз! Екі үйдің екеуін де жаңа қала салынатын жерге түсіремін бе?

— Жоқ, біреуін болыс орталығына апарып түсіріңіз.

— Болды. Басқа сөздің керегі жоқ. Ыбырай ағаң таң ата жүріп кетеді.

— Қәне, қонақтар, қол жуыңыздар...— деді Көпей. Былқып піскен бесбармақтың иісі қазақы көңілді түгел жадыратып жүре берді...

10

Кенжеғара кештетіп жатса да ерте оянды. Басы жастыққа тие бергенде есіне түсе қалып әдеттенген бір ойлары ұйықтап кеткенше аяқталмап еді, оянған соң қайта оралды. Жағдайы тиянақсыз уақыттарда келе қалған ойлардың бәрі де осылай оп-онай аяқтала қоймайды, тіпті өмір бойы аяқталмай қалатыны да болады.

Бұл оның түп тамыры семинарияны бітірер қыста пайда болған ойлары. Тарих жағына өте зуес еді. Бара-бара адам баласының өсу-өркендеу тарихы оны біржола ертіп

әкетті. Бұл кезде орыс тілінде дүние тарихының ең мағналы кітаптары — Геродот, Плутарх, қазақ тарихынан Левшин, Аристов, Шоқан Уәлиханов еңбектері әлдеқашан басылып шыққан болатын. Кенжеғараның жинаған кітаптарының көбі солардың еңбектері. Бұл кезде қазақ даласына кітап шкафы, киім-кешек шкафы дегендер әлі келген жоқты. Ол өзі түйеге артып алып, көше беруге қолайсыз жиһаз ғой. Кенжеғараның кітаптары да екі үлкен қара сандықта жатады. Жас жігіттің ойлары да осы қара сандықтардан балалайды.

Жас жігіттің ең жақсы көретін тарихшысы Левшин мен Вильяминов — Зернов еді. Осы екі тарихшы басқалардай сыңаржақ емес, ақ пен қараны, бар мен жоқты анықтап айтатын сияқты. Әсіресе, басқа тарихшылардың хан-сұлтандардың қара қазақтан қаны басқа екенін айырмай күйелейтіндеріне наразы болатын. Хан-сұлтандар уәде береді — алдайды, ұрлық қылады, зорлық қылады, оны қара қазаққа жабады. Осы тарихшылар арқылы қазақтың өз тарихымен де, өз тарихшыларымен де танысты.

Осылардай адал тарихшылар арқылы келген ойлар болыс болып сайланғалы тіпті мазалап кетті. Қараөткелге барып қайтқан ұзақ жол үстінде де аяқталмаған екен, әлі сол күйінде қайта оралды.

Кенжеғараның ойлары өзіне үш тармақ болып елестейтін — кім боламын, кім бола аламын, қайтсем бола аламын? Кейде бұл үш тармағы бір-ақ сауал сияқты сезіледі, кейде үшеуден де көбейіп кетеді. Оның кім боламын деген сұрауына болыс болып сайланғаны қай жағынан болса да әзір жанаса алмай келеді. Болыс болғаны мұның кім боларының беталысын басқа жаққа бұрып әкеткендей сезіледі. Кім боламын сұрауына бұл беттен табылар жауап белгісі әзір байқалмағандықтан қайта-қайта орала береді, мазалауы да тереңдеп барады.

Ауыз үйде екі шешелерінің жарасымды қалжындасып, мырс-мырс күлгендері аңдалады. Шешелер де ерте оянған екен-ау... Бұлардың таңертеңгі алтыда жұмыстан келер, жұмысқа кетер адамдары бары есіне түсті. Төрде Бұланбай жатыр еді, ол да тұрып кетіпті. Иә, жұмыскер өмірінің күндегісі осы ғой. Бұлар екі-жарлы өмірдің адамдары. Кейбіреуі күнді көрмейді, кейбіреуі түнді білмейді.

Біреу түшкіріп қалды. Шешелер оған — мың жаса!— десті. Түшкірген жұмыстан жаңа қайтып келіп, шай ішіп отырған Нартай еді.

— Үйінде болыс жатқанда еркіңмен түшкіре де алмай-

ды екенсің... Әптішу!..— деді. Бұл жолы кенсірігі жарылып кеткендей бар күшін салып, әдейі катты түшкірді.

— Тағы бір мың жаса, Нартай!— деді Кенжеғара төр үйден. Әйелдер күлісіп жатыр.

— Ойбай, қойдым, қойдым, болыс-еке!— дей беріп Нартай тағы бір түшкіріп қалды.

Кенжеғараның киіне бастаған дыбысы естілген соң екі шеше төр үйге келді.

— Ұйқың қанды ма, қарағым?.. Екі кемпір мыжып отырып ерте оятып жібердік білем...— деді Көпей.

— Жоқ, жоқ, кіндік шеше. Апам біледі, менің күнде оянатын кезім осы.

— Ассалаумағаләйкүм...— Ауыз үйден Нартай келіп қолын ұсынды.

— Уағалайкөм ассалам...— Нартай Кенжеғараның қолын қаттырақ қысып жіберді де «Ойбай қолым!»— деп өз қолын өзі сипалай бастады.

Кенжеғара қабағын да шытқан жоқ, жымиды да қойды. Шешелер шын деп қалған екен:— Саған сол керек!— деді Нартайдың өз шешесі.

— Балалардың осылай ойнап жүргендерін көргенде бір жасап қаламын,— деді Кенжеғараның шешесі Наргөз.

Нартай тағы бір қалжың жасады. Кенжеғараның үстіндегі күрең ши барқыттан қалаша тігілген пенжегін жеңінен сипап қалып:

— Апа-ау, болыс ағамыз менің пенжегімді киіп алыпты ғой!— деді.

— Қойшы, Нартай, жоқты айтпай!— деп шешесі ыңғайсызданып қалып еді, онысын Наргөз жуып-шәйіп жіберді.

— Базарлыққа тап осындай пенжәк әкеліп берген ағасына риза көніл білдіріп тұрғаны ғой Көпей-ау!... Нартайдан ақылды ғой.

— Мені ылғи тұсап-матап жеңіп кете беретін жалғыз осы Нартай!— деді Кенжеғара, Нартайға ерекше бір достық жымыспен қарап тұрып.

— Ал, мен барлық өнерімді көрсетіп болдым. Болыстың құлағымен көп ойнай берме деген бар... Енді шайымды ішемін де ұйықтаймын. Қара қазақпен қалжындасып отыра беруге штейгердің уақыты да болмайды. Сөге жамандай көрмеңіздер!— деп Нартай ауыз үйге қайта шығып кетті. Нартайға шешелер риза көңілмен караса, Кенжеғара қызыға қарап қалды. Оның әкесі Бұланбай екенін есіне алды. Көпей апаң сияқты өгей шеше кездесуі де бақыт қой. Бақыт!

— Қарағым, Кенжеғара, екі шешең сені жайдан-жай

қарауылдап жүрген жоқ,— деді Кенжеғараның өз шешесі.

— Иә, айналайын. Екі шешең сені бүгін ешқайда жібергісі келмейді,— деп Көпей де қосылды.

— Өзім де кетпеуге сылтау іздеп отыр едім. Жібергіміз келмейді дегендерің жақсы болды-ау, кіндік-шеше.

— Сен келгенде Қарағанды көміршілері түгел қуанып қалады, кіндік балам. Әлі сені көрмегендері көп қой. Бәрі де көргісі келеді. Көміршілер сені өз баламыз дей бастады. Кетпеуге сылтау іздеп отыр едім дегенің екі шешеңе қандай қуаныш екенін білемісің!.. Бүгін бола тұр осында.

Шешелері жібергісі келмесе, жігіттің кеткісі келмесе, бұдан артық үйлесе кеткен орай бар деймісің. Кенжеғара бүгін кетпейтінін шешелеріне тағы бір қайталады.

— Бәрімізді Алшағырдың үйі шайға шақырып отыр, қарағым. Мен ертерек бара берейін, сендер де кешікпеңдер,— деді де Көпей-апай шығып кетті.

Өз шешесі Наргөз отырған орнынан тұрып, баласына жақындап келіп отырды. Әлденені тағайындап алайын деген қалпы бардай екен.

— Қалқам, сен жүріп кеткен соң Қарағандыда екі шешенді қонаққа шақырмаған үй қалған жоқ десе де болады. Сүті жоқ, наны жоқ шайға да шақырды, қара көжеге де шақырды. Барақтар жиналып барын алдына тосып, өліп-тіріліп көңілдерін білдіріп жатқанда жылағың келеді екен. Қалқам-ау, бұлар не деген ақбейіл адамдар? Елде осындай адамдар неге жоқ?

— Неге болмасын, бар,— деді Кенжеғара.— Бірақ олар, баяғының баяғысынан бері иығынан ер, арқасынан қамшы кетпеген соң бұйыға-бұйыға бұғып қалған. Көмірде бұлар біріне-бірі теңдес жандар. Бәрі бір еңбекте, біріне бірі қамшы жұмсамайды, тең сөйлеседі. Апа-ау, осының өзіненақ бауырмалдық тумай ма? Бұл ағайындықтың да, достықтың да елде бола бермейтін жаңа түрі.

— Ол жағын мен қайдан білейін... Әйтеуір шешең өмірінде көрмеген ағайыншылықты осылардан көріп, ішібауыры елжіреп есі шығып жүр, күнім. Шешең әр жерде — біздің сендерден бөлек қайғы-қуанышымыз болмас деп қалғаны да бар.

— Апа-ау, үлкен уәде беріпсің ғой!

— Тірі болсам — өзім, өлсем — сүйегім осы жерде қалар дегенім де бар.

— Апа-ау, енді нең қалды айтпаған?

— Қалдырғым келген де жоқ. Сенің менен туғаның рас болса, сенің ойыңның жорамалы да осы болар деп ойла-

дым. Өздері ақ жарылып отырғанда менде бой тежеп, ой іркіп қалар жай қайдан болсын!

— Осы бетіңнен таймай-ақ жүре бер, апа.

— Ендеше, тізгін қолыма еркін тиіп отырғанда түнгі ұйқымды төрт бөліп жүрген арманымды да айтайын; мына Алшағырдың қызы Анар аяулы бала. Әке-шешесі қандай, ағасы Әлішер қандай, үй-іші түгел аярсыз, аузын ашса жүрегі көрініп тұратын ақ көңіл адамдар. Анарды саған айтып қойғым келеді.

— Апа-ау, Анар әзір жастау ғой. Асығыстау емес пе?

— Бірер жыл өз үйінде болады. Тосамыз он жетіге жеткенше.

— Күзден бастап Гүлбәден де, Анар да мектепке түсер деп едім.

— Е, мейлің, оқыта бер.

— Анар зирек те зейінді бала. Мен саған айтайын, сенің ана еркелетіп жіберген қарындасыңды сол Анар адам қылып келеді. Бізге еркеліктің керегі не?

Кенжеғара шешесіне риза көзбен қарап жымиды да отыра берді. Шешесі енді баласының «асығыстау емес пе?»— дегеніне оралды.

— Балам, сен бұдан былай елді көп аралайтын боласың. Болыстың әдеті сол ғой. Жұрт сені ең бай үйге түсіріп, барын аузына тосып қонақ ететін болады. Біреу қызын, біреу қарындасын бергісі келетін болады. Оған дау жоқ. Мен қазақтың сондайынан сақтанып асығамын,— деді.

Кенжеғара шешесінің не ойлайтынына да, не айтқысы келетініне де түгел түсінеді. Қарсылығы да жоқ. Ақылды шеше, өз басынан талай қайғы-қасіретті кешірген шеше баласына да, Анарға да ешкімге ұшырасып көрмеген таза бақыт тілейді. Дүниеде таза бақыт деген бар ма, жоқ па, оны оқымаған ана қайдан білсін, балаларына анасы ғана тілей алатын, кір келтірмейтін, шаң жұқпайтын бақыт тілейді.

Баласының Анарды жақсы көретінін Наргөз де әбден сезінетін. «Хан ағпақ» ойнап мандайдан шертіп ұпай алысқанда Кенжеғараның да, Анардың да жүздеріне көлденең көзге шалынар-шалынбас бір қызғылт реңк шыға келетін. Екеуінің мінездерінен де, отырыс-тұрыстарынан да, ұйықтау-оянуларынан да шынайы аналық сезімбей қалмас тоғып жатқан келісім, үлгісіз үйлесім көретін.

Шынына қалғанда Кенжеғараның да жан-жүрегі Анарға біржола тоқырағаң. Әттең, неге бірер жыл ертерек тумады екен деп қызынса да, оқыған жігіт өзін өзі тізгіндеп ұстап келіп еді.

[illegible] деді шешесі.

[illegible]

[illegible] жүр, шақырған үйге барайық.

Ауылдарының ең де, әйелі Күнзила да тұла бойы толы [illegible], тіршілік қиыншылықтарын күле жүріп көтере [illegible] адамдар екенін Кенжеғара әлдеқашан таныған. Бұлар әйелі еріне ұқсаған, қайда да сірек кездесетін бақытты адамдар. Барына риза, жоғына қайғырмайды. Бұлардың жалғыз ұлы Әлішер де, Күнзиланың туған інісі Жабай да жаны мырза, достыққа берік сенімді жігіттер. Бауырмал жандар.

Тегінде Бұланбай мен Сүгірәлі бастаған Алшағыр, Жабайлар да, оларға сүйене өсіп келе жатқан Нартай мен Әлішер сияқты жастар да Қарағанды көміршілерінің бетке ұстары, сүйеніш-таяныштары екені даусыз. Бұлардың өз тіршіліктері де, тіршілікке көзқарастары да бір адамдар. Ойын-күлкі, қайғы-қуаныш, барлық-жоқтықтары, көңіл күйі, көз жастарына дейін ортақтасып кеткен топ.

Шай келді. Еріткен сары май, қызыл-ала мәмпәсі, қалаш. Ағаш қасықтарымен қуырдақ. Бұланбайдың үйіне шешесі ала келген Кенжеғараның алтын ернеулі стақаны да ере келіпті. Бұл да әрі жоқшылықтың, әрі жатсырамаудың белгісі де.

«Әйел көркі шүберек»— кеше ғана Кенжеғара әкелген қала киімдерін киген соң Анардың бойы да өсіп, қыз екені айқындала түскен сияқты. Тырнақтарының көбесінен кетпейтін көмір күйесі де бүгін көрінбейді. Шай құюдың қызға қойылар талаптарына да машықтанып алыпты. Ақ шәйнектің тұтқасынан ұстағанда әр саусағы өз орнында. Бірін бірі бүркемей, қатар тізіліп, жымындасып тұрғандай. Мүмкін, бұл екі әжесінен үйренген сабағы болар. Шәшке табағына бір тамшы шай тамызған жоқ. Қай шәшке, қай стақанның кімге барарын жаттап алғандай, жалтақтамай-ақ жөнелтіп отыр.

— Қарағым Кенжеғара — деді Күнзила,— сенің атың аталғанда бүкіл Қарағанды қуанып қалады. Біз де балашағамызбен түгел соның ішіндеміз. Жабай інім, Әлішер жалғыз ұлымыз, Анар жалғыз қызымыз. Алшағыр екеуміз сол екі баланың әке-шешесі демесең, әшейін жай адамдармыз. Бұла-ағаң үйін ықтап отыратын дос-жарандарының үйлерін де көрсін деп шақырғанымызға келе қойғанына қалай қуанғанымызды жеткізіп айта алар емеспін— деп, көзіне жас алды. Күнзила апай, сіздің үйдің ішіне де менің көзім үйреніп келеді. Жатсырай алмасам керек. Екі шешелерім де жатсыратын емес. Апам өзі Нартай мен

Өлішерге арыз беріп көмірге түсейін деп жүр. Сонда мен қайда кете аламын?— деді Кенжеғара.

— Енді біз Қарағандыдан табан аудармайтын болдық. Басқа жаққа бет бұрмайтын болдық, Күнзила. Байладық сөзімізді,— деді Наргөз.— Әр сөзін қайталап, нығарлап айтты.

— Мен саған,— кіндік балам, Қарағандыны басқа жерге айырбастамайды деп талай-ақ айтып едім ғой, Наргөз. Айтқаным келді, бәрі де құтты қуанышты болсын,— деді Көпей.

Әйелдер осылай тұспалдап сөйлесе отырып, Кенжеғара мен Анардың тағдырын да біржола шешіп тастады. Күнзила жылап жіберді, Анар қызарып кетті.

Шешесіне еріп Қішкентай Назыкеш келді. Үстіне кигені кеше ғана Кенжеғара әкеліп берген жүннен тоқылған қызыл түймелі қызыл-ала кеудеше екен. Отырғандарды көзімен түгендей тұрып бөтен адам болмаған соң, кішкентай Назыкеш басын бұлғандатып, иықтарын қикандатып, көздерін ойнатып, недәуір уақыт сәнденіп тұрып алды. Отырғандар жас нәрестенің еркелігін қошеметтеп;

— Әй-әй-әй! Кеудешесі қандай әдемі еді!

— Түймелері қандай, қып-қызыл шиедей екен!

— Кім әкеліп берді екен!— десіп, үлкендер де баланың қуанышына қосыла кетті.

Қішкентай Назыкеш бір кезде ағасының тізесіне шынтақтап отырған Гүлбәденді көрді. Көрді де дастарқанды баса-жаныша солай қарай ұмтылып келіп Кенжеғараның алдына отыра кетті. Базарлық әкеліп берген адамға айтқан жас баланың алғысы да, жат емес, жақын адамсың дегені де, мақтанғаны да, еркелегені де осы еді.

Жерде отыратын адамдардың алдына келіп отыра кету балалар үшін оп-онай. Ауыл қазағының қай баласы солай отырып көрмеді дейсің, өзіміз де отырып көргеміз — рақат болады. Бұл өзі кішкентай Назыкештің де үйреніскен әдеті сияқты екен. Кенжеғара баланың басынан сипап, қолына мәмпәсі берді.

— Ің-ң!.. Ке-ет!— деді кішкентай Назыкеш ағасының тізесіне сүйеніп отырған Гүлбәденді шынтағынан итеріп.— Ке-ет!..

Гүлбәден оны мұрнынан бір шертіп қалды да, әрірек жылжып кетті.

Бұл кезде Кенжеғараның шешесі қызымен бірге Назыкештің үйінде тұратын. Кенжеғара ол үйге де әлденеше рет барып кішкентай Назыкешті еркелеткені бар. Енді сол

кішкене бала да мұны өлімсіреп, Кенжеғараның туған қарындасымен таласып жатыр.

Балалар біресе өкпелесіп, біресе күлісіп қалып отырған адамдарға бірталай ермек болды. Кенжеғара шешесі мен қарындасының бұл қоғаммен тіріде айрылыса алмасын білді. Өз ішінде де қарсылық сезінген жоқ, жылына түсті.

Болашақ қуанышы айқындалған сайын шеше жүрегіне сия алар емес, кернеп барады. Ескендірдің екі мүйізі барын момын байғұс құдыққа еңкейіп жатып ошкерелеген ғой. Наргөз де әйтеуір бір ретін тауып, сол қуанышын жұрт құлағына шалындырғысы келіп шыдай алмай отырғанда Бұланбай мен Алшағыр, Сүгірәлі келді.

— Келіңдер, келіңдер шалдар. Қуаныш үстіне дәл келдіңдер. Енді аз ғана кешіксеңдер құр қалатын едіңдер. Ал, отырыңдар да алақандарыңды жайыңдар! Төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылатын болды. Әумин деңдер!..— деп Наргөз қолын көтеріп алақанын жайды.

— Әумин!— деп үлкендер де түгел қол көтеріп, иектерін сипады.

— Сен де сақалыңды сипа! Болмайды, болмайды! Сипа!— деп Гүлбәден Анарды қысталай бастады.— Сақалыңды сипамасаң құр қаласың!— Гүлбәден Анардың оң қолына жармасып, бетін еріксіз сипатты. Үлкендердің неменеге «әумин!»— деп иек сипағандарын Гүлбәден түгіл Анар да білген жоқ. Жас балалар есейіп жеткенше үлкендердің не істегендеріне жете түсінбей де еліктей береді.

Қуаныш қызуы енді-енді лапылдай бергенде құрылыс инженері Ремизов пен кіреші Ыбырай келді. Кенжеғараға деп салынып жатқан үй енді мектепке айналатын болған соң Ыбырай аған түн бойы ұйықтай алмай шығыпты. Түн бойы түсінде оқып отырған балаларды көріпті. Енді, міне асығыс құрылыс инженерін алып келіп отыр.

— Пар ат есік алдында тұр, Кенжеғара, шырағым. Өзің бірге жүріп қай жерге, қалай салғызатыныңды мына кісіге өзің түсіндір. Маған сеніп қалсаң екеуміз де ұятты болып жүрермін,— деді Ыбырай.

— Жарайды. Барып келейік, Бұла-ағa!

— Е, барайық.

Салынып жатқан бір үй мен іргесі қаланып қалған тағы төрт-бес үйдің нобайына қарап болашақ қаланың сыртқы сипатын тануға да болғандай екен. Ұзын да кең көше. Ортасы әзір қатпаған көлге бұрк-сарқ етіп өзенше құйып жатыр. Кенжеғараның өзіне деп салынып жатқан үй едәуір биіктеп қалыпты. Тағы үш-төрт бөрене қосылса төбесін жа-

буга да болатын. Енді ол үй мектеп болмақ. Кенжегара құрылыс инженеріне осы өзгерісті айта бастады.

— Ең алдымен қосылатын жаңалық — екі оқытушы тұратын екі бөлме, екеу — ара ас үй, қазақша қазандық, орысша кухня.

— Түсіндім, түсіндім.

— Тағы бір бөлме оқытушылар кеңсесіне арналсын.

— Дұрыс.

— Қалғаны қырық балалық екі класс.

— Өзгеріс онша көп емес екен, Кенжегара мырза, хұп болады. Ішкі бір қабырғаны өзгертуден басқа қосылған қиындық жоқ.

— Сол өзгертулеріңізге қарай қосылатын төлеу ақысы қанша болса да ризамын.

— Ол көп болмас. Менің қысыла бастағаным — уақыт еді, Кенжегара мырза. Тегі бір-екі жеті кеңшілік сұрағым келеді.

— Бір-екі жеті емес, ең кемі екі ай кеншілік алатын болдыңыз. Оқу күзді күні басталады. Үй салдырып жатқандар қар қалай кетті, солай киіз үйге шығады. Сонда қысқы үйлеріне олар да күзді күні келеді. Бірақ, осы екі айдың ішіне менің өзіме салынатын бес бөлмелі ағаш үй де кіретін болса екен.

Ремизов қуанып кетті.

— Әбден болады, әбден болады,— деп екі қайталады.— Сіздің ағаш үйді қыс ішінде де салып тастаймыз. Ең соңғы өтінішім — үй салатын крестьяндарға жұмыс көліктері қажет. Дала жылқысын сүйге дейін жегінге үйрету керек.

— Түсінікті Ремизов мырза. Жеке үй салдырып жатқан адамдардың бәрі де күні ертең бір-бір ат бере алады. Мектеп пен өз үйім үшін берешегімді мен де ертең тұтас бере аламын.

— Міне, енді жұмыс қызады!— деді Ремизов.— Екі күннен кейін осы арада тағы бір соғып кетіңізші, қанша кірпіш келіп үйіліп қалғанын көресіз сонда. Бірақ, сіздер барлық кірешілеріңді біржола беріп қойсаңыздар жұмысты қыздыру орнына босандатып алуымыз мүмкін. Келісім былай болсын — мен қанша сұрасам соны ғана беріп тұратын болыңыздар.

— Жақсы. Сол алыс-беріс Байжан екеуіңіз арқылы болса қарсы болмайсыз ба?

— О, мен ол шалды жақсы білем. Тамаша адам.

Кенжегараның бір ескертпегені бөренелердің арасын дұрыстап тығындату жайы еді. Ондаймен көп істес болмаған қыр баласы мұны анда-санда есіне алғанымен ұмытып

кете беретін. Бірақ, Ремизов ұмытпапты. Сары алтындай жалтырап тұратын шаш-кендірге балдыр орап бөренелердің арасын өрімдей етіп тығындатыпты. Үйдің сыртынан да, ішінен солай еткен. Сібір суықтарына қарсы табылған бір ескі айла осы болатын.

Бұдан кейін Кенжеғара он үйін салдыратын орнын көрсетіп, әзірге тастары ғана қалаған жеке үйлердің нобайын шамалап көрді. Аралары ауыл үйлерінен алшағырақ, орыс поселкелеріндің үйлерінен жақынырақ белгіленіпті. Қейбіреулерінің қасында атжалдап үйіп, сабанмен жауып ағашпен бастырып тастаған саз кірпіштер қатарлана бастаған.

— Бұл кірпіштер күннің жылынуы мен егістің бітуін күте тұрады. Егіннен кейін біржарым айда үй болып тұра келеді. Есік, терезе, иден, төбе тақтайларын әзірлей берсін!— деді Ремизов.

Кенжеғара Алшағырдың үйіне қайтып келгенде бұрынғы отырғандарға Байжекең мен Жабай қосылған екен. Байжекең әрине, сілтеп отырған:

— Жұманның балаларына мен айтып кеттім: қыңқ еткенің енді екі еседен төлейтін боласыңдар. Ең болмаса екеуін «Ит-жеккенге» айдалатын боласыңдар!— дедім.— Бастары салбырап, бұтының арасына кіріп кетті.

— Байжеке-ау, осы малдарыңа шөбіміз қайда, қорамыз қайда?— деді Сүгірәлі.

— Қысты күні жылқыға шөп те, қора да керек емес!— деді Байжекең.— Ол саған сиыр емес, түйе де емес, кетпен тұяқ жылқы. Өз тұяғы, өз тісімен өзін өзі асырап шығады.

— Бағу да керек емес пе?

— Керек...— Осы кезде сырт киімін шешіп жатқан Кенжеғараны Байжекең көзімен нұсқап,— оны сұрайтын кісің,— мен сенің құлағыңа сыбырлап қана айтайын,— анау...— деді,— сол!

— Сыбырыңызды естіп қалдым, Байжеке... жарайды, бір реті табылар,— деп Кенжеғара күле сөйлеп әлгіндегі орнына келіп отырды. Кішкентай Назыкеш те «өз орнына» отыра кетті, «мұным әдепсіздік болар-ау» деген жоқ.

Сүгірәлі, қалампыр салған француз насыбайын мұрнына тарта беріп тағы бірдемені қолқ еткізе түсті:

— Кенжеғара шырағым, осы малдардың өзіміз тіріде осы дүниеде, өлген соң о дүниеде, құдай алдында сұрауы жоқ өзімдікі деп ала бергендей адал мал ма?— деді.

Бұл жұмыскерлер арасында етек алып өршіп бара жатқан сұрау еді. Игілік тұқымы Жұман тұқымынан өшін алуды тоқтатпады-ау деген ру арасында, ел ішінде туған бір өсек жылжи-жылжи Кенжеғараға соққалы келе жат-

кан. Соны әркімнен естіп Бұланбайдың зығыры қайнап жүр еді, Кенжеғараның жауап қайтаруын күтпей кіпп кетті:

— Сүгірәлі, сен ел жақтан келіп жататын өсек-аяңға құлақ сала беретін болғанбысың? Оны қой біржола. Дүшпеде біз үшін бір адал мал болса, сол адал мал осы Байжекен айдап әкеліп отырған біздің еншіміз: он жылдаған табан-ақы, мандай теріміздің төлеуі. Алынбаған жалақымыз. Мына отырған Жабайдың әкесі Талтаяқ, Жабайдың өзі, мына отырған Назыкештің шешесі, Назыкештің өзі, мына отырған Көпей, тап сенің өзің — бәрін қосқанда Жұманның жалшылығында неше жыл жүрдіңдер? Жалғыз Талтаяқтың өзі елу жыл жүріпті! Мен Игіліктің жалшылығында он екі жыл жүрдім. Бізді көріп, байлардың бүгінгі жалшы-малшылары да байлармен батылырақ сөйлесе алатын болады. Байлар біздің еңбегіміздің қаймағын жеді, біз әлі өз еңбегіміздің қаспағына қолымыз жете алмай жүрміз.

Сүгірәлі жасыңқырап қалып еді, Кенжеғара әуелі сол қарт жұмыскердің көңілін көтергісі келіп:

— Бұла-аға, Сүкең екеуіңіз біріңізге бірініз қатты да, гәтті де айтып қалып отырасыздар. Кейде бір-бірінізге айтып отырғандарыңыз басқа біреуге арналып айтылған «қызым саған айтам, келінім сен тында!»— болып шығады. Сондықтан мен сіз екеуіңіздің араларынызға қыстырылмай, өзіме тиісті бір-екі ауыз сөз айтқым келеді. Әуелі сол жылқыларды бнылша кім бағарын тауып беру менің мойнымда болсын. Ол оңай мәселе. Ұзамай біразы үй салдырушыларға кетеді. Ал енді, мына жалақы деген бұл бұрын да, қазір де жұмыскер қауымының бірінші мәселесі. Осы көмірде жүріп өздеріңіз он тиын үшін неше жыл алысып келесіздер? Әлі де алысасыздар. Мүмкін нағыз алысатын кезіміз алда болар. Ауыл байларында кеткен жалақыларыңызды жарым-жартылай болса да қайтарып алатын бір сәт туған екен, пайдаланып қалыңыздар. Байжекеңнің алып келгені түгел алынған жалақы емес, ең көп болғанда әркайсыңыздың екі-үш жылдық еңбектеріңіздің ақысы. Жүрексінбей алыңыздар. Қазір қыр елдерде де жалшы-малшының жалақысын толығырақ алып беріп жүрміз. Осы мәселені түгел бір аударып-төңкеріп қарап шығатын сот құрылады. Арыз берген бір жалшы-малшының ісі қаралмай қалмайды. Байжекеңнің орындап келген істерін де сот арқылы бекіттіріп аламыз,— деді.— Байжекең өзі қарсы болмаса сотқа заседатель — бірге тексерісуші, бірге шешуші, бірге үкім шығарушы еткіміз келеді,— деп тоқтады

— Шырағым, Кенжеғара, ондай істің тізгіні қолға тисе,

Байжекеңнің кім екенін жұрт сонда танып,— деді Байжан.

— Солай болары сөзсіз, Байжеке. Оған дейін мына қала салатындармен есеп айырысу сіздің қолда болсын. Ремизов сұрайтын болады, сіз беретін боласыз. Егінге салатын аттарды үйрету керек екен, беріп тұрарсыз.

— Құданың құдіреті, бірдеме істемесем орнымда отыра алмаймын,— деп Байжекең тұра келді.— Мен үй салатындарына қазір барып жолығып қайтамын.

— Байжеке, сіз өз үйіңіздің орнын белгілемепсіз ғой әлі?

— Соны өзіңмен ақылдасқалы келіп отырмын.

— Қалаған жеріңізге салдырыңыз.

— Мектеп маңайына жақын салғызсам ба деп едім. Күнде балалар қасымнан сәлем беріп өтіп бара жатқаны қандай қызық. Әлгі менің Апағымның да алты баласы бар ғой, ең соңғысы тоғызда.

— Келістік Байжеке. Қазір барыңыз да инженерге салдыратын үйіңіздің орнын көрсетіңіз.

Түскі астан кейін Кенжеғара Қарағанды, Ақбұйрат жолымен балаларды серуенге алып шықты. Күн ашық, аспан бұлтсыз, дүние кеңейіп, көкжиек алыстап көз жетпеске кеткендей екен. Парлап жегілген екі қанжирен семіз аттар Түменнің жеңіл қара шанасын ойнатып әкетіп барады. Аттар ауыздарын керекарыс ашып, ауыздықпен алысып жұлқынып келеді. Шеткі аттың сол жағына қарай бұрып алған басы анда-санда тізесін кеміріп бара жатқандай сезіледі. Шаяхметтің өрме құнты аттарға тимейді, анда-санда жоғарыда ысқырынып шарт етіп қалады. Міне, балалардың есінен кетпес қызықты қуаныш. Міне, қазақ даласының ең ұтымды қозғалысы. Ат шабысынан ұтымды қозғалысты қазақ баласы көрген де емес, одан ұтымды қозғалыс болар-ау деп ойлаған да емес.

Мұндай серуенді Анар мен кішкентай Назыкеш түгіл, аты бар, арба-шанасы бар үйдің баласы Гүлбәден де көрген емес-ті. Әуелі тоқамыз деп қасқыр ішікке оранып алған қарындасы мен Анар ат екпіні мен қонырау сазынан естері шығып, ішікті серпіп тастады. Беттері ал-қызыл жайнап барады. Кенжеғараның алдына орнығып алған кішкентай Назыкештің дөп-дөңгелек қара көздері жарқырап жанып бара жатқандай. Бұл кезде сырғанақтанып алған жүк жолы шананың арт жағын екі жағына кезек үйіргенде біресе Анар, біресе Гүлбәден Кенжеғараға соғылып мәзмайрам күлісіп алады. Кішкене Назыкеш ол екеуіне ұрсып қояды. Оның ойынша ана екі тентек қыз мұның ең жақсы көретін адамына әдейі келіп соғылады. Өзі міне,

отыр ғой ешкімге соқтықпай. Тұра тұрындар сендер! Ол әжелеріне айтып барады...

Қарағандыда сегіз жүздей жұмыскер бар. Жан-жақтан келіп паналап отырғандарды қосқанда мыңнан артық адам ұясы бар: барақ, барақ, барақ, жиырма шақты жеркепелер. Анда-санда бір кездесетін қалама-жонама үйлер. Барақтарда қырық-елу адамның төсегі қатар жатады. Ерлі-зайыпты, әкелі-шешелі жұмыскерлер тұратын барақтарда екі семьяның аралығы көбінесе белуардан тақтаймен межеленген. Ол екі араны кірпішпен бөліп алған болса, ол бір бақытты адамдар: екі семья да шамдарын сол кірпіш жарманың үстіне қоя қойса жарық екі жағына да молырақ түседі. Барақтар мен жеке үйлерден басқалары бейіт сияқты жер-жапаларда тұрады. Қайда да үйме-жүйме жандар, кір-ластық, настық. Мұндай жағдайда жұмыскер балаларының не ойына, не түсіне серуен, ауа, тазалық деген кірмейді де. Кенжеғараның ойы айдалада жалғыз келе жатқандай осы жайларға ауысып кеткен екен. Қоңырау даусы Бұланбайдың есігінің алдына жетіп тына қалғанда әрең арылды.

Көміршілердің бас көтерерлері де, ең табыстылары да Бұланбайдың айналасы болушы еді. Кенжеғара келіп араласқанша бұлар да «бөрі арығын білдірместің» деңгейінде ғана тұратын. Осы топтың балалары да міне бүгін адам көрмегенді көргендей көңілдері өсіп, беттері алмадай қызарып қайтты. Балалар көңілі өсіп жүре ме, жасып жүре ме, бұл ойыншық емес! Жалпы жұмыскер әулетінің ашаршылығы да тек қана қарнында емес қой.

Анар мен Гүлбәден шанадан түсе сала үйлеріне қарай жүгіріп кетті. Көрген қызықтарын таласа-тармаса үлкендерге айтып шықпаса ол бір ішке симайтын қызық қой. Үлкендер таңданып, таңдай қағып тыңдаса қызықтың қандай керемет болғанын балалар өздері де сонда ғана терең түсінеді. Кішкентай Назыкеш Кенжеғарадан айрылар емес. Әкеден жетім қалған бала әке құшағын сағынып қалыпты. Қыз бала үшін ол бір сенімді, берік құшақ қой. Далаға шығып қарсы алған шешесіне де бармады. Бір қолы Кенжеғараның мойнында, бір қолын шешесіне созған бойы Бұланбайдың үйіне кірді.

Осы бір ерекше қуанышты күннен екі ай кейін Кенжеғара қасында Ақбұйрат мыс заводының бас инженері Карл Бернер екеуі Нілдіге келіп еді. Бернер неміс, белгілі шамаға дейін достасып қалған адам. Нілді мыс шахтасы Ақбұйраттан көп кеш ашылғандықтан, мұның өндірістік жа-

от жоғары саналатын. Және Нілді шахталарын салудың авторы Бернердің өзі еді.

Шахталарды аралағанда Кенжеғара жәй ерді де жүрді. Бұл әзір мыстың үстіңгі бетін жонып алып жатқан кез екен, терендейді екен, тармақтанады екен... Бет-ауыздарын шаң басқан ақ кірпік, ақ сақал жұмыскерлер... Булығып жөтеліп, көздерінен жас ағып, шиқылдасып қояды. Ақбұйрат жұмыскерлерінен не айырмасы болсын! Жай қара қазаққа ұқсамайтын қазақ жігітіне үмітпен қарайды. Құдай оңдап бір қазақ инженері келгей-ақты... Сенің де адам екеніне түсінер ме еді, әлде қайтер еді... Е, ол қайдан болсын. Әттең, қазақ штейгер болар ма еді десейші! Штейгер!.. Үн шығармай соға бер көк тасты. Әрі-бері қаша да су тамыз шұқанағына. Су берсең тастың көңілі де жібиді. Қашауын батыңқырай түседі. Шақ-шұқ, тақ-тұқ... Мұрны құрғырға бір иіскейтінін қалған жоқ па, әй, Ахмет? Е, қайдан қалсын! Шақ-шұқ, шақ-шұқ... Тақ-тұқ... тақ... тұқ... Ара-тұра шиқ-шиқ, шиқ-шиқ... Сенде де жоқ па, ей, бір иіскер?.. Жоқ.

Кешке қарай Кенжеғара мен Бернер екеуі кеше аралай алмаған жер — жатақтарды аралап кетті. Бағынышы бір өндірістердің жұмыскер жағдайларында көп өзгеріс бола бермейді. Баяғы сол Қарағанды, Ақбұйраттағы шұбалған барақтар. Кенжеғарамен бірге жүрген Бернерге мөлше қараған көздер, құп-ку, жұтаң өмір. Аяуы жоқ рахымсыз тіршілік, пайдасы жоқ құр аяу...

Кейбір жеке тұратын жұмыскерлердің жер-жатақтары барақтан анағұрлым жақсы екен. Тастақ жерді қопарып қазып адам бойынан аз-ақ биік үй жасап алған. Ұзындығы он метр, көлденеңі екі жарым — үш метр, екі бөлмелі жер — кепе. Құп-құрғақ, жып-жылы. Көмір жаққан қазандық пеш жел соқпайтын жер-кепені жақсы жылытып тұр. Ішер-жер тамақтары да сол пешке бір соқпай өте алмайды. Үйдің сыртқы төбесін ұсақ таспен саз балшықты араластырып қоянжондап майлап тастаған. Жарық түсетін терезелері де төбеде.

— Мұндай «жақсы жайларда» он шақты орыс жұмыскерлері, жиырма шақты қазақ жұмыскерлері тұрады. Бұлардың көбі жастар. Қайраты қайтпаған өз күшімен осындай жер-кепе салып алуға шамасы келетін адамдар.

Бернер Қарағандының ыңғайына көшіп, Нілді мен Ақбұйратта да қазақ штейгерлерін әзірлей бастаған еді. Нілдінің бастығы кәрі инженер Шульц (Бернердің достас адамы) он шақты жас жұмыскерлерді оқыта бастаған:

жетеуі қазақ, үшеуі орыс балалар. Бернер Кенжеғараны сол жетеудің біреуінің жер-кепесіне алып келді.

Кепенің бір қабырғасына тақай қойылған дөңгелек столдың астына аяғын созып жіберіп шәй ішіп отырған жас жігіт сәлем беріп тұра келді. Шайға шақырды. Басына қызыл шұбар шәлі жамылған жас келіншек те тұра келді. Келген қонақтар, өз әлінше төр деп саналатын жерге төселген құрама сырмақтың үстіне отыра бере қысқа ғана амандық айтысып, сөз де басталып кетті.

— Бұл жер-кепенің иесі мына жігіт — Тұрысбек Жангозин. Өте жақсы жұмыскер. Үш адамның жұмысын істейді. Оқымаған инженер. Мыстың еңкейісін, шалқайысын, қатқабат жатысын жатқа біледі. Осы жігітті штейгер қоямыз ба десек, жыл сайын бір жанжалға ілегіп қала береді. Бір күні келіншегі мен екеуін ұстап әкете ме деп қорқамыз. Осындай тағы бір жігітіміз бар, оны да штейгер етпек едік, ол да тап осындай істі болып жүр...

— Қызық екен. Ол не, қандай жанжал?

— Өзі айтсын.

Жігіт іркілген жоқ.

— Болыс-әке, сыртыңыздан әбден таныспыз, тілектесіңбіз. Жүз таныстығымыз болмаса да алыстан үн қосып отыратын құрбыңбыз... Алдыңғы жылы мына кісімен көңіл қосып, аты Жамал, алып қашып едім. Ондайды қазақтың қай ауылы жақтырады. Елден қашып, осында келіп паналап мысқа түскен жайымыз бар. Арғының тоңмойыны Куандық кімнің еркелігін көтеруші еді, соңыма түсіп кеп берсін. «Қызымызды тартып аламыз»— деп бір рет қырық жігіт, бір рет отыз жігіт осында да шабуыл жасады. Әйтеуір қайла-сүйменнен шайлығып, кейін қайтты. Содан бері Нілдінің бастығы қартаң инеженер Шульц маған екі мылтық беріп қойды — біреуі атылатын шын мылтық, біреуі анау тұрған арғысы бояп қойған ағаш мылтық. Күндіз келіншегіміз бен екеуміз де шахтадамыз, түнде мылтығымыз бар қорықпаймыз...

— Мұнысы әңгіменің бірінші бабы — деді инженер Бернер.

— Екінші бабы да осыған жақын,— деді Тұрысбек,— сөзді қайта жалғай беріп.— Мына кісіні менен тартып әкету үміті үзілген соң мұның әкесі менің әкемнен қалың мал даулайды: көп емес, үш құлынды бие, екі бұзаулы сиыр, он қой, бір ат. Әкемде төрт-бес ешкі, төрт-бес қой қашан да болатын. Өзге мал мандайына біткен емес. Тап өзіңіздің нағашыңыз Қозыбай сияқты қайыс өріп, ер-үзеңгі істеп күнелтеді. Ағаштан иіп, қына-сарыға бояған үзеңгілері бір

[illegible] Ау айғы менің бой жетіп келе жатқан қарындасым мына кісінің төлеуіне бермек болумен тынады.

Бәсе! - деді Кенжеғара.

Қарындасым зар жылап маған хабар жіберіпті:— жарлыдан өлуден басқа шарам қалмай барады,— депті.

Өздерінде бір өжет мінез бар-ау, сірә?— деді Кенжеғара.

— Бар. Шешеміз анаған-мынағанмойымайтын өр кеуде адам. Иә, шешені қоя тұрайық. Сөзімді аяқтайын... Осында бір жақсы жігіт бар. Мен Жамалды алып қашып келгенде —«Қуандыққа қол тигізіп жүрген қасқыр екенсің»— деген маған. Жасымыз шамалас. Достасып кеткеміз. Бір күні мен соған — әй, сен, қалыңсыз қатын алғың келе ме?— дедім.

— Қандай қатын?— деді ол.

— Ай мен күндей қыз — менің қарындасым,— дедім.

— Сенің қарындасың болса ай мен күндей болмай-ақ қойсын, аламын. Екі көзі бар ма өзінің?

— Бар.

— Екі аяқ, екі қолы, екі құлақ, екі көзі бар ғой?

— Бар, түгел.

— Жынды емес қой?

— Аздаған жындылау. Маған тартқан. Екеуің ұялас күшіктей, бір-бірің дәл келесіңдер.

— Онда басқа сұрауым жоқ. Алдым. Қашан әкеліп бересің?— деді ұялмай-қызармай.

— Ей, денің сау ма өзіңнің? Маған өткізіп қойғаның бардай қалай сөйлейсің?! Екеуміз бірге барып, алып қашамыз да.

— Келістік. Бірақ қара тырнағында бір ақауы болса, мен айнып кетем.

— Берейін бе келіп! Мұрныңды бет қылып жіберейін бе!

— Қойдым, қайнаға, қойдым...

— Үш күннен кейін мен өз үйімнен, өз қарындасымды... өзім алып қашып келдім. Күйеу баламыз бірге еріп барып темекіме ортақтасқаны болмаса түк пайдасы тиген жоқ. Мен болсам дауға дау қосып алдым...

— Бұл дауға қатынасы бар адам нешеу болып шықты өзі?— деп сұрады Кенжеғара.

— Мен айта берейін, сіз санай беріңіз... Менің әкем... (шешем мен жақта, ол кісіні санамаңыз).

— Бір.

— Жамалдың әкесі.

— Екі.

— Жамалды айттырып, қалың мал төлеп жүрген адам.

— Үш.

— Жамалдың төлеуіне менің қарындасымды алмақ болған Төлебай деген бір қарт. Екі даудың иесі.

— Онда оны екі кісіге санайық — бес.

— Содан кейін біз — екі жігіт, екі келіншек.

— Тоғыз.

— Болыс-еке, даугерлердің бәрі де Арғын ішінде Қуандық екенін еске алсаңыз, Қарысбек екеуміздің жауларымыз рулы ел болып шығады. Біз күндіз-түні аңдудамыз.

— Қызық екен.

— Қызық болғанда қандай!— деп әңгімеге Бернер де қосылды.— Екі келіншек күйеулерінен бір адым айрыла алмайды. Құдыққа су ала барғанда да, ұят та болса айтуға тура келеді, түнде түзге отыруға шыққанда да күйеулері қолдарында мылтық, бірге жүретін көрінеді. Жайлары осындай болған соң бұларды қалай штейгер етіп бекіте аларсың?

— Бұларды Ақбұйратқа көшіруге болмай ма? Бәрі бір жұмыс емес пе?

— Әбден болады. Бірақ, осылардың істері қылмыс деп саналмай ма қазақ заңдары бойынша?

— Жоқ, саналмайды. Көшіре беріңіз. Екеуін де штейгер етіп бекіте беріңіз. Дауларын бірдеме етіп сөндірерміз. Осындай жанжалы көп істерді тексеруге келген сот қазір іске кірісіп жатыр. Байларда кеткен, байлармен бірге сіздерде кеткен. жұмыскер еңбекақысы болса, сот бұл жолы оны да қарайды-ау деймін...

— Рақмет, Кенжеғара мырза... бір қуантып тастадыңыз.

— Жігіттерді тезірек жөнелтіңіз, Карл Карлович.

— Мен бұларды бүгінгі таңнан қалдырмай жөнелткен дұрыс-ау деймін.

— Солай етіңіз.

Тұрысбек әңгімесінің үстінде келіншегі кейде ұялғандай қызарып кетіп отырып еді, ұзамай жылысып шығып кеткен. Әңгіме аяқталар кезде Қарысбек деген жігітті келіншегімен бірге ертіп әкелді.

— Қарысбек деген жігіт осы. Қасындағысы менің қарындасым Бикен,— деді Тұрысбек.

Қарысбек те ашық, ақ-жарқын жігіт екен.

— Болыс келіп қалды дегенде ішіп отырған шайымызды тастай беріп: аз-ақ қашып жөнелмедік... Қасында пошташабайы жоқ деген соң жүрегіміз орнына түсті,— деді. Сәлем беріп амандасқаннан кейін бірінші айтқан сөзі осы

болып. Ел үйірсек те дәулетті болу керек, кірбіңсіз әңгімеге жол ашылмайтындай.

Ешнәрсеге де жалықпаған жоқ.

Болыстан қашқан жөнелгендей не күнәң бар еді?— деп.

Байлап-матап, еріксіз сүйреп әкеттің бе?

– Жоқ, болыс-еке, олай болған жоқ. Ағасынан сәлем айтып жіберген екен. Бір түнде қолынан жетелеп алдым да жүре бердім. Жәй, әшейін, тегін... Ағасы деген кісіңіз қасыңызда отыр, қарындасы деген кісім мынау қасымда тұрған. Аты Бикен болады.

— Е, ондай ұрлыққа мен де жолдасың болып баратын едім,— деді Кенжеғара.

— Қап, сізді жолдас етіп бару үшін тағы бір қыз алып қашатын болдым-ау!..

— Ол жолы әуелі қасыңызда тұрған Бикен деген кісіден лұқсат алып атанарсың.

Осы тұста Бикен әңгімеге араласты.

— Болыс-аға,— деді Бикен,— атыңызға да, атағыңызға да сырттай әбден қанық едік. Жүздесе келе сіз туралы естіп-білгеніміздің бәрі рас, бәрі дұрыс екен деп бір туған қарындасыңыздай қуанып тұрмын. Сол қарындасыңыздың жер-кепесіне кіріп бір шәшке шәй ауыз тиіп шықпасаңыз өкпелеп қалардаймын, аға! Сізге аға деп еркелегім келе ме, назданғым келе ме, білмеймін... Әйтеуір осы екі үйіміздің бір жанашырындай көрінесіз...

— Өзімнің де бір тентек қарындасым бар еді, сағынып қалғанмын ба, немене, соны есіме түсірдің ғой, айналайын... Жүріңіз, Карл Карлович,— деп Кенжеғара орнынан тұра бастады.

Бұл сапарынан Кенжеғара тағы біраз нәрсені ойына түйіп қайтты. Жұмыскер тұрмысы қанша ауыр болса да, қазақ байларының есігінде жүруден анағұрлым пайдалы. Аяқпен теуіп қорлауы жоқ. Ескі аруақтарға бағыну жоқ. Құл емес адамсың. Тіршілігі бір жүздеген-мыңдаған жұмыскер өндіріс нелерімен дауысын көтере сөйлесе алады. Кейде жеңіп шығады. Қай өндірісте болсын байдың сол қорлығынан сезінген, есі кірген, еті тірі жастар да көбейіп келеді. Сана-сезімі оянбаған ынжық жандар әлі де байдың тезегімен кіріп, күлімен шығып күнелтеді. Ал мына жігіттер кім? Бұлар да Жабай, Нартай, Әлішер сияқты баяғының темір бұғау, тас қамалдарын қиратып шығып босана алатын адамдар. Бәрі де жүректі, қайғыра білмейтін нар жігіттер. Мынау екі келіншек те ешнәрседен тайынатын жасық жандар емес. Анар да осылардай болар ма екен?

Неге болмасын! Кенжеғара қазақ жастарының ең алдымен талқандайтын тас қорғаны қорлана берген, қорғана берген ескілік екенін жақсы біледі. Аталы мен аруақтыға бағыну сияқты әлі жылжымай, жарылмай-бұзылмай келе жатқан неткен күн деп ішінен кіжінді.

Ертеніне болыстың орталығына жеткенде Кенжеғара үлкен қуаныштың үстіне келді. Үш мың пұт тұқымдық бидай әкелген өгізді, аттылы, түйелі көліктер үлкен ауылдың ортасында иіріліп тұр. Түйелер бірінің қапшықтарын бірі жарып, шығындата бастапты. Тұқымды әрқайсысы өз еліне қарай бұра тартқан ауылнайлар жанжалы да енді болмаса басталып кеткелі тұр екен.

— Не жанжал?— деді Кенжеғара келген бетінде.— Анау күні қай ауылнай қанша көлік жіберіп, қанша тұқым әкелсе сол әкелгені сол ауылнайдікі болады деп шешкеніміз қайда? Бұл жолы көлікті аз жібергендерің келесі жолы алысырақтан, Есіл бойынан таситын боласыңдар. Елдеріңнің не айтарын сонда естірсіңдер!— деді.

Жүк әкелген көліктер әрең дегенде әр ауылға тарадыау, әйтеуір... Кенжеғара көлікті аз жіберген ауылнайларды біраз тақымдап алғысы келіп, ауылнайларын түгел кеңсеге ертіп әкелді. Дегенмен қуаныш үстінде ешкімнің көңілін қалдырғысы келмей, сөзін Россияға қарайтын төрт облыс қазақ халқының егін салуға қашан кіріскенінен бастап кетті.

— Білесіңдер ме, өткен ғасырдың үштен екісі ауған шамада Абылай сұлтан орыс патшалығынан егін салуды үйретететін он крестьян сұрап алыпты. Он орыстың аманатына бастығы өзінің бір баласы мен он қазақты беріпті. Сөйтіп атақты Көкшетау жерінде егін салу басталыпты. Одан бері жүз жиырма жыл өтті. Ол кезде Көкшетау қаласы жоқ, Қызылжар мен Омбы бар. Біздің Ақмола облысында қазақ халқының жаппай егін сала бастағанына жиырмаақ жыл толды. Бірақ, осы жиырма жыл ішінде қазақ халқының егінге бет бұруы өте бір орасан істердің қатарына қосылды. Мұны әсіресе орыс ғалымдары таңдана сөз етіп жүр. Петербург, Москва қалаларында, өзіміздің Омбыда шығатын газет-журналдарда үздіксіз жазылып келеді. Ақмола облысы былтыр он үш миллион пұт астық алса, сонын үш миллион пұты қазақтардың алған өнімі. Тағы бір қызығы біздің Ақмола облысының қазақтары «Тоқырауын», «Өртен жал» деп аталатын бидайдың екі түрлі жаңа тұқымын шығарды. Екеуі де ірі де қатты, асыл тұқымды бидайлар.

Үйінді қалаларының «бұл екі бидайды тасқа ексең де шығады» деген сөзі ежелден белгілі.

Семей облысында орыс пен қазақ халқы салған егіс көлемі шамалас екен, бұлл әрқайсысы екі миллион пұттан артық өнім алған. Көршілес Торғай облысы жүз сексен екі мың жарым десятина егіс еккен екен, соның бестен төрті қазақтардың егісі.

Мұның бәрін жіпке тізіп айтып жатқаным осы біздің Қарағанды өңірінен басқа жерлер алдақашан егін егуді түгел меңгеріп алды. Біз артта қалып бара жатқандардың ішіндеміз. Елінде қанша кедей, қанша аш адамдар барын біле отырып, бұл жұмысқа бей-жей қарауымыз қылмыс емес пе? Жыл сайын аштан, аурудан өлген адамдардың обал-жазығы кімнің мойнында болмақ? Өлгендердің өз мойындарында ма? Жоқ, жігіттер, біздің мойнымызда! Тұқымдық бидайды түгел тасып алатын болайық!

Осы тұста адвокат Степанов келіп Қенжеғараның сөзін бөліп жіберді. Бет пернесінде асығыстықпен бірге мұңайыс бардай екен. Аз ғана түйсіктеніп тоқтай қалған Қенжеғараға таяп келіп, бірдемені күбірледі де қолын қысты. Қенжеғара ауылнайларға бұрылып:

— Мәжілісті үзуге тура келді. Не істейтіндерің белгілі ғой. Елдеріне қайта беріңдер,— деді де тұлкі құлақшыны мен сыртқы ішігін қолына алып шығып кетті.

Үйде Степановтың ақырын ғана айтқанын Қенжеғара далаға шыққан соң айғайлап айтқан түрін де естіді. Ауылды қақ жара шауып бара жатқан екі салт жігіт, біреуі оң жақтағы үйлерге қарап, біреуі сол жақтағы үйлерге қарап:

— Жаназа, жаназа!.. Игілік би қайтыс болды!— деп айғай салып барады екен.

Қенжеғара Степановтың шанасына отыра кетті де үнтүнсіз жүре бөрді. Пар ат жегілген өз шанасы соңынан еріп барады. Көшір Шаяхмет есті жігіт қой, қоцыраулардың тілін байлап тастаса керек, қоцыраулар үнсіз екен.

14

Иә, Игілік би қайтыс болыпты... Жаназа, жаназа... Жан-аза, жан-аза! Кімнің жаны? Жаны аза тұтып жалғыз қалған, әрине, Айғанша шешей... Баласыз әйел еді, енді жалғыз кәрі серігі — Игіліктен айрылды. Міне, осы кісінің жаны аза тартып отыр. Игіліктің өлімі ол кісі үшін айдалада жалғыз қалғанмен бірдей.

Қенжеғара недәуір уақыт не қайғыру, не толғану белгі-

сі жоқ, бейжай келе жатқандай еді. Ұзамай өгей әке мен өгей баланың арасында, осы екі өгейдің ортасында болған шешенің айналасында тумай қалмайтын шым-шытырық жайлардың біреуін суырып алып еді, онысы — Игілік сенің жатың ба, жақының ба?— деген сұрау екен. Жатым емес, әкем,— деді ол ішінен. Әкем. Ол маған өмір берді. Менде ақыл-ой, қайрат- жігер, қаталдық-қайырымдылық, бауырмалдық — мейірімділік болса, ол адам соның бәріне де ортақ. Мен оған қарыздармын. Бірақ, ол менің жақыным бола алған емес. Әкем деген кісі мен балам деген кісілердің бірін-бірі не жатым, не жақыным дей алмайтындары да болады екен. Әуелі мен ол кісіні бөтен адам деп жүрдім. Келе-келе шешемді қызғанатын болдым. Бала кезінде еркелей алмаған кісің жақының бола алмаса керек. Бұл кісі әуелі мені Ақмолада, одан кейін Омбыға апарып оқытты. Мұнысы менің өмір бойы өтей алмас қарызым ғой деп ойлаймын. Киер киім, мінер ат, ішер-жерден кем еткен емес. Осы мінездері мені жатсыратқан да жоқ. Осы күні мен әкем мен шешемді кінәлай алмаймын. Қазақ даласында сүю-күюдің бір түрі осы. Қос ноқталы түрі. Әкемізбен арамыз сыйласудан, қадірлеуден әрі аса алмай тынғаны ғой енді. Әкеме қарыздармын дегенде мен оның байлығын бағып, байлығын өсіріп отырмақ емеспін. Маған байлықтың керегі жоқ. Керегі жоқ дегенде оның артында қалған малын қырып тастап, үйін өртеп жібергім келмейді, әрине. Ендігі байлық бұл емес. Қазақ байлығының жұртында бір уыс күл қалады. Біраздан соң ол да ұшып кетеді. Менің іздейтін байлығым малда емес, адамда болмақ. Әзірше оның жолында білемін дей алмас едім...

— Айғанша апай ғой зар қағып жылап отыр?— деп сұрады Кенжегара.

— Не айтатыны бар... Ең болмаса қоштаса алмай қалдым-ау, деп өкінеді. Үй іші хауіп бар-ау деп ойламаған ғой... Таңертеңгі шайдан кейін төсегіне барып жатқан да ұзамай үзіліп кеткен...

— Жұрт жиналып жатқан болар?

— Сұрамаңыз... Ауыл лық толып кетті. Әр бөлмеде отыз-қырық адам... Ордабайдан басқа балалары түгел келіп, әлденеменеге талас шығарып жатыр. Айғанша Ақназаровна үнемі жылауда. Таласқан балалардың арасында әлде қандай ақыл айтып Байжан шал жүр. Балалар оны кеудеден итеріп-итеріп қалады. Қонақтар да бірдемеге таласады білем... Мен қазақ жерлеуін білмеймін ғой. Маған соларың тұп-тура тонауға келгендер сияқты көрінеді. Балалар да, қонақтар да, бәрі де...

Ит-балаға кеш ауылдың шапалақ шапаларға лық толған екен. Бойтарлы кемпір-шалдар, бозбала-адамдар топ-тобымен отын жағынған шапаларын ақтарып тұр. Шөп үйілген шөпшек пен бақшаның төңірегінде аттар сыспай тұр. Бірсыпырасының мен пошталайды да осында жеткен екен. Соғымға ерінбей келіп Кенжеғара қасқы үйге қарай беттегенде үйден Байжанның даусы естілді, біресе ызаланған, біресе қорланған айғай. Кенжеғара үйге кіріп келгенде Байжекең тіпті шапалағын кетіп дауыспен —«Игілік-ау, сенен мен ешқашан бұрын озмедім екен! Сенің ит балаларың жағамды жартып, кеудемнен өтерді ғой! Кеудемнен!»— деп көзінен жасы сорғалап, даусы булығып, қырылдап әрең шығады.

Игіліктің екі кіші баласы арқаларын үйдің қабырғасына тіреп алып: «Бақыр-бақыр, ойбайлай түс! Кім араша-лар екен!»— деп ыржалақтасып мазақтап тұр екен.

— Бұларың не?— деді Кенжеғара ағаларына бұрылып...— Ұялсандаршы! Орыс-қазақта бір адам тіл тигізіп көрмеген Байжекеңді қорлап қол тигізуге қалай ұялмадыңдар?!

Екі ағасына Кенжеғара Игіліктің өзіндей көрініп кетті. Апыр-ау, қалай ұқсап кеткен. Даусы қандай ызғарлы еді! Дене бітімі шойыннан құйғандай сом екен-ау, иттің!

Кеудесінде жарқырап тұрған екі басты самұрық құсы бар поштабай иегімен ғана есікті нұсқап еді, жігіттер қарсыласа алмай құр тістеніп шығып кетті.

— Ойпырым-ау, Кенжеғарамысың? Келген екенсің ғой, қарағым. Ауылың толған дау, айналаң толған жау!.. Өзің келмегенде не боларымызды жалғыз құдай білетін еді.

— Іштеңе етпес, Байжеке... Енді дыбыс шығармаңыз.. Жүріңіз, Айекеме барайық.

Егіліп жылап отырған Айғанша Кенжеғараға тұра келіп көрісті. Әрі қайғырып, әрі қорланып қалған еді, бар лық мұң-зарын айтып көрісті:

— Бәйтерегім құлады. Жалғыз қалдым жалғыз... Жалғыз арқа сүйерім-ау! Екі шешеңнің бірімін. Өзің іздеп тауып ең, өзің шешемсің деп едің. Күндік жерге түскен көленкеңнен мен сорлыға орын бере гөр. Сенен басқа кімім бар менің?.. Кешегі дос бүгін жау... Арашалай гөр шешеңді!..

— Айеке, сабыр етіңіз. Ешнәрседен хауіпсінбеңіз. Бәрі де өзіңіз ойлаған жерден шығады, тынады!— деді Кенжеғара. Тарығып отырған әйел уанғандай болды.

— Қарағым Кенжеғара-ау, мен көп болса саулық қойдың жасындай жасым қалған кәрі адаммын... Байлықтың мен татпаған дәмі қалған жоқ, шырағым. Байлыққа қы-

зыққан кезім де болған. Енді сол байлықтан безінетін уағым жетіпті. Тек талатпашы талтүсте... Енді маған осы байлықтан ешнәрсенің керегі жоқ. Өз қолыннан бөліп-бөліп берші бәріне. Тек талатпашы. Менің не жазығым бар? Қорлата көрмеші,— деп тағы дауыстап жылап кетті.

Осыдан кейін Кенжеғара Байжекеннен басқа жолдастарын ертіп, ауыл айналасынла не болып жатқанын байқауға далаға шығып еді, көп нәрселерді көрді. Әшейінде қозының бір құмалағы жатпайтын ауланың іші әлем-тапырық. Адам мен айуанның сараламаған, ластамаған жері қалмапты. Ат деп аталатын айуаннан гөрі адам деп аталатын айуандардан қалған таңба молырақ сияқты. Шөп маяларының айналасы бей-берекет шашылып-басылып жатқан шөп. Шөпке жабылған қонақ аттары.

Арба, шана, ер-тоқым, қысқы-жазғы жегін саймандары тұратын сарайдың алдында баяғы кисық ауыз Омар бөтен бір жігітпен ер-тоқымға таласып жатыр екен. Құйысқан, өмілдірік, айыл, тартпа, ноқта-жүгені түгел күмістелген әйел ер-тоқымы. Әзір үйсіз жүрген Кенжеғара бұл кезде арба-шананы осы сарайдан алып пайдаланатын. Ең бір биік қадада ілулі тұратын ер-тоқымды тани кетті.— Айғанша келіншек болып түскенде сонау Шідерті даласынан осы ер-тоқыммен салт келген екен. Бұл Омбы музейіне кететін ер-тоқым болатын.

Жаназар поштабайдың самұрық құсы сол жақ кеудесінде, дойыр қамшысы оң жақ белінде жүруші еді. Ерге таласып жүрген жігітті орай-орай екі тартып жіберіп еді, жігіт шалқасынан құлады да недәуір уақыт демін ала алмай қалды. Қисық ауыз Омар сарайда арба-шанадан басқа ешнәрсе қалмағанын айта бастап еді, Кенжеғара оған —«Қақпанды қайта жап, кісенде. Үн шығарма!»— деді де әлде кімді мазақтағандай қарқылдасып тұрған бір топ адамдарға қарай бұрылды. Топтың ішінде әлгі екі ағасы, тағы бір неше осы елдің бай жігіттері бар еді. Солар аттарынан жаңа ғана түскен бес-алты адамды қалжаққа салып әурелеп тұр екен.

— Сендер Игіліктің байлығы енді біздікі деп жалақтап келдіндер ғой, ә? Алярсындар ұшығы мен пұшығын!— деді Игіліктің бір баласы. Екінші баласы оны қолдап:

— Салт келген екенсіндер, қасқа айғырдың үйірін айдап қайтатын боларсындар!— деді.

Кенжеғараның өзімен тұстас жап-жас жігіт көкірегін кере сөйлеп:

— Байдың жетісі өткен соң апаларынды біреуіннің ар-

тыңа жайдақ мінгестіріп алып қайтып жүрмеңдер!— деп әлейі қаркылдап күлді.

Бұл жас жігіт Ордабайдың баласы Ержан еді. Ақмола гимназиясында екі жыл оқып, бірінші класқан аса алмаған соң оқудан шығарып жіберген жігіт. Осы күні екі әйелі, төрт баласы бар. Оқыған жігітімсіп елде босқа масаңданып жүреді. Сол оқығанымыз атасы Игіліктің әйелін жайдақ атқа мінгестіріп жібермекші. Бұл енді тас жүректі тұрпықтіретін хабуаныық. Қасындағылары оған «тауып айтың, өлтіре алтың!» деп мадақтап қаркылдасып күледі. Кенжегараны танып, тіпті құтырынып кеткендей екен.

Кенжегара түсіне қалды. Мынау салт келген адамдар Айғаншаның ага-іні төркіндері, әрине. Өзгелері осы елдің бейбастақтары. Бұл маңайдағы жуан-таяқ арғын осылай келеді. Игілік қайтыс болғалы екі-ақ күн өтсе де, оның балалары да жуан-таяқ елдің жосығына көше қойыпты. Мүмкін, Игілік болғысы келіп жүргендері де бар шығар.

— Сіздер тегі Айекеңнің төркіні боларсыздар. Хош келіпсіздер, үйге жүріңіздер!— деп қайтерін білмей тұрған бөтен адамдарды Кенжегара өзі ертіп әкетті. Ашықтан-ашық, жайдан-жай қорлауға ұшырағаң адамдар:— «Апырай, жігіттерің қандай көргенсіз, қандай жүгенсіз бейбастық еді!»— деп аула толы жұртқа естірте сөйлеп барады.

Осындай ұсақ-ұландар аяқталған соң Кенжегара ең соңғы, ең ауыр жанжалға оралды. Ол — Игіліктің сүйегіне түсуге таласып жатқан арғын атаулы елдің белді-белді кerауыздарының жанжалы еді. Қазақ елінің ежелгі дәстүрі бойынша өлікті үш-төрт адам жуындырады, ақ кебінге орайды, бай болса кілемге салып, кедей болса киізге салып көтеріп апарып көмеді. Осыны өліктің сүйегіне түсу дейді. Өлген адамның барлық сыртқы киімдерін сол жуған адамдарға бөліп береді. Соның ішінде әлгі кілем де, киіз де кетеді. Өлген адам бай болса оның киімдері әрі жақсы, әрі көп болады. Сүйекке түсуге таласып жатқан байлар мен билер. Игілік жұмаққа барғанда тырнағының астынан кір табылып қалмастай әбден тазалап жууға таласып жатқан жоқ, оның киімдеріне таласып жатыр. Пай-пай не түрлі бір ішіктері, қарасаннан келетін саптама етіктері, бір-біреуі бір аттық түлкі тымақтары бар еді ғой....

Кенжегара әңгімені ит-сілікпеге салғызбау үшін де айтарына тура кірісіп кетті:

— Қадірлі ақсақалдар, елдің үйтқысы болып отырған қариялар, отыз жеті болыс арғынның тұтқасын ұстап отырған құрметті билер, сіздерге қайғы-қасірет шегіп отырған шешеміздің, бидің қырық жыл жар-жолдасы болған Айе-

көшіңіз сәлемін жеткізгелі келдім,— деп аз кідіріп, тың шылардың бас иесу мен «бәркелдісінен» кейін қайта леп кетті:

— Ол кісі елінің қадір-құрметін көп көрген бидің жолуінде болсын, кейін асын бергенде болсын аты арғынның бір адамы өкпелі кетпесе екен дейді. Еліміздің бүтіндігін ойлап, бірін алыс, бірін жақын демей тең көргісі келеді. Елімізге бидің алашағынан берешегі көп адам еді ғой, соны түгел өтегім келеді. Атым әйел, қате басып жүрмейін. Ақсақалдардан осыны бір сұрап кел деп мені жіберді. Мұнысына не айтасыздар?— деді.

— Мұнысы дұрыс сөз екен...

— Аты арғынның аласы бар ма, тәңірі!

— Игілік бидің соңғы сөзі осы болғаны да...— десіп ақсақалдар көздерін сүрте бастады.

— Ие, осы көрінеді.

Үлкендер осыған табандарын тап басқан соң, дұрысырақ айтқанда олардың табандарын тап бастырып алған соң, енді осыны бір азырақ шайнай тұрсын деп Кенжеғара далаға шығып кетті. Ұзамай қайтып келді де сөздің түйінін естіртті.

— Айекең сіздерге көп-көп алғысын айтып жатыр. Елдің бірлігін бұзылып-жарылмауын ойлаған үлкендерге құлдық ұрамын деді. Осыған орай бидің сүйегіне аты арғынан неше рудан жұрт келсе, солардың бәрінен де бір-бір адам бидің сүйегіне түссе екен,— дейді. Сүйекке түскен адамдардың бәріне де бір-бір ат, бір-бір ішік, бір-бір шапан берілетін көрінеді. Айекем ақсақалдар осыған қалай қарар екен, сұрап кел,— деп жіберді...

Ру басыларының аузына құм құйылып қалды. Бұған дейін аз руларды түгел сыпырып тастап, азулы рулар өзді-өзі қырқысып, өзара ырғасып жатыр еді. Енді жарықшақ шығарғанның өз басына хауіп болар жағдай туып қалған екен. Кенжеғараның аз руларды елеусіз қалдырмағанына іштерінен күйінсе де оның өз айбарынан да ығысты. Жас болыс үлкендерге де Игіліктің өзіндей айбарлы көрініп кетті.

Өзінің барлық ескілігімен, дәстүрімен жаназа да өтті. Ішерін ішіп, жерін жеп, аларын алып болған соң жаназашылар да сап болды. Тез тарап кетті. Өтірік жылаулар да тынды. Шын жылаған әйел, баласыз әйел, сорлы әйел жалғыз қалды. Жалғыз... Туған апаларының бөлмесіне кіруге бата алмай төркінінен келген жігіттер состиып-состиып коридорда жүр.

Кенжеғараның көз алдына тағы бір жылап қалған әйел

келді. Ол — жұмыскер Сейіт өлгеннен кейін зарлап қалған Назыкеш еді. Кенжеғараның ойы кешеден бері әлденеден түйсіктеніп, бір ұмытылып, бір қайта мазалап жүрген. Ол ойын енді түгел түсінді: жалғыз-жалғыз жылап қалған Назыкеш пен Айғаншаның қайғы-мұндарын салыстырады екен. Назыкеш жұмысқа барып нан мен шайлығын табу үшін үш жасар кішкентай қызын кімге тапсырып кетерін білмейтін халде қалды ғой.

Айғанша шешей кең сарайдай үйде, мол байлықта қалып барады. Даладағы үш қос — мың жылқының үстіне азбарда үйілген бидай, сұлы... Шошалада қазы-қарта, ет, ұн, май... Сандықтар толы шәй-қант, өрік-мейіз... Киім-кешек деген елу әйелге жетеді. Қысқы-жазғы үйлері толып тұрған жиһаз... Үй айналасында шөп маялары, жиырма шақты үй малшы-жалшы, отыншы-сушылары бар. Өз қолыңды өзің жуып, өз тамағыңды өзің ішуден басқа не жұмысы бар?

Назыкеш көміршілерден қандай бауырмалдық, қандай жанашырлық көрді. Ол жалғызсыраған жоқ, жоқшылық сезінген жоқ. Ол әлі жас, адам бақыты дегеннен үміт үзбеуіне болады. Кішкентай Назыкеш Бұланбай айналасындағы үлкен топ жұмыскерлердің ермегі де еркесі, қуанышы болып барады. Енді үш-төрт жылдан кейін оқуға түседі.

Айғаншаның айналасында кімі бар? Бұл үйдің айналасы қашанда опыр-топыр қонақ болушы еді ғой! Айғанша жалғыз қалды. Жылап қалған екі әйелдің қайсысының халі аянышты? Оны бадырайтып айтпаса да болатын шығар... Оның үстіне, нағыз бауырмалдық жұмыскер қауымында қалып барады екен-ау деген тағы бір түйін жасады.

Жұрт аяғы сейілген соң поштабай мен ауылнай Игілік тің балаларын Айғаншаның алдына алып келді. Бұл оларға Кенжеғараның арнай тапсырған бір жұмысы еді. Ордабайдың баласы Ержан да келіпті.

— Ал, ағалар, әр қайсың әкелерің бөліп берген еншілеріңді түгел алып, жеке-жеке отырған бір-бір ауылсыңдар. Енші бөлгенде ешқайссың алакөздік болды демепсіңдер. Енді міне, әкелерің қайтыс болғаннан кейін осы үйде алынбағандарың бардай күрең-қабақ жүрсіңдер. Соларыңды Айекеңнің алдында ашық айтып, біржола бітіріп кетсендер екен. Қайғы-қасіретте отырған анамызды ұсақ ұланмен күнде мазаламайтын болсақ қайтер? Әкелерің бөліп берген еншіден тағы неменелерің қалды алынбаған? — деді Кенжеғара.

Бұл жігіттер батып айта алса:— «Сен өгей итсің, саған берілген енші де, мына құбас қатынға берілген енші де

бідің мал. Бізге тиетін еншілік»— дер еді. Оған батылдары бара алмады. Әкелерінің жас шағын білетін қырық-қырық беске келіп қалған адамдар тағы да сол кездегі әкелерін көргендей ықтай берді. Ант ұрған ойнастан туған ит аусайшы әкесінен!

— Еншіге таласып жүрген біз жоқ қой,— дей салды ағаларының жасы үлкені.

— Енді немене?

— Осы үйге таласып жүр,— деді Айғанша.

— Апыр-ау, мың жылқысы бар адам он құлынды бие шығарса осындай үйді өзі-ақ салдырып алмай ма? Сонда да, енші алыс актісінде үй кімге берілді екен, білейікші. Адвокатты шақырып әкелші,— деп Кенжеғара поштабайын жұмсады.

Адвокат Степанов неге шақырылғанын білген екен, енші бөліс актісі қолында, кіре бере-ақ:

— Сегіз бөлмелі қысқы үй, барлық шаруашылық қора-қопсыларымен және он екі қанат жазғы үй барлық ішкі жиһаздарымен Айғанша Ақназаровнаға тиісті,— деді. Ызаланып жүр екен, тістеніп сөйлеп, жігерленіп айтты.

— Актіні білеміз ғой...

— Неге білмейік...— десті Игілік балалары.

Кенжеғара осымен дау аяқталар деп сөз аяғын тәптештемей кідіріп қалып еді. Игіліктің ортаншы ұлы Қоғабай түпкі ойын да, қайнап келген ызасын да жасыруға шыдай алмай, жылаулы әйелге ең қорлау оғын дөп тигізуге арнап әкелген сөзін айтып салды:

— Жалғыз басты кәрі кісі алты-жеті бөлмелі үйді қайтеді?— деді.

Айғанша дауыстап жылап кетті. Барлық мұң-зарын, жәбір-жапасын айта жылады.— Баласы жоқ, кубас деп қорлағандарың ғой бұл!.. Мен де екі ұл тапқамын. Құдай өзі алды көк-ала түйнемесін жіберіп. Сендерден қашан жатсырап едім? Әкелерің ханшадай қадірлеп ұстаған Айғаншаны қаншық итше босағадан қуып шығарар күнді күтіп жүр ме едіңдер!.. Кетіңдер, шығыңдар үйден, жақсы әкеден жаман туған арамылар!

Қоғабай әлі айтарын айтып болған жоқ екен:

— Осы үй бәрібір бос қалатын үй. Жатқа кеткенше жақынына кетсін. Мына тұрған Ордабайдың үлкен баласы Ержан екі әйелі, төрт баласы бар, оңаша үй болды. Үлкен атасының ордасында отырар жол осынікі емес пе!— деп салды.

— Сендерді түгел соттау керек!— деді адвокат Степанов.— Үшеуің де өз аттарыңды жетелеп осы үйдің үш атын

мініп бара жатқандарында ұстап алдық қой. Қол қойып дар мына актіге.

Бұдан кейін бір адам бір ауыз сөз айтқан жоқ. Барлық зар-запыранын төгіп, аяғында үш ат ұрлап әкетіп бара жатқанда ұсталып қалғандарына қол қойып растап, Игілліктің балалары да кетті. Ордабайдың баласы Ержанның Акмола гимназиясының бірінші класында екі жыл отырып оқығандығы осы арада бір игілікті іске жарап қалды — ең ағалары мен өзі үшін қолын қойды,— ауылпай мөрін басты

— Жат дегендері — мен жақын дегендері — өздері ғой,— деп ойлады да Кенжеғара үндеген жоқ. Тек бұл жігіттер өмір бойы жауласып өтетіндерін ішіне тағы бір түйіп қалды.

Қонақтар арылғанша басқа үйлерде болған Байжекен келді. Айғаншаға тағы бір рет көңіл айтты:

— Айғанша шырағым, сенің жар-жолдасыңның осы елде бір жақсы көретін адамы болса, ол — сен едің, сенің жақсы көретін қайнағаң — мен едім. Қырық жыл бойында мен кіріп келгенде қуанып кетпеген уақытында көргенім жоқ. Игілік те мені сыйлайтын еді, сен жақсы көретін қалпыннан бір өзгерген емессің. «Үлкен қайнағам келіп қалды, ей, сен, аяғыңды жисайшы»— деп Игілікке ұрсушы едің. Адамның парыз-қарызы сыйласуда ғой. Сол қарызымды қалай қайтарам деп сұрауға келдім, жаным... немен қайтар дейсің? Байжекеңнің қолынан осы күні бәрі де келеді,— деді.

— Үлкен қайнага-ау, менің нем жетпей жатыр дейсіз Нем жетпей жатыр десем ылғар едіңіз?.. Бар ғой бәрі де Сізді сағынып отыратын едік... Бұдан былай да сағындырманыз дей алар ма екемін...— деп Айғанша жылай бастады. Байжекең де көзіне жас алды.

— Айғанша шырағым, осы бір күндеріңде қасында бола тұрайын деп келдім. Өзің қашан лұқсат еткеніше кетпеймін қасыннан. Мына болыс баланың маған тапсырып қойған жұмыстары бар. Байжекең күндіз шауып барып соларын орындап тастайды да, кешке осында болады

Жалғыз қалған қайғылы әйелге өз еркімен біраз күн серік болып көңілін аулағысы келген Байжекеңе риза болып — Рахмет, Байжеке... Мен де келіп тұрамын ғой,— деді Кенжеғара.

Түн ортасына таман Қарағандыға қайтуға Кенжеғара аулаға шығып еді. Қонақтардан шашылған-төгілгенді, бүлінген-бұзылғанды жинап, тазалап жүрген оншақты жігіттерді көрді. Е, нағыз берілмеген енші осылардікі ғой деп ойлады. Үлкен жолға түскен соң Кенжеғараның ойы осы

үйге қайта оралды. Бірақ, айналған жоқ, жүріп кетті.

Іріксіз келіп тағы бір өлім араласты. Қожекең қайтыс болған Игіліктің қас-қабағын аңдып, аңшының итіндей жылмиып қасып жүрген «жақсы-жайсандар» Игіліктің өзі өлгеннен соның мынаған бірін көрсеткен жоқ. Тегі бұл топ өлікті құрметтемейді, артында қалған адамдарын құрметтейді екен-ау... Қожекең қайтыс болғанда оның артында Игілік тұрғандай екен де, Игілік өзі өлгенде артында қалған Игілігі жоқ екен... Бүгін сол «жақсылар» аларын алды да қаралы әйелге қоштасқан да жоқ. Кетіп отырды...

Бір есептен бұлары дұрыс та шығар... Игіліктің бел балаларының ішінде Игілік болары жоқ. Мен де оның мұрагері емеспін. Басқа балаларымен бірге маған да енші беріп Алдым. Алатын хақым бар. Мен не үшін кедей болуым керек? Мен кедей де, бай да болғым келмейді. Игілік болғым да келмейді. Маған Игілік болудан оңай ешнәрсе жоқ. Бірақ, мен не үшін Игілік болуым керек? Не үшін оның атағын аңсауым керек? Не үшін мен дала қасқырындай қойнымы жоқ қорқау топтың қанды шоқпары болуым керек? Жоқ, қош бол, қорқаулар тобы! Сендерге ісім түсе қалса, аямандар мені! Аямайтындарыңды өзім де жақсы білемін. Ондай күн туа қалса оны өзімнің әлсіздігімнен болды дермін. Әлсіздігім танылған күні өзіме де кешірім алсай алмаспын! Игіліктің өлімі Кенжеғараның әлде қанша тұсауларынан босатқандай екен. Кісімсініп бара жатқанын сезінді де өзіне-өзі «сабыр!»— деді.

Жақында Ақбұйрат заводында Жұмабек төре мен Орынбайдың соты басталмақ. Кенжеғараның өзінің сұранысымен келген сот қазақ болыстарында керекті жағдай болмаған соң Ақбұйратта өтпек. Қареке-Алтай болысының жер, жесір даулары, ұрлық-қарлықтары түгел бір қаралмақшы. Қазақ халқының шақырмасаң да баратын, қусаң да кетпейтін екі жиналысы бар — біреуі сайлау, әсіресе болыс сайлауы, екіншісі — сот. Қазақ әйелі ерінен «тойға барамысың, сотқа барамысың»— деп сұрай қалса, ері оған не боқ жеп отырсың, сотқа барамын да деуінде талас жоқ. Сол әдет бойынша Ақбұйраттың ойы-қыры бүгін құмырысқадай қыбырлаған қазақ. Көк-өзектің екі бетіне шыққан ағаш тұқымының бір-біріне ең кемі он ат байланған. Қалың топырдың ішінен өз адамдарын әрең тауып алып ауылнайлар жан-терге түсіп жүр.

— Қайт аулыңа! Ертең жұртпен бірге Атбасардан ұзым әкелуге аттанасың!

— Кішкене мұрсатаңа берсейші, шырағым... Мына сот бітсін де...

— Ертең аттанбасаң ауылың тұқымсыз қалады. Сонда көресің соттың әкесін!.. Өзіңді соттатамыз!

— Соты құрғыры қайдан шығып еді... жарайды. Кешке дейін осында болайын да, ертең жөнелейін, ауылнай-еке.

Осындай әңгіме әр жерде байқалады. Ауылнайлар қуып жүр, әлде кімдер қашып жүр.

Сот завод басқармасының бір кішкентай ғана бөлмесінде жүріп жатыр. Бұл жабық сот. Онда айыптаушы, айыпталушы, куәлардан басқа бір адам кіргізбейді. Мындаған адам завод айналасында босқа сандалып жүр. Біріне-бірі айтқан алып-қашты сөзді талғажау етеді. Сот бітіп кесім жарияланғанша ешкім ешнәрсе ести алмайды. Сонда да кетпейді.

Осы күндер Игіліктің бел балалары Кенжеғараға елші жіберіпті. Елшілері керазу атанған Тұрсынбай мен бойлауық Тыран бай. Олар кірген бетінде Кенжеғараның кабинетіне беттеп еді, орта бөлмеде кішкене ғана столдың арт жағында жабысып отырған бала жігіт Шаймерден — тоқтай тұрыңыздар, болыс бір мәжіліс өткізіп жатыр,— деді.

Қазақта ояздан басқа бір пенденің үйіне лұқсат сұрап кіру деген болған емес. Әсіресе, Тұрсынбай мен Тыран сияқты өздерін «қадірлі ақсақалдардың ішіндеміз» деп ойлайтын адамдар ондай жөн-жосық барын естіген де емес. Екі ақсақал баланың сөзін елең қылмай болыстың бөлмесіне кіре беруге оңтайланып еді, бала орнынан тұрып — «Нельзя»— деді орысша. Ғажабы сол — жалғыз ауыз орыс сөзінен екі адуын шал тоқталды да қалды.

Шаймерден Омбыда бұдан жүз оны екі жыл бұрын ашылған «Азияттар мектебін» бітіріп келген Ақмола жатағының баласы еді. Мектеп орыс, татар, арап, түрік, фарсы тілдерінде тілмаштар әзірлейтін. Әртүрлі пәннен недәуір білім беретін. Әсіресе кеңсе тәртібі дегеннің әртүрлі қалта-қалтарыстарын жақсы үйретіп шығарады екен. Кенжеғара сол мектепті бітіріп шыққан үш қазақ баласын ояздан сұрап алып еді. Екеуі оқытушы болуға әзірленіп жүр. Біреуі — осы Шаймерден, болыстың хатшысы. Сол бала хатшы болып отырды да, мекеме тәртібін орната бастады.

— Отырыңыздар,— деді Шаймерден, жап-жаңа орындықтарды нұсқап. Баланың көздері біздей қадалғалы тұрғандай екен. Ақсақалдарға амалсыз отыруға тура келді. Хатшы бала солдан оңға қарай әлде неменені сыпылдатып жаза бастады. Ақсақалдар оны сөзге тартқысы келіп — «Болысың кіммен мәжіліс құрып жатыр»— деп сұрап еді,

хатшы бала басын көтерместен әурелегенді ұнатпайтын даусынен:— Врачи!— деді де өз жұмысын бөлген жоқ.

Ұзағырақ отырып қалған шалдардың етік табанына тұрып қалған қар еріп суға айналып, осындай қансыған иден шақтайларының арасында ажырасқаны болатынын қашаннан бері білетіндей, солай қарай жылжи бастады.

Осы кезде болыстың бөлмесінен бір ер адам, бір көзілдірік киген толыса бастаған әйел, екі жас әйел шықты. Бәрі де орыс адамдары екен. Хатшы балаға бас изесіп шығып барады.

Екі меңмен шал біріне бірі мән бере қарасып қалып:

— Қатындар екен ғой...— деді Тыран, ашық қалған есікке беттей беріп.

— Нельзя!— деді хатшы бала тағы да,— нельзя! Етіктеріңізді тастап кіріңіздер, кілемді былғайсыздар. Тымақты да орындарыңызға қалдырып кетіңіздер!— Шалдар амалсыз көнді.

Екі шал кіріп келген бетінде Қенжеғараға бұрынғы болыстарша тұра келіп сәлем берер деп дәметіп еді. Қенжеғара оны істемеді.

— Жақынырақ отырыңыздар!— деп алдында тұрған ұзын столдың қабырғалығын нұсқады. Өзі төр жақта көлденең қойылған столда отырады екен.

Сөзді Тыран бастады;

— Мына бір елу шақты баланы өлімнен алып қалған екенсің, Қенжеғара шырағым. Тойынып қалыпты. Жаңа ғана келе жатып көрдік. Бірін бірі қарға аунатып, у-шу, алысып-жұлысып жүр түге,— деді.

— Панасыз балаларды жинатып алып жатқан кезінде мен де бірталайын көріп едім. Ауыз омыртқасына әрен ілегіп, ертең бе, бүгін бе деп бұралып жатқан өлімсек ашарық еді ғой,— деп Тұрсынбай да қосылды.— Сен берген екі сиырдың сүті де босқа кетпеген екен,— деп қасындағы жолдасын әрі мадақтай, әрі қытықтай кетті. Тыран да мүдірген жоқ:

— Қар кетісімен тағы бір он шақты сауын сиыр, төртбес сауын бие бергелі жүрмін,— деді.— Сен де беретін боларсың?

— Мұндай мырзалықтың артында қандай бәлелер балалап жататынын білетін Қенжеғара бұл беталысты тойтара жауап қайырды:

— Панасыз балалар үйін қазна түгел өз мойнына алды. Қазақ даласында қырық жыл жұт болса да ашықпайтын осы панасыз балалар болайын деп тұр. Қант-шай, май, ұн, өрік-мейіз, балық, бал дегендеріңіз шана-шана болып

келе бастады. Қар кетісімен балалар егінге шығады. Өздеріне жететін бидай, тары, картоп қауын-қарбыз ектіреміз. Шөп шаптырамыз. Көлденең адамдардан жәрдем алуға лұқсат жоқ...— деді.

Тыран қу түсіне қалды. Кенжеғараға бұл жағынан жақындаса алмасаң керек. Онда мұның мына бір жағы бар шығар. Өзін мақтап көрейінші.

— Бұл бір тыңғылықты біткен жұмысың екен де, шырағым... Ана жолы деймін-ау, атқа жана мінген жас ұланымыздың алым-шалымы қандай екен деген ой келіп, азырақ айналсоққа салып көріп едім, Тұрсе-еке, сізге өтірік, маған шын, аяғымды аттатпады.

— Ал, ақсақалдар, қазір қауырт жұмыс уағы ғой — егіс тұқымын тасып ала алмай жатырмыз. Панасыз балалар үйінен басқа елдің соқа-сайманы да жетпей жатыр, көліктері де арық... Ынта-жігер де тасып төгіліп жатқан жоқ. Келген жұмыстарыңызды айта отырыңыздар,— деді.

Енеңді ұрайын, шоқынып кеткен неме ме өзі! Маңына жақындар түрі жоқ, неткен ит! Тыранды ашу булықтырып кетті. Енді ол мәймөнкені сыпырып тастап, батыра-батыра, азуласа сөйлескісі келді.

— Шырағым, сенің жатының басқа болса да Ордабаймен сідігің бір,— деп бастады Тыран.

— Сіз білгенді мен де білемін. Онда сіздің жұмысыңыз болмасын!— деді Кенжеғара.— Мен сіздің ата-бабаңызды сұраған жоқпын ғой!

— Шырағым, даусың барған сайын қатанданып барады екен. Бос сөзді қойып, турасына көшер болсақ, Ордабайды сотқа тарттырма! Босаттырып жібер! Ол да Игіліктің баласы ғой,— деді. «Ол да өзіндей» дегісі келді де тартынып қалды, бата алмады.

— Ордабайды орнынан алдырып, ісін сотқа бергізген мен емес, әкесі Игіліктің өзі екенін білмейтін бе едіңіздер?

— Білеміз... бірақ, ақтан күйіп барады.

— Ақтан күйіп бара жатқаны шын болса екі қадірлі ақсақал күнәсіздігіне куә боп, ақтап қалмайсыздар ма?

— Болыс бір ауыз сөз айтса сот оған құлақ асар еді-ау дегеніміз ғой...

— Сотқа болыстың әмірі жүрмейді.

Тыран бай тағы да біраз сөйлеп көріп еді, Кенжеғара «жоқ» дегені болар, басын шайқай берді. Әрі-беріден соң құлақ аспай қойды. Тыранның ойына манағы «батыра-батыра азуласармын»— дегені қайта түсті. Көйлектің жағасы қылғындырып, қысып бара жатқандай сезілді. Есікке қарай беттей беріп:

— Күн артында күн бар: сүрінбейтін тұяқ жоқ. Біз де керек болармыз сонда!— деді де шығып жүре берді.

Тұрсынбай қу Тыранды мазақтап, жымиып бара жатқан кейпін аңғартқысы келді. Бұлармен талай айқаста кездесерін Қенжеғара ешкім айтпаса да жақсы біліп қалған еді. Танданған жоқ.

Кешке қарай анау күнгі Нілді жұмыскерлері Тұрысбек пен Қарысбектің әкелерін, қайын-аталарын ертіп поштабай келді. Қәдуілгі өз үйлерінде бурадай бұрқанып, ауылнайдың алдында арызын дұрыстап айта алмайтын дала қазақтары екен. Көйлек жағаларында түйме жоқ, салбырап тұрған баулары бар. Күреңіткен кеңірдектері сорайып көрінеді.

Поштабай ертіп келген адамдарын таныстыра бастады.

— Мына кісі анау күнгі өзің дарқан жігіт екен деп келген Тұрысбектің әкесі Жангожа деген адам. Баласы Тұрысбек мынау отырған Естай деген кісінің жалғыз қызы Жамалды қалыңсыз алып қашып келгенде қалыңға берілетін қырық жеті жылқыны бір-ақ айдап әкелгендей қуанған екен. Өзінің қызы Бикенді анау күні көрген екінші жігітің Қарысбек алып қашып кеткенде сол қырық жеті жылқыны қасқыр бір-ақ жолы қырып кеткендей, қайғыда жүрген адам. Осылай ғой, Жәке? Осылай. Мұны бір деңіз, бір!

Екінші, мына кісінің аты Естай болады. Бұл Жамалдың әкесі дедім ғой. Жамал сұлуды Тұрысбек алып қашып кеткен соң, бұрын қалың мал беріп қойған құдасы бұған «малымды қайтар» дейтін көрінеді. Бұл енді қалың мал дауынан бұтына жіберіп жүрген адам. Осылай ғой, Есеке, осылай! Екі деңіз, екі!

Ал, енді, ерекше көңіл аударатын кісіңіз мына отырған Төлебай деген кісі. Бұл адамның қайғы-қасіретін екі күн, екі түн айтсаң да тауыса алмайсың. Қысқартып айтқанда бұл кісі тап өзіне қәдуілгідей, мынау отырған Естай деген адамның Жамал сұлу деген қызын айттырып, бірталай қалың мал төлеп қойған. Қызы құрғыр анау күні өзің жігіттің маңғазы екен деген Тұрысбекпен көңіл қосып бір түнде тайып отырған соң, Төкең де Есекеңе «алғаныңды қайтар» демей отыра алар ма! Осылай ғой? Осылай! Үш деңіз, үш!

Есекеңде қайтаратын мал жоқ. Біразын өзі жеп қойған, біразын қасқыр екеуі бірге жеген... Енді Есекең «балан қызымды алып кетті, Төкеңнің қалың малын сен төле» дейтін көрінеді, мына Жәкеңе. Дау аяғы бұрмаланып, бұтарланып барып қырық төрт жастағы Төкеңе Жангожаның қызы Тұрысбектің қарындасы Бикенді беретін болып

осымен шығады. Осылай ғой, Жоке? Осылай! Төрт деңіз, төрт!

Қашан мағанаға бұйырайын деп тұрғанын білген соң Жанпоз ақсақалдың қызы Бикен сұлу — анау күні өзін көрген Қарысбек деген жігітпен қол ұстасып, бір түнде кетіп отырады. Енді Төкең екі сұлу қыздан бірдей айрылып, әкесі мен әкесінің әкесі бірге өлгендей болады. Осылай ғой, Төке? Осылай! Бес деңіз, бес! Осы дауды кім жанжалсыз аяқтай алса, сонымен алты болады, алты.

Кеңжеғарада бұл дауды шешейін деген ой болған емес-ті. Әшейін шым-шытырық, қалыпты қазақ дауының қайдан туып, қалай өрбігенін өзі үшін анықтағысы келіп еді, ол да онай емес екен. Бұл өзі оңаша ойланатын жайларымыздың бірі екен-ау деп әзірше ысыра тұрды да, мына кісілерді неге шақыртқан себебіне көшті.

— Тұрысбек, Қарысбек деген Нілді жұмыскерлерін де, екеуінің әдемі-әдемі жас келіншектерін де жақын арада көріп келдім. Мен соларды армансыз десең — армансыз, бақытты десеңіз — бақытты жастар екен деп ойладым. Жігіттердің екеуі де қайғыра білмейтін, мұңая білмейтін жанып тұрған от, толықсып тұрған қайрат-жігер, ақыл-өнер екен. Бұл екеуіне бүгін кеткендерің күні ертең еселеп қайтарылатын болар. Іштеріңізге осыны бір түйіп қойыңыздар! Жамал, Бикен деген келіншектер де аяқтарына шаң жұқпайтын, ерге серік бола алатын, ішкі ажары жүздерінен танылып тұратын, қазақтың бір аяулы қыздары екен. Осындай елдің көркі сияқты жастардың басын даушарға салуларың дұрыс па, жоқ па, мұны да ойланыздар, екі. Мал дауларыңызды қалай қусаңыздар да онда менің жұмысым жоқ. Ал енді мына балалардың бірде-біріне не жазатайым, не әдейі соқтыққан адамның қалған өмірі «итжеккенде» өтеді. Үш! Төртінші, осы шырмалған дауды жылдар бойы салпақтап, топ үстіне топ жинап қуғанда табатын пайдаң көп пе, шығатын шығындарың көп пе, оны да есептеп қойыңыздар. Үлкен ұтыс бола қояр ма екен, сірә? Болмас-ау! Ал енді әділдік іздесеңіздер қазір Ақбұйрат заводында үлкен сот жүріп жатыр. Соған арыз беріңіздер. Онда қазақтан екі заседатель бар: «Енең — Тұңғатар болысынан атақты ақсақал Байжан Тоқтамыс ұлы, Қареке-Мұраттан атақты балуан Баланбай Саурық ұлы». Соттың қазақша білетін тілмаштары да бар. Мен өзім қазақ дауларында көбінесе ісі ақ, қолы таза адам жеңе бермейді, қолдайтыны күшті жағы жеңеді деп ойлаймын. Сондықтан әділ сотқа жүгінген дұрыс болар. Менің енді бір айтарым — Нілді, Ақбұйрат, Қарағанды түгел біздің бо-

ыска қарайды. Нілді алтын, күміс, мыс шығаратын жер. Қарайлары толы қазына... Сіздер Нілдіге топтанып келе бергеи соң онда мылтық ұстаған қарулы адамдардан күні-түні күзет қойылды. «Тоқта!» дегенде тоқтамаған адамның оңсілі атын атады, онда да тоқтамаса өзін атады. Олай бейсауат жүрмеңіздер! Кенжеғараның анықтап-ақ айтқандарын қайта-қайта қайталап барып, даугерлер — біз енді сол Байжекеңе жолығуды мақұл көреміз деп, оларын да қайта-қайта қайталап барып әрең тарады.

Күн кешкіріп қалғанын Кенжеғара далаға шыққан соң білді. Осы маңайдан ұзамай жүрген ауылнайлардың біреуін Байжекенді Игіліктің үйіне алып кел деп жіберді де басқа бір-екеуіне «менен қалмаңдар» дегеннен басқа ешнәрсе айтқан жоқ, шанасына мінді де жүріп кетті.

Оңашада ойланармын деген бір ойы бар сияқты еді. Немене еді сол? Ә, қалың мал жайы еді-ау... Иә, иә, сол.

Сол жайды ойланып қараса барлық орыс тарихшылары қазақ халқы қыздарын малға сатады, мал орнына сатады дейді екен.

— Бұл әрине шындық,— деп ойлады Кенжеғара. Бірақ бұл қырғын жұт, ашаршылық шындығы. Бұл —«Ақтабан шұбырынды, Алқа-көл-сұлама» сияқты жаугершілік заманларында жеңілген елдің шындығы. Ел Арғынның атақты биі, аты қазақтың ақылдысы, шешені де шежіресі атанған Әнет бабаны шөл далаға тастай қашқан күндердің шындығы. Бертін келе малшы елдің өміріне сауда-саттық кәсіп болып кірген кездің шындығы. Көне заманнан бері келе жатқан ата дәстүрі емес.

Әр елдің, әр халықтың есі кіріп, есейер кезі бар. Сол кезінде қай халық болса да өзінің елдік болашағын, табан тірер тіршілік тиянақтарын ойланбай қойған емес. Оны ойлана алмаса ол әлі талай қырқаның аржағында, алыста жатқан жұрт. Сол ойланардың ішіне ең алдымен аталық, әкелік, аналық, балалық жайлары, үйлену, нәсіл, үрім-бұтақ жайлары кіруге тиісті. Қазақ халқының өзіндік әдет-ғұрпын таза күйінде алсақ, өлең-жырларында, дастандарында қалың мал деген сөз жоқ. Қыз сату деген қазақ халқының түбірлі салты болса, ол ең болмаса ғашықтық жырларына бір кірмей қалмас еді ғой. Қызын сату қазақ халқының ата салты болса Қыз-Жібек пен Баян-сұлу табын-табын мал емес пе?!

Қазақ халқының бір заманда өзінше бір шалқыған кезі де болған сияқты. Сол кезінде ол —«Малым — жаным садағасы, жаным — арым садағасы!»— депті. Әрине, мұны бір ақын айтқан болар. Кім айтса да бұл дүниелік ұлы ой-

ларлың бірі. Ар-ұятқа жанын құрбан ету адамгершіліктің ең жоғарғы сатысы болу керек. Бірақ, келе-келе қазақтың арынан гөрі жаны қымбат, жанынан гөрі малы қымбат болып кеткен бе, қалай, амандасудың «мал-жаның аман ба?, «мал-басың есен бе?»— деп басталатын түрі туыпты. Осы тұста қазақ қызының «Ақтабан-шұбырындысы» басталады.

Сонау сол шалқыған кезінде қазекеңнің «Дені саудың — жаны сау!»— деп салғаны да бар. Бұл да балаң ойдың әшейін айта салары емес. Ювеналл айтқанының аудармасы да емес. Қазақ осыны айтқан кезде Ювеналл тумағанда болуы мүмкін. Әттең, келе-келе қазекең мұнысын да ұмытып кеткен. Саржайлау, самал жел, сары қазы, қымыз, қыз... Тоғайған қазақ жалқаусырай берген. Қазақ халқының «Ішің ауырса — аузыңды тый, көзің ауырса — қолыңды тый!»— дегені қандай даналық! Дала халқында ең көп аурулар осы екеуі. Осы даналықтардың бәрі де жаттап алуға оңай аморизммен айтылған ғой.

Осылар сияқты, арман ретінде айтылған даналықтар халық деп аталатын жұрттың бәрінде де барлығына Кеңжеғара әбден сенеді, жоғарыда өзі келтіргендей себептермен бұзылып кеткендігін үлкен өкініш көреді. Бірақ ол, адам баласы өлмес ойларына бір оралмай кете алмас деген ойға біржола тұрақтаған адам.

Қазақ халқын он үшінші ғасырдан бастап, жиырмасыншы ғасырға дейін езгілеп-илеп, билеп-төстеп келген Шыңғыс ханның үрім-бұтақтары хандар мен сұлтандар осы күнге дейін әйелді өз тұқымдарынан алады (эндогамия). «Жақсымызды жатқа бермейміз!»— дейді екен де. Шыңғыс ханның атақты төрт ұлының бірі Толой хан өлген соң, оның Тоғыз қатын деген әйелін туған ұлы Хұлагу хан алған ғой... Ардақтылар тарихында ондай да болған...

Ең берісі сол тұстан бастап қазақ даласына ислам дінінің үстемдігін жеке-дара жүргізіп келген кожалар да әйелді өз тұқымдарынан алып келді.

Мұхамедтің өзі Фатима деген қызын немерелес Ғалиге берген ғой.

Ал енді мал баққан, оқымаған қара қазақ сонша ғасырлар бойында екі үстемдіктің екеуіне де еліктеген жоқ. Қазақ өз тұқымдасы түгіл өз руласынан қыз алысып, қыз беріспейді (экзогамия). Өз руластарынан қыз алысып, қыз берісуге қойылған шек те бар — жеті ата. Үйленетін адамдардың рулас жақындығы жеті атадан (жеті буын) бері болмаска керек. Мұның шамасы біржарым ғасыр!

Халқының осы сияқты әр кезде белгі берген даналық-

тарын есіне ала отырып Кенжеғара қалың малдың да түпкі негізін тапқандай болды. Мұның да көне заманнан бері үйреліп-созылып, бұзылып-түзеліп келе жатқан түбірі бір, тармағы екеу — «қос тармақ»— деп аталғандай заңы бар екен. Бір тармағын «қалың мал», екінші тармағын «жасау»— дейді екен. Бұл екі тармақтың бойлары бірдей болуға тиісті. Өйткені күйеу мен қалыңдықтың әке-шешелерінен шығатын шығын теңбе-тең болу керек. Бұл құдалықтың негізгі заңы. Қыз әкесі қанша мал алса да соны қызының киімдері, төсек-орны, төсеніші, кілемі, киізі отауы ретінде түгел қайырады. Хан-сұлтандардың, не болмаса тақыр кедейлердің құдалықтары өз алдына. Ал енді орта шаруалы қазақтың беретін қалың малы да, келінімен келер жасауы да осылай теңбе-тең болады. Қалың мал мен жасау теңбе-тең болғанда қыздың сатылғаны қайсы, күйеудің сатып алғаны қайсы? Мұны қыздың мал орнына сатылуы емес, күйеу әкесі мен қыз әкесі бірігіп. екі жаққа ұя жасап берудің қамы деуге болар еді.

Әттең келе-келе бұл ізгі дәстүріміз де быт-шыт болып, қазақ қыздарын мал орнына сатады деген атаққа ұшыратты. Талай-талай терең-ақ ойлар келген екен де, өсу орнына өшіп кете берген екен-ау... Ондайды өсіретін не бағбанымыз, не бақташымыз тұрақты болмағаны да — деп ойлады Кенжеғара.— Сонғы алты ғасыр бойында нәсілі жат елден шыққан хандар билеп келген ел қайдан оңсын!

Игілік үйінің қақпасы ашыла беріп еді, доғада қонырау былдырлап келгені ерсілеу болғанын Кенжеғара сонда сезінді. Енді оған амал жоқ. Аттарын қақпа жаққа қалдырып, үйге қарай алысырақтан жаяулап кетті. Оның соңын ала ауылнайлар да келе жатыр.

Ай жап-жарық, дөп-дөңгелек. «Жарты төбе» деп аталатын, төбесі түгел жабылмайтын алғарда он шақты атан түйелер қомдарымен, жабуларымен шөгіпті. Бәрі бір ертегіні айтып жатқандай күйсейді. Бірі айтып, өзгесі тыңдап жатқан жоқ, бәрі айтып жатыр. Белес-белес белдер ертегісі, көшкен құм, таусылмайтын шөлдер ертегісі... түн бойы айтуға да жетеді, ертенге де қалады...

Сол жарты төбеде алдарына үйеме-тіеме шөп салып оттыққа байланған жиырма шақты аттар да тұр. Сезіктенер жай екен. Таңертең шақыра келген жігіт —«Айекең бүгінсіз қалмай келе көрсін» деп айтты дегеннен басқа ешнәрсе айтқан жоқ еді ғой? Кейде Игілік бидің ұзақ уақыт қынжылып келген бір жайларды апар-топар, қолма-қол шешіп тастайтыны болушы еді, Айғанша шешеміз де сондай бір ойға кеткені ме?

Кең ауланың тағы бір ықтау жерінде екі ерттеулі ат суып тұр. Ауылнайлардың бірі:

— Байжекең де келіп қалыпты!— деді.

— Ол кісі салт жүреді ғой. Басқан екен қамшыны күрең жорғаға!

Бұлар үйге кіргенде әр бөлмеден күмбір-күмбір дауыс естіліп тұр еді, Кенжеғара бұрылмастан Игілік отыратын үлкен бөлмеге келді. Кешкі шайдың үсті екен. Төрде Байжекең, ана жолы көрген Айекеннің екі інісі, мана Байжекенді шақыра кеткен ауылнайдан басқа бөгде адам жоқ.

Айекең өз жанынан орын көрсетіп;

— Кел, айналайын Кенжем... қасыма кел!— деді.

Кенжеғара өгей шешесі мен Байжекеңе қол беріп амандасты. Шай құйып отырған сұлушалау қыз қасында тұрған шай сандықшасынан алтын ернеулі стакандар, алтын жиекті шай табақтарын алып, жаңа келген қонақтарға шай құя бастады.

Айғанша әлі анау күндегісіндей әлі жылаулы екен. Кенжеғараның бала кезінде ол кісі кеудесін шалқақ ұстайтын аршынды адам еді. Қазір айналасы екі айдың ішінде жығыла шөгіп, бет-аузын әжім айғыздаған кәрі кемпір болып ты да қалыпты. Бұл әлі құлама кәрі кісі емес еді, қайғы қасіреті жаншып барады екен. Бұл шешесіне де көз қырын сала жүруге уәде еткен Кенжеғара осыдан бір жеті бұрын көргенде де мұндай жүдеу көрінбеп еді. Соңғы бір жетінің ішінде осынша ұрынып қалғандай не болды екен?

Амандық айтысқаннан басқа бір адам аузын ашқан жоқ әлі. Бір адамның жүзінде үн шығарғысы келген белгі де жоқ. Шәшке табақтарымен беттерін бүркей ұстағылары келетіндей шайды да барынша баяу, барынша сыздықтап ішіп отыр. Иә, бұл шешенің халін Назыкештің халімен салыстыруға келмейді. Бұл ең аянышты, ең өзгермейтін, оңалмайтын халде қалған адам. Баласыз ана, панасыз ана...

Сөзді амалсыз Кенжеғара бастады.

— Айеке, шетіректе жүріп, кешігіп келдім білем, жайша шақыртып па едіңіз?— деді. Осындай түнерінкі жағдайда сөзді осылай бастай ма екен деп өзі қызарып та кетті. Тым болмаса,— Айеке, есен-сау отырмысыз, өзім де келмекші едім деген бірдемелерден бастамас па!

— Шешең сені де, мені де жай шақырткан жоқ, Кенжеғара шырағым. Шақырмауға болмайтын жайы бар екен. Өзінен сұра, өзі айтсын,— деді Байжекең.

— Қарағым, жалғыз сүйенер байтерегім Кенжеғарам-ау... Өзің келіп кеткеннен кейінгі бір жетінің ішінде шешең

ын көрмеген қорлығы жоқ. Кешіккен жоқсың. Қәрі шешең суарған сүйектерінің қайда қаларын біле алмай отырған кезінде келдің...

Айғанша барлық кәрі денесімен бірге солқылдап жылап кетті, сөйлей алмай булыға берді.

— Онда мен айтайын,— деді Байжекең.— Игіліктің жалғыз жаман арам сирақ балалары осы үйдің он екі айырлы-үйірлі жылқысын бағыннан тартып әкетіпті. Үш жылқышы сойылға жығылып келіп үйлерінде жатыр. Енді қайтып малға барар емес.

— Талап жатыр, тонап жатыр,— деді әйел.— Құдай-ау, Игіліктің үйін балалары шауып жатыр деген не сұмдық, қандай қорлық!— деп тағы жылап кетті.

Игілік балаларының қылықтары бір жағынан панасыз әйелді басыну, қорлау болса, екінші жағынан мені айқасқа шақыру ғой деп түсінді Кенжеғара. Бекер соқтығады. Мен көріне көзге ешкімнің озбырлығын көтере алмаймын. Жалғызбын деп тайқақсыр дейтін шығарсындар. Жоқ, менен оны күтпендер.

— Малдарыңызды үш күнде қайтартып беремін,— деді Кенжеғара,— содан соң ауылнайлары мен поштабайларына қарап,— қазір аттаныңдар! Не ертеңнен қалдырмай Әйекеңнің жылқыларын қайтарсын. Оны істемесе Қоғабай мен Тәти екеуі Ақбұйратта болып жатқан сотқа шақырылатын болады!— деді.

— Қарағым-ау, өшіктірме оларды. Мен үшін өз басына жау көбейте берме. Естіп жатамын, жауың аз емес көрінеді,— деді кәрі әйел, көзін сүртіп күрсініп алып.

— Сонда қалай етеміз?— деп Кенжеғара Байжекеңе қарады.

— Шырағым, Кенжеғара, бұл сөздің түйіні мынау: жасы келіп қалған Айғанша шешең аман-есенінде туған жеріне қайтқысы келеді. Бүгін осы үйде жиырма шақты жігіт жатыр, Айғаншаның інілеріне еріп келген. Солардан қалғысы келмейді.

Кенжеғара Айғаншаға қарады. Шешем деп келгені жанжүрегінің шындығы екен, қимай қарады. Ол кісі былай жауап берді:

— Үлкен қайнаға дұрыс айтты, қарағым. Мен сорлы жастайымнан күн-түні, қысы-жазы, ертелі-кеш көпшілікке үйренген шешең болатынмын. Би қайтыс болғалы жалғыз басым жынданып кетуге жақынмын. Күндіз де үрей, түнде де үрей. Біраз күн үлкен қайнаға осында болғанда жалғызсырамаған едім, жалғыз қалғанымды бұл кісі үйіне қайтқан күні білдім. Жалғыз қалған екемін... жалғыз...

Содан бері түн бойы осы үйдің жиырма төрт терезесіне кекезек-кезек жүгірем де жүрем...

Бұдан кейін панасыз қалған жалғыз әйелге еліне көшпе деуге ешкімнің аузы бара алмай, біраз уақыт дағдарысып қалды. Аяқтап келгенде тағы да Қенжеғара сөйледі:

— Айеке, сіздің жайыңыз бұдан гөрі азғана жақсырақ болса, елу жыл аяғыңыз басқан жеріңізді, елу жыл көзіңіз үйренген еліңізді қалай қиып, тастап кете аласыз дер едім. Оған аузым бара алмай отыр. Өз байламыңызға мойындап қалдым. Ең дұрысы осы болар. Шідертінің оң жақ саласы ат жетпейтін жер емес, сағындырмаспын. Өзіңе бір керегім болып қалса, балана хабар жіберерсің. Ал енді, шеше, осы отырған қысқы үйіңізден бастап ауладағы қысқы-жазғы бар мүлік сіздікі. Бір адамның ортағы жоқ. Асықпай түгендеп алып көшіңіз.

— Жоқ, қарағым,— деді Айғанша, енді әлденген дауыспен, жалғыз басыма не жетпей жатыр. Мың жылқы маған аз болып па! Тоғыз қанат бір кішірек жазғы үй бар еді, төсеніші, оны-мұнысымен сол үйді аламын. Бидің қысқы-жазғы екі жабық пәуескесін алғым келеді. Киім-кешектен алатынымның басы күзді күні өзің әкеліп берген мамық ішік. Осыдан басқа ешнәрсе алғым келмейді.

— Айеке-ау, түк алмапсыз ғой! Ойланыңызшы.

— Жоқ, қарағым, жоқ. Осы байлықтың иесі бидің өзі де осыдан артық әкеткен жоқ қой. Бес құлаш бұқар бөзінен басқа не әкетті?... Өзге мал-мүлкін өртеп кетеді екен деме, балам. Даладағы жылқышылардан басқа осы үйдің айналасында отыздан аса малшы, жалшы, отыншы, сушы, қазаншы ,үй тазалаушы адамдар бар. Солардың жалақыларын мол-мол етіп бергіз. Мен әкететін үш қос жылқының он бес жылқышысы босап қалады. Солардың бір де бірі ренжімесін...

Осыдан кейін кәрі әйел демалып, көзін сүртіп, үнілеп алды да Қенжеғараға соңғы сөзін айтты:

— Ал енді, қарағым, сен менің баламсың, мен сенің шешенмін. Баласына шешесі де енші бергісі келеді: осы қысқы үй мен он екі қанат жазғы үй, төсеніші, оны-мұнысымен саған берген еншім болсын. Шешеңді өкпелетпе, құлыным, ал!

Қазақ дәстүрінде алдыңа аналығын тоса сөйлеген әйелге қарсылық ету түгіл, сыпайылық жолымен көне қоймау да ерсілік болады. Қенжеғара үн шығармай, басын иді.

— Көңілім жаңа орныққы ғой,— деді баласыз ана.

Осы бір қайғылы түннен кейін екі күн өткен соң Байжекең әрине Айғанша шешейді жарты күндік жерге шыға-

рып салды. Одан соң он күн «қазна жұмысында»— сотта заседатель болып отырды. Он істе мақұлдасты, он екі істе қарсы болып қалды. Ордабай мен Жұмабек төренің жеген ақшаларын Ақбұйрат мыс заводына қайтарып әперуді мақұлдады да, өздерін жазалауға қарсы болды.

Байжекеңнің оңаша бітірген, заң арқылы шешілген даулардан анағұрлым берік, мәңгілік бұлжымас та жылжымас етіп бітіргені Тұрысбек пен Қарысбекке байланысты даулар еді.

Сот Андрей Селиванов деген адам дау иелерінің әрі қайталап, бері қайталап, қайталаса да жеткізе алмай, әрі керексізді көп қосып, керектінің мәнін аша алмай айтысқан дауларының ұшығына жете алмай қойды. Еркімен қосылған жастарға ерік беру басы ашық, бірақ, қалың мал төлеп жүрген қызын өз еркімен алып қашып кетті. Дұрыс қой. Мал алған әке сол малдың төлеуіне өз қызын берешек. Осы дұрыс па? Айттырған қыз бен мал төлеуіне кете баратын қыздың тағдыры екі мәселе ғой. Ол қыз да бас бостандығын өз өжеттігімен алыпты. Өз еріктерімен қосылған төрт жастың арасына қалың мал дауы қыстырылып балтатұ қылып жүр... Сот осы тұстан әрі аса алмай, басы қатты да дауды қазақ заседательдері Байжекең мен Бұланбайдың шешуіне берді. Сіздер қалай шешсеңіздер соны соттың шешімі етеміз,— деді.

Байжекең, әрине, сөзді көп созған жоқ:

— Сендер мені білесіңдер ме?— деді Байжекең дау иелеріне.

— Е, білеміз, неге білмейік...

— Алтай-қарпықтың атақты байлары Жұман мен Игілікте кеткен жалшы-малшылардың жалақыларын қалай алып бергенімді естіген шығарсыңдар?

— Естідік, естідік...

— Осы сот мен не айтсам да, соны кесім етемін деді ме?

— Деді, Байжеке, деді.

— Онда бір де бірің мына өз еріктерімен қосылған Тұрысбек, Қарысбек, Жамал, Бикен деген жастардың оң жағынан да жұрмейсіңдер, сол жағынан да жұрмейсіңдер. Осыған түгел потпеске бересіңдер. Потпескеден кейін қыл арқаным мойындарында болатының ұмытпандар! Мал дауын ендігәрі сотқа әкелмей өздерің бітіріңдер!

Байжекең алар потпескесін алды да — қайтыңдар ауылдарыңа!— деді. Соңғы қылмыстары үшін сотқа тартыла жаздаған Игілік балаларынан Айғаншаның барымталанған жылқыларын қайыртып беріп, бұл істі де тындырды.

Бұдан кейін Игіліктің малшы-жалшыларының еңбек ақыларын алып берді. Игіліктің иесіз қалып бара жатқан мал-мүлкін аяған жоқ. Қазақтың баюы да оңай, жарлы болып қалуы да оңай. Кешегі жалшы-малшылар бүгін орта шаруалы үлкен бір ауыл болып қалды. «Орыс байыса там салады, қазақ байыса қатын алады». Енді бұл ауылда да талай-талай құдалықтар басталады, Байжекеңнің тақ — на так бәрі заң бойынша бітірген жұмыстары осы еді. Кенжеғара түгел мақұлдады.

Бұл күндерде барлық бір ояз Алтай-қарпық атқамінерлерінің көздері түгел Кенжеғараға тігулі еді: «Жас жігіт қызығып кетіп Игіліктің үйіне кіріп алар ма екен, жоқ па? Соны істесе қандай қызық даулар басталар еді. Әлі өзімдікі деген баспанасыз жүрген жігіт патша сарайындай үйге неғып қызықпас екен? Қызық болар еді-ау қызықса!»

Кенжеғара ол үйге тіпті қызықпайды екен. Үлкендердің мақтанышына жастардың ең санасызы ғана қызығады. Кенжеғарада сол үйді қалай пайдалану ойы ғана болды. Аяғында дұрыс шешті: болыс орталығындағы панасыз балаларды сол Игілік үйіне көшіруге бұйрық берді.

— Ол жерде қазір қырық үйлі үлкен ауыл бар. Өзең жақын. Егін салуға жері де қолайлы. Балаларды сонда көшіріп беріңіз,— деп кіреші Ыбырайға өтініш етті.

Қашанғы асығыс қалпында кіреші Ыбырай келді.

— Он көлік алып келдім... Салаумәликем, Байжеке... Қәне не қыл дейсің, боласнай шырағым?

— Үй әзірленіп болыпты. Балаларды алып жүре беріңіз. Ертең таңертең мен де сонда болармын. Мені күтпей кетіп қалмаңыз,— деді Кенжеғара.

— Бұл суайтпен неге кездеспексің?— деді Байжекең, Ыбырай шығып кеткен соң.

— Кешіріңіз, Байжеке. Айтуға үлгере алмай жатырмын. Панасыз балаларды Игілік бидің иесіз қалған үйіне көшіріп жатқан жайым бар... Мектеп болуға сол үй лайық емес пе? Бұл үйді қайтеміз деп ойланғанда тапқаным осы болды.

— Ойпырым-ай, тапқаның-ай! Тапқаның-ай, қарағым!— деп Байжекең таңдайын қағып, басын шайқай беріп...— Тап өзіңдей бір еркегі болса бір елге жетіп жатады екен-ау!— деді.

— Оның үстіне өзіңіздей ақсақалдары, Бұланбай сияқты ағалары, ана Нартай, Әлішер сияқты, өзіңіз сотта келіншектеріне бостандық алып берген Тұрысбек, Қарысбек сияқты жастарды да болсын деп тілеңіз!

— Әумин, қарағым, әумин!..

ЕКІНШІ БӨЛІМ



I

Жаралды — туды, өсті — ұлғайды, қартайды — өлді, кім болсаң да бір соқпай кете алмасың осы ғой. Ешбір хан, ешбір патша, ешбір ұлы мәжіліс-құрылтай қол қойып, мөрін басып бекітпесе де адам өмірінің айнымас, бұлжымас бірінші заңы осы болады.

Одақтастарын тістеп, теуіп айдап тастап, қазақ жерінде жатқан байлықтарға жеке-дара ие болып қалған Александр Рязанов та осы баспалдақтардың ең соңғысына көтеріле беріп қайтыс болды. Өлді. Жеке дара иеліктің қызығы да, азабы да шексіз емес екен, өліп қалды.

Енді ол үшін бүкіл дүние тас қараңғы, тым-тырыс, мәңгілік сөнді де тынды. Енді оның досы да жоқ, қасы да жоқ, одақтасы да жоқ, ортақтасы да жоқ. Ол енді ешкім емес, байлыққа да, кедейлікке де ортақ емес, қайғы-қуанышқа да ортақ емес. Бүкіл тіршілікте жұмысы жоқ, үнтүнсіз жалғыз жататын болады. Жалғыз...

Енді ол өз бойына шақ бір қара жыранның иесі, иесі де емес, қонағы ғана. Бір күні біреуге сол орын керек болып, оның өзін жіліктеп-жіліктеп лақтырып тастаса да қарсылық жасап, дауласа алмайды. Әзірге көрің деп аталатын мұздай суық қараңғылыққа тасталды да қала барды. Енді ол ондардың мақтауын да, мыңдардың қарғауын да естімейді. Енді ол үмітсіз саңырау. Жамандай бер, мақтай бер, бұл екеуінде айырма барын да сезінбейді. Енді ол бүкіл жарық дүниеге сыртын бере теріс қарап жатады, өліп қалды.

Артында өзіндей іскер мұрагер де қалған жоқ. Улағаншулаған бес әйел, бес жөнсеу еркек Гүргөрей қалды —Григорий Иванович. Осы алтауының алты адвокатына, Рязановтың өзінен қалған адвокаты фон-Штейн мен жетеуіне жеті жыл азық болатын даулар қалды. Бұл туысы бір бес әйел, бір еркектің өмір бойына жетіп, аяғы жатсыраумен бітетін даулар.

Рязановты жерлеп қайтқаннан кейін оның алтын теме-

кі сауыны тоқталып кетіп еді. Керіс басы содан басталып кетті. Осы күні бес әйел, бір еркек күнде керісу үстінде. Бөртпелеу жалғынан тағы бір екеуі шығын болып жүрмесе қойсаңшы. Тапсырған сағынысып қалғанда тіл үшіндегі дағдылы көшемет-құрметпен бас шұлғысып кездесті де, кешке қарай ендігәрі бірін-бірі көрместей болып араздасып қырылысады. Осы қалып өзгермейді. Күнде қайталанады. Неше жылдарға кетер екен мұның аяғы!

Әкеден қалған бай мұраны азаймай тұрған кезінде, ұрланбай тұрған кезінде, тығылмай тұрған кезінде, ескірмей тұрған кезінде, құрт жеп қоймай тұрған кезінде бөлісіп алудың өзіне екі жыл кетті. Бұл үлкен үйдегі жиһаз байлығы еді. Бес әйел, бір еркектің сырт көзге шалындырмай, өзді-өзі бөліскен байлығы. Алты пар, он екі көздің түгел қадалғаны аталардан бері қорланып келген асыл текті қымбат бұйымдар. Байлығы құргыр бөліске түскен күннен бастап бір жағынан ұрланып та жатыр білем. Көз айыруға болмайды. Рязановтан қалған мұраның ең арзаны орта шаруаның бар байлығына тұратын. Екі жылға созылған талас-тартыстың үстінде туысында жөнсеу жаралған жалғыз еркек Григорий Иванович қазақша айтқанда жүн болып кетті, орысша айтқанда — ескі шүберек, тряпка...

Рязанов марқұмның қай жерде, қандай өндіріске, қандай банкаларға ортақтас болғанын табуға да көп уақыт кетіп жатыр. Алты темір сандықтың іші толған келісім, шарт, сот кесімі. Таласта, дауда келе жатқан істердің қағаздары. Ортақ өндірістерде қай шамада, қашаннан бері, қай жылы қанша түсім, қандай өсім болған кампанияның пайшіктеріне жылдық пайда қаншадан тиген, тығылған, бүгілген тиын-сиын жоқ па? Мұрагер туыстар аларын алып, айрылысып кеткенше есеп-қисапты біржола анықтап алуы керек-ті. Өйткені, бұл ең соңғы бөліс. Ортақ байлықпен біржола қоштасатындары да бар. Бөліс дауы «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» болатынын күнде көзге шұқып көрсетіп жатыр.

Екі жылға созылған мұрагерлік талас аяқтала келе амалсыз мынадай тоқтамға келді: бөліске түсетін барлық мұра ақшаға шағылып, әркімнің еншісі теңгемен, тиын есебімен берілетін болды. Бірақ, қаншасы алтынмен, қаншасы күміспен, қағаз ақшамен берілетіні әлі алда тұрған дау. Әр бұйымды ақшаға айналдырып бағалау дауы да алда тұр.

Мұрагерлердің еншілері бәріне бірдей бөлінген жоқ. Кім қанша қосар қосып отырды, қай өндіріске кімнің еңбегі көбірек сіңді. Тағы да толып жатқан аталық, аналық,

туыстық жақтары да ескеріліп, мұрагерлердің еншілері мынадай мөлшерде бөлінетін болды.

Александра Григорьевнаға қақ жартысы —$^1/_2$;

Елизавета Петровна $^3/_8$;

Ольга, Валентина, Анна Ивановалардың әркайсысына $^1/_{16}$:

Бөліске түсер мұраны осылай жармалап бөлуге алты адвокат, алты бухгалтер, алты бұйым бағалаушы, алты алтын, күміс бағалаушы зергер, алты асыл тастарды бағалайтындар қатынасты.

Рязанов Россияның батыс-шығыс, оңтүстік-солтүстықтарының бәрінде де әлдекандай ірілі-ұсақты кампаниялардың пайщігі болатын. Сол төрт атыраптың төртеуінде де банкілер бар. Банкілерде Рязановтың алашақ-берешектері бар... Фон-Штейн осындай өте кең шиырлы істерді асыра аяқтап болғанша уақыт та жылжып өте берді. Қарағанды өндірістерінен «Қайтеміз?» деген сұрау келеді. «Бұрынғыша!»— деген жауап қайтарылады. Кесіп айтар жауап өзара қырқысып жатқан бес әйел мен бір қырсыз еркектің екшесулерінен өту керек. Онда уақыттың не жұмысы бар. Секунд, минут, сағат, күн, ай, жылдар бірін-бірі жетелеп өтіп жатыр...

Осы тұста тағы бір іс орала кетті.

Рязанов — Ушаковтар Қарағандыны әуелі сатып алғанда қолдан өлшеніп берілген елу шаршы шақырым еді. Бұл кезде оны тоқсан төрт шаршы шақырымға жеткізіп алған екен: Томск тау-кен басқармасы беріпті, Рязанов алыпты. Қазыналық деп саналып кеткен қазақ жерінің сырттан кесіліп беріліп жатқанын естіген-білген бір пенде болмаған екен. Қарағанды өндірісіне тағы да жер молайған сайын оның жылдық өнімі де молая түседі екен. Бас қожа қайтыс болған соң қалған бес әйел мен бір жөнсеу еркек өндірісті жүргізе алмайтындарын түсіне бастаса керек. Олар фон-Штейнге — мына қосымша пәледен құтқар деп шуласты. Фон-Штейн оларға бұл туралы үн шығармауды кеңес етті: болар бір керегі...

Осындай ала-сапыран жағдайда Қарағандыға Рязанов тұқымының әйелдерімен таныстығы бар үш адам жіберіліп еді. Олар өндіріс адамы болмай шықты. Төрт-бес ай той-тойлап, босқа айғайласып жүреді де бір күні жоқ болады. Тағы бір жаңа бастық келгенше созылатын өлі-араның өзі жарты жылдан кем болған емес.

Үш ай болды, Қарағанды жеріндегі үш өндіріске тағы бір Павлович деген жаңа бастық келіпті деп естілді. Ол: әлденелерді қайта құрамын, Ақбұйрат заводын кеңейтемін,

жаңадан төрт шахта салдырамын, мыс қорытатын пештер жаңадан салынады, машина саймандарды түгел ағылшындардан алдырамын деген хабар тарап еді. Әзірше өзгере қойған ешнәрсе байқалмай келеді.

Түрлі-түрлі сырт хабарға қарағанда мұрагер әйелдер бір кезде естерін жинап, Қарағанды өндірістерін қолға алуды ойлаған болса керек. Әйел ойланса шыдамсыздана ойлайтыны да бар ғой. Кейбір әмірлері біріне-бірі қайшы келіп те қалады. Қалайда жылына отыз мың пұт мыс беріп тұратын Ақбұйрат неге ескерусіз қалсын! Жаңадан келген бастық Павлович толып жатқан жаңалық арқалай келгенге ұқсайды. Жаңалықтарының аттары еміс-еміс таралып жатса да бағыты әлі байқалған жоқ.

Кеше болыс кеңсесіне Ақбұйрат заводының бас инженері Карл Бернер біліп кетті. Ол кісі Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерінің иелері ауысар кезі таянып қалған сайын ышқына бастаған кәрі адамның қалпын көрсете келіпті:

— Қадірлі Кенжеғара Берікқарин мырза, сіз бен біз ескі достар деуге болатын адамдармыз ғой. Сіздің өндіріс істеріне, жұмыскер тұрмысына жатсырамай, жанасып кеткеніңіз бізге үлкен қолғабыс болып келіп еді, соңғы жылдарда бірі келіп, бірі кетіп жатқан басшыларымыздан мен ешбір үміт күте алатын емеспін. Бәрінде де бір-ақ ауру бар: жұмыскер еңбекақысы тым жоғары. Қазақ штейгерді Рязановтың ескі өндірісінен алдырамыз... Міне, осы айтатындары.

— Сіз қандай жауап беріп жүрсіз?

— Мен, өзіңіз білесіз, істің адалдығын, әділдігін жақтайтын адаммын. Және көріне көзге бастықтың теріс ынғайына да көне алмаймын. Ушаковпен де осылай келіскенмін. Осы бойымда қартайдым. Біреулердің бас иіп тыңдайтын заңдылық дегендерінің маған арам астары көрініп тұрады.

— Жаңа келген бастығыңыздың сондай сыры көрініп қалды ма?

— Бізді жабайы, өзін ақылды көретін ақымақтығы сонша, арам ойларын дұрыстап бүркей де алмайды.

— Онысын неден байқап қалдыңыз?

— Ол кісі кеше маған «Ақбұйрат жұмыскерлерінің жалақылары он тиын қысқартылған приказ бер»,— деді. Мен үндемедім. Одан соң «Қоксау жұмыскерлер босатылатын приказ берілсін»— деді. Мен оған: мұның екеуі де істелмейді. Екеуі де заңсыз,— дедім. Ол менің жауабымды елең қылған жоқ. «Қазақ штейгері дегендерің помощнигі деп

аталсын да соған орай төмендеген жалақы алатын болсын»,— деді. Мен тұрагелдім. «Неге тұрып барасың?»— деді. Мұндай зұлымдық менің қолымнан келмейді,— дедім, бұрылып кете беріп. «Онда есіңізде болсын, мұнда екеуміздің біріміз-ақ қалатын болармыз!»— деді ол барынша ызғарлы дауыспен. Сіз қаларсыз, мен кеттім,— дедім де шығып жүре бердім.

Қарт адамдардың жәбірленуінде әртүрлі асығыстық та бола береді. Оны азырақ үрлеп қалсаң дәл шындықтан алыстап кетуі де мүмкін. Кенжеғара әңгіменің бетін бұрғысы келіп:

— Мұныңыз Қарағанды өндірістерінің жаңа иелерінің беталысы емес пе екен?— деп сұрады.

— Болса болар да!— деді Бернер.— Қарағанды өндірістері сатылып болған шығар. Рязановтың шулаған қатын мұрагерлері мұндай ауыр өндірістерді жүргізе алмайды. Қалған мұраны бөлісіп алған соң енді олардың ынтымағында қосыла алмайды. Ресейде не көп, заң көп. Бәрін бірдей аттап та өте алмайсың, айналып та өте алмайсың. Астынан өтетін тышқан сүрлеулері жоқ та емес. Мұндай заңдардың бірі шетелдерге алтын, күміс, мыс, темір, көмір, мұнай шыққан жерлер сатылмасын деген заң ғой. Ана жылдары осы жақты бір аралап кеткен француз инженері Карно мен ағылшын капиталисі Нельсон Фелль ағайынды екі фон-Штейнді жалдап сол тышқан сүрлеуді кеңейте-кеңейте үлкен жолға айналдырудың амалын істеп жүр. Қай күні сол амал табылса сол күні Қарағанды шетелдер үшін қазақ жерінің байлығына кіретін үлкен қақпасы болады. Сол қақпаңыз ашылғалы тұр, Кенжеғара Берікқарин мырза! Ашпауға сіздің амалыңыз жоқ!

— Иә, қарсыласар кез өтіп болды, мен мойынсұнып болдым.

— Шыныңыз ба?

— Шыным.

— Онда мен сізді түсінбей жүрген болдым ғой!

— Мүмкін. Енді мен осы өндіріс орындарының тоқтап қалмауын тілеймін. Менің тілегім тағы да қосыла түссе екен. Жаңа өндіріс орындары көбейе берсе екен!

Кенжеғара ойларын саралап айтқан жоқ. Бернердің сұрағысы да келмеді. Ол бұл жігітіміз Қарағанды өндірістері шетелдің қолына ауысу тілегінде екен-ау деген ойға тірелді де одан әрі өте алмай қойды. Кенжеғара амалсыз ойын ашыққырағысы келді:

— Қадірлі Карл Карлович,— деді Кенжеғара — қазақ деген азғана ел, дүниежүзілік өсу-өркендеу жолынан бас-

[illegible] Ғасырлар бойында мал ба-
ғу[illegible] шаруасынан мойын бұра алмаған бұл елдің өзіне-
[illegible] темір бұғауы, аса алмас биігі емес пе?
Ж[illegible] шаруашылығы қазақ елін рулық шеңберінен
[illegible] Ол шеңберде күн жоқ, түн ғана бар! Түн!
Ауыр түн! Қашанға дейін осылай отыра бермек? Қазақ елі [illegible] жерге орналасып егін салу керек. Сонымен бірге жер астының байлығын, алтыны мен күмісін, көмірі мен мысын қалай алуды үйрену керек. Осы үйрену керек деген менің ең жаныма бататын сырқатым. Күн сайын үдеп келе жатқан ауруым. Қазақ халқының тағдыры Россия тағдырымен мәңгілік бірікті. Ол өзгермес бірлік. Попов, Демидов, Рязанов, Ушаковтар қазақ жерінің байлығын шашып-төгіп алып жүргенде ішім ауыратын еді. Олар аларын алып, мыңдаған жұмыскерді далаға тастап кеткенде ішім одан да жаман ауырды. Сондайға ұшыраған жұмыскерлер бұрын өздері тастап кеткен байлардың аяғына жығылып, әрең-әрең қойшылыққа жалданып жүр. Мен қазақ даласында өндіріс орындары көбейе берсе екен деп тілейтін басты себебім осылар. Мен Ушаков кампаниясын жақтаушылар жағында едім. Амал не, ол кампания құлады. Бірақ кең даламызда өндіріс түтіні біржола сөніп қалмай қайта молая берсе екен деп тілеймін...

— Тегі мен сізді түсіне бастаған сияқтымын, Кенжеғара Берікқарин мырза.

— Шашыратып-бытыратып айтып отырған ойларымның жалғыз түйіні мынау, Карл Карлович: орыс па, ағылшын ба, мейлі кім болса, ол болсын, әйтеуір қазақ даласын тым ұзаққа созылған ұйқысынан біржола оятса екен. Қазақ даласы қазір түс ауғанша ұйықтап жататын мырзаларына ұқсайды: «Керенау, кербез, бір керім!» Басқа жұрттың қалай күн көріп жатқанында жұмысы да жоқ (Абай сөздерін мағынасына қарай аударып түсіндірді).

Кенжеғараның түпкі ойына Бернер енді түсінген сияқты. Әуелі орыс өндірістерінің жат-қолына кеткелі тұрғанына қуанады екен-ау деп қалып еді. Тыңдай келе Кенжеғараның арманы әріректе жатқанына, өз ойлағанынан әрі басқа, әрі мағыналы екендігіне көзі жеткендей болды. Солай бола тұрса да қашан шамадан кеткенше Қарағанды өндірістерінің сатылуына қарсы екенін қайталай берді. Өлгенше қарсымын деді.

— Бұл қарсылықта біз қашаннан бері бірге емеспіз бе, Карл Карлович? Амал қайсы, жаңа ғана Қарағанды өндірістері сатылып болған шығар деп өзіңіз де айттыңыз. Сіз сияқты мол тәжірибелі, терең білімді инженер сондай

сөзді босқа айтпаса керек. Екінші, Қарағанды өндірістерінің сөзсіз сатылатын болғанын сіз бен біз көптен бері мойындап қойдық емеспіз бе? Соңғы жылдарда осыған орай әртүрлі дайындық жүргізбедік пе? Мен осыларыңызды еске алып қарсылығым жоқ дедім. Біздің ендігі қарсылығымызда не мағына бар?

— Маған мына келген жаңа бастық сол жат қолында болар күндеріміздің суық ызғарын ала келген сияқты. Содан шошынып келген бетім ғой.

— Иә, жұмақ жұпарын ала келген жоқ шығар.

— Өзіңіз ойлап қараңызшы: жұмыскердің жалақысын кемітер болсақ, ауру жұмыскерлерді айдап жіберсек, қандай бір пысып қалған қазақ штейгерлерін қара жұмыскер қатарына түсірсек, біздің дайындығымыздан не қалады?

— Тұк те қалмайды. Сонда маған не қыл дейсіз?

— Сіз болып, біз болып ол ыңғайға көнбеуіміз керек деймін. Алғашқы айқаста қай жағымыздың бетіміз бұрын шайылып қалса, сол жағымыз оңалмаймыз. Сіз «Мен кетемін» дегенді қойыңыз. Жат қожайынмен кездесер кезге деген әзірлігімізді не құлатып, не іске асырып болғанша қатарымызды бұзбайық.

— Мен, Кенжеғара Берікқарин мырза, сізді жақсы көретінім де, құрметтейтінім де сонша терең болу керек, қанша ыза кернеп келсе де оңай берілемін, қарсыласқым келмей тұрады,— деп Бернер қолын ұсынды.

— Міне, достар осылай болуы керек!.. Кенжеғара қол алысып тұрып,—«Некрасов шалдың табаны берік»,— деді.

Сол күні Қарағанды өндірістерінің жаңа бастығы Павлович та келіп кетті. Оралдағы бір өндірістен босаған, кеудемсоқ, ұрда жықтау адам болуы керек, қол алысып жатып жұмысын айта бастады;

— Сізде менің бір-ақ жұмысым бар: сіз біздің жұмысымызға араласпасаңыз екен!— деді.

— Сізде менің де бір-ақ жұмысым бар: сіз де біздің жерімізді баспай, өз жеріңізде ғана жүрсеңіз екен!— деді Кенжеғара.

— Ол қалай? Как это?

— Араласпау деген солай болуы керек емес пе? Біріміздің жерімізді біріміз баспау керек. Адамдарымыз араласпау керек!

— Сіз не айтқыңыз келеді өзі?— деді Павлович аңырып қалғанына намыстанғандай өзіне-өзі жігер бере көзін ежірейте, дауысын көтере сұрады.

— Мен араласпаудың толық түрін қалай түсінетінімді айтқым келеді. Тек қана осы.

— Мен бос әңгіме жаратпаймын. Мен сізге біздің завод жұмыстарына араласпаңыз деуге келдім. Біріншім де осы, соңғым да осы.

— Біріншіңізді де, соңғыңызды да қалтаңызға сала тұрыңыз. Мен сіздің заводтарыңыздың маңайынан жүрген емеспін.

— Жоқ, сіз қатты араласып келіпсіз?

— Қалайша? Қашан?

— Жұмыскер алу жұмысына араласатын болыпсыз!

— Ол ең алдымен адам мәселесі емес пе? Жұмыскер адамдарың біздікі болған соң олардың тіршілігіне араласпай қалай отыра аламыз? Бұл күнге дейін арласпай келгеніміздің жазасын тартып отырмыз: бізден жас жігіттерді аласыз да, шиқылдаған көксау, шолақ, шойнақ, мүгедек болған кездерінде қуып тастайсыздар. Содан кейін оларды біз асырауымыз керек пе?

— Не айтсаңыз, оны айтыңыз. Жұмыскер жайы сіздің жұмысыңыз емес!

— Бұдан былай жалғыз сіздікі болып та қала алмайды.

— Қалады!

— Қала алмайды!

Гүр етіп қалған машина дыбысы келді. Ушыға бастаған жанжал аяқталмай өзінен-өзі тоқталып қалды. Бұдан әрі айғайсыз сөйлеуге екеуінде де шама жоқ еді. Машинамен кімдер келерін білетін болса керек, Павлович күбірлеп боқтап шыға жөнелді.

2

Ұзамай «Ұлықсат па?» деген дауысқа жалғаса фон-Штейн мен инженер Карно кіріп келді. Сондарында тағы үш-төрт адамы бар екен.

Кеңжеғара орнынан түрегеліп:

— Пожалуйста, Клод Эрнест Карно мырза, пожалуйста, Людвиг Федорович мырза!— деп қонақтарына бір-екі адым жақындап келіп қол алысты:

— Қош келіпсіздер... Отырыңыздар...

Инженер Карно ескі таныстың мінезін көрсетіп, отырмас бұрын жолдастарымен таныстыра бастады:

— Әуелі, қадірлі болыс-еке, мынау «азияттарға» сізді таныстыруға лұқсат етіңіз: бұл кісі болыс, Кеңже-хара Берікқарин мырза. Ғалым. Тарихшы. Қатал бастық. Таптырмайтын адал адам. Бұл кісінің құрметіне мен қазақша «болыс-еке» деген сөзді жаттап алдым.

Енді, болыс-еке, сізді бұлармен таныстырайын: мына кісі Свейн деген мырза. Күміс пен қоланы еркін айырады,

алтын мен мысты ажырата алмайды. Қазақ даласына хауіпті адам емес. Мына кісі Билль мырза, инженер, шахта да салады. Мыс заводын да салады. Мына екі жас жігіт — Бейль Артур, Рене Жан, анау екі инженердің жәрдемшілері. Фон-Штейн мырза білетін адамыңыз. Қасаткин мырзаны да ұмытпаған боларсыз.

— Жақсы... Қош келіпсіздер... Отырыңыздар...

Инженер Карно отырғаннан кейін де ешкімге сөз берген жоқ. Өзі бастап кетті. Фон-Штейн мен Қасаткин ретіне қарай орысшаға аударып отырды.

— Қазақ даласында бірінше рет қонақ болып қонып шыққан, бірінші рет қымыз ішкен үйімді көріп қуанып кеттім, қадірлі болыс-еке. Аздаған мұнайысым да болды. Уақыт деген бос өтпейді ғой. Алары да болады, берері де болады. Ол үйді мектепке айналдырғандарыңыз дұрыс болған екен. Әбден дұрыс болған! Қарт мұғалім Михаил Глазуновпен әңгімелестік. Ол бізге қымыз берді...

— Иә, ол әуелі қымыз үшін келіп еді, енді біржола бекіп қалды-ау деймін.

— Қозғалар емес! Балалар да жетімсірейтін емес. Әке жоғын, шеше жоғын ұмытқан сияқты.

— Тегі сол балалардың әкесі сіз болсаңыз керек,— деп фон-Штейн Кенжеғараға қарап бір сөзді өз жанынан қосып қалды.

— Қызылжар мен екі арада талай ауылға кездесіп едік. Балалары реңсіз де көңілсіз, әртүрлі ауруларға шалдыққан түрлері де бар еді. Сіздің панасыздардың дендері сау, көңілдері шат, оқу мен ойнаудан басқа уайым-қайғылары жоқ сияқты екен. У-шу ойнап жүр.

— Егіндерін салып болып, енді шөп шабардың алдында аз күн ойнап қалар кезі.

— Естідік. Қәрі мұғалім бәрін де айтты. Ер жетіп қалған еркек балалар, бойжетіп қалған қыздар бар екен. Шетінен сұлу.

— Ер жеткендері — жұмысқа, бойжеткендері — тұрмысқа шыға бастағалы үш-төрт жыл болып қалды.

— Ондайларды да көрдік.

— Онда екі жас қазақ мұғалімдері бар еді. Олар туралы шал ешнәрсе айтқан жоқ па?

— Айтты-айтты. Қызық нәрселер айтты: бірін-бірі оқытады екен бірінен-бірі оқиды екен. Қазақ мұғалімдері орысша оқиды, орыс мұғалімі қазақша оқиды. Бізбен жарты сағат отырды да кәрі мұғалім Глазунов — ал, қош сау болыңыздар, мен сабаққа баратын уақытым болды деп кетіп қалды. Қадуилгі мектеп баласының мінезін көрсетті.

— Қазақ мұғалімдері әуелі кеңсе қызметкерлерін тілмаш болуды оқып келген жастар еді. Үш жылдан бері осылай бірінен-бірі оқып қалыптасқан оқытушы болып келеді.

— Маған тура медициналық ұран екен дерлік қазақ өлеңдері қатты ұнады,— деді Карно.

— Қандай өлеңдер?— деп Кенжеғара фон-Штейнге қарады.

— «Көзің ауырса қолың тый, ішің ауырса аузың тый»— деген мәтелдерді айтады. Әр жерге көп жапсырылыпты,— деді фон-Штейн.

— Ә, «дені саудың жаны сау!» деген өлеңге не айтасыз?— деп Карно тағы мадақтау айтты.

— Сіздің көрген мектебіңіз әуелі ауру-сырқауы көбірек панасыз балалардың мектебі болған. Сол кезде тауып алған халық даналығы ғой. Пайдасыз болған жоқ. Балалар бірден жаттап әкетіп жүр.

— Әкетер, әкетер.

— Қалам-хат білмейтін елдер кейбір тіршілік заңдарын да солай афоризммен есте қалдырады.

— Ол өзі интернатты мектеп қой?

— Иә, бүкіл қазақ даласында бірден-бір интернатты мектеп.

— Мектептеріңіз екеу ғой.

— Жоқ жетеу. Төртеуі таза қазақша, үшеуі екі тілде қатар оқиды,— қазақша, орысша.

— Бәрі де бастауыш мектеп қой.

— Иә, үшеуі төрт жылдық. Оқу екі тілде жүретін болған соң, бір жылды өзіміз қостырып алдық. Соңғы төртінші жылында ана тілі, орыс тілі, арифметика сияқты баланы жетілдіре түсетін пәндер жүреді. Таза қазақша мектептеріміз үш жылдық.

— Оқу құралдарың жеткілікті ме?

— Ең алдымен қазақ әліппесі әлі туған жоқ.

— Онда қалай қазақша оқытасыздар?

— Оқытамыз... Татар әліппесін қазақ тіліне бейімдеп аламыз. Татар «кил» деп жазады, біз «кел» деп оқимыз, татар «кит» деп жазады, біз «кет» деп оқимыз. Бұл әліппе дұрысын айтқанда арабтікі.

— Онда сіздер дүниедегі ең зирек ел болдыңыздар!

— Ондай мақтауды көтере алмаймыз.

— Алғаш кездескенде құранды түсінбей оқимыз дегеніңіз, намазды аузымызбен арапша оқимыз, ойымызбен қазақ тілінде дегеніңіз есіңізде ме?

— Есімде.

— Оқымаған қазақ араб тіліндегі дұғаларды ойымен

қазақшалап оқыса, басқа бір елдің әліппесін өзіне бейімдеп алып балаларын оқытса бұдан артық қандай зиректік керек?

— Тілектестігіңізге көп-көп рақмет, Карно мырза... Іс жүзінде мұның толып жатқан түйіншектері де бар.

— Қазақ тілінде басылып шыққан кітап...— дей берді де, Карно сөз аяғын бітірмей тоқтады.

«Бар ма?», «Жоқ па?— деген сұраулардың қайсысын қолданғаны әдептірек боларын біле алмай тоқтап еді.

— Бар,— деді Кенжеғара.— Күні кеше қазақ тілінде шыққан жүз бірінші кітапты алдым. Қазақ тілінде кітап басыла бастағалы елу жылға жақындады. Орыс әрпімен қазақ тілінде басылып шыққан хрестоматия да бар.

— Мырзалар-ау, әліппесі жоқ елдің өз тілінде кітап басып шығарып жатқанын қандай керемет деуге болады?— деп Карно серіктеріне қарады.

Оның жауабын да Кенжеғара берді.

— Кітаптар Қазан шаһарында басылып шығады. Қазан — көне заманнан келе жатқан татар шаһары. Татар да, қазақ та түркі тілдес, туысқан елдер. Сондықтан татардың өз тілінде шыққан таза татар кітаптарын да қазақ еркін оқи береді. Әттең, қазақта кітап оқушының өзі аз.

Бұл кезде сауатсыздық деген дүниелік көлемде онша ерсілікке жата бермейтін. Бұл әңгіме өрістеген жоқ.

Бөтен адамдардан жасқанбайтын, жатырқамайтын, еркін де еркелей өскен кішкентай Назыкеш келді. Келген бетінде «Здравствуйте»— деді де қонақтардың сырт жағын айналып Кенжеғараға жақындай беріп:

— Дядя, ты чай пить... Ойбай, қонақтар бар екен ғой... Нет-нет... дядя, вы обедать придете?— деді.

— Келемін, айналайын, келемін.

— А, гости?

— Шақырсаң, мүмкін олар да барар.

Кішкентай Назыкеш қонақтарға бұрылып, еркелей сөйлейтін қалпын бұзбай оларды да қонаққа шақырды:

— Я приг-ла-шаю вас на чай...— деді.

Карно қыз баланың не айтқанын сұрап білген соң, ол да еркелете жауап берді:

— Келеміз, сүйкімдім, келеміз... Өзіміз де қашан сен қымызға шақырар екен деп отыр едік. Тұра жүгіреміз,— деді.

Басқалар да түгел Карномен орайласа, үндесе қолдады.

Кішкентай Назыкеш биыл мектепке түскелі екі жыл, мектепке түсерде Кенжеғара оның туғанда қойылған атын жаздырды.— Қарлығаш Жабай қызы. Қарлығаш жас ба-

ланың өз әдемілігімен есейе келе, сұлулыққа айналар сүйкімділігімен өсіп келеді. Ешкімнен жәбір көрген емес. Жиырма екі үйлі Бұланбай «қаласында» бір ауыз қатты сөз естіген емес. Қазір ол оқып жүр. Жақсы оқиды. Одан бұрынғы «мектебі» Гүлбәден мен Анар еді. Олардан гөрі жоғарырақ мектеп Көпей — Наргөз және өз шешесі Назыкеш қой. Қарлығаш еркелік шегін де біле бастады. Кенжеғара, Анар, Гүлбәден үшеуімен орысша сөйлеседі. Мектепке демалыс күні — жұма. Сол күні ол Гүлбәденге еріп, болыс орталығында тұратын Кенжеғараның үйіне келетін. Жазды күні екеуі де көбінесе сол үйде болатын. Ол үйде кітап көп-ақ! Екі шкаф!

Қонақтар қазақтың жатсырай білмейтін, бөліп-бөліп болса да орысша сөйлейтін қыз баласына бірінші кездесіп, әрқайсысы бір-екі ауыз тіл қатысып қалуды қызық көріп еді. Қарлығаш қысылған жоқ. Білгенінше жауап қайтарып білмесе «білмеймін»— деді. Қыз баланың тәтті тілі, леп-лебізіне ересек адамдардың көңілдері де үн қосқандай еді. Қарлығаш қонақтардың алдына түсіп, далаға алып шықты да сол үйдің шығыс бетіндегі бір есікті ашып:

— Анар апа, қонақтарды қабылда!— деді орысша. Содан кейін естиярлылығы осымен аяқталып, әлде қайда шуласып жүрген балаларға қарай жүгіріп кетті.

Басында алтын оқалы сәукеле, сұңғақ бойлы, жеңіл киінген жас келіншек коридорға жалғасқан бөлмеден шығып, қонақтарды қарсы алды:

— Добро пожаловать!

— Анар Алшагировна! Құдай-ау, көрген сайын сұлулана беретін болыпсыз-ау!.. Кенжеғара Берікқарин мырза қалай тыныш отырып жұмыс істей алады екен? Мен таң қаламын!— деді фон-Штейн.

— Кейде менің бар-жоғымды ұмытып та кетеді ол,— деп қалжыңға қалжың жауап қайтарды Анар.

Қасындағылары Анармен амандасып болған соң фон-Штейн тағы да сөйлеп кетті:

— Мен Кенжеғара Берікқарин мырза мен Анар Алшагировнаның үйлену тойларында болғанмын. Құдай-ау, біз неғып қартаймайық, одан бері де үш жыл өтіпті-ау!..— деді.

— Иә, сіздің де үйленер уақытыңыз жақындаған сияқты...— деді Анар.

Анардың не айтқанын естіген соң Карно фон-Штейнге:

— Алдың ба сыбағаңды, сұр бойдақ!— деді.

Барлығы көңілденіп күлісіп алды. Анар қымыз сапыра бастады да:

— Мен қонақтарға бірдеңе істейін де, сен қымызбен ай-

налдыра тұршы,— деп оюлы қымыз ожауын Кенжеғараға беріп, қазандық бөлмесіне шығып кетті.

Азды-көпті тамақтарын әзірлеп Гүлбәден де қазандық бөлмесінде жүр еді.

— Пісті, пісті, түсіруге болады,— деді Гүлбәден, орта казан ақ ірімшікті қарағай қалақшамен араластырып тұрып.

— Онда сен қонақтарға қол жудырып, алдарына тарелке, қасық, шанышқыларды қоя берші.

Гүлбәден бастауыш мектепті бітіріп, Қараөткелдегі қыздар гимназиясына түскелі екінші жыл. Ол жазға қарай үйіне қайтып келгесін де гимназияның формасын тастамайтын. Жалаң-аяқ, көйлекшең, ақ омырауша, қос бұрымды, шашына даланың гүлін қыстырып жүреді.

Гүлбәден орысша жалпы амандаса кірді де:

— Аға, қонақтарға қол жудыр,— деді. Өзі ыдыс-аяқ шкафын ашып, дөңгелек стол үстіне тамақ ыдыстарын қатарлай бастады.

— Бұл менің жалғыз қарындасым — Гүлбәден. Алты жасында көмірге түсті, жеті жасында мектепке түсті, былтырдан бері гимназистка... Бала кезінде мысықтың баласындай ерке болушы еді, осы күні шешесінен басқамызды темір биялаймен қысып ұстайды,— деді Кенжеғара. Гүлбәденнің көзі ағасына қарап бір жарқ етті де, үндемей өз жұмысын істей берді.

— Осындай тандай қақтырар сұлу болғалы тұрған қыз ағасы айтқандай қатал болуы мүмкін емес қой!— деп Карно жолдастарына қарады.

Оның жауабын Гүлбәден берді:

— Ағамыз үйленбей тұрғанда екеуміз бір шешеден туғандай тату болушы едік. Бірер күн көрмесе сағынып қалдым деуші еді. Менің бала кезім ғой, сенуші едім. Осы күні жеңгеміз Анар сұлу ағамызды жалғыз меңгеріп алды да, өзгеміз санда бар, санатта жоқ, далада қалдық.

— О, о, қандай хиянат!

— Ие, ие! Қандай хиянат!— деп, қонақтар да қалжыңға араласа кетті.

— Айтуға ұят!— деді Гүлбәден,— Айтпасқа амалың қайсы, соңғы үш жылдың ішінде ағамыздың өзгеріп кеткені сонша, негізгі қарым-қатынасымызды алдын-ала бекітіп алған шарт арқылы жүргіземіз,— деді Гүлбәден.

Гүлбәденнің орысша айтқанын жолдастарына аударып берді де:

— Шарт арқылы дегеніңе түсінбедік,— деді фон-Штейн.

— Мен Ақмолаға оқуға кетерде ағамыз екеуміз шарт жасасқанбыз: мен оған жетісіне бір хат жазбақшымын, ол маған он күнде бір рет. Соны да орындамай жүр. Апам ауырмайды, менімен жаны бір серігім, кішкентай Қарлығаш жақсы оқып жүр деген он күнде бір хабар алмасам менің жылайтынымды да біледі.

— О!.. Мұндай қылыққа неғып шыдап жүргенсің, шырағым-ау!.. Бұл адам естімеген қаталдық екен!

— О, о, о!

— Бұл жазаланатын салғырттық!— десті қонақтар.

— Шартты бұзған жағы жаза тарту керек.

Бір шара сарымай иісі аңқыған ақ ірімшік көтеріп әкеле жатқан Анар:

— Кенжеғара-ау, жазадан көз ашудан қалдық қой. Соны неге айтпайсың!— деді қазақша.

— Анар Алшагировна, не айтады?— деп шуласты қонақтар.

— Мен кезегім келгенде бір рет хат жазбай қалсам, қарындасым маған алтынмен бес сом штраф салып қояды. Соны неге айтпайсың дейді Анар.

— Солай шарттасқан болсаңдар төлеу керек.

— Екі жылда бес рет төледім.

— Дұрыс болған.

— Алдағы жылдарда екі рет өсіру керек.

Қонақтар үй-ішінің қалжыңына енді ғана түгел түсініп, біраз күлісіп алды.

Анар әр тарелкаға ақ ірімшік салып жатып:

— Людвиг Федорович, сіздің жақсы көретін қазақ творогінен басқа бүгін ешнәрсеміз қалмапты. Кісі басы бір жұмыртқа, бір қасық сарымайдан басқа түк қосарым да жоқ. Кешке қарай бәрі де болады,— деді.

Фон-Штейн ірімшікті мақтай бастады, басқалары бас көтермей жеуге кірісті. Біраз қымыз ішіп алған адамдар бауырсақ пен ірімшікті сағынып қалғандай жабылып жатыр. Қазақ творогінің қандай тамақ екенін қонақтар тойып болған соң мақтады...

— Людвиг Федорович, сіз қазақ творогін өте жақсы көреді екенсіз. Мұныңыз өзгелерден ерекше бір талғамдылық белгісі болар. Сондықтан үйлене қалар күн жетсе қалыңдығыңыз осындай творог жасай да ала ма екен, жоқ па, сонысын біліп үйленгенің дұрыс болар,— деді инженер Карно.

— Қазақ творогін қалай жасауды Анар Алшагировнадан үйренер еді-ау, сүтті сиырды қайдан табамыз?

— Сиырдың міндеті менде болсын,— деді Кенжеғара,— ағы керек пе, аласы керек пе?

— Сиырды бағатын кім болар?

— Малды қазақ даласы өзі бағып береді. Ара-тұра қасқырға төлеп тұратын шығынымыз болады. Одан басқа қайғымыз болған емес.

— Сол қасқырға төлейтіндерің қашан да менің сиырым болып жүрмесе?

Осылай жеңіл қалжыңдасып, ойнап-күле отырып, бәрі де бой жазып рахаттанып қалды.

Шай үстінде фон-Штейн бұл жолғы келістерінің жайын айтты. Ақмола облысындағы Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді, Жезқазған далаларында Карно мырза кен зерттеу жұмысын жүргізбекші. Лұқсат қағазы тиісті орындарға тіркелген, мәлімделген. Анықтай кететін бір ғана жай бар: ол егер Карно мырза зерттеу жұмыстарына көңілі толып, Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерін сатып алғысы келсе, оңысына қарсылық жоқ. Ол енді кейін шешілетін іс...

Фон-Штейн өзі Ақбұйратқа орнығып үш өндірісті де өзі басқаратын болыпты.

Айтылар сөздер аяқталып өзгермес жайлар анықталған соң Кенжеғара:

— Істерінізге сәт тілейміз. Іс жүзінде талай-талай наразылығымыз, келісе алмаушылығымыз болуы сөзсіз. Бірақ менің ең басты арманым қазақ даласында өндіріс туа берсе екен деймін. Біз сияқты кешеуілдеп қалған елдер қай жолмен болса да, қандай күштер арқылы болса да қала салмай, ірі өндірісті өзі жүргізе алатын халге жетпей, ілгелі ел қатарына қосыла алмайды. Өнер-білім, ой-сана, рух мәдениеті дегендер біз сияқты елдер үшін талай белдердің аржағында жатқанын білеміз. Сол жолда талай құрбандық боларын да білеміз. Сіздермен де күнде құшақтасып отыра алмаспыз. Дегенмен шарамыз қайсы? Мысалы бүгін Павлович деген бір адамыңыз келіп менімен кездеспестей болып жанжалдасып кетті.

— Ол енді кездеспес сізбен. Мен кездесетін боламын,— деді фон-Штейн.

— Құп!

— Бізге не керек болары бір жеті — он күн шамасында анықталар деп ойлаймыз. Сол шамада тағы бір келіп міскіншілік жайымызды баяндап кетуге лұқсат етіңіз, болысеке,— деді Карно.

— Есігіміз қашан да ашық. Бірінші кезек сіздікі болар, Карно мырза.

— Қымыз бен ақ ірімшік сіздерді қашан да күтіп тұра-

тынын ұмытып кетпеңіздер,— деп Анар да елінің қонақжайлығын көрсетіп қалды.

— Хош, хош...

— Көріскенше күн жақсы!

— Хош, хош!..

Қонақтар аттанып кеткен соң Кенжеғараның үй-іші стол айналасында өздері ғана қалып еді. Анар қонақтарды қалай күткенін Кенжеғараның өз аузынан естігенше тыныш алмайтын әдетіне бағып:

— Ал, бүгін қалай болды?!— деді.

— Қонақтардың күтпеген кезіңе келе қалғанын еске алсақ, бұрынғыларыңның бәрінен асырдың!

— Ойының ба, шының ба?— Анардың көздері балаң кездегісіндей мөлдіреп тұр еді, ойнап айттым десе жылап жібергендей екен.

— Шыным,— деді Кенжеғара, келіншегінің шашынан сипап, арқасынан қағып-қағып қойды.— Шыным, Анаржан. Әсіресе, жатсырамай, бірден қалжыңдаса сөйлесіп кеткенің қонақтарға қатты ұнады. Меніңше, сый-зияпаттан алдырған жоқсың. Ақ ірімшікке шақырғаның тіпті қызық болды.

— Үш жылдан бері мен де бірдеме үйренетіндей болдым ғой!— деді Анар. Даусында мақтаныш әдейілігі де бар еді, ерігіп отырған Гүлбәден мұнысына киліге кетті.

— Ал басталды! Ал мақтаныңдар! Ал мақтасыңдар бірің бірің!— деді.

— Үлкендердің сөзіне балалар араласпас болар,— деді Анар әлі де сол әдейілігі бар даусымен.

— Айналайын, Анар-ау, сені Алшекең сияқты қадірлі адамның әп-әдемі сызылып тұратын қызы еді-ау, деп кім айтар осы күні! Ұят деген қайда кеткен! Франция, Германия, Россия сияқты үш ұлы елден келген қонақтарға ақ ірімшіктен басқа тамақ тауып бере алмай отырып, қалай мақтанасыңдар ұялмай? Апам сұрай қалса не бетіңді айтасың? Ұяты бәрібір сен екеуіңе келетін болған соң көлденең араласпайын дедім. Әйтпесе қонақтарды өзіміздің үйге шақырып әкететін едім.

— Балаға еріп жүре беретін бала емес қой олар.

— Сен екеуің қонақтардың алдында маған жабыла кеткенде олар кімді жақтады? Мына мені жақтады. Бар сөзің орнықты, дәлелді екен демеді ме! Сонда қайсымыз бала болғанымыз?

— Сені бала көріп, ойнап жақтады.

— Ақ ірімшік жеуге тағы да келіңдер деп шақырып қалдың-ау... Ұят-ай, ұят-ай! Енді ол қонақтар тағы бір ке-

ле қалса үйге шақырып алып кетемін. Сонда көресіңдер қонақты қалай сыйлау керек екенін!

Үй ішіндегі қалжыңға қалай араласар ретін таба алмай Қарлығаш қиналып тұр еді. Орысша, қазақша жаңылмай сөйлеп, қонақтарды шайға шақырғанына өзіне-өзі дән риза болса да оны ешкім әлі мақтай қоймағанына наразылығы да ояна бастаған. Ол үйреніскен «жауы» Гүлбәденді бас салды:

— Сен шақыра алмайсың бөтен қонақты!— деді Гүлбәденге.— Сен қорқақсың. Әлгінде қонақтарды шайға шақыруға бармадың ғой! Көзің бақырайып, қорқып кеттің. Мен бардым да, әуелі кәдуілгідей амандастым. Здравствуйте, дедім... Сонан соң орысша сөйлеп шайға шақырдым. Рас қой, Кенже, аға?

— Рас, рас, Қарлығашым...

— Дұрыс айттым ғой?

— Бір сөзден қателескен жоқсың! Бәрін кітаптан оқып тұрғандай сөйледің...

— Естіп тұрсың ба? Сен қорқып қалдың...

— Мен қорыққаным жоқ. Сені жұмсап жібердім. Малай!

— Мені Анар апам жұмсады. Анар апа, Гүлбәден бармады ғой, ие?

— Иә, иә, қорқып бармады. Көзі бақырайып кетті.

— Әй, сен ақымақ бала,— деді Гүлбәден.— Сен Анар мен ағам екеуіне көп ере берме! Ол екеуі бір адам. Білдің бе? Енді екі жылдан кейін сені мен алып кетем оқуға. Бұлар үйде қалады, отырады ақ ірімшіктерін жеп...

— Қараөткелге ме?

— Ие, Қараөткелге.

— Апама еріп Қараөткелге өзім де бара алам. Былтыр әжем мен анама еріп барып, сені мен алып келгенім қайда? Ұмыттың ба?

— Қой енді таласа бермей! Сөзге беріспейтінің не, қарғадай болып...

— Ә, мен қарға емес, Қарлығашпын!

Анар мен Гүлбәденді әжелері еркелетіп өсіріп еді. Гүлбәден мен Қарлығаш бірімен бірі тай-талас бәсекелесіп өсіп келеді. Ойнай жүріп біріне-бірі ойын-қалжың ұшығын тастап, сөз жарыстырып бірін бірі шырата жүреді. Қазақ даласының аумалы-төкпелі тіршілігінде осы балалар ғана әзірше бақытты өмір сүріп келеді. Ойнар кезінде ойнағанға, ұйықтар кезінде ұйықтағанға не жетсін! Сол балалар екі-үш әженің қанатының саясында, сенімді ағалар мен

әкелерінің арқасында «жоқ» деген сөзді ұмытып бара жатыр.

— Сенің Бекетің келе жатыр,— деді Қарлығаш Гүлбәденге.— Айтты да Кенжеғараның артына барып тығылды. Гүлбәден қызарып кетті. Анар мен Кенжеғара іштерінен жымиысып қалды.

Көше жақ бетте орнатылған кермеге жақындай келе әдемі тор төбел құнанын жорта-аяндатып келе тоқтаған Бекетті терезеден бәрі де көрді. Әуелі құнанын керменің өзі келген жағына байлай салып еді, артынан керменің арғы жағына шығарып байлады.

— Мына күшік естияр болып қалған екен-ау,— деді Кенжеғара Анарға бұрылып,— көремісің, атын желге қарсы байлап жатыр. Қыстыгүні ғой ыққа қаратып байлайтын болады.

— Бәрін біледі. Жігіттің нары болайын деп тұр, Гүлбәденнен біржарым-ақ жас үлкен,— деді Анар.

Бекет төртжылдықты Гүлбәденмен бірге бітіріп, осы күні Томск қаласында тау-кен орта мектебінде оқып жүр. Қаникулға келгелі көп болған жоқ. Тиянақты-ақ. Жастайынан шахтаға түсіп, көмір аршыған бала еңбекке барынша бейім. Әкесі Бұланбай, шешесі Көпей, ағасы Нартай болған жас бала еңбексіз өмір болады екен деп ойлаған емес. Қолы тиген жұмысты апырып-жапырып тез бітіріп тастауға дағдыланып өсті. Қазір әке-шешесінің азғана малына шөп шауып беруге әзірленіп жүр.

— Хош келдің, тау-кен инженері, жоғарылат!— деп қарсы алды Кенжеғара.

Бекет әдеп сақтаудан басқарақ бір жаймен келген бөгелісі бардай сәлем бергеннен кейін де аузына сөз түспей тұрыңқырап қалды. Анар оны құшақтай алып, екі бетінен кезек-кезек сүйіп. ауылдағы шешелердің амандығын сұрай бастады. Қысқа-қысқа жауап қайтарғанымен Бекет әдеттегісінше шешіле алмай қойды. Басы да, арқасы да аздап қиқандап қояды. Онысына қысылатын да сияқты.

— Өй, сен неге үндемейсің? Аузыңды ашпауға келіп пе едің?— деп Гүлбәден Бекеттің қасына келді.— Неге үндемейсің?— Қыз бала еркек баладан гөрі анағұрлым сұңғыла келеді ғой, Бекеттің келісінде бір реніш барын сезіне қалып соңғы ретте өте жұмсақ сұрады.

— Байжекең атам...— деді Бекет. Тілі күрмелетіндей әрең айтты. Көзінде жас бардай екен. Бар айтқаны сол, есікке қарай беттей берді.

Тыныш отыра алмайтын Байжекең өткен қыста екі күн адасып суыққа ұрынып қайтып еді, содан бері төсекте бо-

латын. Бекет оның өлі-тірісін айта алмай кетті. Кенжеғара Анарға қарап еді, ол:

— Тезірек ат жектірші, тым болмаса көзі тірісінде бір көріп қалайық,— деді.

Ауылға жеткенше Кенжеғараның ойына Байжекеңнің кейбір қылықтары түсті. Сонау бір жылы Англияның королевасы Викториямен құрдас болып шыққанына мақтанғаны ел-жұртқа тарап кетіп еді. Одан бері королева Виктория өліпті дегенді естігенде,— Алтын табақтан ас ішіп, алтын тақта отырған патша қатыныңыз бірде аш, бірде тоқ жүретін Байжекеңнен бұрын өліпті деп мақтанатын болды. Игілік пен Жұман ауылдарынан қанша жалшы-малшының неше жылғы жалақыларын алып берді. Адам баласына қайырымдылығында шегі-шеті, есеп-қисабы болмайтын бір жан еді. Байжекең қандай адам еді,— деп бәтеп біреу сұрай қалса, бірауыз сөзбен жауап қайтара алмайдын екенсің-ау,— деп ойлады Кенжеғара.

Қазақ халқының әулие адам дегенінде діндік мағына бола бермейді. Кейде тіпті зәредей де болмайды. Нағыз қазақтың өзі дін өкілдері имам, ишан, қожа-молда, сопы дегендеріне бейімділігі жоқ халық. Қазақ түсінігінде нағыз әулие жақынымыз-жатымыз деп ешкімге ала-құла қарамайтын, қолы да таза, жолы да таза, құда болу, қонақтас болуларында алыстан меңзеліп қойған есебі жоқ, аққөңіл, негізінде хат танымайтын, шариғат деген құлағына кірмейтін, жаны, жүрегі бүкіл елге түгел ортақ қарапайым адам. Байжекең осындай әулие атанарлық адам еді. Жасы сексен шамасында болса да әлі өлімге қимайтын тың болатын.

Кенжеғара жертөсекте сұлық жатқан ауру шалдың алдына келіп:

— Байжеке, мұныңыз не ауырып қалғаныңыз?— деп еді, Байжекең кідірген жоқ:

— Ойпырмай, сен кіріп келгенде Әзірейілдің өзі де ығысып, үйден шыға жөнелді білем, бойым сергіп кетті ғой!— деді. Дені сауда бір-ақ дүркіретіп тастайтын жалғыз сөйлемді төрт-беске бөліп әрең аяқтады.

— Сен... сен...— деп аз ғана кідіріп қалғанда Кенжеғара сөйлемеңіз деп еді, Байжекең естіген жоқ, осы бір ойын айтпаса арманда кететіндей, үзіп-үзіп болса да айтып шықты да, езу тартқандай болды. Әйелдер жылап жіберді.

— Міне, Байжекең осылай болуы керек қой!— деді Кенжеғара. Өзінің де қуанып кеткенін сезінді.

Бұланбай, Көпей, Наргөз, тағы біраз адам мұңаюлы отыр еді, бәрінің де бойы көтеріліп қалды.

— Байжекең ел-жұртқа түгел еркелеп үйреніп қалған адам. Еркелеп ауырып жатыр,— деді Бұланбай.

Соңғы сөзін Қенжеғараға айтып қалуға бар күші кеткендей, әлгі айтқанынан басқа бір ауыз сөз айтуға шамасы келмей, Байжекең сол түні қайтыс болды.

Байжекең әл-үсті деп аталатын минуттарында қорасының іші толы адам еді. Қора толы әйел-еркектің бірде-бірі Байжекеңнен бір жақсылық көрмей қалмаған екен. Бірінен соң бірі мұңлы дауыспен ақырын ғана Байжекеңнің манадан бері айтылып жатқан жақсылықтарына тағы бір жақсылығын әкеліп қосады: «Жарықтық-ай! Әулие адам еді ғой»— деседі.

Қенжеғара жұрттың айтқандарына құлақ сала отырып, Байжекең өзімен бірге көп нәрсені ала кетіп бара жатыр екен-ау деп ойлады. Байжекең отырған-тұрған жеріне ылғи қуаныш ұрығын шашып жүретін еді ғой! Атақты деп аталатын дала жайсаңдарына не қалды? Батырлығы, байлығы, зорлық-зомбылық көрсеткен ерліктері қалыпты. Ондай «ерліктерден» көз жасынан басқа не қалушы еді! Байжекеңнің бойында жаны адал пендеге түгел тілектестік бар еді-ау!.. Байжекең түсіп аттанған жеріне ылғи бір өткір сөз, ойын-күлкі шашып кететін еді. Байжекеңнің ойын-қалжыңы шашып жіберген алтын, күмістей естіген жанның бәрі де теріп алатын. Қенжеғара үшін Байжекеңнен басқа қайтыс болған адамдардың бірде-бірінің орны осыншама үңірейіп қалмаған екен.

Анау бір жылғы Сейіт өлімінен кейін Қарағанды халқы Байжекеңді өлімге қимай көзден жасы шұбырып жылады. «Бұланбай қаласы» атанғалы жеті жыл болған мекеннен жақын ғана қырқаға орнаған бірінші зират иесі Байжекең болды.

Байжекеңнің жерлеуіне француз республикасының президенті болған адамның баласы, тау инженері, бұрын депутат болған, құрметті легион орденінің кавалері, әулие Станислав орденінің командоры Клод Эрнест Жан Карно мырза, жолдас-жораларымен келіп қатынасты. Қарағандының бастығы инженер Некрасов, инженер Ремизовтар өліктің үші, жетісі өткенше түгел араласып отырды. «Қарағанды жерін Ушаков, Рязанов компаниясына сатқан иесі Байжан Тоқтамысовқа Қарағанды инженерлері мен жұмыскерлерінің қойған ескерткіші» деген ақ сырмен орысша жазылған жазуы бар, айналасы әшекейленген қара тақта орнатты. Өлген соңғының бәрі осы ғой. Уақыт Байжекеңді де ұмыттырды... Осы күні оның моласының қай жерде екенін де ешкім білмейді...

«Бұланбай қаласы» өсе алмады. Салынып болғалы жеті жыл өтсе де жиырма шақты үйден аса алған жоқ. Мұның сыртында төртжылдық мектебі, қырық балалық жатақханасы, қызыл кірпіштен салынған моншасы бар.

Көмірші жұрттан өз күшімен үй салып алатын адам қайдан табылсын! Ру жүйесімен отырған қыр қазақтары қыстауы бір, жайлауы бір ру шеңберін бұзып-жарып шығып жұмыскер қаласына қосыла алар емес.

«Бұланбай қаласы» егін салады, нан дегеніңіз көл-көсір, мектептері қандай! Қазақтың баласы түгіл ата-бабаларының маңдайына бітіп көрмеген ақ сарай баяғы Ушаковтың үйі. Сол үйдің айырбасына алынған Қенжеғараның үйі де көрнекті. Қалаша салынған үйлердің қай-қайсысы болса да қазақы қыстаулармен салыстыруға болмайтын, еңселі. Жұмыскер қаласы таза тұрады. Әсіресе моншаларын айтсаңшы, қасынан өткенде арқаң қышып кетеді. Балаларында да бір түйір қотыр болмайды. Бәрі әдемі, бәрі күліп-ойнап жүреді. Қыр қазағы осының бәріне қызығады. Бірақ амалы қайсы?

Әсіресе моншалары-ай десеңші. Қазақтың бір байында мұндай үй болып көрген емес! Бит, бүрге дегендер құрыған бұл қалада. Қандала бар. Қандала көшпелі елде болған емес, ол іш жақтан келеді де қысқы үйлерге орналасады. Ол да шаға біледі енді. Шағып жатқанда бас салмай, шам жағып ұстайын десең айрылдың, зым-зия! Дыбысын білдірмейді.

Алғашында қазақ топырағында бірінші рет салынып жатқан жұмыскерлер тұрағына халық көп жиналады деген үмітпен «Бұланбай қаласы» атанып еді. Ел іргесі қозғалмады. Халық көп келмеді. Осы күні «Бұланбай ауылы»— деп аталып барады.

Биылғы март айында өткен болыс сайлауында Байжекеңнің былай бір шарықтағаны Қенжеғараның есіне түсті. Жуынып болып, сүртініп жатқанда оралды:

— Жер-көкте,— деді сонда Байжекең,— қазақша білетін жұрттың «Бұланбай ауылын» білмейтіні жоқ!

Жұрт қаздай қаңқылдап күлісіп рахаттанып қалды. Бірақ, Байжекеңнің әдейі асыра сілтегенін біле тұра аяқтан шалып қалғысы келіп жымыскандар да бар еді. Байжекең солардың ішіндегі бас атқамінері — Тыранға тап берді:

— Әй, сен неменеңе жымиған боласың?— деді Байжекең,— орыс, неміс, ағылшын, француз жұрттары білмей отыр ма? Білмек түгіл ағыл, тегіл келіп жатқан жоқ па?

— Байжеке, жер дегеніңіздің өзі-ақ бір ауылды мақтау-

ға жетіп жатыр ғой... Көкті қоспай-ақ қойсаңыз болмас па екен?— деді Тыран.

— Болмайды!— деді Байжекең.— Жер бар болса көк қайда кетуші еді! Жер мен көк етектесіп қосылып тұрады. Бірге жаралған. Байжекең көк жорғасымен жер-дүниені талай-талай кезген кісі. Қайда барсаң да, қайда қарасаң да жер мен көк етектесіп жатады. Көк дегенің күн күйдіре бермесін деп жердің үстіне құдайдың өзі жауып қойған көк жібек күмбезі емес пе!

Өзге жұрт: «Пай-пай!»— деп Байжекеңді мақұлдаса да бойлауық Тыран жеңілгісі келмей тағы бір тосқын жасап қалды:

— Солай болса, солай шығар-ақ, Байжеке... Бірақ, көкте қазақ баласы бола қоймас-ау,— деді.

— Неге болмайды?— деді Байжекең өршелене түсіп.— Неге болмайды?! Күнге күйген қара күннен тараған ұрпақ, Сүлеймен пайғамбардан соңғы әділ би атанған қаз дауысты Қазыбектің өлгеннен кейінгі мекені қайда деп ойлайсың? Оның мекені көкте! Қазыбекке лайығы көк аспан! Түсіндің бе? Сен атышулы керауыз Тобықты шөл далаға тірідей тастап кеткен әулие атаң, еліннің тұтқасы, аруағы, атағы болған Әнет бабаңның өлгеннен кейінгі тұрағы қайда деп ойлайсың? Сені мен менің қолымыз түгіл, ойымыз жетпейтін көкте!

Тыраннын арғы түбі Тобықты еді. Бұдан ары салғыласуға шыдай алмай жым болды. Байжекең қисынсыздың қыстыруын тауып бойлауық Тыранды бір болыс елдің алдында ойсырата жеңді.

Қенжеғараның есіне Байжекеңнің тағы бір қызық қылықтары орала беріп еді, кішкентай Қарлығаш келіп ойын бұзды, ол түгел қошемет көрсетпесең өкпелеп қалады.

— Күн жақсы болсын, әже... Дядя, Кенже-аға, доброе утро! Анар апа, доброе утро!..— деп, еркелей күлімдеп тұрып қалыпты. Әрбір сөзін қазақша, орысша айттым деп мақтанып тұр. Балалар үшін үлкендердің сөздерін дұрыс айтып шығудың өзінен-өзі үлкен мақтаныш. Екі тілде дұрыс айтып шығудың мақтанышы екі есе болады да...

— Гүлбәден апай әлі тұрған жоқ шығар?— деді Қарлығаш.— Гүлбәденге тиісе сөйлейтін әдеті бойынша.

— Мә саған тұрған жоқ!— Көлге шомылып қайткан Гүлбәден Қарлығаштың басына малшынып су болған сүлгі орамалды айқара жауып жіберді, орамалмен бірге өзін де құшақтай алып бақырса да жібермеді.— Мә саған, тұрған жоқ!

— Қоя бер. Үсті-басын су қылмай!— Наргөз арашаға

үсіп айырып алды. Қарлығаш келген жұмысын Наргөз әкесінің құлағына сыбырлады.

— Назыкеш бізді шайға шақырыпты,— деді әжесі шай жабдығын істеп жүрген Анарға қарап.

— Әкем шай ішкен соң жұмысқа кетеді,— деді Қарлығаш.

— Сен асығыспын деген соң шайды мен де тездетіп едім,— деп Анар Кенжеғараға қарады. Зейінді бала ағасы мен жеңгесінің көзқарастарында болар-болмас бөгеліс барын сезіне қалып еді. Басы төмен салбырап, түсі бұзылып томсара бастады. Енді оған бара алмайтындарынды қандай әдемілеп, қанша бал тамызып айтсандар да ол тұрған орнынан қозғалмайды. Ешкімге көзін аудармай томсарған қалпы тұра берді. Біраздан соң жылай жөнелуі мүмкін. Одан кейін оның өкпесін тарқатар бір-ақ жан бар, ол — Гүлбәден. Қарлығаш бүкіл ауылдың еркелетіп ұстайтын баласы. Бәрі жақсы көреді, Кенжеғара Гүлбәденге қарады.

— Аш қабағыңды! Барамыз, кет, айда!— деп Гүлбәден желкесінен итеріп қалып еді, Қарлығаш күліп жіберіп:— Мен сені шақырғаным жоқ,— деді орысша.

— Шақырмасаң да барамын.

Бала өкпеледі — томсарды. Бала қуанды — еркеледі. Сол ғой бала деген...

Үлкендермен бірге далаға шыққан соң Қарлығаш Гүлбәденнің арқасына жармасты. Гүлбәден оны арқалап алды.

Қарлығаштың әкем дегені Жабай еді. Сейіттің жылы өткен соң дәстүрлік мезгіл де аяқталды. Жабай мен Назыкеш те қосылды. Қазір бұл ерлі-зайыпты жұмыскерлер дүниедегі бірінші бақытты адамдардай тұрады. Адамның бақыты дегенді не салмақтап, не кездеп шамалауға болмаса керек. Жабай мен Назыкеш өлеңнің әдемі ұйқасқан екі жолындай артық-кемі жоқ жараса кеткен жандар еді.

Бұл екі адамның тағдыры ертеректе бір белгі берген-ді. Бірақ дала өмірінің тоқмайын заңы екі жалшының сүйіспеншілігін ел естімеген ерсілік көріп, быт-шытын шығарған. Енді бұл екеуіне әрбір жас жұбайлар қызыққандай еді. Тегінде бұл екеуі өмір бойы суынбайтын сүйіспеншілікке кездескен таза жанды адамдар екен.

Жабай бұл кезде төрт көрік, төрт төсі бар үлкен ұста дүкенін басқаратын. Төрт жәрдемшісі — жас ұсталары бар. Бұрын Буланбай, Алшағырлар шахтада жүрген кезде Жабай олардың жәрдемшісі ретінде жүре беретін. Қазір ол Қарағанды көміршілерінің жолбасшысы, жанашыры, алға ұстары болды. Назыкеш оның бұл тіршілігіне де тізе қоса алатын мінез көрсетіп келеді.

Жабай қонақтарын аулаға тіккен киіз үйдің алдынан қарсы алды. Назыкеш қуырдақ толы кішкене қазанды көтерген бойы келе жатқандарға қарап қуанышты екенін жүзімен танытты да киіз үйіне қарай тез жүріп кетті. Есік алдында болыскей ақ самауыр, ас пісіретін пеш.

— Анадай соқпа пеш салдырып берсең мен де тамақты далада істер едім-ау — деді Анар Кенжеғараға,— қалжың да бар, қызыққаны да бар еді.

— Ертең мені ертерек оятып жіберсең кешке дейін пісіп бітірмес екенмін... Ассалаумағалейкүм, Жабай аға.

— Аликсалам, қарағым. Наргөз апай, көңілің жай, күндерің жақсы жүріп жатырмысың?.. Айналайын Анаржан-ау, күні кеше жүгіріп жүрген бала емес пе едің? Дардай болысты бір шыбықпен айдайтын болғанбысың?

— Үй болған соң ауласында бір пеші болу керек емес пе, Жабай аға?

— Ертең салып беретін болды ғой деймін, қате естімесем.

— Ол үш жылдан бері беріп келе жатқан уәдесі.

— Жабай-аға-ау, сіздің үйде де осындай кикілжіңдер болып тұра ма?— деді Кенжеғара.

— Жоқ, Жабай ағам бәрін де айтқызбай істеп тастайды.

Осылай күнделікті қалжыңдарын айтысып, көңіл-күйін білдіріскен соң бұлар да киіз үйге кірді. Гүлбәден мен Қарлығаш алдақашан қуырдаққа бас қойған екен. Өліп барамыз, әкел, бол, тез деп Назыкешті еркіне қоймапты. Төрде отырған Бұланбай, Алшағырлар да балалардың еркелігіне қызыға қарап Назыкешті еріксіз көндіріскен сияқты. Балалардың қуырдақ асауларын да мақтасып қояды.

Үлкендерге сәлем беріп, қол алысқаннан кейін есік алдында басталған көңілділікті суытқысы келмей Кенжеғара сол үй-ішіндегілерге қайта бұрылды.

— Мынадай қуырдақ беретін үйден бір күнде қалай кете алар екенбіз, Назыкеш апа?— деді.

— Бүгін өзіміз де жібермейміз, қарағым. Кетем деп ойлама! Наргөз апама сөз жоқ, өзгемізге сен бірдей ортақсың. Қыл үстінен тайып кетсең өкпелеп қаламыз,— деді Назыкеш.

— Ал, Жабай аға, шай ішкен соң жүріп кетпек едік. Шақырыңдар, енді шыдап көріңдер,— деді Кенжеғара.— Жатамыз осы үйде! Кетпейміз...

— Маған алты сағат лұқсат берсең болады. Он қадақ балғамен от шашып келіп алдыма тосыла кететін білеудей темірді бір-екі жаншып жібермесем бойым жазылмайды.

Қарым құрысып қалады. Содан кейін қасында болайын.

Аққөңіл Алшағыр Жабайдың қалжыңына иланып қалған екен:

— Осынысы дұрыс та шығар-ау...— деді.

— Мен болыс болсам қонақ бол деген үйден қозғалмас едім. Көмір мен темір босатпайды, қарағым. Кетіп қалма. Мен де ертерек ораламын.

— Келістік, Жабай аға.

— Болыста тұрғанда ылғи ауылды сағынып тұрамыз,— деді Анар. Мынау мені сен ауылды қимай оқудан қалдың деп мазақтаған болады. Өзі Жабай ағаң мен Нартай, Әлішер үшеуін аузынан тастамайды. Мұның Нартайы мен Әлішерін де ала кел, Жабай аға.

— Келеді, келеді.

— Ол екеуі әкелерінің үйлерін жайдан-жай басып алған соң жас келіншектерінен басқа жұртқа жатсырай бастаған жоқ па?— деп сұрады Кенжеғара.

— Жоқ, жоқ,— деді Жабай.— Жатсырай бастаса мен желкелерін үзбеймін бе!

Нартай мен Әлішер әкелері жаңа ауылдан үй салдырып алған соң, екеуі де әкелерінің ескі үйлерінде тұрып қалған. Штейгер болған жігіттерге Қарағандының өзінде тұру ыңғайлы еді. Сол үйлерде екеуі де үйленді. Үй болды. Қазір олар өз еңбек ақыларымен тұрады. Әке-шешелерінде қымыз, сүт боларлық мал бар.

Көпей мен Наргөз де жастарға ара түсе кетті:

— Ойбай, ол екі бала үлкен азамат болды ғой!

— Көміршілердің нағыз жанашыры да, нағыз панасы да, нағыз арқа сүйері де Жабай ағалары мен сол екеуі болып келе жатса керек.

— Өз алдарына кәдуілгідей үй болды. Өрісіміз кеңіді,— деді Әлішер мен Анардың шешесі Күпзила.

— Келіндеріміз қандай! Ойдағыдан асып түспесе, кем емес. Жанып тұр. Оқыған балалар...

Нартай мен Әлішер баяғы панасыз балалар үйінде оқып шыққан қыздарға үйленген. Бұлар — әуелі болыс орталығында, жер үйде алынып, кейін мектеп болған Игіліктің үйінде төртжылдық орысша-қазақша мектепті бітірген қыздар. Елдегі көп панасыздардың, көп көзаурулы балалардың ішінде талай-талай зейінділері де, ақылдылары да, әншілері де, сұлулары да бар екен. Жұққан аурулар жазылды. Балалар тойынды, оқыды, киінді. Сүп-сүлу болып шыға келді. Өмірлік түрмеден босанғандай ылғи көңілді жүреді. Жастардың қосылған тойларында болғанымен жақын аралас-құраласқа Кенжеғараның уақыты бола бермей-

тін. Бүгін солардың бәрін көріп, ойнап-күлер уақытты Кенжеғара мен Анар үлкен қуанышпен күтті.

Жәния мен Нұриланы да ала кел!— деп Гүлбәден мен Қарлығаш жармасып жатыр.— Алтыбақан тебеміз:

Бәрін де алып келетін болып Жабай жұмысқа кетті. Анар кәдуілгідей салмақтылық көрсетіп:

— Құтырмаңдар! Байжекеңнің қырқы өткенше бұл ауылда алтыбақан құрылмайды!— деді Гүлбәден мен Қарлығашқа. Балалар жым болды. Анар бұл кезде өзінен кішілерге ақыл айтып, тиым салар үлкені болып қалып еді. Төргжылдық орысша-қазақша бастауыш мектепті бітірген зерек бала Анар әлі де оқудан қол үзген жоқ. Үйлері толған кітап. Орыс поэзиясынан көп нәрселерді жатқа біледі. Жолдасы Кенжеғара да оның қарайып қалмасына көңіл аудара жүреді. Кейде өзі ұмытқан болып Пушкин, Гоголь кітаптарынан әлде қандай бір шатқалаң жерлерін сұрап қояды. Кейде қол босап кеткенде кітапты екеулесіп оқып, екеулесіп талдап, түсініседі. Үй тіршілігінде шешелер мектебі үздіксіз. Сонымен Анар осы күні, орыс-қазақ тілдеріне де, кейбір әдет-ғұрыптарына да өз тұсындағы жетілген жас еді.

Шай аяқтала бергенде жартылай қалашалау, жартылай қазақшалау, бастарындағы төбетейлеріне қарасаң, жартылау татаршалау деуге де болатын екі жас мұғалім келіп кірді.

— Ассалаумағалейкүм, ассалаумағалейкүм!..

— Аликсалам... Аликсалам...

Біреуі басын таңып алыпты. Екі шетінде екі қоразы бар кәдуілгі орыс сүлгісі, беторамалдың солжақ құлақ шекелік тұсында қатқан қан.

— Жоғарылатыңдар, берірер, берірек...

Кенжеғара келгендердің екеуін де таныды. Екеуі де өздері оқытып шығарған, қазір шетірек жердегі мектептердің мұғалімдері еді.

— Иә, жайша ма, қадірлі мұғалімдер? Сен немене төбелескенбісің?

— Жоқ. Мен таяқ жеп қаштым. Мынау таяқ жеместен тайып отырыпты.

— Себеп?

— Мынау өзі айтар. Менің жайым былай болды: Оқу аяқталғаннан кейін менің орысша оқытатын серігім туған жеріне кеткен. Ол кеткен соң он күннен кейін маған екі адам келіп мектептің кілтін сұрады.

— Күзгі оқуларың басталғанша мектепті біз аламыз. Молда жалдадық. Балаларымызды мұсылманша оқыта-

мыз. Балалар қысқа қарай сендерше, жазды күні мұсылманша оқитын болады. Солай етпесек балаларымыз кәпір болып кететін түрі бар,— деді.

Үлкен әйелдер еріндерін сылп еткізді де, Кенжеғараға:

— Пәлі!— деді,— Сен не айттың?

— Ештеңе айта алдың ба?

— Мен не айтайын... Онда қысқа қарай балаларыңды мектепке жібермейтін болғандарың ғой,— дедім.

— Жібергісі келгендер жіберер, жібергісі келмегендер жібермес. Онда сенің жұмысың болмасын. Кілтті әкел!— деді Омартай дейтін біреуі. Мен оларды сөзге айналдырып амалдап көргім келіп,— қысы-жазы үзбей оқу жас балаларға ауыр болады. Ғылым солай дейтін көрінеді,— дедім.

— Сенің ғылымың арба-шана, ата-анаң ба? Осы да ғылым болып па?— деп боқтап жіберді. Мен де күйініп кеттім:

— Арба-шана, ата-ана дегеннен балалар әйтеуір бірдемені түсінеді. Молданың ағузубилласынан бала түгіл сақалды бастарыңмен өздерің не түсінесіңдер дей бергенімде, сол жақ шекеме бір жұдырық сарт ете түсті. Мен де ұшып түстім. Жұдырық Омартай дегендікі екен. Тұра берсем таңы бас салатын түрі бар, төніп тұр. Аман қалудың айласын іздеп, өліп қалғандай сұлық жата бердім. Омартай әлі ақсақалдар қатарына қосылмайтын жастау адам, реті келсе менің де бірді тапсырғым келіп жатыр. «Кілтті әкел десе» екен деп жатырмын... Кілтті сұрамасқа амалы қайсы, ақырында біреуі: «Әкел кілтті!»— деді. Мен тұра келіп қалтамнан кілтті алып ұсына берген болып пердім келіп Омартайды! Мен де сол жақ шекеден пердім. Ол да ұшып түсті.

Қазақ аркан бойы жерге жаяу жүре ме, екеуі де атпен келген екен, біреуінің атына міне сала тарттым болысқа қарай. Кеңседе жоқ екенсіз, үйіңізден табылдыңыз. Мектеп сонда қалды, кілті мінекей болыс-еке!

Құмпілдетіп-ақ күлетін жер... Кенжеғара күлмеген соң Гүлбәден мен Қарлығаштан басқалары қатты күлуден бой тежеп қалды.

— Ал сен қандай жаймен келдің?— деді Кенжеғара мұғалімге.

— Менің жайым жаңағы Жанайдар айтқаннан төменірек. Ол ақын ғой, аздап қыздырып та жіберді білем. Мен ондай ештеңе істей алмадым. Оқу жылы аяқталған соң мен де өз аулыма кетіп едім. Алдыңғы күні түнде жалаң-аяқ жүгіріп күзетшім, келіп тұр. Түрі нашар, таяқ жеген сияқты. Не болды дедім. «Өзімді бұралқы иттей тепкілеп, кілтімді тартып алды... Екі күннен бері мектепте бір молда

жиырма шақты баланы мұсылманша оқытып жатыр. Қөөі оқыған балалар ғой,— деді.— Мен зыр қағып сол елдегі оқыған адам ғой деп Бименде деген кісіге бардым. Мына бір қапқара надандыққа, тал түстегі зорлыққа тоқтау салар деп бардым.

— Иә?

— Ол кісі — мен орыс оқуына қызықсам, ол оқуды тастап кетер ме едім!— деді әуелі.

Мен аң-таң қалдым. Басында ақшұбар төбетейлі, аяғында мәсі, дамбалшаң отыр... Содан кейін азғана ойланғандай болды да, орыс оқуының аяғы немен тынарын білесің бе? Шоқындырумен, шоқындырумен тынады!— деді, екі рет қайталап.— Енді сендерге мектеп жоқ. Мектеп елдікі, ел біздікі! Сендердің пайғамбарларың Қенжеғара ғой. Сәлем айт: елді шоқындыруға жібермейтін адамдар барын ұмытпасын! Тайып тұр!— деді. Мен тайып тұрдым. Осы менің көргенім... Енді мен ол мектеппен қоштасқан боламын ба?

— Жоқ, жоқ! Қайта барасыңдар!

«Үшқұмар» атанған Тұрсынбайдың баласы Бименде баяғыда Ордабай баласымен бірге барып Қараөткелде орыс мектебіне түскен. Екеуі де бір класта екі жылдан отырып, шығып қалған. Енді ол орыс мектебін ұнатпай кеткен адам болып, елдегі надан қажы, шала молдаларға қосылып абырой іздейді екен. Ол екеуі Қенжеғараны шоқынайын деп жүр деп те өсек таратқан. Елге дәрігер әйелдер келсе Қенжеғараның тамыр қатындары келіпті дегенді осы күні де бықсыта отырады. Бұл енді «дерт бар да, дәрмен жоқ!» Бейшара жандардың жаяу кәсібі. Аталардан келе жатыр, балаларға жұқпақшы. Бұл құритын заман қарасы көрінбейді әлі.

— Екеуің болыс маңайында бола тұрыңдар, мен ұзамай келермін,— деді Қенжеғара мұғалімдерге.

Мұғалімдер шығып кетті. Шешелердің жүзіне Қенжеғара бүгін жүріп кетпесе қайтсін деген қобалжулар кіре бастады. Көмірдегі барлық жас достары, нағыз сағынып күтетін туыстас қауымы жиналғалы тұрған күнді тастап кетуге қия алмай Қенжеғара да азғана ойланып қалып еді. Қарлығаш орнынан ұшып тұрды. Жас балаға үйде отырғандардың жүздері де солғындап, шай да суынып кеткендей көрініп еді. Ол шешесіне жақын, самаурын маңайында, Гүлбәденнен де төмен отырған. Ұшып тұрды да әжелер жағын жағалап келіп, Қенжеғараның тізесіне сұлай кетті. Басы тізеде, аяқтарын іргеге қарай созып жіберіпті.

— Сен бүгін кетіп қалайын деп отырсың, ие?— деді Қар-

лығаш Кенжеғараның жағасынан төмен қарай тартып. Жас баланың жалынышты көзқарасына жылап жібергендей екенсің.

— Жоқ, кетпеймін!— деді Кенжеғара Қарлығаштың мандайынан сүйіп.— Кетпеймін, Қарлығашым...

— Бәрімізден осы Қарлығаш ақылды!— десіп үлкендер жадырай күлісіп алды.

Кетіп көр енді! Қалай кете алар екенсің!

Қуырдаққа тойып алған соң енді бір жерден Бекет көріне ме екен деп Гүлбәден ашық тұрған есіктен көше жақты да бақылай отырып еді, өз үйінің алдына келіп аттан түсіп жатқан поштабайды көрді.

— Аға, поштабайың келіп, өз үйіне түсіп жатыр,— деді.

Қарлығаш бұл жолы да ұшып тұрды.

— Мен шақырып келейін,— деді.

— Бара ғой.

Өзі де осылай қарай бет алған поштабайға қарсы жолығып:

— Жанарал аға, сен Кенже — ағамды бүгін алып кетпе? Жарай ма?— деді. Поштабай Қарлығашты көтеріп алып, үйге берді.

— Жоқ, қалқам, алып кетпеймін!

Поштабайдың шын аты Жаназар болатын. Осы маңжарым үйлі бір болыс елде кеудесінде жалтырағаны бар жалғыз адам сол болған соң замандас әйелдері қалжыңдап, оны Жанарал деп атаған екен. Сол ат шындап-ақ жабысты да қалды. Генерал атанғанын осы күні өзі де жек көрмейтін сияқты...

Поштабай Жанарал Жабайдың үйіне кіре беріп-ақ «Қарлығаштың Кенже-ағасын алып кетуге келгенім жоқ» дей кірді.

— Ассалаумәләйкем, ақсақалдар...

— Аликсәлем... Төрлет, Жанарал.

— Бір қызығым бар алып келген, деді поштабай отыра беріп,— соны ішіме сыйғыза алмай, шаптым осылай қарай... Басқа біреуден шала-пұла естісең дәмі бұзылып кетер деп қорықтым,— деп Кенжеғараға қарады.

— Иә, айт, қызығың болса.

— Кәдуілгі «Үшқұмар» Тұрсынбай бар емес пе, сол кісі Қараөткел базарында екі атынан, сатқан екі өгіздің ақшасынан айрылып қайтыпты. Ха-ха!

— Нағып?

— Сатуға апарған аттарының қағаздарын өзінің баласы Бименде жазған екен. Сол «шала молда дін бұзар, шартық қошқар қой бұзар»— деген бар емес пе, қара ат деген-

ді «шорнай лошит» деп жазыпты. Орыстар қара жылқыны шорнай демейді, боранай дейді ғой! Екінші апарғаны қызыл көк бие екен, оны краснай кобила, карапшит скотина нет, рукам родился депті...

— Карапшит скотина дегенді неге қосты екен?

— Ойбай-ау, Бименденің әкесі «Үшқұмар»— білмейтінім бар деп ойламайды ғой! Баласы достебірен жазып отырғанда — ұрланған мал емес, қолда туған мал деп мылжыңдап отырған болар деп ойлаймын. Мынаны қарашы өзің!— Оқышы! Қараөткелдің қалжыңбас урядниктеріне не керек осыдан артық. Тұрсекеңнің екі атын ұрланған мал деп тартып алыпты да, жүре беріпті.

Жұрт біраз күлісіп алысты. Орысша білетін жастар жағы «карапшит, рукам родился»— деген сөздерге күлді. Әйелдер Тұрсынбай ниеті жаман адам, ниетінен тапты, «шығасыға несі басшы болады» деген осы ғой деп күлді.

— Банкрот!!— деді Жанарал.— Тұрсынбай полнай банкрот! Енді одан адал бір жан болмайды.

— Тұрсынбай ма адал адам болатын?

— Көрерсің, білерсіңдер. Енді ол судан таза, сүттен ақ адам болады. Жо-жо-жоқ! Ол жан жүрегі тазарып, адал адам болмайды. Оның жаны түршікті! Ол енді қояннан жаман қоркақ. Ол бір қырсық басталды деп сеніп болыпты. Түсімнен бір қара бүркіт кетпей қойды, кімнің аруағы екенін білмеймін, төбемнен кетпей айналады да жүреді дейді... Мен оған — бұл Абайдың әкесі Құнанбайдың түсі екен... Түсінде сондай бір қара бүркіт төбесінен кетпей қойған соң, ол кісі қажыға барып келген ғой. Онда да құтыла алмаған соң Қарқаралыға мешіт салдырған. Содан кейін құлан-таза құтылыпты. Сіз де сондай бірдене істеңіз... Сіз бір қарағай мектеп салдырыңыз дедім. Осыған құдай атымен сөз байластым...

— Тұрсынбай осыныңды орындаса, шын-ақ түзелгені болар!— деді Бұланбай.

— Аға, біздің үйге екі адам келіп түсіп жатыр,— деді Гүлбәден есіктен көріп. Поштабай есіктен қарады да:

— Кімді айтсаң сол келеді деген. Соның өзі, Тұрсынбай!— деді.

— Мен бармасам, болмас,— деп Кенжеғара тұра келді.

— Мені көрдім дей көрмеңіз. Сонда ол бәрін кейітеді,— деді поштабай.

Тұрсынбай шын-ақ жүдеп келген екен. Бет сүйектері білеуленіп көзі ін түбінен көрінетіндей әрең жылтырайды. Үрейлене, үрке қорыққан қараңғы жанның түршігуі таны-

лып тұр. Келе жатқан Кенжеғараны есік алдында тұрып қарсы алып еді.

— Шырағым Кенжеғара, мен баяғы Тұрсынбай емеспін, қолыңды әкелші — деді. Кенжеғара қол алысты.— Шырағым, мен тентек Тұрсынбай, мың бәлеге бірақ кездесіп, тәубеге қайтып келіп тұрмын. Қараөткелдің базарына апарған екі атымды ұрланған мал деп ораднек тартып әкетті. Өзімді ұры ретінде екі күн қамап қойып, әрең босандым. Тұрсынбай ұры деген атым орадниктің қағазына да ілігіп қалды. Ол қағаз менің соңымнан қалмайды енді.

— Аттарыңыздың қағазы жоқ па еді?

— Бар-ды. Өзімнің балама жазғызып, ауылнайдың мөрін бастырғанмын. Ол иттің баласы Қараөткелде екі жыл бойы оқыса да миына түк қонбаған ба, не болмаса қарайып қалған ба, доңыз, әйтеуір бұл ұрлықтан келген ат, рукам карапшит деп жазыпты. Мен оған ұрлықтан келген мал емес, қолтума деп, қадағалап отырдым. Иттің баласы соны дұрыс жаза алмаған ғой. Карапшит ұрлық деген сөз. Көрдіңіз бе! Сіздің панасыздар үйінде оқытып шығарған балаларымыз бәрі де ауылнайға хатшы болуға жарап кетті: Олар жазған достебіреңнен бір қате шықпапты.

Бұл екі арада Кенжеғараның шешесі келіп, үйге шақырып үлкен адамға қымыз берді. Тұрсынбай сөзін қайта жалғап кетті.

— Қырсық жеті ағайынды болатынын естіп пе едің? Естісең, Тұрсынбайдың көрмегені көп екен. Тыңдай бер шырағым... Қыс бойы семіртіп базарға апарған екі діңкәмән өгізді қырық жеті сом 30 тиынға сатайын. Көпес ақшасын төлесін де, өгіздерді алып жүре берсін. Бір қалт еткенде алған ақшамды тағы бір санап алайыншы деп күмәжнегімді қалтамнан суырып ала бергенімде бір сары бала қолымды қағып кеп қалғанда күмәжнегім ұшып жерге түссін, бір қара бала қағып алсын да көз алдымда зым-зия болсын! Қуған болдым... Мыңдаған адамның ішінде кудың не, қумадың не... Айрылдым да қалдым.

— Апыр-ау, сіз онша бейғам адам болмасаңыз керек еді ғой?

— Қырсық жеті ағайынды болады дедім ғой, шырағым. Соның басталғаны ма деп зәрем жоқ.

— Жайдан-жай қорқа берменіз. Қырсықтың нешеу болатынын кім көзімен көрді дейсіз...

— Мына мен көріп келіп отырмын, шырағым... Базардан шай-қант алуға бір тиыным қалмай үйге ұяла-ұяла әрең кірдім. Кімге соқтығарымды білмей күйіп-пісіп отыр едім, көзінен жасы сорғалап тоқалдан туған кішкентайым

келді. Мектепке былтыр түскен. Келіп алдыма құлай кетті. Не болды, не болды дейсің ғой, бала жылап келгенде. Балам айтпайды, жылауын үдетіп барады. Есіктен сықитай сыйдыып үлкен балам Бименде келді. Бір баласын жетелеп, бір баласын көтеріп алыпты.

— Кешеден бері Қараменде молдадан оқып жүр. Оқығысы келмей жылай береді,— деді Бименде. Жетелеп келген баласын атаңа бара ғой деп маған қарай жіберді.

— Мұны молдаға беріп жүрген кім?

— Мен!..— дейді әлгі иттің баласы Бименде. Қарасам мақтанғалы тұр екен.

— Жоғал, ойбай, жоғал! Өшір қараңды! Өшір!..— дедім. Екі ауыз сөзге келуге шамам жоқ.— Кет, кет, ит кет! Қазір жық үйіңді! Жоғал! Қайда кетсең, онда кет! Осы болды айтқаным.

— Сонымен көшіріп жібердіңіз бе?

— Баламды да, жалдаған молдасын да қуып жібердім. Қайда кеткендерін білмеймін. Білгім де келмейді.

Кенжағара епте бақылай отырып еді, Тұрсекеңнің есі дұрыс, бірақ сөйлеу түрінде бір қызу бар сияқты. Бұл аңдыса сөйлеп, теріс қақпайға салуға шебер адам сияқты көрінуші еді. Бұл жолы тым жадағайлау екен... Әлде әдейі аярсып отыр ма екен?

— Шырағым, Кенжеғара,— деді Тұрсынбай,— айтқан соң түгел айтайын. Түсім оңалмай жүр. Ұйықтап кетсем болды, бір қара бүркіт төбемде айналады да жүреді. Екі көзі менде. Кейде төбемнен шаншылуға қомданғандай болып кетеді. Тырнақтары найзадай. Көзіне қарауға шыдай алмаймын. Бір кезде Құнанбай жарықтық сондай түс көреді екен. Ол кісі де обал-сауапты онша қадірлеп ұстамаса керек. Мен болсам, екі қолыммен не істегеніме екі көзім куә болғысы келмейтін істерім болған екен. Талай жыл Ушаковке талай жердің мысы мен көмірін тауып беріп жүрдім. Туған жердің қойнындағы байлығын жатқа тауып беру — туған анасының қойнын ашқанымен бірдей деген сөз есіме түсе беретін болды. Биыл мүшел жылым еді. Бір қорқыныш пайда болды. Атым сүрініп кетсе зәрем қалмайды. Құнанбай осындайға ұшырағанда Қаркаралыға мешіт салдырып айыққан екен. Мен бір қарағай мектеп салдырғым келеді.

— Оныңыз бір абыройлы іс болар еді. Бірақ мектеп емес, мектептің қасына бір емхана салдырыңыз.

— Недесең сонынды салып берейін, жалғыз арманым — балғы Тұрсынбай жоқ, жаңа Тұрсынбай судан таза, сүттен ақ адам болыпты дегенді өз құлағыммен біп естісем екен

дейміп. Ендігі қалған өмірімді осының жолына жұмсағым келеді.

— Мұныңыз өте игілікті тілек. Бұл ойыңызға кім болса да тілектестік білдіруге тиіс. Мүшеліңіз өтіп кетпей тұрып емхананы салдыра бастаңыз... Келістік қой?

Ендігі сөзді ертең кеңседе аяқтауға уәделесіп, Тұрсынбай үйіне қайтты.

Көл жақтан дабырлаған дауыстар естілді. Мектепке қарай екі-екіден қолдасып су әкеле жатқан балалар көрінді. Дабырлаған солар екен. Кенжеғара мектепке соға кетуді ойлады Жәкен деген мұғалім қазақша-орысша екі тілде де жалғыз оқытатын болған соң екі мұғалімге арналған пәтерді түгел алып тұратын. Әйелі, екі баласы барды. «Дала уалаяты» газетінде қазақ мектептері туралы жазған мақаласын көріп еді, Кенжеғара сонысын құттықтағысы келді.

Кенжеғара жақындай бергенде мұғалімнің әйелі бір шелек су көтеріп үйінен шыға беріп еді, екеуі қақтығысып қала жаздады.

— Жәкен үйде ме?— деп сұрады Кенжеғара әдеттегі амандықтан кейін.

— Далада бірдеме жасап жатыр еді.

— Алыста ма?

— Жоқ, осы үйдің қасында. Соған су алып бара жатырмын.

— Е, онда бастаңыз... Мен де көрейін.

Мұғалім саман кірпіштен қалап бір құрылыска кіріскен екен. Амандықтан кейін Кенжеғара құрылыстың жайын сұрады.

— Биыл жалғыз ат, жалғыз сиырымызды тұратын үйімізге жақындатып алсам деп едім,— деді мұғалім.

— Бұған дейін қайда ұстайтын едің?

— Балалар жатақханасының қорасында.

— Бұл араға неге көшіресің?

— Үйге жақындатқым келеді.

— Олай болғанда осы араға шөп те үйілетін болады ғой? Атың мен сиырың да осы арада болады ғой?

— Не айтқыңыз келетінін түсініп келемін... Бірақ солай етпеске амалым жоқ.

— Неге амалың жоқ?

— Келініңіз екі қабат.

— Мектебіміздің мал иісі аңқып тұрмас па екен?

— Қысты күні көп аңқи бермес...

— Қадірлі оқытушы, қазақ мектебі жайында жазған мақалаң жап-жақсы еді. Ал енді бұдан былай мектебіміз-

деп мал иісі аңқып тұратын болса, оныңыз дұрыс бола бермес. Мақалаң үшін құттықтаймын. Тағы да осы бағытта жаза бер. Ал мына мектеп терезесінің алдына қора салуды тоқтат! Көлге шомылып, қол-аяғыңды жуып кел!

Кенжеғара бұдан кейін сөзге араласпаған жоқ. Жүріп кетті. Паразылығы тарқай қоймай ақырын аяңдап келе жатыр еді, екі жақтан екі қыз келіп бас салып құшақтап сүйе бастады.

— Кенже-ага, сіз шақырыпты деген соң біз қуанғаннан жұмысты тастап кеттік,— деді біреуі.

— Нартай мен Әлішерді де тастап кеттік, ха-ха-ха!— деді екіншісі.

Кенжеғара енді таныды. Нартай мен Әлішердің келіншектері ғой. Әкесіз, шешесіз жетім өскен балалар Бұланбай ауылындағы барлық жасы үлкен еркектерді ата, әке, аға дейді. Барлық жасы үлкен әйелдерді әже, апа деп жүреді. Бала кезінде апа, әке, ата деп көп айта алмай қалған. Бала кезінде әже, апалардың барлық жылылығын, мейірімділігін, еркелететін аналығын көре алмай бәрінен ада болып панасыз өскен. Сол еншілерін енді алып жүр. Ата-ана сезімі ұрпақтан ұрпаққа кете беретін, сүйекке бітетін, қанын сыбырлап тұратын сезім. Бір кезде панасыз қалған балалар осы күні дүйім жұртқа түгел бауырмал. Өз әкем, өз шешем деген сезім ұмытылған. Кенжеғара екеуін қолтықтап алып:

— Жұмыстан қалай босандыңдар — деп сұрады.

— Алдағы демалыс күні өтейміз деп әрең босандық.

— Мынаның Нартайы ондайға көне қоя ма, Кенже-аға шақырыпты деп едік, әрең босатты... Нағыз жігіт менің Әлішерім ғой, көзіне қарап ыржия қойсаң, болып жатыр...

— Әлішерді Нартайға теңеуге қалай аузың барады, Нартай екі Әлішердей емес пе!

— Әлішер үш Нартайға тұрмаса ертең айрылысып кетемін...

Жабай үйінің қонақтары көлеңкелі іргелікке киіз, ондай-мұндай төсеп ашық аулаға шыққан екен. Екі келіншек Кенжеғараны тастап соларға қарай жүгіріп кетті. Ата деп біреуі Бұланбайдың мойнына, біреуі Алшағырдың мойнына асылып жатыр. Әжелерін де ұмытқан жоқ. Бір ауылға мол жететін жарқын жүз, жарасымды еркелік әкеліпті. Қарлығашта олардың мойнына кезек-кезек асылады.

Келіндері аталарының мойнына асылу деген қазақ даласында болып көрмеген еркіндік. Аталары да келіндерін мойнынан құшып, маңдайынан сүйіп, арқаға қағып қояды. Бұлар даланың аталары мен келіндері емес, әкелері мен

қыздары сияқты. Осындай еркіндікті бастаған Анар екеуі бола тұрса да Кенжеғара бір сәтке таңданып қалды. Ел аралап жүргенде көретіндері бұған түп тамырымен ұқсамайды ғой!

Жастар былай тұрсын, осындай жаңа өнегені Бұланбай мен Алшағырлардың жан жүрегімен шімірікпей қабылдағандарына таңырқамаска болмайтын еді. Бұл шегі-шетіне осы күнге дейін бір қазақтың көзі жетіп болмаған ұлан-асыр даламыздың бір түрпірінде, бір түкпірінде емес-ау, бір түбірінің түбінде жарқ етіп қалған шақпақ ұшқынындай ғана жаңалық қой. Әлде ата-бабаларымыз өз заманында орындалмай қалған армандарының қызыл шоғын күлге көміп, қалың қыртыспен бастырып кетті ме екен. Мыңдаған жылдарда мыңдап көмілген армандардың әлі сөнбеген бір қызыл шоғына жаңа заман самалының жанды лебі тисе, ол неге өрттей лаулап жүре бермеске?! Қандай ел болса да оның орындалмай келе жатқан бірінші ұлы арманы — еркіндік, бостандық емес пе? Жаңа заман лебінің бірінші іздеп табары да сол еркіндік болу керек! Басқа емес, сол! Өлмес те сөнбес арман да сол!

Жас келіндер бүгін ауыздарына бір тал шөп алмаған екен. Аталар да қалды өз жайына, аналар да қалды. Ағаш қасықпен ауыздарын толтыра-толтыра қуырдақты асап жатыр.

— Әй, кісі асына сабыр деген бар, сабырлап жесеңші... Аштан келіп пе едің?!— деді Нұрила.

— Сенің үйіңнен келген кісі аштан келмей қайдан келуші еді!— деп Жаниясы шап берді.

— Кенже аға, сіз айтыңызшы, қысты күні біздің үйден аш кетіп пе едіңіз?

— Онда Кенже ағаң әуелі біздің үйде болған!

— Кенже аға, әділін айтыңызшы!

— Сөзді қойып тойып алыңдар. Содан соң сөйлесерміз.

Бұлардың тойып алулары да оп оңай екен. Ауыздарына «бір тал шөп» тимеген бейшаралар қапыл-құпыл бір-екі асады да, біріне-бірі қалғанын сен жей ғой деп қасықтарын табаққа сүйей салды. Содан соң екеуі Назыкешке таласты.

— Айналайын, Назыкеш апа, ендігі жұмысыңды мен істеп тастайын, жұртпен бірге отырып дем алшы,— деді Нұриласы.

— Сен бе Назыкеш апайдың жұмысын істеп тастайтын? Ойбой дудар басым-ай! Мен істеп тастайын десем бір жөн...— деп Жаниясы тағы шап берді.

— Тазаланған көмірінің қайсысы балшық, қайсысы

көмір екенін адам айырып болмайтын Жания сен бе, мен бе?

— Сонда да Назыкеш апам күрегін маған берген.

— Резеңке етігін де саған берген шығар?

— Көзің мөлие қалғасын саған бермегенде қайтсін!

— Қырық мың пұт көмір аршыған биялайын кімге берді? Саған ба?

— Карбид шамы сенің үйіңде ілулі тұрған шығар?

— Менің үйімде ең құрметті темір шегеде Назыкеш апамның сірі қалпағы тұр!

— Мен тағы бірдеме айтайын, сен өзің ағаның төрелігіне тоқтаймысың? Тоқтасаң кәне, ағаға төрелетейікші!

— Туу!.. Қазақша сөйледім деп отырсын-ау! Ағаның төресіне, ағаға төрелетейікші! Төрт жыл оқығаныңды төрт жыл өтпей жатып ұмытып қалдың ба? Әр сөйлемнің бастауыш — баяндауышы дұрыс болу керек емес пе? Ағаға!.. Га-гага!.. Атам, апам, балам дейміз бе? Десек ағам деуге аузымыз неге бармайды? Атама, анама дейтін болсақ, ағама деп неге айта алмаймыз?

— Сен кеше маған жіберген хатыңды ұмытып отырмысың, әй? Сонда сен өзің қалай жазып едің? Аға кетіп қалмай тұрғанда деп жаздың ғой. Кенже-аға, қайсымыздікі дұрыс?

— Сен ағаға төрелетейікші деп отырсың, ол ағаға барып қайтайық деп жазыпты. Қазір ағаға деп сөйлеудің ерсілігін екеуің де айтып отырсыңдар. Тіл салақ сөйлеуден бұзылады деген қағида барын сендер ұмытпауларың керек. Оқымаған адамға өкпе жоқ. Менің беретін төрем осы... Бірақ олай сөйлеуге болмайтынын екеуің де түсінген сияқты екенсіңдер. Рахмет оларыңа...

— Бұдан былай ағаға деп сөйлесем қаз болып кетейін!

— Мен ағаға десем Нұрила емес, Жәнія болып кетейін.

— Жас келіндердің жарасымды қалжыңдарын бұзып жібердім бе деп Кенжеғара азырақ күдіктеніп еді, олай болған жоқ. Келіндер тағы бірдеме тауып алды.

— Әй, өзің қыстан көтерем болып шығып па едің, тізең темірдей тиеді ғой... Тізеңді әрі ұсташы,— деді біреуі.

— Әлде мен киініп жатқанда Әлішер сені соғымға сояйын деп жүр ме, семіріп барасың ғой деген сен емес пе едің?— деді екіншісі.

— Сенімен сөйлескен кісі бірдемеге ұрынбай қалмайды! Онда мен атамның қасына кетем,— деп бір келіншек Бұланбайдың қасына барып тізесіне сүйеніп жантая кетті.

— Сенде ата болса менде жоқ па екен!— деп екінші келіншек Алшағырдың тізесіне сүйене кетті. Аталар келін-

дерін мандайынан сүйіп, арқаға қағып-қағып қояды. Әбден ырза. Екі шал келіндеріне мақтанып, біріне-бірі кеудесін көтере қарасады. Өздеріне де риза сияқты.

Бірді айтып, бірге көшіп, ойнап күліп, жұртты да күлдіріп жүрген жаста Қенжеғараға қатты ұнайды. Тегі Бұланбай аулының рухы өзгеріп келеді. Бұл ауыл аштық-тоқтықка, уайым-қайғыға берісе қоймайтын ауыл болып алған. Үлкен мен кішінің арасында жатсырау жоқ. Еркек пен әйел арасында теңсіздік, төменшілік жоқ. Жастар демалыс күндері Қарағандыдан келіп алтыбақан құра қалса, орамал тастасып, у-шу болып жүгірісіп жүрсе, жасы үлкендері дойбы ойнаған болып жастарын қызықтап отырады. Ең қызығы — ата мен немерелеріне дейін әр жаңалыққа ұмтылу талаптарының бірлігінде ғой. Сол ұмтылыста қазақ қызы да иненіп қалатын түрі жоқ. Әттең, Бұланбайдың ауылы да ол ауылға кіріп келе жатқан жаңалықтар да қараңғы түнде жарқ еткен шақпақ ұшқынындай ғана жылтырап, жіті көзге де әрең-әрең шалынады. Бұл ауыл үшін осы аздың өзі үлкен жаңалық, жаңа өмір. Бірақ өзінің ескілігімен қан төгісіп айрылған өмір емес, ескілігімен сабақтас, ескілігінің түбінен көктеп келе жатқан жаңалық.

4

Өткен ғасырдың соңғы ширегі басталғаннан бері қазақ даласы бұрынғысындай барлық дүниеден хабарсыз, баянғысындай саңырау емес еді. Саңырау бұрыштары, құдайға шүкір, әлі де аз емес, әрине, дегенмен заман жарығы, уақыт лебі соқпай өте алмайтын жерлері де бар. Соның бірі — Қарағанды өлкесі: бұл өлкенің көмірі мен мысы, Алтайдың алтыны мен күмісі дүниелік күрең жолға қазақ даласының әзірше жіңішке-жіңішке сүрлеулерін де апарып жалғастырып жатыр. Сол сүрлеулерде қысы-жазы қоңырау үні үзілмеуге айналып барады. Алшаң-алшаң адымдап телеграф бағаналары да өріп келеді.

Нағыз қазақ бұқарасы өзінің өткен кездердегі өкініш себептерін енді түсіндіріп, бұдан былайғы тіршілік бағытын тұрақты арнаға түгел түсіруге жақын. Көшпелі елдің қысқы-жазғы тіршілік мекендері тұрақтанудың өзі үлкен мәселе екен. Хан-сұлтандар мен ру басы байларының соңына еріп амалсыз шұбыра беретін қазақ шаруасы қыстап шығатын, жайлап қайтатын мекендеріне, егін салатын, шөп шабатын жерлеріне жеке-жеке ие бола бастады. Қазақ жеріне орыс крестьяндарының келіп орналасуының өнегелі бір пайдасы осы болды.

Бұл кезде тұрақты түрде шешіліп болған бірінші ұлы

мәселе — бұдан былайғы жерде қазақ халқының бар өмірі орыс халқымен біржолата тоғысқандығы еді. Уақытша емес, мәңгілікке. Күдіксіз мәңгілікке. Бұған дейін екі халықтың жақындасуына таскедергі болып келген хан-сұлтандар бұл кезде қазақпен қан араластырып, өздері қазақыланып келе жатыр. Бұлармен бірге қажы-қожа, молда-сопылар да ендігі нәубәттерін қазақ атымен теріп-жеп жүр.

Аты қазақ бірлестігіне әлі қол жете қойған жоқ. Онтүстығымыз түгел Ташкент, Қоқан, Хиуа қоластында қала барды. Орынбор мен Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын: Орал, Торғай, Ақмола, Семей — төрт облыста он сегіз ояз, екі жүз елу үш болыс қазақ елі бар. Бұлардың негізгі тіршіліктері, күн көрістері түгелімен қалыптасқан. Мал мен егін, қыстау мен жайлау.

Дала өмірін жаңартуға жұмсалып жатқан өнімді жаңа күштер шамалы болса да, әлденелердің тозығы жеткенін, әлденелердің нағыз пайдалы жаңалық екенін қара шаруалы қазақ танып, таңдап алатын дәрежеге жетіп қалды.

Базарларда қазақ мал сатып ақшасын алғанда күміс теңгелік пен бес сомдық, он сомдық алтын ақшаларды тақтайға бір соқпай алмайды. Жай шаруалардың өзі күміс пен алтынның сыңғырын қатесіз айыра алатын болды. Өмірдің өзін-өзі іштей жаңартып отыратын өз күші бар. Өмірдің сен ұйықтап жатсаң да алға қарай жүре беретін әдеті бар. Ең үлкен құдірет өмірдің өзінде болады. Осыдан келіп «елу жылда ел жаңа» деген нақылымыз туады. Бұл жаңалыққа, алдымен, адам ортақ, оның баққан малы да, еккен егіні де, салған әні де, алған әйелі де, туған баласы да ортақ...

Бұл кезде сол екі жүз елу үш болыс қазақ елінде бұрынғы ат, айғыр, бие, өгіз, бұқа, сиыр, қошқар, қой, ешкі, теке деген байырғы сөздеріне қосылған: бейілке, молотелке, отырбы, опсанке, божы, шлия деген орыс атауларының қазақшаланып кеткені сонша, түбірі қайдан келгені ұмытылып та барады. Егін салуға байланысты қарамық, қара күйе, мысық құйрық, қодірен деген жаңа сөздер туды. Үйшілік мәдениетке әйелдер үшін өте қажет «катайт ағаш» кірді. «Катайты» орысша, «ағашы» қазақша — осы күнгі утюг қой...

Қазақ халқының оқу-білімге шұғыл бет бұрғаны да осы кез. Кенжеғараның өз болысында жеті бастауыш мектеп бар. Біреуі — қазақ даласында бірінші рет құрылған интернатты — мектеп (баяғы Игілік үйінде). Енді бірі — жатақханасы бар, жартылай интернатты мектеп. Бұланбай

ауылында (баяғы Ушаков үйінде). Өзгелері өндіріс орындарында өз күштерімен ілде-алдалап отырған қазақ ауылдарында.

Қазіргі күнде болыстар арасында мектеп ашуға бәсекелесу де жоқ емес. Қазақ болыстарының кейбіреулерінде бірлі-екілі қазыналық мектеп ашыла бастады. Бай ауылдарда молда ұстау да бәсекеге айналды. Байлар бірінен бірі именіп, балаларын жаңаша оқытатын мектептерге жібермейді, дін жолымен оқытады. Орта шаруалар бірнеше ауыл болып бірігіп, мектеп аша бастады.

Осы тұста тағы бір жақсылық нышаны кірді. Қысқы ұзақ түндерде ауыл үлкендері жиналып, мектеп балаларына қисса оқытады. Қазанда қанша кітап басылып шықса да, Сібірдің жүз он сегіз базары арқылы қазақ еліне тарай берді. «Сал-сал», «Зарқұм», «Рүстем-дастан», «Шаһмаран», «Бәдіғұл-Жамал» сияқты хиссалар кей ауылдарда бір қыстың ішінде жырма-отыз рет оқылып шығады.

Бұл кезде Қазанда — бесеуі татардікі, басқасы орыстардікі — он төрт мәтбұғат — кітап баспасы бар. «Ер-Тарғын», «Бекет», «Көруғлы», «Қыз-Жібек», «Айман-Шолпан», «Сұлушаш» поэмалары, «Біржан-Сара», «Қнязь бен Зағипа қыз» айтыстары көп рет қайталанып басылады. Ойынтой, шілдеханаларда біреуі Сара, біреуі Біржан болып айтысып та қалады.

«Сал-сал», «Зарқұм», қиссалары Мұхаммедтің Хадишадан туған жалғыз қызын алған күйеуі Ғали батырдың ерліктерін көп мақтайды. Бұл шағатайлап келетін Шығыстың әрекеттері.

— Жарандар, батыр Ғали неткен мықты,
Ұрып-соғып кәпірді жерге тықты
Батыр Ғали бір айғай салғанында
Он екі мың кәпірдің жаны шықты.
Ғали батыр тағы бір айғай салғанында
Кәпірдің [1] қолындағы туын жықты...—

Оқушы баланың Мұхаммед пен Ғалиден түк хабары жоқ. Сыдыртып оқи береді. Тыңдаушылар сене алмай жымысып қояды.

Ташкент мәтбұғатынан Шағатай-түркі үлгілерімен жазылған кішкене-кішкене «діни» кітапшалар да келеді:

Көрің Қадыр құдіретің,
Мұстафаның үммәтін
Мұндағ тәшрик қылдия...

Мұхаммедтің үмметін алламыз ерекше жаратқан екен де...

[1] Кәпір — Африкадағы Кафр халқы ретінде түсініледі. Діншілдер, әрине, христиан дінін осылай атайды.

* * *

— Заман ақыры болғанда нелер болғай,
Дүниеге түрлік-түрлік бәлә толғай,
Хақ тағала бәле қапұғын тәмәм ашқай,
Андән артық тақ ғажап дыңдары уар...—

Рахымы көп аллатағаламыз қаталдық пен рақымсыздықтың арасына шек қоймай қараса керек, заман ақыр болғанда бар бәленің қақпасын түгел ашып жібереді екен.

Кейбір қалжыңқой адамдар «мұнысы қиын екен» деп қояды. Нақ айтқысы келіп отырғаны — мұнысы зұлымдық екен деген ой.

— Бақырғандән сафар қылсам
Тауаф қылғали кәғбаны
Тофырағына юзімні ұрсам —

деп софы Аллаяр қажылыққа баруға шақырады.

Елден жылу жинап, болымсыз қаражатпен кеткен адамдардың көбі қажылық сапарынан қайта алған жоқ. Сүйегі сол сапарда қалды. Сахараның шөлінде қалды ма, әлде бар ақшасынан айрылып, қайыр сұрап жүріп, бір қаланың көшесінде өліп қалды ма, оны ешкім білмейді. Байлардың қаражаты мен бәдел қажылыққа барғандардың көбі аман келіп жүр.

Идеологиялық салқындардың түрі де, төркіні де осындай, қара қазақ шала түсінетін кітапшаларда.

Дүниежүзілік ғалымдар түгел «ісләм дінінің күш-қуаты Құранда» дейді. Тегінде дұрыс көзқарас. Бірақ қазақ Құранға, Құран қазаққа жақындаса алған емес. Бір болыс елде Құранның қарасын танитын жүз қазақ болар. Ал, енді Орынбор — Сібірге қарайтын екі жүз елу үш болыс қазақ елінде Құранның мағынасын түсініп оқитын, әсіресе түсіндіре алатын бір қазақ жоқ. Құранның не айтатынына түсінетін жалғыз жан болмаған соң, жайдан-жай жазғырмаған дұрыс болатын шығар.

Мүмкін, осының салдарынан болуы — қазақ халқы діндар емес. Қырықтан аспай қазақ еркегі намаз дегенді білген емес, әйелдері көбінесе ері қайтыс болғаннан кейін өзінің де, өлген ерінің де күнәларын жеңілдету үшін намаз оқуды үйренеді. Онда да «айлығы» біржола тоқтаған болса.

Кедей қазақ, жалшы-малшы жұмыскерлер, қырыққа дейінгі жастары намаз дегенді білмесе ол ел қалай діндар болмақшы. Біздің Адай руларының бір батыры қозылы

қойға құран сатып алыпты. Бақалшы саудагер құранды әдетіп оқып қызықтырған көрінеді. Құранды үйіне әкеліп — «ал, сөйле!» десе, құран сөйлемепті.

— Өзбекті көргенде сөйлейсің, татарды көргенде сөйлейсің, казақты көргенде неге сөйлемейсің?— деп батыр Адай құранға тал шыбықпен дүре соғыпты.

Бұл, әрине, аңыз болар. Дегенмен құранды қорлап аңыз шығару үшін де дін дегенге бей-жайлық керек.

Арабтардың жауынгер — отаршыл кезінде туды ма, не бұрын, не кейін араб оқымыстылары қосты ма, ол арасын Кенжеғара білмейтін еді. Бірақ, намазға әкеліп денсаулыққа пайдасы көп иіліп-бүгілулерін қатты ұнататын еді. Керек болса даналық көретін. Күнінде бес рет иіліп-бүгіліп, еңкейіп-шалқайып, жығылып-құлап, бес рет жуыну, әрине, пайдалы. Дене шынықтыруды осылай намазға қосақтап қоймаса, біздің жалқау шығыс, әсіресе қазекең бес рет жуынып, бес рет дене шынықтыруды істер ме еді, істемес пе еді?! Оның үстіне әйеліңмен араласқаннан кейін бір қасық сумен болса да жуынып, тамақтан кейін бір адым жер болса да жүр деген қағидасы тағы бар. Тамақ алдында қолыңды жу, аузыңды шай, тамақ артынан осыны тағы қайтала...

Кенжеғара туған халқының хал-жайын осы шамада көретін еді. Жаңалық әр сатыдан атой беріп араласып келеді. Ескілік беталысы әлі кейін серпілген жоқ. Бірге жасасып келеді. Баяғы үстем қалпында жасап келеді. Түптердің түбінде қайсысы жеңеріне Кенжеғара күдіктенген емес. Ескілік те жеңілерін, жаңалық жеңерін білетін білім Кенжеғарада болатын. Тек, қашан жеңерін, қалай жеңерін болжай алмайды. Батыс-шығыстан келіп жатқан басқа отты леп те жоқ.

Кенжеғара — елінің мұң-мұқтажын түгел ойлау талабы бар адам, қазақ әйелінің хал-жайына осы тұста тағы бір оралды. Бұл жолы қозғау салған орыс тарихшылары Левшин, Алекторов, Семенов-Тяньшанский, академик Ламанский, Харузиндер болды.

«Қазақ әйелі аз ғана жәрдем бергеніңді ұмытпайды, тезірек еселеп қайтаруға тырысады. Қазақтың қай ауылынан болса да бір сұлу Венера Милосская кездесе береді»— деген пікірді Алекторовтың қазақ халқы жайында басылған мақалалар жинағынан оқып еді, одан бері екі жыл өткен.

Күні кеше келген кітапта қазақ әйелі жайында тереңірек зерттегені бар үлкен ғалымдардың пікірлеріне кездесті. «Россия» деп аталатын көп томды кітаптың қазақ даласы-

на арналған он сегізінші томында қазақ әйелі туралы былай деген екен.

Условия жизни ставят, однако, женщину значительно выше, чем она должна была бы быть юридически. Она фактически является главным хозяином, так как, на ее плечах лежит воспитание детей, приготовление пищи и одежды, уход за приаульном скотом, приготовление изделий для домашнего обихода, постановка и поддержание в порядке жилища и др. Вообще она принимает большое и даже главное участие во всех хозяйственных делах семьи».

Кітапты шығарушылар біздің елдердің хал-жайын терең тексерген ғалым Семенов-Тяньшанский мен академик Ламанский. «Қалың мал» дегенді — қазақ әйелінің мал сияқты сатылуы деген ұшқары ойдан аса алмайтын, ғылымнан аулақ шенеуніктердің бұл, әрине, ойына сыйғыза алмайтын пікір.

Пәрәнжасын жамылып еркектерге көрінбей жүретін мұсылман шығыстың әйелдерімен салыстырғанда, крепостной әйелдермен салыстырғанда, қазақ әйелі нағыз өзінің байырғы жағдайында тап осы ғалымдар айтқандай үй-ішілік тіршілігінде көбінесе бірінші орын алады, өз үй-іші тіршілігінде бірінші адам. Қазақта «Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады, жақсы еркек жаман әйелді адам қыла алмайды»,— деген нақыл бар. Бұл да қазақ әйелінің орны есікте еместігін дәлелдесе керек.

Ұлы Лев Толстой —«Жақсы әйел жақсы еркектің қандайынан болса да артық»— деген ғой. Қазақтың көне нақылы осымен үндесіп тұрған жоқ па?

Ең кемі ондардың бірі болып жүретін хан-сұлтандардың ханым-ханшаларының жайлары өз алдына. Ол сорлыларда, ең аяғы төсек тендігінің өзі жоқ. Іш, же, ки, кезегің келіп көңілім ауғанша гарем деген қамауда отыра бер.

Боттичелли жасаған Венера қазақ ауылынан қайдан кездессін. Ол батыс елдерінің пішініндегі идеал ғой. Сонымен бірге жоғарыда аталған атақты ғалымдардың басқаруымен шыққан кітапта: «Красавицы среди киргизок (казашек) не составляет особенной редкости» делінгенін Кенжеғара дәл айтылған әделет екен деп ризашылықпен қабылдады. Өз әйелі Анарға бір қарап қойды. Сұлу емес пе?

Тағы да сол кітапта қазақ әйелінің бітімін антропологиялық жағынан тексерген ғалымдар мынадай пікір айтқан екен: «Дене көлемімен салыстырғанда қазақ әйелінің басы көбінесе еркектерінің басынан үлкенірек келеді. Бұл ақылой өскелеңдігінің (развитие) куәлігі»— депті.

Омбыда шығатын «Дала уалаяты» өткен қыста «Ел басқарған қазақ әйелдері» деген үлкен мақала жарияланған еді. Биылғы март айында өткен болыс сайлауында Ақмола облысына қарайтын болыстарда қазақтың үш әйелі болыс сайланыпты. Халипа Аққошқарова он екінші рет сайланған (арғын болысы), Аққатша Теңелбаева жиырмасыншы рет (найман, бағаналы), Шойман Жансақал әйелі төртінші рет. Ақкелін деген әйел ондаған жылдар болыс сайланып, қайтыс болғаннан кейін болыстың өзіне сол кісінің атын берген (Аккелін болысы).

Қазақтың талай ру, тайпалары әйел атымен аталады. Бес болыс арғын «Енең» (Мать) деп аталады. Қырық сегіз болыс Дулаттың ұраны — Домалақ-ана. Он екі болыс қара керейдің ұраны — Абақ. Жиырма екі болыс Қаракесектің ұраны — Қарқабат. Енең, Домалақ-ана, Абақ, Қарқабат — бәрі де әйел аттары, әйел атақтары.

Бірақ, сауда-саттық өрбіген сайын қазақ қызы сатылусатып алудан аман қалды дей алмайсың.

Орыс халқының тарихында қолбасы болған Ольга деген әйел бар. Тоғыз жүз қырық бесінші жылы ері — атақты князь Игорь Византиядан қайтып келе жатқанда Древлян деп аталатын елде қаза тауыпты. Сонда Ольга қолына қылыш алып, қол бастап древляндар елін қанға бөктіріп шабындыға салып, барлық еркегін қырып салған. Ал, енді қашаннан бері көшпелі қазақ елінің әйелдері жаугершілік замандарда, соғыс қақтығыстарында еркектермен бірге аттанбай қалған емес. Бұл — көшпелі елдің қашаннан бері келе жатқан дағдылы күнделігі. «Он бесінде ұл еркек, он жетіде қыз да еркек».

Кітапта қазақ халқына берілген жалпы мінездемелердің ішінде жаныңа тиетіндері де бар екен. Кенжеғара оларын да жете бағалай оқуға тырысты.

— Қазақ халқы,— депті зерттеуші ғалым Сидельников,— Азия құрылығындағы түрік нәсілдес халықтардың ішінде Осман түріктерінен кейін саны жағынан да, жері жағынан да екінші орын алады. Балалары оқуға зирек, әсіресе математикаға. Қазақ аққөңіл, қонақжай, жаны ашығыш, адал, жалқау, бейғам, өсек-аяң, бос сөзге үйір...

Осы жолдарды оқығаннан кейін «Қазақ бір күнде екі адамға ақыл айтпаса отыра алмайды» дегенді бекер-ақ қоспаған екен,— деді Кенжеғара.

Осы күнгі қазақтың көшуі — үш-төрт күндік серуен: жайлауы — ең кемі екі-айлық курорт. Ойын той, алтыбақан, бәйге, күрес, қазы, қозы, қыз, қымыз. Мұның бәрі де жалқаулыққа бірі төсек, бірі жастық қой.

Қалық түнеуік қарбаластардан әзір тым сырт қалған ел Сонын соңын ескі малтаны езгілей бермей қайтсін. Осының аты өсек-аяң, бос сөз болады.

Қанша қысқы мекен салып, қара малды қыс бойы қолда ұстайтын болғалы, қазекең жаз ортасы ауғаннан кейін, бір ән шөп шабатын болды. Шөпті таситын болды, үйетін болды. Он екі айда арқасы мен маңдайынан ащы тері шығып жұмыс істейтін кезі осы-ақ. «Орыс әкеңнің аузын ұрайын дамыл көре ме!» дей отыра, орнынан көп қозғала бермейді.

Ішім ауырып барады шеміршегім,
Жамал қыздай болсайшы келіншегім.
Жамал барған ойынға мен де бармай,
Ол да болса өзімнің еріншегім!—

деп өзінің жалқаулығынан Жамал қыздан айрылып қалғанын өлеңге қосып отырса да, өкініш бар да қимыл аңдалмайды.

Қазақтың жалқаулығы жалқы туған емес, бейғамдығымен бірге туған, егіздің сыңары. Ұлы жүзде бір нағашы әжеміз ауырып қалды деп естіп, соған барып ол жақта он шақты күн жүріп, енді орағымды әзірлеп жатсам, Кіші жүзде әкемізбен қарын бөле бір туысымыз қызын ұзатайын деп жатыр деген соң, сонда барып оралғанша, күзгі қара жаңбыр соғып кетпеді ме!— деп азғана малынан айрылып жұтап қалғанын келер жазғытұры жыр қылып, өзін ақтап отыратын адамдар әлі де бар, арылған жоқ. Ағайын-туғаны не айтсын оған?— Әжең қайтыс болса, иманы жолдас болсын,— дей салады. Басқа бөліп берері жоқ, әрине...

Әрине, өндірістегі ересек адамдар да, жастар да, еркектер де, әйелдер де бұл қалыптан шығып кеткен. Олар күндерді емес, сағат, минуттарды еске ала ұйықтайды. Таң ата тақтай төсектерінен атылып тұрады. Енді олар ауылдың бос салпақ қалжыңына бұрылып та қарамайды.

Кенжеғара қазақ халқы жайында жазған орыс ғалымдарының еңбектеріне бүгін де тереңдей түспек еді. Ол ойы үзіліп кетті. Кермеге келіп тоқтаған тарантас дыбысы естілді. Терезеден қарап арбадан түсіп жатқан адвокат Степановты таныды. Жалғыз қызы Вераны ала келіпті. Оның әйелі өлгелі үш айдай болып еді. Кенжеғара оны саз бойына қымызға шақырған.

Кенжеғара ертеден келе жатқан дос адамына қуанышты қошамет көрсетіп қарсы алды:

— Қош келдіңіз, Сергей Павлович! Анардың самовары кешеден бері қайнап тұр. Гүлбәдең қызыңыз алдыңғы күннен бері қымыз сапыруда. Жоғарылатыңыз!

Достар сағыныш-қуаныштарын айтысып болғанша Верашың іші пысып кетті. Сөз саябырлап, үлкендер әлденеге күлісіп қалғандарында, Вера: Дядя Кенже-аға, мынау сізге базарлық,— деп бір бума кітапты столдың үстіне қоя беріп,— Гүлбәден қайда жүр?— деп сұрады.

— Рақмет Верочка, қыздар көлде жүр.

— Онда мен жүгірдім.

— Бәрін шақыра кел, бізге тамақ беретін болсын.

— Жоқ, жоқ,— деді Сергей Павлович. Әуелі біздің тұрақтайтын үйімізді көрсет, жүгімізден құтылайық. Ұзақ жолдың кір-шаңынан құтылайық. Қырынайық. Анар Алшагировнаға содан кейін көрінетін болайық та... Верочка, сен жүре бер.

Кенжеғара Степановты баяғыда болыс кеңсесі болған үйге алып келді. Қаладан келген сый қонақтарға арналып оңдап-өңдеп қойған ағаш үй — жайлы тұрақ болып шыққан. Екі оңаша бөлме, ортада қазандық бөлмесі. Дала жағдайында мұны кең сарайға теңерлік екен.

Степанов әбден риза болды.

— Вера мен Гүлбәденге киіз үй тігіп берерміз,— деді Кенжеғара.— Ол екеуі айрылып тұруға көнбес-ақ.

— Екі қыс бір бөлмеде тұрып үйренісіп қалды ғой. Көнбейді! Мен кейде Вера қазақ қызы болып, Гуля орыс қызы болып бара ма деп қаламын. Мен осы күні екеуі сабақтан қайтып келгенше сағынып қалатын шал болдым ғой,— деп бетін бұрып кетті.

Әйелі қайтыс болғалы, үш айдың ішінде сақал-шашы қатты ағарып, көз реңі буалдырланып барады екен. Иә, қартайғанда әйелің өлсе одан ауыр қайғы-мұң болмасқа керек. Досына да, қасына да тілемейтін бір тілек осы болар.

Гүлбәден Қараөткел гимназиясында оқиды, осы Степановтың үйінде тұрады. Вера екеуі қатты үйлесіп кетті. Екеуі де сирек кездесетін аққөңіл, оқуға ынталы да зирек балалар. Степанов былтыр үй-ішімен келген еді, биыл міне қызымен келді.

— Ал енді Кенжеғара, сен кеңсеңе бара тұр. Біз атшымыз екеуміз үйімізді дұрыстап алайық.

Кенжеғара кеңсесіне жақындай бергенде, ауыл жақтан қос-қос түйе жегілген жақтаулы бірішке арбаларды көрді. Алдыңғы арбадағы жүктердің үстінде қызыл жосаға боялған шаңырақ танылады. Екі-үш әйел мінген тарантас жүктен озып, алға шыққанда Кенжеғара екі шешесі мен Назыкешті таныды. Өз шешесінің алдында бір бала бары бай-

қалады. Ол, әрине, тарантас тербеткен соң ұйықтап қалған Қарлығаш.

Көл жақтан жүгіре басып Анар да жетті.

— Тым болмаса қымыз бердің бе?— деп сұрады.

— Вера айтпады ма?

— Түу, сен де қызықсың-ау, әйтеуір! Гүлбәден екеуі қосылған соң не сұрай алатын едің? Екі жынды қыз көлді бастарына көтере күлісіп, жүзді де кете барды. Менің бетімнен бір сүюге әрең мұршасы жетті. Кермеге келіп тоқтаған тарантастан түсе берс өз шешесі Наргөз «Мә, Қарлығашың» деп, әлі оянбаған баланы Кенжеғараға ұсынды. Шешесінің осындай бір тұспалдамаларын да «сенің өз балаң қайда осы?»— деген сұрау тұрғандай болатын. Кенжеғара бұл жолы да сол сұрауды сезінді. Үндеген жоқ «Түсінемін» дегенді аңғартып жымиды да, Қарлығашты оятпай үйге қарай алып кетті.

Анар жүгіріп келіп шешелерімен кезек-кезек құшақтасып сүйісіп амандасып еді. Байжекең қайтыс болғалы сол үйдің әртүрлі жабдықтарын басқарысып шешелері көптен бері келе алмай жүрген. Сағынысып қалған екен. Наргөзбен құшақтасқанда ол Анарды әдеттегіден ұзағырақ құшақтап тұрып жылап жіберді. Үні шығып кетті.— Құлыным, күнім, жаным, жүрегім!— деп қайта-қайта сүйіп құшағынан босата алар емес. Анар да шеше құшағына жабысып барады.

Наргөз аналық мейірі қанбаған ана еді . Ол нағыз ана болатын. Анардың кіршіксіз таза жанымен жүрегін де, денс бітімін де түгел білетін. Шомылдырған, киіндірген, қасына алып жаткан. Осы жолы Анардың денесінде болмашы ғана өзгеріс барын сезіне қойған екен.

— Құлыным, қозым, жан-жүрегім...— құшағы да ашылар емес, қуанғандағы көз жасы да оңай тиылмайды екен!

Бірге келген әйелдер де түсіне қалды.

— Қуаныштың құтты болсын, той-той, Наргөз!

— Баянды болсын, немереңнің қызығын көр,— дсседі.

Үй тігіліп болып, шай ішіліп болып, әйелдердің қуанышты күлкілері киіз үйді керней бастаған кезде Вера, Гүлбәден, Бекет үшеуі келді.

Бекет ауылдан мана шығып, салт кеткен еді. Көл жағасынан табылғаны да.

Қыздар келген беттерінде әуелі әжелерге таласты.

— Наргөз апа моя!— деп Вера атылып барып таңдаған әжесін құшақтай алып қасына отырды.— Самая, самая сұлу апа!

— Үлкен әже моя! Самая, самая добрая әже!— деп Гүл-

болған Көпей әжесін құшақтап жатыр. Балалардың еркелей бастағандеріне шешелері мәз-мәйрам болып қалды.

Ұзамай қыздар Анарды қолға алды:

— Сен біздің қасқырдан жаман аш екенімізді біліп тұрып едің ғой?— деді Гүлбәден.

— Қайда бешбармақ, қуырдақ қайда?— деп Вера қорқынарланды.

— Ет кешке қарай болады.

— Кешке қарай?

— Онда біз аштан өлетін боламыз ба?

— Алдымен мына жас жолбарыс өлетін шығар,— деді Вера орысша-қазақша араластыра сөйлеп көзімен Бекетті нұсқап.

— Бұл үйде ірімшіктен басқа тамақ болмайды, екі сағаның үйінде не болушы еді. Апа, өзің бірдеме әкелмесең қазір ауылға қайт, бізді де ала кет!

— Қойшы, Гүлбәден, бар ғой тамақ!

— Жүріңдер кеттік, апамның әкелгенін тауып алайық.

Балалар ешқайда кеткен жоқ, әрине, дастарқанда не болса соны ауыздарына толтыра-толтыра шайнап отырып, Анарды әуелей берді. Киіз үйдің уықтары мен шаңырақтарын жаңғырықтырған жас күлкі мен еркін күлкі келді.

Елінің жайын жан-жақты ойлана жүретін Кенжеғараға мына балаларда ұлттық жатсырау жоқтығы тағы бір ой салды. Ұлттық жарасым осы балалардың достығындай таза болсын да! Келер ме сол кез? Отаршыл мен отардың арасында ұлттық жарасым онай орнай қоймас. Бірақ орнамай да қоя алмас. Жер-суды бірге жайласқан елдерде орнамай қоя алмасқа тиіс. Мүмкін, сол кез осы балалардың ер жеткен кезеңдерінен әрі де кете алмас. Қәрі тарлан адвокат Степанов «мен кейде Вера қазақ қызы болып, Гуля орыс қызы болып бара ма деп қаламын»— деді ғой. Жай айтты ма соны? Жоқ, тіпті жай айтқан жоқ. Оның қуанышы да сол — балалар достығы. Мұндай достық не елдердің бала кезінде, не ержеткен дана кезінде болатын шығар. Әйтеуір болмай да қоймаса керек...

Біз егін салуды, қыстау салуды, шөп шабуды, мектеп ашуды, бақсы-балгерден безіп, дәрігер-докторға барып емделуді үйрендік. Бұл аз олжа емес. Бірақ нағыз табыс, әрине, халықтардың тап мына балалардай таза жарасымында ғой.

Балалардың жарасымы да бір түкпірдегі түбірдің түбінде жарқ еткен шақпақ ұшқынындай еді. Шақпақ ұшқыны үрлеуі келіссе лаулап жанған отқа айналатынын Кенжеғара білетін жігіт еді.

Ертеңіне Қарно мырза Кенжеғараны әйелімен конаққа шақырған еді.

Аттар жегулі тұрған, Кенжеғара әзір отыр. Жатар бөлмеде Анар киініп бола алмай жатыр. Ерігіп тұрған аттар бас изеген сайын қоңырау шылдырлап асықтыра берді. Асыққан сайын апшысы қурылып киіну әсемдігін келістіре алмай тұрса, Вера мен Гүлбоден екі жақтан мазасын алып, олар да бөгей берді.

— Кәрі кісіге сәнденіп не керек? Не болса соны ки де жүре бер,— дееді Ақты кидің не, көкті кидің не?

— Ана!— деп олармен Қарлығаш таласады.— Анар апам — сен екеуің емес, ұйпа-тұйпа болып жүретін... Әдемілеп киін, апа. Қарно ағайға қалай болса солай киініп конаққа баруға болмайды. Сен бар ғой, апа, ақ сәукеле, күрең бархыт жеңсіз, шұбар етігіңді ки де сыртынан жеңіл көк жібек желеңіңді иығыңа жамыла сал.

Осындай қарбаластың үстіне бойлауық Тыран мен Омартай келіп кірді. Арт жақтарында сол жердің ауылнайы келе жатыр. Керазу шал бар қайратын бойына жиып, қажырлы қалпын бұзбай келіпті. Сыпайы ғана амандықтан кейін:— Боласнай шырағым, шақыртыпсың, келдік,— деді.

— Бұл жолы сізде менің тікелей жұмысым жоқ. Жұмысым мына кісіде, сізді тек куәлік ретінде шақырттым,— деді Кенжеғара.

— Онда сөзіңді бастай бер!

— Бұл кісі мектепті тартып алып, есігін бұзып кіріп, екі жүз жиырма екі кітапты отқа жағыпты. Парталарын бұзып-бұзып әркім талап кетіпті. Дәретхананы бұлдіріп, мектеп айналасына отырғызған ағаштарды қыратып, бірталай зиянкестік істепті. Мектеп маңайында істелген настық-ластықтары және бар. Осынша ұятқа сіз, бір елдің қадірлі ақсақалы, өзіңіз қалай қарап жүрсіз?

— Өзің қалай қарап отырсың?— деді Тыран жауап берудің орнына.

— Мен мұны, бірінші, сотқа берілетін қылмыс, екінші, мешіт пен мектептің арасына надан молдалардың салып жатқан өрті, үшінші, қазақ деген елдің ар-намысына тиетін, оңай кешірілмейтін ұят деп бағалаймын,— деді Кенжеғара.

— Бір кесімсіз құтқармасыңды білемін. Сол кесімің не болмақ? Мал ма, бас па?

— Жақын арада бес болыстық съезіміз болады. Өздеріңіздей қадірлі ақсақалдарды да шақырамыз. Ояз бастығы Никулин де келеді. Қөрші отырған бес болыстың

бастықтары қатынасады. Жер даулары, шабындық жер, жайлау таластары қаралады. Мектеп жайлары да қаралады. Сонда сіз өз ауылыңыздағы мектепте қандай жайлар болғанын айтсаңыз екен. «Кесімі не болмақ?» дедіңіз ғой. Кесімі сіздің не айтарыңызға байланысты болар деймін. Адалына көшсеңіз, кесім жеңілденеді. Қылмыстыны ақтап аламын деп көрнеу көзге қараны аққа бояймын десеңіз, өзіңіз ұятқа қаласыз да.

Бұдан кейін көп сөз болған жоқ. Тыран еліне қайтты. Қасына әйелі Анарды алып Кенжеғара да жүріп кетті.

Карно мырза, қасында фон-Штейн мен инженер Қасаткин бар, Кенжеғараны кеңсесінің алдында қарсы алды. Бәрі жиналып Кенжеғараның жіберген сыйлығы — қара көк атты айналдырып қарап, мақтасып тұр еді. Еріккен жарау ат дене сұлулығын түгел көзге тоскысы келетіндей ойнап тұр.

— Поже мой!— деді Карно мырза қонақтарын қарсы алып қол алысып тұрып.— Осыншама сұлу жаралған атты қалай қиып маған сыйладыңыз, болыс-еке? Бұл — мадам Анар ханум мініп жүруге лайық ат емес пе?

— Анар ханум осының қарындасын қалап алған. Сізге де бұдан басқа жылқыны лайықтай алмадым.

Анарға көрсетілер құрмет-хошеметтер аяқталып, сыйлыққа айтар ризалықтар жеткен кезде Карно мырза қонақтарын үйге кіруге шақырды.

— Әуелі кабинетке кіруге тура келеді. Әзірше сізге ұқсап мен де кеңсенің бір бөлмесінде тұрамын дегенді ескерте кетті.

Карнонық кеңсесіне кіре бере Кенжеғара оның бұрынғы мандайша адресі өзгеріп кеткенін көрді.

«Спасский медно-плавильный завод горнопромышленника фон-Штейна»— деп жазылған екен.

Кенжеғараның жүрегі солқ ете түсті. Жазық жерде келе жатып сүрініп кетті. Қарағанды өндірістерінің жатқа сатыларын қашаннан бері біліп жүрсе де сатылып кеткенін көзімен көргенде «Біздің Қарағанды» дейтін сезімнің осы арада өліп кеткенін көргендей болды. Сарыарқаның дәл ортасы ойылып кетіп, Қарағанды өңірі сол тереңге құлап жоқ болғандай сезілді.

Мандайшада завод иесі фон-Штейн деп жазылғанымен, кабинетке кірген соң нағыз иесі кім екені бірден танылды: Карно жазу столының төржақ орталығына барып отырды да, фон-Штейн бергі бір бұрышқа орналасты. Карнонық алтын белдікті собалақ-собалақ сигар, қоңыраулы үлкен

сын... шығыстықімін деп тұрған жазу әбзелдері бәрі де нық орнықтықпай жатыр.

Карно мырза аққөңіл, жайдары, кең пейіл отыр. Ат мінгелуі тағы біраз созылып барып аяқталған соң, Анар ханымды мақтауға көшті. Ол ана бір жолы көргеннен кейін де ажарлана түсіпті. Оның аспазшы ұстамайтынына біраз таңданды. Жұмыскердің қызы болғанымен осы күні әл-ауқат жеткілікті кезінде ондайға безіне қарауы қызық екен-ау... «Әлде малға сатылып алынған әйелге жалшы ұстауға тиым бар ма екен? Әзір, құдайға шүкір, азиат-азиат қой».

Қасаткин келіп:— Стол әзір,— деді.

Барынша сыйлаумен, құрметпен өткен қонақ асыдан кейін Карно мырза Кенжеғараны кабинетіне оңаша шақырып әкеліп, бірнеше ресми қағаздар көрсетті: бірінші — ағалы-інілі екі фон-Штейн (Павел, Людвиг) бірі Рязаноч мұрагерлерінің атынан, бірі Карноның атынан шарт жасасып, Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерін бірі сатып, бірі сатып алған екен. Жеті жүз жетпіс алты мың сомға.

Өндірістердің жат елге сатылып кеткеніне Кенжеғара таңданған жоқ. Сонша арзан сатылғанына таңданды. Әрі кетсе қырық мың жылқының құны ғой: қазақтың жырма байынан артығымен табылар еді-ау!..

Сол кездегі Омбыдағы дала генерал-губернаторы Сухотин жоғарғы жақтың шешімі бойынша сол үш өндірісті Карно мырзаның сатып алуына лұқсат етіпті. Генерал-губернатор өзіне келер кінәні ысырған болып бірнеше шарт қойғаны да бар:

— Россияда осы күні бар, келешекте болмақ тәртіптерге Карно мырза бағынатын болсын.

— Шет елдердің адамдары, әсіресе жебірейлер келіп жүрмесін (жұмыс басқарушы, агент, приказчиктер, тағы басқа қызметкерлер ретінде).

— Өндірістер ешкімге сатылмасын.

Кенжеғара бір керегі болар деп соңғы үш шартты жаттап алды да үйіне қайтты. Үйіне келді де қағазға түсірді.

Карно мырза:— Әзірше үй-күйсіз тұрған адамның азғана сыйлығын қабыл алыңыздар,— деп бұл жолы да бір кенеппен тысталған ұзындау жәшікті арбаға салдырып жатыр. Анардың қолына да алтын қағазға ораған бірдеңені әкеліп қыстырды.

Кенжеғара үйге жеткен соң: «Осы бірдемелерін ашпа да, көрме де, қызықпа да, шоланға апарып таста. Сонда жатып шірісін, ұмытатындай бол — деді Анарға. Анар сөз-

ге келген жоқ, шоланға апарды да бір бұрышқа тастай салды.

Кешке таман Қенжеғара Анар екеуі шомылып қайтуға көлге келе жатыр еді. Ауыл балаларымен бірге шуласып ойнап жүрген Вера мен Гүлбәден алыстан айғай салды:

— Әрі кетіңдер, әрі! Бізге кемпір-шалдың керегі жоқ!

— Анар апа, анау екеуі мені мазақтай береді,— деп Қарлығаш судан шығып киімін жинап алып бұларға қарай жаланаш жүгіріп келеді.

— Мен сендерге шалды көрсетемін қазір!

Қенжеғара ұзаңқырап барып шешіне бастап еді, кенсесінің алдына қоңыраулатып келіп тоқтаған тарантасты көріп, қайта киініп кейін оралды.

Келген адам баяғы ескі таныс, дос-жар адамы Бурцев екен.

— Хош келдің, қымбатты досым, Александр Нестерович! Шамаданды маған бер, үйге кіргізейік те, көлге барайық. Ұзақ жолдан шаршаған боларсың, жүр!— деді.

Екеуі балалардан алысырақ кетіп, шешіне бастады.

— Ал, әкелген хабарынды айта бер.

— Бөтен жаңалық жоқ. Болғалы тұрған бес болыстың съезіне байланысты келдім. Ояз бастығы «Қаракесектің бір болысы Әміржан екеуіңіз, менімен үшеуміз даулы жерлерді көріп, съезге ұсыныс жасайсыздар» деп жіберді.

— Съезд күні белгіленді ме?

— Белгіленді. Төрт-ақ күн қалды.

— Онда ертең жүріп кетеміз де?

— Жүріп кетеміз. Әміржан болыс бүгін жүріп кетпек болып қалды.

— Жарайды, ал шомылайық.

Ертеңіне бұлар жүріп кетіп еді, даулы жер —«Құланөтпес», «Соналы», «Жақсы көн» дейтін, үшеуі де Қорғалжын көліне құятын үш өзеншенің маңайындағы далалық екен. Осы маңайда жалпақ жатқан Арғын елдері мен бір болыс Найман елдері шектеседі. Бұрынғы бір кезде бұл Найман жері болса керек. Өр кеуде Арғын байлары оларды «Тогысқан», «Теріс аққан» аталатын орыс поселкелеріне қарай ығыстырып келеді екен. Жер беті кілемдей құлпырады. Екі болыс пен ояздың өкілі — Бурцев қанша жерді салт жүріп шамалады: жаздың жайылымға сулары мол, қысқа қарай күнгей беткейі көп бүйірлесе жатқан таулар... Жылқылы Арғын қызыға жүріп немденіп кеткелі келеді.

Екі күннен кейін кешке қарай Қенжеғара Бурцев екеуі Найман еліне жиырма жыл болыс болып келе жатқан Ақ-

келіп жеткен әйелдің үйіне келіп тоқтап еді. Бойшаң да, сымбатты әйел екен. Басында жаулық та емес, кимешек те емес, медсестралардың бас киіміне ұқсас бірдеме. Алқымында алтын түйреуіш жылтырайды. Қызыл мен жасыл гөк сафиянды оюлап тіккен Қазан етігі. Сұлу емес, ажарлы адам. Киіне білетіні де танылып тұр. Жасы елулер шамасында болу керек. Аққатша болыс осы екен.

— Бауырларым, мен сендерді кешеден күтудемін, шырақтарым,— деп есік алдына шығып қарсы алды. Соңына ере шыққан бала жігіт Қенжеғараға жымиып келіп, сәлем берді.

— Қенжеғара деген болыс сен боларсың, шырағым. Бұл — өзіннен оқып шыққан балаларының бірі,— деді Аққатша.

— Түсін шырамытсам да аты есімнен шығып кетсе керек.

— Аты — Есет, қысты күні Қараөткелден қайтып келе жатып телеграмма бағанасын ықтап бүрісіп отырған жалба-жұлба бір бала кездеспеп пе еді? Сол балаң осы, менің хатшым.

Бала жігіт жымиған бойы Қенжеғараға жақындай берді. Әкесін сағынғандай, мойнына асылғандай кейпі бар еді. Қенжеғара оны өзіне қарай тартып арқаға қағып-қағып қойды.

— Апаңды ренжіткен жоқсың ба, қалқам?

— Жоқ, жоқ,— деді Аққатша,— зирек-ақ. Оязға да жауап қайтара алады. Ояздан келген адамдар да ылғи мақтап кетеді.

— Бұл баланы мен де білемін,— деді Бурцев те сөзге араласып.— Болыс сайлауларында екі рет орысша — қазақша тілмәшіміз болды.

— Қап, өзіме де осындай бір зирек хатшы керек болып жүр еді,— деді Қенжеғара қалжыңдай сөйлеп.

— Жоқ, жоқ, бауырым, «Құланөтпес» пен «Соналыны» қоса алып кетсең де, баламда жұмысың болмасын, шырағым. Саған еліктеп біз де екі-үш мектеп ашып едік. Соның біреуінде Есет орысша сабақ береді.— Бала жігіт мардамсып қалғаны сонша. Қенжеғараның қасынан шегінген жоқ.

Мандан бері есік алдынан ұзай алмай тұрған тоғызондағы жас бала бері келіп Қенжеғараға сәлем берді. Қейіп-кескіні Аққатшаға тартыпты, аумайды.

Қенжеғара баланың мандайынан сүйіп, оны да арқаға қағып-қағып қойды. Бала қуанышын шешесіне қарап көздерімен айтып тұр. Қысылыс-қымсыныс жоқ, еркін де сенімді тұр.

— Оқып жүр, орысша да, қазақша да оқиды.
— Инженер боламысың, болыс боламысың?
— Инженер боламын,— деді бала, кідірген жоқ.
— Атың кім?
— Кенжеғара!..
— Адас болып шықтық қой.
— Күйеу балам бұл туған кезде қасқыр алатын иттің күшігін асырап алған екен. Соған орай баласының атын Қасқырбай қоятын болдық деп келіпті.
— Кет әрі! Қасқыр аз болып жүр ме еді? Адам болсын десең баланың атын Кенжеғара қой дедім. Сол адасың осы. Қәне, үйге кірейік.
Киіз үйге кіре бере Кенжеғара:— Апыр-ау, сіздің үйді апам келіп жинасып кеткен бе?— деп қалды.
Уықтың иығына дейін сіресіре жинаған жүк те, жоқ. Керегенің басына жеткізе ұсталған ораулы шилер үйдің екі босағасына дейін түгел жетіп тұр. Біріне-бірі тақай ұстасқан шилердің астасқан жеріне көз ілеспейді. Қызылды-жасылды төрт бұрыштап жасалған орауларда ине шаншар жік жоқ. Дала гүлдерінің барлық әдемі иістері осы үйде түгел аңқиды.
— Қарағым, Кенжеғара, атағың ел-жұртқа жайылған баласың ғой. Сенің шешенді алыстан болса да жақсы білеміз? Он саусағынан өнері төгілген адам дейді.
Кешкі шай үстінде Аққатша болыс өзінің бір дүдәмалын анықтап алғысы келіп:
— Қарағым, Кенжеғара, сені бір қара жұмыскердің қызына үйленіпті деп есітеміз. Біреу таңданады, біреу таңданбайды. Әркім әртүрлі жорамал жасайды. Мен сенің тілектес апаң екенімді айтып жатырмын ғой. Осы жұрт күні ертең менен сұрамай қоймайды. Осы жайынды айта отыршы...— деді.
— Апай, өзіңіз қалай ойладыңыз деп сұрасам ұят болар ма екен?
— Мен өзімше жорып, Кенжеғара сияқты жігіт нары, әрі оқыған жігіт байлыққа да, атаққа да қызықпаса керек. Сүйгенін алған шығар-ақ, дедім.
— Өз шешемнің ойынан шығыпсыз, Аққатша апа, солай болды.
— Ел жарықтықта қысы-жазы көп жұмыс жоқ қой, үш жылдан бері анда-санда сендерді әлі ермек етеді, «Сүйгенін» деген сөзге құлақ аса бермейді.
— Өзіміздің елде де тап осылай.
— Анар сұлуды алған жігітке байлық не керек!— деп Бурцев мақтау айтты.

Мұнда ... — бір жақсы өнерге болар жастарға!— Ақкатша ризашылығын айтты.

Кешінде бір жолдасы бар Тайжан ақын келді. Ол әрі сыпырып салма ақын, әрі әнші еді. Сонысына орай аққарын, жұғымды да үйірсек жігіт болатын. Келген бетінде үйіріле кетті.

— Айналайын, Аққатша апа, Қенжеғара болыс маған бір соқпай кете алмас дегенің есімде болатын. Осы үйге бір пар ат жеккен қонақ келіп түсіп жатыр дегенді естідім де, кербестіні ерттей бастадым. Қенже-аға, бұрын көрмесем де тани кеттім ғой. Ассалаумаликум!— деп қол берді.

— Сені мен де танығам болайын. Сен Тайжан ақын емеспісің?

— Әйелді әйел сынайынан таниды, еркекті еркек сонадайдан таниды дегендей, сіздің тани кеткеніңіз мен үшін үлкен мақтаныш. Бірдеме-бірдемені шатпақтайтыным бар еді, енді амалым қайсы, болып көремін де...

— Нағашың атақты ақиық Ыбырай ақын. Сен ақын болмағанда кім ақын болады? Боласың,— деді Аққатша.— Қенжеғара, жүгіріп барып Нұрғожаның домбырасын әкеле қойшы.

Атақты зерттеуші Семенов-Тяньшанский «қазақ әнін, қазақ домбырасын тыңдай білу керек» дейді. Әуелі бірыңғай ғана қоңырқай естілгенімен әрі-беріден соң әлде мұң-мұқтаждықты, талас-тартысты, серуен-сейіл, көңіл-күйлерін жан жүрегінді тебіренте жеткізеді дейді.

Ағын су дүние жүзінде бар халықтың тілдерінде сөйлей ағады. Музыка да сондай, қазақтың ән-күйлері де сондай. Оны түсіну үшін ешбір халыққа аудармашы керек емес. Түсінбейтін пенде ән-күй былай тұрсын, ана тілінде айтылып жататын сөзге де түсінбейді. Оны қазақ миқұла дейді.

Тайжан ақын — аты шыққан домбырашы екен. Атығай-Қарауыл атақты әнші-ақындарымен бірінші орын алса, Найман әлі қобызшы, домбырашыларымен атақты болатын. Домбыраға тағылған ешкі шектері жалған-жаңылысы жоқ таза дыбыс, балғын үн төге бастады. Осы тұста әнші — ақын жас Тайжан домбырасына өзі де қосылып кетті.

Тайжан кең кеуделі балуан денелі, даусы күшті жігіт еді. Әнді арқаға қағып, еркелетіп салатын сияқты. Әннің жоғары-төмен құйқылжуында үзігі жоқ, есіліп-бұралып еркін шығады. Әнші тіпті дем алмайтын сияқты. Тайжан өзімдікі деген бір ән салған жоқ. Балуан-шолақ, Біржан, Ақан сері, үкілі Ыбырай, Сегіз сері, Сұраған әндерін кезектестіріп айтты. Әндер біресе санқ етіп көтеріліп, біресе «алыстан сермеп, жүректен тербеп, шымырлап бойға жа-

йылатынын» Қенжеғара бүгін естіп отыр. Оның өскен топырағында бұл бір білмеген, сезінбеген нәрсесі екен-ау... Осы әндерді үлкен жиында, ат үстінде осындай әнші салса қандай әуелеп кетер еді.

Келесі екі күн бес болыстың съезіне кетті. Алдымен Аргын, Найманның жер дауы қаралды. Ояз бастығы Қенжеғара мен Қаракесек болысының қорытындысын қарап шықты да, екі елдің дау иелеріне кезек-кезек сөз берді.

Осы жерде бұдан қырық жыл бұрын арғыннын Жамантай деген байының асы берілген екен.

— Жер біздікі болмаса Жамантайдың асын Найман жеріне әкеліп жасайтын жынданған арғын болған емес. Асты өз жерінде берген.

Одан отыз жыл кейін анау отырған Аққатша ұзатылып келгенде той тап осы жерде болған екен де... Сол тойда анау отырған Тайжан ақынның әкесі — жас балуан, арғын жағының түйе балуаны аталған Сартай деген балуанын Құсбек аға-сұлтанның алдына апарып соғып жібергенде, арғын балуанының ортан жілігі үзіліп кеткен екен...

— Балуандарыңды түйеге артып әкеткендеріңді неғып ұмытасыңдар? Бұл біздің жер болмаса торқалы тойымызды арғын жеріне апарып жасайтын бұл елде де жынданған адам болған емес.

Жер дауы кешке дейін осылай өрбіді. Әрі жер дауы, әрі намысқа тиетін шанышқы сөздер қосарланып барады. Ояз бастығы отырмаса қызылшеке төбелес болары даусыз-ақ.

Қазақ дауларының бәрі де осылай әлденені көлденең араластырып алады да, жылдар бойы келісімге келе алмай созыла береді: аяғы барымта, сыдырымта, өрт, кездескен жерде төбелес.

— Қемесиенің ойын білгіміз келеді. Екі болыс, бір орыс кемесие болып даулы жерді көріп, біліп келді емес пе? Олар не айтар екен?— деген дауыстар көтеріле-көтеріле шықты.

— Ие, ие, кемесиенің ойын естиік те, құр кенірдектесе бермей.

Қенжеғара тұрып Омбыда шығатын «Дала уалаяты» газетінен бір мақаланы оқи бастады. Онда былай деп жазылған екен:

Іргелес отыратын арғындар мен жағалбайлы елі бір жерге елу жылдай таласып, кезек-кезек жеңіліп, кезек жеңіп жүреді екен. Араларында талай-талай қанжоса төбелестер, шеткі ауылдардың әйелдерін тартып әкетулер де болған. Барымталасуда сан болмай кетіпті. Содан соң Горғай уезінің бастығы талас жерді арғындарға да, жағалбайлыға

да бермей, сол маңайдағы аз ел қыпшақтарға беріпті...— деп, Кенжегара аз ғана кідіргенде, кейіп отырған жұрт қаркылдап күле бастады.— Сол керек оларға!

— Күлетін жері кейін,— деді Кенжегара.— Сонда арғын жағы да, жағалбайлы жағы да «маған жоқ болса, саған да жоқ!» деп той жасапты,— деп тоқтады.— Ал, енді күле беріңдер! Комиссияның ойлары ояз бастығының қолында. Кезінде естірсіздер.

Қалың топ таңданарлық мінез көрсетті. Тым-тырыс болды да қалды, күлген жоқ! Тегінде тұспалдамаға түсіндіау,— деп ойлады Кенжегара.

Сөз Аққатшаға берілгенде, ол кісі ұзақ сөйлеген жоқ. Сонымен бірге келісімге аларлық ойлар айтты.

— Осы екі ел осы жерге қырық-елу жылдан бері таласуда. Жылына ең кемі екі рет билерін, шешендерін алып келіп сөз жарыстырады да әр жиналғанда он-он бес қой жеп, еш байламға келе алмай тарасып кетеді. Екі арғын бір найманға кездессе болды, сабап кетеді. Екі найман бір арғынға кездессе, олар да сабап кетеді. Мен ес білгелі бес рет барымталасу болды. Бірінің-бірі егіндеріне жылқы жайып, жастай таптап кететін мінездері де бар. Ең шешетін мәселе – осы екі елдің шекарасын не өзенге, не тау-таска тіреп бекітіп берсеңіз екен,— деді ояздың бетіне тура қарап.

— Ондай шекара боларлық өзендер, таулар бар ма?

— Бар. Шатырлы, Аймысық, Арқалық, Ескене таулары шектесіп жатады.

Ояз бастығы комиссияның қорытындысына сүйеніп сол тауларды екі елдің шекарасы деп бекітті де, дау иелері тарасып кетті. Бұл съезд Аққатшаның съезі болды ғой десіп күңкілдеп тарасып барады...

Мектеп әңгімесі де ұзаққа созылған жоқ. Дегенмен діншілдердің әр болыста да бас көтеріп, елдің балаларын дін жолымен оқыту керек дегенге ере бастағандар қай болыста болса да жеткілікті бола бастаған екен. Кенжегара өз болысында болған екі оқиғаны болған күйінде баяндады. Тұрсынбай ақсақалдың айыбын жумақ болғанын да қосты. Тыран бай осында отыр. Өзінен сұрауға болады,— деді де тоқтады...

Ояз бастығы Никулин тегінде мәдениетті, жұмсақ адам діншілдердің әрекеттеріне қатты түйіле сөйледі.

— Біз дінге қарсы емеспіз! Пажалыста, намаздарынды оқи беріңдер, оразаларынды ұстай беріңдер, мектепке тиюші болмандар: мектеп қазынаның мүлкі, мұғалімдер қазынадан жалақы алады. Бұған қол тигізгендерің түрме

барын да ескеріндер. Діни медреселерінді өздерің салып алыңдар. Бір той жасағанда бостан-босқа қанша мал қырасыңдар, соның бестен бірін шығарсаңдар сол жетеді ғой бір мектеп салуға!

Бұл айтқандары ешкімнің құлағына кірмей кетіп жатқанын түсініп, ең үлкен айыпкер деп танып Тыранға төнді:

— Сен неге қазына мектебін талан-таражға салып жүрсің?— деп қадала сұрады.

— Мен емес, тақсыр, ауылдың ақымақтары. Лұқсат етсеңіз, өзім не істегенімді айтар едім...

— Не істедің?

— Мектептің бүлінген жерлерін Жартас поселкесінен ақымақтардың ақшасына екі орыс жалдап, түзеттіріп жатырмын. Он бес түп ағашты қыраткан екен, күзді күні отыз ағаш отырғыздырамын. Оған шамам келеді. Мұғалімнің қалтасына екі аттың құны — елу сом ақша салып беріп, пар атпен Ақмолаға жібердім кітап әкелуге. Бір ат өзімдікі. Енді неміз жетпей жатқанын болыс мырза өзі көріп, жарлық — әмір етсе, бәрін де өз калпына келтірем. Алдынызға басымды идім, тіземді бүктім, тақсыр.

Ояз бастығы Кенжеғараға қарады. Ол Тыранға да естірте «бұл адам уәдесін орындайды» деді.

— Орындағаннан кейін барлық материалын маған жіберерсін.— Ояз қайтадан жұмсарып кетті.

Болыстар съезі өткеннен он шақты күн кейін, Карно мырзаның шақыруымен Кенжеғара тағы да Ақбұйратқа келіп еді, арбадан түсе бере тағы таңырқап қалды. Мәндайша адресі тағы өзгеріп кеткен екен. Өзге лауазымдарын былай қойғанда,—«Карноның мыс қорытатын Ақбұйрат заводы» деп жаңартыпты.

Анау күні ғана «фон-Штейннің заводы» деп жазылғаны Кенжеғараның есіне түсті. Бірақ сол он күннің ішінде болған іске бойы үйреніп болған екен. Жүрегі шыр ете түскен жоқ, тек жат қолына көшкен өндірістердің нағыз иелерін, болашақ күндерінің ызғарын сезінді...

Кеңсе маңайында бес-алты ұзын-сирақ жігіттер тұр екен. Киінген түрлеріне қарағанда бәрі де жат елдерден келдік деп тұр. Кенжеғараны ешкім қарсы алған да жоқ.

Жаңа мәндайшаға көзін тіге қойған Кенжеғараға қарап:

— Оқып тұр,— деп біреуі мысқылдап күлді. «Оқи алмайтын неме, оқыған болып тұр», деп күліп тұрғаны анық сезіледі. Қарқылдасып күліседі —«Оқып тұр!»

— «Қошқар жат қораның қақпасына қарап тұр!»— деп тағы бірі қарқ етіп қалды. Содан кейін бәрі қосыла қар-

қылдасып кетті. Кенжеғара бұлардың тілдеріне түсінбесе де, маңақтап тұрғандары өзі екенін түсінді. Үндеместен залдың кешесіне кіріп кетті.

Кешеге кіре бере Кенжеғара тағы да таңданды. Бастық отыратын жазу столының ортан белінде бір ашаң жүзді жаңа адам орнығып алыпты. Кескін-келбеті жоғарғы қауымнан шыққанын аңдатады. Мұрындылау, нектілеу, киінген түрі де келісімді. Иықтарын кере шалқалай отыр. Столдың бір басында Карно отыр да, бір бұрышында Касаткин түрекеліп тұр. Анау күні столдың ортан белінде Карно, екі бұрышында фон-Штейн мен Касаткин еді. Ол жағдай өзгеріп үлгіргені де... Фон-Штейн жоқ.

Карно Кенжеғараға ұзын столды нұсқап:— Отырыңыз,— деді. Қол алысу елтифаты тоқтатылған ғой тегі... Карноның жүзінде әлдекандай ынғайсызданғандық белгісі бар екен. Төмен қарай береді. Көгілдір қағазға ат суретін салып отыр.

Кенжеғара ұзын столды қабырғалай келіп отырған соң, үлкен бастық естілер-естілмес дауыспен Касаткинге бірекі-ақ ауыз сөз айтты да, терезеге қарап кетті. Күлді. Көкөзектен қарама-қарсы өте бергенде екі қазақтың арбалары, донғалақтарымен килігісіп қалыпты. Арбаның иелері өгіздерінің үстінде, керкілдесіп ұрсысып отыр. Өгіздерінен түсе қалып арбаларын айырып алуға болады ғой. Жоқ, олар оны істер емес. Кімнің әкесі жаман, кімнің шешесі оңбаған, ауылы оңбаған. Соны анықтап алғанша ешнәрсеге мойын бұра алмаса керек. Әлі тұр. Үлкен бастық осыған күлді. Ол күлкі Кенжеғараның намысына инедей қадалды.

Бастық аз ғана мойын бұрып Касаткинге иек қақты,— бастай бер!

Касаткин сөйлеп кетті:

— Компанияның бірінші бастығы Нельсон Фелль мырза сізге мыналарды ескерткісі келеді:— Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістері енді ағылшын-француз компаниясының мүлкі. Түгел сатып алынды. Компанияның арнаулы лұқсатынсыз мұнда ешкімнің келуіне де болмайды. Әркім өз мүлкіне өзі ие. Компанияның істеріне араласуға тіпті лұқсат жоқ. Келіп жұмысқа жалдануға... кіре тартатындарға ғана лұқсат бар... Өзге жаңалықтарды ояз бастығы хабарлайтын болар.

— Бастығыңызға екі ауыз сөз айтуға бола ма?— деді Кенжеғара Касаткинге.

— Жоқ!— деді Касаткин.— Маған айтуыңызға болады, бірақ мен сіздің не айтқаныңызды бастыққа аудармаймын. Лұқсат жоқ!

Кенжеғара үйден шықты да жүре берді. Ауыз бөлмеде қырықтарға келген баласы мен кәрі Жұмабек төре отыр еді, оларға да қараған жоқ.

Бұдан екі жеті кейін Кенжеғараны ояз бастығы шақыртып алып бірден екі соққыны қатар жариялады:

— Қымбатты досым, менің саған айтар зұлымдық хабарларым өзіме де зілдей ауыр тиіп жүр. Үш күннен бері аузыма түсетін екі сөздің бірі ылғи боқтау...

— Ішіңіз жеңілденсін, бөліп алайық, айта беріңіз...

— Сен де бейғам адам болып шықтың!.. Бұланбай ауылын Қарағандының жеріне салдырыпсын ғой?

— Жоқ, ол баяғыда сатылған елу шақырымның сыртындағы жер.

— Кәрі жалмауыз Рязанов өлерінің алдында тағы қырық шаршы шақырым жер қостырып алған екен. Сенің ауылың да соның ішінде. Енді ол ағылшын жері. Бұл жерде жұмыскерден басқа жұрттың отыруына лұқсат жоқ. Үш айдың ішінде көшемін деп маған қолхат бересің! Бір де!

— Жарайды, бір...

— Екінші, сен қазір отыра қалып маған «болыстықтан босатсаңыз екен» деп арыз бересің. Мен сені босаттым деген приказымның көшірмесін бағынышты генерал-губернаторымызға құс қанатты почтамен ұшырып жіберемін. Ол пакет жеткенше Сухотин мырзаның басы жастыққа тимейтін көрінеді. Мұның түбі қайдан шығып жатқанын түсінемісің? Жақпай қалсам, ағылшындар бір күні мені де ұшырып жібереді... Жүр, біздің үйге барып шай ішейік...

6

Бұл жолы Кенжеғара еліне қоңыраусыз қайтты...

— Мистер Паульсон!— деді Қарағанды өндірістерінің ендігі иелерінің бірі ағылшын Нельсон Фелль сол өндірістерді басқаратын Павловичке қарап. Көзқарасы жұмсақ, үні ойнақы шыққан соң Павлович әлде неден үміт етердей жымия тыңдап қалып еді.

Фелль не айтарын ағылшын тілінде айтты да, әзірше тілмәштік қызметін қоса атқарып келе жатқан инженер Касаткинге иек қақты:— Аудар!

Касаткин аудара бастады:

— Мистер Паульсон, мен бүгінгі күннің дәл қазіргі сағатында басталып кетуге тиісті бір іс тапсырғандай сезінемін... Сонымыз немене еді?— дейді Фелль мырза...

— Кешіріңіз қадірлі Фелль мырза,— дей берді де Пав-

лович, үні үзіліп кеткендей, тоқталып қалды. Бағынышты күшшшшың не айтқанын басқа біреу миына шеге қаққандай қатағалап аударып тұрғанда, құдайыцның өзі сенің көзіңнен көзін аударып бақылап тұрса, оған шыдау қиын болады екен. Павлович қос жауырынның орталығында суық тердің бұрк ете түскенін сезінді. Сұлік пе дерсін. омыртқаларынды санай жылжып барады. Әрине, сұйық зат жоғары қарай жылжымайды...

Тілің байланып қалса да бастыққа жауап бермеске шаман қайсы, Павлович айтайын дегенін тағы қайталай бастады:

— Кешіріңіз, қадірлі Нельсон Фелль мырза... Сол жұмыс, амал жоқ, ертең басталғалы тұр...— деді. Даусы өзінікі емес, үйіндегі ас-басшы кемпірдің даусындай үздік-үздік, ірік-ірік шықты.

— Оны сіз өзіңіз ғана солай шештіңіз бе? Біздің де білліп отыруымыз керек болар-ау деп санамадыңыз ба?

— Кешіре көріңіз, жоғары мәртебелі Нельсон Фелль мырза... Үй салушылар ертең ғана келе алатын болды.

Фелль азырақ езу тартқан сияқты... Тіпті жайбарақат отыр-ау... Ешнәрсені асықтыратын кешірмейтін түрі жоқ. Қандай жұмыс болса да бірер күн кешігіп басталғанында тұрған не бар!.. Ағылшындарға жағынамын деп Қасаткин өз бетімен қуырып бара жатыр. Қазақта болыстың өзінен гөрі поштабайының боқтағаны қатты батады деген мақал бар екен. Қасаткин де сондай жандайшаптың бір түрі ғой!..

Қасаткин иесінің еріндерінің тағы бір жыбыр еткендерін аударып берді:

— Жақсы, мистер Паульсон...— депті Фелль,— қанша уақытты каникулға жіберсеңіз де еркіңіз білсін... Тек қандай жұмыс болса да кесімді уақытында бітіп тұрғаны дұрыс болар еді. Ал енді бос өткен күндерді сіз де, біз де есептей жүрелік. Ондай көңілсіз жағдайлар түптердің түбінде ақшаға бір соқпай кетпеуі де мүмкін... Солай емес пе, мистер Паульсон?— депті.

Қасаткинге осыны баптап тұрып айтқызды да Фелль терезеге қарап кетті. Қасаткин де солай бұрылды. Екеуі де Павловичтен жауап күтпейтін болғаны ма? Енді не істеу керек? Кете берсе қайтер еді? Онда Қасаткин «Тоқта!» деп ақырып қалса құлағын жарылып кетпес пе?..

Павлович ұзағырақ тұрып қалды. Фелльді ішінен балағаттап тұр. Неткен рахымсыз, қандай сұрқия адам! Бетаузы күлімдей отырып, ойнақы үнмен де осынша қаны тамған қатал сөздерді қалай айта алады екен! Марқұм Ряза-

нов та аяушылық, рахым, мейірім деген түсініктерден хабарсыз болатын. Бірақ мына қуаяқпен салыстырғанда ол адам екен-ау! Әттең, жалақыны орыс байларынан екі есе артық беретінін қайтерсін!..

Павлович (Фелльдің қойған аты Паульсон) қырық жыл бойы өндіріс иелерімен істес болып келе жатса да оларға адамгершілік қасиеттердің тұрғысынан қарауға болмайтынын түсінген емес. Павловичтің өзі де, ар-ұят, адалдық, намыс, туған ел, отан дегендерінді қысқа күнде қырық сатып отыратын саудагердің баласы. Әлде қалай жаны қысылғанда болмаса адамгершілік деген ұлы дүниенің бар-жоғын өзі де сезінген емес. Қазір ол жер жүзіндегі бірінші отаршыл елдің алтын қармағына ілегіп қалып, оның темір шеңгеліне көндіге алмай жүр.

Бұл кезде Англия жер жүзіндегі ең бай, ең үлкен империя. Қырық бес миллион халқы бар аз ғана ел, үш жүз миллион халқы бар елдерді басып алып бағындырып үйренген ел. Басып алған елдердің халықтарын адам қатарында санаған да емес. Әсіресе африканстар мен азиаттар құл орнына сатуға, сатып алуға ғана жарайды. Ақысыз-пұлсыз қара жұмысқа салуға жарайды. Өлсе құны төленбейді. Сол не бары. Олар құл жұрттар. Адам мен маймылдың аралығындағы жабайылар...

Ағылшын миллионерлері үшін басқа елдердің жер байлығын сатып алып пайдалану дегеннің өзі Россия топырағында жаңа туып отыр. Олар үшін осының өзі амалсыздан көнетін кемшілік. Нельсон Фелль сол империя байларының бірі.

Фелльдің Паульсонды бүгінгі шақыртып алған себебі «Бұланбай ауылына» байланысты болатын. «Ағылшын жерінен» бөтен адамдар көшірілетін болған соң, ол ауыл өзінен өзі ыдырап кеткелі тұр. Кенжеғараға еріп Жаназар поштабай, атшы Шаяхмет көшкелі жиналып жатыр. Бұланбай мен Алшағыр үйлері болса болмаса да көшеді. Қолбан мен Байжекеннің үйлері де ойлануда. Осы жағдайларға байланысты сол ауылдағы жартылай интернатты мектеп те жабылмақ.

Нельсон Фелль сол мектепті тезбе-тез Ақбұйратқа көшіріп әкелуге бұйрық беріп еді. Балаларын емес, мектептің өзін! Мектептің үйін ғана!..

— Бірінші август күні сағат он бесте екі бөлмесіне Эрнст Карно мырза, үш бөлмесіне мен, бір бөлмесіне инженер Касаткин кіретін болайық,— деген. Сол құрылыс бүгін басталмақ еді. Үй салушылар келмей қалыпты.

Тұра-тұра Павловичтің аяғы талды. Фелль мен Қасат-

көп төрешіндегі көпір жаққа қарап әлденелерді бей-жай әңгімелесіп, бей-жай күлісіп қояды. Қасаткин шұғыл бұрылып

— Мистер Паульсон, әлгі... болыс болған қазақ үйін көшіріп әкетті ме?— деп сұрады.

— Көшіріп апарып алдақашан қысқы үйлерін салдырып жатыр. Қабырғалары көтеріліп қалыпты.

— Қай жерге?

— Нұраның арғы бетіне. Жақсы жер. Көлі де бар... Шабындық белуардан.

— Одан басқа қанша адам көшіп кетті?

— Оншасын анық білмеймін. Әйтеуір алты-жеті киіз үйлі ауыл тұр.

— Бекберген сұлтаннан не хабарың бар?

— Ол да кеше келмекші еді. Кешікті ғой...

— Герцог Бекингем сұлтан подрядчик деген кісіңіз ағаң суға құлап бара жатқан адам емес пе?— деді Нельсон Фелль иегімен көпір жақты нұсқап. Қасаткин де солай қарай шұғыл бұрылды. Павлович мойнын да бұра алмады. Көпір жақтан бұған тағы бір пәле жабысқалы келе жатқандай сезінді.

— Одан басқа адам көпірден өтерде кірешілермен жолға таласпаса керек,— деді Фелль тағы да.

Ие, сол Бекберген сұлтан екен. Пар ат жеккен тарантастың оң жақ арткы доңғалағы көпірден тайып кетіпті де күпшегінен суда тұр. Тарантас оң жағына қарай бір жамбастап барып білегімен тасқа соғылып отырып қалыпты. Сұлтан өзі, үстінде одан басқа бір қазақ кимейтін алтын жағалы қара мақпал шапан, бөкселіктен батпақтап қалғандай қозғала алмай мықшиып отыр. Тарантастан түсейін десе оң жағында өзен, сол жағында жұбын жазбай кіреші арбалары өтіп жатыр: түсе бергенінде шапаныннан сүйреле кететін хауіп бар. Көшірі арбадан түсіп аттардың тізгініне жармасып тұр.

— Ананы құтқару керек те...— деді Фелль. Павлович есіктен атылып шықты.

Бекберген сұлтан қызық адам. Жеті ру елу үйдің атынан сайлаушы болуға таласты, бес рет ауылнайлыққа таласты, биыл үшінші рет болыстың орынбасарлығына таласқалы жүргенде Павлович кездесіп, оны елден жұмыскер жинайтын подрядчик етіп алды.

Жаратылысында бақ құмар адамды Нельсон Фелль тіпті шелитіп жіберді: «герцог Бекингем подрядчик сұлтан» деген лауазым берді. Бекбергенге үлкен мадақ, Фелльге,

рине, мазақ қой. Сонымен Паульсон, Бекингем деген бірі орыс, бірі қазақ екі «ағылшынымыз» болды.

Күн жылы, ауа дымқос, киім ауыр, «герцог Бекингем» сұлтан қатты терлеген екен. Өзі тар бөлмеге кірешінің екі иізінің солығын ала келіпті, демін әрен алады.

Фелль терезеден қарап тұрған бойы тұра берді. Қызық емес пе: Паульсон барды да Бекингемді жағасынан сүйреп арбасынан жұлып алды да жүре берді. Подрядчиктің атарбасын шығарысып беруге мойнын да бұрған жоқ. Кірешілер де жәрдемдесер емес. Атшысы пар атты ұстап тұрудан басқа не істей алады?

Тағылық деп осыны айтпай ма? «Бекингем сұлтан» ғой кеше келе алатын адам. Келе алмауына түк елеулі себебі жоқ. Бүгін міне кешіккен күнәсін түзеймін деп шұбап келе жатқан кіреші керуенге келді де килікті. Аяғында не болды? Паульсон ше? Оған да бір күн кешіккен деген дәнеме емес. Не үшін бүгін бітіруге болатын істі ертеңге қалдыру керек! Жабайылық деген осындайға мән бермеуде ғой! Мен жабайылық пен тағылықтың арасы онша алшақ деп ойламаймын.

Фелль Қасаткинге бұрылып.— Сұрашы не бітіріп келді екен?— деді.

— Неше жігіт әкелдің?— деді Қасаткин Бекбергенге.

— Бір жігіт те әкелгенім жоқ. Бес ауылнай елді араладым. Қайда барсам да ауылнайлары — заводқа жұмыскер керек болса бізден сұрасын. Өзіміз тауып береміз деп ауылдарын аралатпады. Өзімді сабарманға келгендері де болды...

— Қасаткин мырза, бұл халықты тағы жұрттарға қосуға болмайды дегеніңіз қайда?— деді Фелль езу тартқан қалпын өзгертпеген бойы.

— Мен әлі де сол ойдамын.

— Қалжың болар оныныз?

— Жоқ, қалжың емес.

— Мен бұл сөзіңізге сенеді екен деп ойламаңыз, достым. Нағыз тағы жұрт болмаса ағылшынның шаруашылығына араласам деп үміттенбеген болар еді ғой?! Солай емес пе? Дегенмен генерал-губернатор Сухотин мырзаға біздің істерімізге ешкім араласпаса екен деп жазып жіберген дұрыс болмас па екен?

— Жақсы... жазайын.

Фелль үшін қазағың былай тұрсын, орыс мұжығының өзі тағыларға қосылатын еді. Ол тәуелділіктен босанғалы әлі жарты ғасыр болған жоқ. Онда да өз күшімен босанған жоқ, патшасы босатты. Ал орыстың Александр деген

патшасынан біздің Виктория королевамыздың әсері болмаған деп кім айта алар? Орыстың мұжығы түгіл патшасының өзі де тағы жан. Тағы болмаса өзінің Алтайдағы алтын-күміс кордасын сатып жіберер ме еді! Ешкім көз алартпай тыныш отырған заманда Аляскаңы сатты-ау Америкаға! Шаршы километрі бес-ақ доллар! Тап осы жердің ұшан теңіз байлығын өз қолдарымен ала алмай бізге сатып отыр! Мұның да шаршы шақырымы қымбатқа түскен жоқ: жеті-ақ сом! Мына шошқадай семірген Бекингемдерді айдап әкеліп жер қазуға салса, алтынның бір пұты бір шелек картошкадан қанша қымбатқа түсер еді? Тағылық белгілері қой болып маңырауда, шошқа болып қорсылдауда емес!

Россия халықтары туралы осындай ойларын бұлжымас қорытынды ретінде бір шумақтап тастады да, өзінің күнделігіне көшті:

— Сонымен мистер Паульсон, сол жалғыз үйді көшіріп әкеліп өзінің орнына орната қою тағы бір күн кешігіп орындалатын болды ма?

— Солай болып тұр, Фелль мырза... кешіріңіз,— деді Павлович, басындағы қалпағын жұлып алып бас иіп.

— Сол бір күніңізге ондаған күндер қосылып кететін себептер кездеспес пе екен, мистер Паульсон?

— Әзірше ондай кедергілер байқалмайды...

— Мысалы, үй салатын орыстарың бір күні шөп шабамыз, егініміз пісіп қалды демес пе?

— Ондайлары болады, Фелль мырза, кешіріңіз...

— Одан кейін жаңбырларың, одан кейін қыстарың келіп қалмас па?

— Кейде солай да болады.

— Олай болса үй кесімді мезгілінен он күн бұрын бітетін болсын! Барыңыз!

— Рахмет, Нельсон Фелль мырза...— Павлович атылып шықты... Оның бір желкебай жеп кетіп бара жатқанына «Бекингем» сұлтан қатты қуанып қалды. Жана ғана өзін тарантастан сүйреп алғанда Павлович та мұны сілейткен. Орыс боқтауының қазақ үшін ең ауырлығы шешене тие басталуында ғой. Павлович аянған жоқ-ты...

Фелль, баяғы сол жымиғандау қалпымен, жұмсақ қана үнімен «Бекингемге» бұрылды:

— Герцог «Бекингем» сұлтан, сіз үш күнде екі жүз жұмыскер айдап әкелемін деп сөз байласқан едіңіз... бірер күн кешігіңкіреп оралдыңыз білем...— деді.

— Солай болды Пел мырза... Өзім де ұялып отырмын.

— Сіздерде ұялған адам не істейді?

— Тағы бір сынауыңызды өтінемін, Пел мырза, оспеден кертсік!..

Герцог деген әйтеуір бір ұлықтау екенін Бекбергеннің іші жақсы сезінетін еді, енді соны Фелльдің өзін ұлықтауға сұғып кеп қалды.

Қазақ даласының қойнында мол байлық жатқанына көзі жеткен ағылшын-француз капиталистері теңбе-тең қаржы шығарып акционерлі компания құрған еді. Фелль Нельсон сол компанияның уәкілі. Компания бұл жердегі өндірістердің бәрін де орысша емес, өздерінше ағылшынша қайта құруға ұйғарған. Сол қайта құру кезеңіне түгел атқарып болғанша Нельсон Фелль мен Эрнст Карно тең праволы басқарушылар еді. Бірақ Карнодан гөрі Фелль іскерірек пе қалай, басқару жұмыстарын сол меңгеріп әкетіп барады. Оның қазіргі қолға алып жатқаны екі мәселе: 1) Қандай тапсырыс болса да кесімді уақытында орындалу керек. 2) Жұмыскер жалдау жұмысын түгелімен өз қолына алу.

Фелль осы қу далада өндірістерін басқарып отырмақ емес. Жұмысты ағылшындарша істеу тәртібін орнатқан соң Лондонға, жоғары дәрежелі адамдар қоғамына қайтады, әрине. Бірақ, ағылшынша тұрып көрмеген анайы елдің, тағы даланың бөгесіні де көп екен. Қарсыласпайтын да сияқты. Патша отары болып отырған елдің сені қошаметпен қарсы алар түрі де байқалмайды. Бей-жай, енжар жатқан шексіз дала. Халқында да сол мінез. Биік таулары да жоқ, ағынды сулары да жоқ. Қирап құлап жатқан ескілік мұралары да жоқ. Қазақ даласы қызығы жоқ меңіреу шығыс екен. Осында әртүрлі инженерлік жұмысқа келген Лондон мен Париж жастары бар еді. Олар түп-түгел кетіп қалды.

— Мен үшін бұл өте қызықты жер, өте қызықты халық дейді Фелль мырза. Бүгінгі дүниеде ең қызықты жер деп ең пайдасы мол жерді, жұмыскер күші тегін жатқан елді айту керек! Ойын-сауық қызығы керек болса бір Париждың өзі-ақ жетіп жатыр. Отыр сонда!

— Топырағының төрттен бірі мыс болып жатқан жер. Өз еліндегі бір жұмыскердің жалақысына төрт жұмыскер жалдауға болатын ел. Жұмсақ емес пе? Нельсон Фелль үшін Ақбұйрат, Нілді, Қарағанды деген өндіріс орындары шексіз байлықтың алтын қақпасы! Менің қызығым пайда молдығында. Сол жетеді маған. Пайда молдығын қызықтай алмау ол да анайылықтың бір түрі. Мен болсам айтқаным айтқан, қазақ даласы — The paradise of the prospectoz (кен іздеушілерге алтын жол).

Мың жылдықтар орыстың ұлы императорының өз атынан бостандық жарлықта өндірістердің бұған дейінгі тіршілігіне өзгеріс кірмесін, Россия заң-жосықтары бұзылмасын депті. Маған бұдан қолайлы жарлық болар деп ойламаймын. Осыған сүйенемін де жұмыскер жатағы, мектеп, аурухана дегендердің бірде-біріне қол тигізбеуге тырысамын. Қалай тұрып келді, солай тұра берсін... Жатақ үй жоқ, жалақы төмен дейтін жұмыскер алдымен патшаларына арыз беріп, бізге берген жарлығын бұздырып көрсін. Осындай темір тәртіп орнап болғанша Нельсон Фелль Ақбұйраттан қозғалмаса керек.

Қатты келе жатқан жолаушының қонырауы естілді. Қонырау тас көпір үстіне шыға бере былдырлап барып тоқтай қалды. Ол жолаушы Эрнст Карно еді. Қасындағы жолдасы мен атшысын жұмсап, манадан бері қозғала алмай тұрған Бекбергеннің тарантасын көпірдің үстіне шығарып берді де, аялдаған жоқ, жүріп кетті.

Фелль мен Касаткин оны терезеден көріп жымиысып отырған.

— Демократ!— деді Фелль.— Бекингем жүре берсін, Паульсонға барсын да.

Касаткин түсіндірді. Бекберген шығып кетті.

— Әкесі президент болғанымен тегі француз болған соң ем қонбайды екен-ау!..— деді Фелль.

Инженер Карно айнымайтын ақжаркын қалпында көнілді келді:

— Барлығы ойдағыдай орындалды. Мистер Фелль, сізден причитается! Әуелі бір стакан ыстық кофе! Содан кейін, кімге не керек, сұрай беріңдер!— деді.

Касаткин екінші бөлменің есігін ашып — кофе!— деп айғай салды.

— Онда мен сұрайын. Сіз француздарша емес, ағылшындарша қысқа-қысқа жауап беретін болыңыз!

— Мақұл!

— Қаржы өсетін болды ма?

— Екі есе!

— Банкіге түсті ме?

— Өсім қосыла бастағалы он екі күн.

— Жезказғанға қанша адам қарсы болды?

— Нуль, нуль, нуль!

— Енді азырақ дем алыңыз, мистер Эрнст Карно... Кофенізді ішіңіз...

— Жоқ, сұрай берініз, мистер Нельсон Фелль... Мен ішімді біраз босатып алмасам, дем алуға шамам келетін емес.

— Өндіріс бастықтарын бекіттіріп ала алдыңыз ба?

— Бекітілді. Екінші рет қайталап сұрамайтын болып жазып алыңыз:

— Ақбұйрат мыс заводының бастығы — Герберт Хорслей, орысша жақсы біледі, кәсібі тілмаштық, ағылшын.

— Нілді мыс шахталарының бастығы — Фармен, ағылшын, ет саудагері.

— Қарағанды көмір шахталарының бастығы — Гарботль, ағылшын. Бұларға орыстан бір-бір техник жәрдемші береміз. Бұл жұмыс екеумізге тапсырылды. Бұл айтылғандарға қосарым — қашан осы үш өндірістің жұмыстарын жөнге салып жүргізіп жібергенше сіз бен біз осы арадан табан аудармай отыра тұрамыз...

— Бастықтардың бәрі де ағылшындар екен. Француздар табылмаған ба?

— Бұл ағылшындардың бәрі де Россияда қызмет ететін адамдар екен. Россияда қызмет ететін француз инженерлері табылмапты. Ағылшындарымыз да өндіріс мамандары емес, ұсақ тіршіліктің адамдары деседі. Ағылшындардың ішінде де әртүрлі адамдар болғаны ғой.

— Омбыға соқпадыңыз ба?

— Үш күн болдым. Генерал-губернатор мырза үйіп-төгіп сізге көп-көп сәлем айтты. Компания орталық қордан алып үлкен сыйлық жіберіп еді, тапсырдым. Әбден риза болса керек, келер күні қонаққа шақырды. Мені губернаторшаның қасына отырғызып еді, француз тілін қалай бұралауға болатынын өз құлағыммен естідім. Тағы бір стақан кофе болса генерал-губернатор мырзаның бізге қонаққа келетін болғанын да айтар едім...

— Ау, ау, сіз не деп кеттіңіз? Не деп кеттіңіз, құрметті легион орденінің кавалері, әулие Станислав орденінің командоры, депутат болған тау-кен инженері, Француз республикасының президенті болған адамның баласы Клод Эрнст Жан Карно мырза, сіз не деп кеттіңіз?! Кофе, кофе әкеліңдер маған да!

Аздан соң есін жиғандай болып: сіз губернаторды шынақ қонаққа шақырып келіп отырсыз ба?— деп сұрады Фелль.

— Енді қалай? Генерал-губернатордың қонаққа келгісі келіп отырса, оның үстіне француз тілін адам ұғынбастай бұралай білетін губернаторшаның да келгісі келіп отырса, құрметті легион орденінің кавалері Клод Эрнст Жан Карно қалай шақырмасына болады!

— Тоқтаңыз, сабыр етіңізші... Губернатор губернаторшасымен келмек пе?

— Не, губернаторшасымен келмек.

— Онда мені күні ертең жөнелтіңіз Лондонға! Одан арғы күнге шыдай алмасам керек, кетемін...

— Дегенмен бір күнге шыдаңыз... Ертең менің туған күнім ғой. Соны бірге өткізіп, содан кейін бірге жүріп кетерміз.

— Әженіздің туған күні де жақын емес пе еді?

Карно қалтасынан қойын дәптерін алып ашып қарады да:

— Жоқ, оған әлі он екі күн бар екен,— деді.

— Жә, губернаторды, құрметті губернаторшасымен қай уақытқа шақырып келіп отырсыз?

— Августың бесі мен онының арасы дұрыс болар дедім.

— Келетін қонақтарыңыз қанша адам болар деп ойлайсыз?

— Отыз-қырықтан аспас...

— Сонша қонақты қайда қамаймыз деп ойладыңыз, сэр?

— Бірінші, сегіз бөлмелі үлкен үйіміз салынып бітеді. Сексен бала сиып оқыған үйге ең кемі он бес адам сыю керек. Екінші, ол күндерде барлық кенселеріміз жабыла тұрады. Үшінші, мына барақтар жақты бірдемемен бүркеу керек емес пе? Сол жақ бетке он шақты киіз үй орнатамыз. Орналастырамыз солай етіп. Төртіншім тағы бар, оны ертең болыстың орталығына барып келген соң айтамын. Есебім дұрыс емес пе?

— Әбден дұрыс! Енді менің есебімді тыңдаңыз. Бірінші, үлкен үй деген үйіңіз әлі салына бастаған жоқ. Қашан басталары да нағайбіл.

— Кешіріңіз, сэр! Ол үйді қалай да тез салып бітіру керек болады. Губернатордың қайтар алдында бір көңіл ашар сауық кешін өткізбейміз бе? Ол үй бітпесе сауық кешін өткізетін ат қорадан басқа лайықты жер жоқ қой!

— Немене?! Қырық шақты еркек, өзімізді қосқанда елу шақты айғыр жалғыз губернаторшамен қандай сауық кешін өткізбек? Осыны қалай ойламағансыз?

— Ойлау түгіл шешіп те келдім. Жаңа бекітілген ояз бастығы жас майор Норкин естіді де есінен танып қалды. Он сұлу қыз, үш-төрт музыкант алып келеді. Есте қалатын сауық кеші болады. Ояздың өзі жақын арада келіп те кетер.

— Қонақтарымызды жалаңаш иденге жаткызамыз ба?

— Үш рет ауыстыруға жететін қырық бес төсек-орын, үш рет ауыстыруға жететін тамақ ыдыстары — қасығы, айыры, ожауы, қалағы, пышағы, піспегі бәрі жолда келе

катыр. Ақшаңызды әзірлей беріңіз... Несиеге алынды. Өсімі теңгесіне үш-ақ тиын...

— Жоқ, жоқ!— деді Нельсон Фелль.— Мен өмірімде бұдан ауыр түс көрген емеспін! Кішкене саябырлаңызшы... Міне, Гаванна сигары!

— Айтпақшы мұныңызды да ескерген екемін. Мына бір пакетті ашып оқып шықсаңыз түсіңіз неғып түзеліп кетпес екен?..— Фелльге бір пакетті берді де шығып кетті.

— Мен енді кеттім. Өзенге барып шомыламын да қайтып келіп иткүркемде ұйықтаймын...

Фелль пакетте не барын оқып шықты да өзінің іскер қалпына қайта көшті. Қасаткинге қарай отырып Карноны мақтады:

— Әрі іскер, әрі өтімді адам. Әрбір адамың бабын біледі. Ешкімнің қытығына тимейді. Бір келдім, он келдім демейді, ойға алғанын орындап шығады. Губернаторды қонаққа шақырғаны қандай орынды болған. Оның бір келіп кеткені бізге бес жыл азық қой! Мұнысын мақтап жеткізе алар сөз жоқ! Солай емес пе? Дау жоқ, солай! Мистер Қасаткин, сіз мына ояз бастығы арқылы келген генерал-губернатор мырзаның бұйрығының көшірмесін Ақмола оязына қарайтын барлық болыстарға жібертіңізші. Бізге керектігінің бәрі осы бұйрықта түгел тізілген екен.

— Жақсы.— Қасаткин бұйрықты көшіруге отырды. Фелль шығып кетті.

Карно Көкөзек өзені бойынан өздеріне ғана арнаған шағын ғана бассейін жасатып еді, ұзындығы жетпіс метрдей, көлденені — отыз, терендігі әрең-әрең біржарым. Тас көп қопарылған, құм көп төселген. Аласа ғана тас бөгесін жасалған. Жаз бойы шомылуға болатын, күнге қызынатын бір жақсы жабайы жай болған да шыққан. Бассейінге кіретін есікте жоқ, қақпа да жоқ. Бірақ, бір қисық терекке ілінген тақтайда «Вход посторонним воспрещается!» деген жазу тұр.

Фелль бассейінге жақындап келіп айғай салды: кіретін билет қанша тұрады?— деді.

Карно бұл кезде құмда жатыр еді — бір сигара!— деп жауап қайырды.

— Сэр, сіз аздап болса да дем алған болсаңыз, сізбен күнделікті тіршілігіміз жайын ақылдасуға болатын шығар?

— Әуелі сигараны қолма-қол табыс етіңіз де содан кейін мұң-мұқтажыңызды айта беріңіз... Құлағым сізде.

— Мистер Карно, бүгіннен бастап мені қара жұмыс жағына аударып, құрметті таза жұмыстарды сіз түгел алсаңыз қалай болар еді?

Құрметті таза жұмыстар деп нені айтамыз?

Мысалы, қадірлі конақтардың келім-кетімі, қабылдауы, күтімі, аттандыруы... өзіңіз салып, дұрыс қиыстырып қойған үйлер, жалпы жатақ орындары, ертелі-кешті тамақтар, сауық кештері. Осыларды мен құрметті таза жұмыстар дегім келеді.

— Яғни мен номер бірінші Паульсон боламын?

— Жоқ, жоқ. Лауазымыңыз өзгермейді, керекті жерінде Паульсон түгіл Нельсон Фелльді де қай жұмысыңызға болса да жеге бересіз.

— Қара жұмыс деп нелерді атаймыз?

— Шахталар,.. көмір, көк-ала тастар... сөнген шахта пештері, көк-ала түтіндер... жалба-жұлба киінген кір, сасық жұмыскерлер... Бекингемдер... шегі-шеті жоқ Азия!..

— Маған берілетін адамдар?

— Сізге Паульсон, маған Қасаткин. Одан әрі түгел орыс империясы.

Инженер Карно кешке қарай үй салатын екі шебермен Павловичті шақыртып алды. Хал-жайларын сұрап, бір-екі ауыз жылы сөз айтып, собалақтай сигар ұсынды.

— Рахмет... біз мұныңыздың тартуын білмейміз. Аузына шылым емес басқа бірдеме сұғатындай көреміз,— деді Павлович.

— Жоғары дәрежелі генерал-губернаторымыздың келетін болғанын естідіңіз бе?— деді Карно Павловичқа.

— Естідім де есімнен танып қалдым. Әлі есімді жинай алмай жүрмін.

— Әзір естен танбай тұра тұрыңыз. Ондайымызды губернатордың келер кезіне дейін қалдыра тұрайық. Сіз қазір Қасаткин мырзаға барып генерал-губернатордың берген бұйрығын көшірмесін алыңыз да аттаныңыз. Ол бұйрық бойынша үй салушыларды қойдай айдап әкелуге болады. Он бес-жиырма емес, қырық елулеп адам айдап әкеліңіз. Он бес күннің ішінде үлкен үй аяғынан тік басып тұратын болсын. Майлау-сылауына тағы он бес күн! Губернатордың келуіне он бес күн қалғанда ояз бастығы Норкин өзі келіп қабылдайтын болады. Әне, естен танатын күніңіз сол болады!

Үлкен үйді салу жұмысы басталып кеткеннен кейін тағы бір қырық адам айдап әкелесіз. Олар екі кішірек үй салатын болады. Ол үйлер де көшіріп әкеліп қондыра қоятын дайын үйлер. Осы үш үй қатар салынып, қатар бітуі керек. Осы үйлер салынып біткенше екеумізге ойын-күлкі жоқ. Бұлар біткеннен кейін, яғни дәл бір айдан кейін, қазақ ауылдарынан он киіз үй әкеліп тігерсіз. Орнын өзім

көрсетем. Одан кейін барактар жақты түгел қоршап тұратын жүз елу қадам қоршаулар құрылады. Қоршаулардың бойында бес дәретхана болады. Қоршаудың бержағына дәретхананың есігі ғана шығатын болсын да бүкіл денесі сыртта қалсын, түсіндіңіз бе? Түсінбейтін ешнәрсесі жоқ.

Екеуміздің мойнымыздағы жұмыс осы. Бәрі екі жарым айда орындалуға тиіс! Қазір аттаныңыз. Таңертең сағат алтыда мен балта гүрсілінен оянатын болайын. Басқа сұрауымыз болмаса, хош, сау болыңыз...

Кешкі шайдан кейін Карно мен Фелль екеуі оңаша қалып еді. Бір-екі ауыз қалжыңнан кейін көп ұзамай Фелль іскерлігіне ауысты:

— Ай бойы сіз болмаған күндерде ішім пысып кетіп, мен бір мақала жазып компанияның пікір алысуына жібердім.— деді.

— Білуге болар ма екен, не жайлы жаздыңыз?

— Мақаланың атын айтсам не жайлы екені түсінікті болар деймін.

— Ие, айтыңыз.

— Аты —«Сыналған әдістер ескірмепті».

— Сыналған дегенше «Ескі әдістер ескірмепті» деген дәлірек болмас па еді?

Фелль азғана езу тартып — сіздің демократтығыңызға тиіп кетіппін бе?— деді.

— Жоқ, жоқ... «құдай сыбырлағанды естісе, сайтан сыбырламасын да естиді» дейді екен шығыс нақылы. Осы күні жұрт бүркемелегенді өшіге-өшіге шұқылайды дегенім ғой.

— Лондон қалай түсінсе олай түсінсін, мен ашық кетуге бел байладым.

— Мысалы?

— Мысалы, құлазыған қу далада отырып, қазақ жұмыскерлеріне Англиядағы жалақыны бере алмаймыз. Бір деңіз!

— Жарайды, бір.

— Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді біздің сатып алған жеріміз. Бұл жерде біздің ешбір жұмысымызға ешкім тұмсығын суға алмайды. Екі деңіз.

— Дедік...

— Әмір бір-ақ беріледі, беріледі — орындалуға тиісті!

— Орындалмаса?

— Біздің жерде орындалмаған бір әмір болмауы керек... Мейлі аспан өртеніп кетсін, берілген әмір орындалуы керек. Есіңізде болсын, бір берген әмірің орындалмаса

Африка мойнына мініп алады, Азия төбенде ойнайтын болады.

Сіз айтып отырған Африка мен Азия біздің басып алып бағындырып отарға айналдырған елдеріміз, бұл жерде біздің отарымыз жоқ қой.

— Әңгіме атында ма екен? Өзіңіз алып келген генерал-губернатордың жарлығына сүйеніп мен сізді ұлы патша деп жариялассам осы дала қабылдамайды деп ойлайсыз ба?

— Король десеңіз олқырақ болар ма екен?

— Жоқ, Россия топырағында сізге тек қана патшалық жарасады.

— Мен патша болсам Сүлеймен болар едім. Сонда сізге ұнар ма едім?

— Екі әйел бір балаға таласып келсе, баланы екіге бөліп берер ме едіңіз?

— Мысалы сол рәуіште.

— Онда бес жылдан кейін үйімізге жаяу қайтатын боламыз да.

— Қысқасы, сіздің бір төтенше ұсынысыңыз бар ғой, сірә?

— Бар. Бізге өзгермейтін режим керек. Біз екеуміз ең әрісі үш-төрт айдан кейін кетпейміз бе? Қазақ даласында тамыр жаю үшін үш-төрт жылымыз кетті. Енді өндірістерді басқаратын жаңа адамдарымыз келген соң, оларға темірдей бұлжытпас режим жасап қалдыруымыз керек дескен едік қой. Соның маған тапсырылған бөлімін жасаған едім. Соны қарап шығыңызшы. Сіз де өз бөліміңізді бітірген болармысыз?

— Нобайы бітті ғой деймін. Бірақ өзіме ұнамайды. Мен оны Париж, Лондон, Ливерпуль, Москва, Екатеринбург, Омск, Акмолинск сияқты жеті қалада отырып жаздым ғой. Әр қаланың халқы, қонақ үйлері қалай қабылдаса соның бәрінің әсері тие берген сияқты. Мысалы, француз тұманды Лондонда отырып сүйікті әйеліне де көңілді хат жаза алмайды.

— Мұныңыз бір есте болатын ескертпе екен. Мысалы, менің Париждан жазған хаттарымның бірде-біреуіне әйелім түгел сенген емес...

— Ол енді еркегіне қарай болу керек. Өзіміз өмір бойы Парижда тұрсақ та сенімді еркектердің бірі саналамыз.

— Еркек фақырға одан артық не керек, өз үйінде сенімді саналса болды ғой...

Бұл кезде Англия мен Франция Африканы бөлісіп алып, біріне-бірі көз алартпасқа келісім жасап, мәңгілік достарша сөйлесетін бір кезі еді. Франция дүние Мысыр де-

теп ел бар деп ойламасқа, Англия Марокко деген ел бар ойламасқа шарт жасасқан болатын. Соның әсері сол екі елдің уәкілдері дерлік Нельсон Фелль мен Эрнст Карноға да тие ме, қалай, әйтеуір бұлар ылғи қалжындасып сөйлеседі.

Дегенмен ойларына істің жайлары түсе қалды да қалжың осымен тоқталды. Екеуі бірінің жазғанын бірі ауысып алды да тарасып кетті. Іскер адамдарға дұрыс ұйықтап алудың да үлкен мәні бар.

Павлович кешегі тапсырманы орындаған екен. Карно дәл сағат алтыда балталардың тарсыл-гүрсілінен оянып кетті. Ие, орыстың бастауы қиын, бастаса болды, аяқ жағын өндіріп әкетеді. Карно орнынан атып тұрды да далаға шығып Павловичті көріп алыстан қолын сермеді —«молодец!». Павлович қалпағын қолына алып басын иді.

Нельсон Фелль мен Эрнст Карнонын Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістеріне түгел ортақ және үш жыл бойында өзгермейтін ішкі режимі былай болып шықты:

1. Ақмола облысы, Ақмола оязындағы ағылшын-француз акционерлік қоғамының барлық өндірістерінде де жұмыскер жалақысы Орал — Сібір бойындағы орыс өндірістеріндегі жалақыдан жоғары болмасын. Өзіне керекті қызметкерлерін де, жұмыскерлерін де өндірістер өз адамдары арқылы алады.

2. Жұмыскерлерге қолайлы болу үшін Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерінің үшеуінде де азық-түлік киімкешек, товар магазиндері ашылсын. Қызметкерлер де, жұмыскерлер де жалақыларының мөлшеріне қарай сол магазиндерден керегін ақшасыз алып тұратын болсын. Он процентке дейін келесі айдың есебіне ала беруге де лұқсат болсын.

3. Жұмыстан босатылатын ауру адамдарға, қартайған адамдарға ең соңғы айда алған жалақысының мөлшерінде жәрдем берілсін.

4. Жаңадан салынатын барақтар жиырма-отыз семьяға біреу, жеке басты жұмыскерлер үшін 60—70 адамға біреу салынсын.

5. Үш жылдың ішінде Ақбұйрат пен Қарағандыда бірбір бастауыш мектеп салынсын.

6. Жыл бойында орыс жұмыскерлеріне екі күн мейрам: орыс императоры екінші Николайдың туған күні және рождество. Қазақ жұмыскерлеріне бір күн мейрам — орыс императорынын туған күні.

7. Қарағанды-Ақбұйрат темір жолын салу жұмысы келер жылдан қалдырмай басталатын болсын.

Сібір генерал-губернаторы Сухотининің берген кеңшілік хатына сүйене отырып өндіріс басшыларына осы жеті тармақты бұйрық қалдыратын болды. Бұл бұйрықтардың үлкен ұлық түсініктері, әрине, орталық басшыларына жіберіледі. Қарағанды өніріндегі өндірістердің алдағы болашақтары осы жеті тармақты әмірге бағынып өрістемек еді.

Кенжеғараның орнына болыстыққа таласқан адамдардың ең байы, малды көп шашқаны, солай болған соң ең ақылсыз наданы сайланып еді. Қазақта «жаман иттің атын Бөрібасар қоймас болар» деген нақыл бар. Соған қарамай бұл кісінің атын Арыстан қойған екен. Қасында қазақша білетін мосқал адам орыс хатшысы бар Карно кіріп келгенде арыстанымыз мысық болды да қалды. Қорқып та кетті, қорланып та қалды. Ол болыс сайланған соң ауылдан ауыл қоймай қыдырып, етін жеп, қымызын ішіп, сайлауда шыққан шығындарын қайтарып алмақ еді. Сайлаушы қулар тамақтан өтіп кеткенін қайта құсар емес. Қазір ол баяғы Ордабай заманынан қалған ескі ағаш үйде, астында көрпе, бір жағында жастық, поштабайы мен екеуі дойбы ойнап отыр еді.

— Здравствуйте!

— Здрасти.

— Болыс сіз бе?

— Ие, біз боламыз...

Осыдан кейін хатшы шала-бұла қазақшалап жат елден келген қонақтардың не айтқанын түсіндірді болысқа:

— Біз Бұланбай ауылындағы мектепті көшіріп апарып Ақбұйратқа салдырып жатырмыз. Онда сіздердің балаларыңыз оқитын болады.

— Іспасиба...

— Сіздің болыстағы интернатты мектептің жабылғаны туралы ояз бастығынан бір қағаз келген жоқ па?

Болыс «іспасиба» деді. Хатшы қағазды тауып әкелді. Карноның хатшысы оқып шықты. «Қазақ даласында заңсыз құрылған Игілік байдың қыстағындағы интернатты мектеп жабылды деп есептелсін», деген екен. Бұл бұйрыққа ояз бастығы Норкин қол қойғанда Карно оның қасында отырған. Келген қағаз сол.

— Біз сол мектептің үйін сұрап келіп отырмыз. Сол үйді қазір бізге берсеңіз кейін біз болыстың орталығына бір мектеп салып берер едік.

— Іспасиба...

— Онда сол үйді көшіріп әкете беруге лұқсат қой?

— Іспасиба...

Сонау бір ауыр жылдарда Кенжеғараның күшімен бір

интернатты мектеп, бір жартылай интернатты мектеп ашылған еді. Бұланбай ауылындағы мектепті (баягы Ушаковтың үйі) көшіріп апарып, қазір Ақбұйратқа тұрғын үй етіп салғалы жатыр. Әуелі ол үйде генерал-губернаторды қабылдайды, содан кейін өндіріс иелері тұратын болады.

Енді кезек интернатты мектеп болған баягы Игіліктің үйіне келіп тұр. Кеше Карно Павловичке «Ол да көшіріп әкеліп қондыра қоятын үйлер» дегені сол болатын. Ана бір жолы өз аузынан қандай көтере мақтаған мектепті бұзып тұрғын үй еткелі отырғанына Карноның іші бұлк еткен жоқ. Айдалада қаңқиып тұрған үйден не пайда? Одан да екі әдемі коттедж болып тұра келгені пайдалы да...

Шала сауатты хатшы мектеп үйі Ақбұйрат заводына берілді деп жазды. Сауатсыз болыс бармағын басып жатып төртінші рет іспасиба деді, содан кейін мөрін басты. Мектептер енді біржола жабылды. Біржола! Қарағанды өңірінің өндірістері жат қолына кеткендігінің құрбандығы тағы да мектеп болды.

Карно қайтуға бет алып далаға шыққан соң айналасына көз салды. Болыс кеңсесінің айналасы тым ұсқынсыз болып қалыпты. Анау жерде оқыған адам болыс Берікқаринның өз үйі тұрушы еді. Ол маңай тып-типыл. Дегенмен әлде қандай елеулі бірдеменің болғанын, енді жоғалғанын еске түсіргендей бір үңірейген жадағайлық сезіледі. Сол оқыған болыстың айналасында бір келісім, ерекше бір көңілділік бар еді-ау деп ойлады Карно. Бірақ, қынжылған жоқ. Көзін де, Көңілін де аударып әкетуге тырысты. Сондай адамның ендігі тағдыры не болды екен, не істеп жүр екен деп ойлаған да жоқ. Шеттен келген адамның ат басын тіреп тұра қалатын көлденең орнатқан жуан бөрене есінде қалған екен. Сол құлап жатыр. Бөренеңің үштен бірін балтамен мыжғылап кесіп әкетіпті. Карноның соған жаны ашып кетті.

Ушаковтың үйі өзінің баяғы орнына қондырылып жатқан. Үйдің есік-терезелері де, бөлмелері де өзінің планы бойынша бұрынғысынша болмақ. Түске дейін қырық екі адам үй салушылар келіп, жұмыс қыза бастаған екен. Үйдің сыртқы қабырғаларына екі бөренеден, ішкі бөлмелердің қабырғалығына бір бөренеден салынып қалыпты. Карно болыстың орталығынан қайтқан бетінде үй салушыларға келіп Павловичке мақтау айтты:

— Үй кесімді күніне бітеді деп сенемін, Павлович мырза! Ертең интернатты мектепті бұзуға оншақты жұмыскермен үйші шеберлердің бір-екеуін жіберерсің. Дұрыс қой? Үш күннен кейін тасый бастауға да болатын шығар?

Бастауға болар.

Үш үй бір мерзімде бірге салынып болу керектігі есіңе не болсын.

Е, оны ұмытпаспын-ау!

Карно өте көңілді қайтып еді. Губернатордың келуіне арналған әзірліктердің сырт пішіні жымдасып болған сияқты. Мектеп үйі қолға түсті. Ол үйден ақысыз-бұлсыз екі коттедж жасауға болады. Батыс адамы қайда да батыс адамынша тұру керек. Губернатор келер, келер де кетер. Үй өзімізге қалмай ма? Үй салушылардың жалақысынан басқа неміз шықты? Үйлер салынып болған соң әркайсысының қаншаға түскені өзіңнің ар-ұятына ғана байланысты. Тегінде ар-ұятқа қолың тиіп кетер болса оны арзан айырбасқа салмаған дұрыс болатын шығар.

Карно ас ішетін бөлмеге қарай әлі ашылмаған бір алтынмен боталданған қара шөлмекті француз коньягін ала шығып келеді екен.

— Сэр, коньяк шөлмегін ашуға қандай негіз бар?— деді Фелль.

— Жеткілікті!— деді Карно.

— Ашынқырап айтқанда?

— Ағылшын-француз компаниясының екі жауапты өкіліне екі коттедж болатын санғырап тұрған қарағай үй бір шөлмек коньякқа тұрар деймін.

— Бері әкелші шөлмегіңді сүйіп алайын!..

Бұл түн екеуі де жақсы түстер көріп шықты...

Осыдан бес күн кейін жайлаудағы елге бір ұнамсыз хабар дүңк ете түсті: жаңа болысымыз екі үлкен мектептің үйлерін ағылшындарға сатып жіберіпті. Біреуін бұзып, тасып апарып Ақбұйратқа тұрғын үй етіп салып жатыр, біреуін бұзып жатыр дейді...

Осы тұста дала бұқарасының аузына Кенжеғараның аты тағы бір оралды. Жүзге ғұратын бірден айрылып, бірге тұрмайтын жүздерге қалған екенбіз деп шуласты. Қараған-ды, Ақбұйрат, Нілді жұмыскерлері бұл күнге дейін де назалы болатын. Ел де, жұмыскерлер де екі белгілі мектепті тал түсте тартып алып стырған ағылшындардың кім екенін тани түскендей болды. Ел адамдары ұйқысын бұзған жоқ, жастар жағында қорлану, намыстану, кектену күйініші бір бұрқ етіп қалды.

Дала біраз назаланды да ешбір әрекетке бара алған жоқ. Онысына өзінен басқа ешкім назар аударған да жоқ. Бір үй салынып жатыр, бір үй бұзылып жатыр. Бір елдің жаңа ғана оянып келе жатқан мәдениет ошағын қирата салғанын ұят көрер ағылшын да, француз да болған жоқ.

Интернатты мектеп бұзылып жатқалы бүгін үшінші күн еді. Сырткы төрт қабырғаның бөренелері төрт жаққа жиналып орталап қалған кез еді. Бұл үйде алты пеш бар екен. Сырты бояулы қаңылтырмен қаптаулы голлан пештері. Қазір алтауының да мойындары сорайып сырт жақтан көріне бастады.

Үйді бұзушылар түскі тамаққа отырған кезде сырт жақтан айғай-шу естілді. Ұзамай мектеп үйін айнала шауып, әлденелерді айтып балағаттап жүрген салт мінген оншақты жас жігіттер көрінді. Жігіттер сол шапқан бойларымен мектепті үш айналды да келген беттері батысқа қарай кетіп отырды.

— Дурака валяют,— деді жастау мұжық.

— Жоқ, қарсылық көрсетіп жүр,— деді екіншісі.

— Шеркеу мен мектепті бұзуға болмайды,— деді москал біреуі.— Күнә!

— Қарсылық көрсетіп қазақ қайда барады?

— Қазақ түгіл біздің қолымыздан не келіп отыр?

— Губернатор бұйырыпты. Қойдай айдап әкеліп жұмысқа салындар, депті. Міне, отырмыз...

Осылай жалпы Ресей патшалығының топырағындағы халық наразылығынан хабар беретін ілік-шалыс әңгімелер өрістей бергенде шетірек отырған бір мұжық «өрт!»— деп тұра келді.— Өрт!..

Әлгі жігіттер кеткен жақтан өрт қабындап келе жатыр екен. Ел жайлауда, бұл маңайда мал жоқ. Қара топырақты құйқалы жердің қалың қауданы мен бидайығы пісіп келген кез, өрт әшейін дүркіретіп келеді. Жарты-ақ шақырым қалды. Нағыз сайтанның санын шапалақтап қуанатын кезі. Үйшілер киім-кешектерін, балталарын құшақтай ала өзенге қарай жүгіре жөнелді.

— Ей, қалып қоймандар түге!

— Ей, шәйнек қалып барады!

Мектеп үйі өртке құшағын ашып жайрап жатыр. Күн ыстық. Қора-қопсы, ағаш үйлердің бәрі де қансып тұратын кезі. Ең жарым-жан өрттің құтырына жармасатын тамағы. Өрт жетті де жармасты жайрап жатқан ағаш үйге. Қандай сирек кездесетін тамақ! Оттар бөлініп-бөлініп алып әр бөренені әр тобы кеміріп жатыр. Ысқырынып қояды. Қоқымсоқымның астына тұмсығы тисе пысылдап қояды.

Өрттің алдыңғы жағы Нұра өзенінің сол жақ бетін жағалап ұзап кетті. Мектепті кеміріп жатқан оттар мына мол азықтан бас көтерер емес. Пештерді жалап-жалап алады. Қора-қопсыны да құлатып алды. Бақша суаратын, өрт сөндіретін бөшкелер де жанады екен: ертеңіне таң ата өрт мек-

тен үйді түгел жеп болды да, өзі де сол жерде өлді. Кірпіш орнынбенді екен, алты пештің мойындары сорайып-сорайып қалып қалды...

7

Кенжегара болыстықтан босанған соң үйіне өз аттарымен қайтып еді. Ақмолада ең соңғы қоштасқан адамы ояз бастығы Никулин — егер халық ағарту жұмысына көңілің ауса екі орын қашан да сені күтіп тұрады,— деді.

Екі орынның біреуі ояздық оқу бөлімінде инспекторлық қызметі. Екіншісі, өзі құрған төрт жылдық интернатты мектепке директорлық. Кенжегара біреуіне де ризашылық бере алмады.

— Әуелі бір жерге көшіп алуым керек қой,— деп қоштасты да жүріп кетті.

Шындығына келгенде Кенжегара өзін кәнсе қызметкерімін деп түсінбейтін еді. Ояз бастығының оған қызмет жайында қамқорлық көрсете бастағаны біртүрлі ерсі көрінді. Дегенмен қаладан ұзаған сайын болыс кезінде бойы үйренген, қалыптасқан бір хал оралмай қойды. Әлде бір айтар сөзді айтпай кеткендей, болмаса балаларға алармын деген базарлығын ұмытқандай бір дүдәмал жайға душар болыпты да қалыпты. Жәмшік аттары қоңыраулары шалдыр-гүлдір шауып отырушы еді, ол да жоқ...

Ақмоладан он шақырымдай ұзаған соң көпігі атшысына бұрылып:

— Шаяхмет, Қарағандының жүк жолын тастап дала жолымен кетсек қайтеді?— деп сұрады.

— Жазды күні дала жолына не жетсін!— деді атшысы.

— Ұзамай «Асаркөл» жолы кездеседі. Соған түсейік те тарта берейік. Сол көлге жетіп, далаға қонайық.

— Міне, бұл серуен!— деді Шаяхмет.

Шаяхмет Кенжегараның көңілінде бір елеулі кірбің барын Ақмолада кездескен жерде-ақ тапыған. Бірақ, оны сын Кенжегараға сездірмей жүр. Ақ-жарқын, көңілді жүретін қалпында. Бұған дейін қоңыраулатқан лаумен жүретін болыс бұл жолы неліктен өз аттарын алдырғанын да сұраған жоқ. Тек әрнені алдын ала ескеріп, айтқызбай орындап жүр.

— Өз аттарыңызды алдырғаныңыздан-ақ серуендеп қайтарымызды білгемін,— деді Шаяхмет бір кезде.— Тек қай жолмен қайтарымызды шамалай алмап едім. «Асаркөл» жолына бұрыл дедіңіз, қона қалды көкірегіме. Бұл енді жұмақтың жолы... Жол бойы қандай аққайраң көлдер. Біреуіне шомылмай кете алмайсың! Қазір дала жайып тас-

жаған кілемдей. Арбадан түсе қалсаң бір аунап алғың келеді. Тек, кейбір жерлерде керегі жоқ шөп ақ селеу кездеседі. Өзінің дәні де бар. Бірақ қойға қадалып қотыр қылатын инесі де бар.

— Сен ақ селеуді, жамандама,— деді Кенжеғара — Оның үкідей жайқалып, көз алдында сағымданып тұратынын білемісің?

— Білеміп.

— Ол неге сөйтіп тұрады?

— Білмеймін...

— Білмесең біліп ал — ол жердің жанды ақ жібек жамылтқысы. Ақ селеу өскен жерде күннің көзі жерге тік қадала алмайды, шашырай да сетіней түседі жерге...

— О, құданың құдіреті ай!

— Құданың құдіреті емес, жердің өзінің құдіреті.

Шаяхмет құданың құдіретіне шек келтірген сөзге ергісі келмей сөздің бетін басқа жаққа аударды:—

— Қазір дала жолына бұрылған соң-ақ бозторғай әні басталады. Жұдырықтай ғана торғай емес, бүкіл көк аспан ән салып тұрғандай. Күн шыққаннан күн батқанша бозторғай әні бір үзілмейді ғой.

— Апыр-ау, Шаяхмет, сен ақын ба едің?

— Жоқ, ойбай... Қазақтың ақын болып кетуі қиын да емес. Енді бір рет мақтасаңыз сол жетіп жатыр, мен де ақынмын деп шыға келермін... Мен бала-шағам бар адаммын. Ақын болғым келмейді,— деді Шаяхмет.

— Әйтеуір тегін болмауың керек.

— Осыдан он жыл бұрын біздің ауылдардың көшіп-қонып жүретін даласы мен көлдері ғой есіме түсіп кеткен...

«Асаркөл» жолына бұрылған соң бос жатқан даланың Шаяхмет айтқан көріністері барлық жазғы бояуларымен көз алдыңа төселе кетті. Кішкене ғана қара-ала торғайлар арбаның алдына түсіп алып бір қонып, бір ұшып жолаушыны ұзатып салады. Қазақ оны «жолшы-ала» дейді. Ол байғұс қызғышқа ұсап, ұясын қорғап жүр. Сені алдаусыратып, ұясынан алысыраққа шығарып салып қайтады. Сонау ыстық жақтың әлде қай жерінен неше мың шақырым ұшып келіп Есіл-Нұра өзендерінің кең шүйгін даласына, былтырғысы мен биылғысы бірге оралып жатқан көде түбіне ұя салады. Ұяда қоянның құмалағындай ғана екі көкшұбар жұмыртқа жатыр. Күзге дейін сол екеуін естияр құс етіп жылы жаққа алып қайту керек те...

— Осы жолдың бойында Қарағандыға дейін ең кемі елу көл бар,— деді Шаяхмет.— Бәрі де айнадай мөлдір, бәрін де балғын көк құрақ қоршап алыпты. Бәрі де көк жі-

бастан кешіпкендей, шомылып жүргенде жібек судырын естіген. Балғын көк құрақтың арасынан қыздар күлкісі, шомылғандары естіледі. Бір ақын:

— Көлге тұрақ көк құрақ,
Көк құраққа көл тұрақ,—

депті ғой. Міне, осыны айтқан адам ақын.

Кенжеғара туған елінің ән-күй, өлең-жыр, әдебиет жақтарына мән бермей келгенін тағы бір еске алды. Ана бір жолы Тайжан ақынмен кездескенде бір қысылып еді, бүгін міне өзінің атшысынан қысыла бастады. Атшысы еті тірі, естияр жігіт. Ән, жыр, ақындық жағынан сөз қозғап кетсе өзінің ере алмауы мүмкін ғой.

— Шаяхмет,— деді Кенжеғара, биыл күзден бастап сен мені қазақша оқытатын болшы. Мен туған еліміздің ән, жыр, сөз өнері жағынан тек ауызша естігенімді ғана шалабұла ұстап қалған адаммын. Мен қазақша бір күн оқыған адам емеспін ғой.

— Шын оқитын болсаңыз, мұғалім әзір. Екі айда молда қылып шығарады.

— Әзір? Ол кім?

— Өзіңіздің хатшыңыз Шәймерден.

— Хатшым ба?

— Ие, хатшыңыз. Ол болмаса өзіңіздің сүйген жарыңыз Анар.

— Өй, сен мені ылғи бір қиынға салдың ғой.

— Өз сөзіңізді өзіңізге айтайын. Былтыр маған — қанша жасқа келсең де оқу ұят емес дегенсіз... Мен сол екеуінен оқып, екі айда сауатты адам болып шықтым. Қазақша басылып шыққан кітап келе қалса Анар екеуміз таласып оқимыз...

— Қайсыңнан оқитынымды айта алмаймын. Әйтеуір оқимын!— деді Кенжеғара.

Күн кешкіре бастаған екен. Үлкендігі күрке-тауықтың қоразындай дуадақтар кешкі жайылымға шығып қалыпты. Қартаң қораздары қанаттарын күркелеп барлық жүнін үрпитіп алыста кетіп бара жатқан арбалы-атты адамдарға айбат шеккенде қасында жүрген жұбайлары оның еркектігіне ризалық көрсетіп сылаңдасып қалатын сияқты. Жапжас еркек балалары да әкелері не істесе соны істегілері келіп біріне бірі айбат шегіп үрпиісіп қалады.

— Кенже-аға, мына қоқилардың біреуін атып алайық,— деді Шаяхмет.

— Мылтығың бар ма еді?

— Бар.

— Еркегін ат.

— Еркегі болғанда әлі үйірге түспеген құнан-дөненің ағамын. Мына бір бала-шағасы көп бурыл сақалдың еті жеуге де жарамайды. Анау бір жалғыз кекірейіп мақтанып отырғанды көресіз бе, сондайын ату керек.

Шаяхмет әлдеқайдан сары ұлтаннан жасалған қабы бар қосауыз мылтық суырып алды. Сындырмалы мылтық.

— Кенже-аға, мен ататын бесті дуадақ әне отыр. Аттарға не болыңыз!— деп екі аттың божыларын Кенжеғараға ұстата салды да арбадан түсе қалды. Мылтық гүрс етті, дуадақ жалп етті, жұлқына жөнелген аттар едәуір ұзап кетіп барып әрең тоқтады.

Шаяхметтің мылтығы жоғын Кенжеғара жақсы білетін. Бұған дейін қысқы-жазғы ұзақ жолдарда не шанаға, не арбаға мылтық салғанын көрген емес. Сондықтан «әй, бұл сол болды-ау!» деген бір сезік қылт ете түсті де мылтық жағына жақындамай — апыр-ау, өзің мерген де екенсің ғой!— деді Шаяхметке, божыларды қайта беріп жатып.

— Әңгіме менде емес, мылтықта ғой!— деді Шаяхмет.— Міне, «Асаркөлге» де келіп қалдық. Аттарды ағытып, отты жағып, шәйнекті отқа қойған соң, мылтықтың жайын айтайын. Қалай болса солай айта салсам мылтықтың қадірі кетіп қалады.

— Жарайды, шыдадық.

Батуға жақындаған қызғылт күн «Асаркөлдің» батыстық, солтүстік жақтарын қапталдай өскен биік жалды су бетіне сұлатып салғандай, дірілсіз суда жатыр. Ақ қайындар қаз-қатар сұлапты. Қозғалар емес. Топ-топ үйректер үрікпей баяу ұшады. Ұзамай қона салады. Әріректе екі жерде үш-төрттен екі үйір аққулар сыланып отыр. Тыныш кеш. Әрең сезілетін жібек самал. Бүкіл дүние тағы бір күнді күдіксіз өткізіп, тыныш түнді қарсылау әзірлігінде сияқты...

Аттар ағытылды, олар да тып-тыныш демалып тұр.

— Кенже-аға, көз барда мен мына ағаштан отын теріп әкелейін. Сіз мына мылтықтың досторбренімен таныса тұрыңыз... қай ауылдан келді екен... қай қазақ жасады екен...— деді Шаяхмет.

Шаяхмет мылтықты Кенжеғараға ұстатып, «достобрен» қағаздарын беріп кетіп қалды. Қағаздар шет елдің тілінде екен. Семинариядан қалған аз ғана жұқанамен ежелей-нобайлай келе Кенжеғара бірнеше сөзді айырды: Лондон. Ричард Вестлей. Эксфлора. 5443. Енді әлгі «сол болды-ау!»

деген сөзінің күшейе түсті. Әрине, сол! Басқа ешнәрсенің орыны жоқ!..

Ана бір жолы ниженер Карно мұның арбасына ұзынша-лау бір жәшік салып жіберіп еді ғой. Қарағанды өндірістерінің сатылып кеткен анығын сатып алған адамның өз аузынан бірінші рет есту ауыр тиіп еді. Карноның сол жолы жасаған сыйлықтарын шоланда жатып шірісін деген. Онысы осы мылтық болып шықты ғой. Енді мұны қайту керек? Балталап сындырып лақтырып тастау керек пе? Әлде мына көлдің ортасына апарып лақтыру керек пе? Қандай кегің қайтты сонда? Кімді мұқаттың?

Бір құшақ құлаған ағаштарды сүйреп Шаяхмет қайтып келді. От жақты. Су әкелді, шай қойды. Дуадақты отқа жақындатып тастады. Кенжеғараға бұрылды:

— Кенже-аға, мылтықтың қай елден келгенін білдіңіз бе?— деді.

— Білдім, шет елдікі екен.

— Бәсе!

— Сен сияқты нағыз мергенге лайық мылтық.

— Сізге жаман нәрсе сыйламайды ғой.

— Ол жағында жұмысың болмасын. Мен саған сыйладым. Мылтық сенікі. Күтіп ұста!

Шаяхметтің тілі байланып қалды. Бег-аузы түгел есін жинай алмай қалған адамның абыржуын көрсетеді. Ол Кенжеғара не қалжыңдап, не мазақтап тұр деп ойлаған жоқ. Мына сияқты қымбат бір бұйымның өз лашығына қалай сыйып, қалай келісіп тұрарын ойына сыйғыза алмай қалып еді. Он тиын берешегің болса бір күні ауылнай келіп алады да жүре береді. Не істейсің оған? Әрі қызыққан, әрі абыржыған адамның ойын осының бәрі де бір-бір шолып өтіп жатыр. Ол тағы да — Кенже-аға!— дей берді,— Кенже-аға!..

— Сөзді қой, Шаяхмет! Сендей жігітке жараспайтын ешнәрсе жоқ бұл дүниеде! Жина мылтығынды. Кел, дуадақты шешіндірейік...

Түн жылы. Аспан шұбартып жұлдызға толып кетті. Анда-санда кейде қиғаштап, кейде тіктеп жұлдыз ағып түседі. Кім болды екен өліп кеткен?.. Жұлдыздың қай жаққа қарай аққанына қарап өз шешесі қайтыс болған адамның еркек-әйел, кәрі-жас екенін айырушы еді. Шаяхмет өзі білмейді екен... Иегін сипайды да қояды.

Даланың ең үлкен құсы дуадақ жұлынып жатыр. Ең кішкене құсы бөденелер түнді бүлкілдетіп мұндаса бастады: «Бөденеде мекен жоқ, қайда барса бытпылдақ, бытпылдақ... быт-быт-быт»...

«Өтеді көктем, келеді жаз,
Бұл да өтеді, өмірі аз.
Неге, тәнірім,
Осы жаздың өмірі аз?
Не көктемі, не жазы
Неге осынша тұраксыз.
Неге осынша асығыс?
Балапан қанат қаққанша
Келеді де қалады
Сықырлаған ұзақ қыс.
Бөденеде мекен жоқ,
Әр көденің түбінде
Бұғып жатып зарлайды,
Бұғып жатып қарғайды.
Қарғайтыны жалғыз қыб».

Жатарда шалыс өремен жіберген аттар таң ата иелері ұйықтап жатқан жерге жақындап келіп жусады. Қәнігі жеген аттары далада ылғи осылай етеді. От иесіне, адам иесіне жақындап келіп жусайды. Шаяхмет оянып кетіп басын көтеріп аттарды түгендеді де қайта ұйықтап кетті. Бұл да көп жүрген жолаушының әдеті. Ол күн шыққанша тағы біраз ұйықтап алады. Қазақтың ең тәтті ұйқысы да осы кезде келеді. Кенжеғары оянды да қайтадан ұйықтап кеткен жоқ. Бұл күндері қанша ойланбайын десе де еркіне қоймайтын бір ойлары тағы да айналдыра бастады.

Ие, жай осылай болды. Ойламаған жерден болыс болып ел өміріне бір серпіліс бере бастағандай болған кезімде түстім де қалдым. Болыстық менің қалап алған жұмысым емес-ті. Бірақ, ретін тапсаң, ел үшін бірдемелер істеуге де болады екен. Енді мен ол жұмыска орала алмасам керек. Әрине, қалаған жеріме, қалаған еліме барып қосылып отыруыма болады. Бұл да менің істей алмайтын ісім. Не қалада, не елде оқу жұмысына араласар едім. Оның реті де жымдасып келіп тұрған жоқ.

Ең қызығы менің жанашыр туысқан бауырым кім? Қалай ойласам да менің жанашыр бауырларым Қарағандының жұмыскерлері ғой. Олардан бөлініп ешқайда кете алмасам керек. Мен Қарағандыдан басқа Нілді, Ақбұйрат жұмыскер жастарымен де оңай жанасып кете алатын сияқтымын. Бірақ, олардың қайсысымен де мекендес бола алмайтын күн туды ғой. Олар «ағылшын жерінде» тұрады. Маған «ағылшын жерінде» тұруға болмайды. Енді қайда көшерімді ойлаймын да!..

Акмолаға өз аттарын шақыртып алғандағы себебі де қайда көшіп қонар жерін байқауда еді. Көріп келеді, қонар жер көп. Малмен отырсаң да, егін салсаң да жер жете-

тіп. Бірақ, бұл жерлер оған керек емес. Ол өз елінің ішінде, тұщы сулы қаумның ішінде ғана отыра алады.

Алдымен шешетін жай осы.

Кенжеғара орнынан ақырын ғана тұрды да жалаң аяқ бойы көлге қарай кетті. Шық қалың түскен екен. Қалың шыққан мың түрлі шөп нәсілін шайқар жел жоқ, Кенжеғараның соңынан жосылған ізі қалып барады.

Жатарда келіп шомылғанда аспандағы бар жұлдыз осы көлге түсіп шомылып жатқандай судың беті ине шаншар жер жоқ, шұп-шұбар еді. Қазір таң ата ұсақ жұлдыздар кетіп, ең ірі, ең жарық жұлдыздар ғана қалыпты. Аспанға қарасаң сол ірі жұлдыздар жаңа ғана суға шомылып шыққандай тап-таза, ап-айқын көрінеді. Су бетінде бәрі де жап-жалпақ, жарқырап жатыр.

Көл табаны құм қайран.

— Ең кішкене башпайыңның тырнағына дейін көрінеді,— дейді Шаяхмет.

Судың тазалығы мен тұщылығын тілімен ғана емес, бүкіл дененмен сезінесің.

Күн кірпіктері көзге іліне бастады. Аттар да жусап болып, жақтарын жерге үйкелеп аунап-аунап алды, сілкінді. Енді көлге қарай беттеп барады. Шаяхмет те тұра келді. Аттарды шідерден босатып ноқталап алып көлге әкеліп суарды да, қайтадан шідерлеп отқа жіберді.

Шаяхмет те суға түсуге келе жатыр.— Айттым ғой, Кенже-аға, бұл жолдың бойындағы көлдерге бір шомылмай өте алмайсың.

— Бір емес, екі шомылдық қой. Жетер. Бүгін кешке «Жалтырша» шалқарына жетіп қонайық. Барлық әдемі көлге шомыла берсек, аулымызға он күнде де жете алмаспыз.

— Шіркін, Есіл мен Нұраның бойларындай жер қайда! Малдың құлағы, астықтың собығы көрініп тұр ғой! Мысырың түгіл Меке-Мединеңді қоса берсең де жалғыз «Жалтыршамды» айырбастамаймын деп босқа айтты деймісің!..

— Оны кім айтыпты, Шаяхмет?

— Құсайын тентек деген кісі айтыпты. Жақын ағайынның Жаныспай деген хажы оған сен жасыңнан тентек болдың. Хажыға барып қайт. Мысырда «Әли-аскар» деген үлкен мешіт бар, соған бір кіріп шықсаң жарты күнәңнан тазарасың, Меке-Мединеге барып қайтқан адам барлық күнәсінен тазарады десе керек. Сонда Құсайын тентектің қайтарған жауабы көрінеді.

Есіл-Нұра өзендерінің бойлары өте бай жерлер. Сары-арқа елдерінің мал байлығын, халық өскеленділігін сақтап

келген бір құтты мекені. Батыр, балуан, әнші, күйші, ақындардың көп шыққан жері де осы. Орыс мәдениетіне ертерек араласқан елдеріміз де осы жағымызда. Көшпелі елдерде кездесе беретін көп өрескелдіктерден ертерек, молырақ арылған елдеріміз де осы жақтан басталады. Осы күні бұл жақта Александр Македонскийдің атын ешкім ұрлап әкетпес еді. Жол бойларында жүргіншіге де хауіп жоқ. Бұл өлкенің қасқыры да тоқ, қояндары да ірі. Қашан бір жұт келіп соғып кетпесе, тұрғын елдің өмірінде бейбіт өмірдің берекелігі бар.

Бұл кезде Есіл мен Нұра өзендерінің алты-жетіден тармақтары бар. Бәрі де суы мол, жазғытұрым тасып төгіліп жаңа көлдер жасап кететін әдеттері бар. Осындай бейбіт молшылықта, күн бойы бір үзілмейтін бозторғай әнінің астында, жұпар иісі аңқыған гүлдермен көмкерілген дала жолдары жолаушыларды Қарағандыға да жақындатып қалып еді. Нұра өзенінің бір бүгілісті тұсына келгенде Кенжеғара:

— Тоқташы,— деді Шаяхметке.

Аттар тоқтады, Енді алдарында сусыз жыра жатыр екен. Бұл жерге неге тоқтағандарына түсінбей Шаяхмет Кенжағараға қарады.

— Осы қара жырамен бұрылшы...

Жүз қадамдай жүрген соң жыра бітіп, шөбі, шілігі бар саяңға айналды. Тағы жүз елу қадамдай жерде көк құраққа оранған құм қайраң көл жатыр екен. Жазғытұрым Нұра өзені тасығанда осы көлге біраз су төгіп кететін болу керек.

— Ана бір құмайт жағаға жақындап барып тоқтайық. Аттарды ағыт. Шай қайнатайық. Дем алайық. Бұдан кейін үйге жеткенше көл жоқ енді,— деді Кенжеғара.

— Ие, Сарыарқаның сайран даласымен де қоштасамыз, далада ішетін шаймен де қоштасамыз.

Далада ішкен соңғы шайдың үстінде Кенжеғара бұл көлдің жағасына неге тоқтағанын айтты.

— Осы көлдің айналасы қысқы-жазғы мекен етуге қолайлы болар ма екен?— деп сұрады әуелі.

— Ойбай, бұдан артық жер болады деймісің! Мынау өзең, мынау көл... Бұл жердің тегі жол бойы көріп келе жатқан май топырақпен төркіндес. Көлдің батыс жағында ана көрінген аласа шыршалар бір кезде ақ қайың орман еді. Көмір шахталарына тіреу етуге кесіп құртты. Бес жылда қайтадан орман болып кетеді. Жай сұрадыңыз ба?

— Жай сұрағаным жоқ. Бұланбай ауылы ағылшындардың жерінде отырған болып шықты. Күзге дейін көшіп ке-

түйіп керек. Оның үстіне мен болыстықтан босатылып қалдым. Ертеңнен бастап ағаш үйлерді бұздырып көше бастауым керек болып тұр.

Шаяхмет үндемей қалды. Өзім қайтем деп ойланып қалған жоқ. Шаяхмет үшін Кенжеғарадан кейін болыс болуға жарайтын бір адам жоқ екен! Естияр жігіт атшы болып жүре берсе де ел тіршілігіне кірген жаңалықтарды тізе жүреді екен. Оның ерекше бағалайтын бір жаңалығы соңғы жылдың ішінде баяғысындай ақсақал-атқамінерлер жиналып шешкен бір дау-жанжал болған жоқ-ты. Жер дауы, жесір дауы дейтін күнде кездесіп отыратын керіспелердің бәрі де сот алдында тергеліп тынатын болған еді. Сол ұзақ жылдардың ішінде ескілік деген едәуір шегініп, әлдекандай жаңалықтар орын теуіп қалғанын шаруа жұртшылық түгел сезіне бастаған екен. Бұл жылдарда кездеспей қалмаған құрғақшылықтар мен нағыз жұттар да баяғысындай сұлатып кете алған жоқ-ты. Осының бәрін бұқара жұрт Кенжеғараның атымен байланыстыратын. Шаяхмет те солардың бірі еді.

— Сіз шын-ақ көшесіз бе?— деді Шаяхмет.

— Көшпеске амал жоқ. Ағылшындардың сатып алған жерінде отырмыз.

— Онда ертең түс ауа мен де жығамын үйімді.

— Жоқ, көшпей тұра тұр. Әуелі осынымыз иесіз жатқан бос жер ме екен, соны анықтайық. Екінші, тағы да кімдер көшкісі келеді, білейік. Содан кейін көшу жұмысын түгел қолға алармыз. Қазір мен де бос адаммын ғой...

— Әйтеуір сіз қайда көшсеңіз де мен бірге көшемін.

— Уәде?!

— Уәде!

Пар ат жегілген арба танылғаннан кейін, әрине, бәрінен бұрын Карлығаш жүгірді. Гүлбәден мен Вера жүгіреміз деп Карлығашты әуелегендерімен жүгірген жоқ еді, Карлығаш бәрі бір озып келгендей сезінді.

— Мен озып кеттім. Олар маған ере алмай қалды,— деді арбаға мініп алған соң.— Мен оларға жеткізбеймін.

— Олар сағаң қайдан жете алсын. Екеуі де жалқау ғой.

— Жалқау!.. Суға түсіп алады да құмға аунап жатады. Біз Анар апам екеуміз олардан бөлек шомылмаз. Біз Анар апам, әжем үшеуміз бірміз. Олар екеу-ақ. Біз жеңіп кетеміз.

Арба есік алдына келіп тоқтай бергенде әуелі Анар келіп, басын әлі арбадан түспеген Кенжеғараның кеудесіне басты. Әйел ғой. Оның әлдекандай бір көңілсіздігі барын сезініп жұбатқаны еді. Кенжеғара оған сәл ғана сүйенген-

ңей болып арбадан секіріп түсті де арқасынан құшақтаған бойы басқышпен көтеріле берді. Вера мен Гүлбәден әдеттегі қалжыңдарын айтысып тұр:

— Енді бізге күн жоқ...

— Ауылға қайтпасақ болмас.

— Біз оның кемпірін жеп қоя жаздадық қой...

— Байғұсқа күн көрсеттік пе?

Үй-ішілік сағыныштар, қуаныштар, базарлықтар сол күні аяқталды да, ертеніне Кенжеғара ауылнайларын жинап өзінің болыстықтан босанғанын жариялады. Ояз бастығының «өз өтінішімен босатылды» деген бұйрығын өзі оқып берді. Көп жылдар бойында жақсы қызмет істегені үшін рахмет айтылғанын хатшы Шәймерден оқып, қазақшылап шықты.

— Ал, жігіттер, хош-есен болыңдар. Біраз жыл қол ұстасып жұмыс істедік. Кейде қатал болсам, кейде қателескен кезім де болған шығар, ондайымызды бәріміз де кешірісейік. Аурудың ең жаманы кек сақтау. Кек сақтаспайық. Адал қоштасайық, көріскенде қызармай қол алысайық...

Бір-екі ауылнай қолдарын көтерді:

— Болыс-еке, босануды өзіңіз сұранған себебіңізді айтпассыз ба екен?

— Мен неге босанғанымды жасырайын деген ойым жоқ. Онымды қорлықта көрмеймін, ерлік те көрмеймін: ағылшындармен келісе алмадым. Жұмыскер жалдауды елдің жай-күйін білетін өздерің арқылы жүргізе бастап едік қой, оған ағылшындар көнбеді. Біздің бір жұмысымызға араласа алмайсыңдар, араласу түгіл, завод, шахта маңайына лұқсатсыз жақындай алмайсыздар деді. Губернаторымыз солай әмір беріпті. Оның үстіне біздің Бұланбай ауылы ағылшын жерінде отырған болып шықтық. Көшуіміз керек. Мен еліміздің жұмысына да, еліміздің жеріне орнаған завод, фабрика, шахталарда жұмыс істейтін адамдарымыздың тіршілігіне де араласа жүруді міндет көріп едім. Оған қол қалмапты. Босануды сұраған себептерім осылар...

— Қайда көшетініңізді айта алмайсыз ба?

— Оның несін жасырамын. Нұраның арғы бетінде Ақкайың деген көл бар. Қарағандыдан алыс емес. Көлге жақын қоныстансақ та, Нұраға жақын қоныстансақ та өкінбесең керек. Көздегенім сол жер.

Бір-екі ауылнай ол жерді мақтай жөнелді. Қасиетті жағы да бар екен. Қазақ халқының бірінші землемері Асан шал осы көлдің құмайт жағасына жел-маясын шөктіріп,

дем [illegible] екен де. Жері қап-қара май топырақ. Көлі айналған Құстың аққуы, адамның сұлу қызы мен әсем жігіті шомылатын көл екен. Әттең, айналасында ағаш жоғын қайтейін...— деп түйесіне мініп кетіп бара жатып, көлдің батыс жағына ақ таяғын шаншып кетіпті.

— Он жылда орман болмасаң оралып келіп от қоярмын,— депті де жүре беріпті...

— Сол ақ таяқтан өскен өңкей түзу ақ қайың орманы болушы еді, Қарағанды тіреуге кесіп құртты ғой...

— Көлдің аты да сондықтан Аққайың атанған.

— Аққайың деген ән де бар.

— Айтқандайын, әрі ақын, әрі әнші Шашубайдың шығарған әні ғой ол. Әні де, өлені де өзінікі. Білетіндерің бар ма, ей?

— Әнін сала алмаймын, бір ауыз өленін білемін,— деді болыстың хатшысы Шәймерден.

— Қәне, айтшы.

— Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Болсам да малға кедей, сөзге баймын.
Күніне жүзді беріп, мынды алсам да
Қалтамның түбі тесік байымаймын...

— Шіркін, май айынан бастап сандуғаштары сайрап, бал-аралары азан-қазан болып жосып жүруші еді. Жаз бойы жидек, бүлдірген... күзге қарай елік бұзауының көзіндей мөлдіреген қара-күрең шие!..

— Қасына барып аман-есен қонып алсақ, Аққайың орманы қайта тірілмей ме?— деді Кенжеғара.— Асан-қайғы батасын берсе, мен күзетшісі болуға жарасам нағып тірілмейді?

— Тірілгенде қандай?

— Ол жер енді тандамалы мекен болады. Егін сал, мал өсір, бәріне де қолайлы.

Ауылнайлардың көбі-ақ Кенжеғараның кім екенін таныған, іс жүзінде көзі ашылған адамдар екен. Жас жағынан да, ел басқару жағынан да беделді ауылнай Досжан бәрінің ойларын айтып қалуды мақұл көрген екен, жиналыс тарауға таянғанда сөз алды:

— Шығарым, Кенжеғара, қазақша айтқанда қамшың тимеген ауылнайың жоқ. Сен қамшы жұмсаған адам емессің. Қатал бұйрық бердің, қатал орындаттың дегенді қазақ осылай айтады, білесің. Мен осы ұзақ жылдар басқарған еліңнің ойын айтып қалғым келеді. Ел деген өңкей ақ-боз, өңкей қара емес қой. Сол еліңнің қай жағына ішің бұрып жүрді, оны біз ауылнайлар білеміз ғой. Сол елің саған риза. Болыстықты тастап кеткеніңе қатты қынжылады. Тас-

ымасына болмай қалған екен. Оны біз түсіндік. Елге де құрыс түсіндірерміз. Ал енді қонар жеріңді айттың, оныңа рахмет. Енді көшер күніңді айт. Өзіміз көшіріп апарып, көшіріп емес-ау, көтеріп апарып қондыра қоямыз!..

Басқалар да өз шамаларынша ризашылықтарын айтып, достық, құрмет білдіріп тарады. Бәрінің көздерінде де адал қоштасу бар еді.

Кенжеғара ертеңіне Ремизовқа жолығып еді. Ол тіпті қолы бос отыр екен.

— Қарағандыдан көшкенімше қолыма не түсер деп тіленіп отыр едім,— деді.

— Міне, Флор Андреевич, тағы да мен түстім, тағы да сол үйлер, тағы да сол үйлерді тағы да қайта салу керек болып қалды.

— Ол неден туып жатыр?

— Ауылды ағылшындарға сатылып кеткен жерге салған екенбіз. Енді Қарағандыдан алысырақ көшетін болдық.

— Түсінікті.

— Биыл тіпті көп. Ішкі Ресейден көшіп келген екі жүз семья орналаса алмай жүр. Егін салудан кеш келді. Оларға уақытша жұмыс керек. Қолма-қол кірісуге болады.

— Маған да керегі сол Бірінші сентябрьге дейін өзіңіз салған екі ағаш үйді, үш саман үйді жана жерге қайта салып беріңіз.

— Үй салар орныңыз белгілі ме?

— Ауыл болып орнайтын жеріміз белгілі. Әр үйдің орнын екеуміз белгілерміз деймін.

— Жақсы. Ал енді, сіз уақытты аз бересіз... Сондықтан он кісінің он күнде бітіретін жұмысын жиырма кісі бес күнде бітіретінен ұмытпайық. Осыны қабылдаймыз ғой?

— Қалтқысыз қабылдаймын. Көлік, тасымал менің мойнымда. Өзгесі сіздің мойныңызда... Ертең барып жана орынды көреміз.

— Мен даяр.

Ертеніне құрылыс инженері Ремизов пен адвокат Сергей Павлович Степановты алып Кенжағара кеше көріп қызығып кеткен Аққайың көліне келді. Анар мен балаларды алып кеткен Шаяхмет кешегі құмайт жағада күтіп тұр екен. Жана көл, қызылды-жасылды гүлдері көп жана жер балаларға қатты ұнапты.

— Давай, Кенже-аға, осында көшіп келейік...— дейді өз қарындасы Гүлбәден.

— Әрине, мына жер жақсы!— деп авдокаттың қызы қолдайды.

Көшеміз, көшеміз!— деп Қарлығаш мәселені біржола шешіп тастады.

Үлкендер көлдің шығыс және оңтүстік жағын шолып болған соң балаларды шақырып көлдің батыс жағына шықты. Кеше алыстан аласа көрінген жас қайыңдар үш-төрт метр көтеріліп қалған екен. Ағаш іші балаларға тіпті қызық көрінді. Әртүрлі құстар жүр. Жидек пісіп келеді. Вера бір жерден қозы-құйрық тауып алып қуанып кетті. Кішкене-кішкене құстар балалармен ойнағысы келгендей қылмың-қылмың етіп сыбырласады да ұшып кетеді. Тағы бір тобы, тағы бір тобы сөйтеді...

Балалар ағашты кезіп кетті. Орман іші балалар үшін таусылмайтын сыр. Орманда даусың да басқаша шығады. Айғайлағың келеді. Орман саған жауап бермей қалмайды. Әсіресе, қуанышты, көнілді шыққан дауыстарына орман да қуанышты жауап береді Сондықтан, балалар орманға кірсе болды, айғайлай бастайды. Орманда өз даусың өзіңе жаңарып әрі әдемі, әрі күшті естіледі.

Үлкендер бұл кезде жаңадан салынатын ауылдың да, үйлердің де орындарын белгілеп болған. Баяғы Бұланбай ауылының жобасын қабылдады. Ауыл аркасын болашақ орманға тірей орнайды: орманға да жарты шақырым, көлге де жарты шақырым орталыққа салынады. Бір ғана көшенің екі жағына салына бастайды.

Анар ақырын жүріп бір жерге дастархан жайды. Шаяхмет отын жинап әкелген екен, от жағып, үшаякқа шәйнек асып жатыр. Қымыз шара, әдемі-әдемі бұйра тостағандар, шыны аяқтар, шай әбзелдері жайыла бастады. Шаяхмет бір атқа мініп ағашқа қарай кетіп барады. Балаларды шақыратын болар. Үлкендер дастарханға жақындап отырып қымыз сұрады.

— Осылай сөз байластық қой?— деді Ремизов.

— Байластық Флор Андреевич. Айнуы жоқ.

Ақырын ғана Анар бір сөз қосып қалды:

— Мен өзіміздің үйдің есігінің алдында от жағып, шай қайнатып отырмын,— деді.

Еркектер Анарға қошамет көрсетті:

— Үйің құтты болсын, Анар-жан! Жақсы ырым: от жағыпсың, шай қойыпсың. Дастархан жайыпсың! Міне, әжесі бар жастар!...

— Біздің Анар әжелерінен де дана!— деді Степанов.— Енді Кенжеғара досым, бұл жерге қалай болса солай үй сала бастама. Кәдуілгі жерге орналастыру жайындағы заңға сүйеніп, отырықшы поселке ретінде бекіттіріп ал. Саған ол қиын емес. Бір бет қағаз. Никулин бір күнде бе-

кіпіп береді. Үйлеріңді тоқтатпай сала бер. Сонымен бірге ешкім қызықпайтын болсын, бекіттіріп ал.

— Бұған енді, Сергей Павлович, сіздің жәрдеміңіз керек. Қағаз бен қалам тауып бере алам, басқа жәрдемім жоқ.

— Онда тіпті араласпай-ақ қой. Шәймерден хатшың мен ауылнай үшеуміз реттеп көрерміз...

Келісетін сөздер аяқталды. Балалар ағаштың бар сырын біліп келіпті. Айтып тауыса алар емес. Сөз қысқа, осы жаққа көшуді олар да біржола шешіпті. Неге көшеді, себеп не, онда олардың не жұмысы бар? Әдемі дала. Құм қайран көл. Жасыл жас орман. Мұндай жерге неге көшіп алмаска! Одан кейінгі бұл дүниелік бір мұқтаждықтары өлердей ашығып келіпті. Анау-мынау емес, өлердей! Мына сараң Анардың таңертең қандай тамақ бергені естерінде жоқ. Тегі бермеген де болар...

— Сенің есіңде бар ма, Верочка?

— Жоқ. Бермесе қайдан есіңде болады?

— Берген! Берген, екі жалмауыз!— Бұл әрине, Қарлығаштың арашасы. Қарлығаш Анарға етегін толтыра пісе коймаған жидек жинап әкеліпті.

Түскі тамақтан кейін Ремизов пен Степанов қайтуға асықты. Оларды жөнелтіп жіберіп, Кенжеғара балалармен бірге көлдің шығыс жағындағы қыратқа тоқтады. Балалар, әрине, көлге жүгіріп кетті.

— Күзге дейін киіз үйлер көлдің осы бетінде, құрылыстан алысырақ отырса деп едім. Сен қалай қарайсың, Анар?— деді Кенжеғара.

— Әрине, алысырақ болғаны жақсы. Әр үйдің ауласында тұрған киіз үйлер мына қыратқа қатарлап тігілсе әдемі көрінетін болар. Мен сондай ауылды көрген емеспін,— деді Анар.

— Қысқы үйлері салынып болғанша, осы жаққа көшетіндер түгел киіз үйде отыратын болар.

— Сен ертең Шаяхмет екеуін әжелерді алып келіп көрсетсең қайтер еді?

— Көрсетейін.

— Солай етші. Мен тегі Қарағандыда бөгелетін болармын. Келістік қой?

— Келістік.

Көл жақтан балалар айғай салды:

— Анар апа! Айналайын апа! Мырза апа!.. Шаршадың ғой. Бері кел. Шомылайық.

Анар шомылуға кетті де Кенжеғара мен Шаяхмет оңаша қалды.

— Кенже-аға, келінімен екеуміз келістік. Сіздермен бірге көшетін болдық,— деді Шаяхмет.

— Әбден жақсы. Кеше айтқанында да сенің қалғаң мын. Ал, жетпей жатқан нең бар?

— Жетпей жатқан емес, жетіп жатқан нең бар деп сұраныз... Киіз үйім болған емес. Қыскы үйім бар. Бірақ оның көшіріп әкететін бір қадасы да жоқ. Бір атым, бір сиырым, бір бием, екі ешкім, бес қойым бар. Бір талай адам жалдап жатырсыз ғой, солардың бірі болып мен де жалдансам ба деп едім.

— Саған керегі қыскы үй ғой?

— Әрине, қыскы үй.

— Онда мен саған әуелі бір кісідегі алашағынды алып берейін. Ұмытып жүрсе есіне салайын.

— Әй, маған берешегі бар адам Акмола оязынан табылар ма екен?

— Мен тауып отырмын.

— Ол кім екен?

— Ол ма? Аты — Кенжеғара, атасы — Берікқара! Енді түсіндің бе?

— Жоқ, жоқ, Кенже-аға! Біраз жыл сізге жолдас болып жүріп көзім ашылды. Кедеймін, жалғызбын, наданмын деп ешкімнен ықтамайтын болдым. Құдайға анық, мен өзім сізге қарыздармын.

— Сөзді қой, алдына мал салып берейін деп отырған мен жоқ! Бірақ, қарыздар сен емес, мен.

— Е, ондай қарыздарым болса, мейлі, бола берсін...

— Сен былай ет, Шаяхмет. Үй салуға жалданатын үйшілердің бір-екеуін өзіне қосып берейін. Есік, терезе, тақтай, саман кірпіш менің мойнымда. Үш жігіт бір айда нағып бір үй салып алмайсыңдар?

— Подпеске берейін салып алатыныма!

— Киіз үй де тауып берем. Сен оны құрылыс манайына тігесің.

— Неге?

— Сен, қашан барлық үйлер салынып болғанша сол құрылыстың бастығы боласың. Күзеті де сенің мойнында!

— Түсіндім, Кенже-аға, түсіндім. Сонда бірімізге біріміз қарыздар емес, так-натак болып шыға келеміз ғой? Мен бүгін-ақ осы жерде қалып, бос жатқан даланы күзетіп шығуға әзірмін!

— Жоқ, асықпа. Әуелі ауыл көшіп келсін. Қыскы үйдің ағаштарын тасып әкелу керек болар.

— Сірағысын айтқаным ғой.

— Сірағысын айтсаң ертеңнен бастап екеуміз ауылды

көшіре бастайық. Әуелі кемпір-шал, бала-шағаларға тап осы араға киіз үйлерін көшіріп берейік. Содан соң ағаш үйлерді, саман үйлерді көшіреміз. Үй салушылар үш күннен қалмай жиналады. Сен жазғы үйлерді көшір, мен қысқы үйлердің көшуін басқарайын. Келістік қой?

— Келістік.

Көлден қайтқан соң жастардың бір-бір шәйнекке шай ішуге шамалары келді ме, келмеді ме, Наргөздің бөлмесіне барып, бастарын бір-ақ жастыққа салып ұйықтап қалды. Анар шай үстінде кәрі шешелеріне қоныс аударатын жерді мақтап, бір жерге дөңгелете тіккен киіз үйлердің қандай жарасымды ауыл боларын айтып отыр еді. Қарлығаштың шешесі Назыкеш келіп:

— Кенжем, ағаң шақырып жатыр,— деді. Содан соң — Қарлығаш ұйықтап қалды ма? Апа, алып кетейін бе? деп Наргөзге қарап еді, Наргөз оған — кет әрі, аузыңа келгенді айтпай,— деді.

Кенжеғара Жабайдың үйіне келсе Нартай мен Әлішер де осында екен. Ол екеуінен көп үлкен бір орыс жігіті Жабаймен дойбы ойнап отыр. Кенжеғараға бәрі де тұра келіп қол алысып амандасты. Орыс жігіті аты-жөнін айтып амандасты:

— Яков Зуев.

— Кенжеғара Берікқарин.

— Көмірші, штейгер,— деді Жабай.— Әкесі менімен бірге істейтін еді, былтыр жұмыстан қалды.

— Мен сізді бала кезімнен білемін. Бір күні сіз әуелі Акуланы, одан соң Синорскийді қуып жібердіңіз ғой. Сол күні біз екі-үш бала жігіт «Ух, он какой!» дегеніміз есімде. Содан бері Жабай ағай не білсе, мен де соны түгел білемін дей аламын,— деді Зуев.

Осымен сөзге сөз оңай ұштасып кете барды. Біреудің біреу ынғайын байқау, абайлап сөйлеу болған жоқ. Дегенмен жігіттерде ішкі бір келісім бары сезіледі. Төртеуі төрт жағынан қамалап ойнай-күле отырып Кенжеғараны көбірек сөйлеткілері келеді.

— Никулин қалай айтты дедіңіз? Сізді болыстықтан түсіріп отырған ағылшындар. Ұнамай қалсам, бір күні мені де ұшырып жібереді депті ғой?

— Ие, солай деді. Соңғы кезде Омбыдағы кадет корпусынан демократ адамдар шығып жүр. Никулин солардың бірі. Жалпы алғанда бүкіл Россияның орта жоғарғы дәрежелі оқу орындарының қай-қайсысынан болса да демократ жастар көп шығатын болды. Бұл заман рухы болуға айналып келеді.

Осы тұста Зуев бір ойдың шетін көрсетіп қалды:

Интеллигенттер жалпы жағдайды дұрыс-ақ біледі екен. Бірақ кейбір жерлерде оқиға ертерек пісіп қалатыны туралы айтпаған ғой?— деп Кенжеғараға қарады.

— Мүмкін,— деді Кенжеғара.— Бірақ, кейбір жерлерде оқиға ертерек пісіп қалғанымен жалпы жағдайға қарамай өрістей алмаса керек.

— Кешіріңіз, менің айтып отырғаным жұмыскерлер арасындағы жаттанды сөздер,— деді Зуев.— Жұмыскерлер арасында интеллигенттерге солайырақ қараушылық туды ғой осы күні.

— Қысылмаңыз... Ең әуелі мен өзімді интеллигенттер қауымына еркін қоса алмаймын. Бітіргенім семинария... Одан алған аз ғана білімім ендігі біраз шашылып-төгілген де болар. Менің сізге айтқаным да «күн шықпай жарық болмайды» деген сияқты таныс сөздер ғой.

Зуев тағы — кешіріңіз, деді.— Дядя Жабай екеуіміздің орысы бар, қазағы бар бір топ аға жұмыскерлер сізге жіберіп отыр. Сіздер Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістері ағылшындар-француз компаниясына сатылып кетер болса, оларға жұмыскер жайлы бірнеше шарт қоймақ екенсіздер. Сол шарттарыңызда не бар еді, не шығатын түрі бар, соны біліп келуге жіберді.

Жабай Кенжеғараға қарап — алдын-ала сол ағылшындарға жұмыскерлер де бірдеме әзірлеп жатырмыз. Тегі түтініміз бір болсын деген тілек қой,— деді.

— Біз — Некрасов, Бернер үшеуміздің келіскен шартымыз мыналар еді:

1. Жұмыскерлердің жалақысы кемімесін, өсетін болсын.

2. Балалы-шағалы жұмыскерлерге оңаша барақ берілсін.

3. Өндірісте мүгедек болған, қартайған жұмыскерлерге жәрдем берілсін.

4. Жұмыскерлер подрядник арқылы емес, жергілікті ауылдық, селолық орындар арқылы алынатын болсын.

5. Барақтар отын-сумен қамтамасыз етілсін... Негізгілеріміз осылар еді. Бұларымыз ағылшындардың қолына тиген жоқ. Үшеуміз де сол ағылшындар арқылы жұмыстан босап қалдық. Некрасов пен Бернер көшіп кетіпті. Мен ертеңнен бастап көшкелі отырмын.

— Сіз ағылшын, не француз жұмыскерлерінің тұрмысымен таныс боларсыз?

— Орыс тілінде шыққан кітаптардан ол елдердің жа-

йын жақсы білемін деуге болады. Бүгінгі жайлары да орыс тілінде шығатын газет, журналдарда көп жазылып тұрады. Барып көрген емеспін.

— Сіз біздің бір жиналысымызға келіп, сол елдердің жай-күйімен таныстыра алмайсыз ба?

— Келейін. Тек бірер күн алдын ала хабарлап қойыңыздар.

Соңғы сөз түйіні осы болды. Зуев, Нартай, Әлішер үшеуі қоштасып қайтып кетті. Олар кеткен соң Жабай жұмыскерлер арасында мынадай бір жаңалықтар барын айтты:

— Қарағандының жат қолына кеткені анықталған кезде жұмыскерлер де қарап отыра алмай «Орыс-қазақ жұмыскерлерінің одағы» деген ұйым құрғамыз,— деді.— Патшалығымыздың өзінің езгені аз болғандай, біздің мойнымызға әкеліп ағылшынды міңгізгеніне әрі намыстандық, әрі оның ыркына көнбей, әрбір зорлығына қарсы тұруға бел байладық. Ағылшын бізге ырыс әкеле жатыр деп ойламаймыз. Қазақ жерінің алтын, күміс, мұнай, мыс, көмір сияқты жер астындағы бар байлығын сорып алуға келген сұмырайға тізе бүкпек емеспіз. Сен, Кенжеғара шырағым, аз ғана жұмыскер емес, жалпақ елдің намысын жоқтайтын, есін жиған елге айналдырам деп жүрген адамсың. Жұмыскерлер сені қол ұстаса қимылдауға шақырады,— деді.

— Одақтарыңда қанша адам бар?

— Әзір көп емес. Бірақ, керек болып қалса Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді жұмыскерлері бір адамдай айғай салып шыға келеді.

— Орыс-қазақ жұмыскерлерінің одағы үшеуінде де бар ма?

— Үшеуінде де бар.

— Бұл әзір жасырын ұйым болар?

— Әрине, жасырын.

Ойлана қалып еді, үлкен бір өкініш оралды. Жұмыскер қауымына қашаннан бері көңілдес бола жүріп оның оңаша күш екенін білмей, ел деген түсінікке кіргізіп қана ойланған екен-ау! Кенжеғара шұғыл бұрылып:

— Жабай аға!— деді.— Жабай-аға, қара қазақтың баласында Бұланбай-ағаң екеуіңіздің ақыл-ойларыңызды қанша жоғары бағаласам да әлі жете бағалай алмай жүр екемін. Әлде бүгін менімен шын мәнісінде ойлана сөйлестіңіз бе? Қалай сөйлессеңіз де мейлі, мен алдыңызда тізе бүктім. Менің ойлағаным да еңбек жұрты, сіздердің мұңмұқтаждарыңыз болатын. Бірақ, мен сіздердің өз күштеріңізге арқа сүйеу керектігін ойлай алмаған екемін.

Бұған дейін де жан аяспас дос адамдар, бүгін бірінің бірі күрек тұбін жарып көргендей жақындаса түсті. Кенжеғара есі кіріп, ержете келе бауырласым, туысым деп еді жұмыскерлер тобына қайнаса кірігіп кеткен еді. Бүгін оңашасына тағы бір қуанды. Не рулас, не қоныстас, не туыстас емес, олар жұмыскер, бұл ауыл жігіті еді ғой. Кезінде осы топқа қарай сүйрелей берген шешесіне де риза еді. Міне, өз тұсындағы дәуірдің ең жоғарғы сатысына көтеріліп келе жатқан қарапайым адамдар осы Бұланбайлар, осы Жабайлар, Нартай, Әлішерлер, Көпей, Назыкеш, өз шешесі Наргөз сияқты әйелдер екен. Адалдық, ерлік, сұлулық, мейірімділік осындай адамдардан табылады да. Өз бойынан осы қасиеттер табылған адамнан жоғары тұратын ешкім болмаска керек!

Кенжеғара өз үйіне қайтып келсе ауылдың үлкендері — Бұланбай, Алшағыр, Қолбан, поштабай, бәрі де осы үйде екен. Бәрі де көшер-көшпесін анықтауға келіпті. Бұл ауылда Қарағандының жұмыскері саналатын Сүгірәлі, Бұланбай мен Алшағыр шалдар. Олар бірінші болып көшеміз деп келіпті. Өзгелері көшпеймін десе де көшіріледі. Байжекең қайтыс болғалы ол үйдің екі ер баласы көмірге түсіп еді, сол үй ғана қайтерін біле алмай огыр екен. Аяқтап келгенде көмірге түскен балалары қалып тағы екі баласы мен Жұбай шешей көшетін болды.

Ауыл адамдары көңілсіз еді. Қалай көшеді, қашан көшеді, кім не істеу керек, соларын біліп, келісіп алды да тарасып кетті. Өз жеріңе өзің не еместігіңді айтып, кеше ғана салып алған үйінді бүгін киратып жатқаныңды айтып зарланудан не пайда, еркектер еркектерше үндеспей тарады.

Кенжеғара үлкендерді шығарып салып, есік алдында аз ғана тұрып қалып еді. Түн жылы, ай жарық болатын. Кішкене болса да орыс деревнясының тәртібімен салынған «Бұланбай ауылы» түгел көзіне түсті. Мектеп, жатақхана, монша. Ай жарығымен көгілдір тартып көрінетін аққа боялған тұрғын үйлер жаңа тіршіліктің бастамасы еді. Сонымен бірге жалпы қазақ халқының көшуді азайтып отырықшылыққа бейімделген бет алысы болатын. Қарағанды өндірістерінің жат қолына көшуіне байланысты, тал түсте, ақысыз-бұлсыз, бірінші құрмалдық болғалы тұр. Келер жылғы осы уақытқа дейін ізі де қалмайды. Тағы нелеріміз құрмалдық боларын кім білсін? Бұл өндірістерге ең кемі бес мың адам керек. Еркек демей, қыз демей мыңдаған жас балалар көмір тазалауға, тас сұрыптауға түседі. Ең ауыр құрмалдық адам ғой, адам, адам!

Ойы Жабайдың үйіне қайта оралды. Әлгі бір орыс жұмыскерін де бірінші көргені еді. Бүгін Жабайдың өзін де бірінші көргендей болған мезеттері де есіне түсті. Кеңжетара дала бұқарасын көп күш көріп, көп үміт күтетін. Өзі жұмыскер қауымның үлкен тілектесі бола тұрса да, туыс, дос іздегенде тапқаны жұмыскерлер бола тұрса да, бұл қоғамның әлеуметтік салмағына толық көңіл аударmай келгеніне өкінді. Амал не, «ештен кеш жақсы!» деген нақылымыз да бар ғой. Үлгіріп көремін де...

Бір кезде Сейіт-Камал дейтін татар байының Қарағандыдағы магазинінде піркәшігі болған Ғали-Хайдар Мансуров бұл кезде өзінің магазиндері бар байып алған адам еді. Бұл өзі қазақ жерінде байып алған бірінші татар да емес, ең соңғы татар да емес; мыңыншы болуы да, мүмкін, бірақ бәрі бір ең соңғысы емес. Келеді әлі, болады әлі.

Бір кезде ол Сейіт-Камалдың лашығында: «риба иесь, мьяса иесь... лошит тоже скатина полнай мьяса калбаса... Деньги иесь — все продам, деньги нету — даром дам!— деп зарлап тұратын еді ғой.

Бұл кезде оның Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерінің үшеуін де магазиндері бар. Ку саудагер жұмыскерлерге не керек, қыр қазақтарына не керек, бәрін де бес уақыт намазындай біліп алған. Неше жылдан бәрі Қарағанды өңірін жалғыз сорып жатыр. Оның магазиндерінен табылмайтын нәрсе болған емес: бұлғары, ұн, шай, кант, өрік, мейіз, айна, тарақ, сабын, пасыбай, махорка, арақ («ішәләр биг кияфрлар»), апиын, имбир, тамыр дәрі, бальзам, «хазіреті қос күрең», сыпап, мүйіз майы, жылан уы деген дәрі-дәрмектердің жазып жібермейтін ауруы жоқ. Молдасы келісіп апиынға дұрыстап үшкіріп бала таппай жүрген әйелді ауылдан алысырақ екі-үш түн оңаша ұстаса, ондай әйел бала тауып салатыны да болады. Керосин, қарамай, жер майы, солидол толы бөшкелер қысы-жазы тыста тұрады, тоңмай, күнбағыс майы — іште. Магазиннің екі сары-ала ит күзетшісі бар, үшінші өзі. Магазиннің үстіндегі бөлмесінде, тыстағы май бөшкелерінің тұсындағы кішкене терезенің екі жағында бәйбішесі мен екеуінің төсектері тұрады. Ол кезде осының өзі жетіп жатқан күзет болатын. Ол кезде қанғырма қайырғы болмаса ұры-қары дегендер бола да бермейтін.

Күтпеген жерден Павлович келді. Ұзамай генерал-губернатордың келуін күтеді екен.

— Елу еркек. он бес әйелге бес күнге жететін арақ-ша-

[illegible]. Ағылшын мырзалар осы жұмысты сізге тапсыр[illegible] келеді,— деді.

Хұп!— деді Мансуров.

— Қызылжар мен Ақмолада табылатын ең жақсы, ең қымбат ішімдіктер болсын!

— Біләм... біләм... яхшы, аяхшы.

— Жиырма күн уақыт жете ме?

— Житә, житә!..

— Бүгін оныншы июль... Бірінші август күні ақшаның қалғанын қолма-қол тапсырып, ішімдіктерді алып кетемін. Мынау, міне, жүз сом задатка.

Уәделескен күні Павлович алдырған екі жүз бөтелкені көріп ағылшындар атынан көп-көп құттықтаулар, тілектестіктер айтты: ағылшындар Қарағанды өніріндегі өндірістерді қамтамасыз етіп келген іскер адам алдағы уақытта да бізді тастап ешқайда кетпес деген сенім білдіріпті. Мансуров мақтап тұрып қонақтар келгенше сізде тұра тұрсын деді.

— Рахмәт, рахмәт,— деді Мансуров.

Бұл жолы Павлович оған тағы бір пайдалы кеңес берді.

— Қазір біздің өндірістерге жаңадан екі мың жұмыскер қосылады. Көпшілігі ауыл қазақтары. Жалақы өте жоғары. Қарағанды мен Ақбұйрат арасына темір жол саламыз. Түсінемісің? Губернатор келгенде қанша халық жиларын шамалаймысың? Сенің орнында мен болсам магазиндегі барлық бұлдардың бағасын тағы бір бес-он тиынға көтерер едім,— деді. Содан кейін оң жақ көзін бір қысып қалды да шығып кетті.

Павловичтің сөзбен айтқандары да бір саудагерді есінен тандырғандай еді, оның үстіне көзін қысып қалғаны... ол енді... алтын мен күмістің сынғыры болмаса, ауызбен айтып жеткізе алар дүниелік емес қой. Аспаннан аяғы салбырап тұрған пайда ғой бұл!

Мансуров барлық сатылатын бұлдарының бұрынғы бағасын көрсетіп тұратын құлақша қағаздарын жұла бастады.

Ағылшын-француз компаниясы үш өндірістің үшеуінде де азық-түлік, киім-кешек, өлі бұйым — бұл, бакалея магазиндерін ашуға әзірлік жасай бастаған. Магазин, әрине, пайда орны. Компанияның әзірлеп жатқаны жұмыскерлерді тотита тонау орны еді. Бұл магазиндерде жұмыскер күнделігіне не керек, соның бәрі болады. Жұмыскер айлық жалақының мөлшерінде не аламын десе де, не алғысы келсе де қолма-қол ақша төлемей-ақ ала береді. Компания айдың аяғында есебін шығарып, не аласы, не бересі бола-

ды. Айлық жалақының оннан біріндей шамада артық алып отыруына да болады.

Бұл бір арамы қақпан. Көріп тұрып, біліп тұрып, жұмыс адамы түспей кете алмайтын қақпан. Сенің ақшаңның бары-жоғы оған есеп емес. Жұмыс істеп жүрген күндерің болса сол жетіп жатыр. Айдың аяғында магазин сенің не алғанынды есептеп береді, завод сенің бір айдың ішінде қанша жалақы алашағың болғанын есептеп шығарады. Екі есептің екеуі де қожайынның қолында. Ұтылатын сен боласын. Оның үстіне кездік қожайынның қолында, безбен қожайынның қолында...

Нельсон Фелльге ауыр болып жүрген бір-ақ нәрсе бар. Ол орыс елінің шет жағалауларында барлық бұйымның бағасы арзан болады екен. Жұмыскер қауымына қымбат дүниеліктің керегі де жоқ. Сол жағдайға төселіп алған саудагерлердің тиындап-тебендеп сора беруіне бұл мол жетеді. Компанияға тым аз. Сондықтан ол Павлович арқылы Мансуровты алдастырып барлық сатылатын нәрсенің бағасын қымбаттатып жіберді де — енді татар менің қолымдасың!— деді.

Уақыт өтіп жатты. Пайда түсімі молайған Мансуров әр намаздың артынан аллаға рахмет айтумен бірге Павловичқа да алланың рахметі жаусын дейтін болды. Қымбат бағаға жұмыскер қауымның да амалсыз бойы үйренді. Үйренбеске не шарасы бар? Шай, қант, керосин, бала-шағаға көйлек-көншекті қайдан алады? Амал жоқ, қарғай-сілей жүріп, Мансуровтың магазиніне келеді.

Компанияның жұмыстары да жөнкілмелі сарынын тауып, өнімді жүріп кетті. Губернатордың келуіне қарсы орындалар шаралар түгел ойдағыдай орындалды. Көп болса елу шамалы кіреші қазақ, жүз шамалы қара жұмыстағы қазақ бір-екі рет таяқ жеді, оған компанияның іші ауырған жоқ. Губернаторды түсіретін үлкен үй салынып бітті, жарқырап тұр. Әттең, тағы бір үлкен үй өртеніп кетті. Амал қайсы, жамау-жасқаумен тағы да екі-үш үй қатарға қосылды. Барақтар жағынан тақтай қоршаулар да салынды, кіріз үйлер де тігулі тұр. Арақ-шараптар, серуенге шығатын ат-арбалар түгел әзір...

Келемін деген күніне ояз бастығы Норкин де келді. Караөткел мен екі арадағы елдердің үш болысы ере келіпті. Норкин соңша хошемет-құрметпен келсе де әкелген хабары компанияны қуанта алмады: генерал-губернатор келе алмайтын болыпты.

Әрине, ең кемі мың шақырым жердегі сонау Омбыдан Акбұйратқа лаулаған атпен келіп қайту үшін қанша күн

[illegible] губернатордың есіне кейіпірек түсуі мүмкін. Шетелдік сый қонақ Карноға бара алмаймын деуді ыңғайсыздық көрген болар. Қалайда келе алмайтын болыпты.

Губернатордың үлкен тілектестік, іске сәт тілеп жазған хатын ояз бастығының өзі әкеліп тапсыруы әрине, үлкен құрмет. Карно да, Фелль де оны олқысынған сыр байқатқан жоқ. Үш күн хошемет-хұрмет көрсетіп, шетелдік оны-мұнымен сыйлық жасап аттандырып салды.

— Ал, енді фишкамызды санасайық,— деді Фелль, Карнога кабинетіне қайтып кірген соң.

— Міне, сегіз бөлмелі үй салып алдық. Барактар жағы түгел коршалды. Екеумізге бес жаңа дәретхана бар,— деді Карно бет-аузы бүлк етпестен.

— Ие, қырық адамға үш рет ауыстыруға жететін төсек-орын да бар ғой?

— Ағылшын парламентін қонаққа шақырсаң да жететін арақ-шарап қалды.

— Онда француз парламентін қоса шақырайық.

— Әбден болады. Ыдыс-аяқ, шай сайманы. Польша күмісінен жасалған қасық, пышақ, айыр, ожау, шанышқы, табақтар, подностар, хрусталь бокалдар да жетіп жатыр.

— Сауық кеші бола қалса сынатын ұрланатын, қалай жоқ болып кеткенін білмейтін қымбат бұйымдар да жанымызда қалды ғой!

— Несін айтасыз, байлық та қалдық. Қатын алмаған болсақ орыстың бір графинясына үйленуге де жетер еді.

— Сіз білуге тиіссіз ғой, Екінші Екатеринадан қалған нәсіл жұрағат жоқ па екен?

— Меніңше ол өмір бойы бедеу өткен болу керек... Болады ғой, сондай бір күнәсіз жандар.

— Жә, осымен аяқталмаған комедиямызды тоқтатсақ қайтер?

— Ие, адам комедиясын ұлы Бальзак та аяқтай алмай кетті ғой. Тоқтатайық...

— Жә, ертеңгі күнді неден бастаймыз?

— Магазиндерімізді ашпаймыз ба?

— Өзгеріс жоқ қой?

— Өзіңізде болмаса менде жоқ.

— Онда мен қазір жүремін Қарағандыға!

— Жолыңыз болсын! Бірақ, Қарағандыға емес, Нілдіге. Қарағандыға бастығының орынбасары келіпті. Сауда жағын мықты білетін адам көрінеді.

— Е, болсын. Ал, мен кеттім,— деп Карно орнынан тұра берді.

Ертеніне Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерінің

үшеуінде де ағылшын-француз компаниясының өз магазиндері ашылып еді. Мансуровтың магазиндерінде бар бұйымдар бұл магазиндерде де бар деп есептелетін.

Бірінші ұтылған Мансуров болды. Магазиндердің бәрінде де бұйым бағасы бірдей болған соң жұмыскерлер, әсіресе әйелдер ағылшын магазиндеріне жүгірді. Ертенгі күннің есебінде әйелдердің не жұмысы бар, құшағын толтырып нәрсе алып қайта бастады. Магазин қолынды қағар емес. Қағазға бірдемені түртеді де қала барады.

Үш күннен кейін Мансуров өзінің апатқа ұшырауға қалғанын сезінді. Жүгіріп жүріп Павловичті тауып алды. Орысша жақсы білетін шақар саудагер:

— Сен мені неге алдадың?— деді Павловичқа.

— Қалай алдаппын?

— Сатылатын бұлыңның бағасын бұрынғысынан бесон тиынға көтер, өсір деген сен емес пе едің?

— Мен оны тілектестікпен айттым ғой. Сен одан не зиян көрдің?

— Сен өзің магазин ашатын болған соң, товардың бағасын маған көтертіп алыпсың. Сенің қолма-қол ақша төлемей алатын магазиндерің де жұрт ығы-жығы... Менің магазиніме қазақ жұмыскерлерінің қатындары, міне, былай деп қолдарын шығарады. Жоқ, жоқ. Мен қазір магазиніме қайтамын да, барлық бұлдарымды бұрынғы арзан бағасымен сата бастаймын!— деді.

Мансуров жүгіріп магазиніне кетті. Павлович жүгіріп Нельсон Фелльге келді.

Қожайын магазиндерінде де сауда жанжалсыз өтіп жатқан жоқ еді. Көпшілік жағы, әсіресе әйелдер ақша төлемей несиеге алатын бұйымдарға жапыр-жұпыр бас салып жатыр. Оларға керек емес не бар бұл дүниеде? Он екі сағат қайламен, қашаумен, күрекпен, қолмен жұмыс істейтін адам күніне бір тою керек пе, жоқ па? Күніне бірақ рет! Ол жұмыскердің кәрі әке-шешесі, жас балалары да болады ғой. Оларға да тамақ, киім керек қой. Бүгінгі ақша төлемей алып жатқандарының ерген сұрауы боларын әйелдер де біледі. Ертең-ақ еркектерінен таяқ жейтіндерін де біледі. Бірақ, «саған көйлек әкелдім» дегенде қызының көзі бір жарқ етіп қалмай ма? Бұған жетер не бар? Қолына бір-екі крендель, не пряник ұстата салсақ ұлының жүзі де жадырап кетпей ме? Ана үшін бұған жетер не бар? «Келін, қарағым-ай, бүгін шайды қайдан тауып әкелдің, иісі бүкіл барақты алып кетті ғой... Атаға тағы бір шашке құйшы»— десе, атаңмен бірге енеңе де тағы бір шашке

шай қалай құймассың!.. Осының бәрі акша .. Барлық жұмыскер үйлерінің күні де осы, күйі де осы.

Мансуров товар бағасын бес-он тиынға көтеріп жібергелі жұмыскерлер жұртшылығы оған наразы еді.

— Не болды қарап отырып сонша қымбаттатып? Қара бақырға қақалып өлгір жалмауыз!— деп қарғай жүріп, амал жоқ, керегін сонын магазинінен алатын. Бүгін міне, тәнірі жарылғағыр ағылшындар не алсан да, канша алсан да несіеге беріп, көзіміз ашылды ғой!..

Осы «көзіміз ашылды ғой» дейтін әйелдердің Мансуров магазиніне қарап қолдарын шығарғаны да рас. Кешке қарай еркектерінен таяқ жегендері де рас. «Бұлдарымды бұрынғыдай арзан бағамен сата бастаймын» деп Мансуровтың магазиніне қарай жүгіре жөнелгені де рас еді.

Павлович та саскалактап Фелльге келді, ентігіп тұр.

— Не болды, Паульсон, жай ма?

— Әлгі татар көтеріліс жасап жатыр.

— Жалғыз ба?

— Жалғыз өзі, әрине...

— Оған не керек екен?

— Қазір магазиніме барамын да барлық бұлдарымды бұрынғы арзан бағасымен сата бастаймын,— деп кетті.

— Маған не істе дейсің?

— Біз не істеуіміз керек деп сұрайын деп келгенім ғой.

— Бұрын мұндай көтеріліске кездескенін жоқ па еді?

— Жоқ,..

— Онда татарынды қайта шақыртып ал, не өзің бар... Бір-ақ ауыз сөз айт: сен бұлынды арзан бағамен сата бастасаң, біз де сол арзан бағамен сата бастаймыз, де! Қайсысын қалайтынын өзі білсін... басқа ешнәрсе айтпа!

Павлович келгенде Мансуровтың магазинінде екі-үш қыр казағы тұр екен. Бір сәнділеу киінген қазақ әйелі бархыт, мақпал, жібек бұлдарды аударыстырып қарап жатыр. Қыз ұзататыны байқалады:

— Күрең бархыттан сегіз кез, мына қызылдан бес кез... Шымылдыққа мына бір көк жібектен отыз кез.

Мансуровтың піркәшігі малайы тез-тез өлшеп, сатылған бұлдарды онашалап жатыр. Шыны-аяқтары мен самауыр келіп қосылды. Құстөсек, көрпе, жастыққа мына бір көк-ала барқыттан алпыс кез...

— Әкесі-ау,— деп әйел москал еркекке қарады — әкесі-ау, тойға қант, шай, өрік-мейіз де керек қой. Қанша алайын?

— Өзің шамалап ала берсейші.

— Жарайды... шай он қағаз, қант бір пұт... өрік-мүйіз

он кадақ болса да жетер... Әкесі-ау, мына бір кілемге қызығып тұрғаным...

— Алыңыз, алыңыз,— деді Мансуровтың өзі. Мен бүгін барлық бұлымды арзан бағасымен сатамын. Ақшаңыз жетпесе несиеге де қараймын. Ғабиден мырза, мин сізні бик яхшы біләмін. Алыңыз, алыңыз...

— Ал, әкесі, мен аларымды алып болдым, есебінді өзің айыра бер!

Бұл сатып алып жаткандар жұмыстарын бітіріп кеткеншe Павлович сөзге араласқан жоқ. Ананы, мынаны қарағаң болып тұра берді. Олар кеткен соң ғана — жаңағы казақтарға бұрынғы арзан бағамен саттың ба?— деп сұрады.

— Мен бұрынғы бағаларыма түгел көшіп болдым,— деді Мансуров.

— Жақсы, бізде сол арзан бағаға көшіп жатырмыз. Сіз білесіз ғой, соныңыз дұрыс екен. Біз сіздің артыңыздан ере беретін болдық. Хош-сау болыңыз...

Павлович кетіп қалды. Мансуров үйіне келіп:

— Бу кияфыларны һиш аклап болмы бит!— деді. Әйелі оған сол бұрынғы арзан бағамен шыдап көруді кеңес етті:

— Ауыл қазақлары киліп тұрсалар шул сина жтиәгәнміни?— деді.

Бұланбай ауылы тарап кеткен соң Жабай мен Назыкеш Қарағандыдағы ескі үйлеріне біржола көшіп алған. Қарлығаш әрине, Гүлбәденнен айрыла алмай жаңа ауылда жүреді. Төрт жылдық мектеп өртеніп кеткен соң енді қайда оқитыны да белгісіз. Ол түгіл интернатта тұрып оқып жүрген елу шақты балалардың қайда кетері де белгісіз. Қарағанды өндірістерінің жат қолына көшкендегі бірінші құрбандары мектептер болды ғой. Жат арманы қашан да, кайда да сол ғой! Сенің ой-сананды бұқтыра беру, тұншықтыра беру. Жат сенің алтын, күміс асылынды алады. Бұған оның тойымы жоқ. Өз асылынан ауыспайды. Ауыса қалса, оның ең асылы оқуы, білімі болар еді. Тан қаларлық бір нәрсе — жат үстемдікке қарсы болғанда ең қара надан деп саналатын елдің де һамысына тиетін, қорлайтын, ашындыратын, өшіктіретін себептер осы ел деп, адам деп тең көрмей, кем көретін жақтардан келіп өсіп-өршиді. Бұл жағынан қарағанда ағылшын деген дүниежүзілік мектеп. Әлсіз елдер не істей алсын? «Алдыңа келсін!» деп отыра бермеске амалы жоқ. Бұл дүниенікі ол дүниеге кетпес деген үміті де болады. Мүмкін, бұл да адам баласының қашаннан бергі өмірінен туған бір қорытындысы болар.

Көршілерінің көшіп келіп орныгып алған соң Назыкеш [illegible] түсті. Оған жеткен ұл, қыздарынан бастап жетпіс [illegible] жеткен кемпір-шалдарына дейін түгел жұмыста жүретін қауымның ішінде Назыкеш те жұмыссыз отыра алмас еді.

— Сірі қалпағың жараса кетті ғой!— деді Жабай.

— Тоқтай тұр әлі! Шалбарланып алып, резинка етігімді киген соң көрерсін жарасқанды!— деді Назыкеш.

— Сен ғой, енді мені таң атпай оятатын боласың?

— Жоқ, сен оянбай-ақ қой. Мен өзім кете берем.

Балалар мен әйелдер, шалдар үшін жер астындағы жұмыс уақыты он сағат. Көмір аршиды, күн бойына жинала беретін бос балшықты сыртқа шығаратын «қара-ауызға» қарай шелекпен, шанамен тасымалдай береді. Сыртқа шығарылған бос балшықты биіктеп бара жатқан «Күл төбеге» тасиды. Күрек, «ит шана». Бұл «жеңіл жұмыстарға» жатады.

Назыкеш вагонеткаға жегілген атты жетектеп жүріп қазылып жатқан көмірді тасиды. Көмірді артып берушілер бар. Түсіріп алушылар бар. Сондықтан бұл да «жеңіл жұмыс». Ара-тұра дем алып, ат жетелеп жүру жұмыс па тәңірі! Бір кезде бұл Қолбаң сияқты ауыр денелі адамның еңбектеп жүріп таситын жүгі еді. Жұмыстың ауыры болатын. Осы күні жіңішке темір жол, ат жегілетін кішкене вагон дегендер айтып жеткізе алмас ертегі ғой! Жер астында темір жол, жер астында мал... мал болғанда малдың асылы жылқы!.. Бұдан артық ертегі болады деймісің!

Қазір Назыкеш бір арық көк атты жетелеп таңертеңгі алтыдан кешкі төртке дейін жер астында жүреді. Көмірді артыспай, түсіріспей қарап тұра да алмайды. Жұмыс уақыты біткен соң көк аттың арқасын сыпырып-сыйпап, жәшігіне сұлысын төгіп, шөбін салып, мойнынан бір-екі қағып қоятын әйелді көк ат адамша жақсы көретін сияқты. Жүгенге басын өзі ұсынады, жегінге өзі онтайлана береді. Таңертең Назыкеш келгенде сағынып қалғандай оқыранады.

Ұзақ жылдар жер астында болған жылқы көзінен айрылса керек. Соны естіген Назыкеш карбид шамын кішкене вагонға бекіте салмай қолына ұстап жүреді. Аттың көз алдына тоса ұстайды, бірақ, ат қазір көре ме, жоқ па, ол белгісіз. Шам жарығының атқа пайдасы бар ма, жоқ па, ол да белгісіз. Назыкештің осыған іші ауыра жүреді.

Жер астында да өзіне лайық ұрлары бар... Назыкеш карбид шамымен аттың жүгенін үйіне ала қайтады. Өйткені, айналасы екі айдың ішінде шамы екі рет, жүгені бір рет

ұрланды. Шахтаның қай жеріне тықса да ұры таба алмайтын қуыс болмаса керек.

Шамын кеудесіне асып алыпты, жүгені сол жақ білегінде, Назыкеш компаниянын бүгін ғана ашылған магазиніне кіре кеткелі келіп еді. Халық көп, сығылысып тұр. Сатушы үшеу екен, үшеуін де жұрт қоршап алыпты. Еркектер жағы сатушылармен жанжалдасуға жақын тұр. Өзді-өзі де шәлкем-шалыс, іліп-тартпа сөйлеседі. Баға мұнда да бес-он тиынға қымбаттаған.

— Өзіміздің магазин дегендері осы ма? Әлде мен әлде қайда адасып келіп тұрмын ба?— деді бір картаң адам, орыс, өзіне өзі айтқандай ешкімге қарағаң да жоқ. Осыны айтты да, орнынан кетіп те қалды.

Екінші бір жерден әлде кім оған жауап бергісі келетіндей:

— Сен адасқалы қашан!.. Оралдан асқан соң-ақ адасқансын. Оны өзің де білесің. Бірақ, амал қайсы!— Бұл адам да өзіне өзі айтты да, басқа жұмыстарына бұрылып кетті. Тағы бір адам — бізде тұра келіп жүріп түс көретін адамдар әлі бар,— деді.— Нанбасаң жаңағы адамның өзінен сұрашы, тұк айтқаным жоқ,— дейді. Ең қызығы мұнысы оның не айтқанынан танып кеткендік емес, өзінің не айтқанына өзі мән бермегендік... Айтылды қалды, түкіргенмен бір.

Мұны айтқан орта жастардағы адам. Қасында өзінен едәуір жасырақ жолдасы да бар. Екеуі де қала адамы екені айқын танылады. Қолдары қалталарында, магазинді баяу аралап жүр.

Қазақ әйелдерінің алғысы келіп, еркектерінің тартпақтап тұрғандары көзге көбірек шалынады. Магазин іші кейде даурығып кетіп барып басылады.

— Өзіміздің магазин деген соң Мансурдан гөрі арзанырақ болар деп едік. қымбат болмаса арзан дәнемесі жоқ қой. Мұның біздікі болғаны қайсы? Неменесі артық!— деп әйелдер осы жағынан пайдалы бірдемені түсінбей жүрміз бе деп шүбәланатын сияқты.

Әйелдердің екінші бір тобында қызынғандық басталып келеді.

— Адыра қалсын өзіміздікі болғаны!

— Мансурдан арзан бола ма десек, қымбат болып шықты ғой!

— Жүріңдер, Мансурдың магазиніне барайық. Ең болмағанда мұсылман ғой.

— Оның мұсылмандығынан орыстың кәфірлігі анағұрлым жақсы!

Бір [illegible]дей қожбан-қара жұмыскер осы топтың ішін[illegible] қолынан тартып, өзіне қаратып алды да:

Қалтаңда көк тиынның жоқ, Мансурдың магазиніне [illegible] қара айғырымды жетелеп барасың ба!— деді.— Жүр, кеттік үйге. Сені үйге апарып қамап кетпесем, бес күннен кейін аш қалып жүрерміз. Жүр, жүр...

Кезектен қайтқан, кезекке кетіп бара жатқан еркектер әйелдеріне магазинде кездесіп қалып, бірі анау жайнап тұрған киім-кешек, бархыт, жібек, ситсаларға қарай жетелегісі келеді. Бірі — есікке қарай...

Ішкі есік жақтағы қараңғылау бұрыштан мосқал әйелдің әлсіздеу даусы шықты:

— Ойбай-ай, құдайды ұмытпаған қайсың барсың? Көріндерші мынаны, мынаны!— деп көкшіл түсті кездемені бұлғап қояды. Жұрт солай қарай еңсерілді. Назыкеш те солай қарай келіп:

— Немене, апай?— деді әйелге.

— Бес кез деп бергені мынау. Жәнібекке көйлек болмақ түгіл, өзіме дамбал болуға жетер ме екен бес кез дегені!— деді. Қасындағы әйелдер де оның сөзін мақұлдап шулап кетті.

— Өлшендерші, өлшендерші!

— Бері әкел кездігіңді!, Кездеме сатушы бермеді кездігін.

Назыкеш кемпірдің қолындағы сатинді лавка тақтайына салып сүйемдеп өлшеді де:

— Үш кез жарымнан көп аспас,— деді. Сатушы татар жігіті Назыкештің сатин сүйемдеп тұрған қолының алақан сыртынан темір кездікпен осып кеп жіберді.

Назыкеш қолын аузына басып үндей алмай қалды. Көзінен жас шығып кетті. Әйелдер у-шу... қарғау... сілеу... Әлдекім Назыкештің солжақ білегінде жүрген жүгенін жұлып алып сатушыны құлақ шекеден ала періп-періп жіберді. Жүгеннің темір ауыздығы мен айшықтары қатты тисе керек, сатушы қан-қан болған бет-аузын алақандарымен басып алып ішкі есікке қарай жүгіре жөнелді.

Тағы бір сатушыны ұрып жатқан сияқты. Магазин іші азан-қазан. Үш жерде шам жанып тұр еді, сөніп қалды. Орыстар орысша, қазақтар қазақша боқтап жүр. Орыс әйелдері еркекше, қазақ әйелдері қазақша жіберіп жүр.

— Сал қолды! Тала!

— Тала, тала!

— Өрте!

— Өрт!

— Өрт!— деген дауыстар қат-қабат араласып, гуілдеп кетті.

Назыкеш әрең дегенде көпшіліктің арасынан сытылып шығып үйіне қарай жүгіре жөнеліп еді, бір жігіт қуып жетіп:— Назыкеш апа, мә, жүгенің,— деді.

— Темірханбысың? Әлгі лавкешіні сабаған сен бе?

— Шыдай алмадым, күйіп кеттім. Жабай ағаның жан серігі, ардақты апама қол тигізген итті... өлтіріп жіберсе де обал жоқ қой... Бірақ, қазақ кісі өлтіре ме!..

— Қойшы, Темірхан, жоқты айтпашы,— деді Назыкеш.— Онсыз да сыбағасын бердің ғой. Қызып алған жұрт магазинді талап жұрмес пе екен?

— Тала! Өрте!— деген дауыстар көп шығып жатты. Ызалы адам аз емес қой. Мен не болғанын көріп келейін. Сіз үйіңізге жақындадыңыз ғой.— деді де Темірхан магазинге қарай қайта бұрылып кетті.

Назыкеш тағы бір оншақты адым жасады ма, жоқ па, Қарлығаш жүгіріп келіп мойнына асылды.

— Апам, апам!

— Құлыным, Қарлығашым!..

Назыкеш әрине, қызын көтеріп алды. Ол Гүлбәденнен айрыла алмай әжелерінің ауылында болатын. Шеше сағынып қалыпты. Бет-аузының күйесіне қарамай дала иісі анқыған қызын аймалап сүйе бастады.

— Шамынды маған бер. Мен көтеріп отырайын,— дейді Қарлығаш.— Олай еткеннен шешесінің жүгі женілденбейтінін білмеуі де мүмкін. Онда баланың не жұмысы бар. Шешесі ауыр ма, женіл ме, бір карбит шам, бір жүген көтеріп келеді екен. Қыз бала шешесіне болыспай қалай тұра алады? Ұл ма, қыз ба, әке-шешеге болысу, жаны ашу дегендер баланың қаны мен жанында бірге жаралған сезімдер. Баладан ондай сезімдер табылмай жүрсе, ол әке-шешесінің кешілмес күнәсі.

— Кім-кім келдіңдер?— деп сұрады Назыкеш, шамды қызының қолына ұстата беріп.

— Бәріміз де келдік,— деді Қарлығаш.

— Әжелерің де келді ме?

— Жоқ. Верка, Гүлбәденка үшеуміз. Сен оған Гүлбәденка деме, жарай ма? Ашуланып қалады.

— Әжелерінің дендері сау ма?

— Сау, сау... Бүгін мен оларды көргенім жоқ... шие теріп жүр едік, Бекет келді де алып кетті.

— Сендерді Бекет алып келді ме?

— Ие. Мен саған бір шелек шие теріп әкелдім. Гүлбәденка мен Верка екеуі жеп қоймаса шелек толып тұр. Келе

[illegible] бір-бірлеп ұрлап отырды. Бекет «ұраламан-[illegible] де қойған жоқ.

Қарлығаш, сен анадай құс көрген жоқ шығарсың?— [illegible]е, мен мойнымды бұра бергенде біреуі бір шиені [illegible]ына салып кеп жібереді.

— Анар қалай?

— Анар осы күні бізбен «хан-атпақ» ойнамайды. Әжемдерге кітап оқып отырады. Шие теруге де бармайды. Кенже-ағам екеуі көлге де бөлек түседі.

Назыкеш үйіне жеткенде қыздар мен Бекет әлі тарантаста отыр еді. Назыкеш жақындаған соң Вера мен Гүлбәден жүгіріп келіп Қарлығашты жұлып тастап, оның орнына өздері еркелесіп кетті.

— Айналайын, алтын апа!

— Сағынып қалдық қой.

— Енді қыс бойы көрісе алмаймыз ғой.

— А, мен каникулда келемін,— деді Қарлығаш.— Келемін ғой, не, апа?

Қызының қайда барып оқырын Назыкеш әлі біле алмай жүрген. Оқудан қалып қоя ма деген хаупі де бар еді. Енді Гүлбәденге еріп Қарәткелге кетерін сезінгенде тұла бойына бір ыстық толқын лап бергендей болды. Неге? Қуанды ма? Қуанды. Қорықты ма? Қорықты. Тағысын тағы бірдемелері де бар ма?— Бар!

Қарлығаштың оқудан қалып қоймайтынына қуанғанында шек жоқ еді. Әлденеше әжелердің, апалардың, ағалардың алақанында еркелетіп өсірген кішкентай Қарлығашы қалаға барып оқитын болғанына ананың қуанғанында да, қорыққанында да шек жоқ. Бұл екі сезімнің дәл қазір ана жүрегінде қайсысы басым еді деп сұрау еріккендік болар еді. Оны Назыкештің өзі де айыра алар емес. Тек бір ыстық толқын өнбойына лап бергенін сезінеді.

Қарлығаш болса, ол міне, көз алдында, қаланың оқуына әлдеқашан түсіп болғандай, каникулдарда келіп жүретінін айтып тұр... Осы минуттың аты, тек қана, ананың бақытты сезінуі болатын шығар.

Ұзамай Нұрила мен Жания да келді. Манағы Темірхан деген жігіт те екі жігіт жолдастарымен келіпті. Келгендердің әрқайсы бір-бір құшақ ойын күлкі, қалжың әкелгендей, Жабайдың ескі үйі қуанышқа лық толып болып еді. Қештетіпкіреп Жабай жұмыстан қайтып келгенде одан сүйіншіні Назыкеш өзі сұрады:

— Естідің бе, Жабай, Қарлығашымыз Қараөткелде оқитын болыпты,— деді. Міне, бұл ана жүрегіндегі қорқыныш жеңіліп, қуаныш жеңген минуты еді. Қарлығаш әке-

сіне де — мен каникулда келіп жүремін,— деді. Үлкендерге тек балаша қуануы ғана қалған...

Бұл кезде Жабайдың үйі жастар үшін «Үлкен үй» дәрежесінде еді. Тәжірибелері аз, жастары кіші көмірші жастар Жабайды қай жағынан да аға, ақылшы ұстаз тұтады... Кожайынмен жанжалдасса да, өз араларында, жалпы барақ өмірінде қандай көңілсіздіктер болып қалса да, оның шешімі Жабайға бір соқпай кетпейді.

Жастар ойнап, күліп көңіл көтеру үшін де осы үйге келеді. Еңбекте, ойын-күлкіде, жалпы тіршілікте кездескен жаңа достары болсын, жеке бастарының қуанышы, қайғылары болсын, бәрі де осы үйге келіп аяқталады. Осы үйде басталып, аяқталуын да осы үйде күтетін жайлар да туып келеді. Жабайдың ауыр балғасы мен темір төсінің арасына түсіп жаншылып, өңделіп шығатын жайлар да болады. Назыкештің аналық сылап-сипап жіберуінен қалмайтын өкпеназдар да болады. Бүгін жастар бұл үйге әшейін көңіл көтеруге жиналып жатыр. Қарлығаштың қалаға оқуға кететінін естіген соң әшейін келгендерін тойға айналдырып жібермекші. Ауыл жақтан арба келген соң, ол бос келе ме? Ауылдағы әжелер барда арба келуінің өзі той!

Жас келіншектер самауыр қойып жүріп — бұл үйдің самауыры оп-оңай қайнай қоятын ба еді? Енді бір вагон көмір әкеліп салмасақ қайнар емес!— деп күліседі.

— Ауылдан келген қымызды қайда тығып қойды екен, Назыкеш апам?— дейді Нартай қымызды сапырып отырып.

— Етті жытырған Жабай ағаның өзі болар!— деп Әлішер оны қостап қояды. Өзі дастарқанды жайып, етті тұрап отыр.

— Қап, мына құшіктерге не қылсам екен, ә? Кешілікте бір кездесерсіндер!— деп Жабай кіжінген болады.

Ертемен жұмысқа баратын жастар біраз ойнап-күліп, қалжыңдасып, еркелесіп отырғандарына мәз, тез тарап кетті.

Жатар алдында, қасында екі жас жігіт бар манағы Темірхан келді.

— Магазин өртеніп кетті,— деді Темірхан.

Жабайдың қабағы түйілінкіреп кеткенін көріп, екінші жігіт:— От берген кім екені белгісіз... Екі керосин бөшкесін аударып жіберіп от беріпті.

— Ашқан күні магазиндерінің өртеніп кеткені ағылшындарға қалай тиер екен?— деді Жабай ешкімнен жауап күтпейтін дауыспен.

— Қалай тисе олай тисін! Мен заводтары өртеніп кетсе де қайғырмаймын!— деді Назыкеш.

[illegible] әйелінің бетіне тандана қарады да үндеген жоқ.

Бөрілілердің басқаратын ағылшын Горботлль әлі келіп жоқты. Ол сонау Юзовка жақтан өзінің бір құйыршығы Гаврилленконы орынбасар етіп жіберіпті. Ол құйыршық өзінің бір құйыршығын ала келіп магазинге директор еткен екен. Екі құйыршықтың Қарағанды бастығына әзірше әзірлеген сыйлығы осы магазин болды. Жұмыскер жұрттың амалы қайсы, тиын-тебенін жинап ертеңіне Мансуровтың магазиніне шұбырды.

Жабай магазиннің өртенуін жұмыскерлерге жауып жүре ме деп хауіптеніп еді. Ол хауіп жоқтығына көзі жеткен соң, жүзі жадырап — отырындар, қымыз ішіңдер,— деді жігіттерге.

Қолына қымыз аяғын ала беріп Темірхан — бүгін қолына жүген ұстап жүрген бір апайдың атағы аспанға көтеріліп кетті деді Назыкешке қарап. Назыкеш қызара бастады.

Назыкеш магазинге қалай барғанын, не болғанын түгел айтып берді.

— Сатушыны қан-жоса қылған мен,— деді Темірхан.— Бірақ, ол ит те Назыкеш апайдың қолын бір ұрып қалды.

Назыкеш Жабайға азырақ ісіңкіреген оң қолын көрсетті.

— Бірінші сабақ,— деді Жабай Назыкештің қолын бірекі сипап қалып.— Ендігәрі магазинге жүген ұстап бармауын керек.

— Әттең Назыкеш апайдың атағы өзіне тиген жоқ,— деді Темірхан.— Кімге тигенін де білмеймін. Орыстар қолына жүген ұстаған даланың әйелі деп мақтады. Менің ерлігім де өзіме бұйырған жоқ, сол даланың әйеліне бұйырды.

— Как степная баба вдарит цепом, так кровь ручейком!..— деп орыс әйелдері дуылдап көтеріп әкетті. Ұрған мен деп қалай таласарсың!

— Қазақ әйелдері бұдан да өсіріп әкетіпті,— деді, Темірханның екінші жолдасы.— Атынан айрылып қалған бір ауыл әйелі магазинге кіріп келді де салды бүлікті! Неге қымбат сатасын, неге көзден жейсін деп саудагер малайды қос ноктамен періп-періп жібергенде саудагер шалқасынан ұшып түсті. Ойбай-ау, көріп тұрмыз, көзіміз бар ғой, ұшып түсті... Сонсын жұрт көтерілді де кетті!— деп үш әйел бізді осылай сендірді.

— Сонымен магазин жанып кетті ме?

— Жанып кетті. Бір шелек су әкелген бір адам болған жоқ.

— Талан-тараж болған шығар?

— Болмады деу қиын. Өрте, тала деген дауыстар қашандай бастағанда біз магазиннен шығып кеткеміз.

— Жә, енді бұл өртті көрдік-білдік дегеннен аулақ жүрейік. Мұның жаласын жұмыскерлерге жауып көрер-ақ,— деді Жабай.

Жігіттер кеткен соң Жабай Назыкештің қасына келіп отырды. Қарлығаштың Қараөткелдегі орыс мектебіне барып түсетін болғанына қуаныштарын айтысуға екеуінің ауыздары да енді ғана босап еді.

— Әкесі оқымаған, шешесі оқымаған... бір он жылда қызымыз Қарлығаш Жабаева деген оқытушы болып шығар ма екен? Әлде доктор болар ма екен?— деді Жабай.

— Өзің кім болсын дер едің?

— Менен сұрай қалса оқытушы болсын дер едім. Сен ше?

— Маған кім болса да бәрібір. Әйтеуір адам болсын.

Дәл жатар алдында Жабай манағы магазин әңгімесіне қайта оралды:

— Магазиннің кезден жейтінін әшкерелегенің жаман болмаған,— деді Жабай.— Бүгін бес жүз адам естісе, ертең бес мың адам естиді. Ағылшындардың ұрлығы ашылады. Сен үлкен батылдық істепсің.

— Мен тіпті батылдық істейтін дегенім жоқ. Осы өзіміздің барақтардың бір бейшара кемпірін тал түсте ойбайлатып тонап жатқан соң шыдай алмадым. Соны көріп тұрсаң өзің де сөйтер едің.

— Көріп тұрғандар болыпты-ау... Бірақ, бірде-біреуі орнынан қозғалмапты. Ал енді жүгенді әйел деген атақ алғанынды құттықтаймын. Тек, бұдан былай жүген алып жүрме. Қайтесің ауызға іліне беріп.

— Жарайды. Қарағанды магазині осымен жабылсын-шын. Жабулы қалғыр.

Компанияның магазинін ашу деген Нілді өндірісінде де қиындыққа киілігіп қалып еді. Нілді өндірісінің бастығы ағылшын Фармер әзірше өндіріспен жалпы мағынада таныскысы келіп, күнделікті жұмысты жәрдемшісі Осиповқа беріп қойып еді. Ол кеше магазинді аштырды да өзі де үркіп шықты. Шай, қант, ұн, темекі дегендердің бір түйірі жоқ екен. Тұтас алғанда бар дерліктен жоқ дерлігі көп. Жұмыскер ашуы бұрқ ете түсті:

— Мазақ қыласыңдар ма?

— Қаңылтыр легенің мен қаңылтыр шелегіңді ал деп тұрсың ба?

— Бізге нан керек!

— Нан керек, әкеңнің ауызын!..

Қалыптар жағы әкеден, орыстар жағы шешеден жіберіп жатыр. Әйтпесе боқтайтындары қапылтыр шелектің әкесі, бестік шамның шешесі. Сонын өзі Осиповка оңдырмай тиіп жатыр.

Жанжалдың шешімін әйелдер тапты:

— Ертең жалақымызды беретін күндері емес пе, августың он бесі? Соны бүгін ақшадай неге бермейді? Ақшамызды берсе, Мансұрдан барып керек-жарағымызды жанжалсыз-ақ аламыз ғой!

— Жамалжан, сен тауып айтып тұрсың.

Енді еркектер де осы ойға шүйіле ауысты:

— Сен қолыңнан боқ келмейтін жарты қожайын! Жанын кеуденде тұрғанда біздің жарты айлық жалақымызды бер де құтыл бізден. Бізде қалжақты көтеретін жай жоқ,— десті.

— Бала-шағамыз бір жеті аш отыр. Бер жарты айлық жалақымызды. Ақша бізге міне былай, до зарезу!— деп тамақтарын алақанның қырымен мауыздап көрсетті.

— Менің қолымда қара гүреш ақша жоқ. Магазинді ертең ашамыз деп отырғанда директоры қашып кетті. Менің ашқан себебім сол. Мен міне, қолдарыңдамын... Ешнәрсе алмайтын болсаңдар жаптырамын магазинді.

— Ненді ал дейсің, нең бар алатын? Мазақ қыламысың?

Осипов өзінің кабинетіне келді. Екі орыс, төрт қазақ ере келіп ауыз үйге орналасты. Кеше кешке Осипов үйіне қайтып еді. Осы алты жұмыскер ере жүрді. Өзімен бірге үйіне де кіретін түрлері бар. Осипов үйіне кірместен кабинетіне қайтып келді.

Қазір бір тәулік және жеті сағат осы қалыпта отыр. Жұмыскерлер ашыған, тұздалған бірдемелерін жеп су ішеді. Осиповтың мұрнына тамақтың иісі ғана келеді. Сыртқа келген адамға алты адам жұмыскерлер арестке алынған сияқты көрінеді. Ішке кірген соң Осиповтың өзі қамауда отырған сияқты. Жұмыскерлер осылай отырып, жарты айлық жалақыларын сұрайды. Осипов басын шайқайды.

— Сен тым болмаса ағылшын бастығына жолығып, басыңды содан кейін шайқасаңшы. Мүмкін, бастығың «неге бермедің» деп ұрсатын болар саған. Міне, екі күн жұмыс тоқтап тұр ғой,— деп жұмыскерлер Осиповке екі рет кіріп шықты. Осипов екі рет басын шайқады. Үшінші рет басын шайқағаннан кейін не боларын кім білсін.

Дұрысында ол Фармерге баруға қорқады. Ол бұған өзім шақырмай келме деп қойған. Саған тапсырылған жұ-

мысты қашан орындап болағын маған белгілі — жазулы тұр. Сол кезде шақыртамын деп ылғи қадағалайтын.

Мүмкін, ол қара құр, ақ құр атып анда жүрген болар...

Осындай халде Карно мырза келді. Ауыз үйдегі жұмыскерлерді көріп таң қалды. Арестанттар деуге алдарында тамақ, шайнекте су... Бір-екеуі қара темекіні бұрқыратып отыр. Аяқтарын созып жіберіпті. Төр жақтағы есіктен ыржиып тұрған Осипов көрінді. Ол қоңыраулатқан пар атты тарантас келіп тоқтағанын көргенде-ақ далаға шығып қарсы алмақ еді. Жұмыскерлер жібермеді:

— Өздері-ақ келер!

Карноға ешкім бөгет жасаған жоқ. Қасындағы тілмәші мен Осиповтың кабинетіне кіре бере есігін жаптырды. Осиповпен қол алысып амандасты:

— Ал, бұл не жай? Ауыз үйдегілер арестанттар ма, әлде сіз өзіңіз сол халге түсіп отырсыз ба?

— Әзір ол халге жете қоймағанымызбен ұзамай екі жағымыздың бірі соған ұшырар деп отырмын. Фармер мырза шара қолданып жатқан шығар деп ойлаймын. Ол кісі хабарланды.

— Хабарланды! Королева Викторияның байы принц Альберт пе екен ол хабарланып қана қоятын! Өлген иттің етін қуырып сататын сволочь!

— Өзі үйінде ме?

— Алдыңғы күні аңға шығып кетіп еді, келген болар.

— Кісі жіберіп шақыртыңызшы.

— Мені ауыз үйде отырғандар шығармайды.

— Онда, сен барып алып кел!— деді Карно өзінің тілмашына. Өзі ауыз үйге шығып жұмыскерлерге бір-екі ауыз сөз айтып еді, тілмашы аударғанда онысы былай болып шықты: «ренжімендер, жарты сағатта барлық мәселе шешіледі»,— деген екен. Жұмыскерлер тілмашты тоқтатқан жоқ. Карно кабинетке қайта кірді.

— Дүрбелең неден басталды?— деп сұрады Карно.

— Магазинді асығыс ашыппыз. Шай, темекі, ұя, керосин дегендер келмепті. Жұмыскерлер табан аузында жанжалға көшті. Айтпағандары жоқ!

— Содан соң?

— Магазинді жаптыруға тура келді. Қирататын қалып байқалды.

— Сіздің өзінізді жұмыскерлер неге әуреленіп жүр?

— Магазинді ашқан мен едім. Директор қойған адамымыз жүлік болып шықты. Магазинді өзі тонап қашып кетіпті. Жарты айлық жалақы берер күніміз кеше ғой. Со-

ғана қарсы ашқамыз. Жұмыскерлер оны-мұны ала ма деп едік, қолдарын тигізген жоқ.

— Жұмыскерлер не сұрайды?

— Жарты айлық жалақымызды ақшадай беріңдер дейді.

— Жұмыскер саны қанша?

— Мың екі жүз. Тас аршушылары мен тас сұрыптаушыларын қоссақ мың жарым болады.

— Кешеден бері ешкім жұмыска түскен жоқ па?

— Түскен жоқ.

Аяқтарын ашумен басып Фармер келді. Өз кабинетін ашты да Карноға басын изеп, сонда шақырды. Онысы қандай ерсілік екенін біле тұра істегені сияқты. Ағылшындарда сені ескі таныска, доска санаған болып, осылай әдепсіздік көрсету бола береді. Карно оған шамданған жоқ. Тек соның есесін қайтарғаны ма, басқасы ма, ұсынған сигарасын алмады. Сөзге айналып, оны көрмей отырған адамдай, көрген-білгендерін ұзақ сөйлеп кетті. Фармер сигарын жөшігіне салды.

— Кофе?

— Жаңа ғана Сарысуда...— дей салды Карно.

Фармер енді етек-женін жинай сөйлескісі келді.

— Сіздің мархаматты келуіңізге біздің қандай елеулі қызметіміз себеп болды десем екен?— деді. Әрине, мұны айтар алдында Карноның ата-тегінен бергі титулатурасын тізіп шықты.

— Фармер мырза, қысқарақ сөйлесейікші... Компанияның өз магазинін ашу бұл үлкен ісіміздің бірі деп түсініскен сияқты едік қой. Солай емес пе?

— Оны түсінген жоқпын демесем керек.

— Түсінсеңіз, ішінде дәнеме жоқ магазинді неге аштырдыңыз?

— Бізді бір жүлік татар алдап ұрды.

— Ағылшын тілінде алдандым деген сөз ұмытылды деуші еді ғой?— Француз тілінде сақталыпты ғой дегісі келіп қыпақтаса да Фармер оны айта алмады. Оның орнына бағынышты адам екеніне мойындап:

— Кім кінәлі екенін көріп отырсыз. Ақталғым келмейді. Қазір не істеуім керек? Сол бұйрығыңызды берсеңіз екен,— деді.

Карно жібіген жоқ.

— Екі күндік жұмыс өлді. Жалақыны қолма-қол ақшадай емес, магазин арқылы береміз деген жоспарымыз құлады. Өндірістің бастықтары магазинде тұқ жоғын білмепті...— Аз ғана ерсілі-қарсылы жүріп тоқтады да:

Қазір кассанды аштыр. Жұмыскерлердің жарты айлық жалақысын түгел бер! Қашан олар алып болғанша мен осында боламын,— деді Карно.

Компанияның жұмыскер жалақысын қымбаттатып қойған товар арқылы төлемекші болған ойлары бірден жүзеге асып алған жоқ, әрі үлкен қарсылықтар туғызды.

9

Қазақ даласына берілген жапа-жалғыз интернатты мектептің өртеніп кетуі Кенжеғараға қатты батып еді. Ол үйге байланысты әртүрлі естеліктері де болушы еді, соның бәрі өртеніп кеткендей қайғырды.

Қай елдің болса да белгілі бір белестерінде оқу-ағарту жұмыстары бостандықтан кейінгі екінші арманы болады. Бостандық деген ұлы арманды барлық ішкі-тысқы мағынасымен түсіну үшін де, сол бостандық жолындағы қанды майдан күрескер үшін де оқу-білім бірінші құрал, бірінші қару екенін Кенжеғара, әрине жақсы білетін. Мұндай өкінішке күйінген кезі болған жоқ-ты.

Бүгін міне үшінші рет келіп өртеніп кеткен мектеп үйі мен балалардың жатақханасын аяндап қана айналып жүр. Алғашқы келгенінде не көрсе әлі сол күйінде екен. Балалар бақыты, балалар қуанышы дерлік бір мехрап көруші еді. Әлі сол қара жамылған күйінде жатыр екен. Жаңадан көктеп шыққан бір тал шөп жоқ.

Кенжеғара тағы да сол сорайып-сорайып қалған бесалты пештің мойындарынан басқаның бәрі өртеніп кеткен қара күйікке келді. Бұл маңай көгалды, қолдан отырғызылған қайың, терек, шырша аралас ағаштары да бар жер еді. Бір тал шыбық қалмапты. Мектеп, жатақхана, асхана... бәрі де бабымен өртенген. Қара күйік пештер қара жамылған каралы әйелдерді еске түсіреді. Игіліктің әйелі Айғаншаның осындай бір кезеңін көргені бар еді. Мына қара жамылғандардың бірі сол Айғанша болып шыға келмесін де. Ол кісінің бұл үйді жоқтап келер жөні де бар ғой... Жоқ, бұл маңай тұтас қара күйік өлі жер... Исіне дейін өлі жердің иісі.

Кенжеғара өзеннің жағасына қарай келді. Өзеннің жағасына дейін өртеніпті. Адамдары қайда, қырық-елу бала, үш-төрт мұғалімдері болушы еді, олар қайда? Жан жоқ. Мал да көрінбейді. Мүмкін, қап тесер қара тышқаны да қалмауы. Мектепті жоқтайтын бір адам болмағаны ма? Қырық шамалы малшы- жалшылардың қыстауы қайда кеткен? Оның орнында да төбе-төмпешік күлдер жатыр.

Өзеннің арғы бетіндегі қамыс арасынан адам даусы естілді. Боздаңдап шал адамның сұлбасы көрінді.

— Ей, ей, Адам! Жақында бері! Жақында!— Орысша сөйлеген кәрі адамның даусы танылады.

Кенжеғара тебініп қалып өзенге түсе жөнелді. Жаз ортасында Сібір өзендері тасымайды. Аты жүзімей-ақ аяқтап өтіп кетті:

— Оу, Никифор Серафимович!

— Он, он самый.

Баяғы кәрі учитель Глазунов, жапа-жалғыз, көк құрақ қамыстан қос жасап алыпты. Он құлаштай ескі ауды жерге жайып тастапты. Кішкентай ғана жерошақтың қасында бір құшақ шырпы, даладан теріп алған тезек, қара шойын шәйнек жатыр. Кенжеғара атынан түсіп қол беріп амандасты.

Аз сөзбен амандасқаннан кейін, Кенжеғара кәрі учительден не көргенін, не білетінін сұрады.

— Бұл тіпті ойға сыймайтын жабайы қылық болды,— деді Глазунов.— Таңдансаң жабайылығына ғана таңданарсың. Ояздан келген бір жылмың, қасында болыстың хатшысы, тағы бір-екі жігіттері бар — заңсыз құрылған деп тауып интернатты, мектепті жапты да кетті. Келді, көрді, жапты! Цезарь!.. Мектептің барлық мүлкін, азық қорын, ат-арбаларын, ыдыс-аяғына дейін үш күннің ішінде болыстың орталығына тасып әкетті. Егін, шөп жұмысына деп алып қалған жиырма бес ер балалар бар еді, оларды елдеріне жеткізіп салуды мұғалімдерге жүктеді. Балаларды жайлаудағы елдерге алып кеткен мұғалімдер әлі оралған жоқ... Мектептің күтімінде бес үй қазақ бар еді, бір жетінің ішінде олар да көшіп кетті. Мен мұғалімдердің оралуын күтіп қалып едім... Өрт мені де тал-түсте үйімнен айдап шықты. Қайда барарсың? Өзенге келіп тығылдым. Менімен бір-екі қазақ шалдары қалып еді, кеше олар да кетті. Осы менің көргенім.

— Ие, бұдан артық жабайылықты ойлап табуға да болмастай екен,— деді Кенжеғара.— Өртті салған кім екен деген жорамалыңыз жоқ па?

— Менің жорамалым мынау: өрт мектеп үйі ағылшындарға беріліпті деген хабардан үш күн кейін болды... Олай болса өртті кім салса, ол салсын, әйтеуір мектеп үйі ағылшындарға бұйырмасын деген адам салды. Мен осыны қолдаймын. Өзіңіз ше?

— Ие, мектепті аман алып қалудан үміт үзілген кезде салынған өрт... Көлденең жұртан ешнәрсе естіген жоқсыз ба?

— Жоқ, естіген жоқпын. Өзіңіз ше?

— Мен де естігенім жоқ.

— Осымен ағылшындардың келу жолына екі мектеп құрмалдық болды. Жүз шамалы бала оқудан қалды-ау!..— деді Глазунов.

— Бұл өсе беретін құрмалдықтар, Никифор Серафимович. Мен ойымша шамалаған сайын дір етіп қаламын.

— Ие, ондайды қайта-қайта езгілемеген жақсы. Бұл да бір уақыт шығар...

— Ал өзіңіз енді не істемексіз бұл жерде? Қашанға дейін отырмақсыз?

— Мен әлгі мұғалімдерді күтпей ешқайда кете алмаймын. Олар енді далада қалады ғой.

— Мынадай бір жай бар. Никифор Серафимович! Енді төрт-бес күнде біздің ауылдан Ақмолаға екі пар атпен бірнеше бала оқуға барады. Оған дейін мұғалім серіктерің келіп үлгірсе, сіз де сол балалармен бірге жүріп кетсеңіз тыныштырақ болмас па еді?

— Олардың тым болмаса біреуі келмей мен бұл жерден кете алмаймын. Аттылы-жаяулы бір адам көрсем, солардың бірі ме деп қол бұлғаймын да отыра берем.

— Олар атпен кетіп пе еді?

— Мектептің үш аты соларда. Болыстың адамдары аттарың жоқ па деп сұраған да жоқ. Алты өгізіміз, бес бұзаулы сиырымыз бар еді, оларды айдап әкетті. Жиырма десятина егіннің кімге бұйырарын құдай білсін. Пісіп тұр-ау, пісіп тұр!

— Жиырма десятина егін?

— Он мая шөп тағы бар. Егін, шөп машиналары далада еді. Өрттен аман қалыпты, әйтеуір.

— Өртеніп кеткені жақсы еді ғой! Егіндердің де, маялардың да, машиналардың да бәрі де неге өртеніп кетпеді екен!

— Оларымыздың аман қалғанына әуелі қуанып едім, қазір мен де неге өртеніп кетпеді екен деп өкінемін. Бәрі далада қалайын деп тұр. Бәрі бәрі!

— Мектеп директоры қайда?

— Ол мектеп жабылды деген күні Ақмолаға жүріп кетіп еді, әлі хабарымыз жоқ. Басқа бір жерге ауысып кетті ме, кім білсін...

Кеңжеғара қазір болыс болса барлық жұмысты тастап тоналып жатқан, далада қалайын деп жатқан мектеп мүлкін аман алып қалуға аттанар еді. Қазіргі күйінде оның да орайы жоқ.

— Қазір біздің болыста Украинадан келген көп халық

бар. Егін салар уақыттан кейін келді. Соларға мынау егінді орып ал, машина- саймандарды да алындар десе, олар бас салар еді-ау!— деді Кенжеғара.

— Сонан кейін олар он жыл сотты болып жүрсін дегеніңіз бе?

— Ие, ол да мүмкін.

— Дау жоқ. Бізде сотқа түсер іс болса бәрі жанталасып жанығып кетеді ғой!— Оязға, оқу бөліміне хабарлаудан басқа жол жоқ. Мен Ақмолаға қай күні жетсем сол күні хабарлаймын.

— Жақсы, қадірлі Никифор Серафимович! Ең болмағанда осыны істеңіз. Ал енді төрт-бес күнде Ақмолаға жүретін көлік барын ұмытпаңыз. Оған дейін ертеңнен бастап екі күнде бір рет қымыз жібертіп тұрармын. Дұрыс қой?

— Дұрыс.

— Хош, сау болайық.

Бұл күндерде құрылыс, жегіндегі көліктің кешкі аяңы секілді, қызынып алған кезінде еді. Екі ағаш үйдің төбе қаңылтырлары қаңғырлай бастағалы екі күн, шегеленіп жатқаны да. Ремизов ана жолы айтқанындай бір кісінің орнына екі-үш кісі салған сияқты. Бәрі де биыл жаз ортасында көшіп келген украиндар. Ағылшын өндірістеріне барысып еді, оларда жалақы ақшадай қолға берілмей, магазиндегі товармен есептеседі екен. Әрі қымбат. Сондықтан небары оншақты үйді салып беруге елу шақты көшпенділер еркек-әйелі бірге жабылып кетті. Атшы Шаяхмет Ремизовтың қасында «хозяйн» сияқты такаббар жүреді. Он сегіз шақырым жердегі Амантай поселкесінен қырық көлік саман кірпіш түсіртті. Төсқалтасында қағаз, қарындаш жүреді. Ауылнайлар да ана бір жолы берген уәделерін жақсы орындап көлік жағынан кемістік көрсеткен жоқ. Кедей шаруалардың азды-көпті пайда тауып жүргендері де бар.

— Кенжеғара шырағым, келесі көшкенде бізді ұмытып кетпе!— деп қалжың айтысып қояды.

Қалайда Бұланбай ауылы қысқы үйлері мен қора-қопсыларын да жер қарада салып алатын болды.

Балалардың оқуға жүретін уақыты да таянып қалды. Никулин барда адвокат Степанов екі адам землемер сұрап алып еді. Степанов поштабайлықты тастаған еті тірі жігіт Жаназар мен Бекет солардың қасында жүрсе де жер өлшеу жұмысы созылып кетті. Тегі бірдеме дәме ететін болар. Ол жайды Кенжеғараға айтсаң істі бұлдіріп алуың да оп-оңай. Ақыры Степанов өз жанынан бірдемені қыстырса керек. Ертең кешке дейін бітіреміз депті. Сонымен бұл жұмыс та аяқталып қалды.

Ертең жүреміз деген күні оқуға кететін жастар Жабайдың үйінде еді. Кішкентай Қарлығаш тым болмаса бір түн әже-шешесінің қасында болуы керек қой. Нартай мен Әлішер үйіндегі мұнаи білмейтін жеңгелерімен де қоштасу керек. Олар төрт жылдық мектепті бітірді де көмірге түсті. Не елдің жайлауын көрген жоқ, не қалаға барып оқи алған жоқ. Қандай ақылды, қандай көңілді жүретін жас әйелдер! Бұл балалар қазақ даласының қарапайым жақтарын да білмейді. Мыңдаған адамдардың неліктен «жақсы көріп» қара күйе көмірде жүретіндерінен де хабарсыз.

Қарлығаш қашан көзі ұйқыға кеткенше әкесі мен шешесінің ортасында оқуды жақсы оқитынын, бір күн мектепке бармай қалмайтынын айтып жатты. Оның шамасы келгенше бір сендіре айтатыны қысқы каникулда үйге келіп кететіні. Онысы өзіне үлкендер сағынып қалмасын деген ойы сияқты сезіледі. Нағыз дұрысы — өзінің сағынатынын сезіну ғой.

Назыкеш күндегі оянатын кезінде ояңды да қызын олай да сүйді, бұлай да сүйді. Түн бойы қасында жатқан, әлі үйінен аттап шықпаған Қарлығашын өлердей сағынып қалғандай екен, қия алар емес. Үйің өртенгір ағылшындар-ай. Неше мың шешелер қарғады екен, неше мыңы қарғап жатыр екен сендерді. Әлі күнге дүниедегі бірінші жалмауыз болып отырғаның қарғыс әлі аз болып жатқаны да! Мектебімізді тартып алмасаң, жалғыз Қарлығашым үйде, ауылда оқып жүрмес пе еді! Жұмыс әйелінің ұзақ қарғыс айту түгіл, баласын оятып, киіндіріп, арбаға отырғызып бетінен тағы бір сүйіп қалар уақыты да жоқ. Ескі сағат сызғырып алтыны ұрып қалуға келе жатыр. Жабай екеуі де Қарлығаштың екі жағынан ақырын ғана тұрып, кеше әзірлеп қойған бірдемелерін алып үйден шығып кетті. Бірі ұсталар дүкеніне, бірі шахтаға қарай айрылысты да біріне бірі бір қарасты да үндескен жоқ... үндесе алмады... кете берді...

Балалардың оқуға кетер күні де келіп қалыпты. Аттар жегулі тұр. Оқуға баратын қыздар қай арбаға мінетіндеріне таласып жүр. Қарлығаш Кенжеғараның арбасына мінбек.

— Әй ақымақ!— дейді оған Гүлбәден.— Біз бәріміз бір арбаға мінейік. Божы ұстайтын Бекет болсын. Сен Кенжеғара-ағама соны айтып жалын. Соңынан қалма!

Қыздардың оңайға ғана жасырған сырларын айтпаса да түсініп жүрген Апэр Қарлығашты құшақтап алып жібермей тұр.

— Барма! Ондай сөзді ағаңа айту ұят болады.

Қарлығаш орнине, Анарға сенеді, қозғалған жоқ. Қыздар енді Анардың өзіне жалына бастады.

Аппалайын Анар-апа! Ұл тап! Атын өзіміз қойып береміз.

— Біз бір керемет ат тауып қоямыз!

— Балаң кім болсын деп тілейсің? Арыстан ба, жолбарыс па?

— Каскыр ма, қоян ба? Нені қаласаң, соны тауып қоямыз!

Қыздар Анарды аймалап, сүйіп есін шығарды. Бүгін кетіп қалатын қыздармен Анар да аз болса ойнап қалғысы келеді.

— Жоқ, ұлымның атын өзіміз қоямыз. Сендер кім? Пішту!..

— Онда біз сенің ұлыңды күнде ұрып жылата беретін боламыз.

— Күнде ұратын боламыз! Ол бізбен бірге шие теруге барады ғой.

— Бір күні ағаштың ішіне тастап кетеміз.

— Аһа!— деп Қарлығаш әлі тумаған балаға араша түседі. Мен оны сендерге бермеймін. Өзім арқалап жүремін!

Қиіз үйде адвокат Степанов, шал мұғалім Глазунов, интернатты мектептің тағы бір қазақ мұғалімі, Кенжағара төртеуі шығып бір тарантасқа қарай кетіп барады. Олардан кейін шешелер де шығып, қыздарға қарай бұрылды.

— Әлі сені әурелеп жүрме, Анар-жан?

— Қиыса алмай, айрылыса алмай жүр, түге...

Қолында мылтық, қасында тоғыз-ондағы баласы бар Шаяхмет келе жатыр. Кенжеғара оны көрді де жалт бұрылды.

— Шаяхмет, мынау өзіңнің балаң ба?

— Ие, Кенже-аға.

— Қайда оқиды?

— Интернатта еді ғой...

— Енді қайда оқиды?

Шаяхмет күрмеліп қалды. Бұл сұрауының орынсыз болғанына өзі де ыңғайсызданып қалған Кенжеғара балаға бұрылып — оқығың келе ме?— деп сұрады.

Бала мүдірген жоқ — келеді,— деді.

— Мына балалармен бірге Ақмолаға барып оқыр ма едің?

— Оқимын.

Бала іркілетін емес. Жұтынып тұр. Дене бітімі де әкесіне тартқан түзу де тікшіл. Көз қарауында бір ерекшелігі

бар екен: қайда қараса да, әлденеге қараса да оның не екенін анықтамай көзін аудармайтын сияқты.

— Қазір бізбен бірге жүріп кетер ме едің?

— Кетем,— дейді бала.

— Атың кім?

— Атым Жомарт.

— Әкең жібере ме?

— Жібереді.

Кенжеғара — Сергей Павлович!— деп адвокат Степановқа бұрылды.— Сіздер үшеуіңіз жүре берсеңіздер қайтеді? Мен мына баланы шешесімен қоштастырып... содан кейін ұзамай қуып жетейін.

Степанов пен Глазунов қолдарын сермеп әйелдермен қоштасып, бір тарантас жүріп кетті. Бұлардың божысын ұстаған әлгінде үйден бірге шыққан жастау мұғалім екен.

— Кенже-аға-ау, баланың үстінде тұк ылпа жоқ. Қалаға қалай алып кетесіз?— деді Шаяхмет.

— Қалада бәрі де табылады. Бар, шешесімен қоштастырып алып кел!

Шаяхмет тез-тез басып барады. Баласы қуанғаннан екесінің оң жақ — сол жағына кезек жүгіріп шығып әлденелерді сұрап бара жатқаны сезіледі.

Шаяхмет өзіне қанша жыл жолдас болып жүрсе де оның бала-шағасына, үй-күйіне тіпті көңіл аудармаған екен-ау... Кенжеғара сонысынан ұялғаннан оның бір баласын оқуға жіберуді осынша жылдам қолға алып кеткенін өзі де сезінді. Дегенмен «ештен кеш жақсы» да!

Қарлығаш жүгіріп келіп Кенжеғараға Жомартты мақтай бастады — ол жақсы оқиды, жаман сөз айтпайды...— Кенжеғара Қарлығашты аркаға қағып қойды.

Жалаң бас, жалаң аяқ, атқа жайдақ мінген бала жігіт, сонадайдан атынан түсіп, атын жетелеп келіп Кенжеғараға сәлем берді.

— Ие, қайдан жүрсің, шырағым?

— Жабай ағам жіберді. Кешкі сағат алтыда біздің үйде болсын,— деді...

Кенжеғара неге деп сұрағаң жоқ, түсіне қалды. «Орыс-қазақ жұмыскерлер одағымен» кездесуге шақырғаны да...

— Жабай ағаңа сәлем айт, келемін.— деді.

— Үйге кіріп қымыз іш!— деді Анар.

Манадан екі қолға жұмыс таба алмай жегулі аттардың әбзелдерін тексеріп, әлденемелерін дұрыстаған болып жүрген Бекет шақыруға келген жігіттің атын әрірек жетелеп апарып, жал-құйрығына жабысқан ошағандарын жұла бастады. Бала жігіт қымыз ішіп шығып — бұл менің атым

[illegible] деді. Тегі аттың жал-құйрығына ошаған жабысқандықтан ұялған болу керек.— Пірқәшіктің аты...

Кенжеғараны қыздар бассалды:

— Сен бармайтын болдың ба?

— Анарынды қимай кеттің бе?

— Біз не, Апары тұрғанда!..— деп шулап кетті.

— Көп дабырламаңдар, жарай ма? Сендерді енді Шаяхмет апарып қайтады. Шаяхмет келген соң Анар екеуміз, әжең үшеуміз, біз де Ақмолаға келеміз.

— Аһа, Анар апам келеді. Әжем де келеді.— деп Қарлығаш қуанып айғайлап кетті.

— Сен, неге бізден жасырып жүрдің?— деп қыздар Анарды қысталап жүр...

Анардың босанар кезінде қалаға көшу үй-іші болып шешіп қойған жайлары еді. Өздерінен басқа ешкім білмейтін. Кенжеғара бұл жолы балаларсыз бірге бара алмайтын болған соң Қарлығаш жылап жібере ме деп хауіптеніп, жасырын сырды әшкерелеп жіберді.

— Алғашқы дәптерлеріңді тастама! Өзім қарап шығамын,— деді Қарлығашқа. Қарлығаштың қуанғанында шек болсын ба — аһа! Сен екеуіңе тұк те көрсетпеймін!— деп қыздарға қарап айғай салды.

Баласын жетелеп Шаяхмет келген соң Кенжеғара оған:

— Ақмолаға балаларды сен апарып кел. Мектепке түсіру Глазунов шалдың мойнында. Баланды өзіміз түсіп жүретін татар үйіне қалдырып кет. Мұнда сенің орнына мен құрылыс бастығы болып қала тұрайын.— деді. Бұл жолы қалаға барармын деп ойламаған Шаяхмет үйіне тағы бір барып киініп келді. Сол күні балалар басқа кінәратсыз жүріп кетті.

Кенжеғара келгенде Жабайдың үйі лық толы адам екен. Ауыз үйде Назыкеш шай құйып, Жәния мен Нұрила төр үйге шай тасып жүр. Әйелдер Кенжеғараның келгеніне қатты қуанғандарын жасыра алмай шуласып қарсы алды. Төр үйдің босағасында Нартай мен Әлішер, солармен тұстас жастау көміршілер тұра келіп тұр. Төрде төрт кісілік тамақ столының айналасында бес-алты адам отыр екен, Кенжеғараға орталарынан орын берді. Жұмыскер қауымымен таныстығы бар Кенжеғара стол маңындағыларға түгел қол беріп жылы жүзбен амандасты, шетіректеріне бас изеді.

— Тегі, мен бұл жолы біраз кешігіп келген болуым керек. Онымды кешіре көріңіздер. Келешекте кешікпесіме уәде берем — деді.

— Рахмет, рахмет...

— Енді екі-ақ жолдас кешігіп жатыр. Мәжілісті бастай берсек қайтер?— деді Яков Зуев.

— Не, не, бастаңыздар.

— Бүгін,— деді Зуев,— біз үш өндірістің көлемінде ағылшындарға қарсы жасауға ойланған күресімізді қалай өткізу жайларын ортаға салмақшымыз. Нілді мен Ақбұйраттан үш адамнан уәкілдер келіп отыр. Оның аты бірінші қарсыласуымыз үш өндірістің үшеуінде де қатар өткізіледі деген сөз. Көтеріліс себептері көбейіп келеді.

Бірінші — жұмыскер жалақысы өзі де төмен ғой, соны тағы да төмендетпек көрінеді.

Екінші — біртектес қара жұмыстағы орыс-қазақ жұмыскерлеріне — орысқа көбірек, қазаққа кемірек — жалақы екі мөлшерде болмақ. Бұл біздің арамызға от тастау ғой. Егер орыс жұмыскері осы күндегідей онның бірі болмай, онның тоғызы болса, онда сөз жоқ, азшылықтағы қазақ жұмыскерлеріне жоғарырақ жалақы берер еді.

Үшінші — жалақы жұмыскер қолына ақшадай берілмек емес. Ағылшынның өз магазиніндегі товармен берілмекші. Сенің жалақыңды олар есептейді, магазиннен не алғаныңды олар есептейді, кез олардың қолында, безбен олардың қолында...

Төртінші — жұмыскер барактары шіріп тұр. Әрі жетпейді.

Бұл жайлардың біразы қалыптасып, пісіп келеді, біразы жаңа туып есейіп келеді. Түптердің түбінде менің осы айтқандарым түгел болайын деп тұр. Осылар жөнінде кімде қандай ой бар? Айтсаңыздар екен...

Сөйлеушілер аз болған жоқ. Барлық жағдай бір кенің қолында, барлық өрт бір тамұқтан шығып жатқан соң, сөз айырмалары болса да, ой айырмалары байқалмайды. Сөйлеуге дағдыланбаған жұмыскерлер кейде оп-оңай айтылар ойларын әрең-әрең бұралап әкеліп жеткізеді. Қазақ жұмыскерлері орыс жұмыскерлерінен де олақ. «Тогда — согдалары» көп. «Мен» де — «моя», «менікі» де — «моя», «сен» де —«твоя», «сенікі» де —«твоя», Украиндар да сөзге шешен болмаса керек. Әйтеуір сөйлеу ала-құласы болса да ой ала-құласы жоқ.

Келе жатқан ауыр күндерді бәрі де сезініп, күреске әзірлену бәрінің де негізгі ойлары екені айқын көрінеді.

Жұмыскерлердің ішінде піспегендері де аз болмаса керек.

— Тағы да айтатын нәрселер толып жатыр ғой,— деді бір қазақ жұмыскері.

Мәселен?— деп сұрағанда толып жатқаннан ешнәрсе ойына түспеді — көп қой дей салды.

Мұның өзі қашан бастайтын жұмыс, бастайтын кім болады?— деп бір орыс жұмыскері айтып қалып еді, көп жұмыскерлер осыған үйлесіп, осыған орала берді.

Әрине, күреске бәрі де әзір. Тек күнін, сағатын біліп отырмаса қапы кететіндей, бәрі де қадағалай сұрайды.

Зуев екі-үш рет қайталады — ол күн біздің қолымызда емес. Күнделікті оқиғалардың қалай өрістеуіне байланысты ғой,— деді.

— Оны түсінеміз-ау, қорам болған соң ерік бізге тиеме дегендей үміт те болады екен...

Зуев жай қара дүрсін емес сияқты:

— Біздің бар мұңымыз бір күнде басталып, бір күнде біте қалса жаман болмас еді-ау... Әттең, бұл ұзаққа созылатын күрес. Сол ұзаққа созылатын күрестің әр күніне, әр сағатына дайын отыруымыз керек.

Бұл әрине, қалжыңға аударуға да болатын, ауырлауға да болатын сөздей естілді. Оны Зуев өзі де сезіне қалып, бүгіннен бастап қайланды жастанып жат деген сөз емес, керек болып қалған күні бәріміз бір кісідей әзір тұрайық деген сөз деді Жиналыс басқа сөздерді бұрмалаған жоқ. Таң атпай тұрып жұмыска баратын жұрт сөзді қысқартуды ескерте бастады.

Зуев қаулы жоспарын оқыды:

1. Қашанда, қандай мәселеде болсын, ағылшындарға қарсы күресте Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді жұмыскерлері қол ұстаса көтеріліп бірге қимылдайтын болсын.

2. Өз ішімізде орыс жұмыскері, қазақ жұмыскері деп бөліп қараушыларға жол берілмесін.

3. Соңғы кездегі жұмыскер жалақысын әрі тікелей төмендетіп, әрі магазин товарымен есептесу арқылы екі еселеп кемітуге қарсы күшейе бастаған жұмыскерлер наразылығын аяқсыз қалдыруды қылмыс деп тауып, осыған байланысты қолданар шараларды тезірек пікір алысуға салуды Зуев жолдасқа арнайы тапсырылсын.

Бұдан кейін әр өндірістің жеке-жеке мұң-мұқтаждары тізіліп, қаулының төртінші бабы болып қабылданды.

Қаулы алынып болған соң Зуев Кенжеғараға сөз берді:

— Біздің бүгінгі таңда жауласарымыз ағылшын байлары болған соң, соның өзі қандай ел, ондағы жұмыскерлердің тіршілігі қандай, сондай жайларды азды-көпті біліп отыру үшін біз ғалым Кенжеғара Берікқарин жолдасты шақырып едік, сол кісіге сөз беремін,— деді.

Кенжеғара тұра келіп сөзін бастап кетті:

-- Мен, атағы бар ғалым емеспін. Әр елдің, оның ішінде өзіміздің елдердің де басынан өткен замандарын біле жүргісі келетін орта білімді адаммын. Ал енді ағылшындар жайында білетінім — кітап болып басылып шыққан ғалымдардың еңбектері және газет, журналдардан көргендерім. Өзім ол елге барған емеспін.

Әуелі Англия деген елдің бірнеше сипатын айтар едім. Бұл дүние жүзіндегі ең бірінші бай ел. Екінші, бұл дүние жүзінде ең бірінші отарлап алған елдері көп мемлекет. Австралия дейтін тұтас бір құрлық, Үндістан дейтін дүние жүзіндегі екінші үлкен ел, Мысыр, тағы басқа талай ел сол Англияның отарлары. Үшінші, дүниедегі отаршыл елдердің ішінде отарланған елдің жұмыскерлеріне ең төмен жалақы беретін де осы Англия байлары. Отарлап алған елдің адамдарын, ең алдымен жұмыскерлерін адам деп санамайтын да сол ағылшын байлары.

«Бөлшектеп ал да билей бер!» дегенді шығарған сол ағылшын байлары көрінеді. Келе сала бізді де бөлшектей бастағаны сол ескі әдеті. Бұған жалғастыра айтуға болатын тағы бір әдеті мынау: ағылшындардың бас министрі Ллойд-жорж Иерусалимді билеп отырған елшісіне —«қай күні араптар мен жебірейлер арасындағы ұлттық ұрыскеріс тоқталып қалатын болса, сол күні мен сені орныңнан аламын!»— депті. Бұдан туатын қорытынды ашық қой: ағылшындар әр елдің өз ішіне де бүлік салып бөлшектеп алып билейді. Сыртқы елдердің арасына да бүліншілік отын тастап отырады.

«Франция отарлап алған жеріне қала салады, Англия мола салады» деген тағы бір нақыл сөз бар. Бұл да жоғарыда айтылғандармен ағайындас қой. Қысқасы, қазақ жерінің байлығы дүниедегі бірінші тойымсыз обырдың қолына түсті. Шамасы келсе бұлар бұл үш өндірісті қанағат ете алмас, аузын кеңірек ашар, шындап ашар!..

Дүниежүзілік ғалымдардың ортақ ойларына қарағанда ағылшын жұмыскерлері өте адал, еңбек сүйетін, біріне бірі қайырымды ер қауым. Ұйымдары Тред — юнионы деп аталады. Ол одақтар қайда да жұмыскердің жалақысы әрі жоғары, әрі бір қалыпта болуы үшін, жұмыс орны, жатақханалары жайлы болу үшін, мектеп үшін қол ұстаса, үлкен күш ретінде күресіп келеді. Бұл одақтар Англияда жасырын емес, ашық түрде жасайды, ашық түрде күреседі. Өкіметтерін соған еріксіз көндірген. Англия жұмыскерлерінің жұмыскер партиясы деп аталатын саяси партиясы да бар. Күш бірлікте ғой. Біріккен, одақтасқан күш қашан

[illegible] Мен барлық жан-жүрегіммен сіздердің құрып [illegible] тарыңызды құттықтағым келеді.

Кенжеғараның сөзі жұмыскерлерге үлкен әсер етті. Дүние жүзіндегі ең төмен жалақы Англия отарлығындағы шығыс елдері мен африканстарда екенін естіді. Жұмыскерлер одағы дұрыс ұйымдастырылса үлкен күш болатынына да сенді.

Сұраулар да көп жауды. Әсіресе жұмыскерлердің ең көп сұрағаны — жалақы, жұмыс мерзімі жайында еді. Кенжеғара «Петербург хабарламасы» деген газетті оқып тұрып жауап берді. Былтыр ғана парламент қабылдаған заң бойынша ауыр өндірістерде жұмыс мерзімі сегіз сағат болсын деп тағайындалыпты. Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді, әрине, ауыр өндірістер. Ал енді жалақы жайындағы шындыққа келсек, ағылшын көміршілері сіздерден төрт есе артық алады. Шахталары таза, ауасын тез-тез өзгертіп тұратын көрінеді... Бірақ, бұл заң отар халықтарға қолданылмайды.

Түн ортасы таяна келе жұмыскерлердің біразы тағы ата шахтаға түсетіндерін ескертті. Жиналыс та жабылды.

Зуев пен Тополев Назыкештің шайын мақтап, әдейі кешеуілдеп тұрғандарын Кенжеғара да сезініп еді. Зуев Тополевті Кенжеғараға жақындатып әкеліп — Жабай Талтаяков жолдастың бізге ұсынып жүрген адамы осы жолдас Берікқарин Кенжеғара. Қазақ жұмыскерлері бұл кісіні түгел құрметтейді. Мен өзім сеніп болғамын.— деді.

— Мені екінші сенген адам деп сана! Менінше жаңағы жұмыскерлердің бәрі де сеніп ұнатып тыңдады бұл кісінің сөзін. Бәрімізге де пайдалы ойлар айтты.

— Сенім көрсеткендеріңізге рахмет... Мен Қарағандыдан көп алыс тұрмаймын. Дядя Жабай біледі. Келіп тұратын болыңыздар...

— Хош, жолдас Берікқарин.

— Хош, сау болайық.

Жұмыскерлердің соңғы екеуі кеткен соң Назыкеш Кенжеғараға бір стақан қара шай әкеліп берді. Балалар оқуға жүріп кетті ме деп сұрады. Кенжеғараның көзіне тік қарап қалыпты. Қарлығаш жайында бір-ауыз бірдеме айта ма деп күтеді. Сол ғой ана деген.

— Үлкендері көліміз қалды-ау... қысы құрғыр қайдан келіп қалды?— деп кетіп барады. Қарлығаш оларға — немене қысты күні де оқымайын деп пе едіңдер?— деп ұрсып қояды.

Шешенің естігін дегені де осы ғана. Орыс мектебіне түсе алар ма деген хауіп енді ғана келді.

— Балаларды өзім алып барамын деп жүр едің ғой... Осы жиналысқа бөгеліп қалдың ба?

— Ие, осыған бөгелдім. Ұзамай Анарды да қалаға апаратын болған соң ренжігенім де жоқ.

— Жабай маған жұмыстан босан деп жүр. Босансам мен де барар едім. Жұмыстан босанғаным дұрыс болар ма екен?

— Дұрыс болады. Жабай ағаңның табысы жетіп жатыр ғой. Анармен бірге Ақмолаға барсаң, ол енді балалар үшін мейрам болар еді.

— Таңертең конторыңа барып айт та босанып кел,— деді Жабай.

Қарағандыдан ұзаңқырап шыққан соң аттың тізгінін бос жіберіп, Кенжеғара өзінің бүгінгі жайына көшті. Жұмыскерлер мені кім деп кетті, мен оларды кім деп келемін? Ес білгелі туыс іздедім, дос іздедім. Осылардан басқа кімді таптым? Жоқ, таппаған екемін. Ес білгелі осы қазақ деген еліміздің осынша артта қалғанына намыстанып, арланып, тізе қосып аттанар екі адам таптым ба, он патшалықтың жеріне тең кең даламыздан? Жоқ, таппаған екемін. Бірақ, бар болса ол неге мені таба алмайды? Әрі өзің таба алмасаң, әрі сені ол таба алмаса, бар талабымыз осы-ақ болғаны да. Мені мен оның, оны мен менің бар талаптанушымыздың шама-шарқы осы болса, ол мені оң жақтан, мен оны сол жақтан іздеп жүрген болармыз... Бір кезде бұл ойлары өзін өзі қайрау сияқты сезіліп кетті. Әлі іздеп таба алмай түңіліп кетерлік кезеңге жеткен жоқсын деді өзіне өзі. Шының бұл емес. Сенің шының мынау: мына жұмыскер қауымына қосылып кеткенім қалай болар екен деп әлі бел байлай алмай келесің. Өзгенің бәрі өзіңмен өзіңнің айтысың. Сен ес білгелі тілектестерің, достарың болмаған адам емессің Бұланбай шалдан бастап оның баласы Нартайға дейін сенің достарың емес пе?

Сен ана бір жолы Жабайға не дедің? Менің ойлағаным да еңбек жұрты, сіздердің мұң-мұқтаждарың болатын. Бірақ, мен сіздердің өз күштеріңізге арқа сүйеу керектігін ойлай алмаған екемін дегенің қайда? Бүгін, міне, сол арқа сүйер үлкен қоғам, күшті қоғам, еркектер қоғамы саған қолын созады: ұста, берік ұста! Сен жолдас деген сөздің мағынасын бүгін түсіндің. Бұл үй-ішілік, ауыл-ағайындық қана сөз емес. Орысы бар, қазағы бар, басқалары бар көп елдердің тіршілігі-тілегі бір еңбек адамдарына айтылатын сөз екен. Қол созғаның осылар екен. Созған қолыңды қайта тартып алма!..

Ағылшын-француз компаниясы Қарағанды төңірегіне орныгып-орналасып, немденіп болған кезінде өндіріс басшыларының бәрі де ағылшындар еді. Бәрі бірдей бұл өндірістердің байлығын қалай алу техникасын біле де бермейді. Сөйте тұра өндірістен пайда түсімін молайта беруді соншама білетін болар ма! Нағыз жұмыртқадан жүн қырқып алатындардың өзі екен.

Өндіріс басшылары түгел ағылшын, помощниктері түгел орыс. Бұлардың бәрі де маман — техниктер болып шықты.

Ақбұйратта — Фомин,

Нілдіде — Осипов,

Қарағандыда — Гавриленко. Техниканың тілін білетін осылар болған соң өндірістің өнімі де осылардың қолында. Ағылшындардың қолында айдап отыратын қамшы бар, сұлы бар, жем бар.

Бұлардың енді бір міндеті — (мүмкін, бас міндеті деуге де болар) жұмыскерлердің арыздарына, наразылықтарына тойтарыс беріп отыру. Бастық кабинетте, помощник ауыз бөлмеде, наразылармен сыртқы терезеде әдейі жасалған форточка арқылы сөйлеседі. Шала-бұла тындайды, «жоқ»!— дейді, форточка да жабылып кетеді. Енді мүйізің болса мүйіздей бер, оның ешкімге естілмейді, өзің қажисың. Сонан соң қалай кетпейсің? Кетесің! Бұл помощниктерге «бар, болады, береміз» деген сөздерді айтуға лұқсат та жоқ. Ар-ұяты барлары ғана Ескендірдің екі мүйізі болғанын кешке үйіне келген соң әйеліне ғана сыбырлап айтады:—«ну и сволочи! Жуть!»

Ағылшындар жайлы қандай хабар тараса да тарайтын жіңішке ғана тышқан сүрлеуі осы.

Компания бастықтарының коттеджі ерекше бір есеппен жасалған: таңертең барлық қызметкерлер келді, сыртқы есік біржола жабылады. Еш пенде кіре алмайды. Бастық өз кабинетінде отырады. Оған жалғаса помощник орыс. Помощниктің сыртқы терезесінде форточка. Компанияда жұмысы бар, айтар арызы бар адам таңертеңгі жетіден бастап осы форточканың кезегінде тұрады. Жұмыскерлермен ұрысып жанжалдасу да осы форточкаға тапсырылған. Форточка «Жоқ!» дейді де жабылады, сен мейлің ертеңге дейін оттай бер, боқтай бер. Бір кетесің аяғында. Басшылар мен помощниктердің кабинеттері түгіл бухгалтерияға ешкім кіре алмайды. Қайда да солай, қашанда осылай: форточка, форточка, форточка...

Ағылшынның бүкіл жер жүзінде жүздеген жылдар тәжірибесінен өткізіп алған бір зұлымдығы жаулап алған елдердің адамдарын өз елін тонасуға салады. Қаққанда ұлының ,соққанда сөлін шығарған сорлы елдер оған көнбеушіне де шамасы жоқ. Міне, қазақ даласының қаны мен сөлін қазағы бар, орысы бар өздері сорысын беріп жатыр.

Бұрын үш өндірісте он екі қазақ штейгерлері бар еді. Олар түгел маман жұмыскер қатарына көшіріліпті. Үш өндірістің үшеуінде де жүзден тоқсаны қазақ жұмыскері. Бұлар тегіс ауыр жұмыста, түгелімен ең төмен жалақы алады. Төрт мыңдай жұмыскердің үш мыңдайы төмен жалақы алатын болған соң, мұның аты қалтанда қалатын мың сомдықтар емес пе?!

Төмен төленетін жалақы мыстың тоннасына кететін шығынды да арзандатады. Бірақ, мыстың сатылғандағы бағасы дүниежүзілік шамадан арзан бола алмайды. Сөйтіп жұмыскерге төленуге тиісті жалақы толық төленбейтіндіктен екі саламен келіп компанияның кассасына құйылып жататын алтын бұлақ сияқты. Түнде де, күндіз де, ояу отырсаң да, ұйықтап жатсаң да мейлің, алтын бұлақ сың-сың-сыңғыр құйылады да жатады.

Үш өндірісті тұтас басқаруға орысша жақсы білетін Хорслэй деген адам келді. Паульсон (Павлович) оған жәрдемші болып қалды. Мыс заводын басқаруға Холл деген Америка инженері келіпті. Фомин соның қоластына көшті. Нілді мен Қарағандының бастықтары да орынды-орнына орныкты. Мыс биыл былтырғысынан екі есе, одан арғы жылдағысынан төрт есе артық алынатыны даусызға айналды.

Карно еліне қайтып кетті. **Фелль әлі кетер емес.** Мыс бұлағы кінәратсыз аға беру үшін әлденелерді қайталап, қаттырақ бұрап кету керек тәрізденді. **Нілдінің Фармері** сияқты салғырттау ақсүйектердің есін **жината кеткен** де теріс болмас. Демократтау ма, әлде жалпы **француздың** француздығы ма, әйтеуір, Карно мырза барда қағаз жүзінде бар қатал режимге түгел көше алмадық. Осы режим жағын тағы да бұрай түскен дұрыс болар еді.

Компанияның бір алтын бұлағы магазиндері еді. Жұмыскері бар, жұмыскердің семьялары бар, кірешілер бар, он мыңдай адам барлық керегін, жаңа туған баланың иткөйлегінен бастап, өлгендердің ақыретіне дейін осы магазиндерден алады. Сол он мыңдай адамның ішім-жемі осы магазиндерде. Темекісі, арағы, керосині де осы магазиндерде. Үш өндірістің айналасында үш болыс қазақ ауыл-

[illegible] Қант, шай, мата, ұн, керосин оларға да керек.

Карлоткелде кезі жеті тиын тұратын ситсаны тоғыз тиыннан сатсаң, пұты қырық тиын тұратын ұнды сексен тиыннан сатсаң, кірпіш шай жиырма тиын, қағаз шай он үш тиын пайда түсірсе, магазин дегеннің не екенін сен де түсінерсің.

Мансуровтың аз ғана бұрқанғанын компания елеген де жоқ. Бір рет сатылар бұйым бағасын көтертіп алды да, енді соған Мансуровтың өзін де бағындырды. Жұмыскерлер жалақы есебінде ақшасыз беретін болған соң компания магазиніне барады. Мансуровқа ине-жіп алуға да бара алмайды — қолма-қол төлеуге ақша жоқ, жалақы қолға берілмейді — керегінді біздің магазиннен ала бер!

Өндірістердің де, магазиндердің де бүгінгісімен бірге ертеңгісі де бар ғой. Мыстың түсімі жыл сайын екі есе өсу керек, магазиндердің пайда түсімі — үш есе. Өйткені алдағы апрельден бастап Қарағанды мен Ақбұйрат арасына ұзындығы қырық шақырым темір жол салына бастайды. Яғни мыс қазан мен оның отыны екі мәселе болуды қоятын болады. Компанияның Лондонда отырған орталығына баяндама жасау үшін барлық өндірістердің өсулерінде бір тиындық айырмасы болмай, дәлме-дәл шығуы керек те.

Нельсон Фелльді осы мәселелер ұстап қалды. Карно мырза ондайға мән бермейтін әрі француз, әрі романтик адам. Түптердің түбінде оның бізбен тізе қосып отыруы да көп ұзаққа бара қояр ма екен? Біз енді қашанғы әдетіміз, қашанғы салтымыз бойынша түбірін түбірлегенше қазақ даласын тастап кете алмаспыз... Сондықтан әрбір шегені француздарша емес, ағылшындарша қағуымыз керек...

Осындай жұмыстарын айнымас-бұлжымас жолға салып болғанша Фелль кете алмап еді. Түн ортасына дейін Хорслей екеуі алдағы күндерді бірге жоспарласып, бірге жымдастырып тарасқаны сол еді, Хорслей қайта кірді.

— Сэр, мен көрмеген боран соғып кетті. Манадан бері бірге құрысқан жоспарларымыздың бірі қалған жоқ ойымда. Қар топаны болатын болса, сол басталды!— деді.

— Қап, Касаткин де кетіп қалды-ау, өз жерінің сырын білетін... Міне, француздың шыдамсыздығына тағы бір кездестік,— деді Фелль.

— Қазір жол үстінде болған кірешілер түгел қырылады,— деді Хорслэй.

— Түн ортасында жол үстінде болса, өз обалы өзіне болады да.

— Себебі қалай болса, олай болсын, әйтеуір, бекетке

алғы шақырым қалған адам жете алмайды. Кешке дейін ешқандай маужырамаған жылы болып тұрып еді.

— Амал қайсы, ертең Нілдіге жүре алмайтын болар ма сіздер?

— Мына боран ашылмаса атпен серуенге де шыға алмайсыз.

— Ат болмаса шаңғымен шығармыз.

— Мен өзім пәтерім мен кабинетімнен басқа жаққа бір адым жасай алмасам керек.

— Сіз өз үйіңізді тауып бара алатын жайыңыз бар ма, сірә?

— Ол қиын болмас-ау...— Хорслэй жәбірленіңкіреп шығып кетті.

— Карно мырзаның бақыттылығын көрдің бе!.. Бүгін ол Омбыда генерал-губернатордың қонағы болып отыруы да мүмкін-ау...— деп Фелль аз ғана кідірді де — француз үшін ағылшынмен ортақтас болуының өзі бақыт қой!— деді.

Боран келістіріп тұрып үш күн, үш түн соқты. Завод тоқтаған жоқ, отыны да, кені де мол екен. Ең алыстағы өндіріс Нілдімен байланыс үзіліп кетті. Әзірше одан бергі бекеттердің арасында заводтың өз кіресінен сегіз көлік, екі адам шығын бар. Қарағандымен екі араға жеке адамдардың көліктері жүретін еді, олардан әзір арыз түскен жоқ. Өге бір көңілсіз арыз поптың әйелінен түсті. Жарықтық поп кірешілердің шанасына мініп Нілдіден келе жатыр екен. Ақбұйратқа жақын ең соңғы бекетке жеткенде боран басталып, кірешілер бекеттен бұрылып қалыпты да, поп жаяу жүре беріпті. Қиімі жылы, жол таныс, мойнында крест болған соң қорықпай кете барса керек. Бүгін міне төртінші күн, сол поп жоқ. Кірешілер аман келді.

Поптың әйелі Хорслэйдің помощнигі Павловичқа арызын айтты. Павлович оған Фельдің үйінен қайтқанда Хорслэйдің өзі адасып кете жаздағанын айтты да форточканы жауып жіберді. Бораннан кейін енді қатты аяз басталып кетті.

Қазақ бораны қазақтың өзіне де арзанға түскен емес. Қыс бойы тебінде болатын жылқы малы осындай борандарда қырылады. Көшпелі елдің тіршілігінде жылқы бірінші мал, негізінде өзін өзі асырап жүретін мал. Тек алдыңғы екі тұяғы бүтін болсын. Сонда да биылдыққа болған бірінші бораңда неше байдың қанша жылқысынан айрылып, тақыр кедей болып қалғанын кім білсін! Ол алдағы жаз келіп, киіз үйге шыққанша жасыра тұратын сырлары.— Е, құдайға шүкір, аманбыз...— деп отыра береді.

[illegible] компанияға да арзанға түспейін деп тұр. [illegible] он бес күн бұрын Қызылжарға жүз елу ша[illegible] жөнелткен таза мыстың Қызылжарға әлі [illegible] жеткен жоқ. Ақмола мен Көкшетау арасында, Көкшетау мен Қызылжар арасында шашылып жатыр. Қырғиған көлік, аздаған адам шығыны бар. Боранға жол үстінде кездескен кірешілердің көліктері мен шаналары сай-сайда, жыраларда қала барған. Жүз елу көлік ең кемі үш мың пұт таза мыс әкетті. Мыстың пұты ең кемі он екі сом, аржағын өзіңіз есептей беріңіз.

Бұл да міне, Паульсонның жабайылығынан ұшыраған олжамыз, деп ойлайды Фелль мырза. Алғашқы қар қалың түсті, күн жылы, көлік күйлі кезінде қыскы борандарға дейін біраз мысты темір жолға жеткізіп тастаған дұрыс деп кеңес беріп еді. Не деген аңғалдық! Орыстың ақылын алған бірінші ағылшын мен болып шықпасам қайтсын!

Өгіздерін, түйелерін жетелеген кірешілер бестен-ондап келе бастады. Көліктерінен де айрылып, жаяу келгендері анағұрлым көп. Боран басылып, күн ашылған соң жаяу-жалпы қайтқан кірешілер Ақбұйратта сандалып жүр. Біреулері тасымал ақыларын сұрайды. Біреулері тасымал ақысына өгіздері мен шаналарының құнын қоса сұрайды. Сирек болса да боранда өлген адамдарының құнын сұрап жүргендер де бар.

Бұл арыздар, бұл талаптар бастық ағылшындарға жеткен емес. Олардың форточка арқылы сөйлесетін помощниктеріне ғана айтылып жатыр. Олар бастықтарына айта ма, айтса қалай айтады, оны ешкім көзімен көріп, құлағымен естіген емес. Әрине, көше толы жөнкіліп жүрген кірешілердің не халдегі адамдар екенін көретін болар. Бірақ, мұны адам қайғысы деп сезінетін басшылар байқалмайды. Оларда тек өз мұндары. Түптеп келгенде сол жөнкіліп жүргендердің мұндары да форточкамен тойтарыла қоймас-ау!.. Бұл да ұрланып кіріп өзектене бастаған ой болу керек.

Боран өткелі бүгін жетінші күн. Көлігінен айрылған кірешілер әлі күнге Ақбұйратқа жетіп болған жоқ. Тастанбек, Бірәлі, Дәнекер үшеуі әлі Көкшетау мен Ақмола ортасында келе жатыр.

Бұлар Көкшетаудан Қызылжарға қарай бес бекет шыққан соң боранға кездесіп еді. Күн ешкі майы қатпайтын жылы, әрі қар үстінде сағым ойнаған ашық еді. Кешкіре келе дәл солтүстіктан ұмар-жұмар будақтаған қара бұлт жер бауырлап келіп сырт киімінің етегін басына қарай түре бастады. Өгіз аяп дейтін салмақтылықпен жүріп келе жатқан өгіздер біресе олай, біресе бұлай бұрылып, естен тана

бастады. Күннің көзі де біресе оң жағынан жалт етіп, біресе сол жағынан жарқ етіп қалып тұрды да, ұзамай қалың қара боранда адасып кеткендей жоқ болды. Манағы жадыраңқы жылы күн енді мұздан денелерді қарып барады. Кірешілер өгіздерімен әлек. Үш адам алты шанаға парлап жегілген он екі өгізге не бола алмай жүр.

Ұзамай шана-шанаға, өгіз-өгізге киліп барлық қозғалыс бытысып барып тынып қалды. Адам ойы енді ғана жан сақтарды іздей бастады. Жол таныс, жақында ел де жоқ, бес шақырымнан бері бекет те жоқ. Әр жерде таныс төбелер, молалар, өзен жарқабақтары бар. Жан қалса сондай бір панада қалар еді. Қазақстан даласына солтүстік суығына жонын тосып жатқан таулар біткен емес. Бұл түстарда қалың орман да жоқ.

Үш кірешінің үшеуінің ойлары да молаларға айналақтай берді. «Саурық» пен «Қыз — бике» моласының біріне жетсек, өлім хаупінен құтылар едік-ау...

— Екеуі де жолдың шығыс жағында ғой?

— Біржарым шақырымнан артық болмас.

— Ал, шығысымыздың өзі қай жағымызда?

— Оны мынау алай-түлейде бір құдайдың өзінен басқа кім біледі!— деді Тастанбек.

— Тап бүгін құдайға сенген адам алдымен өлетін болар,— деп Бірәлі құдайға наразылық білдіргісі келеді.

— Құдайда нелерің бар? Шығыс қай жағымызда екенін мен-ақ айтайын. Әлгі апыр-топырда менің шанам солай қарай аударылып түсті. Мен сол зираттарға қарап келе жатқанмын. Біреуінің басында бір қарақұс отырды. Шанам сол құлаған бойы жатыр ғой,— деді Дәнекер.

Дәнекерді Тастанбек қолдады.

— Келін дұрыс айтады. Басында қарақұс отырған Саурықтың моласын мен де көріп келе жаттым,— деді.

— Шығыс онда мына жағымызда болды ғой,— деді Бірәлі шананың аударылып түскен жағын нұсқап.— Боран тоқтаған соң тұр... бір қырын. Естерінде болсын... ал жүріп көрейік...

— Қалай жүреміз?

— Бәсе, қалай жүреміз?

— Барлық жүгімізбен орнымыздан да қозғала алмаймыз.

Мына сұрапылда жай ғана жүру үшін бір өгізге бірі жетелеп, бірі айдап отыратын екі адам керек екен. Он екі өгізге үш адамды қалай бөлсеңде екі адамнан келер емес. Қайта, адам басына төрт өгізден келеді де тұрады. Қар

[illegible] Үсті сұлай-сұлай түскен жота-жота күртіктер [illegible]

[illegible]ім шеше алмас қиындықты қара шаруалар қинал[illegible] шешті. Қара шаруаларша шешті:

Өгіз неге ықтай береді?— деді Тастанбек.

— Е, оны білеміз ғой,— деді Бірәлі.

— Білсең, сиыр баласының тұмсығы жалаңаш, суыққа мұрны шыдамайды. Қайсында қанша қап бар, бәрін де өгіздердің басына кигіземіз... Қапшықты көзінен асыра кигізіп, мүйізіне байлай салсаң болды. Өгіз тырп етпейді.

Қызылжарға мыс таситын кірешілерде капшық жеткілікті болады. Қызылжарда шай, қант, тұз, ұн, кездеме сияқты ең қат керектер компания магазиніндегі бағадан анағұрлым арзан. Әсіресе кірпіш шай!.. Алты бос қап табылды. Үш кісілік артельдің ортасында екі қап тас көмір бар еді, оны төгіп тастауға қимады. Екі қап көмір аманесен Қызылжарға жетті бар-ау, он табақ кірпіш шай, жолға бес бөлке нан.

Жеке шаруалардан құралған кірешілер қыс бойында — Акбұйраттан Қызылжарға дейін бір-ақ барып қайта алады. Жеті жүз шақырым жерге өгізбен екі барып оралу деген қолдан келмейтін жұмыс. Мұндай кірешілер қолда бар тиын-тебенін, заводтан алашағын бәрін жинап, қыс бойына керегін қайдан болса да арзанырақ алып қайтуға тырысады. Ұн, кездеме, кірпіш шай сияқты бідемелерді арзан әкеліп, қымбатқа сату мүддесі де болады. Бұл үшеуі де сол жекелер еді.

— Төрт шана мысымен осы арада қала тұрсын.—деді Бірәлі.— Енді екі шананың жүгін аударып тастап, босатып алайық та сол екі шанамен кетейік.

— Бір шанаға симайтын қанша жүгіміз бар?

— Жүк көп емес қой, әрине. Бірақ, бір шанаға он екі өгізді жеге де алмайсың, тіркей де алмайсың.

Бастарына капшық кигізген соң өгіздер де икемге келе бастады. Жегілді, тіркелді, тізбектелді. Акырындап козғалып кетті. Бірәлі алдыңғы шананың өгіздерін жетелеп алға түсті. Бұл шанада Дәнекер, соңғы шанада қос ағасы Тастанбек.

Шанада деген жай сөз, әрине. Әр шанаға каз-катарынан тізілген өгіздерді таяқтап, шананың бір оң жағына, бір сол жағына қарай жүгіруде деген дұрыс болатын сияқты. Әйтеуір қозғалыс-қимыл болған соң ешкім әлі тоңған жоқ. Аяндап болса да қозғалып келеді. Қазір жетеміз деген үмітпен қозғалып келеді. Өте алмас бөгет кездесіп тұрып қалса өгізге де, адамға да кесім біреу-ақ — өлім!

Қозғала бер, қозғала бер!

Бұлар түннің бір кезінде бір тас молаға келіп тірелді әйтеуір. Кірер ауызды қар күртігі көлденең түсіп-ақ бітеуге жақындатқан екен. Үш темір күрекке бірталай жұмыс болды.

Бұл өзі үш бөлмелі дерлік үлкен мазар екен. Үш адам, он екі өгіз кірді-ау әйтеуір бір баспанаға. Төбесі бүтін болмау керек, ішкі бір іргесінде ат жалдаған күртік қар жатыр. Екі-екіден тізбектелген өгіздер біріне бірі тығылып, бір-ақ денедей дірілдейді. Әйтеуір тыншықты.

— От жақпаймыз ба?— деді Дәнекер. Әйел үшін от жағылмаған баспана, ол әлі баспана емес қой.

— Көмір есіңе түсіп кетті ме?

— Көмірге тамызық керек қой. Бір шананы шалайық құрбандыққа!

— Таң атқанша шыдайық. Құдай бірдеме бермес пе екен...

— Тап осы молада құдай бізге дәнеме де бермейді!

Бірәлі тыста қалған бір шананы қырынан қойып сүйреп әкеліп:

— Ал, ақсақал, мына шананы шала бер құрбандыққа!— деді. Екінші шананың арт жағын ғана ішке кіргізіп, екі қап көмір мен бір кеспек сыммен торланған шөпті бірінің үстіне бірін қойып еді, әрі ықтасын болды, әрі есік жабылды.

Шананың пар өгізге лайықталған қос жетегінің бір сынары бір шай қайнатуға жетті, әрине. Артылып та қалды. Әттең бір шәйнек шай үш адамға жетіңкіремей қалды. Әр қайыссының қарнында жақын отырған көршісі жақ бір бұрышы бостау қалған сияқтанады...

Амал не, үшеуі бір шананың үстінде кезектесіп жатып, кезектесіп отырып бірінші түнді өткізді. Боран кешегідей гөрі де бабына келіп ұлып тұр.

Бірәлі ертеңіне моланың ішін кезіп жүріп әлденелерге кездесті. Тастан жасалған ошақ орны, біраз тезек, тобылғы, шырпы бірдемелер қалыпты. Тегі талай жүргінші түнеген мола болу керек. Тас ошақ қойылған бөлме дегеніміз іштен қатынасатын тар ғана, шошақ төбелі қуыс екен.

— Өгіздерді қозғамай, өзіміз осында көшу керек болар,— деп ойлады Бірәлі. От орнына бір-екі қу шырпы тастап тұтатып көріп еді, гүрілдеп қатты тұтанып кетті.

Әркім өз қоржынын өз алдына оңаша алып шай ішіп отыр. Әркімнің өз есебімен Қызылжарға дейін жетер деп алып шыққан азығы болу керек. Сол азығын күніне үш ретке бөліп, әр отырыста қай шамада жейтініне дейін жа-

[illegible] бар. Онысына ешкім ортақ бола алмай-[illegible] [illegible]ермен таба наннан бір сындырым, екі-үш [illegible] екі түйір кепкен ірімшік жеп, үш шашкеден [illegible], кірешілер ауқаттанып алды. Кеспек шөпті амал-[illegible] өңып, өгіздерінің де оразасын аштырды. Өгіздердің үлкен ұзын тілдері канша жалақтаса да тым болмаса бір рет тойдырарлық шөп жоқ еді.

Ермек жоқ, еңбек жоқ, құр тоңып жаурап отырған адамдардан кешке қарай ши шыға бастады. Қос ағасы Тастанбек жатар алдындағы шайларын ішіп отырғанда қоржынын олай карап, бұлай карап отырып:

— Қатын — ит, қойдың бір жамбасын салса керек еді... жоқ,— деді.

Ешкім сөзге араласқан жоқ.

— Кеше таңертең соңғы бекеттен шыққанда бар еді.— Мұңысы бірге келе жатқан жолдастарына сенімсіздік көрсеткендей болып шықты.

Кеше кешке жолды тастап, осы молаға қарай бет алғанда азық-түліктері Дәнекер мінген алдынғы шанада келген. Маған сеніміздік көрсетті-ау демегенімен «таңертең бар еді» дегені Дәнекерге тура оқталған оқтай бола берді. Дәнекер «мына кісі мені шын-ақ кінәлағысы келе ме?»— деп сұрағысы келгендей Бірәліге қарады. Бірәлі де ыңғайсызданып қалған екен.

— Тасеке, кеше таңертең бар болса, оның бержағында ешнәрсеміз жоғалмауға тиіс. Өзіңіз жеп қойған жоқсыз ба?— деді әңгімеге қалжың рең бергісі келіп.

Тастанбек ашулана бастады.

— Мен жеген-жемегенімді білмейтін есалаң адам ба едім?— деп қалды.

Бірәлі әлі де жеңілірек сөйлесуге бейімдегісі келіп — адам болған соң, кейде ұмытып та кететінің болады ғой. Тасеке, деп еді, Тастанбек қыңырая берді:

— Сен менің жыныма тигің келіп отыр ма өзі?— Ал — тидің! Мен өзім жеп қойдым, сүйегіне дейін жұтып қойдым. Сендерге жаласын жауып отырмын! Менің ертең жейтін бір сындырым наным қалған жоқ. Ертең төрт өгізімді жетелеп аламын да кетемін!— деп тұрып кетті. Өгіздердің арасына барып, әлде қай өгізді боқтап жібергені естілді.

Бірәлі Дәнекерге қарап — Мына кісіңіз осындай ма еді?— деді.

— Аш кісі ұрысқақ,— деген бар емес пе? Бүгін Тасекең тарынса, ертең — мен, арғы күні сен де тарынатын боласың. Одан да қазір бір өгізді сояйық. Боран көп болса бір

жетіге созылар. Бір өгізді сойып алсақ жарты ай ашықпаймыз,— деді Дәнекер.

— Әй, айналайын, алтын жеңгем-ай, ойыма қона кеттің ғой. Тасекеңе айтайыншы,— деп Бірәлі де кетті.

Әйелдермен салыстырғанда еркектер онай ашуланады. Елдің барлық басты жұмы тары солардың қолында болған соң олар сабырлы, салмақты болу керек емес пе? Әлде осы күні еркектен әйел озып бара жатқан соң соған намыстанып ашуланшақ болып бара ма екен? Әйтеуір әйелін ақылды көрсе де, сүйкімді көрсе де, сұлу көрсе де байы оны ида-санда сабап тұқыртып қояды. Сондай болған әйелін еркелетіп, аялап ұстай білсе, сол еркектің өзі қандай бақытты, қандай құрметті болар еді. Әп-әдемі кісі, міне, жайдан жай жолдастарын жәбірледі де енді қайда кетерін біле алмай жүр. Әйел мұндайды өмірде істерме!

Бір күрең өгізді жетелеп Бірәлі жарықтау жерге әкетіп барады. Өгізді жығысты да Бірәлі әрірек кетіп іргеліктен жер қаза бастады. Түсінікті. Өгіздің қаны мен жынын көму керек қой.

— Шелегіңді отқа қоя бер,— деді Дәнекерге.

Ертеңіне таңертең Тастанбек керемет мейірімді адам болып шықты Күпісін шешіп жіберіп кеспек шәйтің үстінде бүк түсіп тоңып жатқан Дәнекердің үстіне жауып кетті.

Боран тоқталған соң бұлар да кейін қайтты. Содан бері әлі келе жатыр. Ақмолаға жетуге әлі сексен шақырым жер бар. Ақмола мен Ақбұйраттың арасы екі жүз елу шақырым. Бұлар әлі көп жүреді. Мыс далада қалды. Компания сендерді қалай қарсы алар екен. Өздері үйлеріне аман-есен жетер ме, өгіздерінің нешеуі аман қалар?.. Мұның бәрі алда! Жүре бер, кіреші, жүре бер. Алдында әлі үш жүз елу шақырым, ең берісі жиырма күндік жол бар... Жүре бер кіреші, жүре бер...

Қазір Ақбұйрат көшелері адамға толы, арызға толы, ашуға толы, қорлануға толы. Көбі қазақ кірешілері. Жазды күні үй салысқан орыс поселкелерінің адамдары да көп. Жалақыларын ала алмай жүрген жұмыскерлер де аз емес. Компания бәрін де магазинге айдайды, магазинде барлық керегің табылмайды. Әрі қымбат. Не көрінсе соны ала беруге ешкім көнер емес. Әйтеуір, жалақы жұмысына бір кінарат байланды.

Жаз аяғында бір оқыс мінез көрсеткеннен бері Қарағанды тыныш тұрып жатыр. Ақмоладан келген екі полицей ол жұмысты қанша тексерсе де ұшығына жете алмай кетті. Оның есесіне осы Ақбұйраттың өзінде бұлт қалыңдап келе жатқан белгілер бар. Компания адамдары кірешілер-

[illegible] өзірлеп жатыр. Бәлен пұт мысты Қызылжарға [illegible] міндетіңе алдың ба? Алдың. Кіре ақысын тиісті [illegible] бердік пе? Бердік. Сол мысты апарып тапсырға [illegible] қағазыңды алып кел. Онсыз келіп әурелемеңдер!..

Дау көзімен қарағанда компанияның мұнысына не айтарсың? Бірақ, кездескен апатқа кіреші қалай кінәлі болады? Біз сорлап қалдық. Сенің кіреңе жалданбағанда өгізіміз аман тұрмас па еді? Біз сенің жұмысыңда жүріп апатқа ұшырамадық па?

Компания келісім жолын біржола кесіп тастайтын жариялама жасады. Қара тақтаға ақ бормен былай деп жазыпты:

«Қызылжарға мыс тартып кеткен кірешілер апарған мыстарыңды біздің Қызылжардағы конторымызға тапсырған квитанциясын алып келсе бухгалтериямен есеп-қисабын айыруға болады. Квитанциясы жоқ кірешілер конторға келіп мазаламасын».

— Бұлай болғанда бізбен сөйлеспеуге кеткені ғой? Солай ма?

— Сен немене, шалқайып отырып салғыласып жеңемін деп жүр ме едің?

— Терезені тағы бір қағып көрсек қайтеді?

— Сонда не айтпақсың?

— Не айтам, аштан өлтіргің келмесе бересіңді бер, аласымды алғым келеді деймін!

— Компанияның жанына тиетін сөз айтады екенсің... Қаға ғой терезені! Қаға ғой!

Астында жарау қара айғыр, бет-аузын қоян құлақшынмен орап алған орыс жігіті шапқан бойы келіп форточканы қақты. Форточка ашыла бергенде-ақ қойнынан бір пакетті суырып алып, ішке қарай тастап жіберді де қайта шауып кетті. Жарау дене бұрыла берді де атылып кетті. Кірешілер өз мұндарын ұмытып кеткендей, айғырға қарап таңдайларын қағады. Айғыр ұзаған сайын мойындарын соза түсіп, тағы бір-екі аттап үздігіп қарайды.

Есік алдына кашава шанаға парлап жегілген екі қара көк ат келіп тоқтады. Бұлар да сұлу екен-ай! Қоңырауды әдейі шылдырлатқысы келетіндей ортадағы ат басын әлсін-әлсін шұлғып қояды. Жабырқау жүрген қазақ кірешілердің көнілін сұлу аттар бір көтеріп тастады. Өздері білетін жүйрік-жорғаларды біраз еске алысып кетті.

Қасында Паульсон, Фелль шанаға келіп мінді. Аттар да жұлқына жөнелді.

Қазақ кірешілері әшейіндегі бос сөзге үйірлігін істеп ешкімге керексізді езгілесіп тұр.

— Тал түсте қайда барады екен?
— Қайда барам десе де еркі емес пе?
— Оның қай малы жұтап жатыр...— деседі.

Орыс кірешілері мен орыс жұмыскерлері Фелльдің асы мас аттанғанын осы күндердің қысылшаңымен байланыстырып тұр.

— Бір жерде бірдемесі өртеніп жатқаны да!
— Бұл күндерде бұлар да тыныш ұйықтай алмас!
— Көрсіндер әлі!— деседі.

Інірге дейін осылай жай селсоқ жүрістер еді. Інірден былай қарай қисық-қыңыр көшелердің ықтасындарында көп оттар пайда болды. Айғай-шулар көбейіп, гармошкалар ләкілдете бастады: «ах, уах, эх, эх!» Қуанышты гармонь ләкілі неменеге байланысты? Тұрғын жұрт тым-тырыс. Барақтар арасында жүріс-жүгірістер бар. Барақ оттары да күндегісінен қоюырақ жылтырайды.

Алғашқы шаң-шұң айғайлар компания магазинінде болды. Бес-алты орыс жұмыскерлері, он-онбес кірешілер, соған жақын қазақ жұмыскерлері манадан бері магазиннен кетпей қойып еді. Қара темекінің түтінін қоюырақ бұрқыратып прилавкеге орнығып отыра түскен.

— Магазинді жабатын уақыт болды. Магазинді босатсаңыздар екен,— деді, магазиннің аға сатушысы дерлік москал адам.

— Что?
— Бізге қайда кет дейсің?
— Оны мен қайдан білейін?
— Сен бізге тағы бір-екі бөтелке арақ бер.
— Арақ жоқ дедім ғой. Жоқ!
— Магазинді жапқың келсе, екеу емес, он бөтелке арақ әкел!
— Мына суықта тоңып өлуге біз қарсымыз.
— Әкел, әкел! Осы суықта боска қалжақтасудың керегі не? Он қадақ селедка...
— Бес-алты банка сардинкасы болсын.

Сатушы тағы біраз көнбей бағып еді, мыналардың сөздері ірілене бастады. Тегі, қол іспен аяқталар жанжалға жетелеп бара жатыр екен. Ол екі арада сөйлеген біреуі тағы бірдемелерді қосып қалды:

— Кісі басы бір пашке Саратов махоркасы, бір қорап сереңке, аздаған сарымсақ, үш бөлке қара нан...

Сатушы сұраушылар не сұраса бәрін де тауып беріп — енді мұны қайсының мойнына, кімнің атына жазайын?— деп сұрады.

Ең бір жұпыны киінген москал адам:

Менің атымда жаз — потомственный почетный граж-данин Нили Корягин,— деді.

Ауыл ортасы ауа келе жұмыскер барақтарының арасын-дағы жанған үлкен оттың басында Мансуров магазинінің тағдыры шешілді. Әуелі жайбарақат әңгімеден басталып еді, сөзге сөз жалғаса келе, сөзді сөз түртіп үрлей келе Мансуровтың магазинін талап алу керек деген бәтуаға тіреліп тоқтады.

— Мыналардың екі жүз бөтелке арақтары соның магазинінде!

— Ол да ағылшындардың қолдасы! Қымбатшылықты бастап жіберген сол!

Бәрі де аш, бәрі де тоңған адамдар бүгінгі түнде от қасында ғана жан сақтап отыр. Мұндай кезде ойына келер, аузына түсер сөздер де сол ауыр күйден ұзай алмайды. Мұндай жайда көрген-білген қызықтарың да, қызыққаның да есіне келмейді. Бүгінгің мен ертеңгі жабайы тіршіліктен аса алмай қаласың.

— Апыр-ай, енді күніміз не болар екен? Мынау ақ қылшықтарың жалақы дегенді қолымызға тигізбейтін болды ғой!— деді орта жастағы бір есті адам. «Ақ қылшық» дегені ағылшындар, қалжыңы сол-ақ. Өзгесі бүгінгі-ертеңгі күндердің уайымы ғой. Бұл оттың басында ол сұраудың шешімі жоқ демесең, бұл еңбек адамдарының бәрінің үздіксіз ойлары.

От басындағы кіреші, үйші, шаруа адамдар осы бағытта біраз сөйлесіп отырды да сол ойларының табиғи жалғасы қымбатшылыққа ауысты. Ауысты да түпкі ізін таба алмай жалғыз Мансуровты жазғыра бастады.

— Бұл итті қай сайтан азғырды? Кеңірдегінен келетін пайда тауып отырып, бір күні барлық товарын қымбаттатты да жіберді!

— Қымбаттатқан да қандай десейші! Ең азы бес тиыннан кем қоспаған не қалды?

— Ұн, екі есеге жақын ғой. Ситса біржарым есе, шай екі есе!

— Ең ауыры да, қиыны да мынау болды ғой, жігіттер: ағылшындар Мансурға қарап магазиндерін қымбат бағамен ашты. Мансұрдың бізге қылған ең үлкен қастығы осы!

— Не, енді біз өмір бойы арзанға жалданамыз да, жалақымызды қымбат бағамен товардай алатын боламыз. Өмір бойы! Баланың баласына дейін! Міне, осы Мансұрдың бізге істеген опасыздығы!

— Баяғыдан бері қазақтың қанын сорғаны аз болғандай аяғында бізді ағылшындарға ұстап беріп отыр ғой!

— Саткын! Опасыз!

Түнгі оттардың айналасындағы ду-ду сөздердің бәрі де осы тектес, әзір жарылмаса да жарылуға тиісті кернеп келген кек, ыза, ашу еді. Ақыры жарылып кетті: Мансуровтың екі иті қатты шабаланды.

Жан-жақтан жүгірген адамдар да солай қарай кетіп барады. Мансуровтың магазин қақпасы қатты-қатты қағылып жатыр. Мансуровтың көрші үйлері шамдарын сөндіріп тына қалыпты. Бұға қойыпты.

Мансуров ақырын ғана терезеден қарап еді, магазиннің алды толып тұрған адам екен. Шалқасынан түсе жаздады. Шек-қарнына дейін бәрі жүрек болып кеткендей гүрс-гүрс соғады. Қақпаның қағылуы сүймендермен, балталармен соғылуға айналып кетті. Тыстағы бөшкелер қаңғырлайды. Оған үйдегі жез леген, жез құмандар, самауыр, табақтар, шашке, шөлмектер ун қоса бастады. Екі қабат қарағай үй иесінің терезелерімен бірге дір қағып барады. Үй қозғалса Мансуров өзі де құлайтындай, өзі қозғалса үйі де құлайтындай сезіледі.

— Курінмә, курінмә!— деп абыстай зар қағады. Мансуровта тіл жоқ.

Қақпа қатты соғыла бастаған кезде абыстайдың есі әлі дұрыс еді.— Ашмиық, ашмиық!— деген. Иттердің үні өшкеннен кейін — ии худайым, ни ішлиім... ни ішләргә кирәк, әткәй!— дегені бір естілгендей болып еді, одан кейін отыра кетті ме, құлап түсті ме, оны әткейі сезінген жоқ.

Магазин ішіндегі дабұр-дұбыр, тарсыл-тұрсыл, айғай-шу таң атқанша басылған жоқ. Керосин иісі, күйген шүберек иісі әлі бұрқырап жатқанымен магазин өртенген жоқ. Ішілер-желінердің бәрін де құрткан болу керек. Бүлінер, сынар, жарылар, жыртылардан сау калғаны да жоқ-ақ шығар. Үй иелерінің ең қорыққаны үйімізді тонап, өзімізді өлтіре ме деп қалтырап еді. Ондайдан аман қалды.

Магазинде не болғанын таңертең сатушылары келіп байымдады. Бәрін сындырған, бүлдірген, өртеген. Шай, қант, нан, крендель, печенье, темекі сиякты қалтаға сияр мен қойынға сиярдан басқа ешнәрсе алмаған. Кездеме тұқымы әлі өртеніп жатыр... Арақ қанша еді, жүз бөтелке ме еді, екі жүз бе? Түгел сынып, төгіліп жатыр...

— Магазинді ішінен жауып кілттеніз де, кілтті өзіме әкеліп беріңіз,— деді Мансуров.

Осымен өткен түннің Ақбұйраттағы хикаясы аяқталып та қалды.

Нельсон Фелль жүз он шақырым жерде тұратын Нілдіге ертеңіне кешке қарай жетіп еді. Кешегі қос қара көк

жетіп қалыпты. Нілдіге бекет аттарымен лаулап жетіпті. Фармер жаңа ғана үйіне кеткен еді. Фелль, қасында Павлович, Фармердің кабинетіне кіріп келді де таң қалды.

Кабинетте орысы бар, қазағы бар жиырма шақты адам отыр екен.

— Бұл не?— деді Павлович даусының бар ызғарымен.

— Кешіріңіз. Павлович мырза, мен сізді таныдым... Егер сіздің қасыңыздағы адам Фелль мырза болса, біздің жұмысымыз сол кісіде,— деді Тополев.

— Ол кісінің сіздерде жұмысы жоқ.

— Оны өзі біледі. Біздің жұмысымыз сол кісіде. Біз сол кісіні күтіп отырмыз.— Тополев «сол кісіде, сол кісіде» деген сөздерді әдейі осылай тіркестіріп отырған сияқты. Әйтпесе, тым болмаса бір рет Фелль мырзаны деуге болады ғой.

Кешіккеніне ұялып, сасқалақтаған пішінде Осипов келді.

— Кешіре көріңіз, аса жоғары мәртебелі Нельсон Фелль мырза... Жүгіремін деп күрткіге сүрініп екі рет құладым. Кешіре көріңіз... Мына кабинетке кірелік... Фармер мырза қазір келеді. Рахым етіңіз...

Қонақтар көрші кабинетке кіріп кеткен соң Тополев жолдастарына бұрылып:

— Ұзамай бізді шақыратын болар. Бәріміз барғанымыз қалай болар екен?— деді.

— Жоқ, сөйлейтіндер ғана барсын.

— Сол дұрыс болар.

Ол кезде жазып алып сөйлеу әдеті атымен жоқ. Сөйлеуге келіскен бес-алты жұмыскер қара темекіні қаттырақ орай бастады. Фармер де келіп, екінші кабинетке өтіп кетті.

Фелль әрине, ашулы еді. Қазақ даласының суығы екі күндей тамұқ азабына таныстырып келді ғой! Содан болу керек Фелль тістей де, түйрей сөйлеп кетті.

— Фармер мырза, шақырткан екенсіз, келдік қарамағыңызға!— деді Фелль. Фармер кешірім сұрауға оңтайлана беріп еді, Фелль сұқ саусағын сәл ғана көтеріп қалып тоқтатып тастап, тағы да өзі сөйлеп кетті...— Карно болды мұнда, мен, міне, келіп отырмын... Компанияның орталығын Ақбұйраттан осында көшірмесек, басқа не қалды? Өйтпесек сіз келер жолы Лондондағы үлкен орталықтан адам шақыруға мәжбүр боласыз ғой.

Осипов кофе алып келген подносты столға қоя алмай, әлі қолында ұстап тұр. Фелль оған «қой столға!» десе де, «әкет!» десе де, Осиповтың қолындағы кофе жер қозғал-

ғандай шайқалақтап төгіліп болар еді. Құдай сақтады. Фелль кофені подностан өзі алып бірер ұрттады да, қолына ұстаған бойы жүріп сөйлей берді:

— Сонымен тағы да не болып қалды?— деп Фармерге тура қарады.

— Міне, мынау жүз сексен қазақтың қолы қойылған арызы,— деді Фармер,— додаланып тозған төрт-бес парақ қағазды ұсынып. Фелль, әрине қолын созған жоқ. Жүз сексен қазақ қол қойған арыз деген оған жай бір ертегідей бос былшыл көрінді.

— Осыдан да зәрең ұшып шақырдың ба, мені?

— Осы жүз сексен қазақ шахтерлері бүгін бесінші күн тұк істемей отыр шахтада.

— Қазақтар?

— Ие, қазақтар.

— Бұл не? Дгурна ма?

— Мен атын білмеймін. Әйтеуір отыр...

— Содан соң?

— Менің кабинетімде отырған жиырма шақты шахтерлер көзіңізге түскен болар. Олардың арыздары мынау...

— Сіз немене кабинетіңізді босатып бердіңіз бе соларға?

— Жоқ. Таңертең сөйлесуге қабылдап едім. Күн бойы жанжалдастық. Мен тамақ ішуге кетіп едім. Олар кетпей отырып қалыпты. Помощнигім мына кісі, айдап шығара алмапты. Полиция керек-ақ.

Фелль орындыққа отырып, арыздардың ағылшын тіліне аударылған қысқаша мазмұнын оқи бастады. Жүз сексен адам қол қойған арыздан үш нәрсені атаған екен: 1) Біз де хайуан емес, адамбыз. 2) Еңбек ақыны орыс пен қазаққа біріне жоғары, біріне төмен беретіндерің біздің арамызға араздық туғызып барады. 3) Засыпкин деген паракор маскүнем штейгер қуылса екен... Одан таяқ жемеген бір жұмыскер қалған жоқ. Арқамызды шешіндіріп қараңыз...

Фармердің кабинетінде отырып қалғандардың арыздарында алты-жеті мәселе бар екен. Фелль олармен ауызбауыз сөйлесуді мақұл көрді. Павловичка бұйрық берді:

— Аналардың үшеу-төртеуі келсін де, өзгелері тарасын.

Шахтерлер күттірген жоқ, үшеуі орыс, екеуі қазақ, бесеуі келіпті.

— Жә, қалай сөйлесеміз?— деді Фелль.

— Сіздің қалауыңыз білсін,— деді Тополев.— Біздің өтінішіміз қағазда жазулы ғой.

— Жақсы... бірінші өтінетіндеріңіз «жалақы онбес-жиырма процент өссе екен» депсіздер. Міне, менің қолым-

[illegible] генерал-губернаторының берген жарлығы бар. Мұнда шетелдік өндіріс иелеріне Россия мемлекетінің жоғарғы сенатының арнаулы лұқсатынсыз жалақының ешбір түрін өсіруге лұқсат жоқ делінген. Мен сіздерден Россияның заңын бұза аламын ба деп сұрар едім. Әрине, бұза алмаймын. Шахтерлер де бұза аласың дей алмай, аңырысып қалды.

Тұрысбек деген арық қара жігіт сөйлеп кетті. Ол бірақ, жаңа ғана ауызға алынған мәселені жалғастырған жоқ, соның өзіне тапсырылған бір саласын қыздыра көтерді. Әуелі бір ескертпе жасап алды: «Мен сіз-біз, би-ми деп миялап сөйлей алмаймын. Ти деп бастасам, біраз жерге сүрінбей барып қалам. Ладна?— деді.

Айтатын сөзіне осыдан кейін кірісті:

— Ти қожайын, харашо слушайт нады. Ладна? Бұдан аржағын өзі айтқанындай етіп қаламмен қиыстыруға келмейтін сөздерінің мән-мағынасы мынау еді:

— Сенің үш өндірісіндегі бес мың жұмыскердің төрт мыңнан артығы қазақ. Сенің жұмыс істейтін бес саусағының төртеуі қазақ. Бұл сенің пайдаңның бестен төрті қазақ еңбегінен түсіп отыр деген сөз. Сонша пайда түсіріп отырған халықты неге қорлайсың? Жұмыс істей біле ме? Біледі! Істеген жұмысына жалақы алуға тиісті. Біз қырық жылдай Рязановпен алысқан жұмыскерлерміз. Әне, екі шахтаңнан жүз сексен адам жұмысты тастап отыр. Сен не істей аласың оған? Олардың айтқанын елең қылмасаң, ертең тағы екі шахтаң тоқталады.

Үшінші, шахтер магазиндегі товар бағасын төмендетуді көтерді. Әрбір нәрсенің Ақмоладан алғандағы бағасына кірешіге төленетін шығын ғана қосылсын. Магазиндерің арқылы пайда табу біржола тоқтатылсын. Засыпкинмен бірге фельдшер Костенко, күндік табысымызды жазып отыратын Ивченко үшеуі қуылатын болсын.

Келесі шахтердің айтпағы жұмыс киімі жайында еді — резеңке етік, су өтпейтін сыртқы киім, шпұр тесетін қарукұралдар орыс заңы бойынша өндіріс иесінің есебінен берілетін болсын. Жұмыскер барақтарына отын қожайыннан болсын.

Екінші, қазақ шахтері қазақ жұмыскерлерінің ең жаман барақта тұратындарын айтты:

— Ит қамасаң ебін тауып қашып кететін, шошқа қамасаң үш күнге жетпей тұншығып өлетін барақтар бар екен.

Шахтерлер қай мәселені болса да келісімге келе бермейтін ауыр түрде, қатал айтуға бел байлаған екен. Сыйлау, аяну, әдеп, қорку дегендерді біржола ұмытқан сияқты.

Фелль жұмыскерлермен айтыска түскен жоқ. Ара-тұра кіріп бірдемелер айтып күлдіріп жібергісі келіп еді, оның қалжыңды шахтерлер қабылдамайтын қабақ көрсетіп ішін тастап отырды.

Шахтерлердің жалпы талаптарын түгел тыңдап болған соң Фелль өзінің жауабын екі сағаттан кейін бермекші болып сөзді тоқтатты.

Шахтерлер Фелльге үш түрлі ескертпе жасап қалды:

Егер бұл талаптарымыз орындалмаса ертең таңертеңгі гудокта Нілді түгел тоқталады. Бір!

Екі күннен кейін Қарағанды тоқталады. Екі!

Үш күннен кейін үш өндірістің үшеуі де тоқталғанын Ақбұйраттың төрт трубасы түгел қосыла айғайлап жар салады. Үш!..

11

Фармер қанша ақылдымын, айлалымын деп ойласа да Фелльдің тұзағына бір ілінді де босана алмай қалды. Ол өзінің орыс жерінде өмір бойы қызмет істеп келе жатса да жұмыскер забастовкаларына қарсы болмағанын мақтаныш ретінде айтып еді. Фелль екі аттатпай бас салды:

— Сіздің ол тарихи тәжірибелеріңізді біздің ендірістерде қолдануға бола берер ме екен?— деді.

Әлі сол тоқы жібімеген ішкі ызғарды улы тілі келекелеп өріп шығарып отыр. Бұл жолы да соққы қалаған жеріне дөл тиді. Фармердің мандайы мен мұрны қуқыл тартып, құлақтары қызарып кетті.

— Кешіріңіз, сэр!— деді Фармер,— кешіріңіз, менің айтайын дегенім — жұмыскер забастовкаларымен істес болған тәжірибемнің жоқтығы еді. Ондайларын орыстар өздері тындыратын.

— Бұл жерде ондайларын өздері тындыратын орысты қайдан табамыз?

— Баратын жерің орыс даласы деген соң орыстың өзіне осынша зар болармыз деп кім ойлаған!

— Сіздің бар арқа сүйер үмітіңізді ақтамағаны орыстарға үлкен ұят болған екен!

— Қарамағымдағы жалғыз орыс Осиповты олай да жазғырдым, бұлай да жазғырдым. Онымнан пайда шығар емес.

— Енді қайтеміз? Қырылғанымыз ба осы!

— Мен кемесі қайырлап қалған адаммын, мистер Фелль. Ұрыс мейлің, ұр мейлің, бұл жолы жәрдем етіңіз. Содан кейін мен де ағылшынмын ғой! Табармын жөнімді.

Мынау оңай ағылшынның сөзі! Бері отыр, бірге ойлаған[illegible] Не ойың бар? Шығар бері жарыққа...

Менің ойымша қазір бізден бұлар күшті...

Күшті емес, көп.

— Күш сол көптігінде дегенім ғой.

— Күш көптікте бола бермейді. Қол жеңбейді, қол басшы жеңеді. Ағылшынның үш жарым саудагері неше миллион халқы бар Индияны быт-шытын шығарып басып алды емес пе! Мен шектен шыққан циник емеспін. Бірақ күш-құдірет жағынан ешбір елді Англиямен қатар қоя алмаймын! Біз әлденеден шегінсек, күштен тайқып бас иіп шегінбейміз, әділеттен аттап өтпейтін салтымыз бар, сонымызды бұзбаймыз. Өз еркімізбен шегінеміз. Қане, осы әділет көзімен қарағанда қандай уәде бере аласың жұмыскерлеріне? Жеке алғанда осы Нілді жұмыскерлеріне?

— Бірі штейгер, бірі фельдшер, бірі жұмыс есебінде отырған үш адамды бірдей қуып таста деп сұранады. Маған үшеуі де өте қажетті адамдар еді.

— Онлай өнімсіз ұсақтарынды қоя тұр. Сен мына сұрауға жауап бере аласың ба? Осылар сол айтқандарына орай үш өндірісті түгел тоқтатып тастай алар ма екен?

— Өзіңіз айтқандай тағы жұрт екені рас болса неге істемесін! Үш күндік мәз-мәйрам үшін үш жыл қараңғы қапаста отыруға өкінбейді дегеніңіз бар еді ғой.

— Сен немене, мені айтқанынан танады деп ойлайсың ба? Мен Лондонда отырған шыныдан да шетін шырт-етпелердің бірі болмаса бірі шертіп қалсаң жазым болып кете ме деп жасқанамын. Әйтпесе келер көктемге дейін өндірістердің үшеуін де өзім жаптырып тастар едім. Сонда көрер едің аш-арықтардың қалай шұбырғанын! Жоқ, мен оны істемеймін. Англия тоң мойын ел емес. Біздің дүние жүзіне мәдениет, білім, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік тарататын миссиямыз да бар! Мен мұны ұмыта алмаймын. Неше мың жұмыс адамдарын қырғынға ұшырата алмаймын. Өзім де жаппаймын заводтарды, бұларға да жаптырмаймын! Шақырт жұмыскерлеріңді.

Манағы бес жұмыскер қайта келген соң, Фелль әдеттегісінше азырақ күлімдей отырып, сөзіне кірісті:

— Сіздер Қарағанды мен Ақбұйратта да осындай жайлар барын біліп отырсыздар,— деді Фелль.— Мүмкін, ол өндірістерде де сіздер сияқты адамдармен кездесетін болармыз?

— Мүмкін...

— Мен осыны ескеріп, Нілді жұмыстарын бүгін аяқтасақ деп едім. Бұған қалай қарайсыздар?

— Ісіміз аяқталар болса бостан бос жүргіміз келмейді. Бәріміз де жұмыстағы адамдармыз.— деді Тополев.

— Онда, біздің жайларымызды да ескере отырып, жақсылап тыңдаңыздар. Нілді жұмыскерлерінің арыздарын қарап, мынадай қаулыға келдік:

— Төменірек жалақы алатын қазақ жұмыскерлеріне үстіміздегі айдың екінші жартысынан бастап күніне жиырма бес тиын үстеме қосылады. Соңғы күндерде жұмыска шықпағандардың сол күндерге тиісті жалақыларынан бір процент — теңгесінен бір-ақ тиын ұсталып қалады.

— Жұмыс киімі жаңа жылдың бірінші күнінен бастап түгел беріле бастайды. Оған дейін Омбы, Қызылжар, Том қалаларын кезіп, тауып алуымыз керек. Қолда барын қазір де бере бастаймыз.

— Жұмыскер барақтары жаңа жылға дейін бүтінделіп бітеді.

— Жұмыскерлер барақтарына тас көмір жеткілікті түрде бүгіннен бастап беріледі.

— Келер жылы Нілдіде екі жылдық қазақ мектебі ашылады.

— Засыпкин, Костенко, Ивченко деген ұнамсыз адамдар Нілдіден қуылады.

— Ал енді, магазин жайын Ақбұйратта кеңірек ақылдасайық. Магазин алдымен жұмыскерге керек. Шай, қант, ұннан бастап, ине-жіпке дейін күнде керек болып тұратын ұсақтар бар. Оларсыз күн жоқ. Сіздерге ең жақын қала Ақмола екі жүз елу шақырым жерде. Магазинді талауға да, өртеуге де, жабуға да жол ашпау керек. Қысқасы, магазин жайын Ақбұйратқа қалдырайық. Нілді жұмыскерлері осы айтқандарымды қабыл алуын өтінемін. Сіздерді Ақбұйратта кездесуге шақырамын. Бірінші табан жол тартылды деп есептеп, сіздерден де осы келісімді қабыл алуды өтінемін.

Жұмыскерлер өзара біріне бірі қарасты да шығып кетті. Ақылдасқалы шықты. Фармер Фелльдің айла-тәсілін әлі түсінбеген екен, мана айтқанын тағы қайталады.

— Қуылатын болған үшеудің үшеуі де маған ең қажетті адамдар еді,— деді.

— Қуасың!— деді Фелль.— Олардың орнына алатын адамдарың алты айдан кейін олардың аспа түсеріне мен кепіл. Менің айтқандарымды бұлжытпай орында. Тым болмаса әзірше бір өндірісті басқаларынан бөліп алсақ, оның ерекше мәні болады. Түгел орында! Мен тағы бір келіп жүретін болмайын!

[illegible] шіп, екі қолын бірдей көтерді. Тополев [illegible] қайта кірді.

— Жұмыскер мұқтаждығы көп қой. Бәрі аяқталды дей алмаймыз. Алдағы күндер өз тілек-талабымен келеді. Оған сенде, біз де кепілдік бере алмаспыз. Ал, бүгінгі берген делеріңізді қабыл алдық. Нілді жұмыскерлері ертең таңертеңгі алтыда түгел жұмыска шығады. Хош, сау болыңыз...

Тополев осыны айтты да қасында келген жолдасы Тұрысбекке қарады. Ол «дұрыс!» деп басын изеді. Екеуі шығып кетті. Не жеңдік, не жеңілдік деген белгі беттеріне бөртіп шыға келген жоқ.

Жұмыскер уәкілдерімен кездесуге Фелль жан-жақты әзірлене бастады. Нілдіден қайтқан бетіне Павловичті Ақмолаға аттандырды.

— Норкин мырзаға көп-көп сәлем. Ең кемі он полицей болсын! Артық жібере алса тіпті жақсы,— деді.

Көп ұзамай Фелль қайтып бара жатыр еді, жаяу кетіп бара жатқан Тополевті көрді.

— Тоқта!— деді атшыға.

Аттар тоқтаған соң Тополевті шақырды:

— Сен Ақбұйрат заводында техник емеспе едің? Айда, кел, шанаға мін!

Тополев қарсыласқан жоқ, Павловичтің қасына отырды.

— Бұл өз жұмысын білетін адам!— деді Павлович.

Фелль ойланбастан шап берді:

— Сары су фабрикасына инженер керек, жалақысы техник жалақысынан біржарым есе артық. Бәтер екі бөлмелі, бар керегің ішінде, барар ма едіңіз?— деді. Тополев кідіріп барып жауап берді:

— Ойлануға болады,— деді.

— Жұмысың көңілдегідей болып шықса, алты айда жарты айлық жалақыңдай премия, жыл аяғында айлығындай премия.

— Ойланба!— деді Павлович.

— Жоқ, ойлансын. Бірақ, үш күннен асып кетпесін. Оған дейін келісім бермесе басқа біреуді іздерміз. Поляк, шведтер ағылады әлі... Қазір менде төрт поляк жатыр.

— Жақсы... Үш күннен артық кешіктірмейін...

Ақбұйрат қаласы бұл кезде үлкен күйзеліске ұшыраулы еді. Қыс ерте сокты да, қаһары бойына тарап қайтпай қойды. Күннің көзі суық ауаның буалдыр шаңынан күн санап көтеріліп жақындай ма десек, күн санап төмендеп, көк жиекке қарай еңкейе беретіндей сезілді. Көшедегі жұрт түгел жүдеу. Сорлап жүрген кірешілер, еңбек ақы-

ын ала алмай жүрген көшпенді украиндықтар, жұмыс із-теп жүрген орыс-қазақ кедейлері. Бұлардың бірде-біріне көшке қарай бас сауғаларлық бір күйс жоқ. Бақтар, бақтар, қарға бөгіп қалған бақтар... Олардың тұрғындары өздері сиыса алмай жүр. Пана болардық екі-ақ жер бар: біреуі өзен жағасының жарлауы. Ол да тас аралас саз болшық. Суық жер. Екіншісі генералдан жасыру үшін бақтар жаққа құрылған тақтай қоршаулар. Қоршаудың оңтүстік жағында завод. Күндіз ол бетке адам шығармайды. Желі, бораны, суығы құрғырлар қоршаудың арғы бетінен соғады. Бір қияметі осында. Суықта барлық жан иесі ықтасынға паналаса, Ақбұйратта барлық адам ықтасынның жел жоқ сыртында отырады. Азған-тозған аш-арық ықтасынға өзі пана!

Бұл күндерде Ақбұйраттың өзінде забастовка жоқ. Завод оты бір сағатқа да сөнген жоқ. Бірақ, күн бойы аударылып-төңкеріліп жүрген көп адамнан қаланың түрі забастовкаға бергісіз. Қарағандыда компанияның магазині өртеніп кетті. Ақбұйратта Мансуровтың магазині таланды. Мұның екеуі де жай жаба салатын жұмыстар емес. Аяқ жағы Ақбұйратқа келіп тіреліп жатыр. Мансуров бір келіп жолы болмай кетті.

— Сізнің — деді Мансуров Фоминның форточкасына — сізнің кияфыр қазақларыңыз минім магазинімні харап иттілер бит!

Фоминның бір ерігіп отырған кезі болу керек, Мансуровты қалжыңға айналдырғысы келді.

— Біреуін ұстап әкел... көрейін, біздің қазақтар ма екен?— деді.

— Биш юз аршын бик қыммәт бархыт товарларны утқа ташлағандар... Ник қайғырмасқа була!..

— Сонша бархыттың керегі не еді? Ақбұйратта қанша қыз ұзатылып, қанша күйеу қалындық алатын еді! Ондай тойлар болмаған дейді ғой?

— Була қазақларда, була! Мин Ғабиден исімлі мырза кишіге нидавно гәнә биш юз тәңкәға ифак, бархыт, кіләм, шай сатқанмын! Ник болмасқа!?

— Бес жүз теңгеге пұл сатсаң, шығының көп болмаған екен. Жұмыскер жібек, бархыт сияқты қымбат пұлдарға көзін де салмайды. Алғандары қант, шай, махорка, сіріңке болар... ондай ұсақты қайғырмай-ақ, әйеліңізді жақсылап күзетіп отыра беріңіз.— деді Фомин.

Фомин тағы да Мансуровтың жанды жеріне тиіп кетті. Осымен екінші рет. Алғашқы жолы күнәсіз соқтығып кетті-ау деп қалып еді, бұл жолы әдейі мазақтап отырғанына

деп қойды. Алғашқы жолы әкесіне еріп келген он жасар бала анаған-мынаған соқтыға жүріп, аяғында форточкаш екі рет ашып, екі рет сарт еткізіп жауып қалғаны бар еді Сонда Фомин:

— Эй киргизенок, иди ты, знаешь куда?— деген.

— Знаю,— деген бала.

Мансуров тап осы қуыстанбайтын жерде-ақ өзінен-өзі қуыстанып, әрі намыстанып — ол менің балам! Қазақ малайына қай жері ұқсап тұр? Қәне, қай жері, қай жері?— деп өршелене берген соң Фомин:

— Қазаққа ұқсамаған бір мүшесі де жоқ. Мен Ақмоланың орысымын... Бәрін де білем... сенің өзіңді де, қатыныңды да, балаларыңды да білемін,— деп қалған.

Енді сол екі шүбәлану қисынсыз-ақ жерден қиысып келіп Мансуровтың намысына күзгі тікенектей қадала кетті. Тап осы арада баланың әкесі өзі еместігіне де айни алмастай сеніп қалды.

Мұндайда еркектің көпшілігі не істейді? Намысын ақтап алудың жолы намысына тиген адамға қансырата соқтығу деп ойлайды. Мансуров та соны істеді:

— А, сіңің екі юз бутылка арақыңны қазақлар ни ишлəгəн, білесіңміни?— деді.

Бұл жолы Фомин бозарып кетті.

Ол ана жолы Павловичтің Мансуров магазиніне сақтатып кеткен арақ-шараптарын әлі алдырған жоқ еді, ұмытып жүретін.

— Не істеген? Ішіп қойған ба?— деді.

— Юқ!.. бадратке туккән! Бадрəткə!

Мансуров кегін қайырды! Ол қызарса, Фомин қуарып кетті! Кек бітті!

Бұдан кейін Мансуров қайта келген жоқ. Фоминның форточкасын алыстан бақылай жүреді. Ол ит әлі отыр.

— Достым Фомин, сен де көп күле берме маған. Сенің екі жүз бөтелке арақ-шараптарың да тас-талқан опат болып жатыр,— деді Мансуров.

Енді екеуінің көздері атысардай қарама-қарсы қадалысып, қатты да қалды.

Қазақтар жағы бір күні молайып, бір күні азайып көрінеді. Олар қалада қаңғып жүре беруге бірер күн шыдайды да бірер күнге ауылдарына кетіп қалып қайта оралады. Көшпенді украиндарға кетіп қалар жер жоқ. Көбі әлі үйсіз. Олар басқа қаңғып жүрген жоқ екен. Барақтар жақты қоршаған тақтайлардан көпке ортақ баспаналар жасап алыпты. Ел қазақтарының көбі түнге қарай барақтарды ықтап отырса, украиндар өздері бірдеме жасап алып жүр.

Қарасе, баяғы бес дәретхана үлкен керекке жарапты. Орнына от жағуға болатын төбесі жабық, есігі бар, әп-әдемі үй болыпты. «Дворец!» аталады.

Завод тоқтаған жоқ. Мыс оңлағы ағып жатыр. Мыс кірпіштер дестеленіп жатыр, кетіп жатыр. Көмір тоқтаусыз, мыс кені тоқтаусыз.

Фоминның форточкасы да тоқтаусыз ашылып, жабыла береді.

— Үй салғандардың ақылары қашан берілер екен?

— Кірешілердің тасымал ақылары...

— Өлген көлік...

— Далада қалған шаналарымыз.

— Қырық күн жолда болғанымыз...

Форточка да ашылып-жабылудан басқа үн жоқ.

Бұл күндері орыс-қазақ жұмыскерлерінің қоғамы да ішіш отыра алмады. Осы үш өндірістің айналасында болып жүрген адамдардың бәріне де осы қоғам жәрдем етуге тиісті сияқты. Жұмыста болсын, болмасын бәрі бір бұлар еңбек адамдары. Адам қашан да адам, қайда да адам. Осындай бір қиын-қыстау кездерде құдай қолын созса, оған да береді, сайтан қолын созса оған да еріп кетеді. Мұндай кезде адамға адам олардан бұрын қол созуы керек. Ашығып-арып, шаршап-шалдығып қалу бұл заманда әрі көбейіп, әрі ауырлап кетіп барады.

Осы тұстарда қатардағы жұмыскерлер түгіл, қоғамның басында жүрген адамдардың да шүбәленерлік кезеңдері кездесе беріп жүр. Анау бір жолы үш өндірістің көлемінде көтерілетін мәселелер ашық сияқты еді. Қазір Нілдінің мәселелері өз алдына шешіліп қалды деп саналғандықтан ондағы жұмыскерлерді жалпы күреске шақыруда бір ыңғайсыздық туып қалғандай екен.

Ақбұйраттың өз болмысына қарасаң мұнда жұмыскерлер мен көшпенді украиндар, көшпелі қазақтардың мұң-мұқтаждары қосақталып жүр. Қалай айырып, қалай бөлінуі керек? Сол бөлінудің өзі керек пе? Айыру дегеніміз не?

Жұмыскер қоғамы, әрине, жұмыскерлер тіршілігінің мұң-мұқтажы үшін күресеміз деп құрылған. Қазір міне, көшпенділер мен кірешілердің басына да ауыр күн туып қалды. Көмір мен мыс кенін тасуда мыңнан артық кірешілер жүреді. Олар да кіре ақысын түгел алып жүрген жоқ. Олар да компания магазиндеріне арқандаулы сорлы адамдар. Тап осы жолы олардан бөліне кету шаршап-шалдыққан бір жаяудың қасынан пар атпен ағызып өте шығу сияқты қайырымсыздық емес пе? Жұмыскердің де, кіреші

мен көшпендінің де қағатын форточкалары біреу-ақ қой. Тап қазір жұмыскер мен қара шаруаның мұң-мұқтажын ажыратып-айырып алудың өзі оңай болып тұр ма? Екеуінің де көз жастары бір тасқа тамшылап тұрған жоқ па?

Ал, бөлінбедік, ашпадық жігімізді, қосылып көрейікші... Бір күні анау суықтарда молаға тығылып тірі қалған Тастанбек, Бірәлі, Дәнекер үшеуі арып-талып Ақбұйратқа жетеді. Олардың даулайтындары белгілі: бір өгізін өздері сойып жеді, бір шананы отқа жақты, төрт шаналары жүгімен «Саурық» моласының тұсында жол үстінде қалды. Өздерінің қырық үш күндері өлді.

— Мыстарың аман, Қызылжардан екі-ақ жүз шақырым жерде «Саурық» моласының түбінде жатыр. Төле шығынымызды, төле тасымал ақымызды.

— Бізде «Саурық» моласы деген адресат болған емес!

— Ақбұйрат пен Қызылжар арасы жеті жүз елу шақырым. Бізге тиісті тасымал ақымыздың жетіден екісін ұстап қал да, қалғанын түгел әкел бері! Бір өгіз, бес шанамыз шығын болды. Оны да төле, сал алақанымызға! Қырық үш күніміз өлді. Онымызға да ең берісі қырық үш сомнан төлейтін боларсың?

— Қырық үш тиыннан берсек, аз болар ма екен?

Ақбұйраттың қиқы-шиқы көшелерінде шұбырып жүрген кірешілердің айтатындары осы тектес болмаска амалы жоқ. Әттең, бұл айта алған сөздері емес, айтқысы келген сөздері. Ешкім Қызылжарға жете алған жоқ. Бәрі де жүктері мен шаналарын жол үстіне тастап, әрең дегенде үйлеріне жетті. Бәрінің де шығындары шаш-етектен. Енді олар бұл қыстың ішінде тасымал кәсібіне қатынаса алмайды. Бұл далада көмір мен мыстан басқа бір кәсіп орны жоқ. Мыс пелерінің беретін жауабы біреу-ақ.

— Қызылжарға апарып тапсырған қағазыңды әкел!

Кірешілер мен компанияның арасындағы дауды дұрыс шешуге патшалардан сүлеймен, халифалардан Ғаділ-Ғұмар, қазақтан қаз дауысты Қазыбек керек болатын сияқты.

«Орыс-қазақ жұмыскерлерінің одағы» да осындай шытырман көп қарбаласта дәл бағытын бірден таба алмай абыржып қалды. Зуев пен Тополевтің арасына недәуір келіспеушіліктер кіре бастады.

— Біз таза «Орыс-қазақ жұмыскерлерінің одағы» болуымыз керек.— деді Зуев.— Біздің күнделікті программамызға қара шаруалардың мұң-мұқтаждары бір кіріп алса, оны қайтып шығара алмайсың. Өмір бойы батпақтаймыз да отырамыз.

— Кірешілерді қара шаруаға қоса салуымыз дұрыс бо-

ыр ма екен? Бұлар егіншілер де емес, малшылар да емес, әскіпшілер ғой. Бұларда жат елдің қорлауына намыстану ғана күшті. Бұлар да біздің адамдарымыз. Олардың басына ауыр күндер туып қалғанда қалай қол созбай отыра аламыз?— Міне, бұл Тополевтің көзқарасы.

Осы екі жүйелі ойлар кешеден бері «Орыс-қазақ жұмыскерлер одағының» талқысында. Екі жағының да қолдаушылары аз емес. Теңбе-тең дерлік.

— Күресетін біз! Қара шаруалар біздің табыстарымызға жол-жөнекей ортақтаса кетпек. Жоқ! Өз тіршілігі үшін өздері қимылдасын.— Зуев жағы осыған бекіп қалған.

Тополев жағындағы жұмыскерлердің айтатындары да сайға қонады.

— Бұл арада қара шаруа деген жалпы түсінікті бекер пайдаланамыз,— дейді олар — кірешілер де, компанияның құрылысында жүрген көшпенді украиндар да ең берісі уақытша жұмыскер саналуы керек. Олар мен біздің қояр талаптарымыздың түп тамыры бір: ағылшындардың берешегі. Қазір Ақбұйраттың сұрқын кетіріп, компанияның ұйқысын бұзып жүрген де солар. Олардың осы жүрістерінің өзі бізге пайдалы ереуіл. Өзінше бұл да забастовка! Өз мәселемізді жеке қоюмен бірге, кірешілер мен көшпенділерді де, қолдайтын болайық! Бұл Жабайдың оған қосыла барлық қазақ жұмыскерлерінің сөздері.

Аяқтап келгенде осы көзқарас жеңді. Айтыс үстінде қанша қызарыстар болса да келісімге келген соң әшейіндегі қалтқысыз қалыптарына көшіп, қызбай сөйлесіп кетті.

— Ал, енді мен қара шаруаларының мұң-мұқтажы дегендеріңнің иісі мұрныма келіп көрмеген адаммын,— деді Зуев.

— Осыныңды кеше айтсаң ғой, мен сені сол жерде ұрып жығам: қара шаруа дегенді білмейсің, жайыңа отыр деймін!

— Көп болса тағы бір күніміз өлер, Берікқарынды шақырсақ қайтер?

— Әбден дұрыс.

Зуев Жабайға қарады. Жабай басын изеді.

— Кешкі алтыда босанатын жігіттердің бірін жіберермін.

— Ие, ертең таңертең жетсе болады.

— Онда бүгін тарай тұрамыз ба?

— Тарай тұрамыз...— Мәжіліс тарап кетті.

— Назыкеш, ұмытып кетпей, Нартайға айта қойшы, Кенжегараны шақырып келсін.

Нартай Аққайындағы ауылға жетті де, әкесінің үйіне

түсті. Ана жасынан бергі әдеті бойынша әуелі шешесін айналып, құшты-құшақтады. Көпейдің кеудесіне бет-аузын түсті көміп-көміп алды.

— Ей, сен күшік, әкең барын ұмытып кеткенбісің? Әуелі әкесіне сәлем бермейтін бе еді?— деді Бұланбай. Онысы бержағы екенін Нартай да біледі, Көпей де біледі.

— Мен қайсыңды көбірек сағынып келсем, әуелі соныңа жүгірем.

— Дардай жігіт болып... өзің бір баланың әкесі болғаншша шешеңді сағына беремісің?

— Сағына берем. Кімнің осындай шешесі бар екен? Сен қызғануды қоймасаң, апамды алып кетем... сонан соң өзің де білерсің сағынудың не екенін!..

Әке де, шеше де риза балаларына. Ақ көңіл Нартай әкешешелеріне бала кезіндегідей еркелей біледі. Осылардай қадірлі адамдардың жалғыз ер жеткен баласы бола тұрып, олардың қартайған кездерінде бөлек тұратындары, оларға ешбір жәрдем ете алмайтыны қатты батады. Оның әйелі Нұрила ерекше бір бауырмал адам.— Апа, қазір кетіп қалайын деп отырсың ба?— дегенде көзінен жасы бірге домалап кетеді. Әке-шешесіз жетім өскен еді, Бұланбай мен Көпейге қарап, есінде қалмаған өзінің әке-шешесін де осылардай жақсы адам болған шығар-ау деп ойлайды, бірақ, сағына алмайды. Жүрегінде өз әке-шешесінен жылылық қалмау деген ол да бір қасірет қой. Қаталдық, мейірімсіздік, бұзақылық деген мінездердің көбі осыған да байланысты.

— Ата, біз қашан бірге тұрамыз? Мен шай қоя білем, ет аса білем,— дейді Нұрила Бұланбайға.

— Ойбой, балапаным-ай! Бізді асырағың келеді екен ғой... мені асырайтын кемпірім бар, сол жетеді маған. Өздерің көп сағындырмай келіп жүрсендер болады.

— Онда ата, мен мына құлақшыныңды ала кетейін. Нартай шахтаға жеткенше құлағым тоңып қалады деп жүр.

— Ала ғой, балапаным.

Көпей Бұланбайға ұрса бастайды.

— Сен немене осы, балалардың бірдемеге көзі түсе қалса болды, бересің де жібересің!— Ұрысқан болып жүріп, өзі де бірдеме қосады.

— Мә, екеуіңе екі киіз байпақ. Резеңке етіктің ішінен киіз байпақ кисең аяғың ауырмайды,— дейді.

Нартай Қенжеғараның үйіне келгесін де әуелі Наргөзге амандасты. Екі қолын бірдей созып келіп өз шешесіндей айналып, бала кездегісіндей еркелеп амандасты. Анар Ақмолада дәрігерлердің бақылауында босанып, үйіне қайтып

келгелі он шақты күн болып еді. Емуден басқа дүниеде жұмысы жоқ нәресте бар ынтасымен сол жалғыз кәсібінде шешенің алдында жатыр еді, Нартай оған — асалаумағайқұм, Баттал батыр!— деп сәлем берді. Содан соң Нартайдан балта тапқызып алды. Бір үлкен іске кірісерді сылағандай күтіп тұр. Өзгелер де оның ойын бөлмей, азырақ жымиысып қойып күтіп отыр.

Балта келген соң Нартай қалтасынан бір темір шеге тауып алып, баланың бесігі тұрған қабырғалыққа қақты да, оған апарып көміршінің сірі қалпағын ілді.

Содан кейін балаға құттықтау айтты:

— Сен бала, бізді көп күттірдің... Сені сағынып әжелеріңнің кейде жылағанын да көргеміз... Сен сонымызды ақтайтын бол! Сен өзің шешеннің емшегін де ойланып-ойланып еметін ақылды бала көрінесің. Тау-кен инженері бол! Оқуын сен оқып кел! Сүйменмен періп жібергенде мына тұрған кебежедей тас көмірдің қалай ұрсаң опырылып түсерін өзім үйретемін. Баттал деген атың темірмен тектес көрінеді. Тек қана инженер бол!

Отырғандар мәз болып қуанысып қалды. Бұл ауыл достық, татулық, бауырмалдық дегендердің азғана елесі сезілсе де қуанып қалады. Осы он шақты үй бір үйдің адамдарындай. Әсіресе, жастары егіліп тұрған бауырмал. Даланың жеті тамұғынан түгел өтіп алақандай көгалда бастары қосылған еңбек адамдарында тұтас бір елге үлгі болларлық достық, туысқандық, мейірімділік, бауырмалдық бар. Бірінің басы ауырса бәрінің балтыры сыздайды екен дейтін жандар осылардай-ақ болған шығар. Дегенмен әлде қалай заманда, қазақ даласының әлде қай бұрышында осындай жандар болмаған болса, мұндай нақыл-мәтел де тумаған болар еді. «Ойда он өгіздің мүйізі сырқыраса, қырда қырық өгіздің мүйізі сырқырайды» деген нақыл өгіздерге арналған сөз емес қой.

Кәдуілгі кешкі шайға ауыл тойға жиналғандай түгел келіпті. Нартай сияқты нар жігіттерінің бірі келгенде, онымен керіспей қалуға бола ма екен! Шай аяқтала келе Нартай тұра келді:

— Ал, сау болыңдар... келген жұмысым — әлгі Нұрила екеуміздің кішкентайымыз басқа балалардың аталары мен әжелері үйінде отыратын көрінеді? Менің әжем мен атам қайда жүр, неге келмейді?— деді бүгін таңертең.

— Қап, мына күшік мені отырғызып кетті-ау!— деді Бұланбай.

— Мен саған барып қайтайық дегелі қашан!— деп Көпей де Нартай жағына шыға келді.

— Екі жетіге толмай жатып баланың тілі шығып кал-ған екен ғой!— деді Анар.

— Күндемей-ақ қой! Әжесі мен атасы үйде тұрмаса се-нің балаң да солай сөйлеп кетер!

— Нұрила екеуміздің кішкентайымыз деуге қалай ұял-майсың, әй?

— Енді Нұрила екеуміздің басқа кімі бар, байғұс ба-ланың?..

Жұрт мадақтап, күлісіп болған соң Нартай келген жұ-мысын енді айтты:

— Ағасы, сізге Жабай ағамыз ертең таңертең біздің үйде болсын деді. Ал, мен кеттім... Бір сағат жолда... бір сағат баламмен ауада... бір сағат Нұрилаға үй ішін жина-суда... бесте шахтаға.

— Нартай ағасы, тоқтай тұршы кішкене... Батталдың Рүстем құрдасына Қараөткелден әкелген базарлығы бар еді... Нұрила екеуміз қыс бойы үйден ұзап шыға алмас-пыз... Баттал соны беріп жібер деп жатыр...

Анар екінші бөлмеден магазинде буылғаны танылып тұрған Батталдың базарлығын Нартайға әкеліп берді.

— Бөркі бар ма?— деп сұрады Нартай.

— Бар.

— Етігі бар ма?

— Бар.

— Ішігі жоқ шығар!

— Бар ғой, Нартай ағасы, бар.

— Баттал бәрін де өзі түгендеп салғызды.

— Тым жеңілірек пе, қалай өзі?— Осылай бір кеш ауылға бірталай ойын-күлкі қалдырды да, Нартай кетіп қалды.

Таңертең сағат жеті кезінде Қенжеғара ат жегіп жатыр еді, жылы киініп есік алдына шығып тұрған Бұланбай мен Көпейді көрді. Бірінің қолында бетін жауып орап байла-ған ағаш шелек, бірінің қолында орап, буып алған бірде-месі бар.

— Бүлеке, мен бүгін қайтатын болармын. Сіздер қай-тесіздер?

— Оны мына кіндік шешеннен сұра.

— Біз бір-екі күн балалардың қасында боламыз. Назы-кештің үйі бар, Жанияның үйі бар... жібереді деймісің,— деді Көпей.

— Екі күннен соң ат жіберсем бола ма?

— Жоқ, қарағым. Өзіміз хабарлаймыз ғой.

Ауылдан ұзаңқырап шыққан соң Бұланбай Қенжеғара-ға бұрылып:

— Қарағым Кенжеғара, мына жұмыскерлерге бойың үйреніп келе ме? Анда-санда сені шақырып жататындарын көргенде қуанып отырамыз. Етене болып келесіңдер ме?— деді.

— Жаман емеспіз, Бүлеке. Өзіңіз мені жұмыскер қатарына бірталай-ақ таныстырсаңыз керек, бірінші кездескенде-ақ тосырқағаным жоқ.

— Осы күнгі жас жұмыскерлер қалай екен? Тоң-торыс, томырық емес пе?

— Жоқ, Бүлеке. Орыс жұмыскерлерінде недәуір оқығандары да бар. Қазақтың жас жұмыскерлері де бірін көріп бірі естияр бола бастапты. Әттең, оқығандары аз.

— Олары бір жақсы жора екен. Нартай мен Әлішер де соны айтады. Жас жұмыскерлер баяғы бұйық, өзінен өзі қорланып, ығысып жүретін жасып қалған жастар емес. Басы бар, кеудесі бар жігіттер деп мақтайды. Кейде Нартай мен Әлішер бір-екі жас жұмыскер жолдастарын ала келгенде көріп, сөйлесіп мен де қуанып қалам. Жастар пысып келеді екен.

Дала тіршілігінде адамды жасынан ойландырар себептер «аз» бен «жоқ»-тың аралығында ғана болып келді. Бай, орташа, кедей дегендеріміздің үшеуінің дәрежелері де малмен өлшенеді. Үшеуінің ойланары да, қуаныш-қайғылары да бір тектес — малдың жайы: көктем, жаз, күз, қыс. Мұның бәрі де мәңгіліктен келе жатқан таныс жайлар болған соң көп ойландырмайды да, өзінен алысқа жібермейді де.

Базарлар кіргелі, қысқы үй, егін салу, шөп шабу кіргелі, сайлау, сот, боласнайлық, ауылнайлық кіргелі дала адамының ойлану шеңбері де кеңейді. Адам пысы бастады, шырай бастады. Адамға керекті қасиеттерді түсіну тереңдеді. Саудагерлердің «қазақ қылып кеттік!» дегені сүйегіне басылған таңба екені танылды. Осы тұстарда өндіріске келіп түскен жас жұмыскерлерде де ойлану, сезіну, намыстану қасиеттері терендей бастаған кезі еді. Әсіресе, қандай байлығымызды жат ел байларының емін-еркін сорып жатқаны орыс баласының да, қазақ баласының да қанын қайнататын намысы болуға айналып барады екен. Қарт жұмыскер Кенжеғарадан хал-жайды түгел естіп, риза болды да бұл күндерде үш өндірісті түгел дүрліктіріп жатқан әңгімелердің жайын сұрады:

— Нілдіде ағылшындардың бетін бір қайтарыпсыңдар. Оның орны бөлек дегенің дұрыс екен. Бірінші айқаста кімнің көзі бұрын тайса, соның жүрегі бұрын шайлыққаны дегенің сөз-ақ қой!

— Бұлан-аға, Нілдіде мен болганым жоқ. Хабарым

бар. Кіші гер үлкен ерлік істепті. Бүгін-ертең Қарағанды мен Ақбұйраттың әңгімелері басталмақ еді. Тегі мені соған шақырған болар...

— Үлкен қызық алдымызда екен ғой! Жолың болсын!

Бұланбай мен Көпейді Нартайдың үйіне түсіріп, Кенжеғара Жабайдың үйіне бұрылды. Кіре берісте Зуевпен кездесіп қалды.

— Здравствуйте!

— Здравствуйте.

— Атпен келгеніңіз қандай жақсы болды. Зуев екеуміздің ала кетесіз ғой?— деді Тополев.

— Қайда?

— Ақбұйратқа болады да. Ертең сағат онда Фелльмен кездесеміз. Одақтың оншақты мүшелері бүгін кірешілермен кетіп жатыр.

— Мен одақтың мүшесі емеспін ғой.

— Онда тұрған не бар? Біз сізден бірге жүруді өтінеміз. Жүріңіз, үйге кіріп сөйлесейік.

— Жүріңіз...

Үйде Жабай мен Мартынов күтіп отыр екен. Амандықтан кейін Зуев бірнеше тарақ қағазды Кенжеғараның алдына қарай ысырып қойды.

— Біздің ойлап тапқандарымыз осы, жолдас Берікқарин. Қарап шығыңыз да тағы не қосқанымыз дұрыс болар еді, нені ұмытыппыз, ойласайық...

Кенжеғара оқи бастады. Жалақы, жұмыс киімі, отын, барақ, магазин, демалыс күні...

— Жә, қалай көрінеді? Ағылшындардың қақпанына апарып түсіретін ешнәрсе көрінбей ме?— деді Зуев.— Оңай ұмытылып қалатын бірдемелер байқалмай ма?

— Жоқ, ондайы байқалмайды. Осы жолы үлкен айқасқа әзірленгендік бірден көрініп тұр. Жалпы алғанда біраз талаптарымыз Нілдіде шешілген шеңберде қалатын болар. Бұл талас-тартысты жеңілдетеді, әрине. Сонымен бірге, біздің үй-іші болып өз арамызда берік ұстайтын бір жайларымызды ақылдасып алған дұрыс болар еді.

— Ол қандай жайлар, жолдас Берікқарин? Айтыңыз, тыңдалық.

— Ең алдымен жалақы төлеудің ағылшындар қолданып отырған түрінде бастан-аяқ үлкен зұлымдық бар. Ой түбін тануға болады: ауыр жұмыстағы көпшілік қазақ жұмыскерлері болған соң оларды қорлап, төмендетіп ұстауды орыс жұмыскерлері арқылы жүргізбек. Тегі бір ауыр жұмыстардан бастап тас сұрыптайтын, көмір аршитын әйелдер мен балаларға дейін осы алақолдыққа ұшырап отыр.

Алты тиын алатын балаға жеті тиын алатын баланың қалай қоқырайып қарайтынын білесіздер ғой. Әйелдер де баладан кем түспес. Өзара келісіп алайық дегенімнің ең үлкені осы.

Бұл жалғыз ауыр жұмыстағы адамдарға қолданылып отырған жоқ. Маман, мастер деп аталатын жұмыскерлерге де қолданылуда. Мысалы:

1. Ауыр жұмыстағы қазақ жұмыскерінің күндік жалақысы 50 тиын, орыс жұмыскерлерінің күндік жалақысы 80 тиын.

2. Маман жұмыскердің жалақысы 80 тиыннан бір сом 80 тиынға дейін. Он жылдан бері көмірде жүрген бір қазақ жұмыскері бір сомнан артық жалақы алған емес.

3. Мастер жұмыскерлердің жалақысы бір сомнан үш сомға дейін. Екі сом алатын бір қазақ жұмыскері жоқ. Күні кешегі қазақ штейгерлері бүгін төменгі дәрежедегі маман жұмыскерлер дәрежесінде жалақы алады.

Жалақы жайында өзіміз келісіп алайық деген себебім — осы алақолдықты әделет емес десек, мен айтқан күйінде көтерейік. Әделет десек сөз қылудың керегі жоқ,— деді Кенжеғара.

— Әрине, әделет емес,— деді Зуев.— Бұл ең салмақты түрде көтеретін мәселеміз. Мұны мен де көтерермін. Сіз де қолдайтын болыңыз. Менде сіз айтқан цифрлар жоқ.

— Жарайды, қолдайын. Менде мұндай цифрлар бар.

— Рахмет, Берікқарин жолдас. Ал, кірешілер мен көшпенді украиндар туралы ойыңыз қандай?

— Әзір тұрған ойым жоқ. Әйтседе жұмыстары біржола аяқталғанша оларды да тастап кете алмаспыз деймін. Әттең, бір екеу-үшеуін қосып алған дұрыс болатын еді.

— Оны ескердік, жолдас Берікқарин. Екі кіреші, екі көшпенді украиндар сол жерде қосылады.

— Онда түгенделіппіз.

— Біз бұл жолы компанияға арыз бермейміз,— деді Зуев.— Анау күнгі келіскеніміз бойынша компания бастықтарымен кездесуге барамыз. Әуелі компанияның қандай әзірлігі барын сұрап аламыз да, өзіміздің сұрайтындарымызды айтамыз. Бәрімізге де сөйлеуге тура келер. Мүмкін, қайта-қайта сөйлерміз... Бүгін осымен тоқталайық.

— Онда таңертең жетіде осы үйде кездесейік. Тоғызда Ақбұйратта боламыз.— Кенжеғара тұра келді. Зуев пен Тополев те қоштасып шығып кетті.

Маңадан ауыз үй жақтан бері шығып көрінбей жүрген Назыкеш:— Бауырым, Көпей шешең шайға шақырып жатыр,— деді.

Нартайлың үйі базар екен. Нұрила мен Жания екеуі де жұмыстан шығып кетіпті, демалыста. Бірі босанған, бірі тоқу жүрген сияқты.

Кіндік балам-ау, той қылып жатырмын — Нартай Ақбұйратқа делегат болып кетіпті,— деді Көпей.

— О, бәрекелді. Құтты болсын!

Әшейінде әлдеқашан а-ха-ха-лап үйді бастарына көтеретін Нұрила мен Жания аса бір сабырлы ересек әйелдерше, біреуі баласын құшақтап, біреуі жүн шұлық тоқып бейжай отыр.

— Ерке келіндер, неге менің алдымнан жүгіріп шықпадыңдар?— деді Кенжеғара, екі жас келіншекке қарап.

— Кенсе-аға— деді Жания, Әлішердің әйелі — Кенсе-аға, біс Нұрила екеуміс те ақылымыс кірген сесе болғамыс.

— Тіпті ақылдарың кірген шеше?!

— Ие, солай Кенсе-аға! Өсіңістің үйіңісте де тағы бір сесе болыпты ғой. Біс те сондаймыс. Өсіңістің ұлыңыс өсіп келе жатқан сығар?

— Өсіп келеді. Екеуіңе де сәлем айтты.— Сесе емес, ақылды шеше болсын!— деді.

— Е, асамат болып қалған екен ғой.

Үйде отырғандардың күлкілері басылған соң Жания Кенжеғарадан кешірім сұрады.

— Кенже-аға, кешіре көріңіз... қазір жұмыста жоқпыз. Үйде отырып қалған соң ішіміз пысып, Нұрила екеуміз Назыкеш апайдан сөзді әлденеше түрлі етіп бұзып сөйлеуді үйрендік. Еркектеріміздің қарны тоймай қалған күні — әфәй-нәфәй-лафай-нфін, әфәліфи-шефе, ріфім, ефер-тефертефең-тофой-ғыфы-зафам — десең ыржияды да, мені арқаға бір-екі қағып-қағып қалып жүре береді: айналайын Әлішерім ертең тойғызам дегесін қалай ашулансын.

Бұлай сөйлеудің бар техникасы дауысты дыбыстың тіркесіне қарай буындар арасында фа-фи-фо деген бір жаңа буын қоса салсаң кез келген адам түсіне қоймайды. Мазақтайын деген біреуді қалың жиынның ортасында-ақ көзін бақырайтып қойып сыбай бересің.

Ертең сөйлеуге әзірлену керек болғандықтан Кенжеғара бұл үйде ұзақ отыра алған жоқ. Тез үйіне қайтып келіп, түн бойы әзірленді де ертеніне қасында Шаяхмет, пар атпен сағат жетіде кеше уәделескен Жабайдың үйінің алдына келіп тоқтады.

Есіктен Назыкеш көрініп — жолдастарың осында, бір шашке шай ішіп шық!— деді. Бұл үйде де көп айналыс болған жоқ, кеше уәделескен жігіттер жүріп кетті.

Кездесу айтылған сағатында басталды. Фелльдің өзінен

басқа Ақбұйрат, Нілді, Қарағанды басшылары да түгел көрінеді. Жұмыскер одағының мүшелері жиырма шақты адам, алтау-жетеуі қазақ.

Мәжілісті әріне, Фелль ашты. Нілдіде көп талас мәселелер жөнінде орнықты келісім болғанын, оның үстіне бүгінгі кездесуге жол ашқанын сылап-сипап-ақ айтып шықты. Әрі-беріден соң бүгінгі кездесуге де жақындай сөйледі.

— Жұмыс киімі, отын, барақ, мектеп, қара жұмыстағы жұмыскерлердің жалақылары туралы Нілдіде алынған қаулымызды Қарағанды мен Ақбұйратта да қолдансақ риза боласыздар ғой?— деп сұрады Фелль.

— Жұмыскер жалақысынан басқасына мен өзім ризамын. Жолдастарым өздері айтар,— деді Зуев.

— Жұмыскер жалақысы туралы тағы не қосқыларыңыз келеді?

— Жалақы жайы біздің негізгі әңгімеміз болғандықтан оны кейінге қалдыра тұрып, біз әуелі нені сөзсіз қабылдайтынымызды келісіп алайық деп едік.

— Нілдіде қабылданған жұмыс киімі, отын, барақ, мектеп жайларын Қарағанды мен Ақбұйратта да сол күйінде қолдануды мақұлдаймыз,— деді Зуев.

— Ал, жалақы жайында қандай қосымшаларыңыз бар?

— Онымызды айтатын адам дайын...

Кенжеғара тұра келді. Қолында бір-екі кітап, журналдары бар. Фелль азырақ таңданып қалды: «қазақ па бұлары? Бір көрген кісіме ұқсайды екен»...

Кенжеғара сөзін бастап кетті:

— Сіздер жалақы жайында «Сібір генерал-губернаторының бұйрығы бар, онда жалақы жайындағы Россия мемлекетінің заңдарын бұзуға бізге лұқсат берілмеген» дейтін көрінесіздер. Россия мемлекетінің «Еңбек жалақысы» жайындағы заңдары мына бір кітапта түгел жарияланған. Танысып шықсаңыздар Россия заңдарын түгелге жақын бұзып отырғандарыңызды көрер едіңіздер. Танысқыларыңыз келсе сіздерге сыйлап кетуіме де болады.

Сіздер қолданып отырған еңбек нормасы да, жұмыскерге төлейтін жалақыларыныз да Россия заңдарына қайшы келеді.

Мүмкін, сіздер Англияның өзінің заңдарын қолданып отырған шығарсыздар? Жоқ! Англия заңдарына қарамақарсы келетін бір қылық болса, ол сіздердің қолданып отырған заңсыздықтарыңыз! Англияда көмір өндірісі сегіз сағаттық жұмыс күніне көшті емес пе? Бізде он екі сағат! Англия көміршілерінің алатын жалақылары біздегі жала-

[illegible] есе жоғары. Өндірісте кемтарланған жұмыскерлерге пенсия беріледі, тағы-тағылар. Бірақ, біз қанша [illegible] бола тұрса да Англияның заңын ала алмаймыз. Қазақ жұмыскерлері біздің заңымызды ансап отыр деп түсініп қалмаңыздар. Мүмкін, өз жұмысымызды өзіміз-ақ түзеп алармыз. Мен мұны сіздердің қолданып отырған еңбек нормаларының да, төлеп отырған жалақыларыңыз да Россияның да, Англияның да заңдарына қарсы екендігін ескерткелі айтып отырмын.

Жұмыскер жалақысы жайында біздің қояр талаптарымыз мынадай:

1. Ауыр жұмыстағы орыс жұмыскеріне 80 тиын. Қазақ жұмыскеріне 50 тиын төлеп отырсыздар. Бұдан былай жұмыскерлерді ұлттық жағынан алаламай, бәріне де 80 тиыннан берілсін дейміз.

2. Сіздерде жұмыскер, маман, мастер деген үш баспалдақ бар. Бұларға берілетін жалақы «жылжымалы» әдіспен беріледі.

Маман жұмыскердің жалақысы 80 тиыннан бір сом 80 тиынға дейін. Бір дәрежедегі жұмыскерге берілетін жалақының арасы неге мұнша алшақ? Қазақ жұмыскері маман қатарына жетсе оған 80 тиын, орыс жұмыскеріне бір сом 80 тиынға дейін беріледі.

Мастер жұмыскердің жалақысы бір сомнан үш сомға дейін. Қазақ мастерлеріне бір сом, орыс мастерлеріне үш сомға дейін.

Жалақы әр дәрежедегі жұмыскерлердің еңбек өніміне, мамандығына қарай емес, ұлтына қарай жылжып отырады. Қадірлі қонақтар, мүмкін, өздеріңіз не аңдамай қалған шығарсыздар, не болмаса қазақ елін білмегендіктен ол елден қанша маман шықты дейсін деген боларсыздар. Естеріңізде болсын, осы үш өндірістің үшеуі де жарты ғасырдан артық өмір сүріп келеді. Осы дәуірдің ішінде қазақ жұмыскері қашанда жүзден тоқсаны. Одан кеміген емес, сіздердегідей ала-қолдыққа ұшырайтын кінәсі болмау керек.

Бұл жайды тым қазбалап жатқаным, сіздер олай ойламасаңыз да, сіздердің ойларыңызда ондай арман болмаса да, мұндай ала-қолдықтың салдарынан біздің орыс-қазақ деп аталатын екі халқымыздың жұмыскерлерінің арасына наразылық, күндестік түсуінде дау жоқ. Қазір түсіп те отыр. Бізде мұны халықтарды атыстыру политикасы дейді.

Политика деген сөзді баспа бетінде кездестіргелі біраз жыл өтсе де мән бермей келген еді. Осы жолы сөйлейтін болғанына байланысты ол сөздің үлкен астары барлығын

ақартып екі рет қайталады — бұл біз қабылдай алмайтын политика!

Біздің ұсыныс — жұмыскер жалақысы ала-қолдыққа ұшырамасын.

— Қара жұмыстағыларға түгел 80 тыныннан;

— маман жұмыскерлерге біржарым сомнан екі сомға дейтін;

—мастер жұмыскерлерге екі сомнан үш сомға дейін берілетін болсын.

Орысша жақсы білетін Хорслей Кенжеғараның сөзіне недәуір шамдана сөйлеп еді. Оған Зуев:

— Сіз ешкімге тікелей соқтығып, кездесудің бетін басқа жаққа аудармаңыз. Бізден кім сөйлесе де ол бәріміздің ойымызды айтады. Мен, мысалы, түгелімен осы ойды жақтаймын. Сіздерде маман жұмыскердің жалақысы 80 тыннан басталады. Егер маман жұмыскер қара жұмыскермен бірдей жалақы алатын болса, оның маман болғаны қайсы? Мамандары түгіл қазақ жұмыскерлерінің мастерлері қара жұмыскердің аз-ақ алдында жалақы алады — бір сом.

Жоқ, мырзалар, біздің жолдас дұрыс айтты — мұнда біздің халықтарымыз үшін де үлкен зиянды саясат бар! Біз оған көріп отырып көне алмаймыз. Жалақы да болсын, барақ та болсын, қысқасы ешнәрсе де, орыс-қазақ деген еліміздің арасына от тастамаңыз. Ол біздің бірінші көтере алмайтын жәбіріміз. Бұл жолда келісім болмайды.

Зуевтан кейін жалақы жайында ешкім сөйлеген жоқ. Фелль тағы қандай сұрауларың бар деп сұрады. Оған Ақбұйрат одағының бастығы Баранов жауап берді:

— Жүз шамалы адам, үш жүздей көлік ай далада дауылды боран сияқты дүлей апатқа ұшырасқалы қазір он бес күнге жақын уақыт өтті. Ондай апатқа ұшыраған адамдардың хал-жайын сұрап көңіл білдіру деген болушы еді. Компаниядан ондай адамгершілікті күтуге болмайды екен. Өзі арып-талып әрең аман жеткен кірешіге — Қызылжарға апарып тапсырған қағазың жоқ болса аулақ жүр!— дейді компанияның форточкасы. Олар да сенің жұмысында жүргенде апатқа ұшыраған адамдар емес пе? Ендігәрі олардың тағы да керегі болмай ма? Нілдімен екі арада екі адам, оншақты көлік өлді. Қызылжармен екі арада адам өлімі, көлік өлімі бар ма, жоқ па? Неге көңіл аудармайсыңдар? Сендердің мүліктерің апатқа ұшыраған жоқ. Бәрі де жолдың үстінде, шаналарға қаттап артылған күйінде жатыр. Қасқыр жемейді. Адам оны ұрламайды. Қандай қасарып қалған жаны жоқ, жүрегі жоқ адамсыңдар!

Баранов катты толқынып сөзін аяқтай алмай солк етіп отыра кетті. Оның сөзін Кенжеғара аяқтады:

— Шынына келсек, біздің бірінші жоқтайтынымыз адамгершілік!— деді Кенжеғара.— Мен әрине, түсіне алмаймын, сіздерге сонша кекірттік не үшін керек? Оған жауап бере қоймассыздар. Бірақ, соларыңызға орай біз де еңкейе бере алмаспыз. Сізге керегі жоқтың бізге өте үлкен керегі бар. Біз қандай мәселе көтерсек те соның бәрінің негізінде адамгершілік талабы жататын болады. Баранов, ашу мен намыс қысып кетіп айта алмады. Кірешілер жөнінде біздің ұсынысымыз мынау: сізден екі адам, біздің екі адам, кірешілердің өздерінен екі адам комиссия құрылып, екі жақтың жоғын да анықтап, он күннен кейін осы топтың кеңесіне салсын. Бір!

Екінші, сол апатта қаза тапқан кіреші жұмыс үстінде қаза тапқан жұмыскер қатарында саналып, сол дәрежеде құны төленсін! Екі!

Фелль кірешілерге байланысты ұсыныстарды оңай қабылдады.

Ақбұйратқа генерал-губернатор келеді деп айдап әкеліп құрылыс жұмысына салған крестьяндар екі жүзге жақын адам болып шықты. Олар орыс-қазақ жұмыскерлер одағын арқаланып қатал-қатал сөйледі. Аяқтап келгенде бұл жөнінде де комиссия құрылып, он күннен кейін болатын мәжілісте қорытылмақшы болды.

Үлкен бір жанжал компания магазиндерінің айналасында болатын еді. Нельсон Фелль оны күні бұрын ескерген екен.

Нілді кездесуінде жұмыскерлердің сұрағандарын көп қиындатпай бергені қандай пайдалы болып шыққанын Нельсон Фелль осы жиналыста көріп отыр. Ең берісі үшеудің бірі сөзге араласпай қалды ғой. Әрі осы жиналыстың жұмысын жеңілдетті. Айтысқа түсер істі азайтты... қанша қымбатқа түссе де бұлармен арамызды ушықтыра бермейтін мінез көрсетіп қалуға бекінді.

— Жұмыскер жалақысы жайындағы ұсыныстарыңызды мен негізінде қабылдаймын. Екі жағымызға да ауыр тимейтін аз ғана өзгерістер керек сияқты. Сіздердің бір-екі адам уәкілдеріңізбен бірге отырып, бүгін кешке барлық келіскен шаруаларымызды қағаз бетіне ойласып отырып түсіргеніміз дұрыс болар еді. Келісе алмағанымызды келесі кездесуге қалдыра тұрармыз...

Жиналыс осы байламға келісіп тарады.

ҮШІНШІ БӨЛІМ



1

Жұрт түрмеден апыр-топыр атылып шыға бастады. Түрме ауласы азан-қазан айғай-шу...

— Папа-а!

— Әке-е!..

Петя!.. Миша!..

— Кенже-аға!

Орыс-қазақтың ондаған, жүздеген аттары араласа шығады. Кімді кім шақырып жүр, оны айыруға болар емес. Қызылжар таңы әлі атқан жоқ. Сағат таңертеңгі алты. Ақ аю үсіп өлердей суық.

Түрмеде отырғандар кеше босатылмақшы еді. Ешбір заңнан кем саналмайтын «как бы чего не вышло!» дейтін ескі қағида бойынша бір түнге тағы кешіктіріліп еді. Сол түні құрығыр осынша ұзақ болар ма!..

«Өлім жазасына кесілген адамның соңғы күні» деген бір атақты шығарма естеріңізде болар? Ол естеріңізде болса түрмеден босатылатын адамдардың соңғы түндерін көз алдарыңызға әкелуде қиын болмас.

Патшалы Россияда бұл кезде түрмеде отырған адамдардың саны миллиондармен есептелетін. Тек осы жағын ұмыта көрмеңіздер. Одан кейін ол миллиондардың ішінде ондаған ұлттардың еңбек адамдары бар, бұл да есте болсын. Сол миллиондардың өмір бойында кездескен ең ұзақ түні осы болар.

— Шын-ақ босатыламыз ба? Босатылсын деген әмір босатылмасын деген бұйрыққа ауысып кетпес пе екен?

— Ол былай тұрсын, кеше құлады деген патша ертең қалқиып қайта тұрса, келесі күніміз не болар?

— Қалайда патшаның құлағанында дау жоқ қой?

— Құлауында дау жоқ. Тек қайта тұра келмесін деп тіле!

— Таңы құрғыр қашан атады? Түні құрғыр тұра бере ме осылай?

Миллиондар мен миллиондардың осындай ұзақ түн бойы бір-біріне оралары көлденең көзге шағын, жеке адамның арманындай көрінуі мүмкін. Бірақ, «өмір, нә, өлім!» дерлік бұқ қырқаларда бірін бірі білмейтін, танымайтын халықтардың үміт-армандары үнсіз-ақ үндесіп, тілсіз-ақ тілдесіп, бірігіп-кірігіп кете бермек. Бүгінгі түн сондай бір кезеңнің түні еді.

Түрме қақпасы ашылды-ау бір кезде. Түрмеден босанғандар түрменің ауласында тұрақтай алмай, қалаға қарай тез-тез басып барады. Оларды қарсы алатындар бірін-бірі ығымен ығыстырып түрменің есігіне қарай ұмтылады...

— Папа! Папа!..

— Әке!.. Аға!..

Жүгіріп жүріп Қарлығаш Нартайды таныды. Түрме есігінің алдында әлде кімді күтіп тұрғандай екен.

— Нартай-аға!..— Қарлығаш жүгірген екпінімен Нартайдың мойнына асыла кетті. Қандай алып жігітті аз-ақ құлатпай қалды. Нартай да оны құшақтай алды:

— Жалғыз келгенбісің?

— Жоқ-е! Жомарт екеуміз де келдік. Басқаларың қайда?

— Қазір Әлішер бәрін де алып шығады.

— Әкем ауырып қалған жоқ па?

— Жоқ. Әкең бәрімізден де мықты!

— Кенже-ағам ше?

— Кенже-ағаң әкеңнен де мықты екен. Ал, кішкене шегіне тұрайық.

Бұл кезде III-Николай атанып кеткен түрмеші шал карцерде отырған Кенжеғараға келіп ұрыса сөйлеп тұр еді.

— Сен немене, өзіңе оңаша арнап шығарған манифест келгенше алтын сарай — карцеріңнен кеткің келмей отырмысың? Шошқа қорасының мұңкімесі әбден-ақ ұнаған екен мұрныңа! Шық әйда, кет!

— Манифест дегенің немене өзі? Маған қайда кет деп тұрсың?

— Ақ патша Николай II құлады. Мен III-Николай саған манифест жариялаймын:

— Манифест! Жөнел аулыңа! Босат карцерді!

Жабай мен Зуев кіріп келе жатыр. Арт жақтарында Әлішер де көрінеді. Үшеуі де өз киімдерін киіп алыпты. Манифест болғанына Кенжеғара енді ғана біржола сенді. Сасық та лайсаң тас құдық карцерге дүниелік хабар келмеп еді. Зуев пен Жабай Кенжеғараны екі жағынан қолтықтай алды да жөнелді. Әлішерге дұрыстап амандастыр-

ған да жоқ. Жүріп келе жатып екеуі екі жағынан дүшені бір сілкіндірген хабарды айтып та келе жатыр:

— Петербург жұмыскерлері үш жүз жыл жылжымай отырған патшалықты қайтып тұра алмастай етіп құлатты.

— Дүние жүзінің патшалары мен корольдары түгел бір дүр етіп қалған болар!

— Бұл ұлы революция!

— Бостандық қақпасы ашылады енді!

— Бұдан артық не керек саған!?

— Енді біз көрсетеміз ағылшындарға!

— Ал, киін тезірек!

Бұлар аулаға шыққанда жұрт аяғы спрей бастаған еді. Нартайдың қасында Қарлығаш пен Жомарт та бірден көзге түсті.

— Әке!.. Әке жаным!..— Қарлығаш үйдегідей еркелеп Жабайдың мойнына асыла кетті, сыңсып жылай бастады. Әуелі сағынғаны мен қуанған үні танылатын еді. Аздан кейін — Әке-ау, қартайғанда қандай пәлеге ұшырап жүрсің дегісі келетіндей құшақтап тұрған әкесін шайқап-шайқап қойды. Қарлығаш бала кезінен-ақ Кенжеғараны әкесіндей жақсы көретін. Оны да тезірек құшақтағысы келіп, сырт бейнесі, киген киімдері де Кенжеғарадан аумаған адамға құшағын жайып, еңіреп жылаған бойы — жанаға!— деп жақындап келді де қалт тұра қалды. Дауысы да үзіліп кетті. Оның алдында бет-аузын қара-буырыл сақал басқан біреу тұр еді! Кенжеғара әлі де ақ кіре бастағаны біліне бермейтін сақал-мұртын қала оқығандарынша баппен ұстайтын. Мына кісінің кеудесіне түскен сақалының етек жағы түгел ағараңдайды екен. Қарлығаш абыржып қалды.

— Мен ғой, Қарлығашым, мен!— Қарлығашты Кенжеғара өзі құшақтай алды.— Жыламашы, бөпешім! Түрме адам үшін арам жер. Арам жерге бір тамшы көз жасы төгілмесін! Ал, кеттік, жүріңдер!— деп жолдастарына қарады да қақпаға қарай бет алды.

Ауладан шығып жиналып болғанда Қарағанды мен Ақбұйраттан айдалып келіп түрмеде бірге жатқан адамдар он екі болды. Төртеуі қазақ, сегізі орыс жұмыскерлері. Бұлар бір түнде бірге ұсталып, Ақмола — Қызылжар түрмелерінде жатқандарына жеті айдай болып еді, міне бүгін патша құлағаннан үш күн кейін босанып тұр.

— Ал, қайда, қашан, қалай деген сұрауларға жауап беретін кім бар?— деді Нартай, қашанғы әдетінше көңіл көтере сөйлеп.

Ауыл бас сұғатын бір лыпа, одан соң тамақ, одан кейін ұйқыда, есіміз содан кейін жиналатын болар,— деді Жомарт. Партайға ол да қалжыңдай жауап қайтарып.

Мұның бәрінен кейін кездесер жерімізді кім айта алады?— деп Мартыненко көмірші бір сұрау қойды: Бұл сұрауға ешкім жауап бере алмады.

— Жомарт екеуміздің түсіп жүретін бір үйіміз бар. Шай қайнатып бере алады. Басқасы жоқ,— деді Қарлығаш.— Кемпір-шал. Басқа ешкімі жоқ. Темір жолшы. Кедей адамдар.

— Оны қоя тұрайық... Бізді тұтас көтере алатын ешкім табылмайды.

— Кездесуге ең қолайлы жер кірешілердің жатағы,— деді Кенжеғара, сапырылысқан адам... ең болмағанда өгіздер қорасы, түйелер қорасы. Қарағандыға қайту үшін де сол кірешілер керек болар.

— Ие, сол дұрыс болар... Түйе мен сиыр малының арасынан Ивашке сияқты тыңшы шыға келмес.

— Нешеде кездесеміз?

— Кешкі жеті дұрыс болар.

— Патшаның құлағанын естіген соң кірешілер күнде той жасап жатқан шығар...— деді Жабай.

Осы ойға тоқтасты да әркім өз күнін өзі көруге тарасып кетті. Қарлығаш әкесімен Кенжеғараны қоса қолтықтап алып, Нартай, Әлішер төртеуін өз пәтеріне әкетті. Бала кезінен білетін Зуевты де шақырып еді, ол — менің бас сұғатын жерім бар деп бөлініп кетті.

Бұл кезде Қызылжардың шет көшелері күртік қардың астында көміліп жататын әдеті бар. Жаяу адам іздері шет көшелердің ұзыны мен көлденеңін түгел шимайлап тастайтын. Ой-қыры көп күртік-қармен жүргенде еңкейіп те қаласың, шалқайып та қаласың, құлап та қаласың. Жарық дүниеге терезелері біреуі оң көзімен, біреуі сол көзімен сығырайып қарайтын, қайда да біріне бірі ұқсас аласа ғана темір жолшылар үйлеріне жаяулап жеткенше бір сағат тоғыз минут өтті.

Сол сығырайған үйлердің сығырайған бір бөлмесіне кіре бергенде-ақ кәдуілгі үйренген, көніл үйренген таныс иіс, таныс жылылық адам өмірінің барлық таныс лебі бұрқ ете түсті. Еттің қайнап жатқаны танылады. Қалаш пештен алынған. Пештің артына таман бір бума сарымсақ ілулі тұрғанын сезінесің. Жусан иістері де, кемпір-шал иістері де сезіледі. Қазақтың сары май иісі, қайнап жатқан жылқы етінің иісі, ескі қара тонның иісі.

Қарлығаш есіктен кіре бере өз шешесіне еркелегендей еркін сөйлеп:

— Бабушка-а!— Бабушка моя золотая! Марфа Алексеевна!.. Міне, қонақтарды алып келдім. Бәрі де даяр шығар? Мынау менің әкем, мынау ағам, мыналар бауырларым, төртеуі де патшаны құлтауға қатынасқан адамдар!— деді.

— Міне, нағыз адамдар! Құрмет-қошемет, сіздерге!— деді москал әйел.— Ал, шешініңіздер, отырыңыздар! Шай дайын тұр.

— Ойпырым-ау, қызым орысша қалай-қалай нақыштап сөйлейді!— деп таңданды Жабай, Кенжеғара таңданған жоқ. Қарлығаштың зирек те зерделі екенін ол ертеден сезінетін. Тек өзіне андатпайтын. Өз баласындай жақсы көретін, еркелететін, бірақ жас көңілге дандайсу кіргізетін мақтау-мадақтаудан алыс ұстайтын. Бүгін де сол көңіл ризалығынан әрі асқысы келер емес, баланың ең дұрыс тәрбиесі салқын еркелетуде деп ойлайтын. Жақсы өсіп келеді екен деп, іштей қуанды да сыртына шығарған жоқ.

Шай үстінде Қарлығаш тағы да естілік көрсетті: әкесі мен Кенжеғараның алдына бір қалашты бөліп қойды да, Нартай мен Әлішердің алдына үлкен бір ақ булканы тұтас қоя салды. Сары майды да солай екі мөлшерде қойып жатыр — үлкендерге азырақ, жастарға көбірек. Жұмыртқа, өрік, мейіз, шай қанттан басқаның бәрі осылай екі мөлшерде.

Нартай тыныш отыра алмады:

— Қарлығаш қарағым-ау,— тамақтың молырағын ауылда үлкендердің алдына қоймайтын ба еді?— деді.

— Мен сіздердің жеті айға жақын қандай тамақпен тұрғандарыңызды білемін. Одан кейін бірден ауыр тамаққа көшуге болмайды. Әсіресе, жасы үлкендерге болмайды.

— Онда қалай болғаны, асып жатқан қазы, картаны бермейсің бе бізге? Мұрнымызға нісі келгеніне тойып кете береміз бе?

— Жоқ, Нартай-аға, сіздерге асқызып жатырмын. Шайдан кейін моншаға түсіп, сақал-шаштарыңды түзетіп келмейсіңдер ме? Оған дейін қазы-карта да піседі, бір-екі дөңгелектен жейсіздер.

— Қазы-карта көзіме бір көрінбес, көрінсе көрерміз!

— Көрінеді Нартай аға! Жолдарыңа да жететін ет пісіріп берем.

— Қарағым-ау, бір кедей үйде тұрамын дегенің қайда? Мұның бәрі бай үйдің тамағы емес пе?

— Қайдан бұл үйдің тамағы болсын. Бұланбай атам аулының қазы-қартасы ғой.

Сыпайы жарқыраған шілтерлі бронза қабы бар, ернеуіне алтын жалатқан стакандармен шай келді. Нартай бұған дейін де алдарына қойылған қасық, шанышқы, тарелкелерге қызыға қарап, қайдан келгенін сұрастырғалы отыр еді, енді қайдан аузына ие болсын — мынау ыдыс-аяқ, тарелке, стакандар да Бұланбай атаңның аулынан келді ме?— деп сұрады.

— Бұл бұйымдардың шыққан жері қала ғой, Нартайаға, сатып алуға ақша жіберген де Бұланбай атамыздың келіндері, елге қайтуға жететін жол ақшасы да менің сумкамда жүр.

— Апыр-ау, Нұрила мен Жәния да бар ма ішінде?

— Бар.

— Өй, менің айналайын алтыным-ай!

Нартай Қарлығашпен қалжыңдасқан болып отырып бәріне керекті жайларды ашып жатқан соң өзгелері сөзге араласқан жоқ. Жеті айға жақын жылы сөз естімеген дала құлағы ойнай-күле отырып сөйлесуді сағынып қалған екен, бәрінің де елдің бір ардақты әні мен күйін естігендей жүрек мұздары еріп, бойлары жадырап бара жатқаны сезіледі.

Ауыл аман екен, азық, ақша жіберіп жатыр. Дәл бүгін бұдан артық не керек бұларға? Елмен байланысты Қарлығаш пен Жомарт жақсы-ақ жасап алыпты. Айналып кетсек болмас па мұндай балалардан!

Шайдан кейін Қарлығаш түрмеден босанған төртеуіне төрт телеграмма ұстатты: өз шешесі Назыкештен, Анардан, Нұрила мен Жаниядан. Патшаның құлауымен, өздеріннің түрмеден босануларымен құттықтаған телеграммалар. Түп нұсқасы бір қолдан шыққаны (Анардың қолынан) танылып тұрса да түрмеден босанғандардың мінездеріне, жастарына қарай арнайы айтылар жылы сөздер де табылыпты. Телеграммалардың бәрінің де аяқ жағында Қарлығаш пен Жомартты біздің атымыздан көп-көп сүйіңдер депті. Телеграммалар ертегідей таңдандырды, өзгелерін былай қойғанда Кенжеғара да өмір бойында телеграмма беріп, телеграмма алып көрген емес. Қарағындыда жаңа бір үй салынып жатқанын көргені бар еді. Сол почта-телеграф үйі болып шыққаны да. Қарлығаштың қолында тағы бір телеграмма бар еді. Оны жіберген Шаяхмет еді, Жомарттың әкесі. Үлкен қуаныштың ыстық-суығы басылған соң телеграмманы Кенжеғараға ұсынды. Басқаларша құттықтауынан кейін, Ақмоладан қай шамада күтейін деп сұрапты.

Телеграммалар қайта-қайта оқылып, бірінің қуанышы,

бәрінің қуанышындай бойға тарап болған кезде Ақбұйрат-тың Қызылжарға дейін жаяу айдауда болғандары, Ақмола түрмесінде екі ай, Қызылжар түрмесінде бес айдай отырғандары, көрген қорлықтары, карцерде кісендеулі отырғандары түгел ұмытылғандай. Ендігі әңгімелері он-оңай елге, шөпке, үй іштерінің күнделікті ісіне көшті де кетті. Түрмеде не сіресіп тулақтанып, не мұздап қатып қалған бойларды жылытатын сол жабайы тіршіліктің жылы әңгімелері екен де...

— Ал енді моншаға түсіп келіңдер, мына бей-берекет сақал-шаштарыңмен Бұланбай ауылының келіндері үйге кіргізбейтінін ұмытпандар,— деді Қарлығаш,— Жомарт жүріп барып келеді. Сіздер оралып келгенше түскі тамақта бір тұрады... Қарлығаш төртеуіне төрт пар іш киім, төрт сырт көйлек алып қойып еді, оны ораулы тұрған күйі Жомарттың қолтығына қыстырды.

Қонақтары моншаға кеткен соң Қарлығаш үй иесі кемпірді шайға шақырды.

— Алексеевна! Бері кел! Оңаша отырып шай ішейік. Мен бұралқы иттей ашпын.

Майлы қолдарын кенеп алжапқышына сүрте жүріп, әрі сөйлене жүріп Марфа кемпір келе жатыр:

— Сен айналайын ласточкам, туысқандарыңа да дұрыстап тамақ берген жоқсың. Бір қалаш, жарты булка, бір жұмыртқа, бір-бір қасық май, төрт еркекке тамақ бола ма! Ренжітіп алған жоқсың ба, тегі?

— Ашыққан адамдарға бірден тойғыза тамақ берсең ауырып қалады, өліп кетуі де мүмкін.

— Е, қайдан білейін, мен қолыма кітап ұстап көрген емеспін. Сен доктор болайын деп жүрсің ғой, білетін шығарсың. Тек патшаны құлатысып жүрген қадірлі адамдар өкпелеп кетпесін, мен бұлардан еш нәрсемді аямаймын. Киргиздарды еш нәрседен түсінігі жоқ, тағы адамдар дейтін еді, патшаны құлатысып жүрген адамдар тағы бола ма екен! Жоқ, мен олардан еш нәрсемді аямаймын. Бұл күнге дейін мен сені де киргиз қызы деп ойлаған емен. Студентка, студент, оларда менің не жұмысым бар? Гриша ертіп әкелді, мен пожалуйста дедім... Сен мырзасың ғой, мен сені бір бай адамның қызы шығар!— деп көпке дейін жақындаса алмай, ығысып жүрдім... Енді міне туыстарыңның қандай адамдар екенін көзіммен көріп отырмын.

— Рақмет, Алексеевна, шайды іше отырып сөйлесейік. Сен әлі бір ұрттаған жоқсың ғой...

— Е, мен қашанда тамақтың қасында жүрген адаммын ғой...

Марфа Алексеевна шайға отырды. Қарлығаш сөзін жалғастырып кетті.

Ал енді, Алексеевна, алдағы жайларымыз былай болсын тұр: Біз Жомарт екеуміз түнгі поезбен Омбыға жүріп кетеміз, ертең экзаменім бар. Қонақтар бірер күн Қызылжарға айналып қалатын болса, міндеттері сіздің мойныңызда болады. Бұған қалай қарайсыз?

— Үйіміз тар болса да, Гриша екеуміздің бейіліміз кең екенін білесің. Мұны сөз қылудың не керегі бар?

— Олар жүрерден бір күн бұрын еттерін пісіріп, тамақтарын әзірлеп берерсің. Өздері де қарап отырмас, жәрдемдесер.

— Әзірге құдайға шүкір, тамақ істеу айналасында еркекке жалынып көрген емеспін!

— Одан соң Алексеевна, мына төрт стаканды төртеуіне менің сыйлығым, өзім беріп кетермін. Өзге аяқ-табақ, қасық, пышақ, шанышқыларды сенің өзіңе сыйладым. Сен маған қазір шеше болып кеттің емес пе?— деп Қарлығаш кемпірді сүйіп-сүйіп алды. Кемпірдің көзінен жас шығып кетті:

— Неткен мейірімді жансың сен! Бақытты бол! Мен шешесіне тартқан ұлды жек көрем, әкесіне тартқан қызды жек көрем. Сен шешеңе тартқан шығарсың.

— Шешеме тартыппын. Бірақ шешем, менен анағұрлым сұлуырақ.

— Өкінбей-ақ қой, қызым, сенің сұлулығың да бір қызға жетіп жатыр! Бірақ сен өзің туралы әлі де түгел айтпасаң керек. Сенің келіп кеткеніңді біле қалса көрші әйелдер мені ылғи әурелейді:

— Цыган қызын неге келіпті? Саған бал ашып берді ме? Енді неше жыл жасайды екенсің?— десіп мазақтайды.

— Тұқ те цыган қызы емес, студентка!— деймін мен оларға.— Әдейі түсінбесін деп студентка деймін. Олар әрине түсінбейді де өзімнен қайта сұрайды — студентка деген қай халық дейді. Енді мен түсіндіре алмаймын. Міне жүрміз сөйтіп... Енді сұрап көрсінші, патшаны кім құлатқанын айтып берейін!

Қарлығаш өз өмірінің елеулі деген желісін айтып берді:

— Орысша-қазақша екі тілді бірдей оқытатын төрт жылдық интернатты мектепті бітіруге бір-ақ оқу жылы қалғанда мектебіміз өртеніп кетті... Одан бері он жыл өтті. Біз Жомарт екеуміз Ақмоланың қалалық мектебінің үшінші класына келіп түстік. Одан гимназияны бітіріп Омбыға барып, мен денсаулық мектебіне түстім, Жомарт басқа оқуға түсті. Екеуміздің түскеніміз де ең жоғары мектептер.

биыл бітіреміз, мен балалар докторы, Жомарт мал доктор болып шығамыз. Осы енді менің бар өмірім... Биыл қыс күні шешемнен қорқынышты хат алдым. Патшамен, шыбынмен күресіп жүретін әкем мен бүгін өзің көрген басқа туысқандарымды Ақмола түрмесінен Қызылжар түрмесіне айдап әкетіпті. Бұдан бұрын олар Ақмола түрмесінде отырғанын маған айтпай келген екен. Жер алыс, бірінің үйінде де ересек еркек жоқ. Шешем мен жеңгелерім түрмеге түскендердің хал-жайларын біліп тұруды маған борыш етті. Менің ең алғаш сіздің үйге келгеніме төрт ай жарымдай уақыт өтті ғой. Содан бері Қызылжарға он екі рет келдім. Сіздерге көп-көп рақмет, әкесі түрмеде отыр деп безінбедіңіздер.

— Несіне безінеміз? Менің шалым Гриша патшаға бірінші қарсы адам. Ол Владивосток поезымен кетіп қалды, айтпесе патшаның құлағанына қалай қуанғанын көрер едің? Мен саған жасырын түрде айтайын, менің Гришам да сондай бір тентектігі үшін Петербурдан Сібірге қуылып келген адам.

— Бәсе, біз ол кісіге вокзалда суық түнде жаурап жүріп кездесіп, не себепті келгенімізді айтқанымызда сөзімізді аяқтатпай осы үйге алып келді ғой.

— Ие, ие... Мен оған азырақ ренжу көрсете бастап едім, үніңді шығарма, бұлар студенттер дегені әлі есімде... Ол керекті адамдарды күндік жерден таниды. Оны сен өз әкеңдей көр!

— Григорий Даниловичты мен сен айтпасаң да әкемдей жақсы көремін. Менің әкемді сен де жақсы көр!

— Ха-ха-ха!..

Моншаға кеткендер қайтып келгенде Қарлығаш пен кемпір мәз-майрам рахаттанып күлісіп отыр еді.

— Мына қаракөлеңкеде ешкімді түстей алмай қалып едім. Сенің әкең қайсысы?— деді кемпір.

— Мына кісі. Қырық жыл темір ұстасы болған адам. Өзгелерінің бәрінің ақылшысы.

— Шешең өзіңнен де сұлу болса, әкең жұрттың ақылшысы болса, сені жасыңнан оқуға берсе, сен қайдан бақытсыз қыз болайын деп едің — деді кемпір.

— Мын мен сияқты дядасы да бар!— деді Нартай.

Адамға қанша жер керектігін ұлы Толстой айтып кеткен. Адамға қанша бақыт керектігін ешкім айта алмаса керек. Мына адамдар түрмеде көрмеген азабы жоқ, қорлығы жоқ. Кейде сол қорлық зорлықтан құтылу үшін қалай өлуді ойлағандары да болды. Енді міне, босанды, еркін адамдарша отырып шай ішті, моншаға түсті сақал-шашта-

рын дұрыстатты... Жастар жағы қалжындасып сөйлесе бастады. Соңғы жеті айдай уақыттың бүгін бір минуты ауылға алынған жоқ. Ойын да, жүрегін де бейбітшілік жайлауына бет алыпты. Бұл не? Бақыт па, басқа ма! Бақыт болса немен өлшеуге болады, немен салыстыруға болады?

Түскі тамақтан кейінгі шай үстінде Қарлығаш, Жомарт екеуі түнгі поезбен кететіндерін айтты:— Әке ертең менің экзаменім бар еді... Кенже-ағам екеуіңнен лұқсат болса, біз Жомарт екеуміз түнгі поезбен жүріп кетер едік...

Әкесі де, ағалары да азырақ абыржып қалды. Жалғыз Қарлығаш дәл бүгін бұлар үшін бүкіл ауылдарындай, барлық балаларындай, барлық өз еркімен жүрген адамдардай еді. Оның үстіне жеті айдай түрме тұтқыны болған адамдар бейбіт тіршіліктен тосаңсып қалғандай жайлары да бар-ды.

— Қалқам-ау, сендер кетіп қалсандар мына мындаған адамы бар Қызылжарында біз адасып кетпейміз бе?— деді Нартай. Онысы жүдей қалған Жабайдың көңілін жадыратту еді.

— Адасам деп қорықсаң менен айрылма!— деді оған Әлішер, Нартайдың ойына ол да түсіне қалып.

Жабай мен Кенжеғара жастар жағының қалжындарына ерген жоқ:

— Оқуларыңнан қалмандар,— деді Жабай қысқа ғана.

— Енді екі айдан кейін бір жола ауылға келесіндер ғой,— деді Кенжеғара. Онікі де қызымен осынша тез қоштасқалы отырғанына жүдей қалған әке көңілін аулау еді.

Енді Қарлығаш әкесі мен Кенжеғараның екі арасына келіп отырып әуелі манағы үй иесі әйелге айтқандарын қайталады. Одан кейін Нартай мен Әлішерге арнайы бұрылып:

— Сен, екі ағайым, қазір, қастарыңа Жомартты ертіп алып, магазин аралап, жолға керектеріңді алып келіңдер,— шай, мейіз, нан, пышақ, сухар, сушка, картоп, жұмыртқа, сарымсақ алғандарың дұрыс болар. Азық-түлікті салып алатын қап, жәшік те керек...

— Қантты ұмытып кеттің бе?— деді Нартай.

— Жолда қант шағып отыра аласыңдар ма? Мен өзім жолда мейізді жақсы көрем. Сендер елге жеткенше суық көп әлсіремейді. Пима, бөрік, тон, биялай да керек болар. Ақшаларың жетеді.

— Мына қызымыз Қырым мен Қытайды аралап келген бе?— деп Нартай киіне бастады.

— Аға, әкем екеуің сағат жетіде бір жерге барасыңдар ғой. Оған дейін азырақ ұйықтап алыңдар,— деп тақтайлы

сөнге әлде неден құрастырып жатар орын жасап берді де сөкті жауып ауыз үйге шығып кетті.

Жабай Кенжеғараға бұрылып:

— Кенжеғара шырағым-ау,— жазды күні ауылға келгенде қызым балалармен ойнап жүретін бала емес пе еді?— деді.— Қазір тіпті танымай қалғандай естияр адамша сөйлейтін болыпты-ау?

— Жоқ, Жабай-ағa! Қарлығаш балалармен ойнап жүрмейтін, балаларға ойын үйретіп жүретін.

Қарлығаш төр үйге қайта кіріп:

— Кім мұнда сөйлей бастаған? Студент Жабай Талтаяков, сенбісің? Тоқтатыңдар сөзді!— деді өзінің профессорларының дауысына салып. Содан соң күліп жіберді де әкесін құшақтай алып қасына жантая кетті.— Әке, ұйықтап алыңдаршы...

— Жоқ, Қарлығаш! Біз ауылмен ажырасқалы жеті айдай уақыт өтті, ауыл жақтан ешбір хабарсыз жатқанымызға бес ай... Ауыл жақты білетін сенен басқа кіміміз бар? Ауыл қалай күн көріп жатыр? Еркексіз қалған үйлердің күйі қандай? Сен әлі ауыл жайларын айтпай жүрсің ғой, қарағым,— деді.

Қарлығаш басын көтеріп алып әкесінің кеудесіне жантайды.

— Ауыл тегіс аман, әке. Биыл қыс онша ауыр болмапты. Барлық қуанышты бір жола ақтара салсам бірін-бірі жуып кете ме деп, өзімді өзім әрең бөгеп жүрмін. Әйтпесе, ішіме сыймай жүрген қуаныш аз емес. Соның бірі әйелдеріңнен, достарыңнан, балаларыннан келген хаттар — бір сандық!

Кенжеғара басын көтеріп алды:

— Әкелші айналайын, әкелші...

Қарлығаш ағаш төсектің астында тұрған қол-сандықты ашып Кенжеғараның қолына бір хатты ғана алып берді де — өзгесін жолда оқырсыңдар деп сандықтың аузын жапты. Кенжеғара хаттың бас жағына көз жүгіртті де азғана езу тартып,— сен енді кете бер!— деді Қарлығашқа.

— Мынаны сүйінші алмай тұрып бермеймін!— деп Қарлығаш қалтасынан алып бір телеграмманы көрсетті де шығып кетті.

— Бері қара, Жабай-ағa!— деді Кенжеғара Қарлығаш шығып кеткен соң.— Бері қара! Назыкеш апай мен Анар екеуі бізге жазған хаттарын «Әй, екі шал!» деп бастапты! Аржағын тыңдай бер! «Шалдар-ау, ойларында біз бармыз ба? Тым болмаса түстеріңе кіргенімізді өздерің жазып жі-

берсеңдер ғой біз той жасаймыз... Қарлығаш-жан болмаса ол қуанышты тіпті естімей де қалады екенбіз-ау!..

Жабай кеңкілдеп күліп жіберді:

— Қап, мына Қарлығаштың істеп жүргенін-ай!

— Әке-шешелерінің көңілдерін жабырқатпауға істеп жүргені ғой, біз көрген тамұқ азаптарын жазып үй іштерін хат алған сайын жылатып отырса өкпелей алар ма едік,— деді Кенжеғара. Ал аржағын тыңдай бер: «бұл кінә емес, әншейін наз» дегендей, біз оларына өкпелеген жоқпыз. Жабай ағаның үйінде тойдан кем отырғанымыз жоқ. Сендерге қағаз, қарындаш ұстатпайтынын Қарлығаш жазған. Қарлығаш-жан сендердің амандықтарынды жұма сайын біліп, бізді ылғи қуантып тұрады, дендері сау, істері ауыр емес екен. Ұзамай босанады деп жазады. Біздің қалжыңдап жатқанымыз да сондықтан ғой. Бір жолы әкем семіріп кетем бе деп қорқады екен деп те жазды. Тамақтары аш емес екен ғой деп оған да қуанып қалдық.

— Мұны қашан жазып жүр екен?— деді Жабай.

Кенжеғара хаттың соңғы жағына қарап январьдың аяғында!— деді.

— Ол кезде өзі бізге келген сайын, не мені, не сені көре алмай жылап кетіп жүретін кезі.

Кенжеғара хаттың аяқ жағын оқып кетті: «Ауыл тегіс аман, ештенеден тарықпаған жоқпыз, жан да қосылып жатыр, мал да қосылатын болар. Біз де үйде босқа отыра алмай егін жинастық, екі-үш қатын өлеңімізді айтып қырман да күзеттік. Отын-шөбіміз жеткілікті. Азды-көпті күнәларың болса келген беттерінде жуып-шайып тастайық деп моншаға төрт бау ақ қайың сыпыртқы апарып баптап қойдық... Тек, қолымызға түсіндер!..

Қағазға жазылған сөзді Жабайдың бұл бірінші естуі еді. Жақсы естіді, жақсы тыңдады, жақсы түсінді, тұла бойы — жаны, жүрегі балқып кетті. Не деген таң қаларлық әдемі сөздер! Қызы Қарлығаш не деген ақылды! Бір ауылды тұтас жұдетпей, ылғи көңілді күйде ұстап келіпті-ау!— Қарлығашым-ай, бері келші, бері келші! Отырған бойы құшағын ашты. Қарлығаш тізерлеле беріп әкесінің құшағына құлай кетті. Әке жүрегі жылыпа түсті, балқи түсті.

— Е, құдайым-ай! Құдайым-ай, жалғызыма оң көзіңді сала көр! Оң көзіңді! Енді Кеңже-ағаңа бара ғой, құлыным... бара ғой.

Әкенің айтайын дегені осы сөздер ме екен? Құдайға жалыну ма екен? Нақ керекті сөзді айта алмағанын Жабай өзі де қатты сезінеді. Сонымен бірге ол не айтқанын да аңғармай қалды. Мән бермепті. Керекті сөз тамыр-тамырын

кұлап өн бойын өртеп барады. Тілі құрғырға ілінбей қойғанын қарашы. Ондай сөз құранда да жоқ шығар. Ішіңді суыдіріп барады. Не аузыңа сиымайтындай, не аузынды өртеп жіберетіндей тіліңе оралмай, ішіңде тұлап жүр. Осының қысылғанынан Жабай құшақтап отырған, ол да өлімнен сағынған, өзімен бірдей азап шеккен қызына — ағаңа сыра қойшы!— деді.

Әкесінің босаңқырап кеткенін көрген соң Қарлығаш Кенжеғараға қалжыңдап сөйлей келді:

— Сүйінші, Кенже-аға!— деп телеграмманы көрсетті.

— Қалағаның болсын, қалқам.

— Гүлбәденнің бір шарт жасасқаны есіме түсті.

— Алтын ба?

— Ие, алтын! Әр сөзі бір алтын, бересің ғой?

— Берем.

— Ендеше міне телеграмма, кеше келді.

Телеграммада «Батталдың қарындасы дүниеге келді. Атын әкесінен сұрап алып хабарлашы Анар» деген екен.

— Он сөз, он сом алтын!

— Өзің ауылға келгенше екі Никалайың әзір тұрады деп біл!

Ауыз үйдің тақтай еденін солқылдата, тапыр-тұпыр асығыс басқан еркек жүрістері естілді.

Азық-түлік алуға кеткен жігіттер екен, қайтып келді. Бірнеше жаңалықтар да ала келіпті. Нартай сөйлеп кетті:

— Түрме мен полицай үйлері өртеніп жатыр. Сөндіріп жүрген ешкім жоқ,— деді Нартай.

— Арақ-шарапты ақша төлемей әкетіп жүрген адамдарды көрдік. Түстері жаман-ақ. Өмір бойы қолдарын жуып көрмеген адамдар сияқты. Үлкен дүкендер жабылып жатыр. Яуішевтің үлкен магазинін жаптырмаймыз деп жырма шақты адам жанжал салып тұр. Түрменің қасында Зуевті көрдік. Ол бізге:

— Қалаға көп айналып қалмандар. Бунт басталатын қалпы бар... Кірешілер жатағындағы кездесу болмайды. Әркім өз бетімен жүре берсін,— деді.— Осы алып келген жаңалығымыз,— деп тоқтады Нартай.

Біріне бірі қарасып ойланып қалуға тура келді. Бұл не? Революция ма? Көлденең кездескен бұзақылардың жанжалы ма?

— Зуев елге қайту керек деп тура айтты ма?— деп сұрады Кенжеғара.

— Тура айтты ғой деймін: қалаға айналып қалмандар, әркім өз бетімен жүре берсін дегенін солай түсінбегенде қалай түсінеміз?

Енді шүбеленерге орын қалған жоқ. Бәрі де жүру жайын ойлады.

— Ал, Жабай-ага, қашан жүреміз?

— Бүгін.

— Сендер ше Нартай мен Әлішер?

— Бүгін.

— Қай жолмен, қалай қарай?

— Кірешілерге ілессек, бет алыс белгілі ғой. Қызылжардан жиырма шақырым шыққан соң қазақ ауылдары кездеседі. Соларды жалдамалап амалдаймыз да. Осыған сеніп тәуекел етеміз.

— Олай болғанда жеті жүз елу шақырым жердегі Қарағандыға неше жұмада жетер екеміз?

Осылай жүрер жолды өлшеп, ойласып отырғанда Қарлығаш сөзге араласты. Ол Жомарт екеуі алты жыл бойы Омбыдан елге барып қайтқанда Қызылжарлатып та, Семейлетіп те жүріп келгендері бар еді. Жомарт сөзге араласып сол жайларды айтар ма екен деп бір-екі қарап еді, әлі ашыла қоймаған сыпайы жас үндемеген соң Қарлығаш өзі ойын айтты:

— Сіздер Көкшетау, Ақмолалатып жүрсеңіздер елге бір айда жетесіздер. Семейлетіп жүрсеңіздер ең арысы он күнде,— деді.

Үлкендер аңырысып қалды. Өз оязынан, өз облысынан басқа жаққа шығып көрмеген адамдар Семей жолын білмейді екен. Қарлығаш үлкендерді көп ыңғайсыздандырмай ойын түгел айтып берді:

— Бүгін бізбен бірге түнгі поезбен жүріп кетсеңіздер ертең жоқ арғы күні Семейде боласыздар. Семей мен Қарқаралының арасы үш жүз шақырым, жиырма бес шақырымда бір бекет бар. Боран-шашын болмаса жолаушы күніне жүз шақырым жүріп кетеді... Әрі кетсе төрт күндік жер. Қарқаралы мен Қарағандының арасы әрі кетсе үш күндік жол. Қарағанды мен Ақмоладан алыс емес... Қарқаралыға ат келіп тұрса болды.

Олай сұрап, бұлай сұрап келіп жолаушылар Семей жағымен қайтуды ұйғарды. Қарлығаш Марфа Алексеевнаға жалынды:

— Мына қонақтарына Семейге дейін төрт билет әкеліп бере алар ма екенсің, Алексеевна?— деді.

— Төрт билет дегенде сөз болып па! Мен кассаның өзін үйге әкеліп те билет кестіре аламын! Бұл вокзалда Гриша екеумізді бәрі де сыйлайды. Тек түн қарашы, бір жерде құлап қалып жүрмейін, қасыма бір кавалер қосып бер.

— Екі жігіт қосып берем. Мына жігіт қорғаушын, жолбарыс! Мына баланда ақша!— деп Қарлығаш Нартай мен Комартты көрсетті.

Билет алушылар кеткен соң Қарлығаш Әлішерді ауыз үйге шақырып алды:

— Мына шуланда екі жәшік ет бар. Қатып жатыр. Соны бұзып, жүргенше жол азығын пісіріп алындар. Жүруге әлі тоғыз сағат бар. Мына екі шугенкеге екі реттен пісіріп алуға болады,— деді.

Қазақ еркегі ас пісірудің бірде бір түріне қатынасқан емес, қатынаспайды да. «Етті өзбек пісірсін, қырғыз турасын, қазақ жесін!» деген қалжыны да бар. Бүгін міне қазаққа етті өзі бұзып, өзі пісіріп алуға тура келіп қалды. Амалы қайсы, Әлішер ақ балтаны қолына алып іске кірісті.

Билетке кеткендер келген соң Қарлығаш үй иесі кемпірге жолаушылардың жол азығын әзірлесуді тағы бір рет өтініш етіп, өзі төр үйде олардың жыртылған-сөгілген киімдерін бүтіндеуге, түймелерін тағып беруге отырды.

Кеңжеғара — осы күні Омбыда қазақ оқушылары көп пе деп сұрады.

— Елу шақты,— деді Қарлығаш — көпшілігі Ақмола, Қаркаралы ояздарынан, Қызылжар — Семейден де бар.

— Ойын-сауық кештері болып тұра ма?

— Жиі болады. Ойын-сауық жағын көбінесе Семинария оқушылары бастайды. Мен де бір-екі рет қатынасып көріп едім, ойын-сауық айналасында еріккен жігіттер көп болады екен, безініп кеттім.

— Жомарт қалай, ондайға араласа ма?

— Ол өзінен өзі жүріп күйші болып кетті. Басқа ешнәрседе жұмысы жоқ, қалай тартатынын мен қайдан білейін, әйтеуір күйші Жомарт атанып барады.

— Ауылда ондайын көрмейтін едік қой.

— Скрипка тартатын бір орыс баласымен екеуі бір бөлмеде тұрады екен. Содан басталса керек. Қазір оны орыс балалары да ойынға шақырады. Бар арманы скрипка мен домбыра.

Шай келді. Азаттық қуанышының ыстық-суығы басеңдеді. Енді сағыныш лебі, ауылдағы сүйген жар, бала-шағаларына тезірек жету асығысы басталды. Қарлығаш бір-бір алтын ернеулі стакандарын сыйлады. Қонақтар тура келді. Поезд да кешікпей жүріп кетті.

Таң ертеңгі бозғыл күн көтеріле бергенде Қарлығаш Омбы телеграфына кіріп — енді тоғыз күннен кейін аттар Қаркаралыда тұрсын деп Шаяхметке телеграмма берді...

Жолаушылар оянғанда шаңқай түске жақындап қалып еді. Бұлар Омбы вокзалында Қарлығаштың түсіп қалғанын да білген жоқ-ты. Кіре берістегі ең шеткі, ең төменгі, төрт кісілік полканың қу тақтайы шаршаған арық денелерге мамық «құс төсектей» тиген екен, қатып ұйықтап қалды. Поездың тарсыл-гүрсілі Қызылжар қаласынан ұзай бергенде біріне-бірі сығылыса, бөріктерімен бірге бір-бір алақандарын қоса жастанып ұйықтап кетіп еді, қазір міне, поезд тоқтай қалғанда, түрмеде оянғандай шошынып, ожырайысып, бастарын да бәрі бірдей көтеріп алды. Түрме ішінің дауыстары емес, кәдуілгі адам дауыстарынан оянды.

Аяқ жақтарында жалғыз отырған Жомартты көріп, Жабай — Қарлығаш қайда?— деп сұрады.

— Омбыда түсіп қалды. Оның бүгін экзамен тапсыратын күні,— жауабын толығырақ қайтарғысы келіп — гигиена және санитариядан дей берді де құлағына дейін қызарып тоқтай қалды.

— Мынау Омбыдан кейінгі екінші станция.

— Омбыдан өтіп кеттік пе?

— Өзің неге түсіп қалмадың?

— Мен бүгін бостау едім. Сіздер оянғанша отыра тұр деп Қарлығаш қалдырып кетті.

— Рахмет, айналайын. Түс енді, кейін қайт.

— Қазір сіздерге ыстық су әкеліп беремін де қайтамын.

Жомарт қолына шәйнек алып жүгіріп кетті. Жолаушылар да беті-қолдарын түрмедегі әдеттерінше қармен жууға поездан түсті. Күн танаудан шертетін суық екен. Көзіңді еріксіз сығырайтатын Сібірдің жалтаң күні дәл көзіңнің деңгейіне келіпті. Енді ол осы тұрысынан күн санап көтеріле беріп дажал суықты өзінің солтүстығына қарай айдап тастайды. Қазақ даласы алты ай бойы суықтың азабын тартып жатса, күн төбенді тесердей шаншылар кезіне жеткен шақта ыстықтың тақсіретін тартады. Екеуі де ырыс дерлік жағдай емес әрине. Бірақ, түрмеден шыққандарға сықырлаған аяздың өзі, айналаң аппақ таза дүние өз үйіндей сезінеді. Олар аяздың ысқырығын да, күннің өзін де, аппақ мамықтай қарды да сағынып қалған екен, дала мұрындары күннің өз иісін, қардың иісін, суық ауаның иісін айырым-айырым сезініп тұр. Жердің иісі әлі білінбейді. Шіркін, Аққайың жалынының иісі бірге келер ме еді!.. Жидек-шие терген балалардың даусы бірге келер ме еді!..

Жомарт ыстық су әкелген шәйнекті Нартайға ұстата беріп — менің поезым әне жақындап қалды. Сіздің поезда

қозғалады енді, вагонға кіріңіздер. Қош болыңыздар...— деп, бәріне де бас изеп қоштасты да келе жатқан поездың вокзал жақ бетіне қарай жүріп кетті.

— Қарағым-ай тым болмаса бірге отырып бір шашке шай іше алмадың-ау...— деп Жабай қала берді.

Поездар екеуі екі жаққа қарай жүріп кетті.

Жолаушылардың вагонда ішкен шайларының үстінде де әңгімелері Қарлығаш пен Жомартқа орала берді:

— Екеуі ағалы-қарындастай, бірін-бірі аузын аштырмай түсіне кетеді екен,— деді Нартай.

— Біреумен сөйлесіп отырғанда екіншісінің көңілін көріп отырғандай боласың,— деп Әлішер Нартайды қостады да өзінің бір андап қалғанын айтты:— өткен күні үй иесі кемпірмен бірге барып билет алып келген соң мен Жомарттан күн қалай деп сұрап едім, ол суық деді. Қарлығаш оның жауабын үстірт көргендей азғана езу тартып еді, Жомарт жанағы жауабын толықтырып қайталады.

— Таң ертеңгіден жылырақ, түс кезіндегіден суығырақ,— деді. Мен таң қалдым, Жомарт бірден толық жауап бергеніне өзінен өзі ұялғандай қызарыңқырап кетті.

— Таң қалғанның әкесі менде, жігіттер,— деді Жабай.— Өз қызымды өзім танымай қалғандаймын. Қызым маған оқып жүрген бала сияқты көрінуші еді, осы жолы ол сересек те, өзім бала болып кеткендей өзіме өзім олқы көрініп келемін.

— Олай ойламаңыз, Жабай-аға,— деді Кенжеғара — жастар өседі, үлкендер қартаяды. Бірақ қартайған адамның бағасы түспейді, ол мал емес қой...

— Жоқ-ау, Кенжеғара, біз ұсталып кеткен соң, Ақмолада жатқанымызда өйтіп-бүйтіп әйелдеріміз келіп жүрді, Қызылжар түрмесіне көшірілген соң артымызда амандығымызды біліп тұратын да бір естияр еркек қалмап еді ғой!.. Сол естияр еркек Қарлығаш болып шықты емес пе? Бұған қалай танданбайын!— деп, тамып-тамып кеткен көз жастарын сүртті.— Қорланып жылады деп ойламаңдар, тегі қуанып жыласам керек... Әрі ауылды, әрі бізді бес ай бойы жабырқатпай ұстай білді ғой балапанымыз... Сонау Омбыдан жұма сайын келіп-кетіп тұрды ғой!

— Жабай-аға, Жомартты да ұмытпа!— деді Нартай.— Екеуі бір ене, бір әкеден жаралғандай емес пе?

— Оның рас, Нартай, Жомарт неге Назыкештен тумады екен деп ойлап қалатын кезім де бар.

— Бәсе!..

— Оқыған жастардан күтеріміз де осы ғой,— деді Кенжеғара.— Өз баланды өзің танымай қалардай, танысаң

танданардай болып қайтса оған қуануымыз керек. Әдеп, әделет, әр саладан білім, сана-сезім ұшқырығы жетілмесе, баланың оқығандығы қайсы? Оқыған азамат атану үшін ең берісі осы жақтарында ақауы болмау керек. Баланың табиғатында зейінділік, зиректік болса, оның осы қасиеттері де оқыған сайын шыңдала бермек, тереңдей бермек. Құдайға шүкір, атақты Бұланбай шахтердің баласы Бекет, Бөріккара, кеншісінің немересі Гүлбәден, темір ұстасы Жабай-ағаның қызы Қарлығаш, атшы Шаяхметтің баласы Жомарт мандай алды оқығандардың қатарына күні ертең именбей-ақ қосылады. Қазақ қара бұқарасынан шығатын оқыған азаматтар осылардан басталар. Бәрін де бір үйдің баласындай етіп тәрбиелейік, именшек етпей еркін өсірдік. Мен осы жастарымыздан келе жатқан жаңа заман лебін де сезінемін.

— Онда мына мақтаншақ екеуміз далада қалатын болғанымыз ба?— деп Нартай негімен Әлішерді нұсқады.

— Жоқ, жоқ Нартай, уақыт белгілері алдамасқа керек. Сен екеуіңнің аттарың алдымен аталатын заман келе жатыр. Оқыған жастардың өзін де қайнаған өмірге, алыс-жұлыс көп өмірге бастап жіберетін ағалары болуға тиісті.

— Е, бәрекелді! Онда Әлішер екеуміз нағыз өмірдің баға жетпес жолдамасын ауылға жетпей-ақ жариялап жібереміз. Ішімізге сыймай, жарылғалы жүрміз.

— Е, не істемексіндер?

— Қарқаралыға жеткен күні екі балаға телеграмма береміз: майдың отыз бірінші күні екеуіңнің қосылған тойларың болады. Бақытты күндеріңе кешікпей жетіңдер, әкелерің, ағаларың деген қолдар қойылады.

— Әй, мынау не оттап кетті?— Жабай Кенжеғарағa ең-серіле бұрылды.


Нартай ойын бөлгізгісі келмей бастырмалатып кетті:

— Қарлығаш пен Жомарт парлана қалса жердегі «Бұланбайдың ауылына» көктегі ақ — ат, боз аттан кем жарасар ма еді, Жабай-аға? Баламыз қандай, қызымыз қандай! Келе жатқан жаңа заманыңның, Кенже-аға. Қозы Көрпеш — Баян сұлуы осы екеуінен аса қояр ма екен! Нағыз оқыған азаматтар бізден шығатын болса, жаңа заманның Қозы Көрпеш — Баян сұлуы неге бізден шықпасқа? Қарлығаш пен Жомарт сол кештің алды болса! Әкем Бұланбай мен шешем Көпейдің атынан, Алшағыр атамыз бен Күнзила шешеміздің атынан Нартай Бұланбаев, Әлішер Алшағыров, аллаһу-әкпар!

— Ей, азырақ тоқтай тұршы өзің!



Жер астынан кен қазып шығару — қазақ жұмыскерінің азапты тұрмысы.



Заводтан шыққан құйма мысты тасу.



Кен тасыған түйелі керуен.

Кен тасыған түйелі керуен Спасск заводына да жетті.



Наконец верблюды с рудой прибыли на Спасский завод.



Совет өкіметінің жарлығымен завод-фабриктер халық меншігіне айналды. 1918 жылғы 11 майдан бастап халық қолына көшкен заводты салт атты жұмысшы күзетіп жүр.

— Жоқ тоқтамаймын! Өзің әлде не дедің? Жомарт Назыкештен неге тумады екен деп те ойлап қаламын — дедің ғой!? Дедің!

— Деуін десем де...

— Дегенің болды! Жомарт енді сенің балан емес пе? Бұл екеуіп құдай тумастан бұрын қосып қойған Жан-жүректері бірге соғады. Тойды Әлішер екеуміз жасап береміз. Сіз алатын қалың малды есептей беріңіз...

— Қалың малды ссептеудің не керегі бар? Бекет пен Гүлбәден салып кеткен сүрлеу бар емес пе!?— деді Әлішер.

— Әй, сен өмірінде бір дұрыс сөз айттың білем! Солардың қалың малы қанша еді, есінде ме?

— Неге есімде болмасын: алты үйге алты банке башқұрт балын әкеліп берді де Бұланбай мен Кенжеғара Берікқарипның үйлерінде көңілдеріне не ұнаса бәрін сыпырып алып алтын қазатын жерлеріне тайып отырды, не бары осы. Біздің ауыл бұл сүрлеуден бұрыла алмаса керек.

— Кенжеғара-ау, сен де осыларға қосылып отырмысың?— деді Жабай.

— Жабай-аға, мен бұл жайды Назыкеш апама өткен жазда ескертіп едім. Ол кісінің өз арманы да осы екен. Есінде шығар, Қарлығаш пен Жомарт жазды күні оқудан ауылға келгенде күні бойы балалармен әуре ғой. Не көлге апарып ойнатады, ертегі айтады, Аққайың жалына апарып шие, жидек, бүлдірген тергізеді. Орысша-қазақша өлең жаттатады. Біздің балалардың ойындарының өзі оқудың бір саласы. Маған балалардың қыс бойы алған жаттама білімдерінен көрі Қарлығаш пен Жомарттың қасында ойнай жүріп алған білімдері артық болмаса кем...

Кенжеғараның сөзін жоғары полкадан гүрс етіп түскен ожарлау адамның дөрекі дауысы бөліп кетті:

— Битшең киргиздар неменеге мәз болып қарғадай қаркылдап кеттіндер?— деді ол. Тегі жанжал іздейтін ынғайы бар. Түрмеден шыққан адам екенін арқа жағы сары қара көйлегі айтып тұр. Үсті-басы кір, ластау.

Нартай да полкадан сырғып түсіп, атып түре келді:

— Сен немене, патшаның құлағанын қайғырып жатыр ма едің?

— Шығарма үніңді арда! Ананды ұрайын.

— Сен де өкірендеме, ананды ит ұрған неме!

— Сен немене?— дударбас Нартайға жақындай берді. Көздері түйіліп кетіпті.

Оң қолында ет турап отырған пышақ, сол қолында шала мүжілген қазының қабырғасы Әлішер де тұра келіп дударбастың екінші жағынан жақындай берді.

Жоғарғы полкадан самай шаштарына буырыл араласқан орыс адамы сөйлей түсіп келеді:

— Паша, сен кетші, ана достарыңның қасына бар, бар, жоғалшы бұзақы!

Паша деген бұзақы жігіт кетті де бурыл шашты адам полканың шетіне ғана отырып темекісін бұрай бастады.

— Сендер, киргиздар, қорықпандар одан. Ол әшейін қожбансиды. Арыстан күркірегендей дауысы болғанымен жүрегі қояндікі, көрмейсің бе, «патша құлады, манифест!» дегенде түрмеден шыққан бойы жүгіріп кете берген. Түрменің киімін тастап өз киімін алуға қорыққан. Киімімді сұрасам қайта апарып жауып қояды деп, қаша беріпті.

— Одан қорыққан біз де жоқ. Оның үстіндегі түрменің киімдерінен өзіміз де кеше ғана құтылдық,— деді Кенжеғара.

— Сіздер де түрмеден босанған адамсыздар ма?

— Соның өзіміз.

— Қайда отырдыңыздар?

— Қызылжар түрмесінде.

— Біз Омбы түрмесінен шықтық.

— Босанғандарынызбен құттықтаймын!

— Сіздерді біз де!

— Рақмет!

— Не үшін түсіп едіңіздер.

— Патшаға қарсы күрескенімізді түрмеде естідік.

— Қанша отырдыңыздар?

— Қызылжарда бес ай. Одан бұрын екі айдай Ақмола түрмесінде.

Бурыл шаш темекісін тұтатып алып, орысша таза сөйлейтін Кенжеғараға — айыптау статьяларың?— деген сұрау берді.

— Біз он жылдай ағылшын қожайындармен алысып жүріп едік, сонымыз патшаға жасап келген қарсылық болып шықты.

— Айна қатесі жоқ біздің күнәміз,— деді әзір бейтаныс адам. Айна қатесі жоқ...

— Біз үшін бұл онай жабыса кетер жала ғой. Өткен жаз қазақ даласында көп жерде патшаға қарсы үлкен қозғалыстар болды, онын бірі Торғай даласында әлі туын жыққан жоқ. Лаврентьев деген генерал отыз мың әскер, алты зеңбірекпен келіп қарусыз құр қол қазақтарға түк қыла алмай Ырғыз деген қалада әлі отыр.

— Бұл күндері оның өзі де қашып бара жатқан болар. Омбыда бір генерал қалмапты деседі.

— Қашса жолы болсын! Бірақ, біз ол қозғалысқа ка-

шпаса алмағанбыз, көмір өндірістерінің жұмыскерлеріміз. Қазғанымыз жер асты, қопарғанымыз тау-тастар.

— Қожайындарың кім еді, ағылшындар емес пе?

— Ағылшындар мен француз байлары, Капиталист Нельсон Фелль, француз республикасының президенті болған адамның баласы Эрнест Карно деген инженер.

— Біз Уркварт деген ағылшын бастығы бар орыс — Азия корпорациясының жұмыскерлеріміз. Олардың тіміскілегендері де алтын, күміс, мыс, көмір. Семей, Павлодар — Қарқаралының арасында біздің қайла-сүймендеріміз тимеген тас кемде-кем-ақ болар. Көктас-Жартас, Майқайың, бәрін қосқанда қырыққа жақын тас төбелер сол корпорациянікі. Ал сендер де, біз де ағылшындардың жалшысы, құлы екенбіз, танысып қояйық: менің атым Бондарь, Михайло Бондарь, он жасымнан горняк. Бізде ағылшын қансорғыштарымен келісе алмағанымыз үшін патшаға қарсылар деп айыпталдық. Тегінде басқа айыптары болмаған адамдарға жаппай тағыла салатын айып осы болу керек. Бір жағынан қарағанда мұның өзі дұрыс тағылған кінә. Патшаның өзі түгіл патшалық құрылысқа қарсы емес кім бар осы күні!? Қай жағымыздан қарасақ та сіз бен біз туысқан адамдармыз. Ағылшын байларының құлы, кәсібіміз көмір қазу, тас қопару, тас алақан жұмыскерміз. Айыптармыыз да бір, түрмеге бір кезде түсіппіз, бір күнде босандық. Бұдан артық туысқандық тағдыр бола ма? Балашағаларымыздың тағдырына дейін бір ғой! Тағы айтайын, біз нағыз туысқандармыз!

Кенжеғараға Бондарьдың өзі де, сөзі де қатты ұнады. Тұп тамырымыз түгіл гүл-жапырақтарымызға дейін тағдырымыз туысқан адамдармыз дегені де, жұмыскерлер арасына тән, таптық бірлік, таптық күрес деген ұғымдар кіргелі едәуір уақыттар өтті. Бондарьдың бала-шағаларымызға дейін тағдырымыз бір дегені таптық туысқандық деген ұғымды тереңдете түсетін сияқты екен. Кешегі — бүгінгі күндердің ғана емес, ертенгі күннің, бүкіл болашағымыз бір деген мағынаны береді емес пе? Қазақ тілінде мұны қалай атауға болар еді? Жұмыскерлер қауымы, жұмыскерлер табы... Еңбекшілер қауымы, еңбекшілер табы... Ойлану керек екен.

Бондарь Кенжеғараға қарапайым жұмыскер емес, әр сөзінің асылын байқай алатын адам көрінді. Ашық сөйлесуге болатын адам, орыс-қазақ жұмыскерлер одағының соңғы жиналысында ұсталып кеткеннен бері Кенжеғара тап бірлігі, тап күресі тақырыптарына ешкіммен сөйлесе алған

жоқ еді. Мына кісі сондай кеңеске шақыратын сияқтанды. Кеңжегара да тартынған жоқ:

Сіз, сөз жоқ, көпті көрген, көпті түйген адамсыз, сізден мынадай бір жайды сұрауға болар ма екен?— деді.

— Қандай жайды сұрағыңыз келеді?

— Мысалы, сіздер де, біздер де бір топырақтан жаралған бір елдің адамдарымыз. Қазақ даласы деп аталатын жерді қазып-қопарып басқа жұрттың байларына алтын, күміс, мыс, көмір байлықтарын тауып береміз. Мысал үшін айтқанда бізге түсері тиын, оларға түсері теңге. Бізге түсері бақыр тиын, оларға түсері алтын теңге. Біздікі күн көріс тырбанысы, олардікі пайда үстіне пайда. Ағылшындармен сіздер де алысып жатырсыздар, біз де алысып жатырмыз. Бірақ, мұнымыз жеке-жеке, бөлек-бөлек арпалыс қой. Бір елдің адамдарымыз, бір жерді басып жүреміз, бір аспанның астындамыз... Қолдасып алысуға қандай шарамыз бар?

Бондарь көп ойланған жоқ:

— Сіздер міне, Қызылжардан Қарағандыға Ақмола арқылы қайтудың орнына Омбы-Семей-Қарқаралы арқылы қайтып барасыздар. Яғни жеті жүзі елу шақырым жұрудің орнына мың жарым шақырым жер жүресіздер. Үйлеріне Ақмола арқылы қайтқан болсаңыздар бір ай жүрер едіңіздер. Омбы-Семей-Қарқаралы арқылы жүргенде әрі кетсе он күнде жетесіздер. Қазақ даласының қиындығын көресіз бе — қысқа жолмен бір ай жүресің, ұзын жолмен — он күн! Сіз ойлаған қолдасып алысар күннің қазақ даласында осындай шарасыздығы бар ғой. Біз көбіне кең зерттеуде жүреміз. Кейде жыл сайын жұмыс орнымыз ауысып отырады. Сондықтан бір корпорацияның жұмыскерлерінің өзі алыс-жұлыстарда қолдаса алмай қалады. Біз жаяу жұртпыз ғой, жаяу! Семей, Керекулерде орнықты жұмыскер табының ұясы жоқ. Келім-кетімді, ауыспалы адамдар көп. Біз Семей, Керекуден көрі Омбыға арқа сүйейміз. Біздің жай осы. Өздеріңізде қандай жай бар?

Кеңжегара да қысқа ғана етіп өз жайларын айтып берді:

— Ағылшын-француз компаниясының үш өндіріс орны бар: біреуі Қарағанды (көмір), Нілді (мыс), Ақбұйрат (мыс қорытатын завод). Екінші ауданы Жезқазған (мыс), Байқоңыр (көмір), Қарсақпай (мыс қорытатын завод). Біз бірінші аталған ауданға кіретін Қарағанды көміршілеріміз. Басқа жақтың жұмыскерлерімен байланысымыз жоқ. Өзіміздің үш өндірісте де орыс-қазақ жұмыскерлерінің қоғамы дейтін басты ұйымдарымыз бар. Біз сол қоғамның мүшелеріміз. Дұрыс айтасыз — қазақ даласы жұмыскер

табының қолдасуына толып жатқан қиындығы бар жер. Оған қарап отыруға тағы болмайды. Амалдау керек болады да.

— Сіздер бізге қарағанда жақсы жайда екенсіздер. Біз Семей-Кереку уездерінің далаларында көбінесе көшіп жүреміз. Қай жерде бетіне көк-шөлі шыққан тас төбелер көзге түссе болды, бізді соны қазуға айдайды. Алыстағы сіздермен байланыс жасау түгіл бір қожайынның жалшысы болсақ та быт-шыт болып бытырап жүреміз.

Әлішер Бондарьға шай ұсынды.

— Рақмет,— деді Бондарь — сен жас жігіт, алдағы станцияға жеткен соң шайнегінді бізге бере тұр. Біз де төртеуміз. Шайнегіміз жоқ,— деді.

Алдағы станцияға жеткенде Әлішер қайнаған суды өзі әкеліп берді. Жоғарғы полкадан Бондарьдың екі жолдасы түсіп келеді. Төменгі полканың иелері орындарын қонақтарына беріп, өздері коридорға шығып кетті.

— Дұрыс істедің дядя Михайло... киргиздармен қалай бірге отырмақпыз! Қуып жібергенің әбден дұрыс болды,— деді манағы Паша қайта келіп.— Енді жоғарғы полкаға олар жатсын!

— Паша, сен ұят-ар дегеннен бір жола айрылып болғанбысың, осы!? Олар саған шай әкеліп береді. Орындарын береді. Сен оларды ит құрлы құрметтемейсің! Осы шошқалықты сен қайдан үйреніп жүрсің? Осы мінезіңнен тартып жүргенің әлі аз болып жүр ме?

— Киргиздар өздерін өздері иттен жаралдық деп ойлайды. Менімен бірге ұсталған киргиздің аты Құшік. Керек болса, әкесінің аты Итбай. Біз оны түрмеде «Нағ, нағ»— деп шақыратын едік.

— Сенің ұры-қары достарыңның ит емесі бар деп туған әкең де айтқан емес. Тек енді құтыл соларыңнан! Тағы да құлайтын патша қалған жоқ Ресейде. Манифест те болмайды.

Вагонның екінші жағынан — Паша!— деген айғай шықты. Паша солай қарай кетіп қалды. Ұзамай сол бұрыштан біріне бірі қабыса қоймаған дөрекі дауыстардың қосылып салған әндері естілді.

Выплывают расписные
Стеньки Разина челны...

Бондарь жақынырақ тұрған Әлішерге қарап:

— Менің інімнің баласы. Түрмеге ұрлық үшін, қыз зорлағаны үшін екінші рет түсіп еді, көрмеймісің, манифестке ілегіп бұл да босанып шықты,— деді.— Әлішер басын изе-

дің де үлгеген жоқ. Жоғарылы-төменді орналаскан жұрттың бәрі де осыларша тамақтанар кезде орын ауыстырып жатыр.

Сол күні кешкі тамақтан кейін Бондарь жоғарғы полкасына көтерілмей қазақтардың қасында қалды. Бұл бір бой-күйез емес, жұғымды адам екен. Бірден жұғысып кетті, әрі-беріден соң екі жағы да ортақ өмірдің ішкі-сыртқы сырларын ақтарысты. Ие, уақыт ауыр... Майданда жеңіліс-тер... Үйде ағылшын қожалар. Қорлық... Намыс... Күрес..

Осы кезде еркек-әйелдің бәрінің аузындағы осындай жайларды бұлар да айтыса келіп, күрес күнделіктеріне көшті:

— Сіз мана бір жақсы сөздер айттыңыз,— деді Бондарь Кенжеғараға бұрылып.— Бір жерді басып жүрміз, бір аспанның астындамыз... Бір елдің адамдарымыз... сонда бір-лігіміз қайда, қолдасып күресуді неге ойламаймыз дедіңіз ғой. Сол сөздеріңіз әлі құлағымды кеміріп жатқан сияқты. Біз тұрақты жұмыскер емес, кен зерттеуде әр төбенің етегіне түнеп жүретін кеншілерміз. Сіздер тұрақты жұмыскер екенсіздер. Ағылшындармен қалай күресіп жүрсіздер? Жеңген күндеріңіз де болған шығар!? Түрмеге қалай қамалып қалдыңыздар? Сол жайларыңызды түгел айтып берсеңіз екен...

Кенжеғара да көп күттірген жоқ:

— Біз ағылшын-француз компаниясымен он жылдан артық алысып келеміз. Қазақ-орыс жұмыскерлерінің қоғамы барлығын айттым ғой сізге? Күрестің басында сол ұйым. Алыс-жұлыстың көпшілігі әрине жалақы жағында. Бірде жеңілдік, бірде жеңдік. Ең басты жеңісіміз — жеңілгенге мойымауға үйрендік. Бүгін құласақ ертең қайта тұра келуге үйрендік.

— Бұларың өте үлкен жеңіс екен!— деді Бондарь.— Тамаша жеңіс?

— Ең соңғы айқасымыз былай басталды. Біздің үш өндірістен жасы жеткен, ауруға шалдыққан отыз жеті адамды ағылшындар жұмыстан босатып, барақтарынан айдап тастапты. Біз қатты намыстандық. Бұл шыдауға болмайтын қорлау болды. Ұйым мүшелері түгел жиналып Ақбұйрат заводының конторына келдік. Ойымыз өте нашар еді: завод директоры Хорслэй деген ағылшынды сабап алмақшымыз да, жастар ашықтан ашық күш жұмсайды, біз жасы үлкендер арашалап жүріп сабаспақшымыз... Хорслэй жоқ екен. Қайда кеткені белгісіз. Қасына завод бастықтарынан екі адам алып машинамен кетіпті. Жәрдемшісі орыс, отыр күндегі орнында.

— Бастығың қайда кетті?

— Қайда кететінін ол маған баяндаған емес,— деді.

— Холл деген бір ит бар еді ғой, ол қайда?

— Менен осы бөлменің ішінде ғана болған жайларды сұрауға болады. Құдайға шүкір, әзір менің үйшігімде сіздердің ілтипаттарынызға лайық еш өзгеріс болған жоқ. Бола да қояр ма екен...

Біз онымен сыртқы терезенің форточкасы арқылы сөйлесіп тұрғамыз, форточка жабылып кетті. Біз бірімізге біріміз қарап тұрып қалдық. Не істеу керек? Ағылшындарды сабамақ едік қой!

— Ау, Тополев қайда?— десіп қалдық.

— Бәсе ол қайда жүр? Кеше қалай келісіп едік?

— Сағат онда бізді осы жерде тоспақшы болған.

Сағат түскі он екіге таянып қалды. Кеше біз ағылшындармен келісе алмасақ ұрыс-жанжал шығарып, аяғын үлкен көтеріліске, жұмыс тастауға айналдырмақшы болғамыз. Біздің не айтқанымыз, қандай байламға келгеніміз Тополевтің қолында жазулы болатын. Өйткені ол орыс-қазақ жұмыскерлері одағының хатшысы ғой.

Біз оны тағы біраз тостық. Жақын арада қатардағы механиктен аға механик дәрежесіне көтерілген. Тополев үйінде де болмай шықты. Енді қайтеміз деген сұрау көз алдымыздан кетпей тұрып алды.

Біздің бас қосатын жеріміз мынау отырған кәрі ұстаның Қарағандыдағы жер үйі болатын. Кешке жұмыстан босағаннан кейін мыс заводындағы ұйым мүшелерін шақырып әкелуге бір-екі адам қалдырдық та өзгеміз кейін қайттық.

Ақбұйраттағы мыс заводы мен Қарағандының екі арасы қырық шақырым. Біз Қарағандыға он шақырым жақындағанда алдымыздан екі почтабай қарсы шауып келе жатыр екен.

— Бұрыл жолдан, бұрыл! Бұрыл! Бұрыл, жан керек болса, бұрыл!

Алдынғы жағымызға қарасақ талай жүкшілер жолдан бұрылып, тұрып қалыпты. Бұл Ақбұйраттан Қарағандыға баратын жол. Ақбұйратқа апаратын жол қасымызда қатар жатыр. Бәле алдымызда болса сол жолды босаттыру керек болар еді. Оны істемегендеріне қараганда бәле артымыздан келе жатқан болады да, біз бір аз уақыт артымызға қарап тұрдық...

Ұзамай Қарағанды жағымыздан тағы айғай жақындай берді. Әлгі әуелгі айғай қазақша болатын. Әке-шешең, үрім-бұтағың, зәу-затыңа дейін түбірлей тиген балағаттау, сөз жоқ, есіңде қалады, және олар Қарағандыға баратын

жолмен келе жатқан. Мына келе жатқандар Қарағандыдан Ақбұйратқа баратын жолмен келеді. Қазақша боқтаған орыс дауысы да танылады, орысша боқтаған қазақ дауысы да танылады:

— Мат, твоя мат!

— Мат, своя мат!

— Атанаус! Атанаус!

Бұлар да жол үстінде қыбырлаған жан иесін түгел айдап қуып тастап барады.

Қазақ халқының бір жақсы әдеті кез келген суға бір шомылмай кетпейді. Осы тұста Нұра өзенінің бір тармағы сокыр жолға жақындайды екен, біз соған бұрылып барып суға түстік, аттарды оттауға жібердік. Қатты қаңғырлаған қоңырау дауысын біз суда отырып естідік. Жүртты дүрліктіріп келе жатқан бәле осы екен ғой дестік: әрине ояз бастығы болар бұл!..

— Жо-оқ!.. Нағыз бәле мынау болу керек!

— Қәне, кәне?

Екі қара машина құйындай құтырып өте шықты...

Сол екі қара машинаның екпіні бізді судан ұшырып жібергендей атылып жағаға шықтық. Жаңа ғана өзен жағасына шыққан балғын көк құрақтың күміс қоңыраудай сыңғырынан құлақ аудармай балқып отыр едік, машина лебі бізді рахат құшағынан жұлып алды. Асығыс киіне бастадық. Машиналардан көп кейін далақтап шауып өтіп жатқан болыс, билер біздің көзімізге ілінген де жоқ.

Жол босады, біз де жүріп кеттік.

Оқиғаның сыртқы жайларын Ақбұйратта қалған жолдастарымыз келген соң, түнде естідік: атарман, шабармандарымен келген Сібірдің генерал губернаторы екен! Жер нағып жүрісінен жаңылмай зырлап барады, күн нағып қорықпай батып кетті!..

Тополев табылмады. Басқамыз ақылдасуға, отырдық. Қорытқан ойларымыз мынау болды: Генерал-губернаторға 1. Ағылшындар орыс патшалығының заң-жосықтарын аяқ астына айналдырып болды.

2. Жұмыскер халқының тіршілігін жеңілдетуге арналған ағылшындардың өз зандарын да қолданбайды.

3. Бар өмірі ағылшындардың көмір қазу, тас қопаруында өткен қарт жұмыскерлерді ешбір жәрдемсіз босатып жіберіп, барақтарынан қуып жіберді.

Біз азық-түлік, киім-кешегімізді ағылшын магазинінен екі-үш есе қымбат бағамен аламыз...

Осындай басты- басты жайларымызды шама келгенше мағыналырақ етіп жазып ертеңіне орыс-қазақ жұмыскер-

лер одағының бастығы — Зуев екеуміз губернаторға кіруге кезекке тұрдық. Алдымызда орыс шеркеуінің, баптистер шеркеуінің, қазақ-татар мешіттерінің имамдары, көк-ала, қызыл-ала киінген қазақ-орыстар, қазақ болыстары, билер тұр.

Біреу губернатордан қызара бөртіп, кеудесін көтере шығады. Біреулер езіліп ынжықтанып шығады, қазақ-орыстар мен христиан шеркеулерінің имамдары түгел көңілді шығып барады. Қазақ болыстары мен қазақ байлары әлденеге түсінбеген, түсінбегендерін жасыратын пішінде шығып жатыр. Ауылдарына жеткенше губернатормен қалай сөйлескендерін қазақ құлағына ынғайлап дұрыстап алады әрине.

Кезегіміз келгенде бізді де өткізді губернаторға. Табалдырығынан бастап есік-терезелеріне дейін түгел таныс баяғы Ушаковтың үйі, Бұланбай қаласының мектебі... Жайратып төселген кілемдеріне, жарқыратып қойған байлық бояуларына менің көзім түспей қойды. Үлкен залда орден, медальдарымен, шен белгілерімен көз сүріндірген генералдар мен майорларға да көзім тоқтаған жоқ. Кірген соң губернаторға гиззат көрсетіп, Зуев екеуміз де бас иедік. Арызымызды бердік. Мен біттім сонымен. Менің көзіме осы залда сабақ оқып отырған балалар келді. Көптен бері кездеспеген сон ұмытылып барады екен-ау... ана бұрыштa Әшім деген өте бір зирек бала отырушы еді. Залдың ортасында алты қыз бала екі партаға сығысып отырғанды жақсы көруші еді. Бірінші, екінші класта Қарлығаш та осы мектепте оқып еді. Оқуды осы үйде бастаған Бекет пен Гүлбәден Мияста, алтын кенінде... бірі инженер, бірі оқытушы.

— Арызды жазған кім?— деген гүжілді дауыс гүр ете түскенде мен абайсыздан селк етіп қалып, губернаторға қарадым.

— Жазған мына кісі,— деп Зуев мені көрсетті.— Кеңжеғара Беріккарин.

— Адвокат па?

— Жоқ, халық мұғалімі.

— Солай болар,— почерк каллиграфический.

— Семинарист.

— Қазір қайда оқытады.

— Қарағанды да көмірші балаларын оқытады.

— Қашаннан бері?

Зуев бөгеліп қалды да маған қарады —«өзің айтып жіберші»...

— Он екі жыл,— дедім мен.

— Жазғандарының ішінде жалғаны жоқ қой?

— Басымызбен жауаптымыз.

Тым әдемі киінген күрке тауықтың айғырымын деп сезінетін дерлік бір бойшаң адам шетірек отыр еді, губернатор соған бұрылып:

— Хорслэй мырза, мына шалдарды орналастырған дұрыс болар, қыс танауға таяп тұр ғой,— деп біздің арыздың алақанының сыртымен бір-екі қағып қалды.

Хорслэйді менің бірінші рет көруім еді, орысша жақсы біледі екен:

— Ваше высочество, господин генерал-губернатор,— паленше паленіш, ол әміріңіз сөзсіз орындалатын,— деді орыс тілінде.

— Магазиндеріңіз кезден жейді, қадақтан жейді депті. Бұған не айтасыз?

— Қазақ жұмыскерлерінің әйелдері кез бен метрді, қадақ пен килограмды айыра алмайды да барлық шатақ осыдан туып жүр. Одан соң, қазір қан төгіс, қырғын соғыс. Қазақ жұмыскерлерінің онымен жұмысы жоқ, соғыс кезінде азық-түлік болсын, басқа товар болсын, бәрі де күн санап қымбаттап тұрмақ. Олар тек біздің магазиндерде баға өсе береді, деп ойлайды.

— Жоқ олар олай ойламайды,— дедім мен.— Олар магазинде болсын, басқа жерде болсын баға көтеріліп, тұрмыс ауырлаған сайын жұмыскердің жалақысы да көтеріле түсу керек қой дейді. Мұны біз дұрыс талап деп түсінеміз.

Зуев та қарап тұра алмай — мен жолдасымның айтқанын мақұлдаймын,— деді. Арызда не жазылса, бәрі де жеке адамдардың ойлары емес, Ақбұйрат мыс заводына қарайтын барлық өндірістердегі барлық жұмыскерлердің талаптары.

— Жолдасымның не айтқанына мен де түгел қосылмын,— деп, оны мен де қостадым.

— Жабыңдар ауыздарыңды! Молчать!— деп ақырды губернатор,— Молчать!

Губернатор бұдан кейін бір-екі ауыз өзіне лайықсыз сөздерге барып қалды да аяғында ағылшындардан қысылды білем, «жарты патшалық» айбарына көшті. Қабақта қар, дауыста ызғар, бұрқыратып, боратып жүре берді.

— Ұят!— деді губернатор.— Нағып ұялмай тұрсыңдар!? Сендерге айтуға ұят, маған естуге ұят! Отанымыз өртеніп жатқанда сендер Отан басына туған ауыр қиыншылықты бірге көтерісу орнына өз бастарының қамын ойлайсыңдар! Отанына оқ жасайтын металл жасап беріп жаткан, дәрі жасайтын көмір беріп жатқан ағылшын достарымыздың

жұмыстарына бөгет жасайсындар. Естеріңде болсын, бұл қылықтарың Россия патшалығына қарсылық әрекет деп саналады. Бұл талаптарымыз орындалмаса жұмыс тастап ереуіл жасауға дейін барамыз депсіңдер. Отанымыздың жаулары ғана осындай істерге бара алады. Бұл не деген масқара! Қайтыңдар! Бүгін кешкі сменадан бастап шахтадағы орындарына барып тұра қалыңдар! Губернатордың айтқаны осы ғана емес, бұдан ең кемі он есе ұзақ, бірақ түйінді жерлері осы еді. Оның Отан өртеніп жатқанда дегенін жаныма батқандай сезініп қалып едім, ағылшын достарымызбен алыс-жұлыстарың патшалығымызға қарсылық дегені ол сезімімді із қалдырмай жуып кетті. Қолында канша құдірет отырып шетелдің болмашы бір сыйлықтары үшін соған құл болып жарамсақтанып, отырғаны көрініп тұр. Бейшара жандарды қанша қоқырайтып қойсаң да бейшара екендігі болмашы қылығынан көрініп қалмай қоймайды. Губернатор өз құлқынына Отан деген ұлы есімді құрбандыққа шалып отыр! Енді анықтап қарадым — кукылжың тарта бастаған қағылездеу адам екен. Дүние жинау кезеңіне молынан кірген болу керек.

Губернатордан Отанымыздың жаулары деген сыйлығымызды алып сол күні кешке ұйым мүшелері тағы жиналдық. Естіген-білгенімізді ұйым мүшелеріне баяндап, енді қалай тіршілік етерімізді ақылдаспақ едік.

Айтқандайын Ақбұйраттан қайтып келе жатқанда Зуев екеуміз Тополев жайындағы жұмбақтың шешімін іздестірдік.

— Жазған сенсің ғой, бзідің губернаторға берген арызымызда жұмыс тастаймыз, ереуіл жасаймыз деген сөздер бар ма еді?— деді Зуев.

— Жоқ,— дедім мен қысқа ғана.

— Онда губернатордың аузына бұл сөздер қалай түсті екен? Ондай сөздер Тополевтің қолында кеткен қаулыда ғана бар емес пе еді?

Зуевқа жауап қайтарудың орнына мен оған қарсы сұрау қойдым.

— Тополевтің өзі қайда жүр деп ойлайсың? Қаталашкада жатыр ма, ағылшындардың асханасында арақ ішіп отыр ма?

— Сен солай ойлайсың ба?— деді Зуев.

— Меніңше, екінің бірі! Сенің сұрағыңның жауабы да осында,— дедім мен.

— Екінің бірі... Екінің бірі... Әрине...— Зуев ойланып қалды.

Әрі-бері салыстырып көрдік те ұйым мүшелеріне Тополев жайын айтпауға ұйғардық.

— Ол жұмыста болу керек. Бізге кездесе алмады дей салайық.

Түн ортасы ауып, темекі түтінінен арқан есуге болатын кезде тарай бастадық. Көпшілігі кетіп он шақты-ақ адам енді киініп жатқанымызда үш адам полиция кіріп келді:

— Көтер қолдарыңды!

Көтермеске шаран қайсы — көтердік.

— Бір-бірлеп далаға шығындар!— Алға!

Алға болмасқа амалың қайсы — үйден шығып аяндай бердік. Бірде адам аяңы, бірде ат аяңы, түйе аяңы, өгіз аяңы, бес күнде Ақмолаға жеттік. Екі ай Ақмолада, бес айдай Қызылжарда, онда да түрме, мұнда да түрме, жеті айдың екі айы мына ұста мен ұйым бастықтары Зуев үшеумізге карцер, тұра келіп тұрып ұйықтауды үйренті!.. Төбеннен мұздай суық тамшы тақыр басқа тамып кеп кеткенде шошынбай оянуды үйретті... Екі тамшының арасында түс көріп, не балаға, не әйелге қолынды соза бергенде тамып кеткен суық тамшы төбене шоқпардай тиеді. Тым болмаса не әйелінді, не баланды құшақтай алғаннан кейін тамса екен-ау!..

Түрмеде суық тамшыны пайдаланудың өзіне бір талай ойлар кеткен болу керек. Бір жауап алушы күніне бес кісіні сабаса аяқтап келгенде өзі де иттей шаршайтын болар. Екінші, кінәліні сабау деген алып жатқан жауабыңның мәнсіздігінен басталатыны даусыз ғой! Бұл да діңкене тимей коймаса керек. Жайшылықта адам деп санауына ауызың әрең баратын бір надан қазақ ырқына көнбей қатып қалса одан асар қорлық бар деймісің! Бұл енді жүйке дейтін ең қымбатынды ит-сілікпеге салатын азап. Үшінші, кейбір жағдайларда жауап алушы жазықсыз адамды жазықты етіп шығаруға міндетті... Мысалы, ол сенен — біздің патшадан Жапонның патшасы ақылды дегенің рас па?— деп сұрайды. Сен оған — екеуінде көрген емеспін, өзіңіз қалай ойлайсыз?— дейсің. Қисыны жоқ сұрау сенің де қытығына тиеді. Сені сабай жүріп өзіне өзі ызаланады, шаршайды, ұйқы бұзылады. Бара-бара үй ішіне де жексұрын болып кетесің. Осындай азаптардан құтқаратын болса суық тамшыдан бұдан артық не тілейсің?

Ағылшындар бізді қатесіз таныды. Орыс-қазақ жұмыскерлері одағы деген біздің бірінші сап деп аталатын алдыңғы қатарымыздан қай жолмен болса да құтылуға бел байлады. Бірақ сап біреу ғана емес, бірінші саптың артында екінші, үшінші саптар да тізіле бастап еді. Бұл күндер-

де ағылшындар тыныш ұйықтаудан айрылған болар деп соны көруге асығып келеміз.

Түрменің әр күні айға бергісіз ұзақ шұбатылып өтеді. Оттен бұл ұзақ күндерде ешбір әрекет болмаған соң түрме күндерінің қалай өтетіні жайында айтылатын әңгімеде тұтасқан мазмұн жоқ, қырық құрау, үзік-үзік екенін өзіңіз де білесіз. Мен осымен тоқтағым келеді.

— Рахмет, достым, сіз тап біздің басымыздан өткен күндерді айтып бергендей болдыңыз. Ақмоланың орнына — Павлодарды, Қызылжардың орнына Омбыны қоя салсаңыз біздің бастан өткен күнді мінсіз айтып шыққан боласыз,— деді Бондарь.

3

— Метинги!— деді Нартай поезд Семейдің мал базарының тұсынан өте бергенде.

— Митинг! Митинг!..

Патшаның құлағанын Семей қаласы қалай мейрамдап жатқаны көріне бастады. Көше бойларында лек-легімен сырнайлатып, өлең айтып жүрген орыс адамдары әлде қай жердегі митингіге кетіп бара жатыр. Қала айғай-шу... Бұл күндерде айғай салмаған бір адам қалды ма екен сірә? Дүние төңкеріліп түсті ғой! Қалай айғайламаска!

Вокзалдың қала жақ бетінде шамалы ғана аланда митинг жүріп жатыр екен. Ұрандар қат-қабат араласа шығады:

— Патша жоқ енді! Тоқталсын соғыс!

— Солдаттар үйге қайтсын!

— Жасасын бостандық!

— Жасасын, жасасын, жасасын!..

Қартаң қазақ орыстар, аздаған соғыс мүгедектері барлық орден, медальдарын тағынып жарқырап шығыпты. Тұз салған қаптардан құрастырған мінбе айналасындағы адамдардың бәрі де барлық көзге түсерін қос-қабаттап киіпті. Әлде кімдер қылыш жаркылдатқандай аспанды тіле сөйлеп тұр. Енді біреулер атын алып қашып арбаң кирап жүрмесін дегісі келгендей бәсең сөйлеп басым айтатын сияқты. Бет алыс бірлігі, тілек тоғысқандығы байқалмайды. Азаттық, теңдік, туысқандық деген ұрандар ешкімнің аузына түспей тұр. Тегі Семей тұрақты жұмыскер табы бұйықтау қала болу керек. Бұлардың айтып жатқан жасасындарынан түсер пайда болса ол анау мінбе айналасындағылардың сыбағасы болатын шығар-ақ.

Біздің жолаушылар шетірек тұрған адамдардан Семей-Қарқаралы арасындағы бірінші бекеттің қай жерде екенін

[illegible] да соны іздеп кетті. Жүре келе үлкен бір көрнекті мешіттің ауласында өтіп жаткан тағы бір жиынға ұшырасты. Мінбеде ең үлкен ишан болу керек, ақ сәлделі, сиргыш мұртын жылмита қырған, бұрыл сақалды дін тіректерінің біреуі тұр. Мінбе айналасында моллалар, қазақ оқығандары, қаланың қазақ, татар байлары танылады. Бұлар да үлкен бір шоғыр.

Сөз беріп тұрған да, сөз сұраған да ешкім жоқ, Әркім тұрған жерінде тұрып бір-екі ауыз сөз айғайлап қалады. Оны киіп кетіп тағы біреу бірдеме айтып қалады. Айғайлау көп, тындап сөйлесу жоқ. Айғайлап сөйлеуге жеткендерінің өзі үлкен женіс екендігін түсінген жұрт осыған қуанышты. Әйтеуір жалпы айғайлау. Әйтеуір жалпы қуаныш, әйтеуір жалпы даурығу. Қуаныштың даурығысы ма, даурығыстың қуанышы ма, оны оңай айыра алар емессің.

Бұларда ұран салу да жоқ, дегенмен түптеп келгенде ұранға айналатын ойлардың ұшығы екі рет белгі беріп қалды.

— Мына бір газетте автономия мәселесі көтеріліпті!— деп орта жастардағы қазақ оқығандарының бірі қолындағы қазақ газетін жоғары көтеріп бұлғап көріп еді, оны бір қасқыр тымақ тойтарып, ықтатып тастады.

— Тәңірі деген, ұлыстың ұлы күні жоқты айтып орысшылап балтайттау неменеңе қажет болды? Сенің орысша білетініңді осы жұрттың бәрі де біледі!— деді. Оқыған азаматымыз жым болды. Қайтып көрінбеді, шегініп кетті білем. Қазір ол шегінгенімен ұзамай қазақ оқығандарының бірінші көтеретін ұраны әрине осы автономия болатыны даусыз. Орынборда шығатын қазақ газеті ауызға алып жатса оған шүбәланудың керегі жоқ. Әттең, мына қасқыр тымақтарынмен алысқа ұзап бара алар ма екенсіндер!

Ұранға айналатын екінші ойды ишан анғартты:

— Жамағат!— деді ишан оң қолын жоғары көтеріп, ортаңғы саусағына іліп алған қара маржан таспық күнге шағылысып жыланның көзіндей жылтылдап қояды. Көзіңді тартады өзіне қарай, арбайды. Көңілің ауады, тындайсын.— Жамағат! һамма мүбтала болған дін мұсылман Қияфр патшасының құламағын һәр дұғаның ақырында жалбарынар еді. Аллатағала ахыры қабұл еткәндур... Жамағат! Сабыр, һәм елтифат! Сабыр, һәм елтифат!..

Ендігі бір мезгіл ұраны осы елтифаттан туар-ақ. Ернін жыбырлатып, сақалын сипағанымен патшаны құлата салған әулиелер казанның бір құлағына қалай жармаспай қалмақ!?

Кенжеғара жолдастарына кетейік деген белгі берді де

бұлар жүріп кетті. Ендігі арман елге тезірек жету ғой, бұлар күн-түн демей, кездескен көлікпен ілгері қарай жылжи берді. Семейден ұзай берді десек, Қаркаралыға жақындай бергендік өзінен өзі түсінікті ғой...

Кең далада шашыранды-бытыранды болып отыратын қазақ ауылдарында патшаның құлағанынша той жасап мейрамдап жатқандық байқалмайды. Сенің өткен жазда қанша шөп шапқанынды, қора-қопсынды қалай бүтіндегеніңді түгел сұрап есеп алатын март айы ойын-тойды көтермепті.

Семейден шыққаннан бері алты күн өткеннен кейін біздің жолаушыларға бір есте қаларлық оқиға кездесті. Күн кешкіріп келе жатқан. Қаркаралыға төрт бекеттік жер қалғанда қазақ бекетшінің үйінде шай ішіп отырған екі адам кездесті. Біреуі мосқалдау, біреуі жас бекетші жаңа келгендерді де шайға шақырды. Оның үстіне — буантүйгендерің бар екен, ылғайым нандарың да болғай ақты,— деді.

Үй иесі ашық жүз көрсеткен соң Кенжеғара да қалжыңдай жауап қайырды:

— Қысылманыз, шайыңнан басқаңа ортақ болмаспыз,— деді.

Бұрын отырғандардың жастауы төмен сырғып Жабай мен Кенжеғараға орын берді.

— Шайыңыз болмаса шай да бар,— деп Нартай әйелге сегіздің бірі («асмөшке») кірпіш шай ұсынды.

— О, бәрекелді! Қатын, суыннан басқа шығының болмас сірә!

— Құдайдың берген қары жетер, судың несін шығын көреміз.— Әйел де көңілді жүз көрсеткісі келетінін байқатты.

— Буған-түйгендердің ішінен Сібірдің ақ бұлкасын суырып алып — қатып қалыпты,— деді Әлішер.— Тастай!

— Ойбай, қатын, қор қылма мына нанды, пешке қойып жылыт, шайды қайта қой! Ай жарық, Бекбай бекетіне түн ортасына дейін жеткізіп салам.

— Онда мынаны да жылыта қойыңызшы,— Нартай пісіріп қатырған семіз қазыны суырып алды.

Үй иесі көңілділігінің үстіне көңілдене түсіп:

— Ойбой, қатын, мана саған иегім қышып отыр деп пе едім? Міне сол айтқаным келді!— деді.

— Қойшы, жоқты айтпай...

— Ойбай-ау, май жемейтін болсаң иегің қышитын ба еді!

Шай қайта қойылатын болған соң қонақтар шегіне-ше-

гіне көп отырысып, амандық айтысуға көшті. Ел-жұрттарың аман ба? Мал-жан есен бе? Ит-құс қалай болып тұр? Қыстан қалай шығатын жайларың бар? Бала-шағаларыңда ауру-сырқау жоқ па? Қәрі-құртаңнан шығындарың көп емес пе? Жылқы тебінмен шыға алатын ба қыстан? Солтүстік жақтың қысы ауыр деп естиміз, шығыс жағымыздың қысы қалай екен? Е, бәрекелді...

— Ал енді жолдарың болсын! Буынып-түйініп қай жақтан келесіндер? Қай жаққа кетіп барасындар? Патша құлаған тойға, бара жатыр ма дейін десем жаяусындар. Лаулатып келесіндер. Патша құлаған тойға баратындар, Семейге қарай өтіп жатыр еді. Сендер сол Семей жақтан келесіндер... Бұл қалай деп түсіне алмай отырмыз. Киімдерің жұпыны, азық-түліктерің өздерінде, не қылған адамсындар? Орыс болмаса қазақ қап арқалап жүрмейтін еді ғой? Өздерің қай ел боласындар? Жол шеті Қаркаралы болар?

Екі еседен көрі қысқартып айтқанда амандық айтысумен жол болсын айтысу тақырыптары осымен шектелді деуге болатын еді.

Кенжеғара қысқарақ болғанымен түсінікті жауап қайырды:

— Жол шеті Қаркаралы емес Қарағанды. Көмірші жұмыскерлерміз. Қысымыз, өзіміз ауыр екен деп отырған Қызылжарда өтті. Елімізге патша құлағаннан кейін оралып келеміз...

— Апырау, Қызылжарға жайдан жай барып қыстап жүрсіндер ме? Әлде саудамен барып қыстап қалдындар ма?— деді ақ көңіл, асығыстау адам үй иесі. Әйелі самауырды ауыз үйге әкетуге көтеріп алды да қалт тұрып қалды. Әйелдің сезімтал ойына бір үрпиіс кіре қалғаны көздерінен көріне қалыпты.

— Жоқ, саудамен барып қыстап қалғанымыз жоқ, ағылшындармен алысып жүріп айдалып кеттік. Жеті айдай түрмеде отырып босанып келеміз.

— Құдай-ай, астамшылығым болса кешіре көр!— деп бекетшінің бұрынғы отырған қонағы оң қолымен кеудесін басты.— Кешіре көр, кешіре көр!..

— Ау, отағасы, сізге не болды, Жаке?— деп үй иесі абыр-сабыр болып қалды.

Жәке деген москалдау адам әлі де оң қолы кеудесінде Кенжеғараға бұрылып — жарқыным-ай, танып отырмын десем кеудем-соқтық болама деп, шырамытып отырмын десем мойнымдағы парыз — қарызымды өтегім келмегендік бола ма деп қысылып отырмын. Қалай деп ойласаң да

өзің біл, сен осы еліміздің маңдайына сызылып жүрген Кенжеғара азамат емеспісің?— деді.

— Тым болмаса шырамыта алмағанымға мен де қысылып қалдым. Мен сол Кенжеғарамын. Өзіңіз кім боласыз?

— Мен сорлы Айғанша шешеннің туған інісі Жантаспын...

Амандасулар қайтадан басталып, ауыр-жеңіл оқиғаларға соғып, сонғы, жылдарды өрлеп барып Игіліктің жаназасына тіреліп саябырлады. Иә, ол жаназада баласыз әйел Айғанша әртүрлі қиянат-жәбір көрген. Игіліктің тоң мойын балалары бұл кісіні қанғыртып жіберуге бет алған. Кейін Игілік байдың өз қолынан баласыз әйелге берілген еншісін сол бұзақылар талап алуға айналған. Осы екі кезеңде де Кенжеғара жесір қалған баласыз әйелді аянбай жақтаған еді. Екі жағдайдың екеуінде де Жантас оқиғаның басы-қасында болған екен. Сол күндерді жылай отырып ұзақ еске алды. Иә, Кенжеғара өткен күндерге қайта үңіліп артқа қараса әйел үшін ең қорлық күндері болған екен.

— Ал енді Кенжеғара күнім, осы арадан он бес шақырым бұрысырақ жерде Айғанша шешеннің қыстауы тұр, шешеңе соқпай кете алмассың деймін. Қартайып отырған шешеннің көңілінде жусаң кетпес қайғы қалмасын десең, бүгін сол үйде болыңдар.

Кенжеғара қалай етеміз дегендей Жабайдан бастап жолдастарына түгел қарап еді, Жантас тағы сөйлеп кетті:

— Айғанша шешең сені аузынан тастамайды. Сені бір көрмей өлгісі келмей отыр десе де болады. Асығыс екендеріңді түсінемін. Қайта асығыс болсандар біздің ауылға соға жүріңдер. Шешеңнің үйіне бір қонып аттансаң, лаумен үш күнде жететін Қаркаралыға біз бір-ақ күнде жеткізіп саламыз. Аяқтарына жығылып, жалынып сұраймын, жүріңдер,— деді.

Кенжеғара бұл жолы Жабайға ғана қарап еді, ол басын изеді.

— Жарайды,— деді Кенжеғара.

Ауыз үйден жайрандай көрініп бекетшінің әйелі қайнап қалған самауырды көтеріп әкеле жатып:

— Жаке, қонақтармен бірге мен де барамын. Апамның қалай қуанғанын көремін,— деді.

— Ау, сен күйеуің бар адам емеспісің, әуелі Біркеден лұқсат сұрасайшы.

— Мен барған жерден Бірке де қалмайды. Неге қалмайтынымды айтайын ба? Мен мына ағаларға апамның үйінен Қарағандыға дейін жететін азық пісіріп салып беремін. Дұрыс қой, Біркетай?

Ойбай-ау, сенде қате бола ма?

Әне, естідің ғой, Жаке?

Жакең Кенжеғарағa қарап:

Бұл менің інімнің қызы. Ауылымыздың еркесі еді. Мен де жолым жақындаса осы үйге соға жүремін,— деді.

Шай аяқтала бере үй иесі әйел тағы бір мінез көрсетті:

— Азық-түліктеріңді осында қалдырасыңдар, неше күннен бері бір жылы, бір суыққа ұрынып жүрген азық ас болмайды. Мына асмошқа шайды ешкімге бермеймін. Ақ орамалға орап сандыққа салып қоям. Кім біледі, жолдарың түсіп осы жаққа бірің болмаса бірің келе қалсандар өздеріне қайнатып берем.

Еркелей сөйлеу әйелдің ең қол жетпес жоғарғы қасиеті. Оны істей алмаған әйел де қор, онысына түсіне алмаған еркек те қор. Жас жұмыскерлер арасында осы қасиет те туып келеді, түсіну де туып келеді. Нартай мен Нұрила, Әлішер мен Жания, Қарысбек пен Тұрысбектің семьялары бәрі де осылай ғой. Бірке мен Баян да солардың бірі екен. Кенжеғара мұны да көніл түбіне бір түйіп қойды. Қай халықтың болса да алға басар: өсер жолында қандай қабілеті табиғи тиянақты болса сонысына сүйене тәрбиелеу ұтымды болу керек.

Нартай азық салған қапшықтың аузын байлады да әйелдің қасына апарып қойып:

— Семей мен Қарқаралының арасында бір Баян сұлуды көрдім деп жүрейін, өзіннің атың кім?— деп сұрады.

— Сұлулығымның қайда қалғанын білмеймін, Баяны өзімде қалыпты. Атым Баян.

— Қап, атыңды менен бұрын-ақ тауып қойғандарын қарашы...— деді Нартай.

Шайға көп айналмай Жакең қонақтарды алып жүріп кетті. Кейінгі Біркенің шанасында оның әйелі мен Нартай, Әлішер үшеуі еді. Жакең атын тежеп оларды алға шығарды:

— Ақылы жоқ-ау, бізден бұрын барып Айғанша апаңнан сүйінші алмайсың ба!

Баян да Біркені арқасынан нұқып қалды:— Айда!

Бірке аттарын қаттырақ айдап кетті де ұзай берді. Жантас ақсақал атшыны иығынан қағып төменкіреп қойды да өз жайларын айта бастады:

— Біздің ата мекеніміз бұл жақта емес, Қарқаралы мен Қарағандының арасында солтүстыққа қарай бір мүйіс тұратын. Сол маңайдан не тапқандарын қайдан білейін, әйтеуір ол жеріміз қазынаға кетті де біз осы жаққа көшіп келдік. Кәдуілгідей жер кестіріп алдық. Айғанша апамыз

мұны да Кенжеғара балам осылай істеткен деп қояды. Шешен әзір пысық, өзі алпыс жетідемін деуші еді, біз алпыс үштесің деп көндіріп қойдық. Көп қарсыласқан жоқ, көнді. Балғын бәйбіше болып ерте отырып қалған адам емес қой, әлі тың. Кейде жалғызсырап қалса бәрімізді бір тарынын қауызына сиғызады. Біз ол кісіге бірауыз қарсылық айта алмаймыз. Сен бір қала жұмыскерлерді асырап адам қылсаң, ол кісі де бір ауыл ағайындарын талай рет аштықтан аман алып қалды. Қарызым демей алдына мал салып берді... Өз ойынша мұнысы да Кенжеғара баласынан үйренгені.

Жақең әңгімесін соза берді, Кенжеғара өз ойымен отырды... Менің байлардың мойнында кеткен жалшылардың жал ақысын алып бергенім Айғанша шешеміздің бір ауыл туған туысқандарына мал бөліп бергенімен бір мағынада бағаланады екен-ау!.. Оқасы жоқ, ұзамай ол жік ашылады әлі. Жабай-ағаң олай түсінген емес. Мәселе тізгіні Жабай-ағандарда!

Жабай-аға мен Кенжеғараны Айғанша шешей қалаша жинастырған бөлмеде қарсы алды. Жан-тәнімен қуаныпты. Жылап жіберіп әрең тыйлды. Қарағым-ай, панам-ай!.. Сенен басқа бір адамнан шешем деген сөзді естідім бе екен!.. Сені құшақтағанда жан-жүрегім сен баласыз да емессің, панасыз да емессің деп тұр...

Айғанша Жабайды да құшақтап тұрып көрісті. Қайтейін, қарағым. Игіліктің үйінде отырған адам сенің алдында күнәсізбін дей алар ма екен. Ең болмаса өстіп білгеніне, үндей алмағанына күнәлі ғой. Кешіре көр, Жабай, күнәмді тартқыз, кешіре көр бірақ...

Айғанша өзі ас столының төр жақ басына барып отырды да Жабай мен Кенжеғараға екі жағынан орын нұсқады. Басқалар да қазақы тәртіппен өз орнын тауып отырып жатыр. Бұл үйде де барлық жұмысты Баян басқарып кетіпті. Бірке оның жәрдемшісі сияқты:

— Қонақтардың қолдарына су құй!

— Қонақтардың етін өзің тура.

— Ана соқыр шалдың қас-қабағына қарай отыр.

Бірке де бас білетін онтайлы жігіт екен, берілген бұйрықтарды бұлтартпай орындап жүр.

Қазақ сағынышын да, құрметін де, сыйластығын да мол жайылған дастарқанымен, түр-түрімен берілген тамағымен, әсіресе алдына тартқан етімен көрсетеді. Одан кейінгі шайымен көрсетеді. Бұл үйде қонағасылық жағынан қайдан мін болсын, сыйлаудың тұздығы да, дәмділігі де жетіп жатыр.

Ш[illegible]ла бергенде үш-төрт қыз балалар, бір-екі [illegible]тер келіп өлең айтып көңіл көтерді, көшпелі ел-[illegible]ің-күйлері де елден елге көшіп те — тарайды. Көк-[illegible]. Акмола әндері Тәттімбеттің күйлеріне жалғаса ойнырғы түрінде өзгермей шығып жатыр. Қыздар оңаша қосылып салған әндері де, жігіттермен қосылып салған әндері де жат естілмейді.

— Абай, Абай!— деп қалды Бірке.— Екі жас сұлу оңашаланып, түстеріне де жабырқау өң беріп Татьянаның мұңды әніне салды:

— Тәнірім қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала емес пе ем,
Аямастай нетіп ем?
Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің ылағы.
Тірі қалдым өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың...
Өз қораның қақпасын сен
Қатты жаптың не айтайын?
Жат қораның қақпасын мен
Жастанамын қайтейін...

Қазақ қыздарында екінің бірі сүйгеніне қосыла алмайды. Себеп әртүрлі, жемісі біреу-ақ: қайғы-мұң. Сондықтан, Абайдың өз өлеңдері мен өз әндерінен гөрі —«Татьянаның әні» көбірек тарап кетті. Бір қызығы Абайдың өлені, Абайдың әні аталып тарап жүр. Жаңа ғана Бірке —«Абай, Абай» дегені де сондықтан.

Кей жерлерде өлеңнің бас жағынан санағанда төртінші жолын «Аямаска бекіп ең» деп айтады. Кеңжеғараға ой өрістеу логикасымен қарағанда «Аямастай нетіп ем?» дұрысырақ көрінді. Іштей осылай ойлады да үндеген жоқ.

Таңертең төбесі жабық кең қашаваға үш пар ат қатар жегіліп тұр екен. Қашаваның артында тағы бір ерттеулі ат жетектеулі тұр. Бұл жайды түзге шыққанда қонақтар түгел көрді.

— Шіркін-ай, мына шанаға Нұрила мен Жанияны отырғызып алып Ақбұйратқа бір барып қайтар ма еді!— деді Нартай.

— Анар апай да болсын,— деді Әлішер.

— Жоқ! Кемпір-сампыр жараспайды мынау үш пар атқа.

— Мені де алмаймысын?

— Жарайды. Сен ана салт атқа міне гөй!

Шай үстінде жегулі тұрған аттардың жайлары да анықталды. Айғанша апай Жабайға қарап:

— Қонақтарымның үлкені Жабай қарағым сенсің. Сөзімді аяқсыз қалдырмассың. Сыйлығым бар, айыбым бар, төртеуіне төрт ат сыйлық бергім келеді. Мырзалығым емес. Алжыған кемпірдің атақ құмарлығы деп ойламандар. Бауырмалдығы деңдер... Қарақтарым-ау, туған ауылыңда отырып та жалғызсырайды екенсің. Бірің шешем деп, бірің апам деп әйтеуір бүйрегің бұрып келгенде, ақ шашымнан басқаның бәрін сендердің алдарыңа салып айдатып жібергім келді. Бауырларым: мен бір нағыз бауырлары сендердің ауылдарың жақта қалған сорлымын, бауырларым! Көпей қайда, Назыкеш қайда, еш-шай дессіп көрмеген Наргөз қайда, еркектің арыстаны Бұланбай қайда? Бәрі-бәрі сол жақта қалды ғой. Сол жақта, сол жақта... Тым болмаса бір бала әже деп көрмеген сорлымын, бауырларым... Кемпір егіліп-төгіліп жылап алды. Содан кейін тағы да сөзін жалғастырды:

— Аттар есік алдында жегулі тұрған шығар. Не үн шығармай шанаға мініп жүре беріңдер. Аман қайтқан тойларыңа қосканым. Не төртеуін де жегулі күйін де құрмалдыққа шалып кетіңдер!..

Ағыл да тегіл жан жүрегін жұлып алып алдына жайып салып отырған карт әйелді енді сөйлете беру әрі обал, әрі ұят көрінді Жабайға. Нартай мен Әлішер жылауға жақын отырған. Жабай шеше бола алмай қалған шешенің оң қолын екі алақанымен қысып отырып,— апа!— деді.

— Сіз баласыз, мен шешесіз болған адамдармыз ғой. Әр сөзің көкірегіме өз шешемнің дауысын естігендей құйылып отыр. Алпысқа таянғанда шешенді сағынып кеткендей болғаның ұят-ақ шығар... Сөйтседе бір ауыз сөзіңе қарсылық айта алмасақ керек. Енді сөйлесең бәрімізді жылататын түрің бар. Міне, қолым! Сүрт көз жасыңды. Бар сыйлығыңды алдық. Өзің майдың отыз бірі күні тойымызға кел!— деді.

Осымен келелі сөздер аяқталып, амандасу-қоштасулардан кейін қонақтар аттанып кетті.

— Мен енді ауылға дейін шанаға мінбеймін,— деді Нартай,— Жабай ағам лұқсат етсе салт жүріп отырамын.

— Е, міне ғой.

— Немене, қара бестіге қызығып кеттің бе? Осы бастан иемдене бергін келеді, ә?— деді Әлішер.

— Қызғанып кеттің бе, әй? Шын қызғансаң, сен міне қойшы.

— Жоқ, ауылға дейін түгіл Қарқаралыға дейін салт жүруге шыдай алмай маған «аға!» деп жалынатын боласың. Аясам сонда ойланармын.

[illegible] шыдадым!

Мойындағы аттары еркектің тақымын, жегін аттары атшының сағынып тұрады. Өгізде ол мінез жоқ. Үш қара қайқаларын билей басып, ортадағысы басын шұлғи тастап Семей-Қаркаралы арасындағы күрең жолға қарай жұлына жөнелді. Қаркаралыға дейін шығарып салып қайтуға берген сол ауылдың жігіті де атпаз болу керек, аттарды «һайт!»— деп қалып қыздырады да делбені тартынқырап қояды.

Ауылдан шыққалы ет пісірім уақыт өткенде үш қара алдағы бірінші бекетке аялдамастан ағып өте шықты. Тағы бір сүт пісірім және ет пісірім уақыт өте бергенде елу шақырым жердегі екінші бекетке жетіп тоқталды. Шанадағылар көніл көтеріңкі ойнап-күліп жатыр да салт келген Нартай атынан түсе бере ерінің үстіне етпетінен көлденең сұлап жатып — ит-ау, жақындасаңшы... өлдім ғой,— деді Әлішерге.

— Ойбой, елге дейін салт жүретін еркегім-ай!— Әлішер оны аттан түсіріп, арқалап алып бекеттің үйіне кіргізіп пештің қасына сұлата салды. Шошынып қалғандай болған бекетшінің әйеліне — қорықпаңыз, тірі,— деді.— Әзір тірі.

Әйел үн-түнсіз қозғалып барып Нартайдың басының астына қызыл-ала жастық салды.

— Енді қозғалмай жата бер,— деді Әлішер.— Үш күннен кейін өзім келіп алып кетемін.

— Ойбай, келім-кетім төрелер бар... Бұл үйде ауру адам жатуға болмайды.

— Төрелер қонырауменжүрмей ме? Қонырау шылдырлағанда шошалаға шығарып тастай салсаң болды, жата береді.

— Жоқ, жоқ, шырағым, қазір әкет, қазір...

Нартай жастықтан басын көтеріп алып әйелге — бұл иттің былшылын қайтесің, самаурынынды тезірек қайнатшы,— деді де санын ыскылап тұра келді. Әйелдің езуі сылп етіп қалды.

Қонақтар үйге кіріп келген беттерінде шешіне салып қолдарын жуып өздерінің дастарханларын жая бастады. Өз тамақтарын турап жей бастады. Төре де емес, тап тайқы мандай қара да емес, қалжыңдасып сөйлесетін қызық адамдар екен.

— Нартай, қалайсың? Тамаққа жайың бар ма?— дейді Әлішер.

— Жай қайдан болсын!— деп Нартай ақырын басып

келді де қазы-карта, жал-жая деген сияқты қазақ баласының аузына бұрын түсетін тамақ біткенінің алтындарын алақанына толтыра салып алды да теріс қарап тұрып шайнай бастады.

— Алақанына болайын күректей!— деп Жабай оған мақтау айтты.

— Алақан ба, әлде түйенің табанынан қалған бірдеме ме, оны жасаған құдайдың өзі-ақ білетін шығар,— деді Әлішер.

Бұл бекеттен жөнелерде салт атқа атшыны мінгізуге тура келді. Енді Қаркаралыға дейін тоқталмай жүретін болған соң салт жүруге атшыдан басқа ешкім тәуекел ете алмады. Жегілген аттардың делбелерін Жабай мен Кенжеғара өз қолдарына алды.

— Заман түзелуге бет алды ғой,— деді Нартай тыныш отыра алмай,— патшалар құлай бастады. Күні кешегі болыстар қара жұмыскердің көшірі бола бастады.

— Шыдай тұрыңыздар әзір... Шыдай біліңдер!— деді Кенжеғара — үлкен мейрамдар алда!

Семейден Қаркаралыға дейін созылған күрең жол айнадай жалтырайды. Күн суық болғанымен тыныш. Таза салқын ауаны кеудеңе сыйғанша жұта бер, жұта бер! Киген киімдерің, сақал, мұртың түгел таза ауаға толып келеді. Осы қалпыңмен екі ерлі-байлы жұмыскерлер тұратын бараққа кіріп барсаң барактың күлімсі иісі бір тазарып қалар еді.

Түрмеде бұл ауаны сағынбаған кім бар еді! Төбесінен тамған суық тамшыны, азаптың ең ауырын беретін тамшыны кімнің ніскеп қалғысы келеді. Мұрынның да есі болса керек: карцерде отырғанда Кенжеғараның мұрнына ақ қайың талының иісі де келетін еді. Әттең, жайшылықта кең даланың таза ауасы, дертке дауа-дәру ауасы ойына да кіріп шықпайды екен-ау!.. Кім оны байлық көрген, ауадан жұтармыз деп кім ойлаған!

Қасқыр-шоқақтан аумай сыдыртып атшы оқ бойы алда кетіп барады. Бабында жүрген жылқы баласы алда бұлаңдаған қараны ұнатпайды, озуға ұмтылады. Ортаңғы ат делбені соза тартып «жібер де жібер!» деп келеді. Әсіресе кешке қарай жылқы баласының бір есіліп кететін кезі. Жал-құйрық желмен ойнай толқындап, жарау аттар қыпша белденіп, дөңгелек санданып қызға ұқсап кететіні де осы кез. Қаркаралыға кештетіп жетерміз деген жолаушылар күн батпай Қаркаралы бекетінің алдына келіп тоқтады.

— Күннен де озып келдік-ау!— деді Нартай.

— Салт ат мінген сен болсаң осы уақытта қай жерге келе жатар едік?— деп Әлішер оны шағып алды.

— Оттамашы, әй!

Жолаушылар шанадан түсе бергенде-ақ Шаяхмет пайда бола кетіп асығыс сәлемдесті де — шанаға мініңіздер қала қауыпты!— деп делбені қолына алды.— Менің түскен бәтеріме барамыз. Ас пісіп, шай қайнап тұр. Үй іштері, ауыл-аймақ түгел аман. Бәрі де екі көзі төрт болып, сіздер келетін жолды күзетіп отыр.

Жол бойы Шаяхмет үзіп-үзіп қала жайларын айтып келді:— қала бастықтары қашып кетті. Қала қауыпты. солдаттан қайтқан жастар көп... Қалада қару мұндай көп болар ма? Кез келгеннің атын тартып алады. Қалтасын қағады.

Шаяхмет қаланың солтүстік шетіндегі бір үйге тоқтаған екен. Қазақ үйлері қай қаланың болсын шет жағында болады. Бұл үй де сондай шетіректе болып шықты.

Үй иесі тым үрейленіп алған екен. Әрең-әрең екі ауыз амандықтан кейін — қолдарынды жуындар,— деді де,— Жамал-ай, ет пен шайынды бірге бер. Төртеу емес, бес кісі болдыңдар ғой?

— Ие, бесеуге санаңыз,— Шаяхмет шығып кетті.

Жолаушылар онша саспай тамақтанып жатыр. Күн бойы ен даланың кіршіксіз тыныштығы әлі бойдан кете қойған жоқты. Үй иесінің дегбірсіз әбігерлігі ғана ішкенінді ірің, жегенінді желімге айналдырып берекені алып барады.

— Қалада бір бастық қалған жоқ. Урадник, полисейлерге дейін кетті бет-бетімен қашып. Естіп отырсыңдар ма, әне шықты көшеге сырнайлатып, бәрі бұзық. Көрінгенді тонайды. Кіріп келеді де Егордың лапкесінен үш шетверт арақ әкел деп өз үйіннен өзінді желкелеп шығарады. Шетверт деген жеті сом жиырма төрт тиын... Сонсын бар ғой... жарайды айтпай-ақ қояйын... Қатынынды айналдырады. Бүгін түннен қалмай қырға көшейін деп отырмын.

Тамақтан кейін Қенжеғара атшы жігітке — сен қалай ауылыңа жетер екенсің?— деді.

— Мен бе? Мені қасқыр жей алмайды. Үлкен жолда жүргінші көп... жетемін.

— Сен олай етпе. Ана салт атқа мін де жүре бер.

— Ойбай, онда Айғанша апайым сол атты жетелетіп мені Қарағандыға айдайды.

Шаяхмет үйге кіріп қазір қаладан шығып кету керектігін айтты. Мастар әр көшеден сырнайлатып шыға бастады. Сіздің аттар қызықтырмай қоймайды. Жүрейік, он шақы-

рым жерде кеше мен конып аттанған бір жақсы үй бар. Сонда жетіп қоналық. Енді Қарағандыға дейін бәрі бір ел аралай дала жолымен жүреміз...

— Сол дұрыс болар...— деді Жабай-аға.— Шортан ауынан құтылып, шорағай қармағына ілініп қалсақ ұят та...

Жолаушылар киініп далаға шыққанда Шаяхметтің пар аты да жегулі тұр екен.

— Мына үш аттың делбесін мен ұстайын, сен екеуің менің шанама не болындар. Мен қандай бұзақылар кездессе де жарып өтем. Сендер де соны істеңдер! деп Шаяхмет Нартай мен Әлішерге ақыл үйретіп тұр.— Бір аттам кейін қалмандар! Үш пар аттың екпініне ешкім шыдамайды. Бишіктерің ысқырып отырсын!

Қала тентектері жолаушыларға кездескен жоқ. Шаяхметтің конып шыққан үйіне жеткенде әлі қызылы басылмаған інір еді. Қызуы басылмаған аттар сол үйдің қақпасына кеуделерімен тіреле тоқтады.

Үй иесі — аты Тайжан, орта шаруалы адам еді, жолаушыларды әйелімен екеуі бірдей жүгіріп шығып қарсы алды.

— Мына үлкен кісі Жабай-аға шығар,— деп Тайжан екі қолын бірдей ұсынды.

— Шаяхмет бауырым-ау, күні бойы екі көзіміз жолда болды ғой. Күткен адамдарын аман-есен түгел келді ме?— деп Тайжанның әйелі де үйірсектік көрсетіп жатыр. Есейіп қалған екі ер бала аттарды ағытып,— аз уақыт суыта тұратын ықтасыны бар «жарты төбені» көрсетіп жүр:

— Отқа қоятын уақытты өзің айт, Шаяхмет-аға! Сусекке шөп салып қойдық, сіздің ел сусек дей ме, оттық дей ме? Сұлыны түнде бересің бе, таңертең бересің бе?

— Ойпырым-ай, мына қара аттар бәрі бір биенің баласы ма?

— Бір күнде жүз шақырым жүріп келді деймісің, аға?

— Шеткі екі каранын құлақ түптері терлемепті де.

— Сен осы он беске келгенше тұк білмейтінін не? Аттың құлағы болдырғанда ғана терлейді.

— Пах! Пах! Сен де айттың!

Үйге кіре бере Жабайдың жалғыз көзі әлде бірдемені шалып қалған екен — өзің сірә ұстасың ғой?— деді.

— Сондай бір ермегім бар, ағасы. Осы маңайдағы үш-төрт ауылдың соқасы мен боранасын, машинасы мен тырмасын, балтасы мен кетпені менің мойнымда.

— Төсің кішірек, балған жеңілірек емес пе?

— Ойбай бұл қыз-келіншекке сақина, сырға, шолпы соғып беретін кішкене дүкен. Үлкен дүкені далада шоша-

ласынла түр,— деп әйелі азырақ мақтаныш көрсете сөйледі.

Қонақтар жайласып болған соң үй иесі Жабайдың өзіне сұрау берді:

— Тегі өзіңіз де ұста емессіз бе?

Кенжеғара Жабайдың кім екенін таныстырды.

Тар үйлері кең көрініп кететін, азғана тамағы мол көрініп кететін, бір ерлі-зайыпты адамдар болады. Мұндай үйде қонақпын деп отыруға өзің ұяласың. Бүгін жолаушылар сондай үйге кездескен екен. Оның үстіне Кенжеғарада қазақ қоғамы жайында өзіндік бір ойлары болушы еді. Тайжан сияқты орта-шаруалы үй іштерін көргенде сол ойлары жандана түсті.

Қазақ байларының қоғамын Кенжеғара іштей тірі өлікке санайды. Бұларда ешбір тарихи болашақ жоқ. Не толық феодализмге жете алмай, не капитализмге жанаса алмай құр қарны қампиған күйінде қылжия кеткелі келеді. Тарих арбасынан онын қалай түсіп қалғанын ешкім жоқтамайды. Әсіресе қазақ елі жоқтамайды. Қазақ байларының үй орнында күл қалады. Ұзамай ол да ұшып кетеді.

— Қырық мың жылқы түссе де лайланбайтын.

Ниязды Аюлы мен Қаракөлі...— деп салатын ән бар.

Қаракөл әлі орнында, ән де ел аузында, Нияз қайда? Қазақтың басқа байлары із қалдырмай қалай жоғалып кетсе ол да солай жоғалады. Бітті. Қайда да күл қалды. Күлдің аты — күл, ұзамай ол да ұшып кетті.

Кенжеғара қазақтың орта шаруалы қауымын жақсы көреді. Оның ойынша бұлар ру басы жарым-жарты феодалдарға бағынбай, қандай жолмен болса да жырылып шығып өз алдына ауыл болып отырғандар. Дала феодалы деген өз алдына жері бар адам емес, ұлылы-кішілі ру бастығы. Россияға қараған төрт облыстың төртеуінде де жер жеке адамның меншігінде емес, ру меншігінде. Әрине, ру басылары жердің шұрайлы жағын жұртқа беріп, ең құнарсызын өзіне қалдырмайды. Қазақтың орта шаруа деп аталатын тобы қай жерде де көбінесе сол ру басылардың қорлық-зорлығын бұзып-жарып шығып бөлініп кеткен, адамгершілік ынта-жігері бар күшті адамдар. Бұлар енді ру басшыларына пысқырмайды да. Өз болашағын өзі ойлауға жетіп келе жатқан дала шаруалары. Бұлар адамға адам құрметін ақысыз-бұлсыз, парыз-қарызсыз көрсете алады. Сенен де соны тілейді. Тегінде қазақ деген дала жұртының барлық ақыл-ой, сана-сезім, жан-тәні сияқты, сұлулығы, жабайылығы, анайылығы бәрі осы орташаның бойында таза күйінде табылады. Хан-сұлтандар манайы-

нан, болыс-билер айналасынан ұзай алмаған патша чиновниктері дұрысына келгенде қазақ халқын әлі көрген жоқ, білген емес.

Өз үйлерінен кеткелі айлар өткен адамдарға Тайжан үйіне бір түнеп аттанғандары көңілге тұрып қалған барлық жәбір-жапаны жуып жібергендей болды. Нағыз елді өз рухы, өз жарасымы, кең даладай мырза көңілділігі жолаушылар өз үйлеріне жеткенше әлсіремей келіп өз ауылдарындағы үлкен шат-шадыманға жалғасып кетті.

Алдымен құнан-тайларына жайдақ мінген үш бала шауып келеді: Кенжеғараның баласы Баттал, Нартайдың баласы Рүстем, Әлішердің баласы Зарап. Шешелері үйретіп жіберген болу керек, жақындай беріп түсе қалып тізгіндерін мойындарына түріп жаялықтан бір-бір қағып қалып еді, тай-құнандар ойнақтап ауылға қарай бір-ақ тартты.

Жолаушылар да балаларды шанадан түсіп қарсы алды. Балалар тағы да сол шешелерінің үйретуі бойынша әуелі жапырлап Жабай-ағаға сәлем беріп, өз әкелеріне ең соңынан келіп жапсырылып жатыр. Балалар әке құшағына шанаға мінген соң ғана ауылдың жаңалықтарын айта бастады:

— Назыкеш әжем — бәрі де біздің үйге келіп түссін,— деді. Сарбас ақ қойды кеше сойғызып алған.

— Апам маған әкең екеуінде де ақыл жоқ деп ұрсады.— деді Нартайдың баласы Рүстем.

— Неге ұрсады? Сен немене сабақты жаман оқып жүрмісің?

— Жоқ, жақсы оқимын. Өзің апама жұмысқа кірме депсің ғой? Соған ұрсады.

— Немене, осы күні жұмыс істеп жүр ме?

— Иә. Жания апам екеуі де көмірге түсті. Жабай атамның Қарағандыдағы ескі үйінде тұрады. Үйге бір-екі күнге келеді де кетіп қалады. Бүгін үйде...

Баланың әңгімесін естіп отырғандар бір-бір күрсініп қойды: ауыл жайы жеңіл емес екен-ау...

— Зарап екеуміз сіздің үйде тұрамыз, Жабай-ата,— деді Рүстем.

— Ажар мен Айман Анар апайымның үйінде... Баттал үшеуі бірге ойнайды. Анар апамның ала сиыры бұзаулаған,— деп Әлішердің баласы Зарап екі ауыз сөз қосты.— Басқа үйде сүт жоқ.

Жолаушылар ауылға таяп қалған кезде кішкентай-кішкентай үш қыз баланы ит-шанаға салып сүйреп Анар алдарынан шықты. Аузы ғана әрең жыбырлап екі қыз баланы Нартай мен Әлішерге тапсырып беттерінен сүйді де өзі де

әлгі балаларша Кенжеғараға ең соңынан амандасты. Қызын Кенжеғараға ұстата беріп суықтан қызарған жүзін ерінін бетіне басты. Көзіне қарады. Бет-аузын бір шолып өтті, ақырын ғана езу тартты. Қазақ дәстүрінде жеті ай түгіл жеті жыл жүріп оралсаң да әйелінмен сүйісу жоқ, ол түнгі шаруа деп саналады. Көздерің түйісті, езулерің жымиысты. Болды сонымен.

Мана ауылға бес-алты шақырым қалғанда Шаяхмет қара бестіге мініп алып ауылдан сүйінші сұрауға шауып кеткен. Шаяхметтен хабар алғалы киініп әзірлене бастаған ауылдың барлық жаны Жабай үйінің есік алдында екен. Соңғы он жылдың ішінде бұл ауылдың жасы жеткен карттары қайтыс болып, ендігі үлкені Жабай болып қалып еді, соңында шұбырған екі-үш баласы бар жастар көбейіпті.

Кенжеғара жиналған жұртқа есен-саулық айтып ризалық білдіріп, ертең кешкі сағат алтыға мектепке жиналуларын өтінді. Жұрт ақырындап тарады. Жолаушылар үйге кірді.

Әкелер балаларын иіскеп, балалар әкелерін иіскеп сағыныш мауқы, қуаныш қызығы басыла келе түрмеден қайтқан жұмыскерлер үйлеріне жүдеушілік кіргенін көре бастады. Жабайдың әйелі Назыкеш пен Кенжеғараның әйелі Анар тұрмыс қысымшылығымен тістеніп алып үн шығармай алысып келген сияқты. Нартай мен Әлішердің әйелдері — Нұрила мен Жания — ауырлықты елемеген болып ойнай-күле жүре алысыпты.

— Осы екеуінің ойнап-күліп жүретіндері жақсы болды. Ең болмаса балаларды күлдіреді. Балалар күлсе бізде күлеміз,— дейді Назыкеш. Бес күн шахтада жүреді. Екі күнге үйге келіп отын-суымызды тасып, кірімізді жуып беріп кетеді.

— Байларымыз келді. Енді үйде жататын шығармын!— дейді Нұрила.

— Бір он күнге шыдай тұрыңдар! Бәрін де орнына келтіреміз. Сонда үйде отыратын боласыңдар,— деп Нартай оны қалжыңға тартқысы келеді.

— Жоқ,— дейді Жания — сендердей сенімсіз байларға сеніп үйде отырамыз ба?

— Кенже-ағаңа да сенбеймісің?

— Кенже-ағаң түгіл Жабай-ағаңа да сене бермеңдер!

Ара-тұра осындай қалжың араласқанымен ауылдың ауыр жайларынан басқа жаққа бұрып әкете алмайды.

Ең алдымен жігіттерінің ұсталып кеткенін аулы білмей де қалған. Бұлар түнде жиналыстан қайтар кезде ұсталды

ғой. Екі күннен кейін Қарағанды — Ақмола жолының бірінші бекетінде көрген адамдардан есітеді. Олардың мініп кеткен ат-арбалары да әлі хабар-ошарсыз кетіп барады. Ат-арба Кенжеғаранікі еді. Делбені Нартайға ұстатып, төртеуі қорапсыз тарантаспен кеткен. Несіз қала барған ат-арбаны кім алып кеткенін бір адам көрдім деген емес. Шөпті шауып, жиып алғандары жақсы болған екен. Егінінің жарым-жартысы орылған күйінде әлі маяда жатыр.

Еркектері екі ай Ақмола түрмесінде жатқанда әйелдердің бірі ең болмағанда жұмасына бір рет барып қайтып тұрды. Жүз сексен шақырым жер. Ауылдағы жақындарынан қалған жалғыз еркек Шаяхметпен... Егінді кім орсын, кім соқсын!

Ұсталғандар Қызылжар түрмесіне ауысқалы олармен байланыс біржола үзілуге айналып еді. Қарлығаш «мазаларың кетпесін, барлық жұмыс біздің мойнымызда!»— депті.

— Айналайын, көгершінім-ай, бәріміздің көнілімізді жабырқатпай ұстады ғой!— деді Назыкеш.

— Сенің балаң да жігіттің әсемі болып келе жатыр екен. Екеуі бірін-бірі үн қатыспай түсінісе кетеді,— деді Жабай Шаяхметке қарап.

— Ұясы бір, молдасы бір, үндері қайдан бөлек болсын!— деп Шаяхмет Кенжеғараға қарады.

Моншашы әйел Мария келіп — қане кім моншаға барады? Әйда!— деді.

Назыкеш пен Жабай киіне бастады.

— Ал, Нұрила, сен қазанға не бол, Жания самауырға!

4

— Азаматтар, не болып барады, өзі?— деп Хорслэй сөз арасында азырақ кідіріс жасап еді, оған заводтың техникалық жағын басқаратын америка инженері Холл қолмақол жауап берді:

— Заңсыздық уақытында не болушы еді? Заңсыздық қана болады.

— Мен бізге де ойланатын уақыт жеткен жоқ па?— деп сұрағым келіп еді.

— Жетпек түгіл өтіп барады.

— Әуелі Горботл, одан кейін Руффель... жетерліктей болған жоқ па?..

— Артығымен!..

— Горботл егер құйыршығым сынғанын дәрігерлер даусыз деп тапса, мен Швецарияға барып емделем дейтін

көрінеді. Бір еркек дәрігер, бір жәрдемші даярландар деп жатыр,-- деді Фомин.

— Әдейі арнап ұрмаса төбелесте таяқ тие бермейтін бір жер сол емес пе, мұнысы жай сөз емес пе екен?

— Лайымда солай болсын... бірақ киргиздардың сол тұстан тебетін бір әдістері бар деседі. «Кет!» дегені ме, «кетесің!» дегені ме, әйтеуір сондай бір ритуалдары бар көрінеді. Алты метр биіктен не темір күректің сабына, не сүйменге аша бұттан құласаң ол да оңдырмайтын шығар.

Бұл кезде Қарағанды мен Ақбұйрат заводының арасында тар жолды поезд жүретін еді. Қарағандының көмірі Ақбұйратқа, заводтан шыққан мыс Қарағандыға дейін осы поезбен тасылып, одан әрі кірешілермен кететін. Соңғы жынды боранда он сегіз телеграф бағаналарының арасын қар басып қалды. Орта тұсындағы сегіз бағана бойындағы қардың қалыңдығы бес-алты метр, ол сегіз бағана бойында қар астынан туннель жасап, поезды солай өткізбеске амал қалған жоқ-ты.

Туннельді екі жағынан да қазып, қазылған қарды поезбен тасып алысқа әкетіп төгу үшін екі жүздей жұмыскер жіберіліп еді. Патша құлағалы жұмыскерлердің қимылы өнбей кетті. Патша құлады, ғасырлар бойында оның қол астында болған елдер жалпы бір жайылып отырып дем алуға да қақысы бар ғой. Солары созылынқырап кетті демесек, Россия топырағында бұл мейрам біткеннің ұлысы еді.

Осы бір тұста боран қабаттаса берді. Қазақ халқына географиялық төрт тұстаманың төртеуі де берілген ғой — батыстық-шығыстық-оңтұстық-солтұстық. Бірақ біреуі де тұтас емес. Батыстың шығыс жақ шеткейі, оңтұстықтың солтұстық жақ шеткейі, солтұстықтың оңтұстық жақ шеткейі. Осы тұстағы жоқ төрт шеткейліктің ауа райындағы құбылыстарды да әртүрлі мінезде: жайдарылысы аздау, бұрқ етпесі көбірек. Тегінде, бүгінгі күн ашық, ертеңгі күн одан да ашық болады деп сенімді түрде айта салуға болмайды.

Соңғы боран солтұстықтан соғып еді, оңдырмай кетті. Аршылған туннельдің екі жақ ауыздарын қайта бітеп, екі жүз жұмыскердің бір жұмалық еңбектерін босқа жіберді. Темір жолдың өзі де, аршылған жолдар да, паровоз-вагондары да қайтадан қар астында қалды. Қар астында қанша жұмыскер қалғаны әлі белгісіз. Олардың үй іштерімен бірге топ-топ жұмыскерлер ертелі-кеш Гавриленкоға келіп жанжал салып кетеді. Осыдан ығысып, Горботл қасында екі адам серігі бар, қарлы туннельде не жай барын білуге

коле жатыр еді. Белгілі қар жотаның қырқасымен қырықсолу адым жүрді ме, жүрмеді ме, Горботл күмп етіп құлап жоқ болып кетті. Горботлдің ауырсынып ышқынған даусымен бірге «Ұры! Ұры!» деген даустарға ере сарт-сұрт төбелес басталды да жүре берді. Бір кезде төбелес те тынды. Горботлды өзі құлаған тесіктен шығарып, ташкеге салып жолдастары Қарағандыға алып кетті. Содан бері ол төсек тартып етбетінен түсіп жатыр, құйырпығы ауырады. Тегінде туннельдің қабырғасына сүйей салған күрек сабына құлады ма, әлде тіпті сүйменге құлады ма екен, оны ешкім айта алмайды. Құлауда бір оқыс болғаны ғана даусыз...

— Қалжынды қоя тұрып іске кірісейікші. Руффельдің жайы қалай?— деп сұрады Хорслэй.

— Оны әуелі темір күрекпен тізеден ұрып жыққан да шлакпен бірге ташкеге салып апарып жеті метрдей биік жардан құлатып жіберген ғой! Біздің жорамалымыз осы.

— Тізеге тиген зақым ауыр емес пе екен?

— Жеңіл де емес дейді. Жіліншіктің қырына темір күректің жүзі сантиметрдей кіріп барып тізе тобықтың жастығына тіреліп тоқтаған болса керек.

— Өзі кінәлі,— деді Холл.— Ендігі әрі жұмыскермен бір минут үшін таласпайтын болады.

Ташкемен шлак таситын ағалы-інілі екі жұмыскер күн бата қайла, сүймен, темір күректерін күндегі орындарына қойып үйлеріне қайтқалы тұр еді. Осы тұстан өтіп бара жатып завод шаруасын басқаратын ағылшын Руффель сұқ саусағымен көк жиекті нұсқап:

— Күн бар,— деді орысшылап.— Күні құрғырдың қыр арқасы иілген алтын сымдай ғана болып көзге ілегіп тұр екен.

Ташкеші жас жігіт оған:

— Сишаш нету будет!— деді.

Руффель сүйеулі тұрған темір күректердің біреуін Нұржанға ұстата беріп «Марш!» деді Нұржан алды да тұрған орнына қарай лақтырып жіберді:

— Сам ти марш!

Руффель бір адым ғана ілгері аттай беріп Нұржанды иектен ала теуіп кеп жіберді. Нұржан әрине ұшып түсті. Аузы-басынан қан жосылтып жүре берді. Енді Руффель әлгі күректі Нұржанның ағасы Ержанға ұстата беріп оған да «Марш!» деді.

Ержан үн шығармай күректі қолына оңтайлап алды да Руффельді тізеден төменірек жерден періп жіберді. Темір күрекпен қақ сүйектен ұрған жаман болады екен. Руф-

фельдің көзі қарайып кетті, ұшып түсті. Ұшып түскендердің екеуі де үнсіз жатыр — Нұржан да, Руффель де. Енді не істеу керек? Ержан ұзақ ойланған жоқ. Әуелі ташкеге шалқасынан Руффельді сүйреп апарып салды. Үстіне бес-алты кесек шлак бастырды да жүз метрдей жер апарып жардан құлата салды. Одан кейін өз інісін де ташкеге салып өздері тұратын барақтарына алып кетті. Патша құлағаннан үш күн кейін болған бірінші оқиғалар осылар еді.

Бұл күндері Горботл да, Руффель де, ауруханада жатыр. Патша құламаса ағылшындар ендігі тағы неше топ адамды түрмеге айдатқан болар еді! Енді міне өзгеге сілтеген шоқпар өзіне тигелі келеді. Патша да, губернатор да, полицейлер де жоқ...

Хорслэй қатты абыржулы еді, манағы айтқанын қайталай берді.

Холл оған тағы да кедір-бұдыры бар жауап қайырды:

— Бізде жоғалғанды жоқтап отыра беруге уақыт берілмейді,— деді.

— Сонда не істейміз?

— Бірінші, Горботлді де, Руффельді де тезірек Акмола ауруханасына жөнелтіңіз. Екінші, Мәскеудегі орталығымызға хабар етіңіз: емдетсін, басқа жаққа жіберсін, өздері шешер. Мәскеу көшелерін шимайлап қаңғырып жүрген швед, поляк, датчан бірдемелер бар шығар. Жіберсін солардың бір-екеуін. Сонымен екі жоқтың орны толады да қалады.

— Швед, датчандар оңай табыла қалады деймісің.

— Онда Петербургта біздің Мак-Кормик компаниясының өкілдігі бар. Оның адамдарының кез келгені сіздің жұмысқа жарай береді.

— Шын-ақ жарай бере ме?

— Жарамағанда қалай? Мак-Кормик машина жасауда дүниедегі бірінші король!

Хорслэй заводтың бас технигі болған соң Холлмен таласа алмады. Горботлдің жәрдемшісі Гавриленкоға бұрылып:

— Сіз тезірек әзірлік жасаныз... ертең екеуін екі шанамен жөнелтерміз, Фомин Руффельді сен де жақсылап әзірле. Екі шана бірге жүретін болған соң бір доктор, няня жібересек болатын шығар?

— Няняның екеу болғаны дұрыс. Екеуі де еркек болсын,— деді Холл.— Екінші, Руффель етбетінен жата алмайды, Горботл шалқасынан жата алмайды. Шананы әзірлегенде мұны ұмытып кетпеңдер!

Орыс патшасының құлаған қырсығы ағылшындар үшін

осымен ғана тынған жоқ. «Енді қайтеміз?» деп Лондонға телеграмма берген еді, Лондон оған «он жылдық тәжірибелеріне сүйеніп тырбана беріңдер. Россия ланы ұзай алмас, бітер»— депті. Он жылдық тәжірибе деген немене ол? Қазір Россия жағдайында ол бір теріс айналып түскен шаруа емес пе?

Фармер ақымақ анау! Өзін қорғауға жиырма қарулы адам сұрапты. Ақмола өзіміз хабарламай азық-түлік алуға көлік жібермендер депті. Ертең жоқ, бүрсігүні жалақы берілетін күн... Әне, тағы да келді жан алғыштар...

Сыртқы есік каттырақ қағыла бастады. Теуіп, теуіп қала ма қалай?

— Жүгір!— деді Хорслэй Фоминге,— тезірек!

Фомин есікке барып енді қайқаландап жүгіре басып, арт жағына қарай беріп келе жатыр.

— Кім екен?— деді Хорслэй.

— Былтырғылар!..

— О, құдайым-ай!.. Кеше бітірдім дегенің қайда?

— Бұл келген басшылары: Зуев, киргіз учитель, және анау соқыр шал. Тағы бір-екеулері бар.

Келгендерді Хорслэй «Хош келдіңіздер!»— деп қарсы алды — Добро пожаловать!

— Хош келдік пе, жоқ па, ол көп күттірмес, қазір-ақ көрінер. Бірақ, біз де сізді тезірек көруге асықтық. Ойлап қарасақ, біздің сізге айтар алғысымыз да бар екен. Сіз бізді патшаға қарсы адамдар деп губернаторға шағым еткен екенсіз. Міне енді сол шағымынызды ақтап патшаны құлаттық та қайттық. Енді баяғы үй ішілік ұсақ-түйек жайлы келіп отырмыз,— деп тоқтады Зуев.

— Не, чем могу служить?

— Ол жағы қағазға түсірілген. Оны мына учитель Кенжеғара Берікқарин жолдас таныстырады.

Кенжеғара қойнынан екі тарақ жазылған қағаз шығарып оқи бастады:

— Біз он екі адам өткен 1916 жылы, август айының он бірі күні ұсталып, 1917 жылы март айының он бесі күні үйімізге оралып келдік. Әлі жұмыска орналасқанымыз жоқ. Сонда біздің дөңгелетіп айтқанда жеті жарым айымыз боска өлген: Анық санамалап айтсақ төрт-бес күн тағы қосылады. Біз тым ұсақтамай жеті жарым айдың жалақысын сұраймыз. Оның төрт айы отыз бір күннен, үш айы отыз күннен, және жарты ай — он бес күн. Барлығы болады — екі жүз жиырма тоғыз күн. Он екі адамның он бірі ең берісі аға мастер деп санасақ олардың күні дөңгелегіп

айтқанда екі сомнан. Сонда он бір жұмыскер алуға тиісті әр қайсысы төрт жүз елу сомнан.

Он екінші адам — мен учитель, қазыналық айлығым жиырма екі сом ноль жеті тиын. Жеті айға болады тиісті маған 154 сом қырық тоғыз тиын. Мен жарты айды қоса алмаймын. Ол менің демалыстағы күндеріме кіреді. Қырық сегіз тиын соғыс құрмалдығына ұсталып қалады. Сонда маған тиетіні жүз елу төрт сом ноль бір тиын.

Кенжеғара цифрларын жариялап болған сон Зуев Хорслэйге бұрылып:

— Бұл цифрлар дауласуды көтермейді. Оны түсінерсіз, Хорслэй мырза!— деді.

— Мен одан басқаларынды да түсінбей отырғаным жоқ.

— Ие. Ол басқаларымыз немене деп ойлайсыз?

— Оны қазір айтасыздар деп ойлаймын...

— Ие, мұныңыз айта қалғандай тапқырлық болды... Айтпай кете алмаймыз.

— Азғана сабыр етіңіз, әуелі біріншіңізді орындап, азырақ «Ұһ», деп алайын, Фомин, орынданыз! Осы бес адамға тиісті берешегімізді қазір алдырып беріңіз.

— Бесеу емес жетсуміз. Екі атшымыз далада тұр.

— Онда жетеуіне де.

— Жақсы,— Фомин шығып кетті.

— Сізге айтатын тағы бір үлкен рахметіміз бар,— деді Зуев. Оны да айта кетейін: сіз губернаторға біздің орыс-қазақ жұмыскерлерінің одағын патшаға қарсы саяси ұйым деп те арыз еткен екенсіз. Ол кезде ол ұйым жұмыскерлердің өзара колқабыс бірлігі дерлік қана әл-ауқаты бар еді. Кеше өткен түннен бастап сіздің тілегіңізге орай ол шын мағынасында саяси ұйым болды. Қазір сіздің алдыңызда сол саяси ұйымның үш басшылары отыр. Алдағы уақытта сөз жаңғырта бермес үшін біраз жайларды бүгін ескерте кеткіміз келеді. Оны жеткізе айту ұйымның бірінші басшыларының бірі Берікқарин Кенжеғара азаматқа тапсырылған. Қазір есітесіз.

— Енді сіздер бәріңізде гражданы атанасыздар ма?— деп сұрады Хорслэй.

— Бұл сұрағыңыздың жауабын мен кейінірек берермін. Алдымен біздің өз айтайық дегенімізге көңіл аударыңыз,— деді Кенжеғара.— Біз әлі сіздің өндірістерде қандай жаңалықтар бар, қандай ілгерілі-кейінді өзгерістер болды, оның бәрінен де бейхабармыз. Сондықтан үш өндірістің үшеуінде ертеннен бастап жұмыскер комиссияларын жібереміз. Бірінші, олар немен танысамыз десе де қарсылық болмаса

екен. Жұмыскерлердің хал-жайларымен түгел танысып, шындықты, дұрыстық, әділеттік деген талаптарды алға ұстай отырып сөйлескеніміз дұрыс болатын шығар. Солай емес пе? Бұған бес күннен артық уақытымыз кетпес.

Хорслэй екі қолын бірдей көтерді — олай емес десем Россияның жаппай гражданин болып алған адамдары оныма құлақ асар деп үміт етпекпін бе?

— Қобыланды!— деді Кенжеғара.— Екінші, біз сіздерге дос емеспіз әрине. Сіздер де бізбен достасуға құмартып отырған жоқсыздар. Мұны екі жағымыз да жақсы білеміз. Сонымен бірге сіздерге біз қастық та жасамаймыз. Қастасу туғызарлық себеп те іздемейміз. Сіздер жалдаушы, біздер жалданушы. Сіздер жал ақыны шама келгенше төмендетуге тырысасыздар, біз көтере түсуге тырысамыз. Бұл тартысымызда келісім болады, бітім болмайды. Содан соң сіздер жат елдіксіздер. Жат елдің адамдары сенің ауылыңа келіп ендігі иең менмін, маған бағынасың деп отырса, онымен келісім болмайды дейміз... Шынына көшсек сіздер бізді адам правосы жоқ халықтарға қосасыздар. Бірінші адам правосы терісіне жазылып қойған деп ойлайтын болсаңыздар керек. Жоқ! Адамның ең қасиетті мүшесі терісі бола қояр ма екен? Бұлжымас көз қарасы осындай болған жат жұртпен достасу түгіл іргелес отырудың өзі үлкен қауып болмақ. Сондықтан біз сіздермен достаса алмаймыз. Бірақ сіздермен машина сындырып, әрт салып қастаспаймыз. Көмір қазу, тас қопару біздің нанымыз, бала-шағамыздың өмірі. Сол өмір үшін сіздермен алыс-жұлысымыз да өмірлік күрес, мәңгілік күрес! Бірақ, сонымыз қастандық жолымен емес, әділеттік жолымен. Бұл міне біздің принцип...

— Енді алғашқы сұрағыңызға жауап берейін: «Бәріңізде енді гражданин атанасыздар ма?»— деген сұраудың нағыз астары мына киргиздарын да солай атана ма дегеніңіз ғой. «Россияның жаппай гражданин болып алған адамдары» деген кекесініңіздің астары да басқа емес, сол. Жауап:— бәрі де! Еркегі де, әйелі де, ағы да, қарасы да, торғылты да, сұргылты да! Сіз әрине, қорлау-зорлауда, отарлық құлдықта келген елдердің ар-намысына тиіп кетсеніз шетін келетінін білесіз. Мені намыстанып күйіп-пісіп бұлығып қалады деген есебіңіз де болуы мүмкін. Мен кәрі педагогпін, сіз ойлаған жолмен тендік ала алмайтынын менің мектебімдегі балалар да біледі. Біз намысымызды кешпейтін, жібермейтін кезеңге енді жақындап келеміз. Азаттық күресінің жолы айқындала бастады. Оның бірінші бабы —

жат елдің, яғни сіздердің қожалықтарыныздан құтылу! Мен айтарымды айтып болдым.

— Онда қоштасайық бұл үймен.— Зуев тұра берді.

— Азғана сабыр...— деді Хорслэй.— Азғана... Біздің екі адамымыз ауыр жараланып Ақмола дәрігерханасына жіберілді. Біреуі сіздің Қарағандының бастығы Горботл деген инженер, екіншісі заводтың барлық шаруашылығын және техника жұмыстарын басқаратын Руффель деген адам... Екеуін де кригиз жұмыскерлері темір құралдармен жаралаған.

— Өлім халінде ме?

— Жоқ, өлім халінде емес, ұзақ емделер халінде.

— Естіген, білген емеспіз...

— Әрине бұл сіздер жоқта болған оқиға. Сіздер жауапты емессіздер. Ал алдағы уақытта, сіздер орыс-киргиз жұмыскерлерінің одағы — жауапты саяси ұйым болғандықтан, ондай істерге жол бермеулеріңізді өтінемін.

— Әуелі бұдан былай киргиз деп сөйлемейтін болыңыз. Бұл елдің қазақ деген өз есімі бар, мұны сіздің адамдарыңыз да есінде ұстасын. Екінші, халықаралық жағдайдан біз де хабарсыз емеспіз. Сіздердің өндірістеріңізге ешбір бөгет жасаттырмауға уәде етеміз. Ішкі-сыртқы жауларымызбен алыса беру ол біздің саяси міндетіміз. Жеңіспен аяқталар алысымыз! Жеңіске дейінгі уақыт ішіндегі екі нәрсені есте ұстауыңызды сұраймыз, бірінші, патшаның өзімен бірге оның заңдары да бірге қалады. Екеуі де жоқ енді. Енді ол екеуіне сүйеніп әуре болмаңыз. Екінші, біздің саяси күрестерімізде ұрыс-төбелес — хулигандық, бейбастақтық, қылмыс саналады.

— Басқа сұрауыңыз болмаса осымен тоқтайық.

— Жақсы, жақсы... Кассада сіздерді Фомин күтіп отырғанын ұмытып кетпеңіздер...

Қарағанды жұмыскерлері ауылға түн ортасында оралып еді. Нартай пар аттың басын өз үйіне қарай бұра берді.

— Ау, әуелі бізді өз үйлерімізге түсіріп кетпейсің бе?

— Оған уақытым жоқ. Нұрилажан күтіп қалады.

— Нұрилажан осы уақытқа шейін жатпай отыр дейсің бе?

— Жатып қалса таңның атуына қарамай ана Әлішердің қатынына айырбастап жіберем!

— Оның айырбастай қоярын қайдан білдің?

— Қара бестіні үстеме етіп қоса беремін.

— Әй, тоқта? Үйінде шам жарығы жоқ қой?!

— Нұрилажан манадан далаға шығып қарап тұрды да

біздің келе жатқанымызды көрген соң үйге кіріп шамды бұктыра қойды. Құдай біледі солай!

Нартайдың айтқанындай аттар да тоқтады. Төр бөлмеиің терезесінен шам жарығы да лап берді.

— Үй міне, жарық әне! Түсіңіздер!..

Жалғыз Нұрила емес, барінің әйелдері де осы үйде отыр екен. Естияр балалардан жалғыз Нартайдың баласы Рүстем ұйықтаманты. Келгендер шешініп, отырысып болған соң сөзді тағы Нартай бастап кетті:

— Нұрилажан, мен жеті жарым ай түрмеде отырмасам мынадай ақшаны көзін де көрмейтін еді! Мә, ал да ертең жөнел Ақмоланың мал базарына!— деді.

Әйелдер — түу, Нартай-ай?.. атамашы құрғырдың атын!— десіп қалды. Нартай тоқталған жоқ:

— Бүгін біз де базардан келдік. Он жыл бойында бірінші рет ағылшындарды жұп-жуас иттей қылып аузын аштырмай жеңіп қайттық. Міне жеңгеніміздің белгісі — базарлығым!— деп, әйелдерге бес сом алтыннан базарлық үлестірді... Содан кейін бұрынғысынан гөрі де қыза сөйлеп:

— Бізді түрме азабынан өлтірмей алып қалған садаға кетейін екі періштеміз болды: бірінің аты Қарлығаш, бірінің аты Жомарт. Мынау Қарлығашының базарлығы, Назыкеш апа, өзің сақта! Мынау Жомарттың базарлығы Нәзира жеңгем, өзің сақта!— содан кейін құлап түскендей, сылк етіп отыра кетті де жылап жіберді:

— Қайран әкем мен шешем-ай, Алшагыр әкем-ай, алтын Наргөз апам-ай!.. Біздің осы бір күнімізді көрмей кеткендеріңді қайтейін...

Отырғандардың бәрі де көз жастарын бір-бір сығып алды. Көңіл бөлер сөзді Жабай айтты:

— Мана кассаға барғанымызда Нартай жеті бес теңгелік алтын сұрап Фоминмен шайнасып қалып еді. Алтынды қайтеді бұл босқа шатақ шығарып десем, базарлық үшін екен ғой... Әй, жігіт қой, біздің Нартай!— деді.

— Әлішер екеуі қатар жүргенде денізші, Жабай-аға!— деді Жания, оныкі де әдейі көңіл көтеру еді. Әйтпесе Нартай мен Әлішер арасынан қыл өтпейтін, бала жастарынан бері талай сыналған, басқаларға үлгі боларлық азаматтық достық еді. Күндеу, қызғану, өзімшілдік деген сияқты қырық түрлі қырсықтан бұл екеуі ада-күде аман болатын. Әйелдері тағы сондай аққөңіл, кіршіксіз таза жандар еді.

— Е, ол екеуі қатар жүргенде Әлішері қайсы, Нартайы қайсы, айыра алмай да қаламыз!— деді Жабай.

Апар ол екі үйдің адамдарын әйелдері жағынан мақтады:

— Нұрила мен Жания ғой Нартай мен Әлішердің достығына шаң жуыттырмай жүрген! Нартай мен Әлішер қандай ер азамат болса, Нұрила мен Жания да бір еркектен қалыспайды. Бұл екеуі де үлкен азамат!— деді.

Шай үстінде Нартай тағы да тек отыра алмады:

— Ағайын, тегі ет болса жегендей екенбіз... Бірақ, біздің Нұрилажанның шайының өзі қашанда етке бергісіз ғой! Көресіңдер ме, бауырсақ кісі басына екі пардан, тұшшы құрт үшеуден, ірімшік екі жарымнан, сары май кісі басына бір қадақтан. Нұрилажанның мыныншы кірпіш шайы Цейлонның ақ-құйрығынан артық. Азырақ ит-мұрынның тамырын қосып жіберсе дәрі ме дерсің!

— Ертең Жанияның шайын ішкенде неңді айтар екенсің!— деді Жания.

Ие, тоқтық жоқ бұларда. Жоқтыққа зарланбайтын берік мінез бар. Әуелі бұл даланы Доңыз жылының жұты соқты. Жаз бойында бір тамшы жауын тамбаған дала шаны бұрқыраған шөлейтке айналды. Орталық Қазақстанда сиыры аз, жылқы көп болушы еді. Сол жылқы жаз бойы барлық көлдің құрағын құртып болып еді. Қысқа қарай барлық ағаштың басы жетер жердегі бұтақтарын қырқып жеді. Аяғында қыс ортасы аумай-ақ жылқы мен қой қырыла бастады. Келер жазға мыңнан оны қалды ма екен сірә! Сол Доңыз бұл ауылға да доңыздығын істеп кетті. Нартай, Әлішер әйелдерімен бірге шахтаға қайта түсті. Кенжеғара әрең дегенде өзі ашқан орысша-қазақша оқытатын мектепке орысша учитель, қазақша мұғалім болып орналасты. Айлығы өзі айтқандай жиырма екі сом қырық тоғыз тиын...

Оның бер жағында бұл үш-төрт үйдің еркектері түрмеден жеті жарым айда әрең босанып келді. Оқушы екі бала — Қарлығаш пен Жомарт бұларға қанша қорған болғандарымен қаржы-қаражат салмағы үйде қалған әйелдердің мойындарына түсті ғой. Міне бүгін ғана қаражат жағы «жанданып» қалды. Нартай әне бір құшақ ақшаны әйеліне ұстата салды. Кенжеғарадан басқаларының бәрінің қалталарында төрт жүз елу сегіз сомнан ақша отыр. Кенжеғара жұмыскерлерден екі есеге жақын кемірек ақша әкелді. Бірақ, ағылшындарды бірінші рет еріксіз мойындатқан жеңіс қуанышы бәріне бірдей ортақ еді.

Шай аяқталған соң жазған Нартай тағы да сөз қозғады:

— Ау, ағайындар-ау, төрт қара ат біздің үйдің қорасында әлі оқыранып тұр ғой. Тамақтары аш емес, оттықты толтыра шөп салып қоям, екі рет суарам, бір мезгіл

сұлы берем. Сонда мені көрген сайын оқырана береді. Тегі, біздің иеміз кім осы деп сұрайды-ау деймін... Біреуі ғана көп оқыранбайды. Судан қайтып келе жатқанда мешін құлақшынымды тістелеп, мешімен ойнағысы келеді. Тегі менің ием сенсің дегісі келеді білем.

Отырғандар тағы бір күлісіп алды.

— Анау бір мандайында төбелі бары ма? деп Нұрила Нартайдың аузына сөз салып жатыр.

— Е, сені Әлішер деп жүрген ғой!..— деп Жанна тап берді оған.

— Айтты-айтпады, Жабай-аға, сол аттардың шелерін атау керек болар,— деді Кенжеғара.

— Түстеп бер демесең, кімге бергенін кемпір өзі атап берді емес пе?

— Солай екен-ау...

— Ортаға жегілген қара ат, сөз жоқ, саған сыйлағаны, Кенжеғара.

— Сол жақ шетке жегілген қараға Нартай қызығып жүр екен, алсын. Ризамысың, әй?

— Мың рет!

— Сонда Әлішер екеумізге оң жақ шетке жегілген ақ бақай қара мен ерттеулі келген қара бесті қалады ғой? Қайсысын аласың, Әлішер?

— Жабай-аға, сіз таңдаңыз.

— Жоқ, жоқ. Сөзді қой, таңда біреуін.

— Оң жақтағысын...

— Сонда маған қалғаны қара бесті ғой. Ал, кемпірім, ертең қара бестіге мініп алып көсілтші бір!

— Жабай ағасы-ау!— деді Назыкеш — екеумізге өзіміздің кәрі күрең жетіп жатыр емес пе? Сен қарсы болмасаң, мен қара бестіні Шаяхметке сыйлар едім. Сендер жолаушылап кеткеннен бері осы төрт-бес үй түгіл тұтас ауылымыз осы Шаяхметтің аузына қарап қалды. Жабай ағамыз да, Кенжеғара ағамыз да, Нартайымыз да, Әлішеріміз де Шаяхмет болды. Жата-жастана есітерсіздер — білерсіздер, Шаяхметке не бір еркек, не бір әйел, не бір бала өкпе айта алар ма екен!.. Мұның жаны ашырлығына күнде көзіміздің жас келетін еді. Ертең Жомарт оқуын бітіріп келгенде ерттеулі қара бестіні алдынан алып шықса білесің бе баланың қалай қуанарын?

Шаяхметтің әйелі Нәзира Назыкешті құшақтап жылай бастады.

— Апатайым-ай, Жомарт былай тұрсын, Шаяхмет екеуміздің төбеміз көкке аз-ақ тимей отырмыз ғой. Біз атқа зар болып жүргеніміз жоқ, сіздермен араласа бастаған он

бес жылдың ішінде бір рет «кірме» деп тең көрмеген күндерің болған емес. Адам болып жаралған соң қорланбай, біреуше жақпай қаламын ба деп ықтамай жүру деген бақыт екен ғой, Назыкеш-апа!. Бақыт екен, Кенже-аға!

Партай үйінде болған кеш осылай бауырмалдық, достық қуанышымен өтті. Жас әйелдер екі «әжелерін»— Назыкеш пен Апарды — балалар бақташылығына қалдырып — үшеуі таң атпай тұрып Киев базарына жүруге уәделесті.

Осы кештен кейін бес күн өткен соң қазақ-орыс ұйымының басшылары анау күнгі келісім бойынша Хорслэйге келді. Фоминнің форточкасы біржола жабылыпты да, Хорслэйдің кабинетінің сыртқы есігі ашық тұратын болыпты. Хорслэй жүдеңкірепті. Тек ағылшын такаббарлығына сүйеніп кеудесін көтере ұстап отыр. Уақыт әміріне бой сұну керек те. Бірақ ағылшынша! Женілсең де құлап түсіп бас имесең онын өзі де женіс. Кім шыдай білсе сол женеді. Бұл қиыр шет далаға Россия тарапынан жәрдем күтуге болмайды. Россияның жаңа құрылып жатқан өкіметі өзін өзі «уақытша» деп атапты. Есі бар адам өзін өзі уақытшамын деген өкіметтен аулақ болу керек. Біздің халдің қиындығы да осында, жұмыскерлер осы өліараны пайдаланып өмірінде көрмеген, көрмейтін күнге қол созады. Олардың бүгінгі даурықпа у-шулары женіс емес, ертең еселеп қайтаратын есірткі екенін білмейді. Жә, біз женіп жүрміз дей берсін! Отыз жеті кәрі-құртандарына бір сиыр, бір биеден алып бердік. Сиыр жиырма сомнан, бие жиырма бес сомнан, бес сомнан азығына. Бірінші женістері осы болды. Күлкі емес пе? Бұл жолғы сұрайтындары одан көбірек әрине. Жылдық пайданың қырықтан бірінен асып жатыр... Амал қайсы, көне береміз де... Бірақ...— Хорслэй ойын аяқтай алмады. Зуев пен Кенжеғара бастаған он шақты жұмыскер лұқсат сұрамай-ақ кіріп келді.

— Добро пожаловать!

— ...

— Отырыңыздар!

— Зуев отыра беріп-ақ сөзін бастап кетті:

— Хорслэй мырза!— деді Зуев,— бүгін біз шыдамсызырақ та, қаталырақ та сөйлесек кешірерсіз! Оңымыздың адам шыдай алмас себептері бар...

— Айта беріңіз, айта беріңіз...

— Қарағандыда жүз қырық жеті үй, өзіңіз отырған Ақбұйратта тоқсан төрт үй. Нілдіде екі жүз он тоғыз үй қайыршыңыз бар екен.

— Қайыршы?

— Ие, қайыршы. Барлығы үш жүз жетпіс тоғыз семья, сегіз жүз алпыс үш адам қайыршылық құрып отыр!

— Түсіндірсеңіз екен.

— Әрине, түсіндіремін. Бұл үш жүз жетпіс тоғыз семья алдағы екі айдың (алдағы дегенді есіңізде ұстаңызшы!) алашақтарын алып, жеп болып, енді алдағы үшінші айдың есебіне жұмыс істеп жатыр. Қайыршылар ма осылар басқа ма?! Басқа ешкім де емес, қайыршы!

— Айта беріңіз...

— Бұлардың бар табыстары сіздердің магазиндеріңізде қалған. Қазір қалтасында қара бақыр күреші жоқ, үш айдың қарызын еңбегімен өтемек адам қайыршы емей кім? Өзіңіз айтыңызшы!

— Жақсы болмаған екен...

— Бұлардан кейін алдағы екі айдың есебіне қарыздар жұмыскерлер түп-түгел қазақ жағында. Түрмеге кетіп құтылмасақ, осы отырған адамдар жеті жарым айлық борышымызды өтеуге тиісті болады екенбіз!

— Ұсынысыңызды айтсаңыз екен, Зуев мырза.

— Мырза емес, азамат!

— Ие, ие, азамат Зуев.

— Ұсыныс біреу-ақ: үш өндірістегі жұмыскерлердің патша құлаған күнге дейінгі берешегі деп жазғандарыңыздың барлығын өшіріп тастайсыз! Патша құлаған күннен бастап барлық қазақ жұмыскерлеріне күніне қырық бес тиыннан қосасыз! Бұл өзгерілмейтін талап. Саудаласу жоқ!

— Жақсы... Бізде ойласайық... Өндіріс бастықтарының бәрінің де білулері керек, үш күн мұрсатана беріңіз.

— Қабылдаймыз ғой, жолдастар?

— Қабылдаймыз, қабылдаймыз.

— Ендігі бір-екі мәселені азамат Кенжеғара Берікқарин жариялайды.

— Біздің бүгінгі көтеретін мәселелеріміздің бәрі де әрі жаңы ашырлық, әрі әділеттілік күтетін жайлар,— деп бастады Кенжеғара.— Өйткені көпшілігі әділетсіздіктен терендеп, аскынып кеткен. Сіздердің әділетсіздіктеріңіз де шек болмаса керек. Осы әділетсіз мінездеріңіз біздің қай мәселемізді болса да келісімге келмес түрде қойғызып отыр. Біздің бұл жерде бола алмаған жеті жарым айдың ішінде жұмыскер бақтары бір кез кеңімеген. Қарағандыда жан басына кез жарымнан келетін он алты барақ бар, Нілдіде он тоғыз, Ақбүйртта жиырма бір. Әке-шешесі, баласымен, келінімен бірге жататын барақ бұрыштары екі жүз қырық. Қазақ халқын мал есебінде санайтын болғандары-

шіңізге мұндай тағылық естеріңізге де кіріп шықпапты. Мәлім экспресс қатты батқан көрлауыңыз — Сібір генерал-губернаторының патша шығарған заңдарды шет елдік өнеркәсіп иелері бұза алмайды деген бұйрықты күні кеше апарған баракгардың есігіне тағы да жапсырып қойғандарыңыз болды! Не деген мазақ! Не деген бейбастақтық! Жоқ, Хорслэй мырза! Бірінші апрельден бастап, басқа құрылыстарыңызды тоқтатып жұмыскер баракгарын саласыз, семьялы адамдар айырым тұратын болсын! Ең кемі — баракгарда жан басына жеті кез орын тиетін болсын! Бірінші сентябрьге дейін осы талабымыз орындалмаса бас паназсыз қалған жұмыскерлер кеңселеріңізден бастап кіре бастаса жәбірленбессіз!.. Губернатор жоқ, полиция жоқ.

Хорслэй — Азамат Зуев, мұныңыз да ойландыратын...— дей беріп еді, Зуев оны шорт үзіп жіберіп — азамат Кенжеғара Берікқарина айтыңыз,— деді.

Хорслэй амалсыз Кенжеғараның аты-жөнін бұлғалап Берікқараны Паққараға жақындатып барып құтылды да — мұныңыз тіпті көп ойландыратын жұмыс болды,— деді.

— Әрине,— деді Кенжеғара.— Бірақ, орындалуға тиісті, кесімді күн бірінші сентябрь!

— Болдыңыз ба?— деп сұрады Хорслэй.

— Жоқ, енді екі мәселем бар: біріншісі сіздерге дейін штейгер болған қазақ жұмыскерлерін қайтадан бұрынғы штейгер орнына қоясыз, олар он үш адам екен. Мұны орындауға көп ойланбассыз. Бұл үзілді-кесілді мәселе! Екіншісі, орыс болсын, қазақ болсын еңбек дәрежесінен төмен жалақы алып жүрген жұмыскерлерді теңеу үшін екі жағымыздан да тең мүшелер кірген комиссия құрайық. Олар солармен бірге сіздің магазиндердегі баға жайларын да тексерсін. Міне, енді болдым!

Ұйым мүшелері өзара келіскенде Кенжеғара бұл айтқандарынан жұмсағырақ болуға уәде еткен. Сөзінің бас жағында әрі жанашырлық, әрі әділет күтетін жайлар деп өзін өзі қамшылап алды да сонысынан айныған жоқ. Оның үстіне жұмыскерлер барағына апарып генерал-губернатордың әмірін жапсырғандары тіпті күйіндіріп жіберді. Губернатордың бұйрығымен жеті ай жарым түрмеде отырмады ма? Қол-аяғы кісендеулі, тырс-тырс тамған суық тамшының астында екі айдай тұрмады ма? Жазығы не еді? Жұмыскер жұртшылығына жаны ашырлығынан басқа не күнәсі бар еді? Күнәсізді күнәлап, жазықсызды жазалаған адамдарға қандай сыпайылық болу керек? Әттең жат елдің адамдары! Әйтпесе, дарға асып жіберу керек қой бұ-

ларды! Жоқ революциялық күресте «катаалық-жұмсақтық» деген астар болмау керек. Жұмысқор табының күрес жолдарында бірақ мектеп бар, бір-ақ мектеп!

Хорслэй өтпес жарлыққа баса алмады. Ағылшындар мұндай ку далада қандай бәлеге ұшырарын жете ойлай алмаған екен-ау!.. Индияда болсын, Мысырда болсын, жалпы Африкада болсын капитал апаратын, жердің өкіметін де қол-бала етіп алатын едік қой!Біз бұл жерде бізді өлердей жек көретін елдің патшасына сендік бе екен? Нельсон Фелль енді қалай өкініп отыр екен? Тегі бұл жаппай азамат болып алған елмен ұзақ достасып отыра алмаспыз. Қуып жібергенше алысамыз деді ғой әлгі Паккара ма, Паркер ме, біреуі. Ол қуып жібергенше дегісі келіп отырса, біз қуылып кеткенше деп ойлануымыз керекті... Ойы осыған ұялап болған соң Хорслэй жөніне көшті:

— Мен бұл өндірістердің басшысы болғанымен иесі емеспін,— деді әуелі.— Өндірістің иесі ағылшын-француз мыс өндірісінің компаниясы. Мен өздеріңіздей жалақы алатын қызметкермін. Рас, мен қызметті компанияның атынан жүргіземін. Дегенмен иесі мен қызметкері делінетін адамдар бір емес. Менің мойнымда орындау бар да, келік жоқ. Осы бір айырманы екі жағымыз да ескере отырып сөйлескен дұрыс болар еді деп ойлаймын. Әрине маған айтылып жатқан қатал сөздер маған емес компанияға айтылып жатқанын түсінемін. Бірақ, екі арада сондай ауыр сөздерді есітуге менің құлақтарымның да жазығы болмаса керек еді... Жә, енді істер жайына келейік. Мен істі қалай жүргізсем де компанияның бұйрығы бойынша істеймін. Кейде ісімізге орынсыз бөгесін болмау үшін берілген праводан асырып кететінім де болады. Оған өзім жауапкермін. Қазір Россияда өкімет жоқ, таласып-тартысып жатқан партиялар ғана бар. Бұл жағдайда Лондоннан әдеттегі түрде әмір келіп жеткенше уақытқа әлде қай жағына қарай ауысып кетерін кім білсін. Сондықтан мен өз мойныма үлкен жауапкершілік алып, сіздердің қойып жүрген мәселелеріңізді қолма-қол шешуге дейін барып жүрмін. Әлі де баруға тура келеді. Үш өндірістің басшыларымен ақылдасып шешуге маған да уақыт керек. Ойласып шешкеніміз тиянақтырақ болар. Бірде-бір мәселелеріңіз аяқсыз қалмас, бір бес күн шыдайық...

Көп дауласпай осыған тоқтасып ұйым басшылары қайтып кетті.

Олардың кетуін аңдып тұрғандай, бір қолында виски бөтелкесі, бір қолында күңгірт қоңыр ұзын рюмка, Нілдің бастығы Фармер кіріп келді. Соңында оның орыс помощ-

ның Осипов пен Қарағанды басшысы Горботлдің помощ-ның Гаврилепко көрінеді. Үшеуінің түп іздері де — кафе... Бәрінің соңынан жүзі сынық Тополев келіп ең шеткі орынды.ққа отыра кетті.

Фармер қызулау екен, бірден көлденен бір сөз бастап кетті:

— Пар атпен, менің аттарыммен, әр қайсысы бес мын фунт-стерлинг тұратын аттарыммен Қырымға неше күнде жетуге болады?— деп сұрады Хорслэйден.— Әрине қар кетіп, жолдар кепкен кезде... Жүргенің бар ма сол жолмен?

— Жоқ жүргенім. Сенің Нілдіннен Қырымға шығатын жол бар деп естіген де емеспін...

— Қырымнан басқа жерде пароходқа қалай мінесің?

— Қайда бармақ едіңіз?

— Әрине Лондонға!

— Онда сіз Қызылжардан поезға мініп Петроград-Брест арқылы Европаға неге тура тартпайсыз?

— Мен не, ақылы кірмеген баламын ба олай жүретін? Бір шетінен бір шетіне дейін революция жасап жатқан Россияның қақ ортасымен жүретін әзір жынданғаным жоқ. Аттарымды және тастап кете алмаймын...

— Әйтеуір атпен кететін болсаңыз Ауғаныстанға тартыңыз... Ташкент — Бұхара — Самарханд... аржағында Қабул тиіп тұр. Керуен жолы үш мың жылдан бері сайрап жатыр.

— Ташкентке жол қай жерден шығады?

— Еш жерден де шықпайды, өзіңнің Нілдіннен шыққан соң оңтүстыққа қарай тарта берсең бір жолға кездеспей қоймайсың. Ол жол бір керуен жолына қосылмай қоймайды. Ол керуен жолы Ташкентке бір соқпай кете алмайды, аржағы Бұхара, Самарханд, Ауғанистан тиіп тұр, дедім ғой.

— Тегінде мен осы жолмен кететін болармын. Мылтығым үшеу, иттерім екеу, неден қоркамын!?

— Айтпақшы Лондонға жайша барасыз ба?

— Босанамын мына тамұқтан!

— Жұмақ барын білген біреу бар ма?

— Бар болғанда қандай!

— Онда мені де ұмытпаңыз.

— Ұмытпасын десеңіз менің арбама бірге мінесіз де жүре бересіз. Барлық керуен жолы Ташкентке апарады, аржағы Бұхар, Самарханд, Ауғанистан, Лондон тиіп тұр, үйіңізге барасыз да жатасыз. Сол жұмақ емес пе?

— Квит... Фомин шай алдыршы.

— Шай бер, бер ме, өзің біл. Біз енді чемоданды әзірлей

беруіміз керек. Мұндағы шаруамыздың жеткен жері осы Бітеді осымен. Горботл мен Руффель бізден гөрі ақылды екен. Болмашы бірденені сылтауратып кетіп отырды. Енді олар оралмайды. Біз бұл далада отыра беруіміздің бір-ақ пайдасы бар: Лондонда банкедегі счетымызға фунт-стерлинг түсе береді. Айына төрт рет — апта сайын. Бірақ түптеп келгенде өзіңіз берген ақылыңызға сеніп кешігіп қалсақ ешбір пароходқа іліге алмауымыз мүмкін. Менің кеңесім қай жолмен болса да бір пароходқа жақындай беруіміз керек.

— Ол жағын кейін кеңесерміз. Мына жұмыскер азаматтардың талаптарын қалай шешеміз?

— Ол енді бізге ешбір жағынан қиналатын мәселе емес. Не сұраса бере беріңіз. Бәрібір, ертең бәрі соларға қалады.

— Оны қоя тұрып жұмыскерлердің жеке-жеке сұрағандарын қалай, қай шамада бере аламыз? Соны кеңесейікші, мистер Фармер.

— Пожалуйста!.. Не сұраса бәрін де беріңіз. Әуелі аздап тартынған боласыз ғой, осыдан басқасы түкке тұрмайды, бәрін беріңіз, артығымен беріңіз... Мен азырақ ішіп алсам ақылды болып кетем. Манадан бергі айтқанымның бәрі ақыл, бәрі сәуегейлік! Сеніңіз!

— Мысалы, барлық жұмыскерлердің патша құлағанға дейінгі барлық берешектерін жоққа сайып өшіріп таста деп талап етеді.

— Мен өшіріп тастап келіп отырмын. Сіз де түгел өшіріңіз! Бұл сізді ақ патша дәрежесіне көтеретін жаны ашырлық болады. Тағы не сұрайды?

— Барлық құрылысты тоқтатып, жаз бойы жұмыскерлерге барақ салыңыз дейді.

— Ойбай-ау, бұл алтын ұсыныс қой! Ертеннен қалмай кірісейік те! Осы ақ-па, барлық сұрайтындары?

— Қайдан сол-ақ болсын! Ана жылдары орындарынан алынған киргиз штейгерлері бар емес пе, соларды қайтадан баяғы штейгерлігіне көшіруді талап етеді.

— Неше адам екен?

— Он үш болатын дейді.

— Неге он үш мың киргизді штейгерлікке көтермейміз?

— Бізде он үш емес, үш-ақ мың киргиз жұмыскер болып отыр...

— Үш мың болса, үш мыңын да көтер! Ертең біз қашып-пысып кеткен соң, біз тағы оралып келгенше киргиздар өздері не болып қалмай ма? Ең болмаса шахталар мен заводты бүлдірмейтін адамдары болсын да... Бізде бір ізгілік ізін қалдырып кетейік!.. Ха-ха-ха!!! Бере-бер сұраған-

[illegible] Бұған әрі ойласар дәнене жоқ. Мен есептеп шығарып [illegible] биз жылына үш жүз мың пұт таза мыс шығарсақ, [illegible] сұрап отырғандары мың пұттың пайдасынан [illegible]. Бір-ақ мың пұттық! Аяма! Бере бер! Ауыздарын аша беретін етіп үйрет!

Ойлана келе Хорслэйдің өзі де мас Фармердің ойына қарай ойыса берді. Шынында да осы өндірістер ағылшын-француз компаниясының мүлкі болып қала беруі екі талай екені сөзсіз ғой. Россияда қандай өкімет болса да — болар. Бірақ патша өкіметі қайта орнамайды. Сондықтан патшаның жарлығымен болған қарым-қатынастардың, құрылған істердің бәрі де бұзылары хақ! Фармердің басына қайдағы ойларды қай сайтан салып отыр екен, а? Аздап тартынған бол да не сұраса да бере бер... ауыздарын аша беретін етіп үйрет!— деп отыр-ау!

— Жақсы... тағы да ойласармыз... Бәріңізге де лұқсат!— деді Хорслэй, Тополев бірдеме айтқысы келгендей жалынышты пішінде жақындай беріп еді, Хорслэй оған — сізге де лұқсат!— деді.

— Холлды шақыршы,— деді Фоминге.— Тезірек келсін.

Холл келген соң Фармермен болған әңгімені түгел қайталанды деуге болатын еді — Мына тағы жұрт киргиздар күн санап көтеріле түсіп келеді. Он жылдың ішінде сұрап көрмегендерін қазір сөзсіз орындалар талап ретінде қоя бастады. Аз күн ойлануға кеңшілікті біз олардан сұрап алатын болдық. Ендігі әрі бұлармен қалай сөйлесу керектігі туралы сіз не айтар едіңіз?— деді Хорслэй Холлдың жүзіне қадала қарап.

— Тағы халықтармен қарусыз сөйлесудің қиын екенін менен кем білмейтін боларсыз. Киргиз деген елдің сіз бен біз білетін сыры — бұлар жеке-жеке ру басы билейтін дәуірден өтіп барады екен. Біздің Хоган деген атақты тілшіміздің жазғанына қарағанда бұл халық бұдан екі жүз жыл бұрын патриархат-матриархат деген дәуірлерді ұмытқан ел. Сіздің тана — моншақ — есек тастарыңыз түгіл американың қолынан шыққан әдемі ұсақ-түйектерге балашағалары сол кезде-ақ қызықпапты. Бұдан екі жүз жыл бұрын! Екі жүз жыл! Сіз бен біз бұларға күні бүгін тағы жұрт бол дейміз. Мұндай асқақтықтың сазайы бір тартылмай қалмауы керек,— деп тоқтады Холл.

— Мистер Эдуард Холл, философиясыз сөйлесек деп едім... философиясыз. Мен сізден күні бүгінгі киргиз халқымен, халқымен емес, жұмыскерлерімен қалай сөйлесуді сұрадым ғой... Осылай қарай ойыс, ойысыңызшы...

— Орысша айтқанда, пожайлуста!.. Әуелі таяқпен тұр-

тіп қалып, ұсақ таспен атып қалып, аяқпен теуіп қалып сөйлесуді қойыңыз. Одан сіздің ұлы Англияның адамы екеніңіз жарты миллиметр төмендемейді, арзандамайды, қымбаттай түседі. Соларыңыз сияқты таза ағылшындық такаббарлыққа бұдан былай жоламайтындығыңызға уәде беріп, сіз тауып кешірім сұрағандай бола алсаңыз, көп нәрсе өзінен өзі тыныш жатар орнын табар еді.

— Сіз маған киргиздармен орыс ауыстыр, бұдан былай олар ағылшын болсын да сіз киргиз болыңыз дейсіз бе?

— Егер оған киргиздар көне қалса!

— Түсінбеймін.

— Не, түсіне қою онай емес. Тек мынаған мойындасаңыз, бәріне де түсінесіз: орыс революциясы патшаны құлатып, басқару-билеу тізгінін буржуазияға әперіп соңымен тыңғалы келе жатқан жоқ. Дүние жүзілік демократиялық газеттер ең берісі бұқаралық құрылыс боларын күттықтасып жатыр. Сіздің лейборист газеті турадан тура пролетариат революциясының дем алысы сезіледі деп жазды ғой! Америка газеттерінде де сондай сәуегейлік жоқ емес. «Ойбай, тез сөндірейік өртті» дегеннің бәрінің түп мағынасы осы!

— Тағы да өтінемін, философияны қоя тұрып, іске жақынырақ сөйлесейікші! Неменеге көніп, неменеге көнбеу керек! Саяси жағдайлар туралы қандай жорамалыңыз бар, оны қоя тұрып, тәңірі жарылғасын, Эдуард, осы жағына бетіңізді бұршы!

Холл енді жарым қалжың, жарым шын сөйлеуді қойып, бар ойын түгел айтты:

— Бірінші, уақытша өкімет дегенге арқа сүйеп әуре болмаңыз. Орыс революциясы соңғы тірелер жағасына әлі жеткен жоқ. Сол күнін күтуге тура келеді. Егер өкімет демократиялық халықтың қолына көшсе қосынды жығып, ауынды жинай бер. Одан да солақайырақ көтер деуге әшейін аузым бармай отыр. Әйтпесе ол қауып жоқ емес. Бұдан туатын қорытынды белгілі емес пе? Жергілікті жұмыскерлермен конфликт туар жағдайға жақындамауға тырысу керек. Екінің бірі сөзсіз болады: не барлық шығынынды қайтарып алатын күн туады, не болмаса қазақ даласымен біржола қоштасатын күн туары. Екеуі де шыдамдылық көнбістік тілейді. Менің айтарым осы.

Холл кеткен соң Хорслэй достарының ақыл-ойларын оңаша отырып қорытып көріп еді. Фармер мен Холл ойларының айырмасы аз екен. Бір жүйедегі байлам — аяма, бере бер. Күн туса еселеп қайырып аласын... Екінші байлам: ондай күн тумасада аяма, бере-бер. Бәрібір күні ертең бәрі

соларға қалады... Мүмкін, қалар да... Қалар болса ағылшынша қалтырармыз... Отыз екі тісі түгел күйінде қалдырар ма екенсіз! Ағылшын кетер болса оның орнында көп байлық қалмайтын...

5

Патша құлағалы Россия шеңберіндегі аз ғана елдер жаппай дүрлігіп еді. Кейбір анайылығы басымырақ елдерде патша құлаған соң енді жаппай иесіздік басталар деп үміттенеді. Дала кең, көш те жүр... Бұл енді тым жабайы жандардың жабайы ойлары. Ойлаған жерінде ұмытылар ойлары.

Белгілі жай — қай халық болса да, әуелі оқығандарының аузына қарайды. Оқытты, әлпештеді, сенді. Олардан басқа кімге қарамақ? Әсіресе Россия шығысына бұл табиғи мінез еді. Әттең, дәл ширағырақ ойланатын қарбалас шақта қазақ оқығандары дұрыс бағыт таба алмай қалды. Дала көлдерінің арасында болатын шолақ жолдармен бір байдың жайлауынан екінші байдың жайлауына барып тіреле берді. Қысқы жолдарының да барып тірелетін тұйықтары сол ауылдар еді.

Ғасырдың бас кезінде-ақ «Оян қазақ» деп ұран тастаған қазақ оқығандары болғанды. Бірақ, оянғаннан соң не істеу керектігін ойламаса керек. Дұрысында бұл кезде қазақ өзі де ояу болатын. Керекті ұран қимыл жайында болса керек еді. Ол ұран әзір туа алмай, қысқы-жазғы қыска жолдардың шырғаланында оралып жатыр. Қазір міне, Петроград жұмыскер табы патшаны құлатты. Бұлардың жаңа ұрандары да жетіп жатыр. Барлық отар елдерде азаттыққа ұмтылу бар. «Уақытша» деген бір өкімет те құрылып қалды. Толып жатқан партиялар бар екен. Бәрі де бас көтеріп ұрандарын жариялап жатыр. Лениннің «Кеше ерте еді, ертең кеш болады» дегені әлі айтылған жоқ-ты. Сенің ертіңнің қандай ту? Әлде өзіңнің көтеретін туың бар ма? Бұл жағынан қазақ оқығандарында әлі үн жоқ.

Сол қарбалас шақта қазақтың оқығандарынан бұрын Уфа, Қазан, Орынбор, соқыр шектей ғана Троицкі, Орал, Семей, діншілдері бұрын қимылдап қалды. «Алла!» деп аттану керек те! Аллаһ-акбар, Аллаһуакбар! қазақ даласын да күңіренте бастады. Бұған дейін қазақ даласын анайы көріп, тал түсте тонай беретін татар-башқұрт ишан-имамдары, молда-хажылар қазақ халқына бауыр екен, туыс екен, жан ашыры екен! Россия бұратана халықтары оның қол астынан шығып, құрығынан құтылып, Уфа муфтиіне

бағынып қалғаны дұрыс екенде. Оқығандары, зиялылары көп қазақ халқы осы бағытта өткелдің бірінші болып өтеріне олар дін ислам атынан сенеді екен...

Осындай күлді-көмеш бірдеме боларын Кенжеғара Семей митингілерінде сезінген еді. Митингіде бір үлкен оқымысты көрінген адам «Қазақ автономия мәселесін көтере бастайын» дей бергенде-ақ бір қасқыр тымақ арс етіп қалып оның бетін қайтарып тастағанын көрген. Бұдан кейін ол оқығанымыз көзге түспей шегініп кеткен. Әрине, жабайылықтың жабайылығы сол қасқыр тымақтың ішіндегі терісінің қалындығы бір елі доп-домалақ баста ғой! Бірақ қазақ оқығандары мынадай бейшаралыққа бастарын иер деп ойлаған жоқты. Кенжеғараға барлық қазақ оқығандарының бастары түгел имам алдында домаланып жатқандай көрініп кетті. Уақытша өкіметке жиырма жеті адам оқымыстыларымыз қол қойып «біздің қазақ халқы Уфа муфтиіне қарап қалуды сұранады» деп арыз беріпті. Орынборда шығатын қазақ газеті осыған үміт артып, әп-әдемі шу көтере бастаған. Қатардағы реалист адам Кенжеғара қатты намыстанды. Ең болмағанда еліңнің намысын ұмытпау керек емес пе? Саяси азаттықпен муфтиге бағынудың қандай туыстығы бар? Қазір қара жұмыскердің аузынан түспей бастаған —«Азаттық, достық, бауырмалдық!» деген ұрандар бұлардың аузына неге түспейді!?

Шұқылана келе тағы бір ой мазалай бастады. Біздің оқығандарымыз діншілдермен бірге қара көбейтіп жүріп бірдемеге қолдары жетсе, кейін автономия болып бөлініп кету оңай ғой деп ойлай ма екен сірә?

Кенжеғара күйініп те кетті. Мұндай намыстана алармын деп ойламаушы еді. Апырау, қандай қор жаратылғанбыз! Қандай ұятсыз жаралғанбыз!— деп, соны істеген оқығандарды аяусыз сіледі. Осыларға қарап қой сырт ел жалпы қазақ халқын қор ел, намыссыз ел, кер жалқау, талап-талантсыз ел дейді! Еліңе жасайтын опасыздығың болса, бұдан үлкені табылар ма екен!

Муфтиге бағыну не деген қорлық! Уфаның муфтиі, Римнің папасы болмақ па? Не болмаса Россия мұсылмандарының халифасы болмақ па? Сонда оқығандарымыздың арманы діни мемлекет пе, осылай шұқылана-шұқылана отырып Кенжеғара өзі шошынарлық бір шешімге төніп келіп қалды. Осы бықсыманың түбінде жалпы мұсылман уалаятын құрғысы келгендік болып жүрмесе не қылсын? Онда мұның түп тамыры шекарадан сыртта жатады. Осы ойға бірден тап бермесе де бұл бет алысты абайлай жүруді мақұл көрді. Педагог қой, күйінсе де асықпауға бекінді.

Ленинген, қанша сабырлы ,қанша педагог болса да намыс түйіншіне шыдай алмады білем жеңіл киініп далаға шығып кетті. Күн ашық, дала ауасы айтып жеткізе алмастай таза. Мұрның өзінен-өзі жел жағына бұрыла береді. Суық шегініп ,қар беті терши бастапты. Жұрт күнделікті өмірінде,— біреу шөп, біреу отын әкеле жатыр. Мектеп балалары, үзіліс кезі болу керек, қар лақтырып ойнап жүр. «Аққайың» жақтан ағаш исіне араласа көктем исі келеді.

Жабайдың үйінен Назыкеш, Нұрила, Жания үшеуі шығып Кенжеғараның үйіне қарай беттеп келеді. Әлденеге таласатындай, бірін-бірі кимелей сөйлесіп келе жатыр еді, Кенжеғараны көріп, тоқтасып қалды.— Немене, менен жасыратындарың бар ма?— деп сұрады Кенжеғара әйелдер жақындап келген соң.

— Жасыратынымыз жоқ, сіздің түсінбейтініңіз бар!— деді Нұрила.

— Түсінбейтінімді сұрауға бола ма?

— Жоқ, болмайды. Кешке дейін үйінізге кіруге болмайды. Түнде қаза болған сабақтарыңызды беріп болған соң келесіз.

Әйелдер енді кідірмей, өзара жымиысып, кете берді. Кенжеғара да Аққайың жалына қарай кетті.

Әйелдердің жасырыны, әрине болады. Қарлығаш Анарға телеграмма беріпті: Нартай ағамның берген телеграммасында майдың отыз бірінші күні тойларың болады, кешігіп қалмандар депті. Неткен той, дұрыстап түсіндірші, Анар-апа!..

Анар әрине дұрыстап-ақ түсіндірді. Әйелдер күнде жиналып қалыңдық пен күйеуге керек боларды құрастырып жүр. Екеуіне екі қасық, екі тарелке, екі шашке, бір шәйнек алып та қойды. Бүгін әйелдер тағы да той әзірлігін әңгімелесуге келе жатыр. Бұл үйде оны-мұны ұсақ-түйекті тігетін қол машина бар. Кенжеғара жеті ай бойында қаза болған сабақтарын өткізіп мектепте болады. Кеш қайтады. Бұл үйде барлық жас әйелдер осы үйдің ұзатылған қыздарындай еркін сезінеді.

Бүгін әйелдер екінші рет жиналып еді. Екі күн ақылдасып ұзатылатын қызға қандай киім тігуін таба алмай қойды. Нұрила қолында қағаз, қарындаш, керек болар дегенді жазып алуға отырып, сұрай бастады:

— Қазақша дамбал?

— Қой, ойбай!

— Қос етек көйлек?

— Керек.

— Түсі қандай болуы керек?

— Ақ жібек...

— Сенде бірдеме жоқ болса, ол сенің басыңның ішіндегі миың болар-ау, Жания! Ұзатылатын қызға ақтан көйлек тіге ме екен!— деді Нұрила.— Солай емес пе, Назыкеш-апа?— Назыкеш басын изеді. Неге олай екенін айтпады. Ол ырымының түпкі себебі — қазақ өлікті ақ кебінге орайды, қаралы әйел ақ жамылады, осылар болатын.

— Ал, жеңсіз камзол керек пе?

— Керек.

— Түсінің қандайы қонымды болар екен Қарлығашқа?

— Күренбаркыт қонымды болады да — деді Жания.

— Бір рет менің ойымнан шықтың. Бес кез күрең баркыт сенің мойныңда!

— Бола берсін!

— Есіктен Қарағанды — Акмола жолының бірінші бекетшісі келіп кірді.

— Берікқарин мұғалімнің үйі осы ма?

— Иә, осы.

— Орынбордан келе жатқан екі үлкен төре сол кісімен жолықпақшы екен...

— Онда мектепке апарыңыз. Ол кісі үйге кештетіп келеді.

— Жоқ, ол кісілер лұқсат болса қонбақшы көрінеді.

— Олай болса келсін.

Бекетші кеткен соң Анар Нұрилаға — сен қарсы алып қонақ бөлмеде отыра тұршы,— деді де өзі Назыкеш пен Жанияны алып қазандық бөлмесіне шығып кетті.

Қарсы алған қонақтарымен Нұриланың түз — еңбегі келген беттерінен-ақ жараспады. Қонақ бөлмесі бұрын бұл үй мектеп болған кезінде «мұғалімдер мәжілісі» еді. Алдында киім ілетін, аяқ киімдерін тастайтын кішкене ғана ауыз бөлмесі де болатын. Қонақтар сол кішкене бөлмеден өте бергенде — киімдерінізді осы бөлмеге шешіңіздер,— деді Нұрила.

Қонақтардың жасы үлкені Сейдазім деген кісі —е, мұнысы жақсы екен. Қаланың үйренерлік жақсы дәстүрінің бірі осы ғой — деді.

— Мен қазақтың қазақ болғанына жететін еш нәрсе бар деп ойламаймын,— десе де жастау қонақ та амалсыз шешіне бастады, бірақ галошын қонақ бөлмеге кірген соң шешті.

— Аяқ киімдерінің орны да ауыз бөлме!— деді Нұрила, оның галоштарын да ауыз бөлменің есігінен серпіңкіреп тастап.

Өзің бір...— деп жастау қонақ Нұрилаға кіжіне қарап қойып айтарын аяқтай алмай тоқтады.

Не, өзім бір?..

— Мәтжан, сен боска таласып тұрсың, Орынборда сен кай Иванның төр үйіне етігіңмен кіруші едің? Қызым сенікі дұрыс,— деді Сейдазім.

Нұрила ондық май-шамды тұтатып қойды:— бұл үйдің иесін біліп келген сияқты көрінесіздер, ол кісі сабақта... кештетіп келер,— деп шығуға бет алды.

— Шырағым, тоқтай тұршы,— деді жасы үлкен қонақ.— Менің атым Сейдазім, мынау ағаның аты Мәтжан, Орынбордан келіп отырмыз. Біз бір үлкен жұмыспен жүрген адамдармыз. Реті келсе, үй иесін шақырып жіберуге болмас па екен?

— Жарайды, шақырайын.— Нұрила шығып кетті.

Сейдазім оқымысты адам бұл үйде кітап қоры мол екенін бірден көрді.

Үйдің бір қабырғасына тұтас жасалған полкалар лық толы кітап. Ана бір жабық шкафта тағы бар ғой деді Сейдәзім — Мектептікі болар,— деді Мәтжан.

— Жоқ, бастауыш мектептерге Брокгауз, Маркс, Сытиндар [1] қайдан келсін, Шекспир, Шиллер, Гейне, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Крылов!.. Пәлі Геродот пен Плутарх та тұр. Тарих, педагогика, философия... Мынау үш полка қазақша кітаптар... үй иесі жақсы оқыған адам болып шықты. Мәтжан сенде де мынадай библиотека бар шығар?— Мәтжан естімеген боп теріс айналып кетті.

Қенжеғараны білетін адамдар жолшыбай қанша мақтаса да Мәтжан оны мықырайған ауылдық мектептің мұғалімі болар, кездескен жерден ықтатып алармын деп келіп еді, енді оның кітаптарын көрген соң бірден салқындық сезінді.— Кім дейсің ауылдық мектептен аса алмай жүрген!— Мәтжан үй иесін көрмей тұрып, жайдан жай, кітап жинағаны үшін жек көріп болды.

—«Ауылдық мектептің мұғалімі ауылдық молдадан қанша жоғары болушы еді!»

Шай келді. Самауырды көтеріп Анар кіріп келе жатыр. Соңында қарала, қызыл-ала подноспен шайнек, қант сауыт, шыны аяқтары мен беті жабулы бір-екі тарелке әкеле жатқан еркек осы үйдің иесі болар-ау... Иә, сәлем бере кірді, сол болар.

— Ассалаумағалайкум...

---

[1] Үшеуі де — кітап шығарушылар.

— Уағалайкүм ассалам,— деді Сейдазім,— Мәтжан ліндәр болғай-ақты деп ойлады.

Ыдыстар орын-орнына қойылды, тарелкелердің беттері де ашылды: құрт-ірімшік, бауырсақтан тураған таба нанан басқа ешнәрсе жоқ екен. Ернеуі тайқыған екі стаканға құйылған қазақтың қою құла торы шайы қонақтардың алдына барды. Ернеуін алтындаған стакан Кенжеғараның өзінің алдына қойылды. Мәтжанға Анардың мұнысы да ұнамады. Ең әдемі стаканды қонаққа ұсынбас па!..

Шай үстінде Кенжеғара «барым — әзір, жоқ жайымыз осы, қадірлі қонақтар, Қарағанды маңайы бұл жұтандау дегеннен басқа сөз айтқан жоқ еді, шайдан кейін үш еркек оңаша қалғанда «жол болсын!» айтты:

— Енді әңгімелесе отырайық, жолдарыңыз болсын!— деді.

— Е, бәрекелді, әлей болсын, Орынбордан келеміз. Патша құлағалы ныңымыз босап, енді бостандық күні шыққан шығар деп, біраз қазақ оқығандары Орынборда кездесіп, оңаша ел болудың жайын кеңесіп едік,— деп Сейдазім Кенжеғараның жүзінен өз сөзінің әсерін байқағысы келіп еді. Әсер еткендік сезілмеді. Көңіл аударып тыңдау бар да әсер білінбейді.

— Өзің де хабардар боларсың, қазақ оқығандары түгел жинала алған жоқ, дегенмен, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарынан біраз адамдар болды. Менің атым Сейдазім, адам докторымын. Мына жігіттің аты — Мәтжан, он жылдай ояздың тілмашы болған адам.

— Осы күні «Қазақ» газетінде редактордың орынбасары деп, Сейдазім жолдасының беделін көтеріңкіреп қойды.

Мәтжан өзі жеті-ақ жыл!— деп түзетіп қалды.

Адамның барлық ішкі дүниесінің портреті жүзінен де көрініп тұрады. Мәтжанның кейіп-кескіні Кенжеғараға бірден ұнамады.

— Иә, мәжілісте қандай байламдар болды?— деді Кенжеғара.

— Негізгі ой әрине, автономия, Ресейден амалдап құтылу...— деді Сейдазім.

— Амалдап дегеніңіз әшейін сөздің сірағысы болар?

— Сірағысы емес, өзі, шынымыз сол. Біз әуелі Россия мұсылмандары болып Россиямен бір ажырасып алсақ, кейін бөлініп кетуіміз онай ғой деген ойға тоқырастық. Нысанамыз осы болған соң ұзақ ойласып келіп дін тірегі — сеніміді болар деп бізді муфтиге бағындырып қалдыруды сұрандық.

— Кімнен сұрандық дедіңіз?

Уақытша өкіметтен сұрандық!..

Бере қалған күнде уақытша өкіметтің бергені — берген болар ма екен?

— Неге болмасын? Ұзамай олар кәдуілгідей сайланған өкімет болады деген үміт бар. Сол сайланар алдында сұрансақ кең пейілдірек болар дедік.

— Ешкімнен сұранбай-ақ халықты жинап жіберіп біз бөліндік деп жариялап жіберу сияқты ойлар болған жоқ па?

— Жоқ, онымыз заңсыздық болар еді ғой! Оған бара алмасақ керек.

— Тек заңды жолмен?

— Ие, заңды жолмен.

— Егер, заңы — сайтан уақытша өкімет сұрағандарыңызды беріп содан соң өзі құлап қалса?

— Онда тағы бір өкімет құрылмай қалмайды ғой. Одан да сұраймыз. Енді бұл істі аяқтамай тынбаймыз, әйтеуір.

— Орталық қай қалада болмақ? Торғай емес пе?

— Ойбай-ау, онда Амангелді отырған жоқ па!

— Отырса ше? Сіздер де сиярсыздар. Ол да недәуір қала ғой.

— Сыюын сиярмыз-ау, бірақ біз онымен сыйыса алмаймыз!

— Кіммен, кіммен сыйыса алмайсыздар?— деді Кенжеғара, естіген құлағына сене алмай.

— Амангелдімен!— деді Мәтжан.

— Ие, Амангелдімен.

— Амангелді патшалықпен жапа-жалғыз алысқан еріміз емес пе?

— Патшамен кім алыспады? Бәріміз де алыстық!

Кенжеғара күйіп кетті.

— Жоқ, мырзалар! Сіздердің қайда жүріп, қалай алысқандарыңызды мен біле бермеймін, әрине, бірақ, қазақ халқының патшалыққа қарсы ең соңғы күресін бастағанда, жеңіспен аяқтаған да, жалғыз Амангелді: Мен «Қазақ» газетін алдырып тұрамын. Сіздер сол газеттеріңізде патшалыққа қарсы бір ауыз сөз жаздыныздар ма? Жоқ! Американың қарабұйра бөріктерімен, киім-кешек, етіктерін мадақтауға берген жарнамаларыңдай да орын берген жоқсыңдар! Құр қол отырып бүкіл қара қазақ аттанысқа шыққанда сіздер қайда едіңіздер? Бұғып қалдыңыздар. Сол аттанысты жеңіспен аяқтаған кім? Амангелді!

— Амангелдің жақын арада сотқа тартылады!— деді Мәтжан. Оның халыққа істемегені жоқ. Сотталады.

— Не істепті?

— Бес мың биеге құлын тастатты, мың жарым жылқы, тоғыз жүз түйе өлді.

— Бәрі де арғын шығыны.

— Бәрі де арғын еліпікі?— деп Кенжегара, әлденені әдейі анықтағысы келіп.

— Иә, иә... Қыпшақтар аман.

— Арғынның шығынын есептеп шығарған кім?

— Өздері арыз беріп отыр. Арыздары әуелі ояз бастығына келіп түсіп еді, ол бастығы кеткен соң мен Орынбордағы уақытша өкіметтің комиссарына табыс еттім. Ол кісі өзі келіп тексереді — деді.

— Ояз бастығының тілмашы болған адам, сіз білетін боларсыз... Әбден сендірдіңіз... Түсіністік — деді Кенжегара.

Ашылған сыр айқын: Амангелді қазақ оқығандарына еретін адам емес. Орысша оқымаған адамның оларға сенбей, әлі де жалғыз болса да азаттық, теңдік туын жықпапты. Мұнысы оның екінші ерлігі емес пе? Тегі Амангелді тек қана ер емес, ойлы адам. Мүмкін, әлде нелерді сезініп отырған адам. Қасында орыс адамдары да бар деуші еді, ақылдасары бар болар. Мыналардан безінген адам болып шықты. Енді бұл жайды доғарайық.

— Торғай ұнамапты, сонда орталықты қай қалада құрмақсыңдар?— деп сұрады Кенжегара.

— Қаласаңыз не шырағым-ау?.. Қазақ автономиясының орталығы өзінің даласында, он екі қанат ақ ордасында құрылмаса оның керегі не?

— Мұныңыз Кенесарының ескі жұрты болып шықпас па?

— Кенесарының жұрты болса ше? Алдында қырық кісі айнала отыруға жететін хиуа дастарханы... Алтындай жалтылдаған сары аяқтар... Ағыл-тегіл сары қымыз. Сары шағандағы сары қымызды сапырып отырған сары-ала жібектен киінген ақ-сары жас тоқал... аржағын сен айтып жіберші Мәтжан!..

— Ар жағы көрініп тұрған жоқ па! Сары қазы, жалжая... бес бармақ!

— Ойбой, сен де өзімдей сырт буын ба едің!

— Мә, ендеше:

Асығыс тай-таласта өйтіп-бүйтіп
Болған соң бірін бірі түгел тіштеп.
Екі бас жүре берер айрылысып,
Киіе сап киімдерін бір-бір сілкіп.

Қой, қой, қой! Қой оңынды! Қашша ескі жұрт десең-де... орналасу жаман болмас-ау! Солай емес пе?

Солай болғанда автономиямыздың шегі — шеті қай жерлер, отағасы?

— Орыстың барлық қалаларынан ең берісі екі жүз шақырым аулақ! Орталық Сарыарқа! Ойыл — Тобыл, Торғай — Есіл, Нұра-Шу, екі Сары су, Ілс, Қаратал, Лепсі сулары жетеді бізге... Осы төңіректе үш мыңнан аса суы балдай көлдер бар. Нағыз қанжайлау сол көлдер емес пе?

— Біз көптен бері отырықшы болып кеттік те жайлау қадірін біле бермейміз,— дей салды Кенжеғара.

Дұрысында Кенжеғара оқымысты қонақтарының осыншама жадағай-жайдақтығына таң қалып отыр. Әрине, бұл екі кісі бұған дейінгі өмірлерінде өкімет құрып көрмегеніне талас жоқ. Дегенмен бұларды жұмсаған адамдарда алдағы күндері мен істер істің аумағын шамалап отыр екен деуге болмайтын сияқты. Мына екеуі ғой бейқам елге апау болады, мынау болады деп сендіруге шыққан. Сенің қалар да аз болмас. Сорлағанда сондайға сеніп сорлайды ғой бейқам ел! Дұрысында тек бейқамдық па осы? Жоқ. Болыс — билер, ру басылары үшін бұл үлкен мейрам, күні-түні алдында дастархан, сапырулы қымыз, сары-ала қазы, жалжая!.. Оларға бұдан артық не керек. Қойды қойшы бағады, жылқыны жылқышы бағады, тезекті тезекші тереді...

Сөз жоқ, жалпы бостандық деген ұранның астында талай сыр ашылмай өтіп кетуі де, құлаққа қонып қалуы да ғажап емес. Бірақ, дала бұқарасының ойына ұялай қоя алмас, тым жабайы қара дүрсін ғой!

Әлде менің өзімді жабайыға санап отырған шығарсыз? Жалғыз ауыл жатақпыз. Не бары ауыл мұғалімі... Жә, көрерміз кезінде... Содан соң, олардың айтқандарына елдің қалай қарағанын, қалай тыңдағанын білгісі келіп:

— Сіздер Семей, Қаркалы елдерін аралай келдіңіздер ғой!— деп сұрады Кенжеғара.

— Әрине, аралай келдік. Біздің ардақты міндетіміздің өзі елді Автономия болуға әзірлеу ғой. Ертеңнен бастап Ақмола, Көкшетау, Қызылжар ояздарын аралап, бесінші майда Орынборда болуымыз керек.

— Автономия жайын ел жақсы қабылдаған болар?

— Онша ойдағыдай деу қиынырақ әрине... Қыс ауыр болған ба, қалай?.. Семей, Кереку, Қаркаралы елдерін жинауды Қоянды базарына дейін қалдыра тұрдық. Қона түстенген жерлеріміздің ауылнай, болыс, билері сөзімізді ықыласпен тыңдап, мал мен жанға келер ауыртпалықты көтеруге әзірміз деп уәде беріп қалды. Қалың қара қазақ-

пен кездесе алмадық. Олар болыс-билерінен бөлек жайылып қайда кетеді? Дегенмен, Қоянды базарында олармен де кездесеміз, әрине. Осы тұста Мәтжан Кенжегараға байланыса кетті:

— Өзің бір сұрағың таусылмайтын адам екенсің? Өз ойынды айтар кезің бола ма, жоқ па? - деді.

— Өз ойынды айту үшін әуелі мәселенің егжей-тегжейіне түсініп алу керек емес пе? Бала оқытатын адамның сондай бір үйреншікті әдеті болады ғой.

— Ендігі түсінетін кезің де болған шығар.

— Көп күттірмеспін. Шыдай тұрыңыз,— деді Кенжегара есіктен кіріп келе жатқан Анарға қарап, Анар мен Нұрила орамал, дастархан, беті жабулы табақ алып келеді екен.

— Қол жуыңыздар...

Қонақтар риза болғандай қонақасы болған жоқ. Шамалы ғана табақпен ет келді... астында құлақ нан. Жылқының қай мүшесінің еті? Ол танылар емес. Кісі басына бірер дөңгелек қазы танылады. Қарта, қайда, жал қайда? Омыртқа, белдеме қайда? Осындай қонақасы бола ма екен? Оныcы жетпегендей, әр кімнің алдына бір-бір тарелке, шанышқы қойыпты...

Мәтжан наразылығын қолды жумасақ та болады екен!— деген сөзбен білдірді.

— Оныңызды біздің әйелдер қате түсініп, алдыңызға тарелке де қоймас еді,— деді үй иесі. Бұдан кейін қитықтасу болған жоқ. Манағысындай шамалы ғана сыйлау, амалсыз ғана дәстүрді сақтап, бұлардай қонақтарды сағынып отырмайтындарын да жасыра алмайтын жадау түрде шай да келіп кетті. Мәтжан тағы да Кенжегараны қолға ала бастады. Ал, әбден тойыпдық. Сөз кезеңі сіздікі; Кенжегара мырза!— деді Мәтжан.

— Тойған қарын ойға бөгет — дегенді дүние ғылымы қатты көтере бастады. Кейбір ғалымдар досыңа тойғыза тамақ беру улаумен бірдей деуге де барып қалды, дегенмен айтушы мен тыңдаушының ылғи сәтті уақыттары кездесе бермес, Сейдеке, сіз құлақ асар болсаңыз мен ойымды жасырмайын.

— Айтыңыз, айтыңыз.

— Айтсам, елдің азаттығы үшін күресу ең ұлы істердің бірі ғой! Бұл бағыттағы қаһармандарға мен де қосыламын, бас иемін. Ал енді сіздердің әрекеттеріңіздегі басты-басты бет алыстарыңыздың біреуіне де қосыла алмаймын. Муфтиді пана көріп, соған бағынуды сұрануларыңызды қазақ елі үшін мен үлкен намыс көремін. Ойласаңыздаршы, Муф-

ти қай құшақсың, қандай беделімен саған азаттық алып бермек? Қазақ елі қалай ұялмай Муфтиден жәрдем сұрайды! Бұл бір.

Екінші, қазір Россияда уақытша деген өкімет бар. Ол Россияға бағынышты елдердің болашақ тағдырын шеше алмайды. Оның табанын қанша жаласаң да шеше алмайды. Оның шешкені шешім болмайды. Өзін өзі уақытша деп болашағы жоқтығын жариялап отырған жоқ па? Бұларың да ұят!

Үшінші, елді әлденеге сендіру үшін ертең соны өздеріңіз істей алатындарыңызға өздеріңіз сену керек емес пе? Бұл сенім сіздерде жоқ қой!

Ең соңғы айтарым азаттықты, теңдікті ешкім сұрану арқылы ала алған емес. Күрес арқылы, күресе алатын жігер,— күш, сенім табандылығы арқылы алады!

— Шырағым Кенжеғара, сені алдағы екі-үш оязды бізбен бірге аралап, қымыз ішіп, қызық көріп қайтарсың деп ойлап едім. Сары қазыға сары қымыз қосылатын, ол екеуіне піскен марқа қосылатын кез ғой... Мына сөзіңізге қарағанда, біз саған қателесіп келген болдық қой?..

— Оны өздеріңіз білесіздер... Далаға шығыңыздар, төсек салсын...

Қонақтардан құтылғанына үш күн өткен соң орыс-қазақ жұмыскерлерінің одағы тағы жиналып еді. Жабайдың баяғы ескі үйі. Төрт скамейка, бір сынық стол, бір ағаш төсек, саман үйдің қабырғаларына патша құлағаннан бергі уақыттың ішінде келген ұрандар іліне бастапты. Кім жіберіп жатыр сол ұрандарды, кімге жіберіп жатыр, оны ешкім білмейді. Почтаға келеді, заводтарға келеді, олар орыс-қазақ жұмыскерлерінің одағына жібереді, ағылшындардың өндірістерінде сол ұйымнан басқа ресми дерлік мекеме жоқ. Өзі шетінеп тұрған кезеңде орыстыкі болар-ау деген қағазға ағылшындардың жолағысы жоқ. Кейде тіпті Ақмола, Қарқаралы, Баянауылға жіберілген пакеттерде осы жаққа келіп жата береді. Почта, телеграф, жұмыстарында былғалаң-сылық басталды білем. Бұл енді талай-талай жылдарға кетеді.

Зуев мәжілісті ашты да әпеукүнгі құрылған комиссия мүшелеріне сөз бере бастады. Завод басшылары алғашында дауласқан жайлардың бәріне де көніпті, үш өндіріске жиырма адам қазақ штейгерлерін бекіткен. Жұмыскер жалақылары ойлаған дәрежеге жақын көтерілетін болыпты. Жаңа барактар салынатын жерлерге құрылыс материалдары тасыла бастаған. Магазиндерінде бұйым бағасы да, азық-түлік бағасы да едәуір төмендеген. Ең қызығы бар-

лық жұмыскерлердің берешектері түгел өшіріліпті. Қарағанды жұмыскерлері бүгін-ақ көтерінкі жалақыларын алып жатыр.

Тағы бір жаңа жаңжалдарға әзірленіп келген жұмыскерлер аң-таң болып қалды. Айласы ма, қорыққаны ма, қандай есептері бар екен? Бұл жайды кешірек отырып кеңесуге уақыт болмай жатыр. Жұмысқа бара жатқан, келе жатқан жұмыскерлердің көпшілігі үйымға келіп, өздеріне лайықты шұбалаңдау сөздермен болса да адал алғыстарын айтып бір сорым шылымын тартып болмай кетпейді.

Қазақ жұмыскерлерінің әйелі москалдау адам үш жас баланы жетелеп келіп алғысын айтты:

— Сендерге де рақмет, ағылшындарына да «рақмет». Қарақтарым-ау, өлуге қалып едік қой, өлуге! Осы үш бала үш үйдікі. Күзді күні сол үш үйде жеті бала бар еді ғой, жеті бала! Содан қалғаны осы үшеуі-ақ, үшеуі-ақ! Екеуінің шешесі ауру, көксау, біреуінің әкесі өлген, ертең қырық күн. Қырық күн шырақтарым. Жетісін берейік, қырқын берейік деуді біз ұмытқамыз, ұмытқамыз...

Сөз аяғын қайталап-қайталап айтқанда жанына қаттырақ бататын болу керек, Жабай-ағаң:— тоқташы жаным, тоқташы. Енді азғана болса да түзелер жағдайларың, тек ағылшындарға рахмет айтуды қоятын бол! Олар өз еркімен қара күреш те бермейді. Осында отырған орысы бар, қазағы бар жұмыскер бауырларына айт алғысыңды!— деді.

— Жарайды, шырағым. Орысың ба, қазағың ба, қайсың көз қырын сала жүрсең соңына мыңда бір рахмет!

Алғыс айтушылар күн бойы шұбырды. Мәжілісті кешке қалдыруға тура келді. Ұйым мүшелерінің көпшілігін босатып, бұл үйде ұйымның бірнеше басшылары ғана қалды. Сақа жұмыскерлердің бәрінің жүзінен де таң қалу сұраулары танылады: нағып ағылшындардан құдайы ұйып осынша мырзалық қолқ ете түсті? Нағып өзімізбен неше жылдар бойында қатар жүрген он-он бес орыс-қазақ жұмыскерлерінің ағылшындары жеңіп шығуға күштері жетті? Жігеріңді жасытатын осындай сұраулармен де келеді. Тым рабайсыз мақтаумен келетіндер де аз емес. Қалай болғанмен болашақтың кескін-келбеті әлі бұлдыр. Өйткені, тап осы тұста ағылшындардың мешігіндегі Қарағанды,— Ақбұйрат -- Нілді өндірістерінің тағдыры бүкіл ұлы Отанның ұлы өзгерістеріне келіп тіреліп еді.

Уақыт солай, адам солай, дәстүр солай, арақ қайғы үстінде де, қуаныш үстінде де ішіле береді. Тіршілігінде тамұқтай ауыр халдерде арақ көп ішіледі. Оның есесіне жұ-

маққа барған соң қандай көркем жайлар да, қәусар сулары[illegible] алдасында, Седрател-Мунтаһа ағашының ішінде ара[illegible] шарап одан да көбірек ішілетін болса керек. Оны күте алмағандар, не одан үміті жоқтар, осы күні де қалай, болса солай, мән-мағынасыз іше бермек. Бұлардың арақ қызуы әбден мендетіп алған бір тобы Жабайдың жаман үйін қиратып, бұзып кетердей ұрынып, соқтығып, үймелесіп келеді. Жаман үй қыңқ еткен жоқ. Үсті-бастарына ақ балшықтан таңба басты да қоя берді.

— Сендер неменеге отырсындар осында!? Патша құлады. Ағылшындарды жеңдік! Мына біз жеңдік!.. Сендер бұғып отырдыңдар үйлерінде: әкеліңдер арақты! Әйда, соқыр шал, арақ әкел!... Жүгір!..— деді ең мастауы.— Бұл кезде мұндайлар да көбейе бастап еді.

Үйым басшыларының кешкі мәжілісі толып жатқан түсініксіз жағдайлардың төңірегінде болды. Ағылшындар бұл жолы қарсыласпады. Уақытша өкімет қолдамай отыр ма? Әлде Россияның болашағынан сезіле бастаған бір дүмпу бар ма? Күнде өз тілдерінде шығатын құшақ-құшақ газет-журнал алдырып отыратын ағылшындар дүниелік хабарларға әрине жете таныс. Мүмкін, дауыл басылып, аспан ашылғанша өндірістеріне көлденең кесел келтірмеудің айла-шарығы болар? Бізге бүгін бергенін ертең мұрнымыздан сығып, еселеп қайырып аларына көзі жетіп, оған дейін пайдасыз жанжалға ұрынбайын дей ме екен? Әлде барлық адамдары азамат атанып кеткен елден бір күні қуылары сезіне ме? Қалайда ағылшынның жайдан жай мырзалығы ұстап кеткен жоқ. Үйым мүшелері бұл жұмбақты шешіп алмай бір адым жасамауымыз керек деген байламға келді. Ол үшін ертеңінен қалмай үйым басшылары ағылшындармен бетпе-бет тағы бір тәжікелеспек болып, түн ортасы ауа тарасып кетті.

Үйым мүшелерінің бір келмей кетпесін Хорслэй де күтулі еді. Есіктен Зуев пен Кенжеғараның бастары көрінгенде-ақ орнынан тұрып қарсы алды.

— Хош келдіңіздер, хош келдіңіздер...

— Сіздің тараптан бір жылы желдің лебі келген соң, ұзақ жата алмадық төсегімізде.

— Қоқтем ғой, көктем келіп қалды ғой. Бұл кезде көктемнің лебімен әркім өзіне де, өзгеге де көңілділік тілемей ме? Біздікі де сол көктем рухын көтере түсейік деген ой ғой...

— Рахмет, рахмет...

— Оның үстіне мына азамат Кенжеғара Берікқарин шындық, дұрыстық, әділеттік дегендерді алға ұстай оты-

рып сөйлесейік демеді ме? Маған сол үлкен әсер етті. Сенсеніздер тап осы жолы компанияның қанша шығындарын есептегем де жоқ. Сұраған барлық адам бір тиын кемітпей орындаңыздар деп бұйрық бердім. Біз ағылшындар ертең берешегіннен бүгін құтылып қалғанды дұрыс көреміз. Ә, сіздер ше?

— Біз жұмыскерлер қашанда берешек емес, алашақ болып отырмаймыз ба?

— Не, не! Ағылшындарда бұған қарсы қояр бір ауыз дәлел болып көрген емес. Жаңағы айтқанымға орай, сіздер алғандарыңыздан гөрі әлі алашақтарыңыз қалса соны дұрыс есептеңіздер. Қазір біздің жағдайымыз түзелді. Бұдан он жыл бұрын барлық табысымыз отыз мың пұт мыс еді, қазір он есе өсті — үш жүз мың пұт. Соғыс уақыты ғой, орыс патшасы оққа керек мысты «қоса түс, қоса түс!» деп жағамыздан алушы еді, енді өз еркімізбен өндіретін боламыз. Бұрын біз жұмыскермен жеке-жеке келісуші едік. Енді сіздің ұйыммен келісетін боламыз. «Уақытша өкімет» деген сияқты «келіп-кетпелерге» ағылшындар құшағын ашқан емес. Қашан белгілі бір тұрақты өкімет орнағанша біз сіздің ұйыммен қол ұстаса отырамыз ба деген үміт бар. Ол сіздерге ұнар ма, жоқ па, оны уақыт көрсетер. Солай емес пе? Ал енді сіздің ұйымнан бірінші өтінішім — жұмыскерлер де адал қимылдаса екен.

— Әринс...

— Менің бар шыным да, әділетті түсінуім де осы шамадан аса алмайды.

Бұл жолы бір жағы бар шынын айтқандай болып, екінші жағы онысына түгел сенгендей болып, біріне-бірі күлімдей қараған болып, кәдуілгідей қол алысып тарасты... Осы күннен бастап екі жағы да бірінің бірі әрбір адымын қадағалай қарап отыратын дәуірге көшті. Осымен он жылға созылған жат елдік капитал мен жергілікті еңбек тартысының қызу бір кезеңі аяқталып та қалып еді.

Екі жақтың бірі босаңси бастады. Мына шегі — шеті жоқ Ресей деген елдің ертеңгі күні қандай боларын ешкім айта алмай-ақ қойды. Қырқысып жатқан көп партиялар бар — кадет, эсер, большевик, меньшевик, тағы тағылар...

Ағылшындар екі кісі төбелесіп жатса оларды айырып жіберудің орнына қыздыра түсетін әдеттері бойынша Россияға қарап:

— Гип-гип!— дейді. Мүмкін су лайлана түскен сайын балығын аулау да оңайлана беретін бір кез осы деп ойлайтын болар, мүмкін, мүмкін...

Онда біздің ағылшын-француз мыс компаниясының не

жұмысы бар? Міне отырмыз жұмыссыз адамдарша... Тым болмаса киргиздер кеудесін қағып тағы бірдеме сұрап келуі керек еді ғой. Олар да тыныштық қалды. Он жыл ішінде көрмегенін көріп, алмағанын алған соң аз уақытқа жұмығып қалған болар. Көпшілігіне қосылған жиырма бес тиынның қызуы қаншаға барар дейсің... Келер әлі...

Нельсон Фелль қырағы адам, формаға құйылудан өткен таза мыстың бір қадағы завод қорасында жатпасын, Қызылжардағы Багау конторына өткізе бер депті. Міне, іскер адамның бұйрығы, валюта, валюта, валюта! Бұл миыңа қонатын кеңес. Барақ салумен Фелльдің осы бұйрығын бұлжытпай орындау, мұның екеуі де өзіміздің пайдамыз, әрі алдағы күннің бір үміті.

Енді Қарағандыдан көмір тасуды тоқтатуға да болады. Ақбұйрат заводының айналасында үш жылға жететін көмір бар. Жіңішке темір жолды енді тек мыс тасуға көшірген дұрыс болар. Кірешілердің де көбін Қарағанды-Қызылжар жолына аудару керек. Мыс қазаны күні-түні қайнап мыс қалыпқа құйыла берсін, Қызылжарға тасыла берсін. Бар бағарың Нілді мен Ақбұйрат. Бар істелетін жұмыс осы-ақ. Жұмыс па осы! Покер ойнайтын да кісі жоқ. Биллиард жабылды. Биыл болашақ инженер жастар да келе қоймас білем, әлі сұранған ешкім жоқ. Биыл демалыс берген адамдарың да қайтып оралар ма екен!

Артымызға айналып қарасақ — біздің жұмысқа кінәрат кіргелі жылдан асып барады. Нілдінің ең бай кендерін ашқарақтанып сыпырып алдық та содан кейін компаниондарымыздың жылма-жылғы түсімі азаяр белгі беріліп қалды. Сасқаннан Сарысуда кенді байытатын завод салып едік, оның бітуіне қарай, көрмейсің бе, Россия лаңы басталды.

Жезқазған молықтырар деп есептеп едік, Байқоңырдан Қарсақпайға көмір әкелетін, Жезқазғаннан кен әкелетін жіңішке темір жол әлі ол маңайға жете алған жоқ. Шіркін, жақсы-ақ ойланып табылған темір жол еді-ау!.. Он шақырымдық жылжымалы темір жол... екі жүз жетпіс сегіз вагон, бес паровоз, жылжымалы темір жолды алға қарай аттатып отырып Қарсақбай заводының барлық техникамашина құралдарын алдыңғы жылы жеткізуге жоспарланған еді, міне, үшінші жылға айналды. Темір жол әлі алыста... завод құрыла алмай тоқтап тұр. Жезқазғанның мысы да, Байқоңырдың көмірі де орындарынан қозғалмай жатыр... Жұмсаған теңгемізге жиырма бес тиын пайда аламыз деп есептеген Жезқазғанымыз оянбаған күйінде қала бармасына ешқандай үміт те, сенім де жоқ.

Түптердің түбінде Фармердің айтқаны келіп қуылып

жүрсек қайттік! Енді бір алты ай ішінде Россияда түбегейлі өзгеріс болмаса, мейлің атпен, мейлің машинамен Орынбор-Ташкент темір жолына жетіп құлаған дұрыс болатын шығар...

6

Екі жақты тартыстың бір жағы әсіресе екінші жағының күшейе түскені болады да. Қарағанды өндірістері жат қолына түскелі үздіксіз болып келе жатқан тартыстар да жұмыскерлердің бұл жолғы жеңістері ерекше есте қалатындай болды. Бұған дейін де ағылшындарды аңдап-мыңдап еріксіз көндіріп жүрген кездері болған. Бірақ, олары ұсақ-ұсақ ұтыстар еді, жеңіс емес-ті. Бұл жолғылары сөз жоқ жеңіс еді.

Ең алдымен әзір азғана болса да берекелі топ, алдыңғы қатардағы жұмысшылар өздерінің ұйымдарын танытты. Осы аз ғана топтың артында барлық жұмыскерлер тұрғанын танытты. Бұл ұйым құрылғанына әр кім басына түскен мұң-зарын не көрсе де жеке көретін еді. Енді жеке бір жұмыскердің басына түскен ауыртпалықты бүкіл қауым болып көтеріп әкететінін көрсетті. Енді оңай жем бола кететін жеке адам қалмауға бет алды.

Күні кеше ауылдан келген жалшы-малшылар да нағыз туған-туысқандарын осы өндірістерде тапқандай еді. Жұмыскер болумен бірге кәдуілгідей адам қатарына қосылады екенсің. Сені ешкім өзінен кем ұстамайды екен. Болыс-билері, ауылнай-ақсақалдары жоқ, бәрінің арқалағандары да бірыңғай жұмыс құралы: ұңғы, қайла, күрек, сүймен, қашау... Өз арасында алалау жоқ: арғын жоқ, қыпшақ жоқ, үйсін жоқ, жеті ру жоқ, бай ұлы жоқ... Ұлы жүз жоқ, кіші жүз жоқ, орта жүз жоқ. Қарағандының көміршісі, Нілдінің кеншісі, Ақбұйраттың завод жұмыскері бар. Бірінің күні біріне байланысты жаңа қауым, жаңа жұртшылық, жаңа ел. Достары да бірге, жаулары да бірге. Өзіннің адам екеніңді де осындай қауымның ішінде таниды екенсің.

Кенжеғара әр нені өз тұрғысынан топшылай жүретін адам, жеңістерінің әр түрлі себептерін де түгел түсінуді қажет көрді. Зерттеп ойланып қараса, естен шығармайтын бірнеше жағдайлар бар екен. Патша құлады, губернаторлар бірге құлады. Ағылшындарды қолдайтын жергілікті күш қалмады. Қарағанды өңіріндегі жұмыскерлер ұйымдасып күресе білді. Қарағандының өзіндік жағдайлары осы.

Сонымен бірге Россия топырағында бұқаралық күштер жаппай көтерілді. Осы күні жұмыскерлер көтерілісі сағат

санап түсіне түсіп келеді. Әттең, Қарағанды жұмыскерлері ұлы дүбірмен қолдаса алмай, оңаша күресіп жатыр. Қазір қазақ даласында капитал мен еңбек жекпе-жек жұлысып жатқан өліара кезі.

Осы жағдайларға байланысты өндірістерінің ішкі кінәраттары да көбейіп қалған екен. Жұмыскерлерді ұрып-соғу, боқтау, балағаттау арқылы жұмсайтын штейгерлердің біразы қаша бастапты, орыс-қазақ жұмыскерлерінің достығы деген түсінікті қорлық көретін мастерлер де соны істеген. Өндіріс иелерінің бір кезде өз қолынан берілген сабақтары енді өздеріне оралып келіп шоқпар болып тие бастаған. Қазір солардың бос қалған орындарын, амал жоқ, қазақ жұмыскерлеріне беріп жатыр.

Дала жағдайлары ағылшындар үшін ауырлай бастады. Азық-түлік киім-кешек, өндіріс товарлары қиыншылықпен табылуға айналды. Уақытша емес бір өкімет келіп тәртіп орнатпаса енді екі-үш айдың ішінде тарыншылық жоқшылыққа айналуға жақын тұр. Түптердің түбінде жат елдің мүлкіне соқтықпас деген үмітпен жылы орнын суытпай ағылшындар да шыдауға бел байлады. Дау-жанжалға ұшыраспау үшін жұмыскерлердің сұрағандарын беріп беруді мақұл көрді. Фармер айтқандай ауыздарын аша беруді үйреткілері келді. Әзірше осындай жеңіс-жеңілістері біржола тұрақтана қоймаған халде бір майдандағы капитал мен еңбек тартысы соңғы жылдарының көктеміне кірді.

Қар кетіп, дүние жадырап, жер астында өсімдік тамырлары түн бойы үнсіз сыбырласып, таңертеңгі күнмен бірге жер бетіне шыға келеді. Ең нәзік жапырақтар тас бөгетті жарып шыға алады. Көктем табалдырығына келіп тіреледі. Сен де өзіңді кешегіңнен гөрі басқарақ сезінесің. Ең болмағанда сол күні кешке дейін... Бірақ бар адамның сол күні бірге кездеспейтін көрінеді... Тіршілік тілдеріне түсінген сайын барлық адамның көктемі де, қысы да, жазы да, бірге келмейтіні айқындалып келеді. Адамның ең бұлжымас бір табиғи жағдайы туысқандық еді ғой. Бұл кезде ол да өзгере бастады. Туысқандық ата-аналық жағынан гөрі тіршіліктегі еңбек бірлігіне қарай ауысып келеді. Әр елден келген жігіттер жұмыскерлікке айналған соң оның нағыз туысы өзі сияқты жұмыскерлер болып кетеді. Ауыл көзімен қарасаң Бұланбай ауылы да сондай туысы бөлек туысқандар ауылы.

Бинылғы көктем де қазақ даласының барлық халықтарына ортақ қуаныш, ортақ бақыт ала келген жоқ. Дала төселген кілемдей мың түрлі гүлдерімен жайнап жатыр. Ауыр

қыста жылқысы қырылып қалған байға ол қандай қуаныш, қандай бақыт! Жұмыскерлері кеуделей сөйлеп, керегін өз қолымен алуға жақын жүр. Ағылшындарға ол қандай қуаныш? Патша құлады. Жұмыс адамының шығарған миллион батпан ауырлық құлап түсті. Міне, бұл қуаныш, міне бұл бақыт! Биылғы көктем еңбек адамының есінен кетпес мырза көктем еді.

Бұл кезде орталық Сарыарқа өзенді, көлді, орманды жер болатын. Аспаннан бір тамшы жаңбыр жауса, не бір қар ұшқыны түссе де оның екеуі де бұл ормандарды, өзендерді, көлдерді қиып еш қайда кете алмайтын. Есіл, Нұра, өзендерінің бес-алтыдан тармақтары болушы еді. Жазғытұрым сол тармақтардың бәрі де таситын еді. Көлдер кісі бойы терендейтін.

Есіл тасып барады жардан асып,
Қар жауды жаңбырменен араласып...

Бұланбай ауылы да көктеммен бірдей гүлденгендей жанарып-жасарып шықты. Өткен қыс бұл ауылға ерекше ауыр тисе де енді қарасаңыз бұл өңірде де көңілді ауыл осы екен. Азаматтары аман қайтып келді. Қабақтарына қатып қалған қайғы-мұңының өзі түгіл ізі де сезілмейді. Ел аузында бұл ауыл патшаны құлатысқан, ағылшындарға айтқандарын орындатып отыратын батырлар ауылы атанып барады.

— Кенжеғарадан айрылып қалған біздің ел оңбас-ау! Қайда ондай адам!— деседі еркектер басы құрала қалса.

— Ол ауылдың қатындары қандай қайратты! Қыс бойы тізелерін құшақтап жатып жүріп, қандай ауыр қыста қотыр лақ бермей шығыпты.

— Естияр еркектері қалмаса да мектептерін жаптырмай отыз шақты баланы (көбі жұмыскер балалары) оқытып шығарыпты. Әне, қатын деп соларды айт!

— Омбыда оқитын бір керемет қыздары да бар екен. Қызылжардың түрмесін әкесінің мал қорасындай аралап жүріп кіммен сөйлесем десе де еркі... Түрмеге апарып төрт елі шыққан бір ту биені сойып, әкесі мен ағаларын асырап шығыпты. Әне қыз деп соны айт!

— Әкесі бір малды адам болғаны ғой?

— Солай көрінеді.

Сырт елдердің бірінен бірі асырып ақызға айналдырып әкеткендері Бұланбай ауылының күнделікті, әр ауылдың қолынан келер жұпыны өмірі еді. Бір азырақ жігер, қуанышқа есірмеу, қайғыға мойымау. Еңбектен қолыңды айырмау. Еңсесі түсіп бара жатқанды демеп жіберу. Тығылмау, ықтамау, онашаланбау... Не көрсең де бірге көру.

Қырық үйлі Бұланбай ауылының осындай бір біріне ортақ мінездері бар. Осы мінез еркек-әйелдерінің, үлкен-кішілерінің, бала-шағаларының түгел әдеттеріне айналып кетті. Бастаған кім, кімнен басталды, ол енді есте жоқ. Қазір әр үйдің мінезі осы. Ауырды оңай көтереді. Болмайды, шамам келмейді, жоқ деген сөздер бұлардың арасында ерсі көріне бастапты.

Бұл күндерде Бұланбай ауылы Қарлығаш пен Жомартты күтіп отыр. Ол екеуін ерекше туған бір асылымыз деп күтпейді, әр үйге де өз баласындай болып кеткен сүйкімді жастарды бүкіл ауыл сағынып күтеді. Жазғы үйлері жылдағы орындарына тігіліп қалды. Мектеп балалары сабақтан кейін шапқылап көлге барып қайтады. Су әлі суық. Өзекті жерлерде жуа көтеріліп келеді. Жауқазын әзір піскен жоқ. Қымыздықты жей беруге де болады. Шие, бүлдірген, жидектер енді-енді түйін сала бастапты. Ақ қайыңдардан бал тамшылары мөлдірей бастады. Қайыңның балын өзіміз жалай беруге болады. Қарлығаш апай ұрыспайды. Қарлығаш апай ауылға келген соң үлкенірек балаларды ертіп қарағай сағызына да алып барады. Қарағай сағызын ағаш қалақшамен ғана сыпырып алған дұрыс, пышақпен сыдырсаң сағызбен бірге қарағайдың шоғырмағы да сойылып кетеді, сағызды шоғырмақпен бірге қалай шайнасың? Тастауға да кимайсың, жұтып қоясың, одан ішің ауырмайды.

— Қарлығаш апай мұғалима болып келсе біз қандай оқыр едік!.. Түу-у-у!.. Қалай оқытар еді!..

— Немене, доктор болған жаман ба?

— Ылғи ауру, ылғи ауру адам... Балалармен де ойнай алмай қоятын шығар. Оған қалай шыдар екен? Докторлар ойнамайды ғой балалармен.

— Неге ойнамайды? Қарлығаш апама қай ауылдың баласы болса да бәрі бір. Емдеп жүріп ойын да үйрете береді.

— Әй, сен айтып қоймайсың ба, мен бір күні ауырдым деп жатып қалсам?

— Неге ауырғың келеді?

— Қарлығаш апам күн бойы жалғыз менің қасымда болар еді ғой...

— Оңаша? Жалғыз сенің қасыңда?

— Ие, оңаша...

— Өй, арам! Келген соң айтамын Қарлығаш апама!

— Айтпашы әй, айтпашы, мә, сақамды берейін.

— Сүрт көзіңді, жылама! Мен өсекші емеспін.

Осылай, Қарлығаш пен Жомартты ауылдың үлкендері де, кішілері де сағына күтіп жүр. Ол екеуі осы ауылдың ба-

лалары екенін көрсеткен жоқ па? Әрі түрмедегілерді, әрі ауылда еркексіз қалған әйелдерді қыс бойы қабақ шыттырмай ұстай алды ғой! Екі жағының да көңілдерін көтеріңкі ұстай білді емес пе? Екі жағының да хаттарын өзі жазып күліп жіберерлік, қуанып қалатын бірдемелерді өзі тауып қосып отырды, ол кезде ауылда да, түрмеде де сәу тарткандай жай болмайтын. Мүмкін, кейбір хаттарды өзі жылап отырып жазған болар. Ол жеті ай бойында әкесі мен Кенжеғараны бір рет көре алған емес-ті. Ол екеуі ылғи қатал ұстауда, карцерде болатын. Байғұс балаға сол екеуі жайында әйелдеріне көңілді хат жазу қиын-ақ тиіп еді. Ауылдағы әйелдер хаттарын анда-санда жиналып алып оқитын. Қазір сол әйелдердің сандық түптерінде ең таза бет орамалдарының арасында Қарлығаштың хаттары сақтаулы жатыр. Ол әйелдердің ең қымбат дүние-мүліктері сол хаттар.

Бұл күндерде Қарлығаш пен Жомарт Ақмола мен Қарағандының арасында жолда келе жатыр. Ауылға жетуге олар да асығып келеді. Туған даласы кеудесін керіп гүлдерінен кілем жайып күтіп жатқан жоқ па! Қыс бойы түсіңкіленіп кетпейтін қайран көлдер, қолдан қойғандай қатарланған ақ қайыңдар, құлағыңнан кетпейтін бозторғай әні, осынша бай, осынша көркем туған жерін кім сағынбас!

Бүгін олар ауылға келіп те қалар. Келеміз деген күні ертең болғанымен Шаяхметтің дені сау болса бір күнді нағып қысқартпас екен! Балаларын ауылда қарсы алуға шыдай алмай Ақмоладан қарсы алуға кеткен шешелері — Назлкеш пен Нәзира — қуаныштарын суытпай ауылға тезірек жеткізуге асығып-ақ келе жатқан болар-ау!

Ауыл да оларды асыға күтуде. Үйіне шыққан еркекәйел Ақмола жолына көзін бір салмай қоймайды. Әр үйдің өз балалары келе жатқандай сағынышпен қарайды.

Нұрила мен Жания бүгін кешке дейін күтуге де шыдай алмады. Анарды жас баласымен еріксіз сүйрелеп арбаға мінгізіп үш әйел Қарлығаш пен Жомарттың алдынан шығып кетті. Делбе ұстаған Нартай, қатарлап жекken қос қара ат аяқтарын билей басып ауылдан шыға берді.

Екі шешенің арасында отырған Қарлығаш ауылға жақындаған сайын таныс жерлерді, таныс көлдерді түгендеп келе жатқандай еді. Аққайың жалы қалай биіктеп кеткен. Еңкейе берген күн көзі ту сыртынан түсіп, зеңгірге жақын рең беріп тұр. Былтыр күзді күні екі ақ құр келіп ұя салып жүр еді. Биыл олардың жұмыртқаларын балалар алып кетпесе ендігі жылы екі-үш ұя ақ құрымыз болады.

Ауыл жақындаған сайын аттар да ағындап келе жатқан. Ортадағы ат алдыңғы аяқтарын серпе тастап ауыздығын көбіктене бастаған.

– Тоқта, Жомарт! Жолдан бұрылып шық!– деді Қарлығаш, ауыл жақтан жақындай берген қос қара аттыларды көріп.— Менің алтын апаларым келе жатыр...

Жомарт жолдан бұрылып шөптесінге шығып үлгіргенше Қарлығаш арбадан секіріп түсіп келе жатқан жеңгелеріне қарай жүгірді. Құшағын ашып алыпты.

— Анар апам! Үлкен әжем менің! Ең сұлу апам, мырза апам!

Қарлығаш бір сәтке өзінің бой жеткен қыз екендігін ұмытқандай, бала күніндегідей еркелеп, қайта-қайта құшақтап бәрінің де мойындарына қайта-қайта асылып қояды. Тек қана бала, тек қана бала сағынышы, тек қана өзі, Қарлығаш, оны алдынан шығып қарсы алған жеңгелері де оңай босатпай жатыр. Қандай ақ көңіл, адал, бауырмал жандар. Орыс ғалымдары қазақ халқының басқа халықтарда кездесе бермейтін ерекше бір қымбатты қасиеттері — мейірмандығы, бауырмалдығы, қонақ жайлығы дейді. Сол бауырмалдық, сол мейірмандық, сол қонақжайлық ең алдымен қазақ әйелі деп түзеткен дұрыс болар еді.

Назыкеш пен Нәзира шешелер айтып жеткізе алмас қуанышпен келе жатыр. Екеуі де жасарып кеткендей. Екі бала — Қарлығаш пен Жомарт бірінен бірі қадірлі болып көрінеді, екеуі де сымбатты, сұлу, ақылды. Үлкен-кішіге бірдей сүйкімді, жол бойы көлден су әкелуге, отын жинауға, ас пісіруге таласып келді. Шешелеріне де таласып қояды. Бұл кезде екеуінің қосылатындары да жарияланып қойылған. Балаларына шешелері де таласып қалуға жақын. Қуаныш, бақыт сезінулері сонша ыстық. Осынша қуанышты, осынша бақытты ауылымен бөліспесе өз қойындарына сияр емес!

Ауыл да оларды қуанышты қошаметпен қасы алды. Әуелі әрине балалар озып келіп арбаларға мініп алған соң Қарлығаш пен Жомарт арбадан түсіп тағы да сол балалардың қоршауында қалаға кірді. Ауыл түгел әзірленген екен, қай үйдің тұсынан өтсе де аздаған конфет, бауырсақ, құрт, өрік-мейіз шашпай өткізген жоқ.

Балалар бауырсақты шайнай жүре Қарлығашқа ауылдың барлық ескілі-жаңалы хабарларын да айтып келеді:

— Көлдің суы жылынып келеді, Қарлығаш апа, тізене дейін жып-жылы.

— Әлішер ағаң көлдің жағасына қыздарға қос жасап қойды, бізге жоқ.

— Нұржанның шешесі биыл суға балақсызынды тастап түсетін бол. Мен саған ай сайын бір балақсыз тігіп бере алмаймын, ақша жоқ.— депті. Еркек балаға суға жаланаш түскен ұят болмай ма?

— Ұят болады.

— Ертең бізді көлге апарасың ба, Қарлығаш-апа?

— Апарамын. Ағашқа барармыз, жаңа ойындарда үйретермін...

— Оһо! Оһо! Оһо!..

— Биыл қар қалың болып, кеш кетті. Баттал, Рүстем мен Зарап, Шәріп, Айдар бесеуі егін салысты.

— Боранадан алдынғы күні ғана босанып келді.

Қарлығаш енді байқады — егін салысқан балалар өздерін ересек сезініп ұсақ балаларша жабыла шулауға араласпай келеді екен. Қарлығаш оларға бір-бір қарап қалып көңіл аударғанын андатты. Олар да мұрындарын бірбір тартып қойды.

Қазақ баласы мал шаруашылығын ұмытар ма.

— Сіздің торы бие торы құлын туды, жүйрік-ақ — деді біреуі.

— Былтыр саған жүніп қырқып байпақ тоқып берген біздің көкшұлан қой биыл егіз қозы тапты,— деді екінші бір қыз бала. Апам айтады — Қарлығаш қарағым қойың егіз қозы тапсын, деп батасын беріп еді, айтқаны келді ғой дейді.

Балалар улай-шулай жүріп Қарлығашты үлкендерден бөліп әкетіп еді. Енді бірін-бірі кимелеп ауылдың бар жаңалығын халықаралық жағдайлардай-ақ толық хабарлап келеді: құлын, қозы, лақ жайындағы хабарлар түсі-түгіне дейін түгел, тек бұзау момын ауызға алынбайды. Ол ойнауға олақ қой, келер жылы олар танша болады. Әне, сонда ойнасын олармен!.. Онда да қысты күні.

Балалармен сөйлесіп келе жатса да Қарлығаштың көзі алдында, әкесін іздеуде еді. Жасы да келіп қалған адам, әкесі түрмеден қатты қапаланып жүдеп шыққан. Әкесінің кеудесі көріктей көтеріңкі болушы еді. Бала кезінде секіріп, ойнаса да кеуде серпіп жіберіп беретін. Түрмеден кейін Қызылжарда темір жолшының тар үйінде бір ретте сағынған Қарлығаш әкесінің құшағына құлай кеткені бар еді. Баяғы көріктей кеуде орталанып, олқыланып, төс сүйектері мен қабырғалары сояулануып кеткенін сезген, сол әкені үзіле сағынып келеді. Енді бір құшақтаса қалса құшағын жаза алмастай сағынған. Қызылжарда асығыс болды ғой. Әке жүрегінің қуанышын тасып төгі-

[illegible] алмады ғой. Әсіресе, әкесінің ден саулығы [illegible] күдігі көп еді.

Жоқ, әкесі моншадан кейін шайға қанып шыққандай [illegible] екен. Бар өмірі балғамен өткен дене екі жарым айдың ішінде қайта ширап, екі қарының бұлшық еттері әрі білеуленіп сыртқа теуіп, әрі қыры біліне бастаған. Жабай бір-екі адым алғарақ шығып қызын құшақтап, көтеріп алды да орнына келіп отырды. Құдай-ау, бала жүрегінің соғуы ауыл сыртында ат шауып бара жатқандай болады екен ғой! Бұрын нағып сезбеген мұны?.. Әке сағынышында әлде ненің аты аузына түспей қойып еді, ол осы екен ғой, балапанының жүрегінің соғуы екен ғой. Түрмеде отырғанда үйде қалған бір жылылықты бар денесі, барлық жүйке тамырлары сыбыр-сыбыр етіп жоқтағандай болушы еді. Ол осы қызының жүрек жылылығы екен ғой! Қарлығашым, бөпешім! Бозторғайым!

Жабай екі рет қызын қасына отырғызуға оңтайланды да екі рет қайтадан кеудесіне қыса түсті. Қызы да мұрнын әкесінің мойнына тығып алып, жабысып барады.

— Жабай ағасы-ау, Қарлығаш ағаларымен амандассын да. Босатсаншы — деді Назыкеш. Жабай құшағын сонда ғана ашып жіберді.

Қарлығаш пен Жомарттың тойларына уақыт тығыздығы тағы да келіп араласты. Бірақ бұл ауылда нені болса да ауырлай қоятын әдет жоқтығынан той қалай ойланса солай, жақсы өте береді. Той адам рухының бір желпінісі ғой. Ешбір той жаңа бір көрініс бермей, леп бермей өте алмайды. Адам ойына кіре қалған қырыс-тырыс болса жазып жібере алады.

Бұл ауылдың тойлары да өзінше бір жаңалығымен өтіп жатыр. Әуелі Жабайдың үйінде үлкендер тойы басталды. Одан кейін Шаяхметтің үйінде жастардың тойы өтті. Бүгін міне мектепке «Неке қияр» кеші өткізіліп жатыр.

«Неке қияр» деген аты болмаса, молда жоқ. Қарағанды өңірінде қазақтың өлген-туғанын, үйленгенін тіркеп отыратын ешбір ресми мекеме болған емес. Бала туғанда, баланы піштіргенде, адам өлгенде молда келіп бұл үш оқиғаның үшеуіне де арналған араб дұғаларын оқып, ақша алып, сойылған қойдың терісін алып кетеді. Тіркеуде оның жұмысы жоқ.

Бұланбай ауылына Кенжеғара мен Анардан бастап көп адам үйленді. Бір де бірінде молда шақырылмаған екен. Қосылысар жастардың ата-аналарымен бірге бес-алты адам үлкендер отырады да үлкендердің бірі неке қиярдың

ырымын жасайды. Бұл ауылда ондайды істейтін адам жалғыз Бұланбай еді.

Бұла-ағаң қосылатын жастарды қатар отырғызып қойып — шырақтарым!— деп бастар еді.

— Шырақтарым, сен екеуіңді қосылады деп естіп, тойларыңа келіп отырмыз. Біріңе бірің ризамысыңдар?

— Ризамыз,— дер еді қосылатындар

— Бірінді бірің жақсы көресіңдер ме?

— Жақсы көреміз.

— Бірінді бірің ренжітермін ау, өкпелетермін-ау дегенді сезінемісіңдер?

— Жоқ, сезінбейміз.

— Онда бүгіннен бастап екеуің ерлі-зайыпты адамдар деп саналасыңдар. Жолдарың болсын, бақытты болыңдар! Аллаһа-акпар!— Неке қиылды, жұрт иегін сипады, бітті.

Бүгін Бұланбайдың орнында Кенжеғара еді, қосылатындар Жомарт пен Қарлығаш, (еркек аты бұрын аталу керек) екеуінің әке-шешелері — Шаяхмет пен Нәзира, Жабай мен Назыкеш. Жоғарыдағы сұраулармен жауаптар қайталанады. Мақұлданды, иек қағылды, бет сипалды. Неке қиылды, шашу шашылды.

Некеден кейін көп кешікпей сауық кеші басталды. Мектеп балаларынан құралған хор «Ақан серінің», «Біржан салдың» әндерін айтты.

Екінші бөлім Абай еді. Бұл Кенжеғара мен Анардың бірнеше жылдан бері үнемі жаңартып, толықтырып, отыратын негізгі бөлім болатын. Бүгін бұл бөлімде, «Қыран бүркіт» пен «Көленке басын ұзартып» бар еді. Алғашқысын Нартайдың баласы Рүстем, екіншісін Кенжеғараның баласы Баттал айтты.

Балалар ана тілін өте құнттап оқитын болу керек. Оның үстіне ана тілі мен әдебиет сабақтары әйел колынан өткендігі танылып тұр. Жалынды сөз, жанды сөз, астарлы сөздердің айтылуы ана тілін нәзік сезінетін әйелді таныстады.

— Қыран бүркіт ие алмайды салса баптап!
Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап,
Қыран шықса қияға жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.

Қазақ қоғамындағы мендеп кеткен бір ескі ауруды Абай қалай безіне бейнелесе балалар соны «қышыған жеріне» инедей қадай алады екен.

— Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тарткан бейуаққа
Төмен қарап мұңдасар
Ой жіберіп әр жаққа.
Нені тапсаң оны тап,
Жарамайды керекке.
Өнкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке.
Адасқан күшік секілді
Ұлып жұртқа қайтқан ой
Өкінді, жолың бекілді,
Әуре болма, оны қой.

Абай осы екі өлеңмен-ақ хандар заманынан бері бұзылып келе жатқан ескіліктің ит бейнесін безіне суреттейді. Дәл осы Бұланбай ауылы сол ескіліктен іс жүзінде безініп кеткен ауыл, ақын Абай бұл ауылға осы қоғамдық жағынан ең жақын туысы еді. Бір кезде қазақтың тіл өнерімен жете таныс болмағанына қатты өкінген Кенжеғара соңғы жылдарда ол олқылықты жойып, үлкен мағынасында екі тілді ғалым дерлік ұстаз болып еді. Соның әсері — мектеп балаларынан да көрініп тұр. Балаларында бір сергектік бар.

Сауық кешінде Жомарт пен Карлығаштың қатынасатындары әуел бастан келісілген. Жомарт манадан бері хор мен жеке әндерге де домбырамен, скрипкасымен қосылып отыр. Ара-тұра орыс әндерін де тартады. Арқаның шертпе күйлерін де ойнайды. Карлығаш та іштей әзірленіп жүргені байқалатын еді, ол сауық кешінің соңғы сөзін айтпақ екен. Аз ғана жүрек тоқтатып тұрды да кешікпей Горькийдің «Дауылпаз» жырын бастап кетті:

«Шал — буырыл шалқар теңіз аспанында
Ескек жел — дауыл желі
Түнерген ауыр бұлттарды
Жосылтып айдап, жинап жүр, жинап жүр!
Қара қошқыл бұлттар мен теңіз арасында
Қара найзағайға ұқсап, дауылпаз жүйткіп жүр, жүйткіп!
Кейде қанатымен толқынға соғылардай,
Кейде садақ оғындай бұлтқа атылып,
Таккаббар құс айғай салады, айғай!»

Дәл осы тұста мектеп залына үш адам келіп кірді. Такаббар құстың дауысына еліктегендей Карлығаштың дауысы да нөсер төге бастап еді, кілт үзіліп кетті.

Бұл келгендер Зуев, тағы бір сақал-мұртына қарасаң москал тартқандау орыс. Бір солдатша киінген жас жігіт еді. Москал тартқандау адам бірден кешірім сұрап — жолдастар, кінә бізде. Қыз бала декламациясын тоқтатпа-

са екен. Біз бір тан қаларлық көрініске кездестік білем,— деді.

Кенжеғара қонақтарды алдынғы қатарға шақырған ишарат жасап, Қарлығашқа:

— Басынан баста, айналайын, — деді.

Қарлығаш бірер аттап кішкентай сахнаның алдына жақындады да:

Максим Горький. «Дауылпаз» жыры — деді орысша. Содан кейін қайта бастап келіп, үзілген жерінен жалғастырып әкетті.

Тәкаббар құс айғай салады, айғай!
Оның батыл айғайынан
Бұлттар да қуаныш естиді. Қуаныш!
Бұл айғайда дауыл сағынышы бар.
Бұл айғайдан бұлттар ашу күшін естиді,
Жігер жалынын көреді.
Жеңіс сенімін таниды. Жеңіс сенімін, жеңіс сенімін таниды!
Дауыл алдында шағалалар ойбай салады.
Сар бауыр сүңгуірлер қорқыныштарын сол терең
теңіздің түбіне апарып жасырғылары келеді.
Қара-ала тонды мес қарын Пингвиндер
Семіз денесін қатпар-қатпар тастардың арасына жасырады.
Өмір айқастарының қызығы деген жат оларға, жат!
Дауыл!.. Ұзамай дауыл соғады. Дауыл, дауыл!.. Дауыл!..

Қарлығаш «Дауылпаз» жырын басынан аяғына дейін айтып шықты. Тындаушылар, әуелі гас болып қатып қалғандай үн шығара алмай тынып қалған еді, ұзамай жарылып кетті: құлаштарын кере-кере ашып, алақандар сол шал — буырыл шалқар теңізге ұрылғандай гүрсілдеп кетті. Әлгі москалдау адам атылып сахнаға шықты. Қарлығашқа басын иіп қолын алды, құттықтады:— Сен даланың тәкаббар құсы! Мен сені жақсы тыңдадым, сен де мені жақсы тыңдашы! Мен сені жақсы түсіндім, сен де мені жақсы түсінші! Сені түсінбеуге болмайды екен. Сен адамның көкірегіне дауыл күшін бере алады екенсің. Бүгін осы кеште ұлы Максим Горькийдің өзі болса — аңырау, мен не жазғамын деп тан қалар еді. Мен қазақша бір ауыз сөз білмеймін, бірақ, «Дауылпаз» жырын мен ана тілім — орыс тілінде оқи жүріп мұндай қызынған емеспін. Олай болса бүгінгідей, қазақ тілінде, сенің аузыңнан естігендей түсінбегенім де!... Даланың ардақты қызы, даланың тәкаббар құсы — дауылпазы бол! Айғайын туған далаға тарай берсін! Көкірек тарасын!

Ол адам мәнадан бері Қарлығашты иығынан құшақтай тұрып сөйлеп еді. Сөзін аяқтай келіп, арқаға бір-екі қақ-

ты да орнына келіп отырды. Жұрт оған да алақан соғып қошемет көрсетті.

Ұлы ақындар жәбір-жапа, қорлыққа толы қиянатшыл замандарда бір айғай салмай қалған емес. Ұлы Горький сияқты біздің ұлы ақынымыз Абай да айғай салған. Бір емес, күнде айғай салған. Бірақ, оның сорына қарай, меңіреу қоғам құлақ аспай қойды ғой! Ал Горькийдің айғайы дүниеге естілді. Міне, бүгін-ертең көтерілер қызыл тумен бірге заманның ең биік қыркасында көрінеді!

Қарлығаш «Дауылпаз» жырын соңғы жылдарда Омбыда оқитын жастар сауық кештерінде әлденеше рет оқып машықтанған еді. Аударған семинарияда оқып жүрген жас ақындардың бірі болатын. Оның «Дауылпаз» жырын оқитынын Кенжеғара да, ауыл да бірінші рет есітіп отыр. Қарлығаштың жазғы тәжірибесі былтыр басқа жерде өткен. Бір кезде ол кейбір құнан-дөнен еріккен оқушылардан қашып сауық кештеріне бармай жүріп, кейін Жомарт сияқты сенімді серікке көнілі тұрақтай бастаған соң, сауық кештеріне қалмай қатынасатын болды. Горькийдің «Дауылпаз» жыры мен «Сұңқар» жыры Қарлығаштың тұрақты репертуары болып кетті.

Кеш аяқталып, сауықшылар тараған соң Зуев ауыл үлкендеріне алып келген адамдарын таныстырды:

— Катченко Захар, Петроград жұмыскері, Петроград жұмыскер шаруа-солдат Советінің өкілі. Солдат Озерной жолдас... Омбы жұмыскері.

Содан кейін ол екеуіне Жабай мен Кенжеғараны, Нартай мен Әлішерді таныстырды: орыс-қазақ жұмыскерлер одағының басшы мүшелері. Жабай қонақтарды үйіне шақырды:

— Біздің үйге жүріңіздер. Шайға.

— Жаңағы сізге қатты ұнап қалған қыздың әкесі. Сол қызымызды бүгін күйеуге беріп ұзатып жатыр едік.

— Немене? Басқа жаққа кете ме?

— Жоқ. Өзіміздің ауылда.

— Жолдасы кім?

— Жаңағы музыкант жігіт.

— Молодец, Карл! Үйің толы талант, тағы не арманың бар!

Катченко шай үстінде де Қарлығаш пен Жомартты сұрастыра берді. Қайда оқыған, енді не істемекші? Сұрай-сұрай Омбыдағы оқушылар үйірмелеріне келіп тірелді. Қарлығаш пен Жомарт білгендерінше оқушылар үйірмелерінің жайларын айтып берді:

— Әуелі, біз Омбыға оқуға барудан көп бұрын, орыс-қазақ оқушыларының үйірмелері бірге құрылған екен. Омбыда оқитын қазақ студенттерінің көбі байдың балалары болғандықтан солардың ықпалымен біз барған жылы орыс-қазақ оқушылары болып екіге бөлініп кетті де қайта қосылған жоқ. Былтыр қазақ студенттерінің үйірмесі тағы да екіге бөлініп кеттік. Біз демократтық қазақ студенттерінің үйірмесінде тоғыз-ақ адам қалдық, аналар он үш студент жаңа ұйым жасап алыпты. Біз Қызылжар, Ақмола, Көкшетау, Семей, Қаркаралы, қазақ даласынан келген орыс-қазақ балалары болып қайта қосылып кеттік. Биыл біз олардан үш есе көп едік, қазір жиырма шақтымыз оқуды бітіріп тарап кетсек те қалғанымыз да олардан анағұрлым көп. Омбының солтүстік батыс жағында Қаржас дейтін қазақ қаласы бар.

Екі жүз үйден астам. Сонда барып мектепте сауық кештерін өткіземіз. Омбыда сауық кешіміз көбінесе Семинарияда өтеді.

— Студенттер қоғамдық саяси істерге қалай қатынасады?

— Оны менен гөрі Жомарт жақсы біледі. Сен айтшы, әй...

Жомарт домбырашы, скрипкашы болғандықтан сауық кештеріне, жастардың басқа түрлі кездесулеріне де көбірек қатысатын еді. Бірақ, ду-ду сөз құлағына кірмейтіндей, қанша үлкен топтың ішінде жалғыз отырғандай, елең етпейтін. Сол кезде ол бір күй ойнап отыр ма ішінен, болашақ мал дәрігері ала-өкпе, қара-өкпе, секіртпе ауруларының құрттарын көз алдына әкеліп отыр ма, ол өзінен басқаның бәріне де жұмбақ еді.

Патшалық, хандық құрылыс дегендер ең алдымен ой мен сезімнің тас қамауы. Патшалықтың құлауымен бірге сол тас қамаудың қақпасы да ашылып кетті. Әркімнің есінде мәңгіліктен бері сүрленіп қатып жатқан шер-шемен, қайғы-мұң, қат-қабат армандар, ойлар, әндер жырлар болады емес пе, солары түгел ағытылып, атылып шықты. Әрине барлық ойлар бірден сұрыптала қойған жоқ. Ой мағынасын жел сөздердің у-шуы басып кете беріп еді, көп ұзамай ол да тиылып, заман талаптары ауызға барлық салмағымен алына бастады. Осы кезде Жомарттың да тілі шығып еді. Оқуын бітіріп елге қайтар алдында екі рет сөз сайысына түсіп жолдастарынан мақтау алды. Қарлыған оған «сен айтшы» дегеннен кейін Жомарт күттірген жоқ, Катченкоға жауап берді:

— Студенттердің үлкен саясатқа өресі жете қоймаған

бастарынше. Біз көбінесе, студенттердің қоғамдық бета-ныстарының айналасында сайысып жүрдік. Әуелі бірге құрылған орыс-қазақ, оқушыларының үйірмелері екі бөлініп кеткенде біз, «басталды ұлтшылдық!»— дедік. Өйткені үйірменің басында Борис Фадеев деген керемет жақсы оқушы өте бауырмал тарихшы студент пен юрист Асылбеков деген бейбастық жігіт сияса алмады. Одан кейін қазақ студенттерінің үйірмесі екі бөлініп кеткенде «басталды тап күресі!» дедік. Біздің қоғамдық саясатқа қатынасқан түріміз осы-ақ. Мұнымызды үлкен іс екен деп өзім ойлаған емеспін.

— Жоқ, айналайын, өзің айтқан «басталды тап күресі!» дегенің үлкен сөз! Бүгінгі саясаттың ең үлкені осында!

Содан соң Катченко көпке дейін басқа адамға сөз берген жоқ:

— Міне болашақтың жас қырандары! Мына кішкентай қызыңның өзі дауылпаз ғой!— деді Жабайға — Көріп тұр ғой аспанды кезіп айғай салып жүрген найзағайды! Көріп тұр ғой революцияның дауылпаз ерлерін! Сен шал, қандай бақытты адамсың! Революцияның екі бірдей жас қырандарын қолыңнан ұшырайын деп отырсың. Жақын ол күн! Өзің де мін атына! Айғай салып майданға шық! Сонда көресің қанша ерлер, қанша қызыл сұңқарлар сені қоршап алып майданға бірге аттанарын!

Зуев бұл ауылдың жағдайларына таныстығы жоқ адам қатерек басып қалмасын деп, Катченконың сөзін белді:

— Бұл ауылдың барлық балаларының әкесі мына учитель Кенжеғара Берікқарин,— деді Зуев.— Бұл кісі өз қаржысына үш рет бастауыш мектеп ашты, үшеуі де орысша-қазақша екі тілде еді. Екі мектебін ағылшындар тартып алды, үшінші мектебін көрдіңіз бүгін. Бұл кісінің бір мектебінен үш жүзден астам бала оқып шыққан. Екінші мектебінен — екі жүз елу!

Екінші, бұл кісінің шыққан тегі кедей болмаса да оқып ой-санасы ашылғаннан бері Бұланбай, Алшағыр, Сүгірәлы, Байшегір деген атақты көміршілерге, мына отырған атақты ұстаға ең жақын туыс болып кетті. Бұл жұмыскерлердің бірде-бірі Кенжеғара Берікқариннан жақын туысымыз болды деп ойланған емес. Олардың үй іштері де осыны айтады. Өзінің әйелі сол талған жұмыскерлердің біреуінің қызы, қарындасы, сол жұмыскелердің біреуінің баласына күйеуге шықты. Бұл ауылды біз жұмыскер гвардиясының ауылы дейміз.

Бұл кісінің тағы бір ерекшелігін айта кетейін — он жылдай Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді жұмыскерлері ағыл-

шындармен үздіксіз алысқанда алдыңғы қатарда бірінші болып келе жатқан тағы да осы адам.

— Тек біз сияқты қырсыққа ұшырағанда ғана осындай қадірлі адамдар елеусіз қала береді, деп, бастады Катченко.— Біздің патшалықтың барлық [illegible] мәңгілік өзгермейтін бір мінезі осінен [illegible]. Солай болған соң өскен қоғам қалай жасалмақ керек, қоғамның шылауында өзді-өзі бірін бірі [illegible] нысып жүріп өздері қалай өсіп? Бар білетіндерің [illegible] үшін айтқанын бәрі жаңылмай қайталау болған соң [illegible] бір дарақы кезеңнің ардақты дарақылары болып қала бермек. Бірінші Петрден басқа кай патша халықтың есінде қалды? Қымбатты халық оқытушысы, біздің заман енді туып келеді. Ұзамайды күн шығады, біздің оқытушы сол кезде бірінші адам болуға тиіс!

— Рахмет, рахмет!

Осындай достық сөздердің адал да сенімді тілектердің арасында шай да ішіліп кеткен еді.

Катченко Назыкешке рахмет айтып ауыл адамдарымен қоштаса бастап тұра келді:

— Мен Петроград жұмыскері, қазақ даласында бүгін өмір бойы есте қалатын кеште болдым. Жастар қанша өлең айтса, қанша музыка естісем, соның бәрі есімде, өмір бойы сақталар деп ойлаймын. Қазақ жұмыскерлерін Зуев достарын қалай мақтаса да, қанша мақтаса да, көзіммен көрмеген соң түгел сене алмап едім. Міне бүгінгі кеш сендіру былай тұрсын, есімнен тандырды деуге жақынмын. Қазақ әндері, орыс әндері, мектеп балалары, оларға қосылған жас әйелдер, жас жігіттер!... Осының бәрі сіздің халқыңыздың жан-жүрегінің кендігі, мырзалығы, тазалығы, мейірмандығы, қонақ-жайлығы емес пе!

Айналайын қызым, Қарлығаш! Сен менің өзіме, орыс адамына ұлы жазушы Максим Горькийді қалай түсіну керектігін үйретіп жібердің! Жиналыстар кезеңі туды. Мен оны әр жиналыста айтқызатын боламын. Қазақ даласының Қарлығашындай айтыңдар!— деп қоятын боламын.

Зуев қонақтарды алып Қарағандыға жүріп кетті. Бұл ауылдағы орыс-қазақ жұмыскерлер ұйымының мүшелерінен сағат тоғызға Ақбұйрат та кездесуге шақырды. Неке қияр кеші Қарлығаш пен Жомарттың тойы ғана емес, қазақ ұлы, қазақ қызы деген жаңа адамдардың бәрінің тойындай күн шыққанша созыла берді, созыла берді...

Бұл кезде Хорслэйдің күндері де адам қызығарлық емес еді. Уақытша өкімет орыс жастарын армияға алып кетті. Олардың ішінде қолға түсе бермейтін мамандары да бар еді, бұзақылары да аз болмайтын. Қай жағынан қарасаң да үш өндірістен жүзден артығырақ орыс жұмыскерлерінің әскерге алынып кетуі бұл кезде орны толмайтын олқылық еді!

Азық-түлік, өндіріс товарлары екі айдың ішінде күн санап қымбаттай келіп, қазір екі еседен төрт есеге дейін көтеріліп кетті. Мұның аты жұмыскер жалақысын да сол шамада өспей қалмайды деген сөз ғой, хош!..

Бұдан былай жұмыскерлер азық-түлік, өндіріс бұйымдарын өзі табатын болсын десек қой, ертеңіне катастрофа! Өз аяғың мен өз басыңды өзің алып кете алмайсың.

Өндіріс жұмыстарының өзі де ілгерілі-кейінді кетіп, тек қана жұмыскерден айрылмау айналасына жентектеліп келеді. Тоқтаусыз жүріп жатқан бір-ақ жұмыс бар:— уәделескен жұмыскер барақтарын кезінде салып бітіру.

Англия олай бал ашып, былай бал ашып — күн бір ашылар деген кәрі данышпандыққа сүйеніп отыр тырп етпей. Қоңырау қақты. Фомин келді.

— Келе жатыр ма?

— Әзір көрінбейді.

— Енді оларды біз күтетін боламыз да!

Зуев пен Кенжеғара кіріп келе жатқанда Хорслэй алтындатқан арнаулы Пьедесталда тұрған сағатқа бір қарап қалды. Онысы кешігіп келгендерге аңғартқан сыны екенін түсінсе де олар оны елемей-ақ келген жұмыстарына кірісіп кетті:

— Көп кешіктпей қабылдағаныңызға рақмет, Хорслэй мырза. Біздің біраз кешіккеніміздің себебі — кеше керекті бір мәселе еске келмеген екен,— деді Зуев.

— Пожалуйста, айтыңыз.

Кенжеғара сөйлеуге оңтайланып, бірнеше тарақ қағазды ашып алдына қойды. Бұл оның қашанғы бергі педагогтық әдеті. Содан соң қызбай ғана педагогтарша әр сөзін дәлелдеп сөйлеп кетті:

— Айтылып жүрген жай ғой — жазықсыз жазаланып жеті жарым айдай түрмеде отырып қайтқан жұмыскерлердің тіршілік тұрмыстары киратылып қалған екен. Олар түгелімен шахтаға қайта түсті. Көпшілігі көмір де, мыс шахталарында, бәрі штейгер, мастер, ветеран жұмыскерлер. Осыларға үш өндірістің үшеуінде де бір-бір арнаулы үй-

лер салынса екен. Отызға тарта ветеран жұмыскерлерге әрқайсысына екі бөлмелі, оңаша қазандықты пәтер салып беру аса көп шығын да бола қоймас, және өзін өзі ақтамай да қалмас. Бүгінгі жұмыскер қанша керек болса, ертеңгі жұмыскерлер солардың балалары ғой... Бүгінге дейінгі келісімдерімізге бұл мәселе кірмей қалған екен.

Хорслэйде тартынған жоқ;

— Биылғы жылымызды құрылыс жылы деп атауға бойымыз біржола үйренді. Ұмытқанды еске салғандарыңызға рахмет... Не, керекті мәселені ұмытқан екенбіз. Біздің негізгі іс жоспарымыз бұзылып болды. Биылтыр үш жүз мың таза мыс алсақ, биыл оның жартысына қанағат ететін болармыз. Жылдың ортасына таяна келе жүзден аса жұмыскердің әскерге алынуы ешбір заводтың басына тілемейтін апат. Жасырмаймын, біздің Мәскеудегі орталығымыз уақытша өкіметке күніне екі арыз түсіріп отырмыз,— қолма-қол жәрдемді уақытшаның облыстық, ояздық комиссарларынан күтіңіздер деп жазады. Ол комиссарлары қашан келеді. Қайда жүр, оны ешкім білмейді. Мен өзім ешбір уақытша өкіметтен жәрдем сұрамақ емеспін. Осыдан бес күн бұрын Қызылжарға тасылып жеткізілген жетпіс мың пұт мысымызды сол комиссарлар тартып әкетіпті. Жоқ, олармен менің байланысым болмақ емес. Сіздермен менің одақтаспын дей аларлық екі себебім бар: біреуі — бізге керекті жұмыскерлерді сақтап қалуда сіз бен біздің ойымыз бір жерден шығады. Екінші, сіздер шахтаны, заводты бұлдіруге, қиратуға, өртеуге, жалпы қасастық істеуге қарсы адамдарсыздар. Менің бағып отырғаным да осы екеуі. Сондықтан, мен ұмытқанды еске салғандарыңызға рахмет айтамыз. Ал енді келісіп алайық: бөлек-бөлек үй сала алмаспыз. Оған жәбірленбеңіздер. Бес-алты пәтерді біріктіріп салуға келісім берсеңіздер оны да қазір қолға алуға болады. Көп болса әр өндірістен тағы да қырық-елу шахтерді үй салу жұмысына ауыстырсақ онша қиындыққа ұшырамаспыз. Осыған келіссек, басқа жұмыстарымызға көшейік.

Сөзді Зуев сұрап алды:

— Хорслэй мырза, жаңа ғана шешілген мәселеге әшейіндегі қарсылық болмағанына бізде сізге рахмет айтамыз. Ал енді уақыт тұрпаты басқа мәселелеріміз туралы да ұзақ таласты көтермейді ғой деп ойлаймыз. Біздің ұсынған талаптарымыз белгілі. Сіз қай шамада мақұлдайсыз?

— Тұтас алғанда бұл мәселелерін де қашан келіп есік қағар екен деп отырған мәселелерім. Уақыт соншалық қысылтаңдыққа айналғанда жұмыскерлер неғұрлым ұстамдық

көрсетті. Ол сіздер басқарған ұйымның мейірбандығы деп жорыдық. Бәрі де өте қажет, өте тез шешуді керек ететін жайлар. Сонымен бірге кейбіреулерін сіздің талаптарыңызға орай қабылдаудың қиындығы көп.

Мысалы — сіздер жалақыны жұма сайын беріп тұруды талап етесіздер. Бізге жалақы есебіне берілетін азық-түлік пен өндіріс товарларын Ақмоладан алып келу үшін кемінде он күн керек. Сондықтан, жалақы он күнде бір беріліп тұрсын, осыған келісейік.

— Қазір азық-түлік бағасы айына екі рет өсіріле бастады. Он күнде екі рет өсірілсе жұмыскер жалақысының қолына тиері қанша болмақ?

— Бұған менің айтарым жоқ,— деді Хорслэй.— Бірақ, басқаша істер амалым да жоқ. Жұмыскерлердің азық-түлігін тасуға арнаулы түйе керуендерін жасадық. Өндіріс товарларын тасымалдау жалпы кірешілерге жүктелді. Өйткені өндіріс товарларының көпшілігі Қызылжардан алынады. Компанияның барлық жайы өздеріңізге мәлім. Іркіп қалып отырған ешбір мүмкіншілігіміз жоқ. Келісейік осыған.

— Бұл мәселені бүгін ұйымның талқылауына салып соңғы сөзімді сізге ертеннен қалдырмай хабарлайық. Ал, жұмыскер жалақысын өсіру жөнінде қандай қорытындыға келдіңіз?

— Сіздер жұмыскер жалақысын өсіруді әрі қызық, әрі қабылдай алмайтын түрде қойып отырсыздар Апта сайын әртүрлі товардың бағасы қанша қымбаттаса, жалақы да соған орай өсіп отырсын депсіздер. Сабын, орамал, тұз, керосин, ұн, сиса, шай, қант, ет, ішкі-тысқы киімдер. Бұлардың бәрінің бағасы бір мезгілде өсе бере ме? Сонша көп болса екі есе өсер деп шамаладық. Соған орай үстіміздегі жылдың қалған алты айына жұмыскер жалақысын екі есе өсіруді әделет көреміз. Осыны қабылдауларыңызды өтінемін.

— Жарайды. Мұның жауабын ертеннен қалдырмаспыз.

— Тағы да сұрауларыңыз бар ма?

— Ең соңғы мәселе: жұмыскерлерге жалақы берілетін жерлерде кадақ пен килограмның қасында, метр мен кездің қасында бізден екі адамнан бақылаушы тұратын болса екен.

— Жақсы, жақсы. Мен бүгін шешуге болатын мәселені ертеңге қалдырғанды ұнатпаймын: қабылданды.

— Онда көріскенше күн жақсы. Хош болыңыз...

— Хош, хош!

Зуев пен Кенжеғара шығып кетті. Мысқылдай сөйлеп Холл келіп кірді:

— Сіздерде лейбористер партиясының болғаны күнде керекке жарап жатыр-ау деймін, мистер Хорслэй? Біздің Америкада шаш тарау фирмасының директоры жұмыскерлермен осынша ұзақ сөйлесуге шыдай алмас еді. Сіз немене, қазір кеткенмен қайта айналып келгенде керегі болар деп Европалық демократияның тұқымын сеуіп кеткіңіз келіп жүрген жоқ па?

— Россия топырағына біздің демократияның тұқымы өсіп-өне қоймас, мистер Холл. Россия жасағалы жатқан демократия түп тамырымен басқа! Калжыңдауды көтермейді. Ол тоқсан үшінші жылғы Парижға да, бесінші жылғы Россияға да ұқсайтын түрі жоқ. Оның аты коммунизм болып шықса сонда күлерсіз. Петербургта патша құлаған кезде «Марсельезаны» айтушы еді, енді міне, не бары үш айдан кейін «Оян, қарғыс таңба басылғанға» көшіп болыпты. Істің жайы осылай, достым. Мен қазір екі-ақ ойды күзетіп отырмын: жұмыскерлерден айрылып қалмау, шахталар мен заводтарды бүлдіруге себепкер болмау... Фермер екеуіңіз маған күле тұрыңыздар... Ертең не боларын сіздерден көрі мен жақсы білемін деп ойлаймын. Сонда мен де күлермін.

— Ие, не болады?

— Турасын айтайын ба?

— Әрине турасын айтыңыз.

— Турасын білгіңіз келсе енді екі айдан кейін Фермер Лондоннан алты айға демалыс сұрайды. Алты ай емес, алты апта босайсың десе де қуана-қуана кетіп отырады. Үш айдан кейін сіз, Холл мырза, Америкаға барып келуге үш ай демалыс сұрайсыз. Екеуіңіз де орала қоймассыз... Сонда мен нені ойлауым керек? Не істеуім керек?

— Ойыңыз тым тұнжыр екен...

— Адам рухы айналасынан бөлек жасай алмайды деген философия да бар емес пе?

— Біз әрине кезекті демалысымызды алмай қоя алмаймыз.

— Әрине, әрине. Екеуіңіздің орнынызға екі швед келетін болды. Әуелі сол екеуін бір айдай іске таныстыратын боларсыздар.

— Жұмыс жоспары өзгермейді ғой?

— Қайдағы жоспар!? Жәрдем күткен уақытша өкімет Богай конторына өткізетін таза мысты жолдан тартып алып отыр. Соңғы жолғыны қосқанда жетпіс мың пұт! Жылдық жоспарымыздың төрттен бірі! Уақытша өкіметтің

ақшасынан төлемекші. Ол ақшаны орыстардың өздері де алмапты.

— Сіздің жұмыскерлер жалақымызды ақшадай бер демейтін бе еді? Беріңіз сол ақшамен.

— Жо-оқ!.. Олар енді түп-түгел азық-түлік пен товарға көшіп алды. Біздің трагедия осында болып отыр. Кірешін Қызылжарға дейін қалай бос айдарсың? Мыс жіберсең уақытша өкімет тартып алады. Қазақтың бір есуас мақалына ұшырасып отырмыз:—«Оңға бұрсаң өгізің өледі солға бұрсаң арбаң сынады». Жә, бос жоқтауды қоя тұрайық. Қазір заводқа тасылған көмір қанша уақытқа жетеді?

— Ең кемі үш жылға...

— Онда темір жолда бір жылға көмір тасудан босатуға да болады ғой?

— Әбден болады.

— Тасылған мыс кені қаншаға жетеді?

— Еркін екі жылға!

— Жақсы, өзгесін, жүріңіз кафеде сөйлесейік.

Зуев пен Кенжағара Берікқарин қайтып келгенде ұйым мүшелері түгел жиналған екен. Орталарында Катченко, терезеден алысырақ отырғандарының көк-ала түтінінен жүздері әрең-әрең танылады.

— Ал, сөйлендер!

Зуев Хорслэйде болған әңгімелерінің бірін қалдырмай айтып болып Кенжағараға қарады:

— Маңызды бірденені ұмыт қалдырған жоқпын ба?

— Жоқ, жоқ, түгел.

— Өздеріңе ризашылық бердіңдер ме?

— Жоқ.

— Жоқ! Неменеге келіспедіңдер?

— Бәріне де келістік. Артығымен келістік. Дегенмен орыс-қазақ жұмыскерлері одағының елшілігі ойыншық емес екендігін білсін деп, барлық жауабымызды ертеңге қалдырдық.

— Міне, нағыз елшілер!— Катченко екі елшінің қолдарын қысты. Ұйым мүшелері алақан соғумен мақұлдасты.

Бүгінгі жиналыстың екінші мәселесі Катченконың баяндамасы еді. Баяндама ұзақ болмағанымен күнделікті тұрған бірінші мәселе еді. Катченко осыдан бастады:

— Жолдастар, қазіргі кезеңнің маңыздылығы сонша, ай емес, апта емес, сағат сайын қандай құбылыстар болып жатқанынан көз айыруға болмайды. Отанымыздың орталығында уақытша өкімет құрылғанын білесіздер. Жұмыс-

керлер мен солдат депутаттарының кеңесі қысқартып айтқанда Совдеп деп аталатын екінші өкімет бар. Мұның ішінде өкімет туына таласып алас-ұрып жатқан эсер және меньшевиктер бар. Кеңжеғара Бірікқарин жолдас қазақ халқында «жау жағадан алғанда, ит етектен алады» деген мақал бар деді. Эсер, меньшевик дегендер өздерін өзде-сол етектен алатынға айналдырып отырғандарын түсін-бейді. Бұл тақырыптарға мен кейкі лекциямда кеңірек тоқталармын. Енді екі сағаттан кейін митинг белгіледіндер гой. Онда да біраз нәрселер айтылар. Ертен Ақбұйратта, арғы күні Нілдіде митинг. Ұйым басшылары бәріне де қатынасар, сөйлер деп сенемін. Қазір айтайын дегенім өзімізге жақын жерлердің хабарлары. Омбыда совет құрылды. Уақытша өкіметтің облыстық басқарушылары мен қатар екінші өкіметтің — Бүкілроссиялық Совдептің облыстық орталығы болып Совдеп іске кірісті. Ұзамай Ақмола облысының жеке Совдепі, ояздық Совдеп құрылады. Содан кейін аудандық, өндірістік совдептер құрылады.

Менің байқауымша Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді жұмыскерлері бүкіл отандық жұмыскерлер табының ұлы қозғалысынан жырылып қалмайды ғой деймін. Әсіресе жат елдің қанауында, теңдік, еркіндік дегендерге мойындамай келген жат жалмауыздардың құлдығында отырған қазақ жұмыскерлері де ұлы күреске әзір екендігін іс жүзінде көрсетіп келеді. Күрес үстінде қолдарын жеткен табыстарын да аз емес, жеңістерін де аз емес. Енді мына өз өкіметінді құрып алу майданында ерліктерін еселей түсер, өсе берер деп мен Петроград жұмыскер табының атынан сенім көрсетемін: Сәлем сіздерге Петроград жұмыскерлері атынан! Сәлем сіздерге жұмыскер бауырларыңыздың атынан! Теңдік үшін, азаматтық үшін, достық үшін! Аспанда ойнасын жұмыскер табының қызыл туы!

Бұлай сөйлеу жалпы қазақ даласына бірінші рет келіп тұр. Әсіресе, ағылшындар құлдығындағы жұмыскерлер үшін от шашып жалындап тұрғандай сөздер еді. Әшейінде талай айтылып, естіліп жүретін сөздер ойланып пайдалана алсаң еркектігіне ерлік қосқандай, қанат бітіргендей болады екен-ау!..

Қатченко енді бір кезде — ескі дүние құлайды жаһаннаға!— деді.— Күлі қалады орнында! Біздің таң атты. Тек күн шығуын күтеміз. Ол күн шығады, ұзамай, шығады! Сол күні Қарағандыда қызыл тулар желмен ойнап желбіреп, қазақ даласына азаттық, теңдік, достық, бауырмалдық лебін тарата бастасын! Совдеп, Совет өкіметі деген сол!

Үйим жиналысы тарап жатқанда Катченко Жабайды ақылдасып — митингіге сенің кішкентай Қарлығашың қатынаса алмас па екен?— деді.

— Қатынаса алады,— деді Жабай.

— Қазақта ондайға тиым салатын заң жоқ па еді?

— Байларында бар. Жұмыскер жастар қосылған түні шахтаға да түсіп кете береді.

— Мен қатты өтінеді дерсің, екеуі де келсін.

— Жақсы.

Қарлығаш пен Жомартты Нартай мен Әлішердің әйелдері ауылдан Қарағандыға алып кеткен. Нұрила мен Жанияға ол екі жас өз балаларындай тәтті еді. Жас жұмыскерлердің арасында бір жан аяспас достық, туысқандық бар. Әсіресе Қарлығаш пен Жомарттың қосылғаны жұмыскер жастар үшін бәріне ортақ бақытгай көрінетін. Нартайдың әкесінен қалған ескі үйінде бірталай жастар жиналып мәз-майрам! Қуаныш үстінде отыр. Өлең айтады, жаныллтпаш айтады, жұмбақ айтады, ұпай салысады.

Жабай, Кенжеғара, Нартай, Әлішер төртеуі жиналыстан кейін осы үйге келді.

— Нұрила, аштан өлейік деп келдік. Тай сойып па едің, қой сойып па едің? Әкел бері!— деді Нартай.

— Төртеуіне төрт марка пісіп тұр. Отыра қалыңдар.

Шынында да төрт сазан балық төрт марка атауға тұрарлықтай екен. Картоп, жұмыртқа, сары май, мен күнбағыс майға қуырған семіз сазандар жеместен тойғызғандай...

— Бұл алтын сазандар күні кеше «Маржан көлде» өлең айтып ойнақ салып жүр еді, өткен түні менің ауыма түсіп қалыпты,— деді Нартай.

— Сок!— деді әйелі Нұрила.

— Апырай, мен сөйлегенде тыныш отыру дегенді білмейсің-ау сен!

— Сөзді қой. Жұрт тамағын дұрыстап ішсін сен тыныш отыршы өзің. Білгің келсе балықтарды беріп жіберген Шаяхмет ағай.— Қарлығашым, қуаныш үстінде келгелі аш жүр...— депті.

— Қойдым, Нұрила-жан, қойдым, бірақ, жаным-жарым, есінде болсын, ойнап-күліп отырып ішкен-жегенің сіңімді болады.

Тамақтан кейінгі шай үстінде Жабай балаларына Катченконың сәлемін айтты:

— Катченко ағаларын катты өтінемін, митингіге екеуі де келсін,— деді қалай, әзірмісіндер?

Жомарт Қарлығашқа қарады. Қарлығаш кідірген жоқ — әзір болмасақта барамыз да,— деді.

— Тағы бір қосқаным бар деп едің ғой?— деді Жомарт домбырасын ала беріп, Қарлығашқа.

— Ие, не, бар: Дауылпаз оларды мазақтап күледі,— дегеннен кейін үш рет ха, ха, ха!— дегім келеді. Соны ұмытпай домбыраға қосатын болшы.— Жомарт домбыра пернелерін саусақтарымен кезіп отырып, керекті үнді тапты да — осылай ма?— деді.

— Солай, солай.

— Шіркін осыны аяқтала бергенде сырнаймен лекілдетер ме еді!— деді Нартай.

— Нартайдың ойнап айтқаны қашанда шынға бергісіз!— деп Кенжекара Жабайға қарады. Басқа сөз қосылған жоқ. Бәрі бірге митингіге кетті.

Митингіден кейін жас әйелдер ауылға қайтып еді. Оларды Кенжеғараның үйі күтіп отыр екен. Шешелер де сонда, ауылдың жастары да сонда.

— Әкелерің, ағаларың қайда деп сұрады Анар.

— Кешегі адамның лекциясында қалды, үш сағатсыз келе алмас.

Өзгелерден кейінірек кірген Жомарт есіктен кіре-бере жап-жаңа сырнайды дар еткізе түсті. Екі езуі құлағында Жаяу Мұсаның «Хаулау — лайын» ойнап шешелерінің алдына келіп тоқтады.

— Қарағым-ау, әкелеріннің қалталарын қақтырып келгенбісің?— деп қалды өз шешесі.

— Біз тіріде шалдарға ақша не керек, тәңірі? Балалардың бір қуанғаны не тұрады? Тек шалдарымыз да, балаларымыз да аман болсын!— деп Назықеш құдағиының көңілін аулап жіберді.— Үп шығарма! Ойнай бер, қарағым...

Нұрила мен Жания бірін-бірі кимелей сөйлеп митингіде не болғанын айта бастады:

— Митингі дегеннің не екенін біз қайдан білейік. Мен өзім мына ұлымыз бен қызымыздың тойы емес пе деп қалдым. Мыңдаған адам соқсын көп алақандарын!.. Біз мынау екеуміз кеттік жоғалып көптің ішінде!

— Өй, көк ми! Ақымақ! Басынан бастамайсың!— деп Жания шап берді Нұрилаға.

— Сен киліқпей тұра тұршы, әй! Бас жағына да келемін ғой: Ие, бас жағы да қызық болды. Бұла-атаң үйінің аржағындағы кең дала бар ғой, жұрт сыймай кетті соған. Бір орыс, бір қазақ жігіті әуелі Жабай-ағаң мен Кенжеғара ағаңды алып кетіп еді. Қайта келіп Қарлығаш пен

Жоғартып алып кетті. Сонан соң оларды бипк мінбердің үстінде көрдік. Әлгі Зуев дейтін орыс қолын көтеріп айғай салып жұртты дабыр-дүбірін тоқтатты. Содан соң кешегі өзімізде қонақ болған орыс сөйлеп кетті. Даусы қалай күшті еді!

— Жолдастар! Жұмыскер жолдастар!— деген де мыңдаған адам ауызға ұрып қалғандай жым болды. Ар жағын сен айтшы, әй, барлық сөзім «Мені айт! Мені айт!»— деп тұрғандай тығылып қалдым... Сен айтшы,— Нұрила өзі жыламсырап бұрылып кетті.

Енді Жания жалғастырып әкетті:

— Ойбой, бозөкпем-ай,— деді әуелі Нұрилаға қарап. Содан соң Катченконың сөзіне көшті:

— Бауырларым, Қарағандының ер жұмыскерлері, сіздерге Петроград жұмыскер бауырларыннан сәлем! Жалынды сәлем! Он жыл жат капиталының, жат жалмауыздардың қорлығында, құлдығында жүріп үздіксіз арпалысқа қажымаған, жат елдің обырларына бас имеген ерлер! Біздің таң атты, біздің күн шығып келеді. Біз Петроград жұмыскерлері құлаттық патшаны! Құртамыз құлдықты! Құлатамыз қан сорғыштардың ордасын! Қиратамыз ескі дүниені! Жаңа дүние орнатамыз! Қалыс қалмандар ұлы майданнан! Күні ертең фабрикалар мен заводтардың, шахталардың иесі сенсің, жұмысшы табы!

Жұрт азан-қазан айғайлап:

— Сәлем ұлы Петроградқа!

— Сәлем Петроградтың жұмыскерлеріне!

— Жасасын Петроград!— деп айқайды аспанға көтеріп кетті. Мынау екеуміз жылап жіберіппіз

Осы сөздерге дейін Жания оратордың сөйлеу ырғағына салып, әр сөздің дәніне мән бере қайталап еді. Түгел аяқтауға оның да шамасы жетпеді, тоқтап қалды. Қызарып кетіп, ол да теріс айналды. Өмірінде бірінші рет естілген тым жаңа сөздерден ой-сана түгел толқынданып кетіп еді. Қарлығаш тұра келіп жеңгелерін кезек-кезек құшақтады:

— Айналайын, алтын жеңгелерім! Бір сөздің қадірін кетірмей алып келіпсіндер!— деді.— Содан кейін Анарға бұрылып Кенже-әкем де керемет сөйледі,— деді.

— Не деді, не деді?

— Қарлығаш өзін айтшы, қасында тұрдың ғой.

— Өзің айтшы.

— Мен есім кіріп, өз жөнімді өзім ойлауға жеткеннен бері осы маңайдағы үш өндірістің жұмыскерлері, сендердің өкілдерің, сендердің елшілерің болдым ғой деп ойлаймын,— дегенде жұмыскерлер «Рас, рас! Уа, көп жаса!»—

деп айғай салды.— Әуелі мен Бұланбай, Алшағыр сияқты атақты көміршілердің не баласы, не інісі болып кетіп едім. Осы күні жас жұмыскерлердің ағасы болдым деймін.

— Дұрыс, дұрыс! Әкесі болдың! Әкесі болдың!

— Сені бөтен деген адам құдай жүзін көрмесін!

— Мен сендердің аттарыңнан ұлы Петроградтың ұлы жұмыскер табына қазақ жерінің жұмыскерлері — біз бірге-міз сіздермен деп уәде еткім келеді,— дегенде алаң күңіреніп:

— Уәдс! Уәде!— деп айқайлады.

— Мен сендердің аттарыңнан ант бергім келеді!— дегенде айғай тіпті аспанға өрлеп:

— Ант! Ант!— деді.— Анар — апа-ау, бұл біз естіп-білмеген дүниенің хабары ғой. Біздің ешқайсымыз айтып жеткізе алмаймыз. Кенжеғара әкемнің жүзіне бір қарап қалсам қорқып кеттім — көздері от шашып (қаһарлы от!), қабақтары қара бұлттай түнеріп кеткен екен. Қолдарын сермегенде түрменің темір торларын үзіп жібергендей от жарқ еткені көрінеді. Мен «Дауылпаз жырын» жақсы айтып жүрмін десем, әлі де ескі дүниені талқандайтын дауыл күшін, қара найзағайдай аспанға шаншылатын Дауылпаз құдіретін жеткізе алмай жүр екемін.

Захар Катченко мен Кенже — әкемнің сөйлегендерін байқап тұрсаң көз алдыңа келмейтін дауыл жоқ. Өрт жоқ, тас-талқан да жоқ! Көз алдыңнан сұңқарлар да өтіп жатады, дауылпаздар да өтіп жатады. Түрмелер, магазиндер, алтын сарайлар ертегідегідей ұшып түсіп талқан болады! Дауыл ұшырып әкеткен ақбоз үйлер де доптай домалап барады.

— Қалқам-ау, бөпешім-ау!— Тоқташы енді, шаршадың ғой!— деп Анар құшақтап алып, Қарлығашты қасына отырғызды.— Шай іш.

Қарлығаштың қызу толқыны әлі басыла қойған жоқ еді, шешесіне бұрылып:—«Мына екі қаптырманың жоғарғысын алып тасташы, кеудемді қысады екен»,— деді.

Екі шешенің Қарлығаштың ұзатылар тойына арнап тіккен киімдерінің бәрі де сыпайы, келісімді болатын. Бүгін ол жеңсіз күрең барқыт камзол мен көгілдір жібек қос етек көйлекпен, магазиннен алынған алтындатқан төбетеймен митингіге жарқырап шыққан. Қара найзағай болып жер мен көктің арасында атылып жүрген құсты елестеткенде, сұңқардың ағының елестеткенде жеңсіз камзолдың жоғарғы қаптырмасы кеудесін қысып қалып тұрып еді. Қарлығаш соны айтып еді. Шешесі — онда төменгі қаптырманы азырақ жоғары қадау керек болар?— деді.

— Солай етерсің, апа. Ертең Ақбұйратта, одан арғы күндері Нілдіде митинг болады. Жомарт екеуміз үш-төрт күнде әрең оралармыз.

— Құдай-ау, үйде бір күн тыныш отыра алмай қойдың-ау, құлыным!— деді Жомарттың шешесі.

— Келесі бір жолы өзіңді де ала кетеміз, апа! Осындай кезде біздің әке-шешелеріміз қалай үйде отырып қалады. Жаңа заман келе жатыр. Есігіңді ашық ұстау үшін ол заманның қандай боларын біліп отырған жақсы емес пе?

— Солай солай-ақ шығар-ау, Назыкеш апаңа еріп шықпасам, мен бастарына әлек болармын.

Кешкі тамақтан кейін жас зайыптар дем алуға кетті. Асығыстау екенін жасыра алмай Шаяхмет келді. Аздап күлімсірей сөйлеседе көнілінің бір абыржуы бар сияқты!

— Нәзира-ау, балалар ертең екі-үш күндік жолға шығамыз дейді, Ақбұйратта анда — құдамыз жоқ. Жолдарына бірдеме пісіріп бермейсін бе?

— Нілдіге де барамыз дейді, онда тамыр-танысы бар ма екен балалардың?

— Бар. Балаларды өзім алып жүремін. Кенже-ағаң екеуміздің бір-екі достарымыз бар онда. Бірақ біз жеті кісі боламыз ғой. Өзіміз де азық-түліксіз болмауымыз керек.

— Сонда мен не әзірлейін?

— Бауырсақ пісір, үйдегі бар балықты қазір сал табаға, қуыра бер. Мен таң ата ауды карап келермін. Ілігер бірдеме. Оны жай асып пісіріп берерсін, жүр үйге.

Назыкеш Нәзира құдағимен бірге тұрып, бірге кетті. Түн ортасы ауа еркектер қайтып келді. Сырттан арба дыбысы келгенде-ақ Нұрила мен Жания жүгіре шығып Жабай мен Кенжеғараны қолтықтап әкелді. Бірін-бірі қолтықтап Нартай мен Әлішер де пандана басып келе жатыр. Біріне бірі «қолыңызды жуа отырыңыз»— десіп қояды.

— Әуелі сіз.

— Жоқ, сіз, сіздің жолыңыз үлкен. Алты күн ағалығыңыз бар...

— Сіздің әйеліңіздің жолы үлкен. Біздің бәйбіше сіздің бәйбішеңіздің ескісін киіп өсіпті.

— Онын есесіне көлден қайтқанда сіздің бәйбішеңізді біздің бәйбіше арқалап алады екен...

— Болды, болды!... Иван Иванович пен Иван Никифоровичке ұсамай, жуындар қолдарыңды, отырындар!— деді Анар әдейілігі бар катал дауыспен.

Анардың тамағы әзір, самауырыны бұқтырулы тұр еді, жаюлы дастарханды айнала отыра кетісті.

Тойынды әзірлей бер! Жания сен де жайбарақат отырып қалма, Нілдіде Әлішер сөйлейді,— деді Кенжегара.

— Нұрила-жан, ертең Ақбұйратта Нартай сөйлейді.

— Ойбай-ай, бүгінгі сіздердің сөздеріңізден кейін бұл екеуіне не қалды айтатын!— деп Нұрила шын қысылып қалды.

— Біздің Әлішер қысылмайды...— деді Жания, таң атқанша Нартайдан артық сөйле, Нартайдан артық сөйлемесең есікті ашпаймын деп құлағыма құйып шығам. Естірсің Әлішердің не айтқанын! Тойып ал, жүрексінбе, айналайыным!

— Пай-пай-пай!— Менің не істейтінімді қайдан біліп қала қойдың, антұрған?

— Анаржан, Кенже-ағасының қалай сөйлегенін естіген шығарсыз? Қарағанды жұмыскерлеріне үлкен қуаныш болды,— деді Жабай.

— Естідім, Жабай-аға. Өзіңіз қасында тұрған соң арқаланып кеткен ғой.

— Митингі біткен соң қоршап алып, қолдарын созып қамалаған жұрттың арасынан әрең сытылып шықтық.

— Қарлығаш жүрексінген жоқ па, Жабай-аға?

— Ол жүрексіну дегенді білмейтін болыпты. Құдай тек мандайымызға сыйғызсын.

Еркектер қанша шарашап келсе де өткен бір күннің қуаныш қызуы ұйқы барын, дем алу барын ұмыттырып кеткендей. Сол күннің әртүрлі қызықтарын қайта еске салады. Нартай әрине бір қызық анекдот дерлік әңгіме айтты.

Қарлығаш «Дауылпаз» жырын айтып тұрғанда бір орта жастағы аласалау әйел — айналып кетейін-ай, санқылдаған даусынды естіп тұрмын-ау, жүзіңді бір көре алмағанымды қайтейін!— деп екі-үш рет айтып, сығылысып тұрған еркектердің арасынан мойнын қанша созса да Қарлығашты көре алмай ынтызар болып, безектей беріп еді. Көзі әркімге бір түседі. Алға қарай өте алмай тұр. Енді бір ретте көзі сом денелі, биік бойлы Нартайға бір-екі рет түсіп кетіп еді, Нартай әйелді балаша иығынан асыра көтеріп тұрды да:

— Көріп тұрмысын?— деді.

— Көріп тұрмын, шырағым... Перінің қызы ма, періште ме! Айналайын-ай Күнжан болып күннен тудың ба, Айжан болып айдан тудың ба?.. Көзден-тілден аман бола гөр!— деп, осы сияқты ақ тілектерін айта берді.

— Әкесі әне, қасында тұр. Шешесі өзіндей бір жұмыскер әйел,— деді Нартай.

— Анау қара шал ма әкесі?

— Не сөл
— Құдай берейін десе аямай бере салады екен-ау! Айналайын-ай, ұшып кетер ме екенсің! Апырмау, қанаты бар ма өзінің! Қой, қазақ қызы болмас. Періште шығар...

— Пері де емес, періште де емес, қара қазақ ұстаның қызы. Әке-шешесі Бұланбай ауылында тұрады. Өзі оқу бітіріп келді.

— Білем Бұланбай ауылын.

— Білсең сол.

Осы тұста Әлішер жақындай беріп еді, Нартай әйелді оның иығына отырғыза салды. Әлішердің аузы жыбыр еткенмен үн шығарған жоқ.

Бұл кезде Қарлығаш қара найзағай болып, біресе қанаттарымен теңізді соғардай, біресе атылып аспанға қадалардай жүйткіп барып қайта оралған.

— Өмір айқастарының қызығы деген жат оларға.
Дауылпаз оларды мазақтап күледі, ха-ха-ха!
Аспан гүрс-гүрс ұрып, дамылсыз күркіреп тұр.
Дауыл! Ұзамай дауыл соғады! Дауыл, дауыл!—

деп тоқтаған.

Әйел Әлішердің иығынан сырғып түсті де алғысын Нартайға айта берді:

— Көп жаса, қарағым. Көре алмай арманда кете жаздап едім. Күні ертең өзімнің қызымның сондай боларын көргендей болдым. Өзіңнің қызың да сондай болсын!— әйел Нартайдың қолын екі-үш рет сүйді де көпшіліктің арасында жоғалып кетті.

— Әлішер менің иығыма отырып бар алғысын саған айтқаны несі, әй?— деді.

— Мә, жарым-жартысын саған берейін,— Нартай сүймекші болып Әлішердің қолына жармасып еді, ол қолын жұлып алып — жақтан келіп берейін бе!— деді.

Нартайдың әр түрлі қимыл-құбылыстарымен толықтырып айтып бергені осы еді. Отырғандар мәз-майрам күлісіп алды. Күлкі басылғаннан кейін Кенжеғара бір қызық ой айтты:

— Түсінесіндер ме, байғұс әйел, ана, жаңа заманның жастары қандай болу керектігін айтыпты ғой: өнерлі, жігерлі, риясыз, ұсақ қулықсыз, адал, ақ жүрек, намысқой, ар-ұятты бірінші қасиет, деп санайтын болсын дегені де Енді кездессе, конаққа шақыра келіңдерші,— деді.

Ертеңіне Ақбұйрат, Нілді митингілеріне баратындар, Жабайдан басқасы, жүріп кетті. Ол екі-үш сағат түрекеліп тұруды көтере алмай бастап еді. Сол жайын айтып Қатченкодан лұқсат сұрап алған.

Бұл халық рухының бір көтеріліп қалған кезі ғой, Ақбұйрат митингісі де көтерінкі өтті. Әр адамның күн санап өсетін де, жылдар бойында есепсіз қалтарыста кезеңі бар сияқты. Ол тегі адамның өзіне де, уақытына да ойланысты болу керек. Кенжеғара тектес адамдардың бәрі де осы тұста тез өсе бастап еді. Бүгін Нартай да сол өсіндігін көрсетті.

— Ағылшын жұмыскерлері, баяғының құлдарынан жақсы тұрған жоқпыз,— деп бастады Нартай. Еңбегіміздің оннан біріне қолымыз жеткен емес. Сонда да Қарағанды даласынан жалғыз будақтаған жалғыз қара түтінді сөндірмедік. Қазақ даласына «Тұр, оян!» деп тас атпай айғай салған жалғыз ұзын өңешке жаудың айғайы деп қарағанымыз жоқ. Түтінге түтін, айғайға-айғай қосылсын деп бар өмірімізді көмірге, мысқа, отқа, жалынға, тіземен кешкен суға, көрдей қараңғы жер астына бердік... Кенжеағаң сияқты оқымысты ағаның арқасында өндіріс қадасы қағылмаған жерде, өндіріс іргесі тастан қаланбаған жерде адам ізі де бір, мал іздері де бір — ұшып кете береді деп ұғынбадық. Сол тас іргені қорғап ауырлықтың бәріне де көндік. Бәріміз бірге көрдік, бірге көндік. Ертең ол ауырлықты бірге көмеміз!.. Кеше біз көмір мен мыстың құлы едік, ертең иесіміз! Сәлем Петроград жұмыскерлеріне! Біз біргеміз азаттық, теңдік майданында! Біргеміз!

Қанатты сөздер, жанды сөздер күн санап көбейіп келеді. Уақыт сондай, жағдай сондай, құйыны бар, желі бар. Бұрын сондай жиындарда сөйлеу түгіл, болып көрмеген адамдарда заман рухы бар. Нартай да солардың бірі еді, мүдірмей сөйлеп шықты.

Ертең Нілдіге ертерек жету үшін олар бүгін Ақбұйраттан ертерек жүріп кетті. Арбаларға араласа отырыпты. Кенжеғара, Катченко, Қарлыгаш үшеуі бір арбада қалжыңдасып келеді: сен «Дауылпаз» жырын айтқанда өзің ұшып кетесің бе деп қорқып тұрамын,— деді Катченко.

— Енді ұшып кете алмайды. Мен бір арқан сатып алдым, мінберге байлап қоямын, дейді Кенжеғара.

Ақбұйраттан жиырма, жиырма бес шақырым ұзап шыққан соң делбе ұстаған Шаяхмет:

— Бір көлге бұрылып, ат шалдырмасақ болмас. Балалар да ашығып қалған шығар — деді.

— Жақсы, Шәке, өзің біліп бұрыларсың.

Алдағы бір қыратқа шыға бере Шаяхмет артына бұрылып:

— Той емес пе?— деді.

— Жоқ. Бәрі жаяу ғой. Барсақ қайтер?— деді Кенжеғара.

— Міндетті түрде.— Тарантастар ауылға бұрылды.

Ауыл сыртында болмашы ғана төмпеге киіз-кілем төселіпті. Төрт-бес жуандар кілем үстінде, бір-екі жастау жігіттер киіз шетінде. Бар кнімі қалаша, оқығандық ентаңбасы қатесіз жас жігіт сөз сөйлеп тұр. Өзгелері жиынға араласып кетті де Жомарт әкесі мен Қарлығаштың қасына келді:

— Қарның ашты ма? Бауырсақ жеймісің?

— Жейік... Балық та жер едік.

— Қазір бір көлге қонақтаймыз. Балықты сонда...

Оқыған жігіт жаңа келіп қосылған адамдардан шүбәланғандай, сөзін аяқтай бастады:— осы енді қысқартып айтқанда қазақ комитетінің бітіріп жатқан ісі. Автономия болармыз деген үміт әлі әлсіреген жоқ,— деп тоқтады.

Бұл кезде қыр қазағында алақан соғу дәстүрі жоқ еді. Ұнатқан сөздеріне «пәлі, пәлі!», «уай сөз екен-ау!» деген сияқты айғайлармен қошамет көрсететін. Бұл жиында ол да болған жоқ. Әр жерден бірін-бірі кимелеген арыздар көтеріле бастады:

— Анау күні келіп ауылнайымыз недоемкені жаптық, налог салатын патша да жоқ дегені қайда? Енді шыға келген қай патша, қандай патша? Шырағым, оқыған жігітіміз-ау, сен өзің налог салатын өкімет болсаң, әуелі мына жылтырап жүрген бұтымызды жабайық, мата бермейсің бе? Шай бермейсің бе? Көрінген көк шыбықтың тамырын қайнатып ішіп отырып ақшаны қайдан тап дейсің? Арыздар көп айтылып жатыр. Бірақ, тыңдар құлақ жоқ. Қашаннан бері осылай айтылатын да қалатын. Ауылнай мен болыс алам дегенін алатын!..

Төбе басындағыларға абыржу кіргені байқалады : екі орыс, біреуі мылтығы бар солдат, бес қазақ, бір қыз, кім болар? Жиынға келген жұрт жаңа келгендерге арқа сүйеп, арыздарын қат-қабаттап барады.

— Патшадан қалған недоемка мен үй басына салған салығын тағы да төлей беретін болғанымыз ба?

— Шырақтарым-ау, налог алудан басқа уақытта біз керекпіз бе сендерге?

— Ауылымызда жаз шыққалы бір қасық сүт көрмеген үйлер бар.

— Абыройын жауып шығатын түгі болмаған соң күндіз далаға шыға алмайтын қыз-келіншектер бар...

— Мен сөйлегім келеді,— деді Кенжеғара — Манадан бері ол Қатченкоға жұрттың арызын түсіндіріп тұр еді, ен-

ді төмпеге қарай беттей берді. Жолдастары да соңынан еріп барады.

— Біз сіздің болыстың адамдары емеспіз,— деді Кенжеғара — бірақ қай жерде болсын халықтың мұң-мұқтажына құлақ аспаған адам ол азамат емес. Ол халқының бірінші жауы! Сен оқыған азаматымыз,— деді Кенжеғара жаңа ғана сөйлеп тоқтаған жігітке қарап.— Нағып осы елден патшаның недоемкесін жинауға келдің? Нағып ұялмай патшаның үй басына салатын салығын сен жинап алмақсың! Нағып тамақтарыннан өтеді? Бұралқы ытше әр босағаны күзетіп жүрген арам тамақтар, кім берді сендерге елге налог салатын өкіметті? Еліннің қараңғылығын пайдаланып, құлаған патшадан қалған қиқымды жинауға нағып ұялмадыңдар? Нағып қорланбайсыңдар?.. Ар қайда, ұят қайда, намыс қайда?

Кенжеғара әбден күйініп кетті. Елдің күйзелісіне де күйінді. Киер киімі болмағандықтан күндіз далаға шыға алмайтын қыз-келіншектер үшін де күйінді. Сонымен бірге қазақ халқының үлкен үміт артып отырған оқығандарының Орынборда, Омбыда әр есікті бір қағып, өз қара бастарының қамын ойлап жүргендеріне де күйінді.

— Кет!— деді жігітке.— Кет бұл елден! Ертең осы елде жүргенінді естісек, өкпелемессің!

Содан кейін Кенжеғара жиынға тағы айғайлады:

— Уа, халқым! Патшаның недоемкесі, жылда сіректіре салып отыратын түрлі салықтары да, соғыс салығы да, бәрі де жабылды, қалды. Алынбайды, төленбейді. Оны жинауға келген адам болса сабап жіберіңдер! Өткен март айының бірінен кейін ол деп, бұл деп аулынай мен болыстарың ақша жинап алған болса, барін де қайырып беруге тиісті. Қайырып бермеген ауылнай-болыстардың өз обалы өзіне, сотқа тартылмай кетпейді!

Жұрт Кенжеғараны қоршалап алды:

— Е-е, Кенжеғара деген кісі екенсін ғой.

— Ұсталып кетті, деп еді. Келген екенсің ғой!

— Шешен тірі шығар. Сәлем айт.

— Сәлем айт, сәлем айт!

Күн еңкейе бастапты. Төмпе басындағылар жоқ. Олардың қашан кеткенін, қайда кеткенін Кенжеғара білген жоқ. Өзінің не айтқанын да түгел есіне түсіре алмай тұр. Әйтеуір бір сөрлыларды арашалап қалғанын біледі. Арбаға келіп мінді.

Даланың жайы осы,— деді Кенжеғара. Әлі күнге патшаның недоемкесін, әр түрлі налог салықтарын жинап жүр.

— Сіздің соншама бұркан-талқан болғанынызға қарағанда әлдекімдер өз пайдасына жинап жүр ғой?

— Өз пайдасына, өз пайдасына! Аулынайлар мен болыстарды қойғанда Омбыдағы қазақ комитеті де сондайларды жинап әкелуге кісі жіберіпті. Ел әлі қараңғы, өкіметтен келдік десе сене береді. Байқадыңыз ба, киіп шығар түгі болмаған сон, қыз-келіншектер күндіз далаға да шыға алмайды екен. Қазақтың оқығанымыз деп жүретін арам сиректар солардың патшаға берешегін жинап әкетуге шығыпты. Қандай арсыздық!..

— Қайда қонамыз?— деді Катченко.

— Енді мен бұл жолы бір ауылға соққым келмейді,— деді Кенжеғара,— кел, далаға қонайық. Шелек, шәйнегіміз бар. Азырақ тамағымыз да болу керек.

— Болсын.

Күн батар кезде әлденеше айна-көлдер кездесіп еді. Шаяхмет жолды тастап, іргелес жатқан екі әдемі көлдің ортасына қарай бұрылып кетті. Бұл аты қазақ баласының көзі қиып бір шомылмай кете алмайтын көлдері еді...

— Ертерек жүріп кетсек сағат он екіде Нілдіде боламыз,— деді Шаяхмет.

* * *

Дүниелік толқыныстар қазақ даласына талып жететін кез. Жеткеннен кейін де әр белестен асқан сайын өзгере беретін әдеті тағы бар. Өзгеріс ақ үйлерде кірді ме, қара үйлерде кірді ме, онысы да көрініп тұрады. Ақ үйлерде қорқыныш, қара үйлерде қуаныш. Ақ үйлерде өнімсіз еңбек, өсек, қара үйлерде күн санап қуаныш үстіне қуаныш. Әзір екеуінің де шегі-шеті айқын деуге ертерек. Кейбір толқындар ұлы мұхиттардан шығып жолшыбайғы теңіздерде өсе-келе қандай өзенге соғылса да оның тар табанына қайдан сисын, тасып-төгіліп айналасын апатқа ұшырататын көрінеді. Енді бірі теніз суын қазан толы сүттей шайқап рәсуә етеді дейді. Ақ ауылдар осының екеуін де сезінетіндей үрей.

Осындай қиын-қыстау кезеңде жалпы қазақ халқының көніліп біржола қалдырған «Алаш» партиясының айналасындағы оқығандары болды. Қараңғы дала олардың түптамыры шірік екендігін тани алмай шедәуір сенім артқан еді. Ең берісі алдастырмас, адастырмас, дүние жүзілік уақиғалардың барысын дұрыс көріп отырар деп еді. Аяқтап келгенде олар өздерінің қайда, қалай тоз-тоз болып кеткендерін де біле алмай қалды.

Олар біз қазақ халқының бірден-бір көсемдеріміз, азат-

тық жолында бізден басқа сенерің жоқ деп күнде ант беретін. Қырағы көздер олардың кім екендіктерін, нені көксейтіндерін бірінші адымдарынан-ақ танып қалса да қарапайым халық үмітін үзбеген. Енді міне толқын айдап әкеліп жағаға лақтырып кеткен қоғажай қоқсықтарынша жиіп-шіріп қала барды.

Катченко келіп кеткелі Ақмоладан келушілер де жиналып бастады. Бір орыс, бір қазақтан келеді де тұрады. Күндіз митинг, кешке орыс-қазақ жұмыскерлер одағының мәжілісі. Митинг, митинг... Мәжіліс, мәжіліс... Айға толмай Одақ жұмыскер — қара шаруа — солдат депутаттарының кеңесіне айналып кетті — Совдеп! Өкімет! Мемлекет тірегі! Бастықтары Мартынов, Нартай Бұланбаев сияқты жас жұмыскерлер, Яков Зуев пен Кенжеғара Берікқариндар енді Хорслэйге барып жүруді тоқтатып, Совдеп басшыларына Кеңесші ретінде отырады. Олардың қолдарында жиналыстар ғана қалған сияқты...

Үш айдан кейін, қасында бір орыс, бір қазақ жолдастары бар, Катченко тағы да келді.

— Қазақ болыстарын аралап келейік. Бір жұмаға қолың бос па?— деді Катченко.

Осы тұстарда Қазақ даласы деп аталатын құрлық мұхитына Ленин есімі де келіп еді. Аты қазаққа байтақ дүниенің бір шетіндей көрінетін ту-ту Петроградтан келді. Бұл кезден көп бұрын европалық ой-сана дүниесіне қызыл туды көтере келген есім Россияның өз қол астындағы бір елге жеткені осы. Ұлы есімді Қарағанды жұмыскер қауымына алып келген Петроград жұмыскері Захар Катченко Кенжеғараға:— Барайық,— деді.

Қарағанды Митингісі өткен күні кешке Катченко Жабайдың екі бөлмелі ескі үйінде лекция жасап еді. Үй лық толы, ық тіресе тұрған адам — көміршілер. Қисық ауыз, бір алдыңғы аяғынан, бір артқы аяғынан ақсаған, қызыл жамылған столдың айналасында жиналысты басқарушылар отырысып еді. Қазір олар да қоршап алған адамдардың ортасында қалды. Шылым түтіні бұршақ жауар қара бұлттай түнеріп тұр. Қай жағынан қарасаң да бойшаң адам Катченконың басы ғана көрінеді. Ленин есімі осы жиында жұмыскердің ой-санасына ұялап қалды.

Өзі де жұмыскер адам жұмыскер тілімен сөйледі. Патша құлағаннан кейінгі саяси жағдайларды айта келіп әр тұста түйіп-түйіп тастайды:

— Патшаны құлатқан Петроград жұмыскерлерінің көсемі кім болды деп ойлайсыңдар?— Ленин!— дейді өз сұрауына өзі жауап беріп — Ленин!

— Петроградта жұмыскер — қара шаруа — солдат депутаттарының өкіметін құрған кім?— Ленин!

— Осы өкімет кімдікі? Сіздер мен біздікі. Бұл дүние жүзінде болып көрмеген өкімет, жұмыскермен қара шаруаның өкіметі! Мәңгілік өкімет!

— Бұл жаңа дүниенің көз жетпес биік мұнарасы! Бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері көз тігіп отырған мұнара! Сол жаңа дүниенің есігін ашқан кім?— Ленин!

Кейін, кіріге келе бұл сөздер, әрине, көп пайдаланғандықтан ескіріп те қалар, бірақ, өз тұсында ең жаңа сөздер еді. Сөз ғана емес, терең мән-мағынасы бар жаңа ұғымдар болатын.

Катченко тағы бір айтқандарын анықтай кетуге оралды;

— Азаттық, теңдік, туысқандық дейтін ұлы сөздерді өздеріңіз де күнде ауызға алады екенсіздер. Бірақ, мұны Ленинше түсіну керек. Капиталистермен алпауыттарға, байларға әперілетін азаттық емес бұл! Оларды біз құртамыз! Азаттық жұмыскер мен қара шаруанікі. Біздің азаттық!

— Теңдік дегеніміз жұмыскер табын капиталистермен, қара шаруаны байлар мен теңестіру емес, халықтар теңдігі, еңбек адамдарының теңдігі! Бірлік, достық, туысқандық дегендеріміз де осы еңбек жұртының бірлігі, достығы мен туысқандығы болады.

Ұлы ойларды оңай түсінесің. Ленин ойларын, Ленин істерін, Ленин болжамдарын жұмыскер қауымы оңай түсінді, біржола сенді. Осы түнде жиырма жеті адамнан құрылған Ленин партиясының үйірмесі де ашылды.

Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді жұмыскерлері Ұлы Октябрь революциясын барлық Россия жұмысшыларымен бірге аса көтеріңкі рухта қарсы алды. Әйелдер топ-топ болып әр барактың алдынан кетпейді. Бір барактың қасында күлкі басталса, басқа барактар оған қосыла кетеді. Қай жерде де көңілділік, ағылшындар қорлауынан ұмыт бола жаздап қайта көтерілген күлкі бар, күтініс бар, балаларда ойын бар.

— Еркектер жай топталысып жүрген жоқ,— деп әйелдер мәз.

— Осы біздің әйелдер де бірдемені біліп жүр,— деп еркектер мәз. Қай топта да көңілділік бар, күлкі бар, күтініс бар, күтетіндері бар.

Қарағанды жұмыскерлері бүгін түгел үйлерінде, Апрель айының жалақыларын алып, ағылшындармен есеп

айырысып болған. Шахталарға қарай кетіп бара жатқан бір адам жоқ.

— Хош, қорлық-зорлық! Хош, ар-намысым жат тепкісінде болған он екі жыл!

Қашыңдар, ағылшындар! Енді қайтып оралу жоқ сендерге!

Ең биік терриконның төбесінде жиырма шақты адам бірдемелер істеп жүр. Маңайларына ешкімді жолатпайды. Ұзындығы жүз метрдей көлбей салынған бос балшық тастың жолмен төбеге қарай ағаш, тақтай тасып жүргендері байқалады. Жұрттың көзі күн бойы сол төбеде болғанымен не жасалып жатқанын әлі біле алған жоқ. Төбеден түсетін бір қатарлама жол салынып жатқандай сезіледі.

Күн батар алдында Қарағанды-Ақмола жолымен жалтылдаған қара машина өтті. Төбесі жабық болғандықтан машинада қанша адам кетіп бара жатқаны байқалған жоқ. Жұмыскер брактарында ит деген үріп шығар хайуан болмайтын. Жол жағалап оттап жүрген екі-үш ешкінің лақтары жол үстінде ойнап жүреді. Біреуінің күні біткен екен, машина басып кетті. Машинаны да басып кететін бар шығар деп ойлайтындай әйелдер — сені де бірдеме басып кетсін!— деп қарғап қала берді.— Басып кетсін, басып кетсін!..— деп қазақтың ең ауыр қарғысы — топырақ шашты: «өрем қап!»

Бұл өтіп кеткендер Хорслэй мен Фармер, Холл үшеуі еді. Барлық қымбатты мүліктерін Қызылжарға жөнелткелі екі жетіге жақындаған. Енді өздері кетіп барады. Сарысудағы байыту фабрикасын өртеп, Нілді мен Қарағанды шахталарына су жіберіп бұлдіретін жалданба жалаптары қалды. Олардың бірі баяғы жоғалып кеткен Тополев, бір-екі швед инженерлері. Оларды Қызылжарға жеткізіп салуға бір қапшық Керенскийдің ақшасын алып қалған тағы да баяғы қазақ «Бекингемі».

Бүгін үшінші күн... Жабайға ұсталар дүкеніне тағы бір оралуға тура келіп еді. Дүкенде бірінші рет таза мыстан Жабайдың өзіне ғана түсінікті, бұл күнге дейін онын өзі де соғып көрмеген, алыптар пайзасының ұшы ма дерлік, бірдеме жасап жатыр. Жалаңаш арқасынан тер сорғалайды. Тістеніп алыпты, бар өнерін салып жатыр. Қарағанды он мыңға жақын адамды әрі асырап, әрі қорлық азабына салып жатқан осы мыс оның қолына бірінші рет түсіп еді. Мыста кеткен өші бардай балғасын аяпбай соғады. Қасындағы жастарды кезек-кезек дем алуға босатады, өзі үш күн бойында дүкеннен кетпей қойды. Жұмсақ металл нағыз ұстаның қолына түскен соң қарсыласпай-ақ иленіп-

икемделіп барады... Не жасамақшы екі кәрі ұста? Оны әлі қасындағылары білмейді.

Барақтардың бірін қалдырмай аралап жас жігіттер айғай салып жүр:

— Ертең ертемен сағат алтыда!.. Сағат алтыда Қарне шахтасының қара тұрбасы айғай салады! Айғай, айғай!

— Сағат алтыда!

— Бірің қалмай анау қаратөбеге жетіңдер!

— Қаратөбеге, қаратөбеге!

— Бірің қалмай, бірің қалмай!

— Совдеп шақырады! Совдеп шақырады!

— Совдеп! Совдеп!

Тап осындай айғайлар: тап осы сағатта Ақбұйрат, Нілді, Сарысу барактарының бәрін де бір биік төбеге шақырып жүрді:

— Бәрің де келесіңдер! Бірі қалуға болмайды!

Өткен күндері үш өндірістің үшеуінде де совдеп сайланған. Енді бұлардың алдында иесіз қалған байлықты ысырапқа ұшыратпай ұстап отыру үлкен мәселе еді. Көмірді қаза беру, мысты қопара беру қолдан келеді, әрине. Мыс заводын жүргізе беруге инженер жоқ, техниктер керек. Ақбұйрат мыс заводы мен Сарысу байыту фабрикасы ертең ең соңғы айғайларын салады да тоқтайды. Зуев пен Кенжеғараға ең үлкен қайғы осы болды.

Міне осы ғой даланың халі. Миллион-миллион мал қалса, оған қойшылар мен жылқышылар да не бола алмаймыз деп қайғырмас еді. Айналасы біріне-бірі қосақталған үш өндіріске қазақ даласы әзір не бола алмайын деп тұр. Екеуіне — көмір мен мыс шахталарына не бола алады. Мыс заводы мен фабрикаға — жоқ. Соңғы жылдары үш жүз мың пұттай мыс беретін завод тоқтамасқа амал жоқ, тоқтайды.

Завод тоқтаса көмір қазып не керек, мыс қазып керегі не? Олар да тоқтайды ғой. Жұмыскерлерге жалақыны кім береді? Жұмыссыз қалған жұмыскер кедейдің кедейі ғой!

Үш өндірістің Зуев пен Кенжеғара басқарған көсемдері қолдан келердің бәрін істеп заводтар мен шахталарды бұлдіртпеуге, жұмыскерлерді таратпауға бекінді. Алдымен Совет өкіметінің орталығы Москваға, Сібір исполкомына, облыс орталығына телеграмма соқты: жергілікті Совдептер арқылы Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді көмір-мыс өндірістерін советтік ұлттық қорға көшірдік. Бұрынғы иелері ағылшындар түгел қашып кетті. Мыс заводын, байыту фабрикасын жүргізе алатын күш жоқ бізде. Үш мыңдай жұмыскерлер жұмыссыз қалды. Енді не істеуіміз керек?

Ең кымбатты жұмыскер жұртшылығының рухын, Совет өкіметіне сенімін түсірмеу керек болды. Сондықтан, келе жатқан қиыншылықты жұмыскерлер арасында талқылауды әзір орынсыз деп тапты.

Қарағанды жұмыскерлері түн бойы ұйықтаған жоқ. Көздері террикон төбесінде әрбір қимылды бақылап отыр:

— Ойбай, үй салып жатыр.

— Жоқ, үй емес шарбақ.

— Бәлі, отты қара аспанға шапшыған!

Не от! Желсіз түнде тік шапшыған от түтінін бұлтты аспанға жеткізе көтеретін сияқты. Адал жанды бастаушыларына сеніп үйренген жұмыскерлер бұл отты да әлде қандай игіліктеріне ишарат көріп, әр барактың алдына от жаға бастады. Барактардың алдында жүздеген оттар жарқырап кетті.

Оттар барлық қазақ даласын жарқыратуға арналғандай әлсін-әлсін жағадан қосылып, сырттан көрген адамға от теңізіндей еді. Ақбұйратта да солай, Нілдіде де солай.

Қарағанды оттары таң атқанша сөнген жоқ. Таң атқаннан кейін шығып келе жатқан күн жарығына қосылып кетті. Сол кезде Қарағандының ұзын мойын қара тұрбалары да айғай салды.

Күн шықты!

Тұрбалар да — күн шықты! Күндерін шықты!— деп айғайлағандай еді.

Жұрт күн шыққан соң төбеге қараса, кеше шарбақ дегендеріне алты-жеті қызыл тулар шаншылып қалған екен. Таң ертенгі салқын самалмен желбіреп-желпінін жалындай қызыл тулар шақырып тұрғандай еді. Тулардың нақ ортасында түндегі аспанға шапшыған оттың орнында әлде не алтындай жарқырайды. Тулар сол жарқырағанға бас иетіндей бір шалқайып, бір еңкейіп құлпырып тұр. Жарқырағанның не екені әзір айқын көрінбейді.

Туларға қарай жұрт ағыла бастады. Төбеге алдымен балалар жетті әрине, жетті де шу ете түсті:

— Жұлдыз! Жұлдыз!

— Алтын Жұлдыз!

— Алтын Жұлдыз!

— Ана, жүгір!

— Әке, жүгір! Алтын Жұлдыз туыпты! Жүгір, жүгір!

Балалар үшін қуаныш хабарын жеткізудің өзі үлкен қуаныш қой. Балалар бірінен бірі асыра айғайлап кетті. Үлкендер де әйел-еркегі араласа, алқына жүгіріп келеді. Жүріп келеді деуден көрі жүгіріп келеді деген дұрыс сияқты. **Ойға карай емес, өрге қарай, өрге қарай!**

Төбеде тұрғандардың басшылары Кенжеғара, Зуев, Жалбай, бірнеше орыс, қазақ картан жұмыскерлері. Туарлың екі жағында, бір орыс қызы, бір қазақ қызы (Қарлығаш) туларын айналып өтіп жаткандарға үш-төрт тарақ баспадан шыққан ұрандарын беріп қалады.

— Вся власть Советам!

— Барлық билік Советтерге!

— Жасасын ұлы Ленин!

— Куылды ағылшындар!

— Қарағандының ендігі иесі өздерің. Өзіміз!

— Караганда национализирована!

— Жасасын Совет өкіметі!

— Жасасын Ленин, Ленин!

— Да здравствует Советская власть!— әр қағаздың беті толы осындай ұрандар!

Қазақ жұмыскерлерінің көпшілігі хат танымайды, әрине, сонда да таласып алып жатыр. Хат танымайды деген де сөз болып па! Көзі танымаса ойы, жүрегі танып тұр! Адам өміріндегі ұлы тарихи күннің ескерткіші осы қағаздарда екенін жұмыскер жүрегі ешкімнен сұрамай-ақ сезініп тұр.

— Тағы біреуін берші, қызым.

— Маған да, маған да!

— Бесікте жатқан Ербол деген балам бар еді. Соның жастығының астына салып қоямын, тағы біреуін берші!

— Маған да, маған да!..

— Маған да, маған да...

Қағазға басылған ұрандардың үстіне төбеде тұрған адамдар айғайлап, сол ұрандарды ауызша айтып тұр.

Жұрт жігін ашпай төбеге қарай ағыла берді, ағыла берді. Тегі төбеге бір шығып түскеніне тоймай қалған. Төбеден түсе береді де қайта жоғары көтеріледі. Төбенің айналасына оттар жағылып шәйнектер қайнай бастапты.

Жұрт алтын жұлдызды қызыл тулы биікке қарай өрмелей берді, өрмелей берді...

ТАЛАНТТЫҢ ҚЫРАН ҚАНАТТАРЫ

Ғабит Махмұдұлы Мүсрепов — С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқановтармен бірге советтік уақытта өзі уығын қадасып, шаңырағын көтеріскен жаңа қазақ әдебиетінің данкты өкілдерінің бірі. Міне, жарты ғасырдан аса уақыт бойы ол туған елінің мәдениетіне адал да қалтқысыз қызмет етіп, оны өзі тапқан маржандармен, ашқан жаңалықтарымен байытып келеді. Егер Ғ. Мүсрепов қаламынан туғандардың бәрін жиыстырсақ, М. Әуезов мұрасы секілді, көп томдық шығармалар құрамайды. Бұл қос зергерді қомсыну емес. Ғ. Мүсрепов өзіне шамадан тыс қатал, қатты талап қояды. Ол — жұмысты темірден түйін түйгендей етіп, зер төге жасайтын зерделі зергер. Мүсреповтік жолдардан тірі келбеттер, жанды мінездер жарқырап көрінеді, ол бейнелеген характерлер мен жағдайлар ауқымдылық пен айшықтылық әсеріне бөлейді. М. Әуезовтегі секілді, Ғ. Мүсрепов туындыларынан романтикалық, лирикалық леп есіп тұрады. Алайда М. Әуезов пен Ғ. Мүсрепов арасындағы елеулі айырмашылықты да ажырату қиын емес. Әуезов шығармаларында бүкіл өзек тынысының өне-бойын нәрлендіре бір лирикалық толқын екіншісін өкшелей отырады. Ғ. Мүсрепов романтикалық бояуларды басқаша, байсалдырақ бабымен қолданады. Адам сезімдерінің лиризмі мен драмалық күйі сәл бәсеңдетілген, олар сырт келбетінде де сәл сабырлы. Салмақ ситуацияға, адам характеріне, оның жан күйіне түсірілген. Ғ. Мүсреповты негізінде романтик жазушы деу дұрыс болмас еді. Ғ. Мүсрепов романтизмі сөйлем құрау, сөз саптау, лексикалық құралдардан емес, мазмұнның өзінен, көңілкүйі, адам характерін жасау және қаһармандар әрекет етуші жағдайларды суреттеуден сезіледі ғой. Ғ. Мүсрепов романтизмін шартты да орынды түрде характерлер мен жағдайлардың, ой толғаулар мен көңіл кешулерінің романтизмі деп атаған ләзім.

Ғ. Мүсірепов шығармаларында талантының алуан қыры мен ерекшелігі ашылып отырады. Оның қаламы сыншыл, панорамалы, кең құлашты, қазақ ұлты өмірінің ондаған жылдар бойғы қалың оқиғаларын қамтыған роман деп аталатын ірі эпикалық хикая —«Оянған өлкені» дүниеге әкелді. Бұл роман жөнінде сан түрлі көзқарастар мен пікірлер салмақтанды. Оның туасы талантты туындылығына, алқымы кеңдігіне, жазушының дара бітімді, татымды характерлер жасай алғанына ешкім де шүбә келтірген жоқ. «Оянған өлке» бір жерден ұзап шықпаған, яғни тарихи сипаты шектеулі еңбек емес, ол жалпақ дүниеге тән, және жалпыроссиялық мәні бар мәселелерді қозғайды дейтін еңбек. Қазақ әдебиеттанушылары кітаптарының талқыланулы туралы «Литературная газетадағы» 1958 жылғы 23 декабрьдегі есептен мынадай жолдарды оқимыз: «Ғ. Мүсреповтың «Оянған өлке» романы төңірегінде қызу таластар өрістеді. Осы үлкен туындының құндылығын, халық өмірін білгірлікпен бейнелегенін, образдардың шеберлікпен сомдалғанын, атап көрсете келіп, бірқатар шығып сөйлеушілер (В. Дорофеев, Ю. Либединский, С. Злобин) романдағы әрекеттер тұсында болған жалпақ әлемдегі және жалпыроссиялық оқиғаларды орағытып өтеді, сондықтан кейбір анахронизм мен «шұбалаңқылыққа» соқтырған, деп авторға сын айтты». Үлкен өкінішке қарай, мұндай кінә қойған қаламгерлер қазір көзі тірілердің қатарында жоқ. Олармен дауласу адамгершілікке жатар ма екен, тіпті, орынды бола қояр ма екен? Оқушы әдеп сақтамаған әбестігімді кешірер, бірақ мен құрметті В. Дорофеев. Ю. Либединский және С. Злобин айтқандарымен келіспеуге батылдық етемін. Әңгіме тек қана Ғ. Мүсрепов романына тірелген болса, онда мен көзі жоқтардың көленкесіне тиіспес те едім. Алайда маған ол кінәреттер көркем творчествоның жалпы проблемасына, әдеби шығарманың мәнін білу мен түсінудің кейбір маңызды ерекшеліктеріне қатысты болғандықтан өз күдігімді айтайын. Ғ. Мүсрепов романдағы әрекет кезінде өткен жалпақ дүниеге тән және жалпыроссиялық оқиғаларды қандай жағдайда қозғай алатын еді?-- деп өзімізден сұрап көрелікші. Мейлі қай тұста жазылса да, сол уақытта адамзатты толғандырған барлық елеулі проблемаларға енуге ешбір шығарманың қауқары жетпейді. Тіпті, Лев Толстойдың інжу-маржаны «Соғыс пен бейбітшілік» те 1812 жылғы Отан соғысы туралы ғой, орыстар наполеондық әскерлермен шайқасып жатса да, Франциядағы жағдайдың қандайлығы хақында емес, негізінде Россияда не болып, не қойғаны жәйлі айтпаушы ма еді? Л. Толтой эпопеясында

Англия, Германия және басқа елдер жөнінде бір ауыз сөз жоқ. Сол үшін Толстой романы әлемдік мәнінен айрылады, бір елдің аясынан шыға алмаған, рухани кеңістігі шектеулі құбылыс деймін бе? Әсте, әдеби шығарманың әлеуметтік, эстетикалық құны барлық ғаламдағы алуан халықтардың өмірінен алынған ақпар деректер мен оқиғалардың онантопан санымен өлшене ме екен? Жалпы әдебиет шығармасы ондай қайран-асыр принципке қарап жазылмайды той. Ірі суреткер жеке, жалқы, қайталанбас нәрселерді өз талантының күшімен жалпыға тән дүниеге айналдырады, оған бүкіләлемдік тіл бітіреді. Тегінде, романда өрнектелген жалпақ әлемге тән оқиғалардың жаңа тарихтағы көптігі жәйлі емес, онда суреттелген ұлттық өмір әрекеттері қаншалықты мәнді де маңызды, олар негұрлым толымды не сәл толымсыз түрде халық тарихының толық суретін жасай ала ма деген тұрғыда сөз қозғау керек еді. Бұдан басқа, жалпақ дүниеге тән сипаты бар оқиға деп нені түсінеміз? Бұл арада өлшем қандай? Жалпақ дүниеге тән маңызы бар оқиға әртүрлі елдерде өткен тоқсан тарау оқиғалардың механикалық тоғысуынан тоқайласады деп ойламаймын. Ал, қазақ халқының он тоғызыншы ғасырдағы, ұмыр тарихының бұрылыс-бұралаң кезіндегі гіршілік, тұрмысы жалпақ дүниеге тән салмақты оқиғалар санатына кірмейді деп кім айтты? Жалпақ дүниеге тән оқиғалар ретінде бөле-жара бөлекшелеп алынғандардың қасында не себепті қазақ халқы тарихында төбе көрсеткен жай-жағдайлардың маңызы мардымды саналмасқа? Қазақ ұлтының тарихы да айдай әлем алдындағы алқымды оқиғаларға қатысты болып келді және болып та отыр, оның маңызды буындарының бірін құрайды. Ал, жалпыроссиялық сипаты бар оқиғаларға келер болсақ, олар романда өз алдына оқшау, томаға-тұйық қатпар ретінде емес, туындының көркемдік жүйеленуімен композициясымен ажыратқысыз бірлікте өріледі. Қазақ халқының өмірінде шешуші түрткі салған өзгерістер кезеңі келді. Бұрынғы дала көшпенділері қолдарына қайла ұстап, қазақ жұмысшы табының алғашқы өкілдіріне айналады. Қазақстан жерінде Ақбұйрат мыс қорыту заводы ірге тебеді. Рязанов пен Ушаков құралыптас капиталистердің қияmет-қайым қанауына ұшыраған жұмысшылар арасында наразылық туа бастайды, революциялық жалынның ұшқындары тұтанады. Алпауыттарға қарсы жұдырықтай жұмылған тек жұмысшы қауым боп қана емес, жалпы ауылаймақ, жарлы-жақыбайлармен де тізе қосып жұлқысу керектігі туралы ой санаға кірген шақ. Ғ. Мүсрепов Бұланбай, Сүгірәлі және басқа қазақ жұмысшыларының жарқын

образын жасады. Олар алғаш рет өздерін адамдарды қиянат пен қорлық атаулыдан қорғауға қабілетті бір үлкен де аруақты жаңа жұртшылықтың басшыларындай сезінеді. Езушілермен егеске түсіп, жұмыскер праволарын етек бастылықтан сақтап қалады. Шахтерлердің бұл жеңісі өз білек күшіне деген сенімді бірлеп, жұмысшы қайраты бірлікте, екендігіне көз жеткізеді. Күрес үстінде қауым мүддесін ойлап, қалың халық қамы үшін қайғыратын революционерлер, өжет, адал азаматтар қалыптасып шығады. Міне, осының бәрі жалпыроссиялық сипаты бар оқиғаларға ешқандай қатысы жоқ, одан оқшау тұр деп қазылық етуге біздің қақымыз бар ма? Ең тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ұлтының өміріндегі ең маңызды, ең елеулі нәрсе қазақ халқының революция ісіне араласуы, бұрын-сонды көз көріп, құлақ естімеген әлеуметтік және адамгершілік асыл қасиеттердің ашылуы еді, сондай-ақ, тіршілік дүниесіне тереңірек көз бойлатып қарайтын, қиянатшыл болмысты қиратуға, өмір ағысын өзгертуге құштар жаңа адамдар толқыны жамырай жарыққа көтерілуі еді. Осы ой Ғ. Мүсрепов романында анық, ашық айшықталған. Талайлардың табанына тапталып, шаңы шұбатылып қалған онай жолмен Ғ. Мүсрепов ешқашан жүрген емес. Оның шығармаларында басы артық, суқараңғы, тіл-аузы байланған тіркестердің тірнегі де жоқ. Ғ. Мүсрепов жазғандарынан ештеңені алып тастау да, қосу да мүмкін емес. Ол ең сара да салмақты сөзді сараптай біледі.

Иә, Ғ. Мүсреповтың нағыз ірі эпикалық туындысы — «Оянған өлке». Жазушы эпикалық полотносына қазақ ұлты өміріндегі бетбұрыстар мен түлеу кезеңінің келбеті бөлек көркем тарихын жасауды көздеді. Деректілік негізіне қарамастан, сыншылар «Оянған өлке» адамгершілік шежірелі, тұрмыстық шығарма екенін атай келіп, Ғ. Мүсреповтың жазушылық даралығына тән ерекшелікті осы қасиетінен көрген еді. Мәселен, «Литературная газетаның» 1959 жылғы 4 апрельдегі санында жарияланған «Шын мен шартты» деген мақаласында белгілі орыс сыншысы Б. Рунин осындай тұжырым түйді. Бұл құралыптас мінездемелер роман туралы анық-қанық түсінік бере ала ма? Олар «Оянған өлкенің» іші емес сырт белгілерін ғана білдіреді, бас-аяғы сол ғана. Ғ. Мүсрепов хақында жазылғандардың бәрін теріске шығарғалы отырғаным жоқ, алғаш жаңалық ашушы кейпінде көрінуді де көздемеймін. Ғ. Мүсрепов творчествосы туралы талай зерделі зерттеулер бар. Ал, бірақ әлгі келтірген мінездемелермен дауласу да орынды,

Біріншіден, романның деректілік негізі не себепті оның адамгершілік шежірелігі мен тұрмыстық тұшымына қарсы қойылатыны түсініксіз. Мағлұматтар мен оқиғаларды жәй әншейін тізімдей тіркеп, көркемдік ой сарабына салынбаған туынды әдеби шығарма емес, тарихи хроника делінеді. Екіншіден, адамгершілік шежірелілік, тұрмыстық тұшым-колорит дегендерді қалай ұғамыз? «Оянған өлкенің» эстетикалық тұздығын осы нәрселер ғана жасай ма? Қазақ ұлтының тұрмысы мен ғұрпы «Оянған өлкеде» бәзі бір сыртқа жылтырақ, экзотикалық алқа сынайында алынбаған. Романға мидай араласып, сүйегіне сіңіп кеткен өмір материалдарының өзі Ғ. Мүсреповтен бізді қазақ халқымен, оның өткені, ертеңгі келешегі, тіршілік ерекшеліктерімен, сезім-құштарлығымен, жан-дүниесімен және мінез-құлқымен түбегейлі таныстыруды талап етеді. Ғ. Мүсрепов адамдардың әдет-ғұрпы мен тұрмысын, машық-дағдысын жазу іспетті этнографиялық мақсат көздеген жоқ. Ол қазақ халқының талай жылғы өмірі жөнінде ауқымды эпикалық туынды жасады. Тұрмыс, салты туралы ләм-мим деместенақ белгілі бір өмір ортасын, адамдар қауымын қалай суреттеу керек? Мүмкін бе осы? Демек, адамдар тұрмыс-ғұрпы Ғ. Мүсреповтың эпикалық хикаясына қажет те құрамдас бөлігі есебінде енеді, әлбетте әшекейлі сылдырмақтар ретінде ілініп қойылмайды. Мен Ғ. Мүсрепов романын адамгершіл шежірелі және тұрмыстық тәріздес айдарлармен таңбаламай, адамтану шығармасы деп айтар едім. Оны ең алдымен қызықтыратыны адам, жеке тұлға, кісілер тағдыры. Ғ. Мүсрепов психологиялық қонымды, толымды характерлер жасаудың шебері. «Оянған өлкенің» күші тап осында. Таласып та тақасып қонып жатқан қос дәулеткер — Жұман бай мен Игілік бидің жекпе-жек тартысын қадағалайықшы. Олар әлеуметтік әуелесі жағынан бір-бірінен еш те айырмасыз. Ал, жеке тұлға ретінде екеуінің арасы ат шаптырым, даралықтары да егіздің сынарындай емес. Жұман кәрі қақсал, қара ойлы, уақ, дызылдақ, сонша дәулетімен түкке тұрғысыз. Игілік — басқаша. Ол бойы бұлғақ, сөзі жылман, ку, екі жүзді, обыр, ақылды. Байқампаз суреткер Ғ. Мүсрепов, тіпті, бай-жуандар үстемдігі заманында да халықтық ой-пікір, этика, бастау-жылғалар дәуірдің асқар тауы әрі сол таукыметті жылдардың долданып соққан дауылдарынан сөнбеген шамшырағы болғанын бізге нысаналы ақын арқылы сездіріп отырады. Фәни жалғанның әбігершілдігін түйсініп, кісілікке кісен салған рулық дәстүрлер мен көз ашқалы көріп келе жатқан кемтарлыққа қарсы көтерілуші азамат адамдар

тек кедейлердің арасынан шығып қойған жоқ-ты. Суреткердің қаракты көзі мезгілдер қара орманының ішінен бір әсем, үйірімді, қауымындағыларға ұқсамайтын тұлғаны беріпті. Бұл Көпей — Жұманның жұбайы. Бай мен бидің қасында алтын басты әйел. Адамгершілік, ізгі қасиеттері алабөтен күшті. Құлқынның құнығуы мен құлық-сұмдық тескен байшылдық құлықты Көпей кисыққа телиді, қабылдамайды. Пенделер неліктен қырық пышақ болысты, не үшін алыс сүргіндерге аттана шауып, бірін-бірі аяусыз өлтірісті? Бақыр тиын үшін, байлық үшін. Баянсыз бақ-дәулет пен билік бас жібін барымталап жүріп, басы жұмыр байғұстар өзінің бар асылын — қайырымдылық, ынсап, жанашырлық қасиеттерін жоғалтып жатты. Ал, «ит мінезді» көрсекызар байдың, жексұрын, бейбақ пигмейдің жұбайы өз дербестігі мен бас ұрмас мінезін сақтап қалады. Көпей бейнесі уақыт жағынан ілгері қарай іргеленбейді. «Оянған өлкенің» келер бөлімдеріне қатыспайды да. Бірақ осындай мінезді, өмірге осындай көзқарасы бар әйелдің көрінуі қазақ даласына маңызды өзгерістер ене бастағанын айғақтайды.

Көне қоғамды өзгерте бастаудың белгісі жалғыз Көпей емес, Қазақ ұлтының өмір өлкесінен көз көріп, құлақ естімеген бір жаңа жайлар көтеріліп келді. Бұрын түз төсінде түк өнеркәсіп орны да, көлдетіп еккен көк-орай мен бау-бақша да, оқу-ағарту мен ілім-ғылым да жоқ-ты. Енді өнір өз бейнесін өзгертуде. Далалықтардың бір бөлегі жұмысшы кәсібіне ден қойып, мұлде бейтаныс ортаға бауыр басқан. Өлкенің ұйқыдан көз ашуы бір Көпейдің ой-сапасы оянуынан немесе Ақбұйрат мыс заводы салынар сәттен басталмап еді. Өлке оянуының өте бір бедерлі белгісі деп білек сыбанып белдесе кеткен қос палуанның — өзара өш-кас екі ру өкілдері Бұланбай мен Сүгірәлі егесінің эпизодын мойындаған ләзім. Бай-жуандар ушықтырған қызыл шеке жұдырықтасулар қос арысты қастастырған-ды. Бірақ екеуі де бір халықтың жау жүрек, адал, ақ көңіл ұлдары еді. Бұланбай мен Сүгірәлі кәнігі қазақ батырлары секілді жан аямай айқасады. Күштері тең түседі. Сосын, қос жігіт қол қысысып қоштасады. «Мейлі Жұман бай мен Игілік би өздері төбелессін!» — деген байламмен батырлар ауылдарына достасып қайтады. Мұндай қылық далаға таяп қалған жаңа оқиғалардың тосын хабаршысы еді. Кейін жұмысшы болып, туған өнір келбетін өзгерту, оның кәудесіне жан салу жолында Бұланбай мен Сүгірәлінің білек қосып күресуі тегін емес. Қазақ өлкесінің жаппай оянуы Бұланбай мен Сүгірәлінің тап осы әрекетінен басталады. Олардың қо-

кысмысуында астарлы мән көп. Мен жоғарыда «Оянған өлкеде» бейне бір жалпыроссиялық маңызы бар оқиғалар бедерленбеген деген пікірдің төркінінен туралы айтып едім. Осы мәселеге тағы оралайық. Мыс қорыту заводында еңбек ету үшін Уралдан жұмысшылар келеді. Солардың арасында украин Михаил Неволя да бар. Орыстар, украиндықтар қазақтармен тұңғыш рет жүйелі жүзбе-жүз кездеседі. Сол бір қарамдықсыз, шаранаты жандарға қазақтардың да алғаш рет көзі түседі. Заводта осы өткінші емес, түбегейлі де орнықты байланыс орнайды. Қазақ халқының қонақжай, жомарт, құшақ айғыш пейілі, оның қаранайымдылығы мен аңқылдақтығы туралы ой романда әдептен аспай, шамадан тыспай, сабырлы қашпай әдіптелініп отырады. Артық сөз, лепірмелі леп, патетика, ұғымның тіркес дегендердің тірнегін де ұшыратпайсыз. Ғ. Мүсірепов — әр халықтың еңбекші бұқара өкілдері бір-бірімен ортақ тіл табысып, ұғыс-біліс бой, өзара қарым-қатынас жасаудың қуанышы мен қызығына, қанағат сезіміне бөленетініне сенді. Пролетарлық, интернационалдық идеологияның қалыптасуы революция дәуірі жақындап, тегеурінді революциялық толқын пісіп-жетіліп келе жатқанының бір шешуші белгісі осы. Осының бәрін де — уақыттың қадау-қадау маңызды белгілерін оқушы Ғ. Мүсіреповтың көп тағлымды романынан табады. Оны оқығанның өзі емес, тұлғаланған, адамгершіліктендірілген, жан мен жүрек толғанысынан өткізілген мәні қызықтырады. Бір кездері, шамамен елуінші жылдардың аяғында, сын қауымында романның екі түрлі пішілген тұрпаты жөнінде — роман-оқиға және роман-характер туралы метафизикалық дау-дамай туған еді. Жұлдені біреулер роман-оқиғаға, біреулер роман-характерге берісті. Қай-қайсысыныкі де қате деп ойлаймын. Мысал үшін «Оянған өлкеге» назар аударайық. Бұл не — роман-оқиға ма әлде роман-характер ме? Екеуі де емес және, сонымен бірге, ол да, бұл да. Шын мәніндегі, таланттан туған әдеби туындыда характерлерден тыс оқиға да жоқ, ал характерлер кәдімгі төл бітіміне тән қимыл-қозғалыс диалектикасы мен қайталанбас қасиетін иелену үшін оқиғаларға белсене араласып, оларға ықпал етуі әрі оқиғалардың ықпалымен өздері де дамуы тиіс. Бұлардың арабайланысы берік. «Оянған өлкеде» оқиғалардың қай жерде аяқталып, характерлердің қай жерде басталғанын байқамайсыз. Олар бірге өмір сүреді, бір мезгілде әрі үйлесімді қозғалады.

Ғ. Мүсірепов тарихты сылап-сипап, оны қызғылт, бірыңғай бояумен алға тартуға тырыспайды. Иә, қазақтар революциялық күреске қосылады, дүниені жаңартушы жел-

дерінің айқайы мен аласапыраны оларға да келіп жете Ал, адамдардың революциялық тың желпіністермен ай йындасуы бірден бола салмайтыны түсінікті. Жазушы та басқыш түйсік танытады. Ол уақыт қозғалысын үршықш зырылдатпайды. Қаз-қалпы қалай болса, солай айтып бер гісі келеді.

«Оянған өлке»— қазақ ұлты тарихіндағы аса маңыз оқиғалардың асқарлы эпикалық хикаясы, көп сырлы көл кем зерттеу. Бұл мың дауысты, мыңғырған пернелі шығар ма. Онда қазақ халқы өмір-тұрмысының алуан-алуан қоп далы жақтары қозғалады, бір-біріне ұқсамайтын характер лер сомдалған.

«Оянған өлкеде» олқылық бар ма? Тек бір ғана сюже тік желі жазушымен тіл табысуға тілек білдірер еді. Ол Сейіт пен Назыкеш махаббатының трагикалық және мантикалық тарихы. Автор айтқанындай, екі асық : роман соңында ауылдың әдеттегі ескілік езгісінен еркін ке шығып, еңбекпен айналысады да, жұмысшы табы қатарына енеді. Олардың азапты махаббаты жеңіске же ді. Мұнда тұрған ешқандай сөлекеттік жоқ. Біз жас шықтардың бақытына шын көңілмен қуанамыз да. Ала Ғ. Мүсрепов әдетте қанық, алуан түсті бояулармен құлп тады емес пе. Игілік, Жұман, Көпей, Байжан, Бұла Сүгірәлілерді, сонау Ушаковты немесе Рязановты түсіріңіз. Олар біздің көз алдымызға адам баласына шама-шарық мүмкіндіктерінің молдығымен көрінуші . Және өсіп, өзгеріп отырады ғой. Қылық-кияпаттарына і кейбір шақта қиын танылатын мінездерінің бірде ана қ ры, бірде мына қыры, жарқ етіп ашыла бергіш-ті. Сейіт п Назыкеш тұлғасында мұндай кең өлшеу, шырақ өсу жо Әйтсе де, жазушыны кінәламаймыз. Романда трагедияла бақытсыздықтар, адамның жүзеге аспаған армандары со шама көп. Осынау балғын жастар, тіпті, бармақтай дес те, бақытты болсыншы. Сейіт пен Назыкешті алда тал талқы күтіп тұр. Аспан бұлыңғырланған. Бұлттар үдеп келеді. Жан мен тәнді қатар қинар қайратпен қарсылас бағатын ауыр, қажытарлық күрес тақау. Осы дауылда олар аман шығар ма? Кім білсін! Қыз бен жігіттің бір т иір, баянсыз бақытын жазушы сонша аялап, қызғышт қоритыны, бәлкім, осыдан шығар.

«Оянған өлке»— қазақ реалистік прозасының ірі же тігі. Реалистік өнердің күші, Чернышевский сөзімен қанда, өмірдегі жағдайлардың ықпалымен өзгеріп, қа қалыптанып отыратын адам жанының диалектикасын, он ойларын, көңіл күйін, толғаныстарын, сезім кешулерін

Габит Мусрепов

В ЧУЖИХ РУКАХ

Роман
(На казахском языке)

Редакторы *К. Токмирзин, К. Камзин*
Художник *А. Дузельханов*
Художественный редактор *Н. Нурмуханбетов*
Технический редактор *Н. Галицкая*
Корректоры *Р. Абдихулова, К. Жакупова*

ИБ № 2630

жіберілді. Басуға 13.11.84 қол қойылды. УГ17316. Қағаз 84×108¹/₃₂. з. Кәріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс Шартты баспа табағы Шартты бояу көлемі 24,44+0,2 вкл. Есепті баспа табағы 27,6. Тиражы 30 000 дана. Заказ № 978. Бағасы 2 с.

спа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік ықтар достығы ордені «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143 үй.

спа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік ТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап асы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93 үй.

Мүсрепов Ғабит.

М 88 Жат қолында: Роман.— Алматы: Жазушы, 1984.— 464 бет, суретпен көркемд.

Халқымыздың аса көрнекті жазушысы Ғабит Мүсреповтың жаңа жазылып біткен туындысы бұдан ширек ғасыр бұрын жарық көрген «Оянған өлке» романының заңды жалғасы, яғни екінші кітабы болып табылады. Бұл шығармада жазушы қазақтың ұлттық жұмысшы табының туып, қалыптасуын езушілерге қарсы саналы күреске жұмылуын және социалистік революция жеңісіне жетуін дәйектілікпен тебірене толғайды. Өз тағдырының қожасы болуға ұмтылған ұлттық жұмысшы табының саяси санасы күрескер дәрежесіне көтерілуі үшін орыс жұмысшылары мен революционерлерінің тигізген игі ықпалы шебер түйінделген. Ұлттар достығы жарастықты суреттеледі. Бұланбай, Сүгірәлі, Байжан, Зуев, Кенжеғара, Алғанша, Карлығаш, Анар образдары жарқын даралығымен есте қалады.

М $\frac{4702230200-184}{402\ (05)-84}$ 51—84 Каз 2